**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**

**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті**

**Қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым Төлеген Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған «АКАДЕМИК Т.ТӘЖІБАЕВ: ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ республиканской научно-практической конференции "АКАДЕМИК Т. ТАЖИБАЕВ: ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ", посвященной 115-летию общественного и государственного деятеля, психолога-ученого Т.Тажибаева**

Шымкент 2024

**УДК 323/324 (574)**
**ББК 66.3 (5Қаз)**
**Қ54**

**Ұйымдастыру алқасының төрайымы**

| | |
|---|---|
| **Сугирбаева Гулжан Даулетбековна** | **Өзбекәлі Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректордың у.м.а.** |

**Ұйымдастыру алқасы**

| | |
|---|---|
| **Исабек Баршагүл Қашқынқызы** | **Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор** |
| **Керімбеков Ержан Рахымжанұлы** | **Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор** |
| **Таутаева Гүлдариға Батыршақызы** | **Тарих және педагогика факультетінің деканы** |
| **Байхамурова Мөлдір Оразалықызы** | **Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы м.а.** |
| **Куралбаева Жулдызай Шынжигитқызы** | **Ғылыми зерттеулер офисінің маманы** |

Қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым Төлеген Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған **«АКАДЕМИК Т.ТӘЖІБАЕВ: ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент,2024. Бет.

Сборник научных статей республиканской научно-практической конференции **"АКАДЕМИК Т.ТАЖИБАЕВ: ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ"**,посвященной 115-летию общественного и государственного деятеля, психолога-ученого Т.Тажибаева. Шымкент,2024. Стр.

**ISBN 978-601-255-490-8**

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Өзбекәлі Жәнібеков ат.Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 2024

# Т.ТӘЖІБАЕВ – ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

## БІЗДІҢ ҮЙДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ – ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

Арыс қаласы Т.Тәжібаев атындағы
отбасылық балалар ауылының
директоры –
**Сүйіндікова Меруерт Нұрланқызы**

Төлеген Тәжібаев - Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданына қарасты Сүткент елді мекеніндегі кедей – шаруа отбасында 1910 жылы дүниеге келген. 1917 жылғы ашаршылық кезінде Төлеген Тәжібаев үйіне ұн тауып алып келеді. Дереу қамыр илеп, нан пісіріп, оны аш отырған үй іші таласа-тармаса жеп алады. Әкелген ұн уланған болып шығып, оны жеген үй ішінің бәрі марқұм болады. Әке-шешемен бірге бес бала опат болады, тек сол сәтте үйде болмаған Төлеген мен әпкесі Қарақыз аман қалады. Жеті жасар Төлеген туған ауылынан жүз шақырым жердегі Арыс қаласына келеді.Жастай қиындықтан көз ашпай, туғандарынан айырылған баланы Темір жол қызметшісі Иван Кабанов қоқыс шетінен тауып алады. Аштықтан жүдеген Төлегенді үйіне алып келеді. Әйелі Клавдия Ивановна алғашында ауру емеспе деп, күйеуін жазғырады. Бірақ, құр сүлдесі қалған бала Төлегенге жаны ашып, ыстық сүтін береді. Өздерінің төрт баласымен қоса Төлегенге де ата-аналық мейірімін беріп өсіреді. Орыс отбасына тез үйренісіп, балаларымен тіл табысып,тату өмір сүреді.

Иван Кабанов Төлегенді үш жыл өз отбасында тәрбиелеп, 1920 жылы Арыс стансасындағы жетім балалар үйіне тапсырады. Оның жанындағы жеті жылдық мектепке он жасында барады. Әр түрлі тағдыр тәлкегін көрген балалардың ортасына үйрену Төлеген үшін оңай болмайды. Бірақ та, өзінің алғырлығымен көзге түсіп әр түрлі іс-шаралардың ұйымдастырушысы болады. Оның өзіндік жақсы дауысы болған, мондалинада, скрпикада жақсы ойнаған. Кабановтар отбасы да үнемі үйіне алып кетіп, керек жарағын алып беріп, ата – аналық мейірімін төгіп, тәрбиесін үзбейді.

Төлеген Тәжібаев Арыстағы панасыз балалар үйінде, ондағы мектеп-интернатында жүріп білімнің нәрін татты, басқалардан көш ілгері жүріп оқуға болатынын түйсінді. Білімге деген құштарлық оның жанын баурады. Өзінің парасаттылығымен, осы жерден үлкен өмірдің жолын таныды, алдына үлкен мақсат қоя білді.Сол шешімді жасөспірім бала өзі жасады.

Төлеген Тәжібаев жеті жылдық мектепті 1920-1923 жылдар арсында үш жыл ғана оқиды. Өзінің парасаттылығымен, ерекше қабілетімен үш жылда жеті сыныптың бағдарламасын игеріп, мектепті 1923 жылы бітіреді. Мектепті бітіру куәлігінде барлық пәндерден үздік деген баға алады. Оны көрген И.Ф.Кабанов Төлегеннің болашағынан зор үміт күтіп, облыс орталығы Шымкент қаласына барып, сол кездегі ең беделді деген оқу орны педагогикалық техникумға оқуға түсіреді.

1923 жылы Шымкент қаласындағы педтехникумға оқуға түседі,оны үздік бітірген соң,осы педтехникумға мұғалім болып қалады.Бұл техникум 1928 жылы Тараз қаласына көшіріледі.

Төлеген Тәжібаев өзінің зеректігімен,білімпаздығымен көзге түседі. Өлкелік комсомол комитеті жолдама беріп Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясына оқуға жібереді. 1935 жылы Мәскеу қаласындағы коммунисттік тәрбие Академиясын үздік бітірген соң, аспирантурасына оқуға қалдырылады.

1941-1944 жж. – КазССР Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, кейін Халық комиссары қызметтерін атқарды. ҚазССР Халық комитеті Кеңесінің төраға орынбасары, ал 1944-1957 жж. республиканың сыртқы істер министрі болып қызмет атқарады.

1947-1953 жылдар аралығында Төлеген Тәжібаев С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды.

Т.Тәжібаев ең алғашқы педагогика ғылымдарының докторы және «Педагогика және психология» мамандығы бойынша ҚазССР Ғылым академиясының ең бірінші академигі болды.

Академик Т.Т.Тәжібаев Қазақ мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет атқарған кезінде, педагогика мен психология ғылымдары бойынша аспирантураның күндізгі бөлімін ашты. Сонымен қатар, 1948 жылы ашылған Ш. Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қоғам мен ҚазМУ спорттық клубының негізі Т.Т.Тәжібаевтің арқасында қаланды.

Өзінің ректорлық қызметі барысында қиын отбасылық жағдайда өмір сүретін ауыл балаларын ерекше назарға алып, олардың білім алуына ерекше көңіл бөлген.

Өзінің еңбек жолында көптеген марапаттар алды: Еңбек Қызыл Ту ордені, «Құрмет белгісі» және басқа да көптеген медальдармен марапатталған.

Халқымыздың біртуар перзенті Төлеген Тәжібаев Отанына қалтықсыз қызмет етумен бірге, тғылыми мол еңбек пен толағай мұра қалдырды. Оның туған халқына сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Оның ғылыми мұрасы өскелең ұрпақтың рухани азығы болмақ.

1919 жылдан бері ата-ананың қарауынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырған балалар үйіне 1988 жылы Төлеген Тәжібаевтың есімі берілді.

Міне, бүгін, тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Жылдар бойы елі үшін еткен еңбегі еленіп, ескерткіш орнатылуда. Балалалар үйінің ұжымының атынан, ондағы тәрбиеленіп отырған жас балғындардың атынан шексіз алғысымызды білдіреміз!

# ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

**Орынкүл Жолымбетова**
Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының
Түркістан облыстық Бекзат Саттарханов атындағы олимпиадалық резервінің
мамандандырылған спорт мектеп –интернаты-колледжінің тарих пәні мұғалімі

Қасиетті халқымыздың рухани мұрасының әр саласында жемісті еңбек етіп, республика жоғары мектебін дамытуда ұмытпас із қалдырған, атсалысқан, педагогика ғылымының іргетасын қалауда ерекше еңбек сіңірген дарынды тұлғаларымыз аз емес. Осындай мақтанышпен айтуға лайық азаматтарымыздың бірі – Төлеген Тәжібаев. Т.Тәжібаев – қазақстандағы педогогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы тақырыбына бірқатар құнды ғылыми еңбектер жариялады. 19 ғасырдың 2-жартысындағы қазақтың демократ-ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың педогогикалық көзқарастарын зерттеп, киелі пікірлер айтты. Абайдың дүниетанымы, педогогика және психология тұжырымдарына тұңғыш рет материалистік тұрғыда талдау жасады. Ақынның айналаны қоршаған орта сырын терең түсінуде адам бойында үш түрлі: бірінші - әр нәрсені үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деп қарау, екінші - заттардың өзара айырмашылығын салыстыра отырып, тәжірибе арқылы анықтау, үшінші - ақылмен қорытылған ойды жүрекпен сезіне білу секілді қасиеттің жинақталуы қажет деген қағидасының материалистік мазмұнын нақтылы мысалдармен ашып көрсетті. Т.Тәжібаев адам бес сезім мүшесінің қызметі арқылы қоршаған ортаны танып білетіні туралы Абай ұғымының ғылым талабына сай, ақиқат шындық екенін оның жиырма жетінші сөзіндегі Сократ пен шәкірті Аристодим арасындағы пікірталасын арқау ете отырып дәлелдеді. Адамның ақыл, сезім, қайрат сияқты психолог қасиеттерінің ерекшеліктерін ақынның ғақлияларында және поэзия тілімен шебер бейнелеуін қазақ халқының педогогика ой-пікірінің қалыптасу тарихындағы үлкен жетістік ретінде жоғары бағалады. Т.Тәжібаевтың тұжырымынша, адам баласының хайуаннан айырмашылығы ақыл-парасатында, логикалық ойлау қызметінде және ақылмен саналы әрекет етуінде, ақылдың қасиеті өткірлігімен, ашықтығымен ерекшеленетіні жөніндегі ақын пікірі педогогика ғылымының методикалық талабымен толық үндес келеді. Т.Тәжібаев Абайдың жүрек туралы түсінігін оның гуманистік ой толғауларының негізі ретінде қарастырды. Ақынның педогогика көзқарастарына талдау жасай келе, адам психологиясының жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығын және мінез-құлқының қалыптасуы тәрбиеге байланыстылығы жайлы пікірлерінің ғылыми тұрғыда маңызды екенін атап өтті. Төлеген Тәжібаев ақынның еңбек, оқу-білім, адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдарының мәнін ашып көрсетті. Абайдың эстетика көзқарастарын да жан-жақты зерттеп, өлең сөздің құдіреті туралы ойларына психологиялық тұрғыда талдау жасады. Т.Тәжібаев ақынның ағартушылық, демократтық ой-пікірлерінің орыстың ойшыл-демократтары Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, В.Г.Белинский т.б. көзқарастарымен идеялық өзектестігін ғылыми тұрғыда терең тұжырымдаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды.[1]

1910 жылы Сырдария губерниясында (қазіргі Түркістан облысы) туған Т.Тәжібаев 1917 жылы ата-анасынан жастай айырылып, теміржолшы И.Ф.Кабановтың қолында өсіп, Шымкент педагогикалық техникумын, Мәскеудегі Н.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірген. Орайы келгенде айта кететін жайт, ол қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби психолог-ғалым, Ленинградта психология ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық қорғаған, профессор және Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі. Дипломатиялық қызметін 1944 жылы Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссариатының комиссары ретінде бастаған Төлеген Тәжібайұлы аталған қызметті 1953 жылға дейін абыроймен атқарады. Дегенмен, оның дипломатиядағы жолы түрлі бұралаңға толы болғаны анық. Себебі, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Н.А.Скворцовтың қолы қойылған тағайындау туралы бұйрықтан соң, Қытай консулымен байланысқаны үшін деген сылтаумен оған сөгіс те берілген. Абырой болғанда араға жыл салып, аталған сөгіс бойынша арнайы бұйрық шығып, іс жеке іс-қағаздарынан алынып тасталады. Аталған мақаланы жазу барысында, мұрағат құжаттарымен танысып отырып, Төлеген Тәжібайұлының өз ісіне берілген маман екенін байқауға болады. Себебі, жеке құжаттарында оның іскер басшы, талантты ұйымдастырушы екені жазылған. Осы орайда, жаңадан құрылған комиссариаттың жұмысын жолға қою және оның алып жүру секілді бітпейтін кеңсе жұмыстарында министрдің психолог мамандығы көмекке келгені даусыз секілді. Тарихқа үңілетін болсақ, Төлеген Тәжібаев сыртқы саясат ведомствосын комиссариат ретінде қабылдап, министрлік ретінде тапсырғанға дейін 1944 жылдан 1953 жылға дейін абыроймен атқарыпты. Айта кететін жайт, ол «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулықтың және «Психология и педагогическая психология К.Д.Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» секілді іргелі еңбектердің авторы. Төлеген Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен қатар, педагогикалық ой-пікірлердің дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды еңбектер қатарынан саналады. Бүгінде оның қазақстандық педагогика мен психология теориясының дамуына қосқан үлесі баға жетпес, ғылыми еңбектері жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулерде бүгінге дейін оқу құралдарының қосымшасы ретінде қолданылып келеді. Қазақ КСР ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің педагогика және психология саласындағы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы секілді тағы да басқа қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылған. Сыртқы істер министрі лауазымынан кетісімен, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Мәдениет министрі қызметтерін атқарғанымен тағдыр оны қайтадан дипломатияға алып келді. 1957-1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі дипломатиялық қызметін жоғары деңгейде атқарған

оның еңбегі туралы белгілі қазақ жазушысы Қапан Сатыбалдиннің «Айналайын Үндістан» деп аталатын жолсапар жазбасында жазылған. Төлеген Тәжібаев үнді елінде белгілі кеңес елшілері П.К.Пономаренко және И.А.Бенедиктовпен иықтаса жүріп еңбек етті. 1961-1964 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарған оны сұм ажал өмірден ерте алып кетті. Артында өшпес мұрасы, дипломатиялық және ғылым жолындағы даңқы қалды.

Тіл білімінің көрнекті ғалымы, профессор, балалық шағынан Т.Тәжібаевты жақсы білетін оның ерекше қасиеті туралы М.Балақаев былай деп жазған: «Үлкен педагог, әрі дипломат академик Т.Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай майда, сыпайы әрі салмақты болатын.Біреумен сөйлесе кеткенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Алғашқыда әдемі көрінетін кейбіреулермен жақындаса келе, бұл қасиеттер олардың бойына дарымағандығын, әлгі әдептілігінің жасанды бірде олай, бірде бұлай болатыны бірден аңғарылатын. Т.Тәжібаевтың іздеттілігі оның әбден қанына сіңген табиғи қасиеті еді» [2,343 б.].

Төлеген Тәжібаев тамаша ұстаздығымен қоса, күміс көмей, жез таңдай шешен болғандығын айта кетуіміз керек, ширек ғасыр уақытта психология, педагогика пәндерінен дәріс бергенде, дәрістің мазмұны аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушыға өте әсерлі, тұла бойынан бір жылулық сезіліп тұратындай ғажап ғалым-педагог болған, бұдан біз оның дәріс оқығанда да шын ниетпен, аса құрметпен, өз пәнін сүйген, тыңдаушыны да тәнті еткен, білімді, білікті тұлға екенін білуге болады. Артынан өшпес ғылыми із қалдырды, көптеген монография, оқулықтар, мақалалар жазды, тіпті маман кадрлар дайындап та үлгерген. Т.Тәжібаев еліміздің он екі жыл бойы үздіксіз сыртқы істер комиссары қызметін атқарып, Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының да бірінші Сардары болды. Бұдан біз Төлеген Тәжібаев тек ғалым-педагог, психолог емес, қоғам, мемлекет қайраткері екендігін аңғарамыз. Оның бойындағы албырттық, шапшаң қимылдайтын, аса жауапкершілікті, білімді, елін, жерін, халқын сүйген патриот, өз бойындағы асыл қасиеттерді бере білген, теңдесі жоқ ұлы тұлға, педагогика, психология ғалымдарының асыл да ардақты «тәрбиешісі» деп тануымыз керек. Өзі өмір сүрген уақытта қазақ халқының қай ұрпағына болса да тәрбиешісі болды.

Қазақстандағы тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасын қалаушы Төлеген Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысында жүргізген әйелдерге білім беру мен оларды баяндау мәселелеріне қатысты зерттеулері де жарыққа шықты. Т.Тәжібаевтің, ойынша, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы әйелдерге білім беруді ұйымдастыру негізінен екі мәселеге байланысты негізделген:

- біріншіден, қазақ қыздары қазақтардың тұрмысы мен қоғамдық-саяси өміріндегі алар орнынан;

- екіншіден, Қазақстан сол уақытта Ресейдің құрамдас бөлігі болғандықтан, Ресейдегі әйелдерге білім беру мәселесінің жалпы деңгейі мен дәрежесін қамтыды. Қазақстандағы әйелдер монархиялық Ресейдегідей құқықсыздыққа ие болғандықтан, олардың білім алуына деген күрес демократиялық бостандық үшін күрестің органикалық бөлігін құрады. Т.Тәжібаев әйелдердің басыбайлықтан

босау мәселесін алға қоя отырып, оның адамзат тарихындағы маңызды мәселелердің бірі екендігін көрсетті.

Төлеген Тәжібайұлы қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де, адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра білген абзал жан, көреген басшы, сан буын жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді. Т.Тәжібаев адам жанын жазбай танитын нағыз тәлімгер психолог еді. Жаны бай, жүрегі кең нар тұлға Төлеген Тәжібайұлы – қазақ психология ғылымының негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытовтай ұстаздың ізін жалғастырушы.

Халық ағарту комиссариаты 1940 жылдан бастап қазақ әліпбиінің кириллицаға көшуіне байланысты қазақ халқы арасында жаңа әліпбиді үйрету ісіне ерекше мән берген еді. Бұл істі комиссариатта тікелей қадағалау Т.Тәжібаевқа жүктелді. Соған орай Т.Тәжібаев қазақ әліпбиінің жиі ауысуына байланысты өзінің наразылығын сыртка шығармай, жаңа әліпбиді қазақтардың тез меңгеріп кетуіне қолайлы жағдай жасауды қолға алды.

Қазақ әліпбиінің латыншадан кириллицаға көшірілуі мен оны меңгеруі ісі қазақтар арасында ауыр қиыншылықтармен жүрді. Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына қазақтардың жаңа әліпбиге көшу жағдайын тексеруге 1941 жылы мамырда жіберілген Халық ағарту комиссариатының комиссиясы бұл іс-шараның жүзеге асырылуы сын көтермейтіндігін айқындаған-ды. Осы комиссия түсірген мәлімдемедегі айтылғандарға қарағанда, аталған облыстарда бірде-бір мемлекеттік мекеме жаңа қазақ әліпбимен іс-қағаздарын жүргізбеген, соның салдарынан қазақтар арасында жаңа әліпбиді қолдана отырып, билік орындарына өз арыз-шағымдарын түсіру тіптен доғарылып қалған болатын. Тіпті, аталған облыстарда жаңа қазақ әліпбиіндегі жазу машинкалары бола тұра, олармен бірде-бір бет қағаз басылмай тұрған.

Жаңа әліпбиге көшумен бірге қазақтарға өз ана тілінен айырылып қалу қаупі төніп келе жатқанын Т.Тәжібаев жақсы түсінді. Т.Тәжібаев осындай сәтте республика басшылығына, Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасы Н.Оңдасыновқа және Орталық партия комитеті хатшысы М.Әбдіхалықовқа мұндай келеңсіз жайтқа тосқауыл қою керектігі жөнінде мәлімдемелер түсірді [3].

Қазақ халқының жаңа әліпбиге көшуімен бірге өзінің ана тілінен айырылып қалу қаупі төнген кезде Т.Тәжібаев туған халқының шын жанашыры ретінде көріне білді. Ол жаңа әліпбидің тезірек меңгерілуі қазақ тілінің сақталып қалуына игі ықпалын тигізеді деп санады. Оның мұндай тұжырымы сол дәуірде өзінің дұрыстығын дәлелдеп те берді. Кеңестер Одағында ұлттарды ұлттық тегі мен рухани қазыналарынан айырып, оларды «біртұтас кеңес халқына» айналдыру саясаты өріс алған шақта, қазақтардың жаңа әліпбиге көшуі қатерлі қадам еді. Кеңестік билік қазақтардың жаңа әліпбиге көшуі қандай ауыршылықтармен өтетіндігін ескермеді деп айту қиын. Жаңа әліпбиді республикадағы қазақтардың меңгермей қалу қаупі де болмай қалған жоқ. Оның меңгерілмей қалуы қазақтарды орыстанған «біртұтас кеңес халқының қатарына қосылуын тездете түсетін. Сондықтан да сол тұста Халық ағарту комиссариаты басшылығында Т.Тәжібаевтай ұлтжанды азаматтың болуы қазақ халқының орыстана түсуіне

белгілі дәрежеде тосқауыл жасады, халықтың өз ана тілінен айырылмай, өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуына игі ықпалын тигізді деп айтуға болады.

Жаңа қазақ әліпбиін қазақтардың тез игеріп кетуі ұлттық тілдің өркендеуіне әсер ететіндігін ескерген Т.Тәжібаев республикадағы жоғары оқу орындарының басшыларына қазақ студент жастарының міндетті түрде жаңа әліпбиді меңгеріп шығуы жөнінде талап қойды. Жаңа әліпбиді меңгере алмағандар оқуын аяқтағаннан кейін дипломдары бола тұрса да, қосымша оқу курстарын аяқтаулары тиіс болды [4]. Т.Тәжібаев жаңа әліпбиді меңгерген жоғары білімді жас қазақ маманы ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің қорғаушысына айналады деп санады. Былайша айтқанда, ұлттың тағдырын Т.Тәжібаев жаңа әліпбидің меңгерілуімен байланыстырды. Оның мұндай пікірде болуы негізсіз емес еді. Ол жаңа әліпбиді қазақтар меңгермесе, онда тез арада орыс тілінде жазып, сол тілде сөйлеп кетудің қарсаңында тұрғанын, бұған орыс тілді басшылардың мүдделі екендігін сезе біліп, содан сақтанудың жолын қарастырды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Т.Тәжібаев жетекшілік еткен Халық ағарту комиссариаты оқушыларды интернационалдық, отаншылдық рухта, еңбек сүйгіш етіп тәрбиелеу жолында қомақты жұмыстар атқарғандығы жұмыста жан-жақты баяндалған. Т.Тәжібаев соғыстың қиын жағдайында мектеп жасындағы балалардың оқудан тыс калмауына баса назар аударды.

XIX ғасырда педагогикалық ой-пікірдің, ағартушылықтың және білім беру жүйесінің тарихына қатысты мол ғылыми мұра қалдырған Т.Тәжібаевты республикамыздағы қоғамдық ғылымдардың онан әрі дамуына өзіндік серпін берген ғалым ретінде қабылдауымыз керек. Оның ғылыми еңбектерінің құндылығы әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтпауда. Тіпті, қоғамдық ғылымдардағы өзекті мәселелерді шешуде өз пайдасын тигізуге беретіндігіне күмән келтіруге болмайды.

Қорыта айтқанда, Т.Тәжібаевты уақыт алыстаған сайын аскақтайтын тұлғалар қатарына қосуға болады.

**Әдебиеттер**

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
2. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы.- Алматы, 2012.- 343 б.
3. ҚРОММ. 1137-қ., 6-т., 803-іс, 193-п.
4. ҚРОММ. 1692-қ., 1-т., 206-іс, 152-п.

УДК 376.1

# IDEAS OF T.T. TAZHIBAEV IN THE CONTEXT OF MODERN INCLUSIVE EDUCATION

**Ахметова Г.К.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Түйін

*Мақала Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұрасын талдауға және оның Қазақстандағы инклюзивті білімге ықпалына арналған. Ғалымның өмірбаяны, оның жеке тұлғаны тәрбиелеуге және ерікті қасиеттерді қалыптастыруға қатысты негізгі еңбектері мен теориялық ережелері қарастырылады. Мақалада инклюзивті білім берудің негізі болып табылатын білім беру процесінде жеке көзқарастың маңыздылығы көрсетілген. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эмоционалды дамуы және әлеуметтік бейімделуі сияқты инклюзияның психологиялық аспектілері зерттеледі. Сондай-ақ, педагогтарды даярлау және инклюзивті білім беруді мемлекеттік қолдау үшін Т.Т. Тәжібаев идеяларының әлеуметтік маңыздылығына назар аударылады. Қорытындылай келе, Т.Т. Тәжібаевтың идеялары ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру мекемелеріне интеграциялануына ықпал ете отырып, қазіргі заманғы білім беру үдерісі үшін өзекті болып қала береді.*

Резюме

*Статья посвящена анализу научного наследия Толегена Тажибаева и его влиянию на инклюзивное образование в Казахстане. Рассматривается биография ученого, его основные труды и теоретические положения, касающиеся воспитания личности и формирования волевых качеств. В статье подчеркивается важность индивидуального подхода в образовательном процессе, который является основой инклюзивного образования. Исследуются психологические аспекты инклюзии, такие как эмоциональное развитие и социальная адаптация детей с особыми образовательными потребностями. Также внимание уделяется социальной значимости идей Т.Т.Тажибаева для подготовки педагогов и государственной поддержки инклюзивного образования. В заключении акцентируется, что идеи Т.Т.Тажибаева остаются актуальными для современного образовательного процесса, способствуя интеграции детей с особыми потребностями в общеобразовательные учреждения.*

Tolegen Tazhibaev is an outstanding Kazakhstani scientist who made a significant contribution to the development of pedagogy and psychology. His scientific works have influenced modern education, including inclusive education. In the conditions of globalization and modernization of the education system, T.T. Tazhibayev's ideas, especially in the issues of individual approach and personality formation, play a key role in creating educational opportunities for all children. This article analyzes the scientific heritage of T.T. Tazhibaev and his influence on inclusive education in Kazakhstan, as well as considers the prospects of applying his ideas in modern educational approaches.

Tolegen Tazhibaev was born in 1909, during the establishment of the Soviet education system in Kazakhstan. His professional activities had a profound influence on the formation of pedagogy and psychology in Kazakhstan, especially in the sphere of upbringing and personality formation. Tazhibaev was the first Kazakh to receive a

doctorate in pedagogical sciences and later became an academician of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. His scientific career and research focused on the issues of personality education, social pedagogy and psychology of volitional qualities [1].

Tolegen Tazhibayev's main works include studies on education, personality formation and will qualities. He emphasized the need to take into account the cultural and ethnic characteristics of the Kazakh people in the process of upbringing, which made his works particularly relevant to the Kazakh educational system. His scientific works also emphasized the importance of social education and the role of the teacher as the main agent of formation of the child's personality [1, p. 45].

The main theoretical provisions developed by Tazhibayev concerned the education of personality through the development of moral and ethical qualities, social activity and volitional characteristics. His scientific works and theories of education, based on the active role of the teacher, had a significant impact on the development of pedagogical thought in Kazakhstan. In particular, his ideas became the basis for the formation of humanistic pedagogy, which was later reflected in inclusive pedagogy. Inclusive education, like the ideas of T.T. Tazhibayev, pays significant attention to the personal development of each child, regardless of his or her individual characteristics and abilities [2].

Inclusive education is an important direction of modern educational policy, based on the creation of equal conditions for all children, including those with special educational needs. The principles of inclusion include the adaptation of curricula and methods to individual needs of children. This is an approach that takes into account both physical and mental characteristics of students and creates conditions for their full participation in the learning process [3].

Tolegen Tazhibaev paid special attention to the individual approach to learning. He emphasized that the process of upbringing and education should be built taking into account the peculiarities of each child, his interests, abilities and social conditions. This overlaps with the concept of inclusive education, where an individualized approach to each student is important, especially in the context of the need to work with children with special educational needs. The inclusion of individualized training programs and pedagogical methods aimed at personal development is an important part of modern inclusive education [1, p. 123].

One of the key ideas of T.T. Tazhibaev is the development of volitional qualities and self-regulation in children. These concepts are especially relevant in inclusive education, where children with special educational needs require special attention in terms of the formation of self-regulation skills. Tazhibaev emphasized the need to educate children to be independent and responsible for their actions, which is especially important for children with disabilities, who often need more time and effort to master educational programs [4].

T.T. Tazhibaev emphasized the importance of the social nature of learning and interaction between a student and a teacher. These ideas are reflected in inclusive pedagogy, where the teacher should not only adapt teaching materials, but also promote active social interaction between children in the classroom. The inclusion of children with special needs in general educational processes requires from the teacher special

attention to the creation of a comfortable and supportive environment, which coincides with the key provisions of the scientific heritage of T.T. Tazhibaev [5].

In the modern practice of inclusive education in Kazakhstan, T. Tazhibaev's ideas concerning the consideration of individual characteristics of each student are actively applied. Teachers adapt curricula to create equal conditions for children with special educational needs, ensuring the development of their independence and self-regulation. Tazhibaev's ideas about personal development and social integration are embodied in practice in the work with children who need a special approach [6].

State support for inclusive education in Kazakhstan is provided through teacher professional development programs and the introduction of educational standards focused on an individual approach. Professional training programs for teachers include elements of inclusive education, which is in line with the provisions of Tazhibaev's scientific works on the need to take into account the cultural and ethnic characteristics of each student. State initiatives in the field of inclusion are also aimed at improving the accessibility of educational services for all categories of children [3, p. 25].

Tazhibaev's scientific heritage can be used for further modernization of the educational system in Kazakhstan, especially in the context of inclusive education. The development of new educational programs focused on personal development and individual approach is an important direction for improving the effectiveness of inclusive education. Tazhibaev's principles can become the basis for creating programs aimed at developing independence and personal responsibility in children with special educational needs [7].

One of the key tasks of modern inclusive education is the training of teachers who are able to work effectively in an inclusive educational environment. Integration of Tazhibaev's ideas into teacher training programs will allow better adaptation of educational methods to the needs of children with special needs. Professional development of teachers on the basis of Tazhibaev's scientific works emphasizing the

categories of students [5, p. 95].

Tolegen Tazhibaev made a significant contribution to the development of personality psychology, which is especially important in the context of inclusive education. His works emphasize the importance of volitional qualities, self-regulation and self-development in the process of educating children. In an inclusive context, this approach helps educators to better understand the needs of children with special educational needs and create conditions for their full personal development. Tazhibaev's psychological approach emphasizes the importance of creating a supportive environment that helps to unlock the potential of each child [1, p. 87].

Emotional development and adaptation are important aspects of working with children with special educational needs. Tazhibaev emphasized the importance of developing the emotional sphere of the child, which is related to his social adaptation and learning motivation. Modern approaches to inclusive education, based on the psychological theories of Tazhibaev, are focused on creating an educational environment that takes into account the emotional needs of students, promotes the development of their emotional intelligence and social adaptation [4, p. 110].

Teachers play a key role in the process of inclusive education. Tazhibaev always emphasized the importance of the teacher's personality in the process of student

formation. In the conditions of inclusive education, the teacher should become not only a carrier of knowledge, but also a mentor who helps each child to reveal his or her potential. Tazhibaev's approach emphasizes that successful socialization and development of children with special educational needs is possible only with active interaction and support from the teacher [1, p. 89].

Tolegen Tazhibaev paid great attention not only to the formation of the student's personality, but also to the role of the teacher as a key figure in the educational process. In the context of inclusive education, teachers should have special professional competencies that allow them to adapt the educational process to the needs of children with different educational needs. Tazhibaev's ideas emphasizing the need to take into account the individual characteristics of children help in the development of methods aimed at social and academic integration of children with disabilities. Thus, teachers in an inclusive environment become a link between the individual needs of each child and the general objectives of the educational process [1, p. 91].

Tazhibaev's scientific ideas also play a significant role in government support for inclusive education. One of the key aspects of his scientific legacy is the emphasis on the importance of social inclusion of all children regardless of their physical or intellectual abilities. These ideas became the basis for the development of state educational standards oriented towards an inclusive approach.

State programs for professional development of teachers working in inclusive environments include concepts based on Tazhibayev's scientific works. This helps teachers better understand the mental and emotional development of children with special educational needs and adapt curricula to their individual characteristics. The ideas of social and psychological support for children, outlined in the works of Tazhibaev, are reflected in the state educational policy aimed at creating inclusive schools and centers for children with disabilities [5, p. 82].

Conclusion

Tolegen Tazhibaev left a rich scientific heritage, which had a significant impact on the development of pedagogy and psychology in Kazakhstan. His ideas about the education of personality, social activity and individual approach continue to be relevant in the context of modern educational processes, especially in the field of inclusive education. Tazhibaev emphasized the importance of creating conditions conducive to the development of each child, regardless of his or her physical or intellectual capabilities.

Inclusive education in Kazakhstan, based on Tazhibaev's ideas, aims to integrate children with special educational needs into the general educational process. Teachers who apply the principles of individual approach contribute to the successful socialization and academic development of such children. Thus, Tazhibaev's scientific works remain an important source for the development of inclusive education and the training of teachers who are ready to work in conditions of student diversity.

**Literature**

1. Tájibaev, T. T. Pedagogıkalyq prınsıpter jáne jeke tulǵany tárbıeleý. Almaty: Qazaqstan ýnıversıteti, 1976.

2. Súleımenova, K. S., Jaqsylyqova, N. M. Vırtýaldy zerthanalardyń oqýshylardyń metakognıtıvtik daǵdylaryn damytýǵa áseri. Qazaqstannyń Bilim habarshysy, 2020, 35(2), 123-129.
3. Qazaqstan Respýblıkasy Bilim jáne ǵylym mınıstrligi. Bilim berýdi damytýdyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. Astana: QR BǴM, 2020.
4. Nurmaǵambetova, J. A., Ahmetova, S. Inklúzıvti bilim berý kontekstindegi tulǵa psıhologıasy. Astana: Ǵylym, 2018.
5. Abdraımova, G.K. Inklúzıvti bilim berý úderisindegi muǵalimniń róli. Qazaqstannyń pedagogıka jáne psıhologıa jýrnaly, 2021, 4(10), 78-85.

ӘОЖ 372.8;159.9(82-95)

# Т.ТӘЖІБАЕВ: АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САРЫН

**Паримбай Г.Ғ. оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье представлен анализ психологических идей и философских размышлений в произведениях великого Абая педагога, психолога, исследователя Тажибаева Толегена Тажибаевича.*

*Summary*

*The article presents an analysis of psychological ideas and philosophical reflections in the works of the great Abai teacher, psychologist, researcher Tazhibaev Tolegen Tazhibaevich.*

Абай Құнанбаев – ұлы ақын ғана емес, көрнекті ойшыл, түрлі мәселелерді жан-жақты қарастырып талдаған дана пәлсапашы. Оның философия, этика, психология және тәрбие мәселелері бойынша терең әрі ерекше ойларға толы шығармалары екі ғасыр өтсе де өзектілігі мен құндылығын жоғалтпақ емес. Адамның сырлы психологиясын өте шебер түрде қиыннан қиыстыра талдай отырып, Абай өз шығармаларында да, практикалық қызметінде де өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударады.

Абайдың поэтикалық шығармашылығы оның философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарының терең идеяларына негізделеді.

Алайда, ұлы ойшыл шығармаларының бұл бұл бағыты, әсіресе оның философиялық және психологиялық көзқарастары абайтанудағы «ақтаңдақ» іспетті. Хакім Абай шығармашылығындағы психология мен жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты құнды ой-толғаулар мен пайымды пікірлерге терең талдау жасаған, қазақтың алғашқы зерттеуші-психологы, педагог, Тәжібаев Төлеген Тәжібайұлы болды.

Бар ғұмырын халық ағарту ісіне арнаған ұлт жанашыры, өз қызметін ғылыми педагогикалық бағытта жүргізді. Академиктің негізгі ғылыми жұмыстары XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педегогикалық идеялардың даму тарихы тақырыбына арналады. Десе де, ғалымның психология аясында жазылған

еңбектері Қазақстандағы ғылыми психологияның іргетасы болып қаланып, психологиядағы тың зерттеулердің жүргізіле басатуына жаңа серпін берді. Ғалым Төлеген Тәжібаев Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарының жүйесін талдауға тырысқан алғашқы ғалымдардың бірі болды.

Абай Құнанбаев өз заманында шын мәнісінде ғалым-психолог болған жоқ. Алайда оның өлмес поэтикалық және прозалық шығармалары олардың авторы – адам жанының нәзік білгірі болғандығын танытады. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінің басым көпшілігінде ерекше шеберлікпен белгілі бір дәуірге, қауымға, топқа және жасқа және т.б. жататын адамдар психологиясының сипаттамалық ерекшеліктерін айшықтап ашады. Бұл оның шығармаларының терең реализмін, олардың көпшілікке ұғымды болуын, олардың орасан зор тәрбиелік күшін анықтайды.

Т.Тәжібаев Абайдың психологияны зерттеуі үш түрлі мақсатқа негізделеді деп көрсетеді:

Біріншіден, «Абайдың түсінігінде өлең мен ән адам жанының тереңіне еніп, ішкі сезімдерін оятуы керек. Олар халықтың адамгершілік тәрбиесінде, адамдардың санасындағы ескі, феодалдық-патриархалдық сарқыншақтармен күресте маңызды рөл атқаруға арналған. Халықтың ойлары мен ұмтылыстарын бейнелейтін поэзия оны еркін және жарқын өмірге жетелеуі керек. Өлеңнің алтын мазмұны мен күміс жақтауы болуы керек» дейді.

Әннің адамның психикалық іс-әрекетіне әсері туралы айта отырып, Абай өзінің өлеңдерінде адамның тәжірибесі оның терең ойларының көрінісі екенін көрсетеді, ал ән – бұл тәжірибелердің «көлеңкесі» деп сипатталады.

Ақын Абайдың пікірінше, ән адамды шабыттандырады, оның сезімін оятады және оны рухтандырады. Ән – бақыт, ләззат, бірақ оны кез-келген құлақ емес, тек «ойлы құлақ» қана қабылдай алады. Ән ұйықтап жатқан сезімдерді оята алады, қуаныш пен қайғыны жандандырады, адамды толқытады, оның ішкі ойлары мен көңілінің күйін бейнелейді.

Әнді тек есту қабілеті сезімтал, жүрегі жанашыр және ақыл-ойы көреген адам ғана түсіне алады.

Т.Тәжібаев Абайдың осындай соналы сөздерінен: «поэзия адамдардың психологиясына әсер ететін күшті фактор болып табылады, сондықтан поэзиямен айналысатын кез-келген адам адамның психикалық қызметінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылықтарын зерттеп, жақсы білуі керек деп меңзейді» деген қорытынды шығарады.

Екіншіден, қазақ халқын саяси сауатсыздықтан, экономикалық және мәдени артта қалушылықтан, надандық пен кедейліктен арылту жолын Абай халықтың, ең алдымен өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін ағартудан көреді. Ол қазақ жастарынан орыс мәдениеті мен орыс тілін үйренуді, орыс халқынан барлық прогрессивті дүниелерді қабылдауды талап етеді.

Абайдың айтуынша, оқыту – тиімді, табысты, балалардың ақыл-ойын жан-жақты дамытатындай болуы қажет. Ол үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде балалар психологиясының ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, оның жан-жақты дамуына бағытталатындай етіп құру қажет.

Үшіншіден, Абайдың көптеген ғақлиялары мен өлеңдерінің ішіндегі психологиялық сарынды күнделікті өмірге, қоғамдық-еңбек қызметінде және тұрмыста дұрыс қарым-қатынас орнатуды жоғары бағалады, деп қорытынды жасауға болады. Т.Тәжібаев Абайдың түсінігінде «достық та, құрдастық та, жауларын тану да, оларға деген көзқарас та адамдардың мінезінің ерекшеліктерін, олардың психологиясын білуді талап етеді» деп тұжырымдайды.

Т.Тәжібаевтың пікірінше, Абай өзінің шығармашылығында бүгінде психология ғылымының негізгі зерттеу әдістері болып табылатын бақылау, байқау әдісін кеңінен қолданды: ұлы ақын ретінде ол ерекше байқау қабілетімен ерекшеленді – бақыланатын объектінің сипаттамалық ерекшеліктерін егжей-тегжейлі байқады. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» (1882), «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884), «Жаз» (1886), «Білектей арқасына өрген бұрым» (1889) сияқты әрбір детальды мұқият суреттеген шығармалары мен аттың сынын өте шебер сипаттайтын «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» (1886) өлеңдерінде сыртқы табиғат объектілері мен құбылыстарын ерекше көркемдік шеберліктің үлгілері болып табылатын үйлесімді теңеулер мен сәйкес сипаттамалар арқылы бәденді баяндау – ұлы Абайдың адамдардың ең нәзік жеке психикалық ерекшеліктерін және терең тәжірибелерін нағыз бақылаушы болғандығын қалтқысыз дәлелдейді.

Бірқатар өлеңдерде дана ақын өзінің ішкі ойлары мен қызықты эмоционалды тәжірибелерін дәл жеткізе алды. Ол әртүрлі таптардағы, кәсіптердегі және әр жасерекшелік кезеңдердегі адамдарға айқын психологиялық сипаттама береді.

Психология мәселелерін қарастырған кезде Абай адамның психикалық іс-әрекетін (ақыл, сезім және ерік) үшмүшелі құрылым ретінде қарастырып, осы бағытта мазмұнын ашуға тырысады («Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Он жетінші қара сөз» , «Жиырма жетінші қара сөз», «Қырық үшінші қара сөз» және т.б.). Ол ақыл-ой (психикалық) құбылыстарына сезім мен қабылдауды, елес пен есте сақтауды, қиял мен ойлауды және ақылды (немесе сананы) кіріктіреді.

Т.Тәжібаев Абайды талдағанда ақылға: салқынқандылық, өткірлік және айқындық белгілері жатады десе, ал сезімдерді: психикалық толқыныстар, қуаныш, ашу, құмарлық пен махаббат және т.б. жіктейді. Ақын шығармаларындағы маңызды ұғым мінез – ерік-жігермен бірге қарастырылады. Төзімділік, талап, құмарлықты басқару қабілеті – ерікті процестер болып саналады, - деп жіктейді.

Абайдың пікірінше, ақыл, сезім мен ерік бірлікте, толық келісімде және үйлесімде болуы керек, өйткені олар бір-бірінсіз жасай алмайды; олардың бөлінуі адамды жағымсыз салдарға әкеліп, қалыпты өмірден ауытқытуы ықтимал. Сондықтан ғылымның міндеті – адамның психикалық қызметінің осы үш жағын зерттеу және олардың бірлігін қамтамасыз ету болмақ деп тұжырымдайды.

Ерік (Абайша айтқанда – қайрат), ақыл (Абайды түсінігінде – сана) және сезімдер бірлікте болуы шарт. Алайда, олардың арасында келіспеушілік болса, адам «жүрекке» бағынғаны жөн, яғни сезімнің бұйрығы, олар үшін әрқашан үстемдік құрып, көшбасшы болуы керек. Ол ақыл-ойды дұрыс жолмен басқарып, ерік күшін дұрыс пайдалануы тиіс[1].

Келесі бір тұста, Абай ақыл мен ерік адам өмірінде жетекші рөлде екенін айтады. Бірақ олар жүректен шыққан әділеттілік болмаса, олар өз міндеттерін орындамастан пайдасыз болып қалатындығын айтады (Он жетінші қара сөз). Т.Тәжібаев ғақлияшының Он жетінші қара сөзін талдай келе оның орыс халқының ұлы педагогы, психолог К.Д.Ушинскийдің көзқарасымен үндесетін сенсуалистік көзқарастары арасындағы байланысты табады.

К.Д.Ушинский сезімдерді сана мен ерік құбылыстары арасындағы байланыстырушы буын ретінде ғана емес, сонымен қатар «адамның сана мен ерік саласындағы іс-әрекетінің бірінші себебі, оларды осы іс-әрекеттің түпкі мақсаты» ретінде қарастырды[2]. Сайып келгенде, сана ол арқылы сезімдердің біріне қосылады да, осылайша жан құбылыстарының үштік бөлінуі екілік бөлінуге, яғни сезім мен ерікке бөлуге алып келеді.

Абайдың ақыл-ойы, сезімі мен ерік-жігерінің сипаттамасына толығырақ тоқталайық.

Абай нақты шындықты тануды материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сезімдер мен қабылдаулар ақиқат әлемді бейнелеудің негізгі сатысы болып табылады. Сезім мүшелері – білім көзі. Ақын Абай: «Көзімен көріп, құлағымен естіп, қолымен ұстап, тілімен татып, мұрынымен иіскеп, адам қоршаған әлемді таниды» дейді.

Келесі бір тұста, ол: «егер көз болмаса, біз өмірде әлемнің сұлулығынан қандай рахат алар едік?... егер құлақ болмаса, біз дыбыстарды да, дауыстарды да естімес едік, әннен ләззат ала алмас едік, ешқайдан хабар ала алмас едік; егер мұрын иістерді ажыратпаса, онда біз хош иістен ләззат ала алмас едік, не жағымсыз иістерден аулақ болмас та едік; егер таңдай мен тіл дәмді ажырата алмаса, онда біз түрлі дәмдерді ажырата алмастан, дәмді тағамнан ләззат алмас едік...» дейді.

Тек тәжірибе арқылы, сезім мүшелерінің сыртқы әлемді тікелей көрсетуі арқылы ғана адам ақиқи шындықты қабылдайды.

Адам сыртқы әлемнің құбылыстарын көшірме, суреттер түрінде қабылдайды. Мысалы, «Қырық үшінші қара сөзінде» Абай былай деп жазады: «... дүниедегі барлық нәрселердің жағымдысы ұнамды қалпымен, жағымсызы ұнамсыз қалпымен көңілге түседі. Қабылдау алдыңғы тәжірибемен байланысты болған жағдайда ғана толық болмақ. Сондықтан сіз бұрын естімеген сөздер сіздің құлағыңызға бірінші рет қолайсыз естіледі. Қабылдау дәйекті болуы керек: алдыңғысын түсінбестен, келесісін қабылдауға асықпа, асылында ол түсініксіз болмақ».

Осы турасында Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде жақсы әнді әркім түсіне алмайды, тек «ойлы құлағы» бар адам ғана ұғына алады деп тұжырымдайды. Абай осылайша адам сезімдерінің дамуының тарихилығын дөп түсінеді, - дейді Т.Тәжібаев.

Марксизмнің негізін қалаушылар К.Маркс пен Ф.Энгельс нақты мысалдарды қолдана отырып, сезімді «ізгілендіру» процесін көрсетеді, өйткені тәжірибе барысында жануари сезімдер адами сезімдерге айналады. К.Маркс «… Қоғамдық адамның сезімдері қоғамдық емес адамдардан өзгеше болады; адам болмысының (заттық) объективті түрде ашылған байлығының арқасында ғана адамның

субъективті сезімталдығының байлығы ашылады; музыкалық есту қабілеті, форманың сұлулығын түсіне алатын көз – ләззат алуға қабілетті сезімдер адамдарда дами отырып қалыптасады» дейді.

«Қарапайым бес сезім мүшесі ғана емес, сонымен қатар рухани сезімдер, практикалық сезімдер (ерік, махаббат және т.б.), бір сөзбен айтқанда, адамның сезімі, олардың субъектісінің болуының арқасында, адамгершілік табиғатының арқасында ғана пайда болады. Бес сезімнің қалыптасуы, бұл бүкіл әлем тарихының жемісі»[3].

Сезімдер мен қабылдаулар сезім мүшелері қабылдаған заттардың өзі әлеуметтік болған кезде ғана «адами»-ға айналады, яғни адамның әлеуметтік тәжірибесі процесінде ізгілендіріледі.

Абай Құнанбаев тек «адамның көзі» әлемнің сұлулығынан ләззат алуға мүмкіндік беретінін, тек «адамның құлағы ғана» әннен ләззат алуға мүмкіндік беретінін, тек «адамның иіс сезімі» бізге хош иістен ләззат алуға мүмкіндік беретінін дұрыс түсінді.

«... Расымен де, Абай бұл ойларды әрі қарай пәлсапалық түрде дамытқан жоқ. Десек те, оның сөздері бізге адам мен жануарлардың сезім мүшелері арасындағы сапалы айырмашылықты дұрыс көргенін, адамның сезімдерінің ерекшелігі адамның тарихи-практикалық іс-әрекетінің нәтижесі екенін дәл түсінді деп қорытындылауға мүмкіндік береді» деп, Т.Тәжібаев Абайдың философиялық идеяларын марксистік философияның иделарымен параллельді түрде талдады.

Осылайша ғалым Т.Тәжібаев ұлы Абай шығармаларындағы үш негізгі концепциялар: ақыл, қайрат, сезімге психологиялық түрде түсінік беру арқылы жан-жақты талдау жасады, автордың пәлсапалық және поэтикалық қырларына жоғары баға бере отырып, оның кемшіл тұстарын да қатар атап өтті. Т.Тәжібаевтың пікірінше, Абайдың психикалық құбылыстарды басқарушы және реттеуші орган ретінде миға және жоғарғы жүйке жүйесіне ешбір мәнділік бермеуі, оның көзқарастарындағы басты кемшіліктердің бірі болып табылады. Ақынның мидың күрделі психикалық процестерінің жемісі болып табылатын ерік процесінің де жай ғана сезім түріне жатқызыла салуы да осы пікірмен түсіндіріледі.

Қорыта айтқанда, қазақ топырағында алғаш болып ұлт ағарту ісіне белсене қатысып, осы тұрғыда алғаш болып психологиялық ой-пікірлерді қалыптастырып, психологиялық бастау болған ұлы ақын, ғақлияшы, пәлсапашы, дана Абайдың шоқтығы қашанда биік болмақ. Ал осындай ілкі бастаудың қайнар көзін ашып, алғаш болып ақын шығармаларына философиялық, психологиялық және педагогикалық талдау жасаған ғалым Т.Тәжібаев мұрасы осы іспетті зерттеулерге жаңа бағыт, жаңа көзқарас, жаңа жолдардың ашылуына себеп болады.

**Әдебиеттер**

1.Т.Тәжібаев. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. -Алматы, 1957

2. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Том 9.т., 1930, стр. 311

3. К.Маркс, Ф.Энгельс. Сочинения, том III, стр. 627

# ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ: АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ

**А. Мауленов**
Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми
Орталығының жетекшісі ф.ғ.д. қ. Профессор

Қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі Тәжібаев Төлеген алғашқылардың бірі болып Абайдың ақындық қырын ғана емес ойшылдық қырын зерттеген болатын. Оның К.Ушинскийдің, Л.Выгодскийдің, Абай Құнанбаевтың психологиялық, философиялық көзқарастары туралы зерттеулерінің ғылыми маңызы зор болды. Ол «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысында қазақтың бас ақынының ойшылдық көзқарастарына өзіндік тұжырым жасап қана қоймай, сол уақытқа дейін Абайдың философиялық көзқарасы туралы мәлімдеме жасаған жазушы, зерттеушілердің еңбектеріне терең талдау жасады. Осы тұрғыда Абайдың философиялық көзқарастарын оның шығармаларының негізінде зерттеу, 20-30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Құнанбаев философиясын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазия идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп көрсетпек болушылар да табылды (Қабылов І. Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын. «Советская степь», 1928, 2тамыз). М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, І.Жансүгіров сынды көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар Абайдың ақындық мұрасын арнайы социологиялық шабуылдан қорғап, бірқатар мақалалар жазған болатын. Төлеген Тәжібаев жоғарыда аталған монографиясына солардың бірқатарының, атап айтсақ, М.Әуезов пен С.Мұқановтардың мәлімдемелерін сыни тұрғыда талдап, тарамдап арқау етті. Абай шығармаларын зерттеушілер ойшылдың философиялық көзқарастарын бағалауда нақты бір тұжырымға тоқтаған жоқ. Бірқатар зерттеушілер философияның негізгі мәселесін шешуде «Абай теист болды» деген де пікір айтады. Мәселен, О. А. Сегізбаев «философиялық дүниетаным саласында ол тұтасымен деизм бағытын ұстады. Барлық деистер сияқты оның шығармаларынан материалистік бағдар мейлінше анық көрінеді» деп есептейді [8,108-6]. Дегенмен, өзінің бұдан кейінгі зерттеулеріңде Сегізбаев: «Ыбырай Алтынсариннің, әсіресе, Абай Құнанбаев философиясының мәнін толық аштық деу әлі ерте... Абай философиясының мазмұнын барынша толық ашу үшін оның шығармаларының шығыс, орыс және дүниежүзілік философияның мәдениетімен байланысын мейлінше терең зерттеу қажет, ал бұл әлі жеткілікті деңгейде қолға алынбаған нәрсе» деп мойындайды [9, 37-38-6]. Бұл тұжырымдармен келіспеуге болмайды. Абай дүниетанымының бағыттарын зерттеуге Әуезов елеулі үлес қосты. Ол Абайдың көптеген өлеңдері мен XIX ғасырдағы көрнекті орыс ойшылдарының шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы олардың терең тамырластығын ашып

берді. «Біз Абайдың бірде жекелеген өлеңдерінен, бірде қарасөзбен жазылған «ойларынан» («Ғақлияларынан»), - деп жазды Әуезов, - Белинскийдің ойларымен, Герценнің ойларымен, Чернышевскийдің, Добролюбовтың көз қарастарымен, олардың «Современник» беттерінде айтқан пікірлерімен жиі ұшырасамыз» (Әуезов М. Әр жылдар ойлары. - А. , 1961, 157-6.). Дәл осы тұжырыммен академик Тәжібаев та аталмыш еңбегінде толығымен келісе отырып, орыс революциялық демократтарының философиялық көзқарастарының Абай танымына аса үлкен ықпалын тигізгендігін астын сызып, айшықтап атап өткен болатын.

Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастарын ғылыми тұрғыда зерттеп, ұлы ақынның көзқарасын «материалистік көзқарас» екендігін дәлелдеуге тырысқандардың бірі Қ.Бейсембиев болатын. Ол 1954 жылы жарық көрген «Абайдың философиялық көзқарастары туралы» деп аталатын мақаласында, Абайды «материалист»деп көрсеткен болатын.

Қ. Бейсембиев ақынның адам бойындағы туа бітетін «екі бастау» туралы тұжырымдарына «Абай дуализмге жол берді» деп есептеді («Қазақстандағы саяси-қоғамдық және философиялық ой тарихының очерктері». - А., 1976, 206-б.). Ақиқатында Абай да Чернышевский сияқты адам бойындағы заттық және рухани бастауларының бірлігін, адамның тұтастығын айқынырақ ашып көрсетуді мақсат етті. Ақын орыс ойшылдарының еңбектері мен өз қолына түскен жаратылыстану ғылымының деректері негізінде табиғатқа материалистік монизм тұрғысынан қарап, адамның «рухани қызметін» оның дене еңбегінен бөліп алу дұрыс емес деп есептеді. Ал, бұл бір-біріне тәуелсіз материалистік және идеалистік, жеке дара екі бастауды мойындаудан келіп шығатын дуализмге түбірімен қайшы нәрсе. Герцен жазғандай дуализмнің ең басты принциптері «... шын мәнісінде бөлуге болмайтын нәрсені - мысалға, дене мен рухты -жасанды қарама-қарсылықтарға бөлу болып табылады, бұл дерексізденулерді бір-біріне қастықпен қарсы қою және мызғымастай болып біріккен нәрселерді жасанды жолмен өлшеу» (Г е рц е н А. И. Тандамалы философиялық шығармапары. -М. , 1948, 113-6.). Абай әлемді тануға болатындығын мойындап, болмыс пен сананың шегін ажыратуға болмайтындығын теріске шығарады, бір бүтіннің бөлшектері ретінде адам мен табиғаттың тұтастығы туралы айқын тұжырымдар жасап, саналы адамның біртұтас табиғаттың үздіксіз дамуының нәтижесі екенін дәлелдейді. Әлемнің тұтастығы туралы мәселе философия тарихындағы ең күрделі тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай мұны сана тудырған емес, өзінше объективті өмір сүретін әлемнің материалдық тұтастығы, бірлік деп түсінді. «Бір» демеклік... алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін, - деп жазды Абай, - мүмкін аттың (болуы мүмкін нәрселер) ішінде не нәрсенің үздуі (бар болу, бар болушылық) бар болса, ол бірліктен құтылмайды».

Бірқатар зерттеушілер, нақтырақ айтқанда Қ. Бейсембиев Абайды пантеист деп есептейді. Егер ақынның өзінің нақты түр хақындағы ойларын ортаға салатын «Ғақлияларының» мазмұнына үңілетін болсақ, онда оның дүниетанымындағы антиклерикапдық сәттер жайлы айтқанымыз анағұрлым дұрыс болар еді. Ойшыл-ақын адамдарды құдайға сенуге үндемейді. Бірінші сөзінде: «Ап, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?.. Софылық қылып, дін бағу?» - деп сұрақ

қойып алады да, оған: «Жоқ... не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық!» - деп, оның жөні келмейтінін айтады. Абай адам сенімін арттыратын нәрсе - білім, қажырлы еңбек, табиғат құпиясын ашу деп білді. Ол адам бойыңдағы жасампаздық қасиеттерге керемет сенім білдіріп, ол «алла үшін емес», адамдар үшін ғылым мен білімді игеруге міндетті деп есептеді. Десе де Абайдың ««дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай хайуан жаны болады», «құдайды ғана толық танып білу мүмкін емес, қалғанының бәрін танып білуге болады» деген тұжырымы ислам дінінің негізгі қағидаларына саяды, өйткені, Құранда жазылғандай алла шексіз, ал адам санасы шектеулі және сондықтан да тәңіріні тани алмайды. Ұлы ақын осылайша ғылым негіздері мен дін негіздерін ұштастырғысы келгенімен, алғашқысына басымдық берген. Себебі: «Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды... Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...»-деп, Абай білімді, ғылыми шындықты діни қағидалардан жоғары қояды.

Енді, академик Төлеген Тәжібаев «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева» аталатын монографиясында Абайдың философиялық көзқарастарына қатысты төмендегідей мәлімдеме жасайды.

Абай ақын ғана емес, ірі ойшыл болған. Оған ұлы ақынның терең философиялық идеяларға, философия, тарих, этика, психология, тәрбие мәселелеріне қатысты өзіндік қайталанбас ойлары көрініс тапқан шығармалары, ғақлиялары дәлел. Оның философиялық көзқарастары қазақ мәдениетінің тәрбиелік сөздерінің, орыс және шығыс классиктерінің шығармаларының және орыстың саяси қуғындары арқылы тараған революциялық ойлардың әсерінен қалыптасты. Әсіресе, ойшылдың дүниетанымына аса үлкен әсерін тигізген орыс революциялық демораттары Герцен, Белинский, Чернышевский және Добролюбовтардың философиялық көзқарастары болатын, сондай-ақ қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов пен Ы.Алтынсариндердің де ақынмен идеялық байланысы осы тұрғыда маңызы аз емес. Ақынның философиялық көзқарасының қалыптасуына сондай-ақ ол медреседе оқып жүргенде қанық болған араб ілімдері мен көне грек философтарының (Сократ, Аристотель) және батысеуропа философтары Спиноза, Спенсер, Дарвиндердің еңбектері ықпал етпей қоймады. Әрине, Абайдың бойына сіңірген түрлі философиялық мектептер мен бағыттар оның көзқарасында көптеген кереғарлықтар мен идеалистік қателіктерге ұрындырғаны сөзсіз.

М.Әуезов ұлы ақынның «Лирика и поэмы» (1940) және «Избранное»(1945) кітаптарына алғы сөзде оны «рационалист» және «айқын сыни ойдың жақтаушысы» деп атап, Абайдың философиялық көзқарастарының табиғатын анықтауға тырысты. Кейінде Әуезовтың осы тұжырымымен келіскендей С.Мұқанов та Абай туралы жазған еңбектерінде оны «рационалист» деп атап өткен болатын. Алайда рационализмнің мағынасына тереңірек үңілер болсақ, Ленин айтқандай «рационалист тек қана абстрактілі пайыммен ғана шектеледі». Әрине, мұны Абайдың таным теориясына қатысты көзқарастары туралы айтуға

келмейді. Өйткені ол біздің түйсігімізді кез келген таным әрекетінің бастапқы қайнар көзі деп санап, сенсорлық тәжірибеге айрықша мән берген.

Сондай-ақ, Абайдың философиялық көзқарасын бағалау М.С.Сильченко мен А.Қоңыратбаевтардың мәлімдемелерінде ұшырасады. М.С.Сильченко «материалист ретінде Абай болашаққа ашық көздерімен қарады» деп өте дұрыс тұжырымдаған.

Абайдың «Ғақлияларындағы» жаңашылдық деп, біздің ойымызша, халықта тараған табиғат, адамгершілік, адамның рухани өмірі туралы түсініктерге шынайы талдау және ғылыми дәйектер келтіруге тырысқанын айтуға болады.

А.Қоңыратбаев өзінің «Абайдың философиялық көзқарастары» (1945) мақаласында оның материалистік философияның позициясында тұрып, біршама қателіктер жібергендігін дұрыс атап өткен болатын. Тарихи шындыққа қарамастан, ол сол тарихты «жақсарту» ниетімен Абайды субъективті идеализмге қарсы болғандай Декарттың эклектизміне де қарсы болғандығын дәлелдеуге тырысты. Абайдың ақыл мен талаптың туа бітті емес, тәрбиенің нәтижесі ретінде қарағандығын Қоңыратбаев дұрыс атап өте отырып, оған адам санасының «тәуелсіздік» ұғымын жанастырады. Ол «Абайша адамның санасы тәуелсіз, ерікті, танығыш, сыншы болуға керек» деп жазғанымен неден «тәуелсіз» болу керектігі жайлы сөз қозғамаған. Мүмкін сана материалдық шындықтан тәуелсіз болуы керек шығар? Олай болса, бұл тезисте қателік жіберіп, Абайды идеалистер қатарына жатқызады. А.Қоңыратбаев мұнда психология мәселелерін гносеология мәселелерімен шатастырып, Абайдың психологиялық көзқарастарын философиялық көзқарасымен араластырып жіберген.

Абайдың ойынша, табиғат бізден тыс және бізден тәуелсіз тіршілік етеді. Біздің ойлау жүйеміз, рухани әрекетіміз шындықтың көрінісі болып табылады. Болмысты адам санасы емес, керісінше, болмыс сананы анықтайды, өйткені адам «өз уақытының ұрпағы». Оған дәләл, ұлы ақынның «Тотықұс түсті көбелек» өлеңіндегі келесі жолдар: «Әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек».

«Қырық үшінші қара сөзінде» сана «еңбектің жемісі», яғни ол туа бітті емес, жүре пайда болады деп атап өтеді. Ол материалистік көзқарасты қолдай отырып, оның бәрін жаратқан – Құдай» дейді. Алайда, Абайдың түсінігінде Құдай табиғат пен адамның жаратушысы ғана және осымен оның рөлі тәмәм [1].

Десе де, академик Тәжібаевтың Абайдың философиялық көзқарасы, ұлы ақынның Құдайға, Аллаға деген көзқарасын осылайша тұжырымдауы қаншалықты ақиқат, қаншалықты дұрыс? Академиктің жүрегінің түбінде жатып, сол замандағы саясаттың кесірінен сыртқа шыға алмай қалған шындығы қайсы? Оның тіліндегі мен жүрегіндегісі осы бір тұжырым ба? Әрине, бұл сұрақтың нақ жауабын дөп басып тауып айту қиынның қиыны. Алайда, академиктің осы монографиясында жоғарыда айтылған мәлімдемесі КСРО цензурасының қысымына ұшырамағанына кім кепіл? Біздің ойымызша, академик Абайдың шын мәніндегі Аллаға деген көзқарасын сол кездегі ресми идеология кесірінен толығымен ашып, ақиқатты көрсетіп қалам тербей алмады. Олай дейтініміз, Абай өзінің 13-қара сөзінде былай дейді:

«Иман деген - алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ....»[4] .

Сондай-ақ, кейбір бейресми деректерде ұлы ақын өмірінің соңғы жылдары, бәлкім, ет-жүрегі Әбдірахман пен Оспанның өлімінен кейін болар, сәждеге жығылып, бес уақыт болмаса да, көңілі қалағанда Алласына сыйынып, намаз оқыған екен.

Абай діннің бөлек жағдайларын ғылыммен ұштастырғысы келді, дегенмен, ғылымға басымдық берген. Ғылымсыз қоғамда даму жоқ дей отырып, Құдай белгілеп қойған тағдырға сілтей салып, әрекетсіз, жалқаулыққа бой алдырғандарға жиіркенішпен қарайды. Ол: «Құдай – жақсылық пен жамандықтың жаратушысы, алайда ол соның бірін жасауға итермелеуші емес. Ауруды жаратқан – құдай, алайда ол адамның ауырып қалуына еш себепкер емес, құдай байлық пен кедейлікті жаратты, алайда сені бай не кедей еткен құдай емес» (10-сөз) керісінше, құдай саған зерттеп білу үшін сана, еңбектену үшін күш, оқу үшін ғылым берді» деп жазады.

Академик Тәжібаев ұлы ақынның философиялық көзқарасы туралы тұжырымдамасын «Абайдың материализмі Фейербахтың материалистік философиясына ұқсас» деп қорытындылайды. Бірақ Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары туралы зерттеулерді сеніммен совет өкіметі кезіндегі және Тәуелсіз алғаннан кейінгі деп нақты бөліп қарастыра аламыз. Олай дейтініміз, жоғарыда тәуелсіздікке дейінгі жылдары жасалған мәлімдемелерді зерделей келе, соңғысына тоқталар болсақ, әрине, ұлы абайтанушы Мекемтас Мырзахметовтың зерттеулерінен бастамай болмас. Ол «Абай дүниетанымының қалыптасуында шығыстық рухани қазына көздерінің өзіндік қайталанбас орны барын таза материалистік атеистік ұстанымдағы кеңестік идеология терістеп келді. Абайтану тарихының даму тарихына назар аударсақ анық көрініп тұрады. Абайтанудың М.Әуезовке дейінгі даму жолында Абай мұрасының мұсылмандық шығыстың рухани әлеміне қарым-қатынасы жайлы пікірлер бой көтере бастады. Абай әдеби мектебінің шәкірттері Көкбай, Шәкәрім, Кәкітай тарапынан жанама түрде әр тұста айтылған ойлы пікірлер желісі - осының айғағы. 1928 жыл мен 1937 жыл аралығында Абай мұрасының мұсылмандық шығысқа қарым-қатынасы тұрпайы социологиялық таным тұрғысынан үзілді-кесілді тегістеліп жатты. 1934 жылы М.Әуезов ұстанған Абай мұрасының шығысқа қатысы туралы терең ғылыми танымға негізделіп айтылған ой-пікірі аяусыз қатаң сынға алынып, терістеліп жатты» дейді. Абайтанушы Мырзахметов осы мәлімдемесіне дәлел ретінде М.Әуезов алғаш рет 1934 жылы «Абай ақындығының айналасы» деген ғылыми мақаласында «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні» деп атап көрсетуінде салмақты мәнге ие ой-таным желісі жатты. Өйткені Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінің бірі шығысқа қарым-қатынасын танып-білудің бастау көзін Абайдың ислам діні туралы ой-танымынан желі тарту қажеттігі алға қойылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ойшыл ақынның:
«Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа», - деген ой-байламын танып-білудің кезекті

желісі хауас мәселесін терең танып, мән-мағыналық ұғынудан басталатынына көзіміз жете түседі.

Сондықтан Абай: “менікі” өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіңнің сенен соңғы ұрпаққа қандай рухани асыл мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат, адам бол деп үйретеді. Осы орайда оның «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген нақыл сөзіне есімізге түседі. Бұл тұста ескерте кету керек, Абай мәңгілік мәселесін діни тұрғыдан емес, әл-Фараби сияқты игі істер мен ойдың жалпы философиялық, әлеуметтік мағынасын да қарастырады. Адамның адам болып, жан-жақты жетілуі тұрғысынан қарастырады. Әрине, бұдан Абай Құдайды, Алланы мойындамады деген қате пікір тумауы керек. Абай адам мәселесі бойынша өзінің жалпы философиялық ой-толғаныстарын діни эстетикалық жақтарымен де толықтырады, мұның бәрі Абайдың толық адам ілімінің қанша ауқымды, жан-жақты екендігін көрсетеді.

Абай:

Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастық пен кінә қойма.
Распен таласпа мүмин болсаң
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!-
дейді.

Абай шығармашылығында “рас” сөзі болмыс деген мағынаны білдіреді. “Рас” не деген сұраққа Абай: ол Алланың өзі және сөзі деп жауап береді. Алла – шындық, шындықты мойындау, Алланы мойындау деген сөз. Абайдың “распен таласпа…” деуі, Алла сөзіне күмәнданба деген мағынаны береді және де Алла жолына түскен адам ғана адамдықты жоймайды, себебі адамилық Алла мен адамның арақатынасынан туатын қасиет.

Алла шексіз, оны танып білуге ұмтылған адам өзін-өзі шексіз жетілдіріп отыруы керек, Алланы тануы – адамның өзін-өзі тануы. Абай үшін нағыз мұсылман болу – адамның адамдық атын жоймауымен тең [5, 71-72].

Қорытындылай келе, академик Тәжібаев Төлеген алғашқылардың бірі болып Абайдың ақындық қырын ғана емес ойшылдық қырын зерттегендігі, оның «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысында қазақтың бас ақынының ойшылдық көзқарастарына өзіндік тұжырым жасап қана қоймай, сол уақытқа дейін Абайдың философиялық көзқарасы туралы мәлімдеме жасаған жазушы, зерттеушілердің еңбектеріне терең талдау жасағандығы қазақ ғылымына қосқан оразан зор үлестерінің бірі екендігі даусыз. Десе де, ұлы ақынның философиялық көзқарастарын шын мәнінде қалай екендігін сол заманғы саясаттың кесірінен ашып жаза алмады.

**Әдебиеттер**


1. Тажибаев, Т. Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева., Казгосиздат, – 1957
2. Нағима Байтенова. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. https://abai.kaznu.kz/?p=1649
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
4. Абай. Қара сөз. Поэмалар. А., 1993.

5. Абайдың дүниетанымы мен философиясы А., 1995. Абай институтының хабаршысы. – 2012. — № 3.
6. Фейербах Л. Избранные философские произведения. В 2 т. М., 1956. Т.1.
7. Есім Ғ.. Абай ағартушы болған ба?// Есім Ғ. Сана болмысы. А., 1996.
8. Сегізбаев О. А. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлау дәстүрі мен атеизм. - А. , 1973
9. С е г і з б аев О. А. Революцияға дейінгі Қазақстандағы қоғамдық ойдың материалистік және атеистік бағдарлары. Автореферат. Ташкент, 1979
10. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар. IIт. А., 1981
11. Абай институтының хабаршысы. – 2012. — № 3.

ӘОЖ

# Т. ТАЖИБАЕВ-ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

**Үисінбек А. Ж. –студентка-бакалавра группы 1301-82**
**Ахметова Г. К. –к.п.н. старший преподаватель**
Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова
Шымкент, Казахстан

Түйін

*Бұл мақалада көрнекті кеңестік және қазақстандық қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым — педагог және тұңғыш қазақ кәсіби психологы Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың өмірі мен қызметі қарастырылады. Оның Қазақстандағы ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ халықтық ағартудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысуы сипатталған. Оның республикадағы психологиялық ғылымды, педагогиканы дамытудағы және жоғары білім беруді ұйымдастырудағы рөліне ерекше назар аударылды. Тәжібаев Үкіметте және білім беру мекемелерінде жоғары лауазымдарды атқара отырып, Қазақстанның ғылыми және қоғамдық-саяси өміріне елеулі үлес қосты.*

Summary

*This article examines the life and work of Tulegen Tazhibaevich Tazhibaev, an outstanding Soviet and Kazakh public and statesman, a scientist, teacher and the first Kazakh professional psychologist. His contribution to the development of science and education in Kazakhstan, as well as his participation in the formation of the state system of public education are described. Special attention is paid to its role in the development of psychological science, pedagogy and the organization of higher education in the republic. Tazhibayev made a significant contribution to both the scientific and socio-political life of Kazakhstan, holding high positions in the government and educational institutions.*

***«Только в нашей стране воспитатели подрастающего поколения поставлены на такую высоту, на какой они никогда не стояли и не стоят в современном капиталистическом мире»***
***Т.Тажибаева***

Тулеген Тажибаевич Тажибаев (каз. Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев; 1910, Шымкент, Туркестанский край — 14 июня 1964, Москва) — советский и

казахстанский общественный деятель, государственный функционер и педагог, внёсший значительный вклад в науку и образование. Академик АН Казахской ССР, доктор педагогических наук, первый казахский профессиональный психолог. Член КПСС с 1939 года. Родился в 1910 году в семье бедного пастуха в Шымкенте, входившем в Туркестанский край. Он происходил из рода қарасирақ племени коныpат Среднего жуза. В детстве пережил трагические события, потеряв семью в 1917 году из-за голода и эпидемий. Тулеген был усыновлён железнодорожником И. Ф. Кабановым, который помог ему встать на путь образования. Окончив семилетнюю школу, Тажибаев поступил в Чимкентский педагогический техникум, где затем работал преподавателем. [1]

В 1931 году, по направлению комсомола, Тажибаев поступил в Академию коммунистического воспитания им. Н. К. Крупской в Москве. Завершив обучение, он продолжил академическую карьеру, поступив в аспирантуру, специализируясь на психологии. Он стал первым казахом, защитившим кандидатскую и докторскую диссертации по психологии, тем самым заложив основы казахстанской психологической науки.

В 1947 году Тажибаев основал отделение психологии и логики на базе Казахского государственного университета, что стало важным шагом для развития этой науки в Казахстане. В своих трудах, включая «Об истории развития педагогики и психологии в конце XIX века в Казахстане», он исследовал взаимосвязи традиционной народной педагогики и научных представлений, опираясь на работы великих казахских мыслителей, таких как Абай, Чокан Валиханов и Ыбырай Алтынсарин.

С 1938 по 1940 годы Тажибаев был доцентом, а затем заведующим кафедрой педагогики и психологии Казахского педагогического института имени Абая. Далее его карьера продолжилась на высоких государственных должностях. С 1940 по 1942 годы он занимал пост заместителя комиссара Народного просвещения Казахской ССР. В 1941–1944 годах был заместителем председателя Совета Народных Комиссаров Казахской ССР, а с 1944 по 1948 годы — министром иностранных дел республики.

В 1948–1953 годы он возглавлял Казахский государственный университет имени С. М. Кирова, а с 1953 по 1957 годы занимал должность заместителя председателя Совета министров Казахской ССР. В последующие годы, с 1957 по 1961 годы, Тажибаев работал в дипломатической сфере, после чего вернулся к научной деятельности, возглавив кафедру педагогики и психологии Казахского государственного университета до своей смерти. [4] [3]

Научные достижения и признание

В 1954 году Тажибаев был избран академиком АН Казахской ССР, а в 1962 году получил звание доктора педагогических наук. Он внёс огромный вклад в развитие науки и образования в Казахстане, оставаясь активным учёным до конца жизни. Тажибаев стал первым профессиональным казахским психологом, защитившим как кандидатскую, так и докторскую диссертации в Ленинграде. Он заложил основы казахстанской психологической науки, открыв в 1947 году на базе Казахского государственного университета отделение психологии и логики. В своем фундаментальном труде «Об истории развития педагогики и психологии в

конце XIX века в Казахстане» он рассмотрел системные взаимосвязи между народной педагогикой и современной наукой, опираясь на исследования таких великих казахских просветителей, как Абай, Ч.Валиханов и Ы. Алтынсарин. Как ученый, Тажибаев понимал, что без развития фундаментальной науки невозможен прогресс. Он стремился сделать единственный университет в республике, ректором которого он был, центром передовой научной мысли. Под его руководством были созданы с нуля геолого-географический и биолого-почвенный факультеты. Он также хотел начать готовить востоковедов, психологов и философов в стенах университета, опираясь на собственные силы. Будучи человеком с необычайным видением, Тажибаев опережал своё время во многих аспектах, но, к сожалению, многим его проектам не суждено было воплотиться в жизнь...

Впоследствии детский дом в городе Арысь был назван в честь Тулегена Тажибаева, а во время войны пятеро его воспитанников были удостоены звания Героев Советского Союза. Следует отметить, что Тажибаев, владевший тремя языками в совершенстве и имевший огромный потенциал как молодой учёный, был приглашён остаться работать в Ленинграде. Однако он отказался, заявив, что его знания необходимы его родине. Хотя это может звучать высокопарно, но истинной причиной его решения была искренняя любовь к своей стране и народу. Тулеген Тажибаевич прекрасно осознавал, что после репрессий 30–40-х годов казахстанская интеллигенция понесла большие потери, и считал, что другие молодые люди, получившие образование в России, должны вернуться в Казахстан, чтобы способствовать развитию науки и подъему экономики.

Динмухамед Ахмедович Кунаев в своих мемуарах называл Тажибаева выдающейся личностью, и с этим утверждением сложно не согласиться. Когда Тулеген Тажибаевич занимал должность ректора крупнейшего университета республики, он смело выступил в защиту Ермухана Бекмаханова, Каныша Сатпаева и Мухтара Ауэзова, которых обвиняли и оклеветали. Он защищал их честность и принципиальность. За такую смелость в то время Тажибаев был снят с должности ректора, но его спасли от репрессий его связи с Москвой, в частности дружба с Вячеславом Молотовым, который на тот момент занимал пост министра иностранных дел СССР. [3]

В мае 1964 года Тулеген Тажибаевич оказался в московской больнице. Из больницы он написал своё последнее письмо русской сестре Клавдии, в котором сообщил, что ему предстоит сложная операция, но надеялся на благополучный исход. Он обещал на обратном пути в Казахстан навестить родных и просил писать ему чаще. Однако судьба распорядилась иначе — 14 июня 1964 года жизнь учёного, истинного патриота и человека высоких моральных принципов закончилась. Его похоронили на Центральном кладбище Алма-Аты, где установлен памятник в его честь. Тажибаев оставил яркий след в истории Казахстана как учёный и государственный деятель, оказавший влияние на развитие педагогики и психологии, а также на формирование образовательной системы страны.

Толеген Тажибаев — первый казах, защитивший кандидатскую и докторскую диссертации по психологии, именно он заложил основы

психологической науки в Казахстане. Толеген Тажибаев всю жизнь посвятил педагогике и психологии. Наверное так советская власть не давала развиваться науке. Толеген Тажибаев помимо научной и преподавательской деятельности занимал посты в правительстве Казахской ССР: 1940-1942 гг. — первый заместитель комиссара народного просвещения, комиссар народного просвещения; 1941-1944 гг. — заместитель председателя Совета Народных Комиссаров Казахской ССР; 1944-1948 гг. — министр иностранных дел республики; 1953-1957 — заместитель председателя Совмина Казахской ССР. [5]

Трудно определить, какой период жизни и работы Т.Тажибаева был наиболее эффективным и плодотворным. Вся его жизнь - это служение народу. С полной отдачей сил и энергии Т.Тажибаев трудился на благо Родины. Он принадлежал к той плеяде казахских интеллигентов, которых советская политическая система годами выпестовывала и выдвигала в качестве руководителей в различных сферах народного хозяйства, науки, культуры и дипломатии. Между тем, интерес исследователей к проблеме государственно-политической деятельности Т.Тажибаева долгое время не отмечался в политической науке. Это объясняется тем, что в последние годы его жизни, после возвращения из Индии, Т.Тажибаев не в полной мере соответствовал особенностям тогдашней политической элиты, что приводило к искусственному принижению и затушевыванию его государственно-политической деятельности. [2]

**Литература**


1. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%B0%D0%B6%D0%B8%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2,_%D0%A2%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%B3%D0%B5%D0%BD_%D0%A2%D0%B0%D0%B6%D0%B8%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87
2. https://cheloveknauka.com/lichnost-v-komandno-administrativnoy-sisteme-t-t-tazhibaev-pedagog-uchenyy-politik
3. Тажибаев, Т. Т. Об истории развития педагогики и психологии в Казахстане. Алматы: Издательство КазНУ, 1952.
4. Сартаев, К. С. Тулеген Тажибаев — первый казахский психолог: жизненный и научный путь. Алматы: Атамура, 2014.
5. https://pikabu.ru/story/iz_gryazi_v_knyazi_8068179

# Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

**Умарова Акмарал Сарсенбаевна**
Шымкент қаласының білім басқармасының
Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының директоры

Елдің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпақты қандай тұлғалардың үлгі-өнегесінің негізінде тәрбие береміз деген сұрақ қоғамды, ойшылдарды әрқашан толғандырған. Қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик, біртуар азамат Төлеген Тәжібаев та бұл туралы «Өз Отанын, өз халқын, өз тілін, тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген,... өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады», - деп өзінің тұшымды пікірін білдірген. Алтын ұямыз есімін иеленген Төлеген Тәжібаев та жас ұрпаққа өмірі мен қызметі үлгі-өнеге болардай сондай тұлға.

Бүгінгі Дінмұхаммед Қонаев атындағы үлкен керемет даңғыл мен Төлеген Тәжібаев атындағы көшенің қиылысында, Шымқаламыздың қақ ортасында бой көтерген заңғар ескерткіш, бұл - жас ұрпаққа ғалымды өнеге ретінде ұлықтау, ғылыми мұрасын дәріптеу, әрі біздің - кейінгі буын ұрпақтың, тау тұлғаның алдындағы ұшан-теңіз парызымызды, борышымызды бір мысқал болса да орындауға деген ұмтылыс, ізгі ниет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды. Аталмыш «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңғырған мазмұны жаңа оқу жылында жаңаша сипат алды. Алты ұлттық құндылықтар еңбектен бастау алатынын ескерсек, Төлеген Тәжібаевтың педагог ғалым ретінде көп көңіл бөлген тақырыбы балалар мен жастарды еңбекке баулу, еңбекке деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру болды. Ғалымның жазғанындай, еңбек – қоғам өмірі мен адамның жан-жақты әрі жарасымды дамуының қажетті шарты, жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру жолы. Яғни, ұстаздың ғылыми мұралары бүгінгі таңда да өзекті.

Білім мен тәрбиенің қайнар көзі, таусылмас кені ретінде Төлеген Тәжібаев Абайдың педагогикалық, психологиялық, философиялық көзқарастарын зерттеген тұңғыш ғалым. Төлеген Тәжібаев «Жүрегімнің түбіне терең бойла» атты ғылыми-зерттеу жұмысында Абай шығармаларының өсиет-өнеге тұрғыдағы мазмұнын ғылыми негіздейді. «Біртұтас тәрбие» құндылықтарының алтын арқауы – білім құндылығы екені көпшілікке аян.

Бүгінгі ғалымды ұлықтауға арналған жиында жас тәжібаевшылардың кешегісі мен бүгінгісі, ауыз толтырып айтар жетістіктері туралы көпшілікті хабардар еткім келеді.

Алтын ұямыз сонау 1988-1989 оқу жылдарында алғаш рет қазақ-орыс мектебі ретінде жас бүлдіршіндерге есігін ашты. 1994 жылы мектебімізге ұлы академик, ғұлама ғалым Төлеген Тәжібаевтың есімі берілді. 1997 жылы мектебіміз таза қазақ мектебіне айналды. 1999 жылы 29 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет басқармасының шешімімен жалпы орта білім мектепке «мектеп-гимназия» мәртебесі берілді. Дәл сол жылы мектебіміз қаланың үздік **«Таңдаулы мектебі»** номинациясы бойынша I орынға ие болды. 1999 жылы 21 сәуір күні мектебімізде педагог-психолог, академик Төлеген Тәжібаевтың мемориалдық музейі ашылды.

Халық мақалы «Адам ұрпағымен мың жасайды» десе, ал ұстаз шәкірттерімен ғұмырлы дер едім. Біздің мақтан тұтар шәкірттеріміз туралы айта кетейік.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің №400 бұйрығы негізінде 5,6,7 сынып оқушылары үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Бейсетаева Бибіайша Әбдіманапқызы «Өлкетану» оқулығының** авторы атанды. Бүгінгі таңда бұл оқулық елімізде арнайы пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізілген.

2015 жылы оқушымыз Бектаева Мөлдір халықаралық ғылыми жарыстың жеңімпазы атанды.

2016 жылы мектеп-гимназия жаңартылған білім мазмұнына байланысты Педагогикалық Шеберлік Орталығының тірек мектебіне айналды. Бұл мұғалімдердің шеберлігін шыңдауға бірден-бір септігін тигізді.

2017 жылы Назарбаев зияткерлік мектебінің физика-математика бөлімінің серіктес мектебі қатарына енді.

Бүгінгі таңда №47 мектеп-гимназияның оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық түрлі интеллектуалдық байқаулар мен сайыстарда жеңіс тұғырынан көрініп келуде.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР САЙЫСЫНДА 10 сынып оқушысы Пердеқұл Алдияр ең жоғары балл жинап I дәрежелі дипломды иеленді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға белсене қатысқаны үшін 10-сынып оқушысы Жамбыл Аружан, 11-сынып оқушылары Сейітхан Аяулым, Керимбеков Мирас республикалық сертификаттарға ие болды.

«Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауы «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» бағыты бойынша республикалық кезеңінің I дәрежелі диплом жеңімпазы Сансызбай Еркежан атанды.

Оқушыларымыз "Зерде" зерттеу жобалар конкурсының республикалық кезеңінен жоғары нәтиже көрсетті. Тіл білімі бағыты бойынша ағылшын тілінде жұмысын қорғаған 3 сынып оқушысы Мұхтар Еркеғали жүлделі II орын иеленді.,

Футболдан «Жастар лигасы» турнирінен мектебіміздің футбол командасы I дәрежелі диплом және шағын спринтр жеңіп алды.

5-6 сыныптар үшін Республикалық олимпиаданың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5 сынып оқушысы Бейбут Салтанат пен 6 сынып оқушысы Орынбай Аякөз республикалық кезеңде жүлделі III орынды иеленді.

2-4 сынып оқушыларына арналған «БАСТАУ» XVI республикалық математикалық олимпиадасының командалық сынағы бойынша III дәрежелі дипломға Асылбекқызы Таңшолпан қызымыз ие болды.

2024 жылы Өскемен қаласында өткен республикалық пән олимпиадасында 11 сынып оқушысы Тұрғынбаева Дина тарих пәнінен жүлделі II орынды иеленіп, мектебіміздің мерейін үстем етті.

Төлеген Тәжібаевтың өмірі мен қызметі жайлы ғылыми жоба жұмыстарын жазған оқушыларымыз да бар. Асанбаева Альбина сынды шәкіртіміз Төлеген Тәжібаевтың өмір жолы мен ғылыми мұрасын зерттеп, ғалым ректорлық қызмет атқарған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің халықаралық қатынастар факультетіне түсіп, Сыртқы істер министрлігінде жұмыс жасаған. Бұл ретте Ауезханова Ақерке, Тайбағарова Аяулым сынды шәкірттерімізді де атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда мектеп-гимназиямыздың түлектері республикамыздың түкпір-түкпірінде, Тәуелсіз еліміздің сан саласында өз үлестерін қосып келе жатқан үлкен бір толқын, бір буын ұрпақ.

«Құлагер ақынымыз» Ілияс Жансүгіров «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алар кемеңгерді» дегендей, алты алашқа, бар қазаққа ортақ тау тұлға, мемлекет қайраткері, кемеңгер ғалым, ұлағатты ұстаз, елшіл азамат Төлеген Тәжібаевтың есімі мен еңбектері жадымызда мәңгі жатталады.

ӘОЖ 159. 922.

# Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

**Махмутова К.И п.ғ.к**
**Сулейменова С.Н п.ғ.к.**
**Шарапова Н.М аға оқытушы**
**Аширбаева А.Б** оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалықуниверситеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

*В статье рассматривается роль и вклад академика Т.Тажибаева в становление и развитие педагогики и психологии в Казахстане. Проанализированы научные труды ученого, в которых рассмотрены философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева, Ыбырая Алтынсарина, Шокана Уалиханова. На основе анализа и систематизации определены основные направления его гуманистических взглядов.*

Summary

*The article examines the role and contribution of academician T. Tazhibaev to the formation and development of pedagogy and psychology in Kazakhstan. The article analyzes the scholar's scientific works, which examine the philosophical, psychological and pedagogical views of Abai Kunanbaev, Ybyrai Altynsarin, Shokan Ualikhanov. Based on the analysis and systematization, the main directions of his humanistic views are determined.*

Қазақстанда педагогика ғылымының дамуында Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Тәжібаевтың орны ерекше. Ол білім мен педагогика ғылымының дамуына зор үлес қосқан көрнекті педагог, мемлекет және қоғам қайраткері.

Т.Тәжібаев 1910 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданында дүниеге келген. Шымкенттегі педагогика техникумын, Москвадағы Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын үздік дипломмен бітірген. 1938 жылы «К.Д.Ушинский - Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ұстаздық жолын Абай атындағы Қазақ педагогика институтының педагогика және психология кафедрасынан бастаған. Ал, одан соң республика Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары, Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі Председателінің орынбасары, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарған. Ал 1948-1954 жылдар арасында С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды. Өмірінің соңына дейін оқу-ағарту саласымен бірге бірқатар лауазымды қызметтерді қоса атқарған. Оның осы бағыттағы іс- әрекеттерінен Т.Тәжібаевты кең жүректі, оқушы-жастардың болашағын ойлайтын гуманистік педагог екендігін аңғаруға болады.

Мұны халық ағарту комиссариятындағы қызметі барысында республикадағы балалар үйінің жай күйін көтеріп, олардың жағдайын жақсарту мақсатында жергілікті оқу ісінің басшыларына төмендегідей талап қоюынан көруге болады: Әрбір балалар үйінің жанында тәрбиеленушілерді еңбекке баулитын шеберханаларды ашуды ұйымдастыру; жүргізілетін еңбек сабағының жетілдірілген бағдарламасын әзірлеу; шеберханаларды құрал-саймандармен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын (өңірдегі фабрикалармен, зауыттармен және т.б өндіріс орындарымен келісім шарттар жасауды) қарастыру; әрбір тәриеленушіні болашақта өз бетінше күн көре алатындай деңгейге жеткізу; оларды (автомобиль, трактор) негіздерімен таныстыру; балалар үйі жанында жас техник, жас натуралист секілді үйірмелер құру; тәрбиеленушілерді азық- түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында әрбір балалар үйінің өзіндік жеке шаруашылығын ашу; балалар үйін ғылыми практикалық басылымдармен қамтамасыз етіп отыру; жазғы демалыс кезінде тәрбиеленушілерді демалыс орындарына апаруды қолға алу, балалар үйінің есепшотын жіті қадағалау сияқты жанашырлық әрекеттерінен байқауға болады [1].

Қазақ халқының жаңа әліпбиге көшуімен бірге өзінің ана тілінен айырылып қалу қаупі төнген кезде Т.Тәжібаев халқының шын жанашыры ретінде көрініп, жергілікті жерлерге жіберілген жаңа қазақ әліпбиінің өте баяу таратылып жатқанына сын пікірлер айтып, республикадағы жоғары оқу орындарының басшыларына қазақ студент-жастарының міндетті түрде жаңа әліпбиді меңгеріп шығуы жөнінде талап қояды.

Т. Тәжібаев 1950 жылдардан бастап-ақ, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы

ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой-пікірдің даму проблемасын сарайлайды. Сондай-ақ, Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірінің дамуы» деген кітаптарын жариялады.

Кең ауқымды ғылыми зерттеулері мен мақалаларында Қазақстандағы мектептер жүйесі дамуының өзіне тән жақтары, түрлі аймақтар мен оқу орындарына бағынған оқу-тәрбие мекемелерінің ерекшеліктері жан-жақты көрсетілген. Сонымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ арасындағы ағарту ісі қалай дамығанын, оған орыс ғалымдары қаншалықты әсер етіп, оқу ісі қалай жүргізілгені баяндалған.

Төлеген Тәжібаевтың Қазақстанның 1962 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «XIX ғасырдың II жартысында педагогикалық ой- пікірдің дамуы» атты еңбегінде отбасы тәрбиесінің баланың тұлғалық дамуындағы орны туралы салихалы пікірлер айтылған және бұл айтылған ойлар бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес.

Т.Тәжібаев «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта 1939 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын, 1962 жылы Ленинград педагогикалық институтында «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық пікірдің дамуы» тақырыбында педагогика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыстың негізіне оның «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1958 ж), «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен мектеп» (1962 ж), «XIX ғасырдың II жартысында педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1965 ж.) атты бірнеше монографиялық зерттеулері алынғанын ғалымның еңбектерін зерттеушілер жақсы талдап берген [2].

Т.Тәжібаев Ы.Алтынсариннің қазақ балаларының ойына ой қосатын әңгімелер, мағыналы жұмбақтар, танымдық қызығушылығын тудыратын жайттардың оларды адамгершілікке жетелеп, ақыл-ойды тәрбиелеуде аса тиімді болатындығын көрсететін ағартушылық еңбектеріне баса назар аударған. Осыған орай Т.Тәжібаев Ы.Алтынсаринді «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері» деп атап, «Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясындағы» әңгімелері, өлеңдері метафора ретінде де, вербалдық ойындар ұйымдастырғанда да қолайлы болады», – деп түйіндеген [3]. Бұл пікір Т.Тәжібаевтың этнопедагогикалық ойларының жалпы тәрбиедегі мәнін аша түсері сөзсіз. Академик Т.Тәжібаев Ы. Алтынсариннің «Қазақтарды орыс тіліне оқытудың алғашқы құралы» атты еңбегінде қазақ балаларын орыс тіліне қандай тиімді жолдармен үйретуге болатынын әдістемелік тұрғыдан пайымдап береді. Ол еліміздің көп ұлтты екендігін ескере отырып, әртүрлі ұлт өкілдерінің тәрбиесін халқымыздың ғасырлар бойғы жинақталған бай тәжірибесі арқылы дамыту қажеттігін айқындай

келе, олардың Қазақстандағы педагогика, психология ғылымдары үшін аса өзекті проблемалар екендігін де атап көрсетеді.

Төлеген Тәжібаевтың ғылыми монографиялық еңбектерінің дені Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев сынды қазақ ағартушыларының психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналғаны баршамызға мәлім. Ендеше, Т.Тәжібаевтың этнопедагогикалық ой-пікірлері туралы сөз қозғағанда оның нақыл сөздеріне талдау жасау әбден орынды деп санаймыз. Педагог ғалым ретінде Т.Тәжібаев еңбек тәрбиесіне ерекше назар аударған. Мәселен, оның «Еңбек адамның мінезіндегі өзімшіл сыйпаттарды жоюға көмектеседі», «Адал да белсенді еңбек – ерік пен мінезіңді жарасымды бітімін жетілдіре түседі»,«Еңбексіз бос жүру адамды моральдық жағынан құлдыраушылыққа, жалқаулыққа, зерігушілікке, жұрт еңбегінің есебінен күн көруге әкеп соғады, табиғи талантын мұқалтады» деген нақыл сөздері тұлға тәрбиесіндегі іс-әрекет теориясы тұрғысынан алсақ, біріншіден жас ұрпақтың тұлғалық дамуындағы еңбектің рөлін, екіншіден жақсы адам болып тәрбиеленіп шығу үшін ерік пен мінездің қалыптасуының психологиялық негіздерін дәйектеген.

Ғалымның «Өз Отанын, өз халқын, өз тілін, тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген, өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады», – деген нақыл сөзі қазіргі жастардың елжандылық, отансүйгіш тік сезімдерін игі істер арқылы көрсете білуге шақырады. [4].

Т. Тәжібаев жайлы жазылған еңбектер мен оның өз зерттеулерін талдау оқу-тәрбие саласында маңызды болған келесідей мәселелерді дамытуға қызмет еткендігін көрсетеді.

Олар:

- ана тілімізде психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы, психологиялық терминдердің бір ретке келуіне елеулі үлес қосуы;
- ең алғаш Қазақстандағы психологиялық терминологиясының ғылыми жүйесінің негізін қалауы;
- оқу тәрбиеде халықтық педагогика негіздерін қолдану;
- баланы отбасында еңбекке тәрбиелеу;
- саналы тәртіпті тәрбиелеу;
- оқушылардың өзін-өзі басқару мәселесі;
- тәрбие әдістері мен құралдары;
- тұтас педагогикалық процесс жайлы идеялар;
- оқытудың тиімділігін арттыру, оқушылардың білімін есепке алу және бағалау,
- дидактикалық принциптер мәселелері т.б .

Осы жоғарыдағы пікірлерге негізделе отырып, Т.Тәжібаевтың гуманистік көзқарастырын төмендегідей жүйелеуге болады:

*Гуманистік көзқарас*

Тәжібаевтың педагогикалық көзқарастарының орталығында әр оқушының жеке басын түсіну мен құрметтеуді көздейтін гуманизм идеясы жатыр. Ол әрбір оқушы өзінің әлеуетін, даралығын және шығармашылығын жүзеге асыра алатын

қолайлы білім беру ортасын құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Тәжібаев оқыту тек білімді беруге ғана емес, сонымен бірге адамгершілік және мәдени құндылықтарды сіңіруге де бағытталуы керек деп есептейді.

*Тұлғаға бағдарланған оқыту*

Тәжібаев әр оқушының қызығушылығына, қажеттіліктеріне және мүмкіндіктеріне бағытталған студентке бағытталған оқытуды белсенді түрде насихаттайды. Мұғалім өз көзқарасында білім көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушының өзінің күшті жақтарын ашуға, дербестігін және сыни ойлауын дамытуға көмектесетін тәлімгер ретінде әрекет етеді. Бұл оқушылар үшін оқу үдерісін тиімдірек және мазмұнды етеді.

*Білім мен дағдыларды интеграциялау*

Тәжібаев әртүрлі оқу пәндерін біріктіру қажеттігін қатты айтады. Ол қазіргі жағдайда арнайы білімді меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана білу маңызды деп есептейді. Бұл интеграция студенттерге теория мен практика арасындағы байланысты көруге көмектеседі, олардың шығармашылық ойлауын және тез өзгеретін әлемде бейімделуін дамытады.

*Мәдени-тарихи контекст*

Тәжібаевтың педагогикалық көзқарастары білім берудің мәдени-тарихи аспектілеріне де назар аударады. Ол оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды ескерудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл мектеп оқушыларының өз төл мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімін дамытуға, өз тарихы мен өзіндік ерекшелігіне құрметпен қарауға мүмкіндік береді, бұл құнды азаматтарды қалыптастыру үшін маңызды.

*Сын тұрғысынан ойлауды дамыту*

Тәжібаев қазіргі оқушы меңгеруі тиіс негізгі дағдылардың бірі – сыни тұрғыдан ойлау деп есептейді. Фактілерді біліп қана қоймай, ақпаратты талдап, бағалай білу, өзіндік пікір қалыптастыра білу маңызды. Бұл компонент студенттерді әртүрлі ақпарат пен қиындықтарға толы күрделі әлемде өмірге дайындаудың кілті болып табылады.

Т.Тәжібаевтың педагогикалық ой-пікірлерінде тұлғаның оқу-тәрбие үрдісіндегі маңыздылығы, тұлғалық көзқарас пен мәдени ерекшеліктерді ескеру, халықтық тәрбиенің қажеттілігі сияқты мәселелер атап көрсетіледі. Оның дидактикалық принциптері, ізгіліктілік, халықтық қағидалары білім алушыларды жан жақты тәрбиелеуде қазіргі таңда да өзекті болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. Асылбеков М.Х., Апашева С.Н Академик Төлеген Тәжібаевтың қоғамдық - саяси және ұстаздық қызметі мен тарихи мұрасы. Алматы.: «Өркениет» баспасы, 2007.-176 б
2. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы - Алматы: Қазақстан, 1995.-32.
3. Қозыбаев М.Қ Өркениет және ұлт. Алматы: 2001-366 б
4. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: 1965-60 б
5. Тәжібаев Т. Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы / Т. Тәжібаев. – Алматы, 1964. – 166 б.
6. Тәжібаев Т. Жаңа адамның моралі / Т.Тәжібаев // Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі. – Алматы, 1962. – 8-31 б.

**ОӘЖ 37.01**

# Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР

**Исабек Б.Қ. т.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалықуниверситеті, Шымкент, Қазақстан
**Ахметова Э.К. PhD**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалықуниверситеті, Шымкент, Қазақстан

Қазақ зиялы қауымының көрнекті қоғам қайраткері, академик, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Тәжібаевтың ғылыми-педагогикалық қызметі - жас өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және білім беруде өзекті мәселелерді шешумен тікелей байланысты болды.

Т. Тәжібаев 1910 жылы 23 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласының маңындағы Тақыркөл мойнағындағы №9 (Сүткент) ауылында дүниеге келген. 1917 жылы аштық пен індеттен әке-шешесі мен бауырлары қайтыс болып, жеті жасында жетім қалады. 1920-1923 жылдар аралығында Арыс балалар үйінде тәрбиеленіп, 1923 жылы Шымкент педагогикалық техникумына оқуға түседі. Бұл кезде педтехникумның директоры Жүсіпбек Аймауытов болатын. 1928 жылы 24 мамырындағы педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша Шымкент педагогикалық техникумын үздік бітіріп, 1928-1931 жылдары педтехникумда мұғалімдік қызмет атқарды. Оның ұстаздық жолына түсуіне ақыл-кеңес, бағыт-бағдар берген алғашқы ұстазы Ж.Аймауытов еді.

1931 жылы Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясына оқуға түсіп, 1935 жылы академияны бітіргеннен кейін «Психология» кафедрасының аспирантурасында қалып, оны 1938 жылы аяқтады. Ғұлама ғалым Т.Тәжібаев Қазақстанға оралған сәттен бастап алған білімдерін жастарға жеткізу, оларды жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеу, ғылым шыңына шығару жолындағы ұстаздық, ғылыми-педагогикалық жұмыстары еліміздің тұңғыш жоғары оқу орындарының бірі Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында басталды [1, 7б.].

1939 жылы А.Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінде «К.Д.Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

1940 жылы доцент ғылыми атағы, 1949 жылы профессор ғылыми атағы берілді, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды [1, 8б.].

Т.Тәжібаев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалып, одан әрі дамытуға барынша еңбек еткен белгілі тұлғалардың бірі болды. Оның Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірді, оқу-ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттеуі 1950-1970 жылдар аралығында педагогика және психология ғылымдарының барынша өркендеп тұрған кезеңге тұспа-тұс келді. Т.Тәжібаев ұлттық мүдде жанашыры ретінде отандық педагогика ғылымының дамуына өзіндік зор үлесін қосты, өзінің ізін басар ғалымдарды тәрбиеледі. Оның зерттеулері білім беру саласының әр қырын қамтыды.

Т. Тәжібаев көп ғылыми ізденісін Қазақстандағы педагогикалық-психологияның, педагогикалық ой - пікірдің дамуындағы күрделі мәселелерін түсінуде, қазақ халқының ұлы ағартушылары Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың психологиялық, педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арнап, бүгінгі жас ұрпаққа мәнді де, мағыналы көптеген еңбектерін мұра етіп қалдырды [2, 11б.].

Т.Тәжібаевтың 1954 жылы жарияланған *«Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы»* атты еңбегінде ақын өлеңдері мен ғақлия сөздеріндегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты идеялары нақты мысалдар арқылы жан-жақты талқыланған. Ол: «*Абай Құнанбаев жастардың жалынды ақылшысы. Абай адам жанының нәзік сыршысы, терең білгірі болды*» - деді. Сонымен қатар, ақын көптеген шығармалары арқылы қазақтарды өнер-білімге шақырғандығы туралы айта келе, ғылымға жеңіл-желпі, үстірт қараудан сақтандырады» - дейді. Осы жазбада Т.Тәжібаев «*Абайдың дана сөздерінің өз кезінде жастар үшін зор тәрбиелік маңызы болғанын айта келе, сол дана сөздер шебер пайдаланылып, асылдарын кәдемізге жарата білсек, бұл күнде де біздің жастарымыздың тәрбиесінде үлкен пайда келтіре алар еді*» - деген болатын [3, 94б.].

Т. Тәжібаев 1957 жылы *«Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары»* атты еңбегін жарыққа шығарды. Ол Абайдың философиялық, психологиялық көзқарастарын жан-жақты терең зерттеп, осы мәселеге арнап үш кітап, онға жуық ғылыми мақала жазған. Сол еңбектері арқылы ол Абайдың қазақ халқынан шыққан тұңғыш философ, психолог екенін дәлелдеген. Кемеңгер ойшыл ақынның шығармаларын терең талдау нәтижесінде оның психологиялық көзқарастарын ашып берді. Абай шығармаларындағы ақыл, сана, ойлау, қиял, сезім, ерік, ес, мінез, қабілет, дарын сияқты психологиялық ұғымдардың мәнін түсіндірді [2, 84б.].

Профессор Т.Тәжібаев Абай шығармалары арқылы айналаны қоршаған орта сырын терең түсінуде адам бойында үш түрлі қасиеттің болатынын айқындап берді. Олар:

– әр нәрсені үнемі өзгерісте, қозғалыста болады деп қарау;

– заттардың өзара айырмашылығын салыстыра отырып, тәжірибе арқылы анықтау;

– ақылмен қорытылған ойды жүрекпен сезіне білу.

Профессор Қ. Жарықбаев Т. Тәжібаевтың жоғарыда аталған «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» атты еңбегін жоғары бағалай келе «Қайраткер ұстаз» деген

мақаласында *«... Осы күнге дейін қазақ тілінде осындай ғылыми жағынан құнды, мазмұнды өресі терең мақаланы табу қиын еді. Журналда жарияланып жүрген мақалаларды автор оқулық стилімен жазған*» - дей келе, «*Төлеген Тәжібаев қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. Ал, бұл жолға тек қана жүрегі ұлтым деп соғатын жандар ғана бара алады*» – деп бағалаған болатын [4;1, 17б.].

Т.Тәжібаев *«Жүрегімнің түбіне терең бойла»* деген ғылыми-зерттеу шығармасында Абай өлеңдерін тағы да терең зерттей келе Абай ақын шығармаларының өсиет-өнеге тұрғысындағы мазмұнын ғылыми негіздеді. Ақын халқым, қазағым түзелсе, алдыңғы қатарлы білімі мен ғылымы дамыған, бірлігі мен татулығы жарасқан ел болса деп армандаған. Сол мақсатта өзінің өшпес өлеңдері мен қара сөздерін кейінгі ұрпақтары оқып ғибрат алсын деп мұра етіп қалдырған. Т.Тәжібаев: «*Абайдың түсінігінше өлең мен ән адамдардың жан дүниесіне кіріп кету керек, олардың алтын қазынасы болып табылатын ең бағалы сезімдерін қамтуы кере. Олар халықты адамгершілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқару керек*» - деген [1, 31б.].

Т. Тәжібаев психологияның сол кездегі көкейтесті мәселелелерін, классикалық психологияның тарихын, қалыптасу жолдарын талдауға алды. Осы еңбектері негізінде 1961 жылы «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулығы жарық көріп, 1992 жылы “Қазақ университеті” баспасында қайта басылып шықты. Т. Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның психологиядан жазған еңбектері бүкіл советтік түркі тілдес халықтар тілдеріндегі бірден-бір алғашқы туындылар ретінде бағаланды. Солай ол өз ұстаздарынан кейінгі қазақ психологиясының ірі өкілі атанды.

1965 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісінің дамуы және педагогикалық ойлар» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Бұл құнды ғылыми еңбек Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы оқу жүйесінің құрылысын, ондағы оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын, оқытудың қиындықтарын (кадр тапшылығы, оқулықтың жоқтығы т.б.) ашып көрсеткен. Бұл жөнінде Қ. Бержанов *«Тәжібаевтың бұл құнды монографиялық еңбегі өзінің терең мазмұндылығымен, сондай-ақ ғылымның зерттеу әдістерінің Қазақстандағы халық ағарту ісінің, мәдениетінің, мектеп тарихының және педагогикалық ой-пікірдің даму жолдарын зерттеу игі әсер ықпалын тигізді...»* - деген болатын [5;1, 24б.].

Т.Тәжібаевтің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлер» атты кітабында *тілді оқыту мәселесі* де кең қаралған. Мұнда, сол кезеңдегі қазақ халқының орыс тіліне көшуін орыстандырылумен жан-жақты терең талдаған. *«Патша үкіметі «орыс емес» балаларды ана тілінде оқытуға тырысқандарды қатаң жазалағаны туралы, Қазақ балаларын орыс тіліне үйрету – қазақ халқын орыс мәдениетіне жақындатқан прогрессивті қозғалыс.... Дегенмен, «тіл игерудің» теріс жағы да, оң жағы да болды. Орыс тілінің елге таралуы арқылы қазақ халқы сауатын ашып, әлемдік әдеби, мәдени бай мұраларды таныды*» - деген болатын [1, 29б.].

Т. Тәжібаев сондай-ақ еліміздегі білімнің жай-күйін, оның ішінде ауылдық мектептерді дамыту мәселесін де көтерді, қазақ халқының бала тәрбиесіне деген

көзқарастарының дәйекті тұжырымын, адамдардың білімі - жеке тұлғаның әлеуметтенуіне маңызды әсер ететіндігін түсіндірді. Ғалымның кезінде кең көңіл бөлген тақырыптарының бірі балалар мен жастарды еңбекке баулу, еңбекке деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру болды. Ғалымның айтуы бойынша, *«Еңбек – қоғам өмірі мен адамның жан-жақты әрі жарасымды дамуының қажетті шарты, жан-жақты дамыған ғаламды қалыптастыру жолы... Еңбектің тәрбиелік сипатын көрсете отырып, еңбек әрекеті - білу, араласу, бағалау қажетін туғызады. Ол адамдар арасында алуан қырлы қарым-қатынасты дамытуға жол ашады»* - деді [1, 33б.]. Академик ұлттық мінез бен этнопсихологияға, қазақ халқының этнопедагогикалық мұрасы тақырыбына да қалам тартқан ғалым.

Т. Тәжібаев білім-ғылым жолында жиған мол ілімі мен бай тәжірибесін шәкірттеріне дәріс баяндау барысында да шебер қолдана білген. Профессор М. Балақаев «қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: *«М.О. Әуезов, Т.Т. Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек»* деп орынды айтқан болатын [6;8, 9б.].

Т. Тәжібаев дарындылық сапасы мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында негізгі мәселе болып табылады деген. Мұғалімдер арасында білімсіздікті жою мақсатында Т.Т. Тәжібаев келесі жолдарды ұсынған болатын:

–Халықтық білім беруге жергілікті бөлімшелерде мұғалімдердің білімі мен жалпы мәдениетін мұқият тексеруге алу;

–Халықтық білім беру бөлімшелеріне әр жағдайдағы білімсіздік фактілеріне қарастыруда мұғалімнің педагогикалық жұмысқа келуінің мүмкіндіктері жайлы сұрақтарды шешу. Егерде мұғалімнің білімсіздігі анықталған жағдайда, әсіресе қазақ мектептеріне орыс тілінен сабақ беруде немесе орыс тілінен қазақ тілінде сабақ берудегі мұғалімдердің білімсіздігін байқаған жағдайда, оны өз жұмыс орнынан міндетті түрде босату.

–Мұғалімдердің білімсіздігі туралы дәлелдер анықталған жағдайда, оларға индивидуалды мерзімді тағайындау [7;8 5б.].

Е.Кулымбетов пен Ж.Ыскаков былай жазған «*Т.Тәжібаев өз мамандығы педагогика психологиядан басқа философия, тарих, әдебиет тіл білімі сияқты қоғамдық ғалымдардың басты салаларына батыл барып, олар жөнінде мәселелі пікірлерде еркін айта алатын, кең тынысты ғалым болды*» [8, 6б.]. Яғни, бұл Т.Тәжібаевтың білім беру саласын әр қырынан зерттеп қарастыра білгенін көрсетеді.

Т. Тәжібаевтың тарихи-педагогикалық мұралары Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен қатар, педагогикалық ой-пікірлердің дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды еңбектер қатарынан болып саналады. Бүгінде оның қазақстандық педагогика және психология теориясының дамуына қосқан үлесі баға жетпес, ғылыми еңбектері жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулерде қолданылып келеді.

Т. Тәжібаевтың елімізге сіңірген еңбегі еш уақытта ұмытылмайды. Қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра

білген абзал жан, жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаздың құнды еңбектері бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде де маңыздылығын жоқалтқан жоқ!

**Әдебиеттер тізімі**


1. Академик Т.Т.Тәжібаев. I том. – құраст. А.Мауленов. – Алматы: «Қазақ университеті», 2024 ж. – 180 б.
2. Шағырбаева М.Д., Алдан А. XIX ғасырдағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен Т.Тәжібаевтің зерттеулері. «Академик Т.Тәжібаев және қазіргі педагогика ғылымы» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 138 бет.
3. Академик Т.Т.Тәжібаев. II том. – құраст. А. Мауленов. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024 ж. – 263 б.
4. Жарықбаев Қ. Қайраткер ұстаз // Қазақстан мұғалімі. 1970 г.
5. Бержанов Қ. Қадірменді азамат // Қазақстан мектебі, 1964.- №8.-24 б.
6. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: 1965-60 б.
7. Ахметова М.К. Педагогическое наследие Т.Т. Тажибаева (1910-1964). Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Алматы. 1999 г.
8. Академик Т. Тәжібаевтың 109 жылдығына арналған «Академик Т.Тәжібаев және қазіргі педагогика ғылымы» атты Т. Тәжібаев оқулары аясында респуб ликалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 138 б.
9. Т.Тажибаев. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века. - Ч I. Алма-ата: Казгосиздат, 1958 г.


ӘОЖ 371.1: 159.1

# ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Әліпбек А.З.** – п.ғ.к., доцент м.а.
**Қойшиев Қ.Е.** – п.ғ.к., аға оқытушы
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

*В данной статье рассматривается вклад Толегена Тажибаева в педагогические и психологические науки. Также будут высказаны ценные идеи по возрастной психологии, познавательным процессам в психологии и мотивации в процессе обучения.*

Summary

*This article examines Tolegen Tazhibaev's contribution to pedagogical and psychological sciences. Valuable ideas on age psychology, cognitive processes in psychology and motivation in the learning process will also be expressed.*

Төлеген Тәжібаев – қазақ педагогикасы мен психологиясының маңызды тұлғаларының бірі, оның ғылыми көзқарастары ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына және психология ғылымының дамуына ерекше үлес қосты. XX ғасырдың орта тұсында елдің білім беру жүйесінде тың жаңалықтар мен өзгерістер енгізілген шақта, оның еңбектері оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне жаңа қырынан қарауға жол ашты. Ол тұлғаның психологиялық дамуы, оқу

процесін тиімді ұйымдастыру және ұстаздардың кәсіби рөлін айқындау секілді мәселелерге ерекше көңіл бөлген [1].

Тәжібаев педагогиканы тек қана оқытудың әдістері мен мазмұнын зерттейтін ғылым ретінде ғана емес, адамның жан-жақты дамуына әсер ететін тәрбие құралы ретінде де қарастырған. Оның пікірінше, білім беру процесі тек білімді игеру ғана емес, сонымен қатар адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек. Тұлғаны жан-жақты дамыту үшін оқу мен тәрбиені бір-бірімен тығыз байланыстыру маңызды екенін түсінген Тәжібаев, мұғалімдердің рөліне айрықша мән берген.

Оның педагогикалық көзқарастарында мұғалімнің тұлғасы ерекше орын алады. Тәжібаев мұғалімді тек білім беруші ретінде ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, рухани жетекші, қоғамның алдыңғы қатарлы мүшесі ретінде сипаттаған. Мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен оның мінез-құлық үлгісі оқушылардың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететінін айтқан. Оның пікірінше, мұғалім тек қана өз пәнін жетік меңгерген кәсіби маман ғана емес, сонымен бірге балаға рухани бағыт-бағдар бере алатын тұлға болуы тиіс.

Т.Тәжібаев ұстаздардың оқушыларға білім беру мен тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы жиі айтқан. Оның көзқарасы бойынша, мұғалім оқушыларға тек оқу материалын жеткізумен шектелмей, олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған жұмысты жүргізуі керек. Білім беру процесі балалардың ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы олардың бойындағы ізгі қасиеттерді оятып, ойлау қабілеттерін дамытуы тиіс деп есептеген.

Т. Тәжібаев психология саласында да елеулі із қалдырған тұлға. Ол адамның психологиялық дамуының ерекшеліктерін терең зерттеген және бұл процестің білім беру жүйесіндегі рөлін анықтауға тырысқан. Оның пікірінше, адамның психологиялық дамуы мен оның оқыту процесі арасында тікелей байланыс бар. Адамның психологиялық даму деңгейін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру – тиімді оқытудың негізі болып табылады. Осы бағыттағы зерттеулері педагогикалық психологияның маңызды мәселелерін шешуге көмектесті.

Т. Тәжібаев жас ерекшеліктер психологиясына көп көңіл бөлген ғалым. Ол әрбір жас кезеңіндегі баланың психикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін құрудың маңыздылығын атап өткен. Мектеп жасындағы балалардың интеллектуалдық және эмоционалдық даму деңгейлері әртүрлі болғандықтан, мұғалімдердің әрбір оқушыға жеке тәсіл қолдануы қажет деп есептеген. Әсіресе, баланың тұлғалық қасиеттерін дамытудың психологиялық негіздерін терең зерттеген. Ол білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін бейімдеу керектігін ұсынған.

Оқыту процесіндегі мотивацияның рөлін ерекше бағалаған Т.Тәжібаев, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін олардың қызығушылықтарын ояту керек екенін айтты. Мотивация оқушының оқу материалын қалай қабылдайтынына, оны қалай есте сақтайтынына және өз білімін практикада қалай

қолданатынына тікелей әсер ететінін анықтады. Оның пікірінше, мотивацияны қалыптастыруда мұғалімнің рөлі зор, өйткені мұғалімдер оқу процесін қызықты әрі шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімге деген ынтасын күшейте алады[2].

Т.Тәжібаев оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін оның психологиялық негіздерін түсіну керектігін баса айтқан. Оның зерттеулерінде оқыту процесінің сәтті болуы тек мұғалімнің кәсіби шеберлігіне ғана емес, сонымен бірге оқушының психологиялық дайындығына, танымдық қабілеттеріне байланысты екенін көрсеткен. Оқыту барысында оқушылардың қызығушылықтарын, ынтасын арттыру маңызды екенін айтып, мотивацияның рөлін жоғары бағалады.

Мотивацияның оқушының оқу материалын қабылдауға, есте сақтауға, оны қайта жаңғыртуға ықпалы зор екенін анықтап, мұғалімдердің оқушыларды ынталандыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек екенін айтқан. Оқыту процесінде позитивті эмоционалды климаттың да маңызы зор екенін атап өтті. Жағымды психологиялық атмосфераның оқушылардың танымдық әрекетін белсендіріп, олардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыратынын дәлелдеген.

Т. Тәжібаевтың психологиялық зерттеулерінің маңызды бағыты – тәрбиелеу процесінің психологиялық негіздерін анықтау болып табылады. Оның ойынша, тәрбие – бұл тек педагогикалық ықпал емес, сонымен бірге адамның ішкі психологиялық дамуын қамтамасыз ететін процесс. Әрбір адамның тұлғалық дамуы өзіндік психологиялық ерекшеліктерге ие, сондықтан тәрбиелеу барысында осы ерекшеліктерді ескеру қажет деп санаған. Т. Тәжібаев баланың тұлғалық дамуының маңызды аспектілерін зерттей отырып, тәрбиенің мектеп пен отбасының өзара байланысына тәуелді екенін атап өтті. Ол тәрбиенің негізгі мақсаты – баланы қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыру деп есептеген. Бұл мақсатқа жету үшін отбасылық тәрбие мен мектептегі тәрбиенің бір-бірімен үйлесімді байланысуы қажет. Отбасы баланың алғашқы тәрбиешісі болғандықтан, ата-аналар да мұғалімдермен бірлесе жұмыс істеуі керек. Тек осындай бірлесе атқарылған жұмыстың нәтижесінде ғана балаға дұрыс тәрбие беруге болады деп сенген.

Тәжібаевтың педагогикалық және психологиялық көзқарастарында білімнің үздіксіздігіне ерекше мән берілген. Оның ойынша, білім алу – өмір бойы жалғасатын процесс, сондықтан оқу процесі мектеп қабырғасында аяқталмайды. Мұғалімдердің міндеті – оқушыларға тек белгілі бір білім көлемін беріп қана қоймай, оларға өздігінен білім алу қабілетін қалыптастыру. Тәжібаев оқушыларды өз бетінше ізденуге, жаңа ақпаратты меңгеруге және сол білімді өмірде қолдана білуге үйрету қажет деп есептеген. Осылайша, ол білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастырған[3].

Қорыта келе, Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық және психологиялық көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесі үшін де өзекті болып қала береді. Оның идеялары білім беру мен тәрбиелеу процесінде адамның тұлғалық дамуының маңыздылығын көрсетуімен құнды. Мұғалімнің рөлі, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, мотивацияның ықпалы секілді мәселелерді терең зерттеген Тәжібаевтың еңбектері білім беру сапасын арттыру жолындағы

маңызды қадам болды. Тәжібаевтың педагогикалық-психологиялық көзқарастары ұстаздар мен педагог-психологтер үшін құнды әдістемелік құрал бола алады. Оның еңбектері арқылы білім беру процесінің адам психологиясымен тығыз байланысын түсініп, әрбір оқушының дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, Тәжібаевтың көзқарастары қазіргі заманғы педагогика мен психология ғылымына маңызды үлес қосуды жалғастырып келеді.

**Әдебиеттер**

1. Психология: Оқу құралы. А.Қ.Егенисова Ақтау, 2019, - 185 б.

2. Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. –2018 жыл. – 448 б.

3. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Эверо», 2016. –464б.

ӘОЖ

# ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Т. ТАЖИБАЕВА

**Үисінбек А. Ж. –студентка-бакалавра группы 1301-82**
**Онтуганова Ш. Ш. –Доктор философии(PhD)**
Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова
Шымкент, Казахстан

Түйін

*Мақала Қазақстандық психологиялық-педагогикалық ғылымның негізін қалаушылардың бірі Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық және психологиялық мұрасын зерттеуге арналған. Мақалада оның ана тілінің тәрбие мен білім берудегі маңыздылығы, сондай-ақ педагогика мен психология теориясының дамуына қосқан үлесі туралы көзқарастары қарастырылады. Оның балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдіснамасымен байланысты ғылыми жетістіктеріне, сондай-ақ қазіргі білім беру үдерісіндегі идеяларының өзектілігіне ерекше назар аударылады. Жұмыста Тәжібаевтың негізгі педагогикалық принциптері және оның Қазақстандағы гуманитарлық ғылымдардың дамуына әсері де ашылады.*

Summary

*The article is devoted to the study of the pedagogical and psychological heritage of Tolegen Tazhibayev, one of the founders of the Kazakh psychological and pedagogical science. The article examines his views on the importance of the native language in education and upbringing, as well as his contribution to the development of the theory of pedagogy and psychology. Special attention is paid to his scientific achievements related to the methodology of teaching and upbringing of children, as well as the relevance of his ideas in the modern educational process. The work also reveals the basic pedagogical principles of Tazhibayev and his influence on the development of the humanities in Kazakhstan.*

***«Современные проблемы высшего образования: достижения и перспективы»***
***Т.Тажибаева***

Толеген Тажибаев, один из первых представителей интеллигенции своего времени, поднял важную проблему значимости казахского языка, справедливо утверждая, что его следует активно преподавать начиная с детских садов. В своих

выводах он опирался на труды Л. Выготского, одного из основоположников советской психологии, и известного педагога К. Ушинского, которые считали, что ребенок должен сначала овладеть родным языком, прежде чем изучать иностранный. Академик Толеген Тажибаев заслуженно считается основателем психолого-педагогической науки Казахстана, развитие которой тесно связано с социогуманитарными науками в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби. Т.Тажибаев был награжден орденами Трудового Красного Знамени и «Знак Почета», а также рядом медалей.

В феврале 2010 года в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби торжественно отметили 100-летие этого выдающегося ученого, педагога и психолога, академика АН Казахской ССР, доктора педагогических наук и профессора Толегена Тажибаева. [2]

В июне того же года в университете состоялась международная научно-практическая конференция «Современные проблемы высшего образования: достижения и перспективы». В честь столетнего юбилея ученого было решено издать полное собрание его трудов. Также, к этой знаменательной дате был установлен памятник в городе Шардара Южно-Казахстанской области, где родился и вырос академик.Абай Кунанбаев был не только известным поэтом, но и выдающимся мыслителем своего времени. Его труды полны глубоких и оригинальных размышлений по вопросам философии, этики, психологии и воспитания. Обладая глубокими познаниями в области психологии, Абай в своих произведениях и практической деятельности придавал особое значение воспитанию подрастающего поколения. Его поэтическое наследие основано на фундаментальных философских, психологических и педагогических взглядах. Однако эти аспекты творчества великого мыслителя, особенно его философские и психологические воззрения, до сих пор остаются недостаточно изученными. Существующие работы на эту тему часто ограничиваются фрагментарными, случайными и иногда ошибочными положениями.

В данном исследовании автор стремится кратко осветить взгляды Абая Кунанбаева на вопросы психологии и воспитания. Хотя Абай не был психологом в строгом научном смысле, его бессмертные стихи и проза показывают, что он глубоко понимал человеческую природу. В своих произведениях Абай мастерски раскрывает особенности психологии людей, принадлежащих к разным эпохам, социальным слоям и возрастным категориям. Его описания человеческой психологии отражают трудовую и бытовую жизнь людей, что делает его произведения реалистичными, понятными широкой аудитории и обладающими мощной воспитательной силой. Абай был первым среди казахов, кто систематически изложил свои взгляды на психологию. Его изучение психологии имело три цели, которые, как нам кажется, он рассматривал как основные задачи этой науки. Во-первых, по мнению Абая, стихи и песни должны затрагивать глубинные струны человеческой души, пробуждая сокровенные чувства. Они призваны играть важную роль в нравственном воспитании народа, помогая бороться с пережитками феодально-патриархальных устоев. Поэзия, отражая чаяния народа, должна вести его к свободной и счастливой жизни. Стихотворение, по мнению Абая, должно сочетать в себе глубокое содержание и

красивую форму. Говоря о влиянии песни на психику человека, Абай в своих произведениях отмечает, что эмоции людей являются отражением их мыслей, а песня – это тень, улавливающая ритм этих переживаний. Из высказываний Абая можно сделать вывод, что поэзия оказывает сильное влияние на психологию людей. Следовательно, каждый поэт должен понимать особенности психической деятельности человека и законы её развития.

Во-вторых, путь избавления казахского народа от политического гнёта, экономической и культурной отсталости, невежества и бедности, по мнению Абая, лежит через просвещение и нравственное воспитание, особенно молодого поколения. Он настаивает на том, чтобы казахская молодёжь изучала русскую культуру и язык, перенимая всё прогрессивное у русских.

Абай считал, что образование должно не только быть эффективным, но и способствовать развитию интеллекта детей. Он утверждал, что обучение должно учитывать психологические особенности детей и быть направлено на их всестороннее развитие.

В-третьих, многие высказывания и стихотворения Абая свидетельствуют о том, что он придавал большое значение психологии в повседневной жизни, включая установление правильных отношений в труде и быту. По его мнению, для дружбы, товарищества, распознавания врагов и правильного отношения к ним необходимо понимать характеры и психологию людей.

В своей творческой деятельности Абай активно использовал метод наблюдения. Как великий поэт, он обладал исключительной способностью к наблюдению, фиксируя мельчайшие детали поведения и характеров окружающих. Его произведения, такие как «Всадник с беркутом скачет в ранних снегах» (1882), «Белый лоб — серебро, чей тонок чекан» (1884), «Лето» (1886) и другие, демонстрируют его мастерство в изображении природы и тонких психологических черт людей. В своих стихах Абай удачно передавал свои глубокие размышления и эмоциональные переживания. Он ярко изображал психологические характеристики представителей разных сословий, профессий и возрастов.

При анализе психологии человека Абай придерживался существовавшей в его время трёхчастной классификации психических процессов: ум, чувства и воля. Он стремился раскрыть содержание каждого из этих компонентов. Уму он приписывал такие качества, как ясность, холодность и острота. К чувствам относил тепло эмоциональных переживаний, такие как радость, гнев, страсть и любовь. Характер же рассматривался в связи с волей, где выносливость, стремления и умение управлять страстями считались волевыми процессами.

Абай верил, что ум, чувства и воля должны находиться в гармонии, так как их разобщение может нарушить нормальную жизнь человека. В его произведениях звучит мысль о необходимости единства этих трёх компонентов психики для достижения успеха в жизни. Он утверждал, что человек должен стремиться к гармонии разума, воли и чувств. Если возникает внутренний конфликт, приоритет должен быть за «сердцем», то есть чувством, которое должно вести разум по верному пути и правильно использовать волю. В некоторых своих произведениях Абай подчёркивает важность ума и воли, но

указывает, что без справедливости, исходящей от сердца, они не принесут пользы. Эти мысли Абая демонстрируют его сенсуалистический подход, близкий к взглядам великих русских педагогов и психологов. [1].[3].

Толеген Тажибаев оставил значительное научное наследие, включающее ряд трудов по психологии и педагогике. Им были подготовлены и опубликованы многочисленные доклады, статьи и газетные публикации, которые также послужили источником для данной диссертации. Его основные научные исследования сосредоточены на истории педагогической мысли в Казахстане второй половины XIX века, а также на вопросах общей психологии и педагогики. При этом его работы в области психологии оказали значительное влияние на становление психологической науки в Казахстане. Тажибаев был одним из первых, кто предпринял попытку анализа философских, психологических и педагогических воззрений таких выдающихся казахских мыслителей, как Абай Кунанбаев, Шокан Уалиханов и Ибрай Алтынсарин.

Толеген Тажибаев — выдающийся казахский ученый, который оставил глубокий след в развитии педагогической и психологической науки Казахстана. Его вклад в эти области остается актуальным и сегодня, поскольку его идеи и исследования продолжают оказывать влияние на современные подходы к обучению и воспитанию. Основные научные труды Тажибаева касаются разработки теоретических основ педагогики и психологии, а также изучения их исторического развития в Казахстане. Особое внимание ученый уделял вопросам национального образования и роли родного языка в процессе формирования личности. Он утверждал, что для полноценного интеллектуального и культурного развития ребенка необходимо начинать обучение с родного языка, что станет основой для успешного освоения других языков. В этом аспекте Тажибаев основывался на трудах Л. Выготского и К. Ушинского, которые также подчеркивали важность овладения родным языком в раннем возрасте. Одной из центральных тем в научном наследии Тажибаева была разработка подходов к воспитанию и обучению детей в условиях казахстанского общества. Он выступал за адаптацию педагогических методов с учетом национальных традиций и особенностей. Тажибаев также внес значительный вклад в анализ педагогических и психологических взглядов выдающихся казахских мыслителей, таких как Абай Кунанбаев, Шокан Уалиханов и Ибрай Алтынсарин, что стало основой для формирования новых педагогических подходов в республике.

Наследие Тажибаева актуально и в наши дни. Его идеи о важности национального образования, интеграции традиций и новаторских подходов продолжают находить применение в современной образовательной системе Казахстана, способствуя развитию гуманитарных наук и обогащению образовательного процесса. [5].

Педагогическое и психологическое наследие Толегена Тажибаева оставило значительный след в истории казахстанской науки. Его идеи о важности изучения родного языка и комплексного подхода к воспитанию детей актуальны и в современном образовательном процессе. Тажибаев не только заложил основы психолого-педагогической науки в Казахстане, но и оказал существенное влияние на развитие гуманитарных дисциплин в стране. Его труды продолжают быть

важным ориентиром для ученых, педагогов и психологов, подтверждая свою научную и практическую ценность в условиях модернизации системы образования. Педагогическое и психологическое наследие Толегена Тажибаева занимает особое место в истории казахстанской науки, и его влияние на развитие системы образования и психологии ощущается до сих пор. Тажибаев был не только основоположником многих научных направлений в Казахстане, но и новатором, заложившим основы для дальнейшего изучения и развития этих дисциплин в республике. Одним из ключевых аспектов его наследия является подход к национальному образованию, который учитывает культурные и исторические особенности казахского народа. Тажибаев понимал, что без глубокого изучения и сохранения родного языка невозможно полноценное развитие нации. Он подчеркивал важность сохранения национальных традиций в обучении и необходимости внедрения этих ценностей в образовательный процесс, начиная с раннего возраста. Этот подход остается актуальным и в наши дни, особенно в условиях глобализации и быстрого развития технологий, когда национальные особенности могут быть утрачены. [4].

Научные труды Тажибаева касаются также и психологии, где он внес значительный вклад в развитие представлений о человеческой личности, процессах обучения и развития детей. Его работы заложили фундамент для дальнейших исследований в области общей и возрастной психологии, что оказало значительное влияние на формирование психолого-педагогической науки в Казахстане. Более того, его внимание к анализу идей выдающихся казахских мыслителей, таких как Абай Кунанбаев и Ибрай Алтынсарин, создало основу для синтеза традиционных и современных педагогических подходов. В современном мире, где вопросы образования и воспитания становятся все более сложными и многогранными, наследие Тажибаева помогает находить решения для актуальных задач. Его идеи продолжают вдохновлять новое поколение педагогов и ученых, что делает его труды важным элементом в процессе модернизации системы образования в Казахстане. В условиях ускоренного развития социогуманитарных наук, идеи Тажибаева о роли образования в формировании личности остаются неоценимыми, напоминая о том, что успешное будущее нации строится на основах, заложенных в ее культурном и образовательном наследии.

**Литература**


6. https://abai.kaznu.kz/rus/?p=435
7. Казахстан, национальная энциклопедия, 5 том.
8. Дополнено Отделом спецпроектовАО «НК»Казинформ».
9. https://www.inform.kz/ru/tazhibaev-tolegen-tazhibaevich_a2299472
10. https://www.referat911.ru/Politologiya/tulegen-tazhibaev/570143-3367285-place2.html

ӘОЖ 372.8;159.9(82-95)

# Т.ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰН

**Досанова М.М., Үсіпбекова А.С.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

*В статье представлен анализ психологических идей и философских размышлений в произведениях известного казахского поэта, писателя и педагога Т.Тажибаева. Его творчество глубоко исследует внутренний мир человека, его эмоциональные и психологические состояния, а также роль личности в обществе. Через поэзию и прозу Тажибаев раскрывает человеческую психологию, уделяя особое внимание внутренним конфликтам, моральным и духовным поискам.*

Summary

*The article presents an analysis of the psychological ideas and philosophical reflections in the works of renowned Kazakh poet, writer, and educator T.Tazhibaev. His works deeply explore the human inner world, emotional and psychological states, and the role of individuals in society. Through poetry and prose, Tazhibaev reveals human psychology, with a particular focus on internal conflicts, moral dilemmas, and spiritual quests.*

Төлеген Тәжібаев қазақ әдебиетінде елеулі орын алған ақын, драматург, әдебиеттанушы, педагог және қоғам қайраткері. Тәжібаев жастайынан білімге құштар болып өсіп, алғашқы білімін ауыл мектебінде алады. Кейін ол Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында оқып, мұғалімдік мамандықты игерді. Білімге деген құштарлығы оны Мәскеудегі жоғарғы оқу орындарына жетеледі, сонда ол әдебиет саласында білімін жетілдірді.

Тәжібаев 1930 жылдары әдебиетке араласа бастады. Оның шығармашылық жолы кең ауқымды және жан-жақты болды. Ол поэзия, драматургия және прозада елеулі жетістіктерге жетті. Сонымен қатар, Тәжібаев әдебиет теориясы мен тарихына да зор үлес қосқан ғалым. Ол қазақ әдебиетінің психологиясы мен философиясы туралы зерттеулер жүргізіп, осы бағытта бірнеше маңызды еңбектер жазды. [1].

Төлеген Тәжібаевтың поэзиясы терең философиялық және психологиялық мазмұнмен ерекшеленеді. Ол адамның ішкі жан дүниесін, рухани ізденістері мен эмоциялық күйзелістерін терең зерттеп, поэтикалық тілде шебер жеткізді. Оның «Жүрек сыры», «Күзгі ойлар» және басқа да шығармалары қазақ әдебиетінің қазынасына айналды. Сонымен қатар, Тәжібаев көптеген драмалық шығармалар жазып, қазақ театрының дамуына да үлкен үлес қосты. Оның драмалары театр сахналарында қойылып, халықтың мәдени өмірінде елеулі орын алды.

Төлеген Тәжібаев қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосып, ұлттық құндылықтарды насихаттауда белсенді рөл атқарды. Ол 1989 жылы қайтыс болды, бірақ оның шығармашылық мұрасы бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ.

Төлеген Тәжібаев қазақ әдебиетінде елеулі орын алған ақын, жазушы және педагог ғалым. Ол өзінің шығармалары арқылы қоғамның рухани дамуы мен жеке

тұлғаның ішкі әлеміне ерекше мән беріп, ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етті. Тәжібаевтың шығармаларының негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның адам психологиясына терең үңілуі және ішкі сезімдер мен эмоцияларды дәл әрі терең жеткізуі. Төлеген Тәжібаевтың қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Ол қазақ поэзиясы мен прозасының дамуына зор үлес қосып, өзінің шығармашылығымен ұлттық әдебиетте маңызды орын алған тұлғалардың бірі. Тәжібаевтың шығармалары терең философиялық және психологиялық мазмұнмен ерекшеленеді, ол қазақ халқының рухани құндылықтарын бейнелеуде шеберлігімен танылған ақын. Оның шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетіндегі бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды, және ол әдебиеттегі жаңашылдық пен ұлттық болмысты үйлестіре білген ерекше тұлға. Қазақстанның аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, академик Төлеген Тәжібайұлының психологиялық көзқарасы осындай күрделі мәселелердің қиылысында тұрғаны еңбектерінен айқын көрінеді. Халық ағарту ісінің тарихына қатысты тың зерттеулер жүргізіп, тұжырымдар жасауда Т.Тәжібаев еңбектерінің орны зор. Қазақстан тарихындағы халық ағарту ісі мәселелерін талдап, саралап, мәні мен маңызын көпшілік қауымға жеткізе білуде көп еңбек сіңірген ғалымның мемлекеттік, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету тақырыптың маңыздылығын арттыра түседі. Төлеген Тәжібайұлы тек Қазақстанның ғана емес, бұрынғы одақтас республикалардың да тарихнамасында халық ағарту ісі тарихын зерттеу ісіне тың ойлар айтып, талдаулар жасады, мәдениеттің кейінгі дамуын ілгеріден келе жатқан үрдістерімен, тарихымен байланыстыра, сабақтастыра қарауды дұрыс деп санады. [2].

Төлеген Тәжібаевтың шығармашылығындағы психологиялық мазмұн – қазақ әдебиетінде ерекше орын алған бағыттардың бірі. Тәжібаев өзінің поэтикалық және прозалық шығармаларында адамның ішкі жан дүниесін, психологиялық жағдайларын терең зерттеп, оларды өнер тілінде жеткізді. Оның шығармаларындағы психологиялық идеялар адамның эмоциялық әлемі, рухани күйзелістері мен ізденістері, ішкі қайшылықтары мен жеке тұлға ретінде қалыптасу мәселелерін қамтиды.

Төлеген Тәжібаевтың шығармашылығында адамның ішкі сезімдері мен ойлары басым орын алады. Ол адамның ішкі жан-дүниесін, рухани әлемін терең зерттеп, оқырмандарға осы әлемнің күрделілігін ашуға тырысады. Мысалы, оның өлеңдерінде адамның күйзелістері, жалғыздық сезімі, рухани ізденістері және өз-өзімен күресі терең суреттеледі. Тәжібаев адамның жан дүниесін бейнелеуде реалистік тәсілдер мен символдық бейнелерді ұштастыра отырып, психологиялық портреттерді шебер жасап, олардың ішкі қайшылықтарын көрсетеді.

Адамның эмоциялық әлемі – Тәжібаев шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі. Оның өлеңдері мен прозалық шығармаларында адамның сезімдері мен эмоциялары – қайғы, қуаныш, сүйіспеншілік, мұң және ішкі күйзелістер басты орында тұр. Ақын адамның ішкі әлеміндегі сезімдер динамикасын, олардың адамның психологиялық жағдайына әсерін терең түсіністікпен бейнелейді.

Мысалы, оның «Жүрек сыры» өлеңдер жинағында автор адамның ішкі сезімдерінің нәзік қырларын көрсетіп, әр түрлі өмірлік жағдайлардағы эмоциялық күйзелістерін суреттейді. Адамның сүйіспеншілік, жалғыздық, қуаныш және мұң секілді терең сезімдері шығармаларының негізгі арқауына айналады. Бұл арқылы Тәжібаев адамның ішкі жан дүниесін, эмоциялық күйзелістері мен рухани ізденістерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. [3].

Төлеген Тәжібаевтың поэзиясында ішкі қайшылықтар мен рухани ізденістер маңызды орын алады. Ол адамның ішкі жан-дүниесінде болып жатқан күрес пен ізденістерді терең суреттеп, адамның өз-өзімен күресі, моральдық және этикалық құндылықтар арасындағы қайшылықтарды көрсетеді. Мысалы, ақынның шығармаларында адамның ар-ұжданымен күресуі, өмірлік таңдау жасау қажеттілігі және болашаққа деген үміті мен күдігі басты мәселелер ретінде қарастырылады.

Бұл ішкі қайшылықтар Тәжібаевтың кейіпкерлерінің жан-дүниесіндегі драманы күшейтіп, олардың адамгершілік пен рухани ізденістерінің күрделілігін айқындайды. Ақынның көптеген шығармаларында адамның моральдық құндылықтарымен бетпе-бет келіп, өмірдің қиындықтары мен қайшылықтары арқылы өзін табуға ұмтылысы көрінеді.

Төлеген Тәжібаев шығармаларында адамның психологиялық жағдайларының өзгеруі маңызды рөл атқарады. Ақын адамның сыртқы жағдайларға, қоғамға және өмірлік сынақтарға байланысты ішкі күйзелістері мен күйін бейнелейді. Оның кейіпкерлері өмірдің түрлі кезеңдерінде психологиялық күйзеліске түсіп, рухани дағдарыстарды бастан кешіреді.

Бұл психологиялық өзгерістер Тәжібаевтың шығармаларындағы кейіпкерлердің адам ретіндегі қалыптасуына және олардың болмысына үлкен әсер етеді. Ақын адамның өмірдегі орнын табу, өз-өзімен келісімге келу және қоғамдағы рөлі туралы терең ойлануына жол ашады.

Төлеген Тәжібаевтың шығармаларындағы психологиялық мәселелер көбіне философиялық ойлармен байланысып, адамның өмірдегі орны, болмысы, рухани ізденістері және моральдық таңдаулары туралы сұрақтарға жауап іздейді. Ақын адамның ішкі жан-дүниесін зерттеу арқылы оны қоршаған орта мен қоғамның әсеріне байланыстыратын терең философиялық мәселелерді көтереді. Оның философиялық-психологиялық көзқарастары бойынша, адамның рухани өмірі мен ішкі қайшылықтары қоғамдағы орын табуға деген ұмтылыспен тығыз байланысты. Адамның рухани әлемі, оның ішкі жан-дүниесі тек сыртқы жағдайларға ғана емес, сонымен қатар оның ішкі моральдық таңдауларына, өмірлік құндылықтарына да тәуелді.

Т.Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы халық ағарту ісі тарихын зерттеуде көптеген мұрағат құжаттарын ғылыми айналымға тартқанын, сөйтіп отарлық дәуірдегі халық ағарту ісінің ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетуге алғашқы қадам жасағанын айтқан. Т.Тәжібаевтың ғылыми мұраларының еліміздің гуманитарлық ғылымдарының дамуындағы орны мен рөліне баға беру бүгінгі таңда да өз жалғасын табуда.

Төлеген Тәжібаевтың поэзиясы терең психологизммен ерекшеленеді. Ол адамның ішкі сезімдері мен психологиялық күйзелістерін поэтикалық түрде

бейнелей отырып, оқырманды адам болмысының күрделілігін түсінуге шақырады. Ақынның «Көңіл жүгірісі» өлеңінде адамның ой-толғаныстары, өмірге деген көзқарастары мен эмоционалдық сезімдері бейнеленген. [4].

Қорыта айтқанда, Төлеген Тәжібаевтың шығармашылығында психологиялық мазмұн ерекше орын алады. Ол адамның ішкі жан-дүниесін, рухани ізденістерін, эмоциялық күйзелістерін терең түсініп, оларды әдебиет арқылы жеткізе білді. Тәжібаевтың шығармалары оқырмандарды адамның рухани өмірінің күрделілігіне үңілуге, оның ішкі қайшылықтары мен сезімдерін түсінуге шақырады. Ақынның шығармашылығы тек әдебиет саласында ғана емес, сонымен қатар психологиялық және философиялық тұрғыдан да маңызды.

**Әдебиеттер**

1. Тәжібаев, А. «Қазақ әдебиетінің психологиясы». – Алматы: Ғылым, 2005.
2. Смағұлов, Т. «Тәжібаевтың әдеби мұрасы». – Астана: Елорда, 2010.
3. Қасымова, Р. «Абай және Тәжібаев: рухани байланыс». – Шымкент: Оңтүстік, 2015.
4.Жұмабаев. Ә.«Қазақ әдебиетіндегі психологиялық тақырыптардың дамуы». – Алматы: Фолиант, 2011.

УДК82 (091).821

# ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И КОНЦЕПЦИИ МЕТОДОЛОГИИ Т.Т.ТАЖИБАЕВА

**Маханова Г.Б. к. ф. н., доцент**
**Маханова Ж.К. PhD доктор философии**
Южно-Казахстанский педагогический университет им.Өзбекәлі Жәнібеков,
Шымкент, Казахстан

Түйін

*Мақалада Төлеген Тәжібаев әдістемесінің негізінде жатқан негізгі қағидалар мен тұжырымдамалар, олардың еліміздегі білім беру жүйесінің дамуына ықпалы талданады, сонымен қатар инновациялық технологияларды оқыту іс-әрекетіне кіріктіруді анықтау мен көрсетуге талпыныс жасалған.*

Summary

*The article analyzes the basic principles and concepts underlying the methodology of Tolegen Tazhibaev, their influence on the development of the educational system in the country, and also makes an attempt to identify and show the implementation of the integration of innovative technologies in teaching activities.*

В статье анализируются основные принципы и концепции, лежащие в основе методологии Тулегена Тажибаева, их влияние на развитие образовательной системы в стране, а также предпринята попытка выявить и показать внедрение интеграции инновационных технологий в педагогической деятельности.

Академик Тулеген Тажибаев – выдающийся казахстанский педагог и ученый, чьи исследования и методические разработки внесли значительный вклад

в современное образование Казахстана. Его методология образования охватывает разнообразные аспекты преподавания и обучения, включая инновационные педагогические подходы, а также интеграцию культурных и национальных ценностей в образовательный процесс.

Современное поколение, по существу, мало знакомо с Т.Т.Тажибаевым, с его жизнью, научной и государственной деятельностью. Т.Т.Тажибаеву посвящены несколько публикаций в виде статей в газетах и журналах: Исхаков Ж. «Ученый, деятель, педагог» в газете «Ленин жолы» [1], Мадин И.Б. «История развития педагогической мысли в Казахстане в советский период» в журнале «Мектеп» [2], Муканов М. «Научное наследие Т.Тажибаева» в журнале «Қазақстан мектебі»[3]. В Педагогической энциклопедий [4],Казахстан. Национальной энциклопедий [5], статья Д. Ашимбаева «Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия [6], Краткая энциклопедии Казахской ССР[7], Антология педагогической мысли Казахстана[8], Тажибаев Тулеген Тажибаевич// Батырбеков М. Высшая школа Казахстана в лицах, Кн.2[9], а также были выпущены юбилейные сборники научно-практической конференции «Актуальные проблемы психологии и педагогики в Казахстане» посвященной восьмидесятилетию со дня рождения Т.Т.Тажибаева статья «Ученый, личность» Павлова Н. [10], а также выпущены сборники к 105,113- летию Т.Т.Тажибаева.
Естественный интерес вызывает вопрос о том, как формировалось его мировоззрение и интересы к педагогической деятельности, рассмотрим его жизненный и творческий путь.

Тулеген Тажибаевич родился в 1910 г. в селе Сункент Арыского района Южно-Казахстанской области. В 1928 году окончив Чимкентскую педагогическую семинарию, там же работал преподавателем. В 1931г. Комитет ВЛКСМ рекомендовал его на учебу в Академию коммунистического воспитания им. Н.К. Крупской. Окончив учебу в 1936 г. успешно сдал экзамены в аспирантуру Академии по специальности «Психология», с 1938 г. руководил кафедрой педагогики и психологии КазПИ им. Абая.

В 1939 году успешно защитил кандидатскую диссертацию по теме «К.Д. Ушинский – основоположник педагогической психологии в России».

В 1938-1940 гг. Т.Тажибаев руководил кафедрой педагогики и психологии КазПИ им.Абая (КазНПУ имени Абая), далее первый заместитель наркома просвещения Казахской ССР (1940-1942гг.). В 1944-1957 гг. – министр иностранных дел Казахской ССР, ректор КазГУ им. С.М. Кирова, заместитель Председателя Совета Министров Казахской ССР. В 1949 г. он получил звание профессора, в 1954 г. был избран академиком АН КазССР.

С 1957 до 1961 Советник посла СССР в Индии. В 1961-1964гг.- заведующий кафедрой педагогики и психологии КазГУ им. С.М.Кирова (сейчас КазНУ им. аль-Фараби). В 1962 г. успешно защитил докторскую диссертацию «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века».

Исследовал методику и концепции лежащие в глубине педагогической психологии. Рассматривал проблемы традиционной преподавательской деятельности в Казахстане, особенно, произведения педагогов-просветителей казахского народа: Ш.Ш. Уалиханова, Ы. Алтынсарина, А. Кунанбаева. В

последние годы исследовал формирование преподавательской деятельности школы в Казахстане.

Т.Т.Тажибаев был руководителем республиканского Педагогического общества, председателем Научно-методического совета по педагогике и психологии Министерства высшего и среднего специального образования Казахской ССР.

Вся разносторонняя научно-практическая работа Т.Т.Тажибаева способствовала укреплению академической базы, организации подготовки высококвалифицированных научных кадров и в перспективе – становлению республиканской педагогической деятельности.

Т.Т.Тажибаев являлся и способным исследователем-филологом и педагогом. Его перу принадлежат следующие работы:

- Тажибаев Т.Т. Психология и педагогическая психология К.Д.Ушинского. – Алма-Ата: КазОГИЗ,1948. –207с.
- Философски, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – Алма-Ата: Казгосиздат,1957. –80с.
- Развитие просвещения и педагогической мысли во второй половине XIX века. Ч.1. Социально-экономические предпосылки развития просвещения и педагогической мысли. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958, –98с.
- Казахская школа при Оренбургской пограничной комиссии (1850-1869гг.) – Алма-Ата: Казучпедгиз,1961. –39с.
- Школы Внутренней (Букеевской) орды во второй половине XIX века. //Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР.Т.2. Вопросы истории Казахстана XIX- начала XX века. – Алма-Ата: Казгосиздат,1962. –507с.
- Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Казахстан,1965. –164 с.
- Сравнительный анализ устной и письменной речи у школьников. //Халық мұғалімі. –1939. –№8.
- Восприятия //Халық мұғалімі. –1949. – №10. – С.65-72.

Одним из ключевых направлений трудов Тажибаева является исследование методологии образования. Он подчеркивает важность индивидуального подхода к каждому ученику, а также необходимость использования инновационных методов обучения. В своих работах он предлагает различные модели и стратегии, направленные на оптимизацию образовательного процесса.

- Интеграция традиционных и современных методов: Тажибаев активно пропагандирует интеграцию традиционных казахских методов обучения с современными педагогическими практиками. Он считает, что использование культурных традиций в образовании способствует лучшему восприятию знаний и формированию идентичности учащихся. В своих исследованиях он анализирует, как использование элементов казахской культуры может повлиять на мотивацию и успеваемость студентов.

- Психология обучения: в своих трудах Тажибаев уделяет большое внимание психологическим аспектам обучения. Он исследует влияние эмоционального состояния учащихся на процесс обучения, а также разрабатывает методики, направленные на развитие эмоционального интеллекта студентов. Тоже

стоит отметить его акцент на важности создания комфортной образовательной среды, способствующей активному обучению.

- Воспитание и развитие личности: еще одной важной темой его исследовательской деятельности является воспитание и развитие личности учащегося. Тажибаев акцентирует внимание на роли образования в формировании социальных и моральных ценностей, гражданской позиции и ответственности молодежи. Его работы посвящены вопросам воспитания патриотизма, нравственности и сознательности у подрастающего поколения.

- Вклад в педагогическую науку: Толеген Тажибаев является автором множества научных статей и учебных пособий, которые признаны в педагогическом сообществе Казахстана и за его пределами. Его труды используются как в образовательных учреждениях, так и в ходе подготовки будущих педагогов. Тажибаев активно участвует в семинарах, конференциях и круглых столах, делясь своим опытом и знаниями с коллегами.

Исследования Толегена Тажибаева играют важную роль в развитии педагогики в Казахстане. Его уникальный подход к образованию, основанный на сочетании традиций и современных технологий, вдохновляет новое поколение педагогов на внедрение инновационных методов обучения и воспитания. Работы Тажибаева достойны внимания и дальнейшего изучения, так как они открывают новые горизонты в понимании роли образования в формировании современного общества.

Основные принципы методологии

1. Человекоцентричность: Тажибаев считает, что образование должно быть ориентировано на личность ученика. Каждый учащийся уникален, и процесс обучения должен адресовать его индивидуальные потребности и заложенные способности. Это требует от педагогов гибкости в подходах и методов.

2. Интеграция национальных ценностей: важным компонентом методологии является акцент на сохранение и развитие культурного наследия Казахстана. Тажибаев подчеркивает необходимость формирования у учащихся национальной идентичности и патриотизма через образовательные программы.

3. Инновационные технологии: научные исследования Тажибаева акцентируют внимание на внедрении современных технологий в образовательный процесс. Использование мультимедийных и интерактивных методов обучения, а также дистанционного образования становятся важными инструментами для повышения качества обучения.

4. Коммуникативная компетенция: в рамках методологии важным аспектом является развитие компетенций общения. Тажибаев указывает на необходимость формирования у учащихся навыков межличностного общения, критического мышления и способности к сотрудничеству.

5. Проблемно-ориентированное обучение: Тажибаев акцентирует внимание на важности проблемно-ориентированного подхода при обучении, который способствует развитию у учащихся аналитического мышления и способности к решению нестандартных задач.

Применение методологии на практике

Методология образования Толегена Тажибаева находит свое применение в различных образовательных учреждениях страны. Педагоги, следуя его рекомендациям, становятся более внимательно относиться к потребностям учащихся и применяют разнообразные методы обучения, в том числе проектное обучение, деятельностный подход и активные формы взаимодействия в классе.
Научно-методические разработки Тажибаева также реализуются в обучении педагогов и в системе повышения квалификации. Это способствует не только профессиональному развитию учителей, но и внедрению инновационных подходов в массовую практику.

Исследование методологии образования Толегена Тажибаева подчеркивает его значимость для дальнейшего развития педагогических практик в Казахстане. Его идеи о человекоцентрированном обучении, интеграции национальной культуры и использовании современных технологий продолжают оказывать влияние на образовательные процессы. В условиях глобализации и стремительного развития технологий методология Тажибаева представляет собой актуальный и важный ресурс для формирования конкурентоспособной, культурной и высокообразованной нации.

**Литература**


1. Исхаков Ж. «Ученый, деятель, педагог» /Ж. Исхаков //Ленин жолы. – 1980. –25 февраля.
2. Мадин И.Б. История развития педагогической мысли в Казахстане в советский период / И.Б. Мадин. – Алма-Ата: Мектеп, 1979.– С.19-23. Муканов М. Научное наследие Т.Тажибаева / Муканов М. Қазақстан мектебі. – 1967. – №9.
3. Муканов М. Научное наследие Т.Тажибаева// М.Муканов//Қазақстан мектебі. – 1967. – № 9.
4. Тажибаев Тулеген Тажибаевич // Педагогическая энциклопедия – М.:1968– Т.4 – С.204.
5. Тажибаев Тулеген //Казахстан: Национальная энциклопедия, Т.5. – Алматы,2006. – С.143
6. Тажибаев Тулеген //Ашимбаев Д. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. 2012-2013. Алматы, 2012. – С.1068.
7. Тажибаев Тулеген Тажибаевич//Казахская ССР. Краткая энциклопедия. Т.3– Алма-Ата, 1989.– С.467-468.
8. Тулеген Тажибаев (1910-1964) //Антология педагогической мысли Казахстана/ Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы: Рауан, 1995.– С.411-418.
9. Тажибаев Тулеген Тажибаевич// Батырбеков М. Высшая школа Казахстана в лицах. – Кн.2.– Алматы: Рауан, 2000.– С.528.
10. Павлов Н. Ученый, личность: [заметки с научно-практической конференции «Актуальные проблемы психологии и педагогики в Казахстане» посвященной восьмидесятилетию со дня рождения Т.Т.Тажибаева] / Н.Павлов// Учитель Казахстана. – 1990. – 7 июня.


## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ

# ӘКЕНІҢ РӨЛІ

**Сейдаева Айжан Нышаналықызы**
**Умбеталиева Ақшолпан Муратовна**
Психология кафедрасының оқытушысы

Отбасындағы Әке - баланы идентификациялауда үлкен рөл атқаратын алғашқы объектілердің бірі. Жаңа туған нәрестеге оның өз орнын түсінуге көмектесетін де әке. Бала үшін Әке тек туған адам ғана емес, ер адамның үлгісі, ер адамның символы. Ол орындайтын символдық функцияның арқасында балаға өзі туралы және айналасындағылар туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Әкеге жары мен балаларына қамқорлық жасау және оларды қорғау бағытында туа біткен реакция тән.

Әкенің рөлі ер мінезділіктің белгілі бір үлгісін, сенімділік пен беделдің қайнар көзін білдіреді. Әке – тәртіптің бейнесі. Әке - әлем, еңбек, техника туралы білімнің ең табиғи көзі. Бұл болашақ мамандыққа бағдарлауға ықпал етеді және әлеуметтік пайдалы мақсаттар мен мұраттарды айқындайды. Егер анасы балаға адам махаббатының жақындығын сезінуге мүмкіндік берсе, онда әкесі баланы адамзат қоғамына жетелейді. Ол баланың топтық қысымға қарсы тұру және күресу қабілетін қалыптастыра алады. Бала анасына неғұрлым көп байланған болса (әкесімен салыстырғанда), соғұрлым ол басқалардың агрессиясына қарсы тұра алмайды. Ғалымның пікірінше, «Әкенің авторитаризмі балалардың психикалық сипаттамаларына оң әсер етеді, ал ананың авторитаризмі теріс әсер етеді. Әкесі балаларды аз қорғайды, оларға көбірек тәуелсіздік береді, бұндай жағдайда бала өзін-өзі тәрбиелейді. Осылайша әкелер анасынан алыстау процесін ынталандырады және әлеуметтік жағдайға бейімделуді тездетеді». [1;3].

Әр бала толық дамуы үшін келесі жағдайлар ауадай керек: үлгі болар адам, әкесімен арадаға достық қатынас, әкесінің батасы, әкесімен оңаша уақыт өткізу. Әкесі - анасының қолындағы сәбиден балаға, содан кейін жас жігітке ауысуға көмектесетін нұсқаулық. Қызға да әкесімен достық қарым-қатынас қажет. Әкесінің қыздың жыныстық сәйкестендіруіне әсері жасөспірім кезінде айтарлықтай көрінеді. Қызының әкесімен күнделікті қарым-қатынасы оны ерлер психологиясын түсінуге, оған бейімделуге, ер адамдардан қорықпауға үйретеді. Сондықтан отбасындағы ер адамды тек табыс көзі немесе үйдегі ауыр жұмысты атқарушы ретінде қабылдау қате, өйткені оның бала тәрбиесіне қосқан зияткерлік үлесі өте маңызды.

Бүгінгі күні кез-келген әке баласымен бірге қызықты іспен айналысуға уақыттың жоқтығын алға тартады. Сонымен қатар, қаржылық проблемалар толыққанды әке болуға мүмкіндік бермейді, заман талабы ер адамдардың лауазым мен жоғары жалақы үшін көп және ауыр жұмыс істеуге мәжбүр етуде. Сонымен қатар, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты қиындататын факторлар да бар. Олар: алкогольге, есірткіге және отбасылық зорлық зомбылық. Ал нағыз Әке тек өзінің моральдық беделіне ғана емес, жалпы отбасының моральдық беделін де қорғау керек. Балаларының анасы ретінде әйелінің де беделін сақтауы тиіс. Отбасындағы

ананың рөлін көтере отырып, әкесі өзін беделді, азаматтық қасиетке ие адам ретінде көрсетеді.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында ғана емес, сонымен қатар адамдардың жеке өміріне, атап айтқанда, неке және ата-ана рөлдеріне де елеулі әсерін тигізді. Патриархалдық отбасылық негіздерден эгалитарлық, демократиялық негіздерге көшу отбасылық қатынастардың тең құқықтық жүйесі белең алды. Дәстүрлі гендерлік тәртіпті бұзу олардың қоғамдағы және отбасындағы маңызды позицияларының ерлер мен әйелдер рөлдерінің теңесуіне әкелді. Жеке тұлғаның құндылығын арттырудың жалпы тенденциясы қалыптасқан нормаларға қарсылықтың өсуіне әкелетін даралау процесін дамытты.

Қазіргі қоғамдық жүйеде ерлер мен әйелдер бір-бірімен қарым-қатынастың жаңа түрлері мен үлгілеріне көшті, соған сәйкес ерлі-зайыптылық қатынастардағы доминаттық принципі серіктестік принципіне ауысты. Е.Здравомыслова мен А.Темкина сияқты отандық әлеуметтанушылар "әкелер" мен "аналар" қоғамының ұйғарымдары барған сайын бірігіп, гендерлік рөлдер бір-бірін алмастырады, классикалық базалық гендерлік келісімшарт біртіндеп "тең мәртебе" келісімшартымен ауыстырылады, соған сәйкес патриархат иерархиясы қоғамдық салада да (саясат, білім, кәсіп, мәдени өмір) және жеке (үй шаруашылығы, бала тәрбиесі және т.б.) ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін теңесуіне алып келеді» деген [2; 4].

И.А.Левенскийдің пікірінше, «Әкенің әлеуметтік-педагогикалық функциялары – билік жүргізуші және шешім қабылдаушы тұлға, асыраушы, тәртіп сақшысы, үлгі-өнеге көрсетуші және ұлдардың қоғамдық-еңбек қызметіндегі тікелей тәлімгері» [2; 13].

«Әкелік ұстаным мен мінез-құлық ананың мейіріміне қарама-қарсы болады. Әкенің отбасылық қатынастардағы орны мен рөлі туралы ғылыми пікір классиктерінің көзқарастары ортақ. Аристотельдің идеяларына сай, «ер адам басым позицияны иеленді, жаратылысы күшті, ал әйел әлсіз, ер адам үстемдік етеді, ал әйел бағынады» [3; 43].

Әкелер рөлінің жаңа бейнесінде феминистік белгілер байқалады. Бұл мінез-құлықтағы эгалитарлық тенденцияларға жол береді. Бұл әсіресе балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас саласында айқын көрінеді. Егер отбасының балалармен қарым-қатынастағы дәстүрлі патриархалдық моделі аясында әкесі эмоционалды қашықтықты, балалардың күнделікті іс-әрекеттеріне қатыспауды, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бағалауда үстемдік, қатаңдық және талапшылдық көрсетсе, онда қазіргі әке балаларға жақынырақ. Қамқорлықты көрсетуге, сенімді және достық қарым – қатынас орнатуға, баламен үнемі байланыста болуға деген ұмтылыс – бұл отбасының эгалитарлық модельге көшуінің жарқын тенденцияларының бірі.

Ата-ана болудың, оның ішінде әке болу бірнеше түрлі тәсілдері бар. Кейбіреулер оны биологиялық құбылыс деп санайды, басқалары әлеуметтік – мәдени, тағы басқалары биоәлеуметтік құбылыс деп санайды.

Заманауи Әкенің үлгісін зерттеуге арналған еңбектер аз, өйткені басты назар әдетте аналардың мәселелеріне аударылады. Әкенің рөлінің өзгеруі ұрпақты

тәрбиелеуге, жалпы отбасылық қатынастардың әл-ауқатына әсер етеді. Егер ғылыми жарияланымдардың санын бағамдайтын болсақ, онда ананың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы жұмыстардың саны әке туралы зерттеулерге қарағанда он есе көп. Ата-аналарға арналған кітаптардың көпшілігі аналарға арналған. Осылайша, әкенің рөлі екінші орынға ырысырып қалуда. Отбасының балаға әсері әдетте ананың әсері ретінде қарастырылады. Кездесулерге негізінен аналар мен әжелер келеді, бала күтімі бойынша аурухана парағын негізінен анасы алады, ажырасқан кезде бала әдетте әкесімен кездесуге қарсы болатын анасымен қалады.

Көбінесе, аналар балаға қамқорлық жасай отырып, отбасындағы әкенің рөлін ұмытып кетеді, содан кейін ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстар басталады. Қиындықтарға тап болған және оларды шешудің жолын таппаған әкелер өз міндеттерін әйелдеріне немесе ата-аналарына жүктей отырып, бала тәрбиесінен өзін-өзі алып тастайды, достарының ортасында жұбаныш тауып, үйге кеш келеді, ал одан да жаманы отбасынан мүлдем кетеді. Бұны ажырасулардың, тұрмысы нашар отбасылардың, заңсыз балалардың және ата-анасы әдетте анасы болып табылатын толық емес отбасыларда тәрбиеленетін балалар санының көптігі растайды.

Жүздеген мамандық, кәсіп түрі бар. Бірі темір жолын құрайды, басқасы үй салады, үшіншісі бидай өсіреді, төртіншісі адамдарды емдейді, бесіншісі киім тігеді. Сөйте тұра, күзетшіден бастап министрге дейін барлық кәсіп иелерін алмастыруға болады. Орнын толтыруға болмайтын бір ғана мамандық бар. Ол – ұлға әке болу. «Әке көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер», «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген нақылдар «әке» мамандығының қадір-қасиетін артық ауыз сөзсіз-ақ ұғындырып тұр. Айтпағымыз басқа арна. Мақаламыздың жүрегі – «Әкенің балаға беретін ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие» деген хадис мәтіні болмақ. Әу баста өзінің белінде су болып, ертең ұрпағын жалғастырушы, мұрагер атанатын ұл бала әрбір әке үшін қымбат. Және ол баласына бойындағы барын да, нәрін де бергісі келеді. Ендеше, «ең жақсы сыйымыз» қаншалықты мәнді әрі көркем болып жүр?

Бұрындары әкенің қас қабағынан, қаһарынан сескеніп өскен балалар әкенің қадір - қасиетін жақсы білетін Балаға әкесінен қорыққандықтан емес, әкенің отбасындағы басты адам екенін сезініп, ер азамат ретінде көретін. Әкеден тәрбие алған қазақ баласының әкеге деген осылайша құрметі арта түседі [4; 4].

Осылайша, дәстүрлі отбасында әкенің рөлін келесі позицияларда көрсетуге болады: 1) отбасындағы билік жүргізуші; 2) өмірге әкелуші; 3) асыраушы; 4) тәртіпті қадағалаушы; 5) өнеге көрсетуші; 6) қоғамдық еңбек қызметіндегі тікелей тәлімгер. Белгілі бір қоғамның ерекшеліктеріне байланысты бұл функциялардың арақатынасы әр түрлі болуы мүмкін.

Әлеуметтануда әке болу "ер адамға мәдени нормативтік жүйеде ата-ана ретінде ұсынылатын, сондай-ақ отбасының құрылымы мен функцияларында қалыптасқан құқықтар, міндеттер, әлеуметтік талаптар жүйесін орындаушы әлеуметтік институт» деген анықтама беріледі [2; 118]. Осылайша, әке болу-бұл әлеуметтік құрылым.

Жоғарыда айтқанымыздай, Өскелең ұрпақ тәрбиесінде әкенің ықпалы зор. Ер адамдардың отбасындағы басты міндеті туралы пікірлердің алуандығынан

кейде ой қайшылықтары туындайды. Сарапшылар қауымы азаматтардың отбасындағы ғана емес, тұтас қоғамдағы рөлін саралап алуға кеңес береді. Бұл орайда М.Қабақова: «Зерттеушілердің көпшілігі тіпті, еркектердің рөлінің дағдарысқа ұшырағанын көлденең тартады. Аталған дағдарысқа бірнеше себеп бар. Бастысы, еркектер мен әкелердің көпшілігінің бастапқы беделі мен мақсат-міндетіне сәйкес келе алмауы. Күйеуі мен әйелі отбасындағы өздерінің рөлін, кімнің неге жауап беретінін жете түсінуі қажет. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың екеуі де өздерінің отбасылық рөлдеріне қанағаттануы шарт. Бұл шаңырақтағы үйлесімділік пен тұрақтылыққа кепіл болады» дейді. Бұл орайда психолог маман баланың тұлға ретінде қалыптасуына әке мен шешенің қандай ықпал ететінін мысалға келтіреді: «Ананың міндеті – бала күтімі, қамқорлық, байланыс, эмоционалдық қолдау. Әкенің міндеті – стратегиялық жос-парлау, сарапшылық міндет, ойындар бойынша серіктестік».

Психологтар ғалымдар бала тәрбиесінде, әсіресе ұл баланың келешегіне әкенің ықпалы қажет екенін айтады. Ол үшін әке ұлымен сәби кезінен бастап дос болуы керек: «Әкесіз өркениет жоқ. Осы себепті әкелер қоғамдағы өз орындарын қайта иеленулері қажет. Қоғамның құрылуы әкелерден басталады. Оны шешудің бірнеше жолы бар: отбасы проблемалары бойынша зерттеулер жүргізу; қоғамдағы ерлердің рөлін әке ретінде де, азамат ретінде БАҚ, кино арқылы арттыру; бала бойындағы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда әкенің рөлі жоғары екенін көрсету; психологиялық тұрғыда үлгі тұтуға болатын отбасыларды насихаттау; «Жас отбасылар мектебі», «Болашақ әкелер мектебі» т.б. курстарын ашу керек». Сонымен қатар сарапшылар отбасылық құндылықтар, шаңырақтағы отағасылардың міндеті мен мақсаты, аналық міндеттер, бала тәрбиесі, аталар мен әжелердің рөлі т.б. туралы газет-журналдар шығаруға ұсыныс айтты. Қазақстанның Психологтар ассоциациясының өкілі Нина Настичтің мәлімдеуінше, халықаралық статистикада Жер шарында бақытты адам жоқтың қасы. Бақытты болудың шарттары бала бойына бесіктен сіңуі қажет. Сондықтан ұл мен қыз тәрбиесінің екі түрі болуы керек: «Қазіргі қоғамда отбасылық, білім, тәрбие, медицина, ғылым т.б. салаларда дағдарыс байқалады. Ал дағдарыс дегеніміз отбасылық тәрбиеден басталады емес пе? Адамдар арасындағы қарым-қатынаста өзімшілдік шарықтау шегіне жетті. Бірақ өзімшілдік адамдардың белгілі бір деңгейге дейін жетуіне үлкен ықпал етеді, сол үшін де қажет. Еркектердің тәрбиесіндегі маңызды жайт: 0-3 жас аралығында балаға әке қажет емес, 3-8 жас аралығында әке баланың сенімді досына айналуы тиіс, 7-18 жаста – тәлімгері, 20 жастан кейін баланы тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ол – ендігі дайын өнім. Оны өзгерту мүмкін емес».

Әр отбасы – жеке мемлекет. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы – әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын – әке. Әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше. Қанша дегенмен, жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі ауадай қажет болып жатады.

Әке мен баланың арасындағы байланыстың да кері кетуіне мұның әсерінің болмай қоймасы анық. Ғалым І.Халитованың «Отбасының тәрбиелік

қызметі ана және әке болуда, балалармен қатым-қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттандырудан тұрады. Отбасы қоғаммен байланыста өсіп келе жатқан ұрпақтардың әлеуметтенуін, қоғамның жаңа мүшелерін дайындауды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, отбасы туралы заң жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр» деген пікірі сөзімізді нақтылай түседі [5; 34].

Сонымен қатар Халитова әке мен отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастар барысында мынадай ерекшеліктерді айқындайды:

- Әкенің коммуникативтік мүмкіншіліктері;
- Әке және бала арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас сипаттары;
- Әкенің қарым-қатынасты шығармашылықпен ұйымдастыра білу қабілеттері;
- Отбасы мүшелерінің дербес ерекшеліктері [5; 54].

Әке отбасының тірегі дедік. Ал отбасынан басталған оң тәрбие адамдар арасындағы қарым-қатынастың, адамның алдағы барлық еңбек және әлеуметтік өмірінің бағытын айқындаудың негізі болып табылады. Осыған орай отбасының мынадай тәрбиелік ролі айқындалады:

- баланың қарым-қатынас тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым;
- өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның мәдениетті азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны;
- отбасы - болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді, оның ішінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты тірек - арқауы;
- отбасы - жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас адамзаттың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықгы бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы;
- отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы сан ғасырлар сынынан мүдірмей өткен ұлттық дәсгүрді жалғастырушы;
- отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеуші елжанды азамат тәрбиелеу;
- отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы [5; 59].

Сонымен қазақстандықтардың келесі ұрпағы, тәуелсіз мемлекеттің мұрагерлері, жан-жақгы, жарасымды болып өсуі отбасына, әсіресе әкеге тікелей байланысты екенін көреміз.

Қорыта айтқанда, Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің орны

ерекше. Әке үйі барлық балалары үшін «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке тәрбиесі арқылы, ұл мен қыз балалардың өздеріне тән мінез-құлықтарын ерекше сергектікпен қалыптастыратындығы да анық. Әсіресе, ұл бала үйдегі де, сырттағы да ер адамға қажет тағылымдарды, көбінесе әкесінен үйренуге ұмтылады. Сондықтан да, әке тәрбиесі дұрыс та, мейірімді болу керек. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деп бекер айтпаса керек. «Әке – асқар тау» дейміз. Баланы жағадағы құраққа теңейміз. Бүгінде желкілдеп өсіп келе жатқан жас құрақтың бой түзейтін негізгі құбыласы сол асқар тауы болғаны дұрыс-ақ.

**Әдебиеттер**

1. Таубаева Ш. Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. Редакциясын басқарған филос.ғ.д., профессор А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 350 бет.

2. Джордж Ритцер, Джеффри Степницки Әлеуметтану теориясы.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 216 бет.

3. И.О. Шевченко АВТОРИТЕТ ОТЦА В СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ СЕМЬЕ file:///C:/Users/Admin/Downloads/avtoritet-ottsa-v-sovremennoy-rossiyskoy-semie.pdf

4. Серік ӘБІКЕН. Әке – кітап. Қазақ әдебиеті газеті. https://qazaqadebieti.kz/27530/ke-kitap

5. І.Халитова, Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқу құралы / І Халитова.- 2-ші басылымы.- Алматы: Білім, 2007.- 200 бет.

ӘОЖ 372. 8:39

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері және сызу кафедрасының
**Кемешев Д.А.** п.ғ.д., профессоры.
**Ерназарова Ж.А.**

Резюме

*В статье рассматриваются эстетическое воспитание школьников средствами изобразительного искусства. Содержание философии,психологии и педагогики. Развитие культуры и наследие Казахстана.*

Summary

*This article considers the guest ions on education youth national valut. Scientific works and about the life of the historical heritage of the scientists of Kazakhstan. The development of culture and the heritage of the ancient civilzations of the Great Steppe.*

Мектеп оқушыларына бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде қазақ мәдениетінің көркемдік ерекшелігін қазіргі философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең. Қазіргі таңда Қазақстанның мәдени мұраларын кеңінен баяндау бейнелеу өнер саласының орны ерекше. Көркем өнер туындылары мазмұны мен көркемдік ерекшелігі тұтас болуы шарт.

Осы орайда кез келген өнер шығармаларының мазмұндық құндылығына әсер етеді. Шығарманың философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең болуы суретшінің ұтымды жақтары. Ал туындының көркемдік ерекшелігі шығарманы орындау шеберлігі. Әлемдік бейнелеу өнерінде өнер жаухарларын жан-жақты қарастыру. Қазіргі таңда ғалымдардың өзекті нысандарының бірі. Өйткені аңдар стилінің орындалу жағы мен композициялық үйлесімділік шешімі өте сауатты орындалған өнер туындысы. Әр образдың тікелей адамның ішкі сезіміне әсер етуі. Мәне шығарманың ең құндылығы тәрбие десек қателеспейміз. Демек шығарма композициялық қағидаға негізделген көркем туынды.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің мағанасы көркем шығарманың мағанасы адам қиялына қанат бітіру, дүниені әсемдік тұрғысында қабылдау. Табиғаттың әсемдігін бояулар арқылы жеткізу шын суреткердің парызы. Әсемдік әлемін табиғаттан іздейміз, табиғаттың әр-бір қас-қығым сәті бір ғажап дүние. Суретші осы сәтті көре білуі қандай қуаныш десеңізші. Уақыт пен кеңістік шексіз, осы сәтті суреткер қағаз бетіне түсіруді армандамайтын кісі жоқ шығар сірә. Адам табиғат перзенті, табиғатты аялау әр адамзаттың паризы. Суретшіге берілген табиғаттың әсем құбылысын кенеп бетіне түсіру қандай бақыт. Адам өмірге табиғатты аялап ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыру. Әсем өнер туындыларын жасап әлемді құбылту. Табиғаттың жасампаздығына нұқсан келтірмеу, әсемдік әлемінде өмір сүру. Демек, суретші әсемдік пен қуаныштың жаршысы.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде табиғат сұлулығын көрсету мағызды. Осы орайда сөзбен айтып жеткікізу қиын дүниені оны тек көзбен көріп жан-дүниеңмен сезіну. Сондықтан кескіндеме өнерінің көркемдік ерекшелігін олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру. Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыратын, дамытатын процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

«Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру.

Осы орайда суретшінің білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге

жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Мектеп оқушыларының шығашылықлық әрекеті арқылы өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын отырып психологиялық әсірді қолдана білу. Қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Шығармашылық әрекет өзін-өзі дамытуы әр кезеңінде мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады. Шығармашыл ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.Қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде Шығармашылық жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тісілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану

арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау.

Қазақ мәдениеті әлемдік көркемдік процестің ішкі жүйесі ретінде қарастыра отырып, адамдардың рухани туралы таным түсінігін, әдеп-парасатын да айтқандай боламыз. Адамзат өздерінің парасат-пайымын, дүнйедегі орынын, әлеуметтік болмысын айғақтайды. Қазақ мәдениеті мифопоэтикалық кезеңде тірлік еткен бабаларымыздың діни құрсаудан ада болмаса да, әлеуметтік кіріптарлыққа түсе қоймағанын көреміз. Олар жалған дүние-тірлік парқын саралай отырып, әлем заңдылығына ұмтылған. Рухани болмыстың өрелі куәсі, дәстүрлі өнер, осыған даусыз дәлел бола алады, көне кезеңнің өнер туындыларынан ұлттың мәдени-рухани, моральдық-этикалық және діни-идеологиялық қасиеттерінің негізделуін де айқындап алып, ол туралы жазылған еңбектердің өзі жеткілікті.

Бүгінгі таңда мектеп оқушыларына бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру қажеттілігін арттыра түсіру. Қоғамымыздың түпкі нәтижесі жастардың рухани санасының сапасын дамыту болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. Муканов С. Народное наследие (на каз. яз.). Алма-Ата, 1974.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы: Жазушы.1961. Б. 465. - 492 б
3.Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата. - 1959.
4.Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков Философия және мәдениеттану Алматы, Жеті жарғы 1987


# ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ


**PhD Ахатаева Ұ.Б.**
**Жұмағұл Ә.М. 1301-14 тобының магистранты**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан



Резюме

*В этой статье рассматриваются значение и пути развития исследовательских навыков у учеников начальных классов через проектную технологию обучения.*

Summary

*This article discusses the importance and ways of developing research skills in primary school students through project-based learning technology.*


Қазіргі таңда оқушыларды бастауыш сыныптан бастап зерттеуге, ізденімпаздылыққа қызықтыра отырып, болашақта ғылым жолында жобалар мен бағдарламалар ұйымдастыруына ықпал етеміз. Біздің негізгі міндетіміз оқушыларға дүниежүзінде болып жатқан жаңалықтармен таныстыра отырып, олардың бойына жауапкершілік пен ерік күш сезімдерін сіңіріп, дамуларына аса

мән беру болып табылады. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды жүзеге асыру үшін олардың шығармашылық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруына тікелей байланысты болады. Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін ізденушілік жұмыстарды ұйымдастыру бастауыш сыныптардан бастау алу қажет.

Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Бастауыш білім берудің мақсаты кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау» деп көрсетілген. Аталған кең ауқымды дағдылардың бірі – оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту. Жобалап оқыту технологиясы осы мақсатқа қол жеткізу үшін тиімді құралдардың бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды дербес, белсенді зерттеу жүргізуге бағыттап, олардың ізденімпаздық, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобалап оқыту технологиясы Джон Дьюи, Уильям Херд Килпатрик сияқты ғалымдардың идеяларына негізделген. Бұл әдістің басты ерекшелігі – оқушыларға нақты өмірден алынған мәселелерді шешу тапсырмаларын беру. Оқушылар осы тапсырмалар бойынша зерттеу жүргізіп, өз шешімдерін ұсынады. Мұндай тәсіл оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, алған білімін практикада қолдануына көмектеседі.

Жобалап оқыту технологиясының басты артықшылықтары төмендегідей:

- Оқушылардың жеке қызығушылықтарына сәйкес жобалар жасау мүмкіндігі;
- Ұжымдық жұмыс арқылы әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
- Оқушылардың өз білімдерін дербес зерттеулер арқылы толықтыруы;
- Ізденіс, бақылау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерінің дамуы.

Зерттеушілік дағдылары – адамның өз бетінше жаңа білімді іздеу, табу, талдау және оны тиімді қолдану қабілеттерін қалыптастыратын маңызды құралдар жиынтығы. Бұл дағдылар әсіресе білім беру саласында ерекше мәнге ие. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту олардың оқу процесінде белсенді әрі дербес болуына, сонымен қатар өмірлік мәселелерді шешуде тиімді әдістерді қолдана білуіне жағдай жасайды. Зерттеушілік дағдыларын дамыту мынадай бірнеше негізгі себептерге байланысты маңызды:

1. Сыни ойлауды дамыту: Зерттеу барысында оқушылар әртүрлі ақпарат көздерін талдауға және бағалауға үйренеді. Бұл олардың сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Оқушылар ақпараттың дұрыстығын тексеріп, оның негізділігіне күмән келтіруді және жаңа көзқарастар қалыптастыруды үйренеді. Сыни ойлау қабілеті оқушыларға өз пікірін дәлелдеу және өз шешімдерін негіздеуге көмектеседі.

2. Танымдық қызығушылықты арттыру: Зерттеу дағдыларын дамыту оқушылардың табиғи қызығушылығын оятып, олардың жаңа нәрселерді үйренуге деген ынтасын арттырады. Зерттеу барысында оқушылар өздерінің қызыққан тақырыптары бойынша ізденеді, бұл білім алуды шынайы, мәнді және қызықты процесс етеді.

3. Өзін-өзі дамыту және дербестік: Зерттеу жұмыстары оқушыларды дербес ойлауға және өз бетімен жұмыс жасауға баулиды. Олар білімді тек мұғалімнен немесе дайын материалдардан ғана алмай, өздігінен іздену арқылы білімдерін толықтырады. Бұл оларға өз бетінше шешім қабылдауға және жауапкершілікті сезінуге үйретеді.

4. Мәселелерді шешу қабілеттерін дамыту: Зерттеу процесі барысында оқушылар мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын іздестіреді. Бұл олардың проблемаларды шешу қабілеттерін дамытады және шығармашылық ойлауға ықпал етеді. Мәселені жан-жақты қарастырып, оны шешудің бірнеше жолын ұсыну оқушылардың креативтілік қабілеттерін арттырады.

5. Ақпараттық сауаттылық: Зерттеу барысында оқушылар ақпаратты іздеудің, оны тиімді пайдаланудың және дұрыс қорытынды жасаудың жолдарын үйренеді. Бұл олардың ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеріп, заманауи технологияларды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамда бұл дағды өмір бойы маңызды болмақ.

6.Коммуникациялық дағдыларды дамыту: Зерттеу нәтижелерін таныстыру және қорғау оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамытады. Олар өз зерттеулерін ауызша немесе жазбаша түрде жеткізіп, өз ойларын дәлелдей білуге үйренеді.

Бастауыш сыныптарда жобалап оқыту технологиясын қолдану арқылы қарапайым және қызықты жобалар ұйымдастыруға болады. Мысалы:

- *Жергілікті экология жобасы:* Оқушылар өз мектеп ауласындағы өсімдік пен жануар түрлерін зерттеп, олардың қоршаған ортаға әсерін талдайды;
- *Тарихи тұлғалар зерттеуі:* Оқушылар өз елінің белгілі тұлғаларының өмірі мен еңбектері туралы ақпарат жинақтап, олардың рөлін зерттейді.

Қорыта келе, жобалап оқыту технологиясы бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытуда аса тиімді құрал. Оқушылар жобалар арқылы нақты мәселелерді шешіп, өздігінен зерттеулер жүргізеді, бұл олардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауын дамытады. Зерттеушілік дағдыларды игеру болашақта оқушылардың кез келген салада табысты жұмыс істеуіне негіз болады.

**Әдебиеттер:**


1. Савенков А.И. Детское исследование как метод обучения старших дошкольников: Учебно-методическое пособие. М., 2007.
2. Обухов А.С. Исследовательская деятельность учащихся: Научно-методический сборник в двух томах. – М., 2007
3. Жексенбаева Ү.Б. Оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2005.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. – Алматы, 2018.

**ӘОЖ 376**

# ИНТЕЛЕКТІСІ ТӨМЕН БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ - ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

**Тұрмаханова С.Ә.**
П.ғ.к.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Резюме

*В статье рассматривается история развития детей с низким интеллектом и благоприятные условия, способствующие правильному развитию, проводимая с ними коррекционно-развивающая работа.*

Summary

*The article examines the history of the development of children with low intelligence and favorable conditions that contribute to proper development, and the correctional and developmental work carried out with them.*

Кез-келген мемлекеттің өркендеуі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі және денсаулығымен бағаланады.

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық қолдау» туралы заңы дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған [1].

Интелектісі төмен балалар-белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған ауруларды немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене немесе психикалық кемістігі бар балалар.

Интелектісі төмен балалар тәрбие ісінде, оқытуда көптеген қиындықтар келтіреді. Әдетте, кемістігі бар бала оқыл-ой өсуінің бұзылуы оның организмі жаңадан қалыптаса бастаған кезде пайда болады. Балалардың өсіп-дамуы бұзылған кезде алуан түрлі ауытқушылық болатындықтан, аномальды балаларды зерттеу қиын түседі. Бұзылудың қандай түріболмасын баланың өсіп-дамуына өз тарапынан ерекше әсер етеді.

Интелектісі төмен балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін зерттейтін, сонымен қатар оларды оқыту және тәрбиелеу заңдылықтарын белгілейтін –дефектология ғылымы [2]. Ғылыми таным саласы ретінде дефектологияның зерттеу негізіне кемтар балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселелері алынады. Ерте кезде де кемтар балаларға әлеуметтік мәселе ретінде қарап, көңіл бөлген. Балалардың қоғамдық орнын (жағдайын) белгілейтін барлық заң ережелерінде, Рим правосында, Юстиниан кодексінде кемтар балалар жөнінде айтылып, олардың қоғамдық жағдайы белгіленеді. Киев Русінің негізгі (мемлекеттік қағидалар жинағы) кітаптарында, Москва мемлекетінің «Жүз тарауында» («Стоглавасында») кемтар балалардың қоғамдағы орны ерекше бұйрықтарымен шектелді.

Интелектісі төмен балалар қай кезде де философиялық ойға негіз болып келеді. Сондықтан да философтар, егер баланың құлағы есітпесе, көзі көрмесе,

дұрыс сөйлемесе оның дүниені, өзін қоршаған ортаны танып білуі қалай өтеді деген мәселемен шұғылданады.

Лев Семенович Выготскийдің баланың психикалық дамуының негізгі заңдылықтарын анықтап көрсеткен: баланың біркелкі дамымау, бала кезеңіндегі өзгерістер туралы заңдар т.б. сонымен қатар Выготский кем дамыған баланың әлеуметтік реабилитация негіздерін құрастырып ғылыми тұрғыда дәлелдеген [3]. Кемістікке деген көзқарастың өзі Л. С. Выготский бойынша динамикалық түрде болу қажет. Л. С. Выготский бірінші және екінші кемістік деген ұғымдарды енгізіп интеллект пен аффектінің бірлігін айқындады. «Баланың жақын арадағы және актуальды даму аймағы» деген ұғымды белгілеп оған түсінік берді [3].

Интелектісі төмен балаларды тәрбиелеу мен оқыту – күрделі әлеуметтік және педагогикалық мәселе. Бұл мәселелер осындай балаларды мүмкіншіліктеріне қарай, қоғамдық өмірге пайдалы, белсенді, өз беттерінше өмір сүре алатындай дайындау мақсатындағы негізгі сұрақтарды шешуге көмектеседі.

Іс-әрекет – жеке адамның негізгі әлеуметтік қызметіболғандықтан бұл ғылымды жан-жақты зерттеу кеміс балалардың әлеуметтік бейімделуіне, жүйе мөлшерін, қоғамның мәнділігін және ережелерін саналы түрде меңгеруге, өмір жағдайы мен еңбекке баулуларына, бейімделулеріне септігін тигізеді.

Дамудағы кемістік, яғни, физикалық, немесе психикалық жетіспеушілік, баланың қалыпты дамуындағы бұзылулар тек қана жағымсыз белгілердің болуын білдірмейді. Интелектісі төмен балалардың дамуындағы кейбір жағымды беталыстарды да терістемейді, ол тәрбиелік жағдайлардың сәйкестігіне байланысты және баланың қоршаған ортаға үйренуінің қорытындысы болып табылады.

Сонымен, көзі көрмейтін баланың естуі, иіс сезуі, түйсіну және жылу сезгіштік қасиеттері ұлғая түсіп асқынады, бұл қасиеттер баланың кеңістікте хабардар болуына септігін тигізуші рөлін атқарады. Саңырау бала қозғалысты сезеді, әуенді вибрациялық сезім арқылы жетілдіріледі. Баланың физикалық және психикалық дамуындағы бұзылу ерекшеліктері барлық жетілу процесіне, ақыр соңында дүние танымындағы әрекеттеріне тигізеді. Сонымен катар, психикалық, физикалық дамудағы кемістіктер баланың айтарлықтай өзгеше қалыптасуына әкеліп соғады [4].

Интелектісі төмен балаларды арнайы оқыту, тәрбиелеу жағдайында олардың биологиялық кемістіктері білінбей қалады. Атап айтқанда, осы концепция дефектологияның әдістемелік негізін құрайды. Аномальдық кеміс дамудың сапалық өзгешелігін тану әдістері мен принциптері дефектологияда зерттеу құрал болып табылады.

Интелектісі төмен балаларды тәрбиелеу – дефектологияның негізгі бір ұғымы болып табылады және баланың жалпы жетілуінде (құрбылармен, үлкендермен қарым-қатынаста араласуында, адам, жеке тұлға болуында) зор маңызы бар.

Интелектісі төмен балаларды тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері педагогиканың жалпы принциптерімен анықталады – белсенді, қоғамға пайдалы адам тәрбиелеу, адамгершілік, сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастыру, осның

барлығы жеткілікті әдістердің мөлшерімен, құралдармен, дефектология құрылымына сәйкес дәрежелермен іске асырылады.

Интелектісі төмен балаларды тәрбиелеу, жанұя және мектеппен тығыз байланыста жүреді, өзара түсіністік, бір-біріне көмек көрсету, тәртіпті талап етуді орынды үйлестіре отырып, тәуелсіздігін қалыптастыру, өзіне -өзі қызмет ету дағдыларын, еңбек пен мәдени, мінез-құлықтарына бағытталып жүргізіледі. Кеміс балалардың белгілі бір қасиеттерін, көз қарастарын, сенімін қалыптастырумен қатар, ақыл- қабілеті, сана-сезімдері, ой еңбегі, өнегелік, эстетикалық, тәрбиелік сұрақтарға байланысты нақтылы бір тәрбиелік міндеттерді шешу қарастырылады.

Интелектісі төмен балаларды оқыту және жетілдіру (дамыту) – бұл білім берудегі және меңгерудегі іс-әрекет дағдыларын, еңбекке және өмірге тәрбиелеудегі негізгі құрал, мақсаттық процесс болып табылады [5].

Интелектісі төмен балаларды оқыту барысында білім беру және тәрбиелеу мақсаттары көзделеді. Оқыту әдісі мен жүйесін таңдау барысында, міндетті түрде, кемтар баланың жасы, қай уақыттан бастап кемістігі пайда болғаны ескеріледі. Есту қабілетін жоғалту (тілі шығып үлгерді ме) немесе көру қабілетін жоғалту уақытын білу бұрынғы көрген заттары есінде сақталды ма, өте маңызды болып табылады. Тәрбиелеу және оқыту – жетілдіру, даму сипатын алу қажет, кеміс балалардың потенциалды мүмкіндіктері, қызметтері қалыптасады, өз бетінше еш нәрсе істей алмайды, ал, мұғалімнің көмегімен іске асырады.

Л.С.Выготскийдің қағидасына сүйене отырып, жуық арадағы актуалды зонасын білу, кеміс баланың өзінде болған мүмкіншілігімен ғана емес, оның психикалық даму болашағын, перспективасын анықтайды [3].

Оқыту процесі, жақын арадағы аймағын актуалды жетілуіне жағдай жасауы қажет, етпей, алдында тұрған тапсырмаларды өз бетімен шешуі қажет.

Бұл – оқыту мен дамытудың ішкі өзара байланысын құрастырады, сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған оқыту, психикалық қызметінің қалыптасуына сүйене отырып, дамуына әкеледі. Еңбекке үйрету және тәрбиелеу арнайы дидактиканың негізгі мәселесі болып табылады. Арнайы мектептерде еңбек ерекше маңыз алады, өмір сүруге ғана үйретіп қоймайды, сонымен қатар, мамандық игеруге үйретеді.

Интелектісі төмен балаларды түзету-дамыту жұмыстарын дұрыс дамуына ықпал ететін қолайлы жағдайлар:

- оқыту және тәрбиелеу жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуы, арнайы әдістер мен ережелерді қолдана отырып, тәрбиелік жұмыстар жүргізу;
- оқыту мен еңбекті байланыстыра отырып, балалардың ақыл-есінің және денесінің өсуіне жан-жақты үйлесу гармониялық қалыптасуы принциптеріін қолдану;
- балалар ұжымында, мұғалімдер, оқушылар арасында дұрыс қарым-қатынас жасай білу;
- балалардың оқу тәртібі мен еңбек процесін дұрыс ұйымдастыру, оқу тапсырмаларының шамадан артық болмауын ескерту;
- оқушыларды оқыту әдістерін түрлі формада алмасып отыруы, олардың белсенділігімен өз бетіндік қабілеттерін жоғарылатуға бағыттау;

-әртүрлі техникалық құралдары, арнайы жабдықтар жүйесін кеңінен қолдану, балалардың мүмкіншілігіне қарай оқу-құралын оптималды қолдану.

Интелектісі төмен балалардың дамуында алғаш кемістік маңызды роль атқармайды, керісінше, кемшіліктің екінші әлеуметтік салдары, оның әлеуметтік-психологиялық орындалуы маңызды роль атқарады.

Интелектісі төмен баланы оқытып, тәрбиелеу үшін, оның даму заңдарын білу керек. Сондықтан оны оқытып, үйрету процесі бізде өзара байланысты екі жүйеден – ғылым негіздері ілімімен қаруландырудан, баланың өсіп-дамуын толықтырудан тұрады.

Интелектісі төмен балаларды дамыту, оқыту, тәрбиелеу жан-жақты бағытта жүргізу дефектологияның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Интелектісі төмен медициналық және психология ғылымдарының дамуы, олардың зерттеулерінің нәтижелері мүмкіндіктері шектеулі балалардың даму ерекшеліктерін түсінуге көп септігін тигізеді. Кемістіктердің түрлерін және олардың себептерін талдап, әсерін анықтап, жіктеуге, топтастыру үшін үлкен ғылыми жұмыстар дефектология ғылымының дамуына өз әсерін береді.

**Әдебиеттер**

1«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық қолдау» туралы Заңы, 2002ж.

2 Лапшин В.А. Пузанов Б.П. «Основы дефектологии». -М., 1990.

3 Выготский Л.С. “Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы”.-М., 1999.

4 Нурманбетова У.Е. Мүмкіндіктері шектеулі балалар: интеллектуалды даму кемістіктері. Қарағанды, 2003.

5 Тебенова К.С. Дамуында ауытқулары бар балалар. Қарағанды, 2003.

ӘОЖ 376.37

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СӨЙЛЕУДІҢ ДЫБЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Акилбаева Гулнар Исламовна ф.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қаазақстан
**Масалиева Жанар Амалбаевна ф.ғ.к.**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қаазақстан

Резюме

*В данной статье рассматриваются вопросы формирования звуковой культуры речи у дошкольников через национальные ценности,пути обучения правильному произношению казахских звуков.*

Summary

*This article examines the issues of the formation of the sound culture of speech in preschoolers through national values, ways of teaching the correct pronunciation of Kazakh sounds.*

Қазіргі кезде жас ұрпаққа білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындай отырып, ұлттық сананы қалыптастыру педагогика ғылымының басты мәселесіне айналған. Бүгінгі жалпыәлемдік жаһандану жағдайында әр халық өзінің ұлттық ерекшелігін, тілін, бітім-болмысын сақтап қалуға әрекеттенуде. Бұл үрдіске қол жеткізудің ең тиімді жолы - ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарды пайдалану болып табылады. Ұлттық құндылықтарға ғасырлар бойы жинақталған халықтың әдеби-мәдени мұралары мен рухани дүниелері жатады. Олай болса, аталған құндылықтарды оқу процесінде жас ұрпақтың бойына сіңіріп, ұлтжандылыққа, отаншылдыққа, салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелей отырып, балалардың сөйлеу мәдениетін де қалыптастыруға болады.

Ал сөйлеу мәдениетін игеру - баланың сәби жасынан бастап бірте-бірте жетілетін процесс. Сондықтан баланың тілін дамыту, дыбыстық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары отбасынан басталып, балабақша мен мектептерде жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Тіл дыбыстарын дұрыс, таза айту, әсіресе қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстай білу – дыбыстық мәдениетті игерудің басты қадамы. Дыбыстарды дұрыс айту баланың дұрыс естуі мен фонематикалық қабылдауының толық жетілуіне байланысты болмақ.

Ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей, дыбыстық мәдениет пен сөйлеу дағдылары тілдік бірліктерді белгілі бір заңдылыққа сүйеніп қолданылатын лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік нормаларға бағынады. Бұл мәселе жайында тілтанушы ғалым Рәбиға Сыздық былай дейді: «Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы» [1]. Демек, әрбір тілдің өз табиғатынан пайда болатын табиғи нормалар ғана тілдің болмысын сақтап тұра алады. Ауызекі сөйлеуде табиғи әрі тарихи осындай нормаларды сақтасақ, тілдің табиғаты бұзылмайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу жұмысы балалардың сөздік қорын молайту, сөйлеудің грамматикалық жағын дамыту, байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, балаларды оқуға және жаза білуге үйрету жұмыстарымен де тығыз байланысты.

Балалардың физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктеріне қарай сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жылдан-жылға күрделене түседі. Мәселен, мектепке дейінгі кіші жаста тіл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастырсақ, мектепке дейінгі үлкен жаста сөйлеуді дұрыс қабылдауды дамытуға, фонемалық қабылдауды жетілдіруге, анық дикцияны қалыптастыруға, мәнерлі интонациялық құралдарын дамытуға көңіл аударатын боламыз.

Балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуі олардың сөйлеу аппаратының толық жетілуіне байланысты. Осы бағытта мынадай жұмыстар жүргізу керек: барлық топтарға (кіші, естияр және ересек) сөйлеу мүшелерінің қызметін жетілдіретін артикуляциялық жаттығуларды үздіксіз жүргізіп отыру; алдымен дауысты, содан кейін дауыссыз дыбыстарды, мектепалды даярлық тобына келгенде барлық дыбыстарды, әсіресе қазақтың төл дыбыстарын: ә,ө,і,ү,ұ,қ,ғ,ң,h анық айтқызу бойынша жүргізілетін жаттығулар, сөйлем ішінде дыбыстарды дұрыс айтуды бекіту жұмыстарын жүргізу.

«Жаттығу жұмыстарын жаздыру, ережені жаттату, диктант жазғызу арқылы пәнді оқыту әдістері қазір өзектілігін жоғалтқан. Бұл дегеніміз – оқушы сауаттылығын арттыру бұрынғыдан да қиындай түседі деген сөз. Естіген дыбысты жазу түгілі қазір «н» мен «ң» дыбыстарын жазуда да, айтуда да ажырата алмайтын оқушылар толып жатыр... Сондықтан да жаңа емле ережесінде жазу мәдениеті жақсара түсу үшін қазақ тілінің табиғатын сақтауға мүмкіндік беретін басты принцип ретінде фонематикалық принципті басшылыққа алғаны дұрыс деп ойлаймын».- дейді Б. Ысқақова [2].

Қазіргі кезде қазақ тіліне тән «ң» дыбысы сөйлеу тілінен мүлдем шығып бара жатыр деуге болады. Өйткені жастардың көпшілігі бұл дыбысты айта алмайды, кейбірі тіпті айтқысы келмейді. Жаңа, жаңағы деген сөздерді жана, жанағы деп айту белең алып бара жатыр. Жазба жұмыстарында да көпшілік балалар «ң» мен «н» әрпін ажырата алмай жатады. Бұл дыбыс қазақ тілінен өзге тілдерде жоқ. Ол біздің тіліміздің негізгі ерекшелігін көрсететін дыбыс. Сондықтан төл дыбыстарымызды дұрыс айтуға балабақшадан бастап көңіл бөлген дұрыс.

Мысалы, «ң» дыбысын қалыптастыруға байланысты жаттығулар:

Алдымен тәрбиеші дыбыстың артикуляциясын түсіндіреді де, дыстап көрсетеді. «Ң» дыбысы дауыссыз, үнді, мұрын жолды болып келеді. Оны айтқанда сөйлеу мүшелерінің әрекеті мынадай қалыпта болады: үстіңгі тіс пен астыңғы тістердің арасы белгілі бір қашықтықта ашық болады. Тіл артқа шегінеді, ұшы төмен түседі де, тілдің түбі артқы жұмсақ таңдайға жабысып тұрады. Кішкене тіл ауыз жолын жабады да, ауа мұрын жолы арқылы сыртқа шығады.

Сөз құрамында «ң» дыбысы кездесетін сөздерді айтуға тапсырма беріледі. Балалар бірнеше сөздерді айту керек. Мыслы: жаңа, жаңыл, жеңіл, жеңіс, теңге, жеңге, еңбек т.б.

Содан кейін «ң» дыбысын жаттықтыру мақсатында тақпақтар айтқызады:

«Дың-дың» - қоңыраумын,
«Дың-дың» - соғыламын.
«Дың-дың» - қағыламын
Мектептен табыламын.

Тақпақты «ң» дыбысын қаттырақ айтып, бірнеше бала қайталап шығуы тиіс. Балалар тақпақты мәнерлеп, нақышына келтіріп айтып шығады. Енді жылдам айтуды талап ететін және жылдам айта отырып, жаңылмай анық айтуға үйретететін жаңылтпаштар айтуға көшеді.

Тіл жаттықтырудың тиімді әдісі – жаңылтпаштар. Кіші және орта топтың балаларына жаңылтпаш айту қиынға соғады. Оны жоғары топтарға қолдануға болады. Алдымен тәрбиеші «ң» дыбысына байланысты жаңылтпаштарды асықпай, анық етіп айтады, ондағы жаттықтыруды қажет ететін «ң» дыбысын қаттырақ айтып, балалардың назарын сол дыбысқа аударады. Орташа дауыспен бірнеше рет қайталап айтады, содан кейін жылдам жаңылмай айта бастайды және балаларға қалай тез әрі жаңылмай айтуға болатынын түсіндіреді. Соңынан балалармен бірлесіп, бірнеше рет топпен қайталайды. Осы процесс аяқталған соң, балаларға жеке-жеке айтқызуға болады:

Жайманы Жаңыл жамылсын ба,
Жаңылсын жамылсын ба?
Жаңылсын жамылсын,
Жаңыл жамылсын.

«Ң» дыбысының қазақ тіліндегі маңызы туралы қазақ ғалымдарының құнды пікірлері бар. Қазақ тілінің негізгі ерекшелігін көрсетуде, әуезділігін сақтауда, тілдің табиған анықтауды ол дыбыстың ерекше маңызға ие екендігін айтқан қазақ ғалымдары тіліміздің төл табиғатын сақтап қалу үшін куресу керек екендігін айтады.

«Дауыссыз «ң» дыбысының қазақ тілінің жіктелім кестесінде өз орны бар, дыбыстың толық анықтамасын академиялық еңбектерден табуға болады. Өкінішке қарай мектепке, тіптен жоғары оқу орындарына, арналған оқулықтарда дыбыстың жасалымы (артикуляциясы) жаңсақ түсіндіріліп жүр. Егер оқу-әдістемелік құралдарда «ң» дыбысының шынайы анықтамасына жете мән берілмесе, болашақта «ң» дауыссызы жойылып кетуі мүмкін немесе «нг» болып шыға келуі де ғажап емес. Туысқан түрік тілінің тәжірибесінен байқағанымыз, осы дыбыс арнайы таңбамен белгіленбеген соң, қазіргі ұрпақ тілінде жойылып кеткен», - дейді Ә.Жүнісбеков [3].

Сол сияқты артикуляциясы күрделі төл дыбыстарымыздың бірі – «қ» дыбысы. Оны да кіші топтан бастап балаларға ерекше таныстырған жөн. Өйткені «қ» дыбысының тіліміздің алар орны ерекше. Ұлттық тіліміздің орыс тіліне мүлдем ұқсамайтын өзіндік қадыр-қасиетін аңғартады. «Қ» дыбысы төл сөздеріміздің 30%-ның басында және өте көптеген сөздердің құрамында кездеседі. Сол себепті балабақшада «қ» дыбысын оқытуда оның артикуляциялық ерекшелігіне мән беріп, балалардың дұрыс айтуына көңіл бөлген дұрыс. Алдымен ол дыбысқа сипаттама беріледі:

«Қ» дыбысын айтқанда ерніміз ашылады, тісіміз де бір-бірінен алшақ тұрады. Тілдің ұшы астыңғы тіске жақындайды, бірақ тіске тірелмейді. Алдыңғы

және ортаңғы тілдің арқасы төмен, артқы жағы сәл жоғары көтеріліп жұмсақ таңдайға тиеді.

Тәрбиеші өзі дыбысты айтып, балаларға көрсетеді. Одан соң балалар хормен «қ» дыбысын бірнеше рет дауыстап айтады. «Қ» дыбысын байланысты жаңылтпаштар айтады:

Қырбақ қар құрғақ па,
Құрғақ қар құрғақ па?
Қырбақ қар да құрғақ,
Құрғақ қар да құрғақ.

Жаңылтпашты балалар шарты бойынша қайталап айтып шыққан соң, жұмбақтар жасырылады:

Бейғам елді іздейді,

Малдан күдер үзбейді (Қасқыр). Балалар жұмбақтың жауабын тапқан соң, қасқыр сөзі қай дыбыстан басталып тұр? Бұл сөзде «»қ» дыбысы неше рет кездеседі? – деген сұрақтарға жауап береді.

«Қасқыр мен түлкі» ертегісіне кезек беріледі. Ертегіні тәрбиеші оқиды да, балалардың түсінгенін түрлі сұрақтар қою арқылы бақылайды. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасайды. Ертегі кейіпкерлері қасқыр мен түлкінің іс-әрекетіне баға беріп, өз көзқарастарын білдіреді.

Осылайша әрбір төл дыбыстарды халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы машықтандырып, дұрыс айтуға, әдемі сөйлеуге дағдыландырып отырамыз.

Дикциямен жұмыс жасау негізінен сөзге фонетикалық екпінді дұрыс қоюмен байланысты болады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиешілер балалардың сөйлеу тілінің ерекшелігіне мән беруі тиіс. Балаларда көбіне дыбыстар мен буындарды ауыстырып айту немесе кейбір дыбыстарды мүлде айтпай тастап кету (рақмет – мақмет, балапан - бапалан), дыбыстар қосу (қияр – қилар, қызанақ – қызғанақ т.б.). Тәрбиешінің осындай ұсақ-түйек ерекшеліктерге мән беруі балалардың сөйлеудегі қателіктерін дер кезінде түзетуге көмектеседі.

Екпін дегеніміз – сөз буындарының ішінде бір буынды дауыс күшімен ерекше айту. Қазақ тіліндегі екпіннің ерекшелігі сөздердің тек қана соңғы буынына түседі. Балаларда екпін туралы түсінік болмаса да, ертегілер, тақпақтар, мақал-мәтелдерді айтқызу кезінде сөздің соңғы буынына күш түсіріп айтуға үйретіп отыру ләзім. Сонда оларды сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің алғашқы шарттары қалыптасады.

Балабақшада сөзге екпінді дұрыс қоюды меңгертумен бірге орфоэпиялық нормаларды сақтауға үйрету жұмыстары қатар жүруі тиіс. Орфоэпия - сөздерді дұрыс айту ережелерінің жиынтығы. Орфоэпиялық нормалар тілдің фонетикалық жүйесін, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің және грамматикалық формалардың дұрыс айтылуын қамтиды. Кіші топтың балалары орфоэпиялық нормаларды тәжірибелік тұрғыдан тек еліктеу арқылы ғана меңгереді. Тәрбиеші балаларға ауызша сөйлеудің үлгілерін ұсынып, олардың тіліндегі орфоэпиялық нормадан ауытқуын белсенді түрде жойып отыруға міндетті. Ал мектепалды даярлық топтарында бұл міндет ана тілін үйретудің құрамдас бір бөлігі болып саналады.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қалыптастыруда дауыс қарқыны мен сапасына да ерекше назар аударылады. Өйткені бұлар сөйлеудің жеке ерекшелігін айқындайды. Дауыс сапасы (сыбырлап немесе қатты сөйлеу, ақырын немесе тез сөйлеу) адамның жеке көңіл күйін, сезімін білдіру мәнінен ие. Барлық топтарда сөйлеудің осындай қырларына көңіл бөлген дұрыс [4].

Қорыта айтқанда, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбие құралы болып табылады. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеуде ұзақ ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, тұжырымдау түйіні бар. Ол сол халықтың ауыз әдебиетінен, әдет-ғұрпы мен дәстүрінен, жалпы мәдени мұраларынан маңызды орын алып, көрініс табады. Халық тәрбиесі – сан ғасырлар бойы сараланып, сол халықтың ой-арманымен, тыныс-тіршілігімен, ұлттық тәлім-тәрбиесімен тығыз байланыста туып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи-мәдени мұрасы. Күмбірлеген күміс күйімен, асқақтаған әсем сазды әнімен ата-бабаларымыз өзінің рухани жан дүниесін, асқақ арманын келер ұрпақтың зердесіне жеткізіп, көкірегіне ұялатып отырған. Еліміздің осындай рухани-мәдени мұраларының болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру, сол арқылы болашақ ұрпақтың тәрбиесін қамдау – бүгінгі педагогтердің алдындағы ұлы міндет.

Ұлттық құндылықтардан нәр алып, мәдени құндылық ретінде ғасырлар қойнауына еніп отыратын ұлттық тәрбие қашан да мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың негізі ұстыны болмақ.

**Әдебиеттер:**


1. Сыздық Р. Тіілдік норма және оның қалыптасуы. –Алматы: «Ел-шежіре», 2014ж.
2. Ысқақова Б. Қазақ тілінің төл табиғатын қалай сақтауға болады? https://abai.kz/post/79901 30 Қазан, 2018ж.
3. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: «Абзал-ай», 20218. -368 бет.
4. Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

ӘӨЖ 372:8:854

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ РИНОЛАЛИЯНЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Керимбекова Жанат Умирбековна[1],**
**Калыбекова Сауле Кураловна[2]**
**Мамадалиев Санжар Талибжанович [3]**
*1, 2, 3 Ғылым магистрі.*
1, 2, 3 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Педагогика» кафедрасы, Шымкент /Қазақстан.

*Резюме*

*В статье рассматривается ринолалия, которая является одной из самых сложных проблем в логопедической практике. Обсуждаются способы ее диагностики, а также способы ее устранения. Также подробно описано изучение этого расстройства известными учёными, благодаря чему в настоящее время существуют методы коррекции. У детей с врожденной расщелиной губы и неба одним из основных симптомов является нарушение тембральных особенностей голоса и произношения. Цель нашего исследования — изучение фонетического строя речи детей с врожденной расщелиной неба независимо от возраста. Фонетическое оформление речи подразумевает разборчивость звуковой речи для удобства восприятия собеседником. Коррекционно-педагогическая работа по устранению ринолалии должна строиться с учетом особенностей строения артикуляционного аппарата до и после операции.*

*Коррекционному обучению должно предшествовать тщательное логопедическое обследование. Обследование детей с ринолалией проводится комплексно логопедом и врачами различных специальностей.*

*Для развития познавательной деятельности детей с ринолалией были подобраны различные методики, помогающие в коррекции данного нарушения.Исследование проводилось в детском саду «Гаухар» для детей с тяжелыми нарушениями речи.*

***Summary***

*The article discusses rhinolalia, which is one of the most difficult problems in speech therapy practice. Methods for its diagnosis and elimination are discussed. The study of this disorder by famous scientists is also described in detail, due to which correction methods currently exist. In children with congenital cleft lip and palate, one of the main symptoms is a violation of the timbre features of the voice and pronunciation. The purpose of our study is to study the phonetic structure of speech in children with congenital cleft palate, regardless of age. Phonetic design of speech implies the intelligibility of sound speech for ease of perception by the interlocutor. Correctional and pedagogical work to eliminate rhinolalia should be built taking into account the structural features of the articulatory apparatus before and after surgery. Correctional training should be preceded by a thorough speech therapy examination. Examination of children with rhinolalia is carried out comprehensively by a speech therapist and doctors of various specialties. To develop the cognitive activity of children with rhinolalia, various methods were selected to help correct this disorder. The study was conducted in the Gauhar kindergarten for children with severe speech disorders.*

## *Кіріспе*

Сөйлеу әрекеті адам санасының барлық жақтарымен тығыз байланысты. Сөйлеу – адамның психикалық дамуының, оның тұлға ретінде қалыптасуының күшті факторы. Сөйлеудің, сана мен өзіндік сананың әсерінен көзқарастар, сенімдер, интеллектуалдық, адамгершілік және эстетикалық сезімдер

қалыптасады, ерік-жігер мен мінез қалыптасады. Сөйлеудің көмегімен барлық психологиялық процестер ерікті және басқарылатын болады.

Мектепте балалардың үйлесімді психофизикалық дамуы мен табысты оқуы үшін сөйлеуді белсенді қолданудың маңызы зор.

Қазіргі уақытта сөйлеу бұзылыстары бар балалар кеш сөйлей бастайды, жиі дыбыстарды айтпайды, сөйлеуі нашар және біркелкі, оқуда қиындықтар бар; Сөйлеу аппаратының анатомиялық және физиологиялық ақауларынан туындаған дауыс тембрінің және айтылуының бұзылуымен сипатталатын ринолалия жиі кездесетін сөйлеу бұзылыстарының бірі болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының классификациясына сәйкес ринолалия дауыстың бұзылуы ретінде жіктеледі. Бұл сөйлеудің фонетикалық аспектісінде барлық басқа патологиялық өзгерістердің дамуын тудыратын теңгерімсіз резонанс. Дауыс монотонды, мұрынды және күңгірт болады.

Ауызша қарым-қатынастың кешігуі, сөздік қорының нашарлығы және басқа да бұзылулар баланың өзіндік санасының қалыптасуына және оның танымдық белсенділігіне әсер етеді. Сондықтан ринолалиямен ауыратын балалардың танымдық белсенділігін дамыту бойынша түзету-педагогикалық жұмыс өзекті болып табылады, өйткені бұл мәселе туралы барлық білімді жүйелеу арқылы біз осы сөйлеу бұзылысы бар балалармен жұмыстың ең тиімді түзету-педагогикалық нысандарын анықтай аламыз. Бұл мәселенің әдістемелік қамтылуының жеткіліксіздігі және осыған байланысты балаларда кездесетін ринолалияны түзету үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыру тақырыптың өзектілігі болып табылады.

*Әдебиеттерге шолу*

Отандық және шетелдік әдебиеттерде сөйлеу патологиялары арасында ринолалия күрделі клиникалық формалардың бірі ретінде ерекшеленеді. Ринолалия – сөйлеу аппаратының анатомиялық және физиологиялық ақауларынан туындаған дауыс тембрінің және дыбыс айтылуының бұзылуы.

Бұрын шығу тегі және бұзылыстың сыртқы көрінісінің ерекшелігін көрсететін бұл сөйлеу бұзылыстарын белгілеу үшін «мұрындық» термині қолданылған.

О.В.Правдина ринолалия өз алдына бұзылыс деп есептейді [1, 112 б.]. В.М.Акименко мен Л.И. Вансовская оны механикалық дислалияның бір түрі деп санайды [2, 3, 202 б.].

И.И. Ермакова ринолалияны дауыс бұзылыстарының ерекше үйлесімімен және дыбыстардың дұрыс емес артикуляциясымен сипатталатын сөйлеудің тәуелсіз бұзылуы ретінде түсіндіреді [4, 64 б.]. Ипполитова А.Г. механикалық дислалиядан айырмашылығы, ринолалия дауыссыз дыбыстарды ғана емес, дауысты дыбыстарды да айтуға әсер етеді деп мәлімдейді [5, 86 б.]. Дауыс бұзылыстарынан айырмашылығы, ринолалия дауысты және дауыссыз дауыссыз дыбыстардың айтылуына әсер етеді.

Кейде ринолалия ринофония атауымен сипатталады, бұл дауыстың ерекше мұрындық реңкін көрсетеді, ал ринолалия термині дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипаттамаларының бұзылуын білдіреді.

Е.А. Соболева балалардағы ринолалияның негізгі белгілері мен себептерін атап көрстеді:

- мұрын және ауыз қуысын ажыратудың толық мүмкін еместігіне әкелетін жұмсақ және қатты таңдайдың туа біткен (сирек кездесетін) жырықтарының болуы;
- қысқа жұмсақ таңдай;
- кішкентай тілдің немесе оның бифуркациясының болмауы;
- мұрын дауысы;
- мұрын қуысын ауыз қуысынан оқшаулауға мүмкіндік бермейтін оның жұтқыншақтың артқы қабырғасымен көтерілу немесе жабылу мүмкіндігін толығымен жоққа шығаратын немесе күрт шектейтін жұмсақ таңдайдың парезінің болуы немесе салдануы;
- «мұрындағы» дыбыстардың көпшілігінің айтылуы;
- нәрестеде үнемі мұрын бітелу сезімі және т.б. [6, 93 б.].

Ринолалия түрлерінің көптеген классификациялары бар.

Т.В. Волосовец ринолалия түрлерінің классификациясын ұсынды [7, 12б.]:

1. таңдай мен жұтқыншақтың тұйықталу сипаты бойынша: ашық, жабық, аралас
2. Әсер ету уақыты бойынша: туа біткен, жүре пайда болған
3. Топологиялық белгілері бойынша: орталық, шеткі
4. Этиологиясы бойынша: органикалық, функционалды

Ашық ринолалияның жалпы белгісі: мұрын қуысына өту бір немесе басқа себептермен ашық қалады, нәтижесінде барлық дыбыстар мұрындық реңкпен (ашық мұрындық) айтылады.

Ашық ринолалия: органикалық (механикалық); туа біткен; жүре пайда болған; функционалды.

Жабық ринолалия, мұрын қуысына өтуінің әрқашан жабық болуымен сипатталады, оның ішінде мұрын дыбыстары үшін, дауыс мұрынның ағуы (жабық мұрын) сияқты күңгірт реңкке ие.

Аралас ринолалия ашық және жабық ринолалияға тән көріністердің жиынтығы ретінде байқалады.

Туа біткен ринолалия тұқым қуалайды: ананың жүктілік кезіндегі ауруы, дәрілік заттардың әсері, ата-ананың алкогольді, есірткіні, темекі шегуді қолдануы. Ол балада жоғарғы ерін мен таңдайдың жырығымен сипатталады.

*Материалдар мен әдістер*

I кезең - теориялық (ақпан-мамыр, 2023 жыл). Тақырып бойынша әдебиеттерді зерделеу негізінде мәселені теориялық дамыту жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық аппараты жасалды.

II кезең - тәжірибелік-эксперименттік (қыркүйек-қараша, 2023 жыл). Ринолалияға шалдыққан балалармен түзету жұмысының педагогикалық шарттары анықталды, оларды сынақтан өткізу және арнайы коррекциялық мекемелерінің практикалық қызметіне ендіру жүргізілді.

III кезең - қорытынды. (қазан-желтоқсан, 2023жыл). Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс деректерін жүйелеу. Нәтижелерді талдау және жалпылау, оларды сандық және сапалы өңдеу.

5-6 жастағы моторлы алалиясы бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс жағдайын зерттеу мақсатында анықтау эксперименті ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмыстар 2023 жылғы ақпан-желтоқсан аралығында жүргізілді.

Зерттеу Шымкент қаласы білім басқармасы сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған «Гаухар» балабақшасында жүргізілді. Оған ринолалияға шалдыққан 10 бала қатысты. Балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берген жолдамалары бар. ПМПК қорытындысы: 3-деңгейлі СТЖД,ринолалия.

Зерттеу келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Сөйлеу кезіндегі артикуляциялық қимылдарды зерттеу.
2. Дыбыс айтуды зерттеу.

Бұл көрсеткіштерді анықтауда ұпайлық жүйе қолданылды:

3 ұпай –тапсырманы, талапқа сай, өз бетінше орындайды

2 ұпай – тапсырманы логопед көмегінен соң түзетіп, орындайды

1 ұпай – тапсырманы тек логопед көмегінен ғана орындайды

0 ұпай – тапсырма мүлдем орындалмайды.

Тапсырманы орындау нәтижесі бойынша деңгейлер анықталды:

жоғары деңгей – 8-11 ұпай;

орташа деңгей – 3-7ұпай;

төмен деңгей – 0-2 ұпай.

1. Сөйлеу кезіндегі артикуляциялық қимылдарды зерттеу: артикуляциялық жаттығулар орындаған кездегі қозғалыстың белсенділігі, дұрыстығы.

Тапсырма түрлері:

1. Қабақты түю (ашулану).
2. Қасты көтеру (таңқалу).
3. Артикуляциялық аппараттың қозғалысына жаттығуларды орындау.
4. Артикуляциялық аппараттың тепе-теңдігіне жаттығуларды орындау.

Сөйлеу кезіндегі артикуляциялық қимылдарды зерттеу нәтижелері 1-суретте көрсетілген.

Ауызша сөйлеуде ринолалиямен ауыратын балалардың сөйлеуге дейінгі дамуының қалыпты және қалыптан тыс жағдайлары атап өтіледі. Сөйлеу моторының перифериясының бұзылуына байланысты бала қарқынды былдырлау мен артикуляциялық «ойыннан» айырылады, осылайша сөйлеу аппаратының дайындық баптау кезеңін нашарлатады. Ең типтік п, б, т дыбыстарын бала мұрын жолдары арқылы ауаның өтуіне байланысты үнсіз немесе өте тыныш айтады, сондықтан балаларда есту қабілетін күшейтпейді. Бабылдау белсенділігі бірте-бірте төмендейді.

Дыбыстардың артикуляциясы ғана емес, сонымен қатар сөйлеудің просодикалық элементтерінің дамуы да зардап шегеді.

Сөйлеудің кеш басталуы, алғашқы буындардың, сөздердің және сөз тіркестерінің ерте кезеңде пайда болуы арасындағы айтарлықтай уақыт аралығы бар, бұл оның дыбысының ғана емес, сонымен қатар оның мағыналық

мазмұнының қалыптасуына сезімтал, яғни. жалпы сөйлеу дамуының бұрмаланған жолы басталады. Көбінесе кемшілік оның фонетикалық жағының бұзылуынан көрінеді.

Артикуляциялық аппараттың шеткі жеткіліксіздігі нәтижесінде дыбыстарды шығару кезінде артикуляциялық мүшелердің құрылымында адаптивті (компенсаторлық) өзгерістер қалыптасады: тіл түбірінің жоғары көтерілуі және оның ауыз қуысының артқы аймағына ығысуы. ; еріндік дауысты дыбыстарды, ерін-ерін және ерін-жыныс дауыссыз дыбыстарды айту кезінде еріннің жеткіліксіз қатысуы; тіл түбірі мен көмейдің шамадан тыс тартылуы; бет бұлшықеттерінің кернеуі.

Ауызша сөйлеудің фонетикалық құрылымының ақауларының ең маңызды көріністері мұрын резонаторының қосылуына байланысты барлық ауызша сөйлеу дыбыстарының бұзылуы және дыбыстың аэродинамикалық жағдайларының өзгеруі болып табылады. Дыбыстар мұрындық болады, яғни дауыссыз дыбыстарға тән реңк өзгереді.

Сонымен қатар, кейбір дауыссыз дыбыстардың ерекше бояуы (көбінесе артқы таңдай дыбыстары) фарингальды резонатордың қосылуына байланысты анықталады. Компенсаторлық құрал ретінде фарингализация, яғни жұтқыншақтың қабырғаларының кернеуіне байланысты қосымша артикуляция орын алады.

Сондай-ақ, көмей қуысында қосымша артикуляция (глоттализация) құбылыстары бар, бұл сөйлеуге ерекше «сырт» дыбысын береді.




Сурет 1. Сөйлеу кезіндегі артикуляциялық қимылдарды зерттеу нәтижелері

2. Дыбыс айтуды зерттеу.

Тапсырма: Дыбыстарды қайталап айту: оңаша айту, сөзде мен сөз тіркесінде, сөйлемде.

Нұсқау: а) Логопедтен кейін қайталау.

б) Суреттегі заттын атын атау.

Дыбыс айтуының жағдайын тексеру Г.Б. Ибатованың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған Шдеңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарында келтірілген [8, 52 б.]. Сөйлеудің дыбыстық жүйесінің қалыптасу кезеңінде ерекше дыбыстық бұрмаланулар байқалады: тұйықталу жұтқыншақ деңгейінде жүзеге асырылады, ал фрикативті дыбыстар көбінесе

белсенді, қалыптаспаған мұрын дем шығаруын білдіреді. Жұтқыншақтың артикуляцияға қатысуын тыңдаушы «сырт еткен» дыбыс ретінде қабылдайды және жұтқыншақтың артқы қабырғасының белсенді қозғалысы нәтижесінде пайда болады.

Жұтқыншақтың атипикалық компенсаторлық артикуляциялары тілдің түбірі жұтқыншақ қабырғасына жақындаған кезде пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың ішінде ауызекі дыбыстарды алмастыратын /м/, /н/ басым. Алғашқы сөздердің құрылымы деформацияланған, көптеген балалар тек дауысты дыбыстарды және дыбыстық мұрын дыбыстарын пайдаланады, ал сөйлеу «дауысты». Дыбыс айту жағдайын зерттеу нәтижелері 2-суретте көрсетілген.

Сурет 2. Дыбыс айтуды зерттеу нәтижелері

*Нәтиже мен талдау*

Зерттеудің гипотезасы ринолалиясы бар балалармен логопедиялық жұмыстың тиімділігін болжау болып табылады, оның критериі айтылу қалыптасады, баланың даму әлеуетін анықтайтын биологиялық факторларға - денсаулық көрсеткіштеріне ғана байланысты емес. Әлеуметтік факторлардың сапасы маңызды - денсаулыққа байланысты көрсеткіштер, оның ішінде нәресте кезінен білікті логопедиялық көмек, ата-аналардың саналы қатысуы және олардың сөйлеу тілін дамытуға әсер ететін кейбір патологиялық белгілердің алдын алуға мүмкіндік беретін құзыреттілігінің жетілуі.

Ринолалиясы бар балалардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдану оқу іс-әрекетінде қалыптасатын бала тұлғасының маңызды сапасы болып табылады.

Түзету жұмысының міндеттері: ауызша дем шығаруды қалыпқа келтіру, ұзаққа созылатын ауызша ауа ағынын өндіру, артикуляциялық аппаратты белсендіру; барлық дыбыстардың дұрыс артикуляциясын дамыту; мұрынның дауыс тонусын жою; дыбысты ажырату дағдыларын дамыту; сөйлеудің просодикалық аспектісін қалыпқа келтіру; қарым-қатынаста игерілген сөйлеу дағдыларын автоматтандыру; фонематикалық қабылдауды түзетуге арналған жүйелі жаттығулар; морфологиялық жалпылауларды қалыптастыру; ринолалияны жеңу; байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру.

Ринолалияны жою бойынша түзету-педагогикалық жұмыс операцияға дейін және одан кейінгі артикуляциялық аппараттың құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып салынуы керек.

Түзету жаттығулары алдында мұқият логопедиялық тексеруден өту керек. Ринолалиясы бар балаларды логопед пен әртүрлі мамандықтағы дәрігерлер жан-жақты тексереді.

Зерттеу кезеңдері:

Барлық жұмыс дайындық және негізгі екі кезеңді қамтиды.

1. Дайындық кезеңі.

Мақсаты: жұмысқа деген дайындықты қалыптастыру, сенімділікті арттыру, фонематикалық қабылдауды және өзін-өзі бақылауды дамыту.

2. Негізгі кезең.

Мақсаты: ринолалияны түзету бойынша жұмыстар.

Әдістері: фронталдық және жеке логопедиялық сабақтар.

Бірінші кезеңде келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

Сөйлеуге еліктеуді бекіту;

Есту функцияларын дамыту;

Есту-сөйлеу ырғағы бойынша жұмыс.

Бұл тапсырмаларды орындау үшін арнайы ойын жаттығулары қолданылады.

Ринолалиясы бар балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін осы бұзылысты түзетуге көмектесетін әртүрлі әдістер таңдалды .

1. Г.Гутцманның әдісі [9, 68 б.].

Мақсаты: ринолалиядағы мұрындық реңкті түзету.

Жұмыс барысы: ринолалияны жою үшін артикуляция, тыныс алу жаттығулары, жалпы дене жаттығуларын орындау. Пассивті жұмысты орындау – жұмсақ таңдайдың массажы, қолмен вибратор көмегімен діріл массажы. Белсенді әрекеттер сөйлеу жаттығулары болып табылады.

Бұл әдіс мұрын қысқышын қолданып, таңдай-жұтқыншақ жабу жаттығуларын қамтиды. Сөйлеу жаттығуларының негізі - дыбысты жоғарылату кезінде дауысты қолдану. Сөйлеу жаттығуларын дыбыстардың тіркесімін айтуға жаттықтырудан бастау ұсынылады [апа].

Бұл жағдайда бірінші дыбыс қалыпты жоғары және күшті дауыспен айтылады. Ал [па] күштірек және екінші [а] дыбысы ерекше күшпен және жоғары дауыспен итерілгендей көрінеді. Басқа дауысты дыбыстың айтылуы да осылай жаттығады. Бірте-бірте олар тәжірибелі дыбыстарды мұрын қысқышсыз айтуға көшеді. Өмір бойы бұл жаттығулар күнделікті орындалады.

2. А.А.Ипполитованың әдістемесі [10, 97 б.].

Мақсаты: фонематикалық сөйлеудің дамымауын дамыту.

2 кезеңді қамтиды

- операция алдындағы;
- операциядан кейінгі.

Жұмыстың барысы операция алдында тыныс алу, артикуляциялық жаттығулар жасалып, тілдің артикуляциялық негізі дайындалады. Операциядан кейін ол мыналарды қамтиды: ингаляция және дем шығару түрлерін ажырату

кезінде сөйлеу тынысын қалыптастыру; дауысты дыбыстарды алдымен дауысты қолданбай, сосын дауыспен жаттықтыру; жұмсақ дыбыстардың қалыптасуы.

Ринолалияда таңдай өзіне тән сөйлеу функцияларын орындамайды. Ол белсенді емес және мұрын қуысын ауыз қуысынан оқшауламайды. Оған икемділік пен ұтқырлық беру, сондай-ақ операциядан кейін қалған тыртықтарды илеу үшін алғашқы күндерден бастап таңдайға массаж әдістерін қолдану керек: таңдайдағы тігіс сызығы бойымен тіндерге мезгіл-мезгіл қысым жасау арқылы қозғалыстар жасау, тыртық тінін илеу; жеңіл сипау қозғалыстарын жасау, иннервацияны қоздыру үшін оған жеңіл соққылар жасау.

Логопед маманның алдында келесі міндет тұр: таңдай-жұтқыншақтың жақсы қозғалғыштығына қол жеткізуі, оның жұмысын сезінуі және оны басқара алуы керек. Ол үшін оның қимылдарын басқару қабілетін дамыту керек. Бақылауды балада таңдай пердесінің қозғалысынан (оны көтеру және түсіру) айқын кинестетикалық сезімдер пайда болған кезде ғана жүзеге асыруға болады. Бұл сезімдерді дамыту үшін ринолаликтің назарын жұтыну, шайнау, жөтелу және т.б. әрекеттерінде таңдай қозғалысына аудару керек. Сонымен бірге тыныс алуды, сөйлеу аппаратының гимнастикасын, дауысты және дыбыстарды шығаруды бастау керек.

Логопедиялық массаж

Артикуляциялық бұлшықеттердің ынталандырушы массажы

Артикуляциялық бұлшықеттердің босаңсытатын массажы

Логопедиялық массаждың мақсаты, көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері және шарттары

Тіл бұлшықеттеріне массаж жасау

Мектеп жасына дейінгі балалармен логопедиялық жұмыста дамыту массажы

Логопедиялық массаж – сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарын түзетуде қолданылатын коррекциялық-педагогикалық әсер ету әдістерінің бірі. Бұл дыбыстың айтылуын түзетудің дәстүрлі емес және тиімді әдісі, өйткені Логопедиялық массаж сөйлеудің айтылу жағын қалыпқа келтіруге көмектеседі, дауыстың күйін, сөйлеу тынысын жақсартады, сөйлеу бұзылыстары бар адамның эмоционалдық жағдайын қалыпқа келтіреді. Логопедиялық массаж сөйлеу бұзылыстарынан зардап шегетін балаларды, жасөспірімдерді және ересектерді оңалтудың кешенді медициналық-педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Массаж дизартрия сияқты сөйлеу бұзылыстары диагнозы бар адамдармен логопедиялық жұмыста қолданылады, соның ішінде оның өшірілген формалары, ринолалия, дауыстың бұзылуы және кекештену.

Жалпы алғанда, массаж бұлшық ет тонусының бұзылуы бар барлық жағдайларда түзету-педагогикалық жұмыста қолданылады.

Көбінесе массаж сөйлеу терапиясының тиімділігінің қажетті шарты болып табылады.

Сөйлеу бұзылыстарынан зардап шегетін адамдармен түзету-педагогикалық жұмыстың практикалық тәжірибесі көрсеткендей, логопедиялық массажды қолдану түзету жұмыстарының уақытын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді, әсіресе сөйлеудің айтылу жағын қалыптастыру.

Логопедиялық массажды қолданудың арқасында бұлшықет тонусының бірте-бірте қалыпқа келуіне әкеледі, дыбыстардың нормативтік айтылуын қалыптастыру кейбір жағдайларда өздігінен пайда болуы мүмкін. Егер студентте ауыр неврологиялық белгілер болса, тек логопедиялық массажды қолдану, әсіресе түзету жұмыстарының бастапқы кезеңдерінде оң нәтиже бере алады.

Логопедиялық массаждың әртүрлі әдістері бар. Ең танымал - Е.А. және зонд массажы Новикова Е.В.

Зонд массажының мақсаты - сөйлеу моторикасын қалыпқа келтіру, демек, айтылу.

Әдіс арнайы зондтар жиынтығын пайдалана отырып, тілдің, еріннің, беттің, беттің және жұмсақ таңдайдың бұлшықеттеріне арнайы массаж жасауға негізделген. Айтылым кемшіліктерін жоюдың уақыты сөйлеу ақауының ауырлығына, баланың жасына және жеке ерекшеліктеріне байланысты. Сабақтардың жүйелілігі, ата-аналардың түзету жұмыстарына қатысуы сияқты факторлардың маңызы зор.

*Қорытынды*

Ринолалияның не екенін теориялық аспектіде зерттей келе, бұл сөйлеу аппаратының анатомиялық және физиологиялық ақауларынан (жарық таңдай) туындаған дауыс тембрінің және дыбыстың айтылуының бұзылуы деген қорытынды жасауға болады.

Бұл ақаулар жатырішілік дамудың бастапқы кезеңінде әртүрлі сыртқы және ішкі әсерлердің салдары болып табылады. Бұл аномалияның тұқым қуалайтын сипаты да атап өтіледі. Ананың қызамық, безгек, ішімдік, шылым шегу сияқты аурулары да кері әсерін тигізеді. Бұл ақаумен просодикалық бұзылулар жиі кездеседі, ринолалиямен сөйлеу нашар түсінікті (анық емес), монотонды;

Қазіргі уақытта ринолалиялардың 3 негізгі түрі бар: ашық, жабық, аралас. Ашықтың жалпы белгісі: мұрын қуысына өту бір немесе басқа себептермен ашық қалады, нәтижесінде барлық дыбыстар мұрындық коннотациямен айтылады. Жабық ринолалияның жалпы белгісі: мұрын қуысына өту әрқашан жабық, оның ішінде мұрын дыбыстары үшін, дауыс мұрынның ағуы сияқты күңгірт реңкке ие. Араластырған кезде ашық және жабық ринолалияға тән көріністердің үйлесімі бар.

Ринолалиясы бар балаларда сөйлеудің айтылу аспектісін, фонематикалық қабылдауын, сөздік қорын, грамматикалық құрылымын және сөйлеуді түсінуді қалыптастыруда айқын ауытқулар байқалады, бұл сөйлеу және танымдық белсенділікті төмендетеді. Мұндай балалар, әдетте, аз сөйлеуге тырысады немесе мүлдем тұйық болып қалады. Демек, сөйлеудің негізгі функцияларының бірі коммуникативтік қызметі бұзылып, танымдық белсенділік пен сөйлеудің дамуын одан әрі тежейді.

Ринолалиясы бар балалардың сөйлеу дамуындағы ауытқуларды ерте түзету өте маңызды әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәнге ие және сөйлеудің айтылу жағын, фонематикалық қабылдауын, сөздік қорын, грамматикалық құрылымын және сөйлеуді түсінуді дамытуға бағытталған.

Ринолалиясы бар балаларға логопедтің, дәрігерлердің және психологтардың кешенді ықпалы қажет. Ринолалияны түзету бойынша жұмыс дыбыс айтылуындағы және дауыс тембріндегі бұзылыстарды түзетуге бағытталған. Ринолалияға арналған логопедиялық жұмыс операцияға дейінгі және операциядан кейінгі болып бөлінеді. Операция алдындағы кезеңде жұмсақ таңдайдың қызметі дайындалады, тілдің жағдайы қалыпқа келтіріледі, еріннің бұлшықет белсенділігі күшейтіледі.

Ринолалияны операциядан кейінгі түзету артикуляциялық моториканы белсендіру, дауыс терапиясы, велофарингальды бұлшықеттерді ынталандыру, таңдай тыртықтарын уқалау, фонациялық тыныс алуды дамыту және т.б. арқылы дұрыс дыбыс пен дауыс шығаруды орнатуды қамтиды.

Сонымен, ринолалиясы бар балалардың танымдық белсенділігін дамыту бойынша түзету-педагогикалық жұмыс бір нәрсені есте сақтау мен жаңғыртуда, қабылдаудың мағыналылығы мен жалпылауында көрінетін есту зейінін, сөздік және логикалық есте сақтауды дамытуға ықпал ететін әдістер мен әдістердің тұтас кешенін қамтиды.

**Әдебиеттер**

1. Логопедия / Под ред. Л.С.Волковой, С.Н.Шаховской. - М.: ВЛАДОС, 2023.
2. В.М.Акименко. Врожденные расщелины неба. - М., 2020.
3. Вансовская Л.И. Устранение нарушений речи при врожденных расщелинах неба. - СПб.: Гиппократ, 2020. - 136 с.
4. Ермакова И.И. Коррекция речи при ринолалии у детей и подростков. - М.: Просвещение, 2014. - 143 с.
5. Ипполитова А.Г. Открытая ринолалия. - М.: Просвещение, 2018. - 95 с.
6. Соболева Е.А. Ринолалия. - М.: АСТ: Астрель, 2016. - 126 с.
7. Волосовец Т.В. Логопедическая работа с детьми в возрасте 1-3 лет с врожденными расщелинами губы и неба. - М., 2015.
8. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған IIIдеңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру: Әдістемелік ұсынымдар. –Алматы, 2014. 70 бет.
9. Орлова, О. С. Нарушения голоса у детей: Учеб. -метод. пособие / О. С. Орлова. - М.: АСТ: Астрель: Транзиткнига, 2015. - 125 с.
10. Ипполитова, А. Г. Логопедические занятия при ринолалии в дооперационном периоде / А. Г. Ипполитова // Логопедия. - 2013. - С. 32−35.

ӘОЖ 37.015.5

# БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Торыбаева Ж.З. п.ғ.д., профессор**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
**Тусеев М.У. PhD доктор., Қастаев С.К.**
Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся обеспечения психологической безопасности как одного из основных условий развития здоровой личности в образовательной среде. Осуществляется всесторонний анализ трудов ученых, исследовавших данный феномен, моделируются пути совершенствования безопасности образовательной среды и ее защитных функций. Формулируется вывод о том, что правильное использование ряда подходов к проблеме обеспечения психологической безопасности образовательной среды школы, а также психолого-педагогических технологий являются основными условиями для формирования "очень сложной продукции"- психологически здоровой личности.*

*Summary*

*In this article the author investigates the issues related to ensuring psychological safety as one of the main conditions for the development of a healthy personality in the educational environment. A comprehensive analysis of the works of scientists who have studied this phenomenon is carried out, ways to improve the safety of the educational environment and its protective functions are modeled. In conclusion, it is formulated that the correct use of a number of approaches to the problem of ensuring the psychological safety of the educational environment of the school, as well as psychological and pedagogical technologies, are the main conditions for the formation of a "very complex product" - a psychologically healthy person.*

Мемлекет және қоғам қайраткері Төлеген Тәжібаев сан қырлы қызметінде аса маңызды істерінің бірі ретінде тәлім-тәрбие істерімен шұғылданып, педагогика және психология ғылымдары бойынша көптеген жұмыстар атқарды. Ол «...қандай жағдайда да қоғамның ең бірінші байлығы – адам» ,- деген ұғымды ұстанды. Сондықтан онтогенездің алғашқы сәтінен-ақ адамзаттың дамуына білім саласы көп күш жұмсайды. Осындай өзекті мәселелердің бірінде адамдарды қалай психологиялық жақтан аман сақтап қалу сұрақтары тұр. Білім беру қауіпсіздігі - бұл әлеуметтік және психологиялық жағдайларды арттыру болып саналады. Психологиялық қауіпсіздік психологиялық салауатты тұлға дамуына ықпал ететін шарт болып табылады. Психологиялық білімді мектеп тәжірибесіне қолдану мен психологиялық көмек көрсету жоғары кәсіби дайындықты, білімділікті талап етеді. Білімдік ортаның психологиялық сипаттамасы адамның ішкі табиғаты толыққанды ашылуы үшін қажетті шарттар анықталмаған жағдайда толық болмайды. Біз осы шарттардың жиынтығы «психологиялық қауіпсіздік» ұғымымен анықталуы мүмкін деген ойдамыз.

Оқушылары тым артық сыныптар, ондағы мақсаттануды сақтау қиындығы және оқушылардың басым көпшілігіне мұғалімнің назар аударуға үлгермеуі; қатаң тәртіп болу кезінде педагогтар қамқорлығының жетіспеуі; қатарластары және (немесе) оқытушылар тарапынан оқушыға деген бөтен пиғылсыз қатынасы

мен оқшаулау; тұлғааралық қатынастардағы ширығулық және талаптарға сай келмеу – білім беру ортасының (соның ішінде, оқу орындарының) қауіпсіз болу қабілетін төмендететін сипаттамалар болып табылады. - ал мамыражай атмосфера; оқушылар жұмысынан бөтен ойсыз жоғары нәтижелер күту, оқушыларды бағалаудың бірдей тәсілдері; білім беру ортасы мен оқыту процесіне тартылудың, сондай-ақ ата-аналар тартылуының жоғары деңгейі; өзара іс-қимылдың әлеуметтік дағдыларына оқыту сияқты сипаттамалар білім беру ортасының қауіпсіздігін және оның қорғаныс қызметін арттырады, - деп келтіреді З.М.Балғымбаева, Н.С.Ахтаева [1. 10-11б.].

Қауіпсіз психологиялық шарттар деп нені түсіну қажет? Анықтама сөздіктерде «қауіпсіз» ұғымына мынадай түсініктеме береді: «қауіп төндірмейтін, берік қорғалған, зиян келтірмейтін»[2. 79б.]. Психологиялық зерттеулерде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтерінде, стресстен қорғайтын және психикалық ауытқулардың алдын алатын қауіпсіздік факторлары жеткіліксіз қарастырылған, сонымен қатар адам тұлғасы дамуындағы психологиялық қорғаныстың рөліне үлкен назар аударылады. Ф.В.Бассин, А.Г.Роттенберг, Е.Т.Соколовтың пікірінше, психологиялық қорғаныс жан күйзелістерінен арылту үшін адам психикасының қалыпты күнделікті жұмыс істейтін тетігі болып табылады.

Ал Э.И.Киршбаум және А.И.Еремеевтің еңбектерінде қорғаныс тетіктерінің адамның дамуы үшін көбіне, зиянды, жағымсыз мәні болады делінген. Дегенмен, психологиялық қорғаныс ұғымының өзі «қауіп», біреуден немесе бір нәрседен «қорғаныс» категорияларын қамтитындығын анық түсіндіре білген [3. 23б.].

Біздің зерттеулерімізде тұлғаның мүмкіндіктерін өзектендіруді, сонымен қатар маңыздылығы мен мәнін ерекшелеу тәсілдері болып табылатын, өмірлік кедергілерге, қиындықтар мен кикілжіңдерге деген көзқарасты қамтитын барлық жоғарыда аталған ұғымдарды қарастырудың маңызы зор. Өйткені, дағдарыстық жағдайлар топтық қорғанысқа, ынтымақтастыққа, тұрақтылықты іздеуге, өзін-өзі құрметтеуді қолдауға деген ұмтылысты ұштай түседі [4. 88б.].

Қауіпсіздікке деген қажеттілік тірі жанды өзін-өзі сақтауға және өзін-өзі дамытуға деген белсенділікке ынталандыратын қандай да бір өмірлік күш ретінде (В.П.Симонов), ұзақ уақыттық өмір үшін күрес пен тұрақтылық ретінде (А.Маслоу), өзін-өзі дамыту және психотерапевттік жұмысты күшейту шарттары ретінде (К.Роджерс) көрініс табады.

Қазіргі уақытта ғылымда қауіпсіздікті түсіндіруге және оны құруға байланысты кибернетикалық, философиялық, әлеуметтанушылық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық, математикалық және т.б. тұғырлар бар [5. 49б.]. Олардың барлығы үшін ортақ тұжырым: қауіпсіздік- ол әлеуметтік, экономикалық, техникалық, экологиялық және биологиялық жүйелердің қызмет етуі мен дамуы сипаттамалары мен өлшемдерінің бірі екендігі болып табылады. Әлеуметтік -экономикалық жүйенің жай-күйі мен оның қауіпсіздігі - мақсаты тұлға мен қоғамның дамуы, денсаулығы, қалыпты жағдайы болып табылатын ұлттық қауіпсіздіктің негізі [6. 13б.].

Құрылымына психологиялық қауіпсіздікте кіретін әлеуметтік қауіпсіздік әлеуметтік институттардың елдің барлық тұрғындарының қажеттіліктерін,

қызығушылықтарын, мақсаттарын қанағаттандыру бойынша өз функцияларын атқаруын білдіреді. Ол мынадай бірқатар көрсеткіштерде көрініс табады: өмірдің сапасы, ұзақтығы, психикалық саулықтың деңгейі және т.б. Мектеп - жан-жақты қамтылған психологиялық қауіпсіздіктің жалпы теориясына негізделе отырып, өзінің жергілікті (жеке) қауіпсіздік жүйесін құра алатын, аталмыш үдеріске тікелей атсалысатын, қоғамда кеңінен таралған әлеуметтік институттардың бірі болып табылады.

Қауіпсіздік мәселесі бойынша әдеби қайнар көздер оны әртүрлі түсіндіреді. Бір әдебиеттерде қауіпсіздік - бұл өзін-өзі сақтау қабілеттілігі мен мүмкіндігін анықтайтын қандай да бір жүйенің сапасы. Басқа әдебиеттерде - бұл тұрақты даму мен ішкі және сыртқы қатерлерден қорғанысты қамтамасыз ететін кепілдіктер жүйесі. Анықтамалардың көпшілігі қауіпсіздіктің жүйені сақтауға, оның қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталғандығын дәлелдейді. А.Петренко, іскерлік коммуникацияның конструктивті және деструктивті факторларын қарастыра отырып, іскерлік коммуникацияның қауіпсіздігі деп «оның әріптестердің өнімді қарым-қатынастарын сақтауға, сонымен қатар коммуникация мүшелерінің ең болмағанда біреуі үшін зиянды салдарының болмауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін хал-ахуалын» ұғынады [7. 103б.].

Қазіргі уақытта «Ғаламтор» желісіндегі ақпараттық ізденіс «психологиялық қауіпсіздік» категориясы мазмұнына талдау жасау зерттеулердің екі бағытын атап көрсетуге мүмкіндік береді: ақпараттық саладағы психологиялық қауіпсіздік (Грачев Г.В., Кабаченко Т.С., Лепский В.Е.) және деструктивті табынулар мен тоталитарлық секталардан қорғаныс құралы ретіндегі психологиялық қауіпсіздік (Волков Е.Н., Доценко Е.Л., Полищук Ю.Н). Ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік деп жекелеген тұлғалар мен (немесе) топтардың жағымсыз ақпараттық-психологиялық әсерлерден және осымен байланысты тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінен қорғалғандық жай-күйі ұғынылады.

Психологиялық қауіпсіздік, басқа адамдардың санаға әсер етуінен қорғаныс ретінде екі стратегиямен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- дұрыс оқшаулануды жаттықтыру арқылы басқа адамдардан тәуелділік - тәуелсіздіктің оңтайлы арақатынасымен;

- маңызды және стандартты емес жағдаяттардағы өзінің үйреншікті реакцияларын басқарушылықпен.

Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде қорғалғандық ұғымын қамтитын еңбектер бар. Мәселен, Е.Б. Попов гуманистік бағдарланған мектеп дамуының динамикасына жағымды әсер етуі мүмкін анағұрлым маңызды факторлардың ішінде *«қорғалғандық деңгейі»,* өзара әрекеттесудегі жайлылық... өзара әрекеттесудегі қандай да бір қысым көрсетуден тыс, әріптестердің өзара әрекеттесуіндегі төзімділік деңгейі ретінде ұғынылатын "эмоциялық хал-ахуалды" ерекшелейді. Ол, сонымен қатар гуманистік бағдарланған мектептердің қауымдастығы дамуының тәжірибесін жалпылай отырып, оларды ерекшелейтін белгілердің бірі ретінде мектептің мектеп қауымдастығының әрбір мүшесінің тұлғасына байланысты қорғаныс функциясының жүзеге асырылуын атап өтеді [8. 53б.].

Гуманистік психологияға сәйкес (А.Маслоу, К.Роджерс) адамның барлық құқықтары, оның ішінде білім берудің мазмұнын, формаларын, тәртібін еркін таңдау құқығы қорғалуы тиіс. Э.Фромм өмірге деген махаббат және адамдардың арасындағы ізгі қарым-қатынастар, нақты алғанда, лайықты адамның өмір сүруінің материалдық негіздері қатерге ұшырамайтын мәндегі *қауіпсіздік* пен *қорғалғандық;* әрбір адам басқаның мақсаттарын қанағаттандыру құралы ретінде қолданылмайтын мәніндегі *әділеттілік;* әрбір адам азаматтық қоғамның белсенді және жауапты мүшесі бола алатын мүмкіндігі болатын мәніндегі *еркіндік* сияқты қоғамдағы сәйкес алғышарттар болғанда, анағұрлым жақсы сипатта дамиды [9. 65б.].

Көптеген білім беру мекемелеріне өткізілген зерттеу мәліметтеріне сәйкес, барлық жағынан қауіпсіз мектеп, оқушылардың пікірінше, психологиялық қауіпсіздік сипатына ие (кемсіту, қорлау, қысым көрсету қаупі жоқ мектеп). Барлық жағынан қауіпсіз мектеп қандай болуы керектігі жөніндегі ата-аналардың пікірін зерттей отырып, ата-аналардың басым көпшілігінің бұл ұғымды тек қана білімнің сапасымен ғана емес, сонымен қатар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, олардың денсаулығына деген қамқорлықпен байланыстырады [10. 9б.].

Г.А.Цукерман өзін-өзі дамытуға қабілетті адамның тәрбиесіне қажет шарттарды атап көрсетеді, бұл, өз кезегінде білімдік ортаның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мұндай шарттарға баланың мұғаліммен, ересектермен ынтымақтастығы, олардан қажетті көмекті алуы, оқушылардың бірлескен жұмысы, топтың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету - бірлік, сенім, *қорғалғандық,* қолдау сезімдерін қалыптастыру жатады [11].

Қауіпсіздікке деген қажеттілік жартылай қанағаттандырусыз қол жеткізілуі мүмкін емес, адамның қажеттіліктер сатысындағы негізгі қажеттілігі болып табылады. Адам қауіпсіздік пен даму, тәуелділік пен тәуелсіздік, регресс пен прогресс, балалық мінез-құлық пен кемелділік арасында таңдау жасауға мәжбүр. "Қауіпсіздіктің нашар, әрі жақсы тұстары бар; дамудың да нашар, әрі жақсы тұстары бар. Біз дамудың басымдылықтары мен қауіпсіздіктің кемшіліктері дамудың кемшіліктері мен қауіпсіздіктің басымдылықтарын құраушылардың барлығынан басым түскенде алға жылжимыз"[12. 7б.].

Қорыта келгенде, келтірілген негіздемелер бізге мектептің білімдік ортасының негізгі психологиялық параметрі ретінде тұлғаның психикалық саулығы үшін зиянды, психологиялық күш көрсету категориясымен ара қатынасын белгілей отырып, оның қауіпсіздігінің сипаттамасын ұсынады. Психологиялық қауіпсіздік деп біз ортаның референтті маңыздылығын құрайтын және оған кірістірілген мүшелердің психикалық саулығын қамтамасыз ететін, тұлғалық-сенімді қарым-қатынастағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпалын тигізетін, өзара әрекеттесудегі психологиялық күш көрсетудің көрініс табуынан еркін, білімдік ортаның жай-күйін ұғынамыз.

Білімдік ортаның психологиялық қауіпсіздігі мәселесіне байланысты бірқатар жұмыстар AP09261132 «Жаңа Қазақстан жастарын салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру» ғылыми жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен орындалады. Сондай-ақ қазіргі мектеп жоғары тәуекел нысаны ретінде қарастырылуы мүмкін, өйткені ол құрастырылуы үшін дербес технологияны талап ететін «өте күрделі өнімді» - психологиялық сау тұлғаны жасап шығарады. Мұнда әлеуеттік тұрғыдан қауіпті педагогикалық-психологиялық технологияларды қолданумен (немесе олардың мүлдем болмауымен) шартталған психологиялық тәуекел туралы сөз қозғауға толық негіз бар. Мұнан келіп, білімдік орта мүшелерінің өзара әрекеттесуіндегі психологиялық қауіпсіздік туралы мәселе аса өзектендіріле түседі, ал ұйымның қауіпсіздік мәдениетінің аталған мақсаттары аса маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылатын мектептің білімдік ортасында қамтылған шарттар мен мүмкіндіктер сияқты психологиялық мәнге ие бола берері анық.

**Әдебиеттер**


1. Балғымбаева З.М., Ахтаева Н.С. Білім берудегі практикалық психология. Алматы., «Қазақ университеті». 2013.
2. Старшенбаум Г.В. Энциклопедия начинающего психолога. М., 2014.
3. Киршбаум Э.И., Еремеева А.И. Психологическая защита. Владивосток, 1993.
4. Ядов В.А. Социальная идентификация в кризисном обществе //Психология личности в трудах отечественных психологов/ Сост. Л.В. Куликов. СПб., 2000.
5. Носков Ю.Г. Опасность и безопасность с позиции деятельностного подхода // Безопасность. 1998.№1-2(41).
6. Сухов А.Н. Социальная психология безопасности: Уч. Пособие. М., 2002.
7. Петренко А. Безопасность в комуникации делового человека. М., 1994.
8. Попов Е.В. Школа гуманистической ориентации // Личность, семья, школа (проблемы социализации учащихся) Под. ред. С.Г. Вершловского. СПб., 1996.
9. Фромм Э. Душа человека: ее способность к добру и злу // Мир человека. М., 1993.
10. Вершловский С.Г. Эффективная школа. СПб., 1995.
11. Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов. М., 1994.
12. Маслоу А. Психология бытия / Пер. с англ. М., 1997.


## Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ ПЕДАГОГИКА ТАЛАПТАРЫМЕН ҮНДЕСТІЛІГІ


**Таутаева Г.Б., Тілеуова С.С.**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан



Резюме

*В данной статье рассматривается основные идеи и взгляды Т. Тажибаева-общественного деятеля, выдающегося ученого, академика, внесшего большой вклад в становление и развитие казахской этнопедагогики и этнопсихологии как науки.*

Summary

*This article discusses the main ideas and views of the public figure, outstanding scientist, academician T. Tazhibayev, who made a great contribution to the formation and development of*

Қазақстанда психологиялық және педагогикалық әр түрлі ой-пікірдің қалыптасуы туралы айтқанда, ең алдымен оның тарихының өте ертеде жатқандығы туралы еске ала кеткен жөн. Қазақтың психология және педагогика ғылымдарының тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген көрнекті психолог-ғалымдары, сол сияқты қазақ ағартушыларың осы сала бойынша қалдырған зеттеулері, пікірлері мен көзқарастары жеткілікті.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалуда одан әрі дамытуда ұлттық интеллигенция реакциялық саясатқа мүмкіндігінше қарсы тұрып, қолдарынан келген істі алға бастыруға барынша тырысқан белгілі тұлғалардың бірі, белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, республикамыздағы Халық ағарту ісін ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі және Қазақстандағы педагогика-психология ғылымдарының іргетасын қалаушы. Төлеген Тәжібаев (1910-1964) болды.

Ол қазақ ағартушыларының психологиялық көзқарасын қазақ психологтарының ішінен бірінші болып зерделеген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик.

Ол 1910 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданында дүниеге келді.

Ол Жүсіпбек Аймауытовтың шәкірті. Аймауытов 1926-1929 жылдары Шымкентте педтехникумның директоры болған. Шәкірттеріне берген дәрістерінің арасында психология да бар екен. Тәжібаев сол техникумда оқып, ұстазына зеректігімен ұнаған. Тәжібаев техникумды үздік бітірген кезде Аймауытов оны оқытушы етіп алып қалған. Отыз бірінші жылы Аймауытовты «халық жауы» деген жаламен ұстап, атқызып жіберді.

Ол ұстаз үмітін ақтау үшін Мәскеуге барып, Коммунистік тәрбие академиясына оқуға түсед, Москвадағы Н.К. Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын үздік дипломмен бітірді, соңғы білім ордасындағы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырып, Сөйтіп тұңғыш қазақ ұлтынан шыққан қазақ аспиранты атанды.

Т.Тәжібаев Қазақстанда психология ғылымы саласында тұңғыш рет 1939 жылы Ленинград қаласында "К.Д.Ушинский – Рееейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы" деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады. Демек, ғалымның диссертациясы пәнаралық әдіснама тұрғысынан орындалып, жиырмасыншы ғасырда педагогикалық психология ғылымының негізіналғашқы салушылардың бірі болды.

«XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы» (бірінші бөлім, 1957 жыл, 2-ші бөлім 1958 жыл), «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептерінің өрлеуі (1962 жыл) және «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар (1965ж) жарық көрген. 1958 жылы басылымға шыққан монографияның бірінші

бөлімінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың әлеуметтік экономикалық алғышарттарының мазмұны жинақталған. Онда Қазақстанның Ресейге бірігу туралы прогресивті мәндердің сұрақтары талқыланған, сонымен қатар 60-шы жылдарда ресейдегі қоғамдық-педагогикалық өзгерістердің Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуына тигізетін әсері көрсетілген. Монографияның екінші бөлімінде; Алматы, Оренбург, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Казань, Уфа, Омскінің архивтік қайнар көздерінде және Қазақстанның кейбір облыстарының архивтерінде алғаш рет XIX ғасырдың екінші жартысындағы кәсіби техникалық білімнің жалпы жүйесі толығымен көрсетілді, әр облыс бойынша мектептерді мектеп жүйесінің спецификалық ерекшеліктері ашып көрсетілген. Ұстаздық жолын Абай атындағы Қазақ педагогика институтының педагогика және психология кафедрасынан бастады. Кафедраның доценті, меңгерушісі болды. Одан соң республика Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары, Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі Председателінің орынбасары, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарды.(Т.Тәжібаевтың саяси, қоғам қайраткері ретіндегі атқарған істері өз алдына жеке әңгіме)

1962 жылы Т.Т.Тәжібаев «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептерінің дамуы» атты тақырыбында докторлық диссертация қорғайды, онда ғылыми-теориялық ұстаным бойынша XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мектеп білімінің даму процестері қарастырылады)

1965 жылы Т.Тәжібаевтің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы» туралы монографиясы жарық көрді. Онда оқыту, діни білім беру, классикалық және шынайы білім беру, әйелдер білімі және тағы басқа мәселелер қамтылды. Сонымен қатар ғылыми еңбекке Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев т.б. қазақ қайраткерлерінің педагогикалық идеялары да енгізілген. Қазақстандағы тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасын қалаушы Төлеген Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысында жүргізген әйелдерге білім беру мен оларды баяндау мәселелеріне қатысты зерттеулері де жарыққа шықты. Т.Тәжібаевтің ойынша XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы әйелдерге білім беруді ұйымдастыру негізінен екі мәселеге байланысты негізделген:

– біріншіден, қазақ қыздары қазақтардың тұрмысы мен қоғамдық-саяси өміріндегі алар орнынан;

– екіншіден, Қазақстан сол уақытта Ресейдің құрамдас бөлігі болғандықтан, Ресейдегі әйелдерге білім беру мәселесінің жалпы деңгейі мен дәрежесін қамтыды

Мұғалімдер арасында білімсіздікті жою мақсатында Т.Т. Тәжібаев келесі жолдарын ұсынды:

–Халықтық білім беруге жергілікті бөлімшелерде мұғалімдердің білімі мен жалпы мәдениетін мұқият тексеруге алу;

–Халықтық білім беру бөлімшелеріне әр жағдайдағы білімсіздік фактілеріне қарастыруда мұғалімнің педагогикалық жұмысқа келуінің мүмкіндіктері жайлы сұрақтарды шешу. Егерде мұғалімнің білімсіздігі анықталған жағдайда, әсіресе қазақ мектептеріне орыс тілінен сабақ беруде немесе орыс тілінен қазақ тілінде сабақ берудегі мұғалімдердің білімсіздігін байқаған жағдайда, оны өз жұмыс

орнынан міндетті түрде босату.

–Мұғалімдердің білімсіздігі туралы дәлелдер анықталған жағдайда, оларға индивидуалды мерзімді тағайындау. Осылайша, бірінші кезеңде толығымен кәсіби әрекет қатал түрде анықталды.

Т.Т. Тәжібаевтың ғылыми педагогикалық-психологиялық әрекеті жайлы ерекшеліктері екінші кезеңге кіреді.

1. Оның идеясының тарихилығы;

2. Практикамен байланысты болатын теория байланысы

1948-1953 жылдары кезінде Тәжібаев жоғары оқу орнында ректорлық қызмет атқарады. Педагогика кафедрасының меңгерушісі бола жүріп, психология бөлімін ашқан, оны ғылыми орталыққа айналдырған Т.Тәжібаев педаагогикалық қызметінде ҚазМУ-дың ректоры болып тағайындалысымен университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, профессор-оқытушылар құрамының нәтижелі жұмыс жасауларына жағдай жасауды және студенттердің тұрмыстық ахуалына назар аударуды бірінші кезекті мәселе ретінде қойды. Т.Тәжібаев ректорлық қызметі барысында студенттердің терең білім алуына толық жағдай жасауды және ұстаз-ғалымдарды ғылыми ізденістер жасауына қолдау көрсетуді жадында берік ұстады. Осы принциптің арқасында ұстаздар мен студенттер қауымы арасында Т.Тәжібаев үлкен құрметке ие болды

Т.Тәжібаев қазақтың психологиялық терминологиясының ғылыми жүйесінің негізін қалады тілімізде психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына, психологиялық терминдердің бір ретке келуіне елеулі үлес қосты. Төлеген Тәжібаев қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. (Ал, бұл жолға тек ғана жүрегі ұлтым деп соғатын жандар ғана бара алады) . Менің бұл тақырыпты зерттеуіме ол кісінің қайсібір істі атқармасын ұлтқа деген жанашырлықты, ұлтқа деген қамқорлықты бірінші жолға қоюы себеп болды», - ғалым Қ. Жарықбаев.

Тіл білімінің көрнекті ғалымы, профессор, балалық шағынан Т. Тәжібаевты жақсы білетін оның ерекше қасиеті туралы М.Балақаев былай деп жазған: «Үлкен педагог, әрі дипломат академик Т.Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай майда, сыпайы әрі салмақты болатын. Біреумен сөйлесе кеткенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін» деп жазған.

Т.Тәжібаев ұлы ғалым ретінде өзінің үздіксіз еңбегі мен отанына деген шексіз махаббатымен Қазақстандағы тарихи-педагогикалық және психологиялық ғылымның қалыптасуының басында тұрып, білім беру мен мәдениеттің жарық көруіне негіз болды.

Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың қатарында қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, академик Т. Тәжібаевтың есімі ерекше аталатындығы сөзсіз.

**Әдебиеттер**


1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. А.: Білім, 2004 ж.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір Антологиясы, 2 томдық. А.: Рауан 1т. 1994., 2 т. 1998 ж.

**3.** Ахметова М.К. Педагогическое наследие Т.Т. Тажибаева(1910-1964). Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Алматы. 1999 г. 2. Кулжабаева М.Ж. Историко-педагогическое наследие Тулегена Тажибаева и его использование в воспитании молодежи. - Дисертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Алматы. - 2002. - 168 с
**4.** МАТЕРИАЛЫ республиканской научно-методической конференции в рамках Тажибаевских чтений «АКАДЕМИК Т. ТАЖИБАЕВ И ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА», Алматы, 2019
5. https://malim.kz/article/sports/olmes-onege-ospes-iz-1562

ӘОЖ 159.922.6

# Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ

**Бөлетова Л.А. п.ғ.к.**
**Абдраманова Н.Ш. аға оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

*В статье рассматривается вклад выдающегося ученого Т. Тажибаева в развитие психологии и педагогики в Казахстане. Он стал автором первого учебника по психологии на казахском языке и приложил много усилий для интеграции психологии в систему образования. Исследования Т. Тажибаева были направлены на изучение национального характера и этнопсихологии казахского народа. Кроме того, его работы в области педагогической психологии были посвящены анализу взаимоотношений между учителями и учениками с психологической точки зрения. Научное наследие Т. Тажибаева оказало значительное влияние на развитие науки и образования в Казахстане и до сих пор сохраняет свою актуальность.*

Summary

*This article analyzes the contribution of the prominent scholar T.Tazhibaev to the development of psychology and pedagogy in Kazakhstan. He authored the first psychology textbook in the Kazakh language and worked tirelessly to integrate psychology into the education system. Tazhibaev's research focused on the national character and ethnopsychology of the Kazakh people. Additionally, his works in the field of pedagogical psychology examined the psychological aspects of teacher-student relationships.T.Tazhibaev's scientific legacy has had a significant impact on the development of science and education in Kazakhstan and remains relevant to this day.*

Қазақстандағы педагогика және психология ғылымының дамуы - ұлттық ғылымның қалыптасуы мен өркендеуінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл саланың дамуы бірнеше тарихи кезеңдерді қамтиды және еліміздің әлеуметтік, мәдени, саяси өзгерістерімен тығыз байланысты.

Көрнекті мемлекет қайраткері, ұлағатты ұстаз, нар тұлғалы азамат Т.Тәжібаев Ж.Аймауытовтан кейінгі, қазақ психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалым ретінде кеңес өкіметі жылдарында ерекше орын алған тұлға болды. Оның ғылыми ізденістері қазақ тілінде психология және педагогика оқу құралдарын құрастыруға, сондай-ақ халқымыздың педагогикалық және

психологиялық ой-пікірлерін зерттеуге бағытталды. Мәскеудегі Н.К. Крупская атындағы тәрбие академиясында білім алып, әлемдік психологтардың еңбектерімен танысып, солардың ішінде Л.С. Выготскийдің психологиялық мұрасын зерттеді. 1938 жылы К.Д. Ушинскийдің педагогикалық психологияға қосқан үлесін зерттей отырып А. В. Веденовскийдің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын тамаша қорғап шығып Психология ғылымдарының кандидаты атанды. Осыдан кейін Қазақстанға оралып, қазақ тілінде психология ғылымын оқыту және дамыту ісіне белсене атсалысты[1].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары Қазақстандағы педагогикалық ойдың даму тарихына, оқу-ағарту ісінің өркендеуі мен мектептердің тарихына арналған.

Ж.Аймауытов ізбасары ретінде, Тәжібаевтың еңбектері ұлттық мінез, этнопсихология, мораль, этика мәселелерін қамти отырып, қазақ халқының психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағыттады. Еңбектерінің бірқатары қазақ халқының ұлы тұлғалары Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин және Абай Құнанбаевтың педагогикалық және психологиялық көзқарастарын зерттеуге бағыттаған. Әсіресе, Тәжібаев Абайдың психологиялық ойларын терең зерттей отырып Абайдың саяси-әлеуметтік және философиялық көзқарастарына жан-жақты талдау жасап, оның психологиялық пайымдауларының мәнін ашуға тырысқан. Тәжібаевтың тұжырымы бойынша, Абай тек кемеңгер ақын ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының психологиялық білім жүйесін насихаттаған ғұлама, философ ретінде танылды. XIX ғ. 2-ші жартысында Қазақстандағы ағарту мен педагогикалық ойлардың дамуы" кітабында халықтық мінез мәселесі қызықты да өзекті екендігін жазады. Философтарды, психологтарды, әдебиетші, тарихшы, этнограф-ізденушілерді күтуде екенін де жазған. Бұл еңбектер Қазақстандағы педагогикалық және психологиялық ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты[2].

Сондай-ақ ол түрлі мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп мол тәжірбие жинақтайды. Төлеген Тәжібаевтың жоғары мемлекеттік және академиялық қызметтері оның ғылыми және педагогикалық жұмыстарына елеулі әсер етті. Халық ағарту комиссары, Сыртқы істер министрі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және басқа да жауапты қызметтерде жүріп, ол білім беру мен ғылым саласының дамуына зор үлес қосты. Бұл қызметтері оған мемлекеттік деңгейде білім мен ғылымды жетілдіру жолдарын қалыптастыруға, сондай-ақ психология саласындағы өз ғылыми ізденістерін тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді

Әсіресе, оның Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры және педагогика мен психология кафедрасының меңгерушісі ретінде атқарған қызметтері, білім беру саласында терең ғылыми зерттеулермен шұғылдануға қолайлы жағдай жасады. Оның психология бойынша еңбектері мен қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарының жазылуы осы тәжірибесімен тікелей байланысты болды. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде Үндістандағы елшілік қызметі оның ой-өрісін кеңейтіп, әлемдік ғылыми тәжірибені зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл факторлардың барлығы оның ғалым ретіндегі дамуына оң әсерін тигізгені анық.

Қазақстанда жоғары мектеп психологиясының жеке ғылыми сала болып шығуына негіз, тұғыр болған педагогикалық психологияның жаңа бір қарқынмен дамуға беталысы XX-ғасырдың екінші жартысында болды. Бұған республикада 1946-жылы тұңғыш психология кафедрасының қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ашылуы; жоғары мектеп оқытушыларының психология-педагогика ғылымдары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуі, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар дайындауы ораПедагогикалық психология бойынша құнды еңбектерімен, жоғары мектептегі озық іс-тәжірибелерімен - Ш. Әлжанов, Ә. Асылбеков, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, Ә. Сыдықов, С. Балаубаев, Е. Суфиев, М. Мұқанов, А. Алдамұратов, Р. Қарамұратова, Қ. Рақымбеков сияқты талай тұлғалар ғылыми қорды байытып, тарихта есімдері қалды. [3].

Республикада педагогикалық психологияның дамуына академик Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев (1910-1964) елеулі үлес қосты. Ол түрлі деңгейдегі аса жауапты басшылық қызметтер атқара жүріп, Қазақстанда алғаш рет психолог-педагог маман дайындау ісіне бастамашы болған-ды. Т.Т. Тәжібаев білім беруде психология мен педагогиканы үйлестіре отырып, педагогикалық психология аясында зерттеу жүргізген, К.Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарастарын талдап, қарастырған[2]. Ал, ғалым-ұстаз Жолмұхан Түрікпенұлының академик Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың өмірі, еңбегі туралы жазған кітабы психологтер, педагогтер үшін аса құнды болып табылады.

Психология ғылымының теориясы мен тарихына терең үңіле білген ол қазақ тілінде дәрістер беріп, психология кафедраларын басқарды. Тәжібаевтың монографиялары мен ғылыми мақалалары Қазақстандағы психология ғылымының негізін қалауға және оның даму жолына айтарлықтай әсер етті. Тәжібаев қазақ психологиясын тек ғылыми тұрғыда зерттеп қана қоймай, оны білім беру жүйесіне енгізуге үлкен күш салды. 1940 жылы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған мақалаларында ол психологияның өзекті мәселелерін, оның тарихы мен қалыптасу жолдарын талдады. Осы еңбектерінің негізінде 1961 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындығы Қазақ Ұлттық университеті) профессоры, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарып жүріп ол «Жалпы психология» атты қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықты жазып шықты бұл еңбек қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға да елеулі үлес қосты[4].

Профессор М.Балақаевтың естелігіне сүйенсек, «Үлкен дипломат әрі ғалым, академик Т. Тажібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сыпайы, әрі салмақты болатын, біреумен сөйлесе келгенде оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін. Бірқатар кісінің әдептілігі бойына біткен қасиет болмай, жасанды, бірде олай, бірде бұлай болатыны да бар, ал Т.Тажібаевтың ізеттілігі оның әбден қанына сіңген қасиет болатын» - дей келе оның психология саласындағы дәрістері терең мазмұнымен, кең ғылыми өрісімен тыңдаушыларға әсер еткен. Тәжібаев дәрістерінің логикасы жинақы, мазмұны жоғары ғылыми құндылыққа ие болған. Оның байсалды әрі

биязы дауыс ырғағы да аудиторияны баурап алатын ерекше қасиеті ретінде көрінген.

Сонымен қатар, ҚР п.ғ.д., профессор, Ж.Қоянбаев «Т.Тәжібаев қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. Ал, бұл жолға тек ғана жүрегі ұлтым деп соғатын жандар ғана бара алады» - деп еске алады[5].

Ал, ғалым-ұстаз Ж. Түрікпенұлы шәкірт ретінде академик Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың өмірі, еңбегі туралы жазуда.

Тәжібаев қазақ психологиясын тек ғылыми тұрғыда зерттеп қана қоймай, оны білім беру жүйесіне енгізуге үлкен күш салды. Оның зерттеулері Қазақстандағы педагогикалық психологияның негізін қалады, ал оның еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Кеңес Одағының құрамында болған кезде Қазақстандағы психология ғылымы Ресейдің ғылыми мектебінің ықпалында болды. Кеңес үкіметі психологияны адамның еңбекке қабілеттілігін, мінез-құлқы мен ойлау қабілетін зерттеу үшін пайдалануға үлкен мән берді. Осы кезеңде Қазақстанда психологияның түрлі салалары, оның ішінде еңбек, педагогикалық және әлеуметтік психология бағыттары дами бастады.

Қазақстандағы алғашқы психологиялық зерттеулер адам санасы мен еңбек процесін зерттеуге бағытталған болатын. Сол кезеңдегі психологтар адамның еңбекке бейімділігі мен жұмыс қабілеттілігіне байланысты мәселелерді талдай отырып, кеңестік экономикалық талаптарға сай психологиялық зерттеулер жүргізді. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуы психология ғылымының дамуына жаңа серпін берді. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық психология ғылымы жаңа деңгейге көтерілді. Психология саласындағы зерттеулердің ауқымы кеңейіп, қазақтың ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрлері мен менталитеті негізінде зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Қазақстандағы психология ғылымының дамуы ұлттық ғылымның маңызды салаларының біріне айналды. Т.Тәжібаев сынды көрнекті ғалымдармен бастау алған бұл ғылым тәуелсіздік жылдарында жаңа деңгейге көтеріліп, бүгінде түрлі салаларда маңызды рөл атқарып келеді. Психология ғылымының дамуы Қазақстанның ғылыми және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосып, қоғамның психологиялық сауаттылығы мен мәдениетін арттырды[6].

Т.Тәжібаевтың психология және педагогика ғылымдарына қосқан үлесі ерекше маңызға ие. Ол Қазақстанда психология ғылымының негізін қалаушылардың бірі болып, осы саладағы алғашқы ұлттық зерттеулердің авторы ретінде танылды. Тәжібаев педагогикалық психология саласында терең еңбектер жазып, Қазақстанның білім беру жүйесінде психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Оның зерттеулері тұлғаның дамуы, мінез-құлық және оқыту әдістерін психологиялық тұрғыда түсіндірумен байланысты болды[7].

Сонымен қатар, Тәжібаевтың педагогика саласындағы еңбектері де кеңінен таралған. Ол психология мен педагогиканы өзара байланыстырып, тәрбиелеу және оқыту процестерінің ғылыми негізін жасады. Оның еңбектерінде ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту әдістерін қолдану мәселелері терең

талқыланған. Тәжібаевтың ғылыми мұрасы Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуына және жас ұрпақтың интеллектуалдық, рухани дамуына айтарлықтай әсер етті [8].

Тәуелсіздік кезеңінде Тәжібаев сынды көрнекті ғалымдардың еңбектері арқылы психология ғылымы жаңа деңгейге көтерілді, ұлттық құндылықтар мен менталитетке негізделген зерттеулер ауқымы кеңейе түсті. Оның ғылыми мұрасы қазіргі Қазақстанның психологиялық сауаттылығын арттыруда, қоғамның рухани және интеллектуалдық дамуына зор үлес қосуда маңызды рөл атқарып келеді.

**Әдебиеттер**


1. Түрікпенұлы Ж. Академик ТТ Тәжібаев. - Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2014.
2. Түрікпенұлы Ж. Академик Төлеген Төжібайұлы. - қазақтың көрнекті психолог-педагогы. - Алматы: КР Білім министрлігінің Баспа кабинеті, 1993. 88 б.; Академик Төлеген Тәжібайұлы // Ұлағат. 1995. Х« 2. 62-64 б.; Көрнекті ғалым, педагог, мемлекет қайраткері // Ұлт тағлымы. 2000. №2. 14-18 б.; Педагогика тарихы және академик Т.Тәжібаев // Ұлағат. 1997. № 1-2.
3. Ерментаева А. Р. ҚАЗАҚСТАНДА ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒАЛАР. - 2015.
4. Түрікпенұлы Ж. Академик Т.Тәжібаев . -Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 377 б.
5. Жарикбаев К.Б., Шабелъников В.К. Развитие психологической науки в Казахской ССР // Вопросы психологии. 1967. - № 4. С.6.; Монтаев К.М.,
6. Ахметова М.К. Педагогическое наследие Т.Т.Тажибаева (1910-1964). Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Тараз, 1999. - 35с; Кулжабаева М.Ж. Историко-педагогическое наследие Тулегена Тажибаева и его использование в воспитании молодежи. Авто-реф. дисс. канд. пед. наук. - Алматы, 2002. - 29 с.
7. Айгабылов Н.А Косеубаев А.Т. Книга о психоло-гической мысли казахского народа // Вопросы психологии. 1970.
8. Бердібай Р. Ғалымның хаты өлмейді // Егемен Қазақстан. 1997. 6 қыркүйек; Түрікпенұлы Ж. Ғибратты ғалым, көрнекгі қайраткер // Қазақстан жоғары мектебі. 1996. N2 3. 86-90 б.; Калиев С. Т.Тәжібаев және халық педагогикасы // Ұлт тағлымы. 2000. № 2. 19-20 б.; Тетеева Г. Т.Тәжібаевтың халық ағарту хақындағы зерттеулері // Қазақстан мектебі. 1999. № 9. 76-78 б.

ӘОЖ 37.01

# АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

**Есім Ұ.Ә. п.ғ.к., аға оқытушы**
**Таңатарқызы Г. оқытушы**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Тәжібаев қазіргі Қазақстандағы педагогика мен психология ғылымдарының негізін қалаушы тарихи тұлға. Елдегі Халық ағарту ісін ұйымдастыру мен басқарудың алдыңғы шебінде бола жүріп мол ғылыми мұра қалдырды.

Сыр бойын мекендеген тектілердің тұяғы Төлеген Тәжібайұлы небәрі 7 жасында аштықтың құрбаны болған бір отбасыдан бір өзі аман қалады. Сол кездегі Арыс Станциясының жұмысшысы Иван Федорович Кабановтың отбасын паналап, 1918 жылы Арыстағы балалар үйіне мектепке барады.

1922 жылы жеті жылдық мектепті үздік бітірген болашақ ғалым, сол кездегі ең беделді оқу орны Шымкенттегі педагогикалық техникумға алғашқылардың бірі болып қабылданады. Сол кездің өзінде-ақ Т.Тәжібаев мұндағы қазақ жастарымен бірге қоғамдық өмірге белсене араласты. 1924 жылы құрылған «Сауатсыздықты жою» қоғамының белсенді мүшесі болды.

1927 жылы педагогикалық техникумды үздік бітірген қабілеттілігі мен қатарластарынан оқ бойы озық тұратын жалынды жас жігіт осы оқу орнында оқытушылыққа қалдырылды.

Шымкенттегі педагогтар даярлайтын техникумдағы кезеңі Т.Тәжібаевтың азаматтық бейнесі қалыптасып, халық мүддесін жоғары қоятын жасампаз тұлға болып қалыптасуына игі ықпал етті.

Сол кездері техникумды Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов басқарған. Дарынды жастың оның назарынан тыс қалуы мүмкін емес еді...

Осы тұста, Ж.Аймауытовтың директор қызметімен қоса шығармашылықпен де айналысқаны мәлім. Әйгілі «Ақ жол» газетінің редакторы болып жүргендегі әдетімен түрлі тақырыпқа публицистикалық мақалалармен қатар оқыту әдістемесі, педагогика, психология, эстетика тақырыбында зерттеу еңбектерін жазған. Оның «Психология», «Тәрбиеге жетекші», «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбектері педагогикалық оқу орындарында оқу құралдары ретінде қолданылған.

Алғыр жас Төлеген Тәжібаев өзін жақын тұтқан ұстазы Ж.Аймауытовтың еңбектерімен танысып ғана қоймай ұстазына еліктеп ізденуге білуге ұмтылыста болды деуге негіз бар. Дәл осы кезең Т.Тәжібаевтың психология мәселелеріне және оқу-ағарту мәселелеріне терең үңіліп, жұмысқа қызу араласа бастады.

1929 жылы Ж.Аймауытов «ұлтшыл» деген айыппен абақтыға айдалып кеткеннен кейінгі уақытта Т.Тәжібаев география пәнінен дәріс бере жүріп, ұстазының еңбектерін насихаттау, олардың педагогика ғылымының бастауы

екенін дәлелдеуді өзіне борыш санады. Техникум оқытушысы кезінде Т.Тәжібаев республика көлеміндегі іс-шараларға да белсене араласты. Жаңа қазақ әліпбиіне көшу жұмыстары, орыс тіліндегі оқылықтарды қазақ тіліне аудару мәселесі, сауат ашу пункттарын ұйымдастыру, мектептер мен жатақханаларды асарлатып салдыру жұмыстарына қызу араласты.

Кейін, Төлеген Тәжібаев Халық ағарту комиссариатының халық комиссары болып тұрған кезінде, соғыс жағдайына қарамастан өзге де ірілендірілген оқу орындарымен қатар Шымкенттегі педагогикалық техникум, Шымкент педагогикалық институтының құрамына ендірілді. Техникумда оқытушы қызметінде жүріп, еңбекқорлығы, іскерлігі білімге құштарлығы өзге жастардан ерекше тұратын Т.Тәжібаевты 1931 жылы өлкелік Лениншіл жастар одағының ұйғарымымен Москва қаласындағы Н.К.Крупская Коммунистік тәрбие академиясына оқуға жіберілді. Бұл қадам Т.Тәжібаев үшін үлкен мүмкіндіктерге бастар жол болды. Академияда коммунистік идеялогияға негізделген пәндермен қоса, педагогика және психология пәндерімен тереңдете білім берілетін. Оқу орнының түлектері бітірісімен ғылыми жұмыстарға немесе мемлекеттік жауаптық қызметтерге тартылатын.

Академия қабырғасында да қоғамдық тірліктердің белсенді мүшесі бола жүріп, Т.Тәжібаев сусап келген білім мен ғылымға тереңдей ден қойды. Оқу орнының көрнекті ғалымдары мен профессорлары Б.А. Ананьев, А.В.Веденов, М.Н. Шордановтың дәрістерін тыңдай жүріп өз бетінше ізденуді де әдетке айналдырды. Көрнекті педагог – психологтардың еңбектерін, қол жазбаларын іздеп жүріп танысатын. Нәтижесінде өзінің ғылыми көзқарасы мен ешкімге ұқсамайтын тұжырымдары ғылыми ортада жоғары бағаланды.

1935 жылы, Т.Тәжібаевтың ғылыми жұмысқа беріле атқаратын қабілеті мен еңбекқорлығы бағаланып Академияның асперантурасына қалдырылды. Ғылымға терең бойлауға үлкен мүмкіндік алды. Кандидаттық диссертациясының тақырыбы «К.Д. Ушинский Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін қалаушы» - деп белгіленді.

К.Д.Ушинскийдің ғылыми мұрасындағы прогрессивті педагогикалық көзқарасы оның еңбектерін зерттеушілердің назарынан тыс қалған педагогикалық, психологиялық ой-пікірлерін қазіргі заманға сай талдауы жоғары бағаға ие болды. Т.Тәжібаевтың диссертациялық жұмысының мазмұнының құндылығы ғылыми ортаның сұранысына ие болды. Кейіннен, бұл еңбегі «К.Д.Ушинскийдің психологиясы мен педагогикалық психологиясы» деген атпен кітап болып басылып шықты.

Балалық шақтан бастап тағдырдың ауыр тауқыметін көрсе де, қайсар мінезі, еңбекқорлығы, ерік-жігері оны ылғи қайраттандырып, жоғары білімі мен ғылыми дәрежесін, жиған өмірлік тәжірибесін пайдаланып, халқының мүддесіне қызмет етуді мақсат етті.

Ол 1940 жылдардан-ақ педагог-психолог ғалым ретінде танымал болды. Жоғары оқу орындарында қызмет етті. Онда бар білімін жастарға жеткізе отырып оларды халықтың адал перзенті болуға, оның тарихына құрметпен қарауға үндеді. Осы жылдары, Т.Тәжібаевты жастығына қарамастан, республика басшылығы қазақ КСР ағарту комиссариатына комиссардың бірінші орынбасары қызметіне

тағайындады. Көп ұзамай, Халық ағарту комиссариатының халық комиссары болды. Кезінде қазақтың біртуар азаматтары, саяси-қоғам және мемлекет қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Садуақасов басқарған оқу ағарту ісінде халық мүддесінен шығуға қыруар тірлік атқарылып, әлі де кезек күтпей орындауды қажет ететін бастамалар шаш етектен еді. Бұл күрделі кезең болатын. Оқу-ағарту саласындағы реферматорлық позицияны ұстанған Алаш қайраткерлерінің жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы, оның үстіне Ұлы Отан соғысының басталуы шешуі күрделі мәселелерді көбейтіп жіберген болатын. Мұғалімдердің жетіспеушілігі, сауатсыздықты жоюды аяқтау, соғыс жағдайында мектептердің, интернаттар мен балалар үйінің жұмысын қамтамасыз ету, қажылық шаруашылық қызмет, оқу құралдарының сапасы басты назарда болды. 1940 жылдан бастап жаңа әліпбиге- кириллицаға көшу жағдайды тым күрделендіріп жіберді.

Т.Тәжібаев өзінің оқытушылық тәжірибесіне сүйене отырып, мұғалімнің жағдайы мен оның статусын көтеру керектігін ұсынды. Қазақ КСР Халық комиссарлан кеңесіне жан-жақты негізделіп жасалған ұсынысы ескеріліп, белсенді мұғалімдерге «Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі» деген атақ берілетін болды.

Осы тұста, жалпыға бірдей міндетті оқу, оқу бағдарламалары мен нұсқаулардың тұрақтануы, саяси-тәрбие жұмысына мән беру жолға қойылды. Ұлы Отан соғысының қиындығына қарамастан Алматы мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институты, Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Алматы дене тәрбиесі институттарының ашылуы халықтың жарқын болашаққа, жеңіске деген сенімін нығайтты. Ел басына күн туған күрделі кезеңде Халық ағарту комиссариаты ұйымдастырған жұмыстың нәтижесінде республикада жеті жылдық білім алған оқушы 159 800 болса, орта білім алғаны 21 850 еді. Орта арнаулы оқу орындарын бітіргендер мен жоғары білім алғандар саны күрт артты. Бұл соғыс жағдайында кадр тапшылығы қатты батқан ел үшін зор көмек еді.

Оқу-ағарту ісін жолға қоюдағы жанкешті, қажырлы еңбегі Т.Тәжібаевтың мүмкіндігі зор қайраткер тұлға екенін танытты. 1944 жылдары Қазақ КСР Советі председателінің орынбасары, Қазақ КСР сыртқы істер министрі қызметтерінде 1948-1954 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, елшілік қызметтерде болды. Т.Тәжібаев қай салада қызметте болмасын ұлттық мүддені биік қоюымен, өскелек ұрпақтың ұлтжанды болып қалыптасуын ылғи назарда ұстады. Республикадағы оқу-ағарту проблемаларын шешу жолдары, кенже қалған педагогика-психология ғылымдарының тарихы мен даму проблемаларын естен шығарған емес.

Профессор Төлеген Тәжібаев XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің, оқу-ағарту ісі мен мектептер жүйесінің даму тарихы және оның проблемаларын терең зерттеген ғалым. Оның Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннның, философиялық, психологиялық, педагогикалық шығармаларын талдауға арналған зерттеулері ауқымды ғылыми мұра.

Қазақтың халықтық педагогика ұстанымдарына негіздей отырып Т.Тәжібаев өзінің «Абай Құнанбаевтің философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» (1957ж.), «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірінің дамуы» (1958ж.) «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» (1962ж.) еңбектері жарық көрді. Ғалымның бұл еңбектеріне педагогика мен психология мамандары ғана емес, тарихшылар да зор қызығушылық танытады. Еңбектерде осы сала мамандарына арналған өткір пікір, тың ойлар көп кездеседі.

Профессор Т.Тәжібаев озық ойшыл, ғалым Шоқан Уалихановтың педагогика ғылымымен арнайы айналыспаса да, өз шығармаларында қазақ халқының психологиясы туралы идеялары мен педагогикалық ұстанымдары оның қазақтың тұрмыс-тіршілігін баяндау арқылы білдіреді деген пікірін алға тартады. Көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсариннның өмірі мен мұрасын ауқымды түп деректерді пайдалана отырып, зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі Т.Тәжібаев. Ол Ыбырай Алтынсариннің бала үшін ана тілінде білім алудың аса маңызды екенін негіздеген тұжырымын өшпес, өзекті мәселе деген ғылыми пікірін шегеледі. Т.Тәжібаев Абайдың әдеби мұрасын сан қырынан терең зерттеген және оның кез-келген шығармасы тәлімгерлік ісімен, танымдық маңызымен құнды екендігін ғылыми тұрғыда негіздеген.

Артында мол ғылыми мұра қалдырған ғалым Т.Тәжібаевты Отандық қоғамдық ғылымдардың, педагогикалық-психологиялық ғылымдардың бастауында тұрған, оның дамуына зор серпін берген ғалым ретінде танимыз. Уақыт озған сайын оның адами, қайраткерлік және ғалым ретіндегі тұлғасы асқақтай түсуде. Оның ғылыми еңбектерінің құндылығы артуда. Профессор Т.Тәжібаевтан терең білім, ақыл-парасаты мен бай тәжірибесінен үлгі алған М. Мұқанов, Е. Суфиев, Ә. Асылбеков, Қ. Жарықбаев, Ж. Түрікпенұлы сынды ғалымдар да ғылымға өз үлестерін қосуда.

Қорыта айтсақ, тау тұлға Т.Тәжібаевтың халық алдындағы еңбегіне аз ғана шолу жасауға мүмкіндік алдық. Оның қайраткелік жолы, ғылыми мұрасы, терең, жан-жақты зерттеулерді қажет етіп жатқаны даусыз. Қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат, академик-ғалым ұлтының біртуар ұлдарының бірі Т.Тәжібаевтың мұра етіп қалдырған ісі, ой-пікірлері дамып жалғасын табуда. Уақыт өз бағасын беруде.

**Әдебиеттер**


1. Т.Тажибаев «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX веки» издательство «Казахстан» г.Алма-Ата. 1965г. -159с.
2. Жарықбаев Қ.Б. «Қазақ психологиясының тарихы» Алматы. Қазақстан, 1996ж. 133б.
3. Т.Тажибаев «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века» Алма-Ата, Казахское гос. изд-во полит. лит-ры, 1962. 507с.
4. Түрікпенұлы Ж. Академик Т.Тәжібаев. –Алматы: Қазақ университеті, 2002. -337б.
5. Асылбеков М.Х., Апашева С.Н. Академик Төлеген Тәжібаевтың қоғамдық-саяси және ұстаздық қызметі мен тарихи мұрасы. Алматы, «Өркениет» 2007ж. жүйесі. -162б.

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

**Абашева Перизат Алпысбаевна**
«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы
«Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының меңгерушісі
**Егенова Назгул Атаевна, Адилаева Алма**
«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы
«Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушылары

Резюме

*Данная работа всесторонный раскрывает и анализирует психологические особенности темперамента учащихся.*

Summary

*This comprehensive work indicates and analyzes the psychological characteristics of the temperament of students.*

Табиғатта екі бірдей адамды, жеке тұлғаны кездестіру қиын. Әрбір адамның жеке тұлға ретінде даралық ерекшеліктері қайталанбайды. Адамдар бір-біріне ұқсас болып келуі мүмкін. Адамдардың даралық – психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болады.

Осындай тұрақты және адамға туғаннан берілетін психологиялық қасиеттер темпераменттің қасиеті болып табылады. Демек, темпераменттің қасиеттеріне ең алдымен туа біткен және даралық-өзіндік психикалық қасиеттер жатады. Тіпті ерте кезден бастап, темпераменттің төрт түрін кездестіре аламыз: сангвиникалық, флегматикалық, холерикалық және меланхоликалық.

Темперамент жөніндегі ғылымның ірге тасын қалаған ежелгі грек дәрігері – Гиппократ (б.э.д. 460-356). Оның тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының» - қан, шырыш, өт, запыран - өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері Клавдий Гален алғашқы рет темперамент түрлеріне ғылымдық сипат берді. Гален темперамент түрін жоғарыда аталған шырындырдың бірінің басымдылығымен байланыстырды.

Ол біздің заманымызға дейін жеткен темперамент атауларын белгіледі: сангвиник (sangius – қан), флегматик (phlegma – шырыш), холерик (chole - өт), меланхолик (melaschole – запыран). Гален ендірген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді.

*Кіші оқушылар темпераменті.*

Егер сіз кіші оқушыларды қадағалайтын болсаңыз, олар сабақта да, үзілісте де, ойын үстінде де, еңбек, дене шынықтыру сабақтарында да олардың активтілігі және эмоциялары әртүрлі болады. Кейбіреуі тым қозғалғыш, сабақта өте белсенді, өзгерістерді елемей тез араласып кетеді және олардың эмоциялары өте айқын, ұстамсыз түрде көрінеді. Ал, екінші біреуі, байсалды, баяу жұмыс істейді, сөйлегені созылыңқы және бірқалыпты, эмоциялары мүлде көрінбейді деуге болады. Бұндай балалар өз жетістігі мен кемшіліктеріне мән бермейді. Ал, енді кейбіреулері, еті тірі, сөзшең, өмірге риза, бірақ бейқам, қозғалғыш, сезімге тез

берілетін балалар. Тұйық, ұялшақ, ақырын сөйлейтін, ренжігіш оқушылар да өздеріне назар аудартпай қоймайды. Бұл айтылған әртүрлі темперамент белгілері төрт оқушы типін көрсетеді: холериктер, флегматиктер, сангвиниктер, меланхоликтер. Темперамент қозғалғыштықты бейнелейді, ал қызығушылық пен көзқарасты бейнелемейді. Екі әртүрлі темперамент өкілдерін алайық, олардың жасаған іс- әрекеті де әртүрлі болады.

**Мектеп оқушыларының темперамент ерекшеліктерін зерттеу**

| ***Холерик*** | ***Меланхолик*** |
|---|---|
| Бір орында тұрақтамайды | Ұялшақ |
| Ұстамсыз, қызба | Күтпеген жағдайда абдырып қалады |
| Шыдамсыз | Бейтаныс адамдармен тіл табысуға қиналады |
| Адамдармен қарым-қатынаста тік | Өз күшіне сенбейді |
| Шешімге келгіш | Жалғыздыққа қиналмайды |
| Бірбеткей | Сәтсіздікке жиі әсерленеді |
| Айтыс-тартыста тапқыр | Өзімен-өзі болып кетеді |
| Жұмысты шалт істейді | Тез шаршайды |
| Тәуекелшіл | Әлсіз, жәй сөйлейді |
| Кек сақтамайды | Әңгімелескен адамның мінез-құлқына еріксіз көнеді |
| Қызба | Жылауға дейін барады |
| Бет бақтырмайды | Мақтауға, сынға көп көңіл бөледі |
| Кемшілікке төзбейді | Өзіне, ортаға жоғары талап қояды |
| Әңгіме кезінде сезімді бет-қимылымен, құблыспен жеткізеді | Күдікшіл, сенімсіздікке бейім |
| Шешім қабылдағыш, әрекет жасауға қабілетті | Тез ренжиді |
| Жаңалыққа жаны құмар | Тез өкпелейді |
| Шалт қимылдайды | Пікір алысуды қаламайды |
| Алға қойған мақсат жолында табанды | Белсенділік көрсетпейді |
| Көңіл-күйі тез өзгереді | Мойынсұнуға бейім |
| Сөзуар | Мүсіркеушілік, аяушылық күтеді |
| ***Сангвиник*** | ***Флегматик*** |
| Шат көңілді | Ұстамды, салқынқанды |
| Қуатты, іскер | Жұмыста ретті, табанды |
| Бастаған істі аяғына дейін жеткізбей тастай салады | Сақ, есепшіл |
| Өзін жоғары бағалайды | Күте алады |
| Жаңалықты тез қабылдайды | Тұйық |
| Қызығуы тұрақсыз | Асықпай сөйлеседі, бет құбылысы өзгермейді |
| Сәтсіздікке қайғырмайды | Ұстамды, шыдамды |

| | |
|---|---|
| Әр жағдайда тез көнеді | Бастаған істі аяғына дейін жеткізеді |
| Жаңа істі қызығушылықпен бастайды | Бекерге күш жұмсамайды |
| Істен жалықса тез суынады | Жоспарды орындауды қадағалайды |
| Бір істен екінші іске тез ауысады | Мақсатты берік ұстайды |
| Ыждахатты | Мақтауға, сынға көңіл бөлмейді |
| Жаңа адамдармен тез тіл табысады | Сынға, әжуаға мән бермейді |
| Еңбексүйгіш | Қарым-қатынаста тұрақты |
| Тез, қатты сөйлейді, бет қимылымен білдіреді | Ұқыпты |
| Күтпеген жағдайда ұстамды | Бір істен екіншіге тез ауысады |
| Үнемі жайдарлы | Бірқалыпты |
| Тез ұйықтап, тез тұрады | Жаңа іске асықпай кіріседі |
| Асығыс шешім қабылдайды | Жаңа жағдайға көндігуі қиын |
| Тайғанақтық көрсетуге бейім | Ешкімді әжуаламайды |

***Зерттеу нәтижесі:***

Сұраққа келісетін бола, + белгісін қояды, егер + белгісі 16-20 болса, онда ол адамға сол темпераменттік тип белгілері басым. Әр адамда барлық темпераменттік тип белгілері болады, қайсысы басым болса, сол типке жатады. Мысалы: Ернар – холерик 14, флегматик 12, сангвиник 16, меланхолик 8, сонда Дархан сангвиник типіне жатады.

**Оқушылар темпераментінің физиологиясы.**

*Ұстамсыз тип*

а/ холерик

ә/ жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу мен тежелуі тен емес (қозуы басым)

*Ширақ тип*

а/ сангвик

ә/ қозу мен тежелу тең келіп, тең алмасып отырады

*Баяу тип*

а/ флегматик

ә/ қозу мен тежелу тең бірақ алмасуы сараң, баяу қозғалатын тип

*Әлсіз тип*

а/ меланхолик

ә/ қозу мен тежелу процестері баяу көрінеді

**Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы.**

*Холерик темпераментіндегі адам*

а/ ұстамсыз, күйіп-пісуге ылғи дайын тұратын күйгелек адамдар

ә/ И.П.Павлов оларды жылдам, тез, әсерленгіш, жалын атып тұратын жауынгер тип деп атады.

*Сангвиник темпераментіндегі адам*

а/ қуатты, тұрлаушы, ширақ тип, ойнақы, еті тірі, бірақ тұрақсыз

ә/ жұмысқа қабілетті, беріліп істейді, тез тіл табыса алады, ақ көңіл, қызу істің адамы

б/ осал жері-іс жоқ кезде сылбыр күйге түседі, енді бірде жеңіл мінезділікке салынады.

*Флегматик темпераментіндегі адам*

а/ салмақты, сабырлы келеді

ә/ кез-келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай баппен жүріп-тұрады

б/ осал жері-қимыл қозғалысы баяу, өмірдегі жағдайларға селсоқ қарайтындығы, оңтайлығын жоқтығы.

*Меланхолик темпераментіндегі адам*

а/ нашар жағы-тұйық, ойға шолуға бейім, орынсыз ибалылық

ә/ өте сезімтал, оған әсер етпейтін нәрсе жоқ, өзге адамдармен онша көп жұғыспайды, тиісті жерінде айтатының айта салады.

*Сангвиник темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*

а/ ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылмайды, оптимист, көңілді, басшылыққа құштар

ә/ қызыққыш, бәрін білігісі келеді, ақыл-ойы белсенді, мұғалім сөзін тез ұғады, сұрақ қоюға жаны құмар, сөйлегенде ым-ишарасы басым

б/ өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент

*Флегматик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*

а/ өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

ә/ сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды, ауыр мінезді, көрсе қызар емес, салқынқанды.

б/ дауыс екпіні баяу келеді, асып-саспайды, мәселені тез шешуге асықпайды, оқу дағдыларын игеруге икемді.

*Холерик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*

а/ бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл-күйі жиі өзгеретін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі бала

ә/ қимыл-қозғалысы шапшаң, батыл, қызыққан ісіне әбден беріліп, барлық ынтасын салады, ой-әрекетіне белсенді

б/ мінезі сотқар, ашуы тез, ұнамсыз істерге әуес, сөзі жылдам, интонациясы толқымалы, кейде топта даусы қатты шығып кетеді.

*Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері*

а/ сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң

ә/ жолдастарының арасында көзге түспей, жай ғана жүріп-тұрғанды ұнатады, “мен” деп ешқашан ұмтылмайды.

б/ ол сезімтал, мұғалім ескертуіне көпке дейін қайғырады, сәтсіздіктерде көз жасына ерік бере қояды, көңіл-күйі көбіне жабырқау.

**Оқу ісінде темпераменттерді тәрбиелеу.**

Әр мұғалім оқушының темпераментін білу керек.

Холерик кіші оқушыда ұстамсыздықты тежеуді жаттықтыру керек. Оған талап қойған кезде, жұмсақ және байыппен сөйлеу керек. Еңбек сабағында ұқыптылыққа тәрбиелеу қажет.

Меланхоликтерде белсенділікті арттыру керек. Оларды қоғамдық жұмысқа барынша кірістіру керек.

Флегматиктерде де сондай қасиеттерді қалыптастыру керек.

Ал сангвиниктерде тұрақтылықты орнату қажет.

**Әдебиеттер:**


1. Бизақова Ф. Психологиялық түзету – дамыту жұмысы – Тараз, 2013 – 424 бет.
2. Ф.Бизақова «Психологиялық тест» жинағы. Сенім. Тараз – 2012, 504 бет.
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология: университтер мен педагогикалық институттардың педагогика мамандықтарына арналған оқу құралы. Екінші басылымы. – Алматы: "Білім", 2012. – 360 бет.


## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


**Расулова Мунира Юлдашбековна**
Шымкент қаласы,
Көбеев атындағы №56 ЖОББМ
ағылшын пәні мұғалімі



Түйін

*Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану, оқу мазмұнының әртүрлілігі, оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болу мәселелері қарастырылған.*


**Ағылшын тілі пәнінің басты міндеті -** білімгерлердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетелдіруге қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады**.** Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси,шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Белгілі ғалым Н. Д.Гальскованың айтуы бойынша, кіші сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды.

***Мотивация факторлары мыналар:***

- Оқу мазмұнының әртүрлілігі;
- Оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болуы;
- Оқытушы тұлғасы;

Қазақ әдебиетінің классигі, Ұлы Абай атамыз: *«Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек»,* - деген. Расында да, тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана өз мақсатына жетеді.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет, журналдардан, тіпті интернет көзінен де қолдануы тиіс. Оқушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, мұғалім көп көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1 Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.

2 Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктеріменбайланысты болуы керек.

3 Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.

4 Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;

5 Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;

6 Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

**Ағылшын тілін оқыту әдістері мыналар:** Логикалық ойлау; Грамматикалық-аударма әдісі; Сатылау; Тізбектеу әдісі; Үнсіздік әдісі;Физикалық сезіну әдісі; Рольдік ойындар;Мәдени қарым-қатынас; Жобалау ідісі; Проблемалық оқытуәдісі;Анализдеу;Миға шабуыл;Пікір алматыру; Интерактивті әдістер; Коммуникативтік, көру,есту, кинестикалық, Витагендік әдіс, Ойға шолу, Аудиолингвистикалық әдіс; Келесі әдіс;Түсіндіру; Көрнекілік әдісі; Практикалық әдіс және ақпараттық-коммукативтік технология әдісі.Бұл оқыту әдістерінің ішінде бұрыннан қолданып келген әдістер және осы замандық жаңа әдістер қамтылған. Осы ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау аса маңызды. Себебі пайда болған әрбір жаңа әдістің артықшылығы мен кемшілігі болады. Оқытушының сабақ барысында қай әдісті таңдауы салыстырмалы сипаттауда аса маңызды. Себебі әдістердің түрлері сан алуан және де бұл әдістердің өзгешеліктерін білмей отырып оны таңдау мен қолдану қиынға соғады. Енді ағылшын тілін оқыту әдістеріне тоқталайық. Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі-«Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) болды. Бұл әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың ортасында іс жүзінде қолданыста болды. Ағылшын тілін меңгеру грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болды. Сол үшін осы әдіс түрі қолданылды. Бұл әдісте қандай да ьір грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері жинақталады.Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады.Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді. Екіншіден, логикалық ойлау деңгейі жоғары азаматтарға ыңғайлы болды. Бұл тәсіл 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді. Себебі уақыт өзгере келе, қоғамда өзгереді. Сөйтіп заман ағымына сай сан алуан әдістер дүниеге келтірілді. Атап айтатын болсам, 60 жылдары пайда болған «Silenb way» (үнсіздік

әдісі) әдісін атауымызға болады. Ағылшын тілін оқытуда бұл әдістің басты мақматы – тіл үйренушіге кедергі келтірмеу, әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау. Бұл әдіс бойынша оқытушы ешнәрсе айтпайды, бірақ ол оқыту барысында күрделі түрлі түсті таблицаларды қолданады. Бұл таблицалардағы белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалап одан жаңа сөздер құралады. Мысалы ретінде «dog» сөзін айту үшін ең «d», кейін «o», сосын «g» дыбысының белгісі саналатын квадрат немесе түрлі таяқшалар көрсетіледі. Содан сөз құралады. Үнсіздік әдістің артықшылығы оқытушының тілді меңгеру сапасы, оқушының тілді меңгеру сапасына ықпал етпейді.

Келесі қарастыратын әдісіміз «Total-physical respone» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады. Одан кейін 70 жылдары пайда болған әдістің бірі- «Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі). Оның ең басты мақсаты- әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

Ағылшын тілін үйретудегі келесісі-«Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі. Аудиолингвистикалық әдіс 70 жылдардың аяғына қарай қолданысқа енді. Бұл әдісте оқушы магнитофоннан немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

Ағылшын тілін үйретудің келесі әдісі-«Sugesto pedia» (ойға шому) деп аталады. Бұл әдіс түрі 70 жылдары қолданысқа енді. Бұл әдіс түрі басқа әдіс – тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келді. Себебі осы әдісті қолдана отырып оқушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән–мағынасы мынадай: оқушы ағылшын тілін үйрену кезеңінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол озіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, оқушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді. Бұл әрине оқушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер оқушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері. Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек. Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.

**Көрнекілік әдісі** – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

**Түсіндіру әдісі** – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ – жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

**Практикалық әдіс** – оқушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс–әрекеті болып табылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

**Интерактивтік әдіс** – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында оқушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

Ағылшын тілі сабақ барысында компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға жәрдем береді. Ол үшін ғалымдардың ұсынысы бойынша мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер қолдану дұрыс:

1. Сұрақ-жауап диалогы.
2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма.
3. Еркін құралған сөйлемдерді стильдік түзету.
4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар.
5. Сөздікті меңгеруден өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе жетіліп, қарқынды даму үстінде. Сөйтіп біз бүгінде әлемдік интернет жүйесі арқылы ақпарат алып қана қоймай, білім алудың жаңа түрі аралықтан оқыту әдісі пайда болды. Бұл оқыту әдісінде мультимедиялық технологияның көмегімен бейне, мәтін, графика арқылы оқу курсының материалдары жасалады. Оқу материалы ретінде оқушыға дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары және интерактивті қасиеті шектеулі бейне және мультимедиялық материалдар ұсынылады.

**Ағылшын тілін үйрету барысында ескертетін жайттар:**

1 - Ағылшын тілін оқытуды жүйелі түрде жүргізу.

2 - Үйрету күнделікті өмірде жиі қолданылатын контекстерден басталады.

3 - Тапсырманы оқушының қабілетіне қарай беру.

4 - Оқу материалдарын шындыққа сай етіп алу.

5 - Үйрену – қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы арқылы жүзеге асады.

Қазіргі ағылшын тілді елдердің экономикасының дүниежүзіне ықпалы артуда. Екіншіден, ағылшын тілі- әдебиет пен саясаттың, өнердің, сауда-саттық пен әр түрлі ресми қарым-қатынас тілі. Бірақ та ағылшын тілі мамандарының алдында проблемалар да бар. Олар: біріншіден, ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды енгізуге байланысты материалдық-техникалық базаның талапқа сай келмеуі. Екіншіден, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда базалық ортаның аз қамтылуы. Осы проблемаларды шешудің бірден-бір жолы оқу бағдарламасын өзгерту, әдістерді жетілдіру. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтыруды, дамытылуы тиіс. Ендеше оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор болып келеді.

Осы әдістер мен әдістемелердің қолдануына байланысты оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығының артқанын көреміз.

Әдебиеттер:


1. Кулагин П. Г. Межпредметные связи в обучении. – М.: Просвещение, 1983.
2. Федорова В. Н., Кирюшкин Д. М. Межпредметные связи – М., Педагогика, 1989
3. Колягин Ю.М., Алексеенко О.Л. Интеграция школьного обучения // Начальная школа. 1990. № 9. С. 28–32.
4. Леонтьев А.А. Преподавание иностранного языка в школе: мнение о путях перестройки // Иностранные языки в школе.- 1988. -№ 4
5. Махмутова Е.Н., Батина М.Г. Интегрированный урок по теме «США: Природа, города, население, сельское хозяйство»


# АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ТИІМДІ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР


**Мавланова Севара Улугбековна**
Шымкент қаласы,
М.Горький атындағы №12 жоббм
ағылшын тілі пәні мұғалімі



Түйін

*Бұл мақалада ағылшын тілі пәнін оқытудың маңызы,тиімді әдіс-тәсілдері туралы айтылады. Ағылшын тілін оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қолдану сөйлеу тәжірибесінің сапасын арттыруға және сөйлеу мотивациясының пайда болуына ықпал етеді. Презентациялар, пікірталастар, жобалық іс-шаралар, рөлдік ойындар - бұл әдістердің барлығы сабақ барысында бейресми атмосфераны танып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын ашады.*

Резюме

*В этой статье обсуждается важность и эффективные методы обучения английскому языку.Увеличить качество разговорной практики и способствовать появлению мотивации к разговорной речи способствует использование интерактивных форм и методов преподавания английского языка. Презентации, дискуссии, проектная деятельность, ролевые игры - все эти*

*методики не только сознают более неформальную обстановку во время урока, но и раскрывает творческие способности учащихся, их интересы.*

Қазіргі таңда сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі жаңа талаптар оқушыға ғана емес, қазіргі заман мұғаліміне қойылады, мұғалімдер тек «сабақ беруші» ғана емес, баланың оқу ортасын құра арлатын ынтасы мен қызығушылығын оята алатын, білімді тиянақты меңгерте алатын маман болуы тиіс. Мұғалім үнемі жаңашылдыққа дайын болуы керек. Білім сапасына, оны оқытудың әдіс-тәсілдері мен технологиясына жоғары талаптар қойылып, оқушыны нағыз бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу мен білім беру – жаңашыл ұстазға қойылар басты талаптардың бірі болып саналады.

Барлық дамыған елдерде оқыту:

1. өздігінен оқуға;
2. өзін-өзі тәрбиелеуге;
3. қажетті ақпаратты өз бетімен алуға;
4. проблемаларды бөліп көрсетуге және оларды шешу жолдарын іздеуге,
5. алған білімдерін сыни тұрғыдан талдай білуге
6. оны жаңа мәселелерді шешуде қолдана білуге бағытталған[1].

Ағылшын тілі пәнін оқытудағы басты міндеттер - білімді, бәсекеге қабілетті, үш тілде өз ойын жеткізе алатын болашақ мамандарды дайындау үшін білім беруде тиімді әрі қолайлы әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп отыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ағылшын тілі пәні оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына да елеулі рөл атқарады.

Ағылшын тілін оқытудың әдістемелік жүйесі тәуелсіз, ашық, дамып келе жатқан жүйе ретінде қарастырылады, ол оқытудың ақпараттық-білім беру ортасымен өзара әрекеттесу барысында оқушылардың ағылшын тілін оқытудың нормативті және дараланған мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

**Ағылшын тілін оқытудағы басты назар аударатын әрекеттерге мыналар жатады:**

1. Ағылшын тілін оқытуды жүйелі түрде жүргізу.
2. Үйрету күнделікті өмірде жиі қолданылатын контекстерден басталады.
3. Тапсырманы оқушының қабілетіне қарай беру.
4. Оқу материалдарын шындыққа сай етіп алу[2].

Үйрену – қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда педагогикалық процесті дамытуда және оқушыға білім берудің негізгі субъектісі мәртебесін беруге байланысты жаңа тәсілдер мен оқыту әдістері енгізілді. Осыған орай, оқытудың интерактивті әдістеріне тереңірек тоқталайық.

Интерактивтілік термині бүгінде техникалық тұрғыдан да, педагогикалық тұрғыдан да қолданылады. Бірінші жағдайда интерактивтілік - бұл қолданушымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға арналған бағдарлама интерфейсінің қасиеті. Екінші мағынада интерактивтілік термині оқытудың бірқатар әдістерін сипаттағанда қолданылады, бұл жағдайда мұғалім мен оқушы әрекеттесуі.

«Интерактивті» сөзі ағылшынның «interact» - өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету сөзінен шыққан.

Интерактивті оқыту, ең алдымен, топтағы диалогтық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Интерактивті әдістердің артықшылығы - олар ағылшын тілін қолдану кезінде психологиялық тосқауылды жеңуге мүмкіндік береді және оқушыларға оны қолдану тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы жаңа дағдыларды игере отырып, оқушылар мұғалім ұйымдастырған сабақ формаларына үлкен ынтамен қатысады, онда оқу уақытының едәуір бөлігі сөйлеу практикасына арналған[3].

Оқытудың интерактивті әдістеріне дәстүрлі түрде презентация, сұхбаттасу, рөлдік ойындар, пікірталастар, ой қозғау, практикалық мәселелермен конкурстар және оларды кейін талқылау, жоспарлар мен жобалар жасау, шығармашылық іс-шаралар өткізу, мультимедиялық компьютерлік бағдарламаларды пайдалану және ағылшын тілінде сөйлейтін мамандарды тарту кіреді.

Оқытудың пікірталас формалары - мақсатты және жүйелі түрде пікір алмасу. Негізгі шарттар - пікірталастың бір сұрақ немесе тақырыппен шектелуі. Талқылау барысында айтылған кез-келген ой дәлелді болуы керек.

Рөлді ойын. Мектеп оқушылары үшін сыртқы әлемнен алған әсерлерді өңдеу тәсілі. Рөлдік ойындарда қарым-қатынасқа қажеттілікті дамыта отырып, ойлау мен қиялдың, эмоционалдылықтың, белсенділіктің ерекшеліктері айқын көрінеді. Рөлдік ойын тұлғаны дамыту үшін өте маңызды[4].

Оқушыларға арналған ең қызықты интерактивті ойындардың келесі мысалдарына тоқтала өтсем. Тақырып бойынша сөздік қорды және сөздерді орынды қолдануды көздейтін ойындар ұсынылады:

1. Grab a minute – интерактивті картаға жазылған терминді сипаттау үшін оқушыға 1 минут уақыт беріледі. Қатысушы осы пән немесе термин туралы, оның мәні, қолдану мысалдары туралы көбірек ақпарат беруі керек. Карточкада көрсетілген тақырып немесе термин туралы неғұрлым толық және дәйекті ақпаратты ұсынған оқушы жеңімпаз болып табылады.
2. An item description - интерактивті карталарда көрсетілген сөзді немесе сөз тіркесін сөздің өзін атамай немесе қимылдарды қолданбай сипаттау қажет. Бұл жағдайда оқушылардың қалған тобы белсенді рөл атқарады, олар сөзді болжауы керек.
3. Chain story - логикалық ойын, қиял мен даралықтың көрінісі. ойынның мәні - алдыңғы оқушының ойын жалғастыру[5].

Ағылшын тілі сабағының әр түрлі кезеңдерінде оқытудың интерактивті технологияларын қолдану - бұл оқушылардың тілді үйренуге деген ынтасын арттырудың әдісі ғана емес, сонымен қатар сыныптағы атмосфераны жақсарту, бұл оқушылар мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсінушілікке ықпал етеді.

Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Тіпті балабақшалардың өзінде ағылшын тілінде сөйлеуді, оқуды үйретеді. Ғаламтор желілерінде, кішкене балаларға арналан түрлі-түрлі мультихикаялар баршылық. Керек дегенде, ағылшындар да ғаламторға оқыту, үйрету әдістерін енгізіп қойғаны да рас. Дегенмен, аталып отырған тілді кәсіби түрде меңгеру және

болашақта мамандықпен байланыстыра отырып жемісін көру біздің қоғамда қиынға соғып отыр деп ойлаймыз. Атап айтар болсақ, ЖОО ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығында білімін жетілдіруші студенттер ғана кәсіби деңгейде меңгеріп, кәсіби мамандандырылған тілде келіссөз жүргізе алады деп болжамдай аламыз. Ал техника, экономика, информатика саласы туралы дәл осылай айту қиындау болады. Сол себепті негізге ала отырып, біз экономика мамандығында оқитын студенттерге кәсіби шет тілін үйретудің тиімді әдістерін зерттеуді жөн көрдік.

Ағылшын тілін жоғары деңгейде білу, осы тілде кәсіби келіссөз жүргізе білу деген сөз емес. Ол арнайы білім мен біліктілікті, жанжақтылықты қажет етеді. Аталып өткен талаптарға сай қазіргі таңда нарыққа құзыретті, аналитикалық тұрғыда ойлай және шешім қабылдай алатын, ақпаратты тез арада қабылдап оны келесі бір аудиторияға жеткізе білетін, ағылшын тілін меңгерген, халықаралық бизнес-форумдарда кәсіби қарым-қатынасқа түсе алатын, тиімді әрі ұтымды шешім қабылдайтын экономист мамандар қажет. Осындай маманды даярлауда ЖОО, нақтылай айтқанда экономика мамандығының бірінші курс студенттерінде кәсіби ағылшын тілінің баспалдағын дұрыс қалау керек. Сол кезде ғана біз жоғары стандартқа сай маман даярлай аламыз.

Қызметтегі кәсіби қарым-қатынас тек коммуникациялық құзыреттіліктердің қалыптасуынан кейін барып іске аса алады. Кәсіби қарым-қатынас белгілі бір жағдаятқа, орынға және кәсіпке негізделеді. Және оны үйрету үшін аталған тақырыптарға байланысты ауызша сөйлеуге деген бейімділігін қалыптастыру керек. [1]

Тілді үйретпейтін оқу орындарында қайта бағдарлау жүргізілсе де және кәсіби ағылшын тілін оқыту туралы нұсқаулық материалдар жазылса да, (Онисинова И.С., 1991; Тыныштықбаева А.Б., 1999; Стамғалиева Н.К., 2000; Г.З., 2000), техникалық немесе экономикалық бағытта білім алатын студенттердің мәтінді естіп түсіну қабілеттеріне байланысты қиындықтар әлі шешімін таппай отыр. Осы орайда Мукушева Г.Р. «Методика обучения студентов экономической специальности пониманию иностранного языка» атты еңбегінде кәсіби ауызша сөйлету үдерісі кәсіби сөйлеу және тыңдауға бағытталған деген. [2]

Экономика мамандығына кәсіби шет тілін үйретуде басты назар грамматикаға аударылады. Себебі, бизнес тілінің өз ерекшеліктерін, нақтылықты және ой жинақылығын көрсету мақсатында. Мысалы: «To train highly qualified managers is extremely important for the development of economy», берілген сөйлемнің мағынасын сақтап отырып аудару үшін біз Infinitive-ті есімізге түсіреміз. «Жоғары білікті менеджерлерді даярлау экономиканы дамыту үшін өте маңызы болып табылады». Сөйлемде инфинитив қолданылу себебі іскерлік стилді жоғалтпай, барынша ойды нақты бұрмалаусыз білдіру. Бизнес тілінде жиі қолданылатын грамматикаларға: Infinitive, The ocjective with the infinitive constuction, The participle, Active and Passsive voice және Present Perfect жатады.

Жалпы алғанда, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі тек қана өзінің пәндік саласын меңгеріп қана қоймай, ағылшын тілі пәнін оқытудың тиімді жолдары мен ақпараттық – коммуникациялық технологияларды жетік меңгеріп, оқушыларға сапалы білім беруге жағдай жасауы тиіс.

Әдебиеттер:
6. Кулагин П. Г. Межпредметные связи в обучении. – М.: Просвещение, 1983.
7. Федорова В. Н., Кирюшкин Д. М. Межпредметные связи – М., Педагогика, 1989
8. Колягин Ю.М., Алексеенко О.Л. Интеграция школьного обучения // Начальная школа. 1990. № 9. С. 28–32.
9. Леонтьев А.А. Преподавание иностранного языка в школе: мнение о путях перестройки // Иностранные языки в школе.- 1988. -№ 4
10. Махмутова Е.Н., Батина М.Г. Интегрированный урок по теме «США: Природа, города, население, сельское хозяйство»

# АҒЫЛШЫН САБАҒЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Рустемова Халида Турдалиевна**
Шымкент қаласы,
С Кобеев атындағы N56 ЖОББМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада ағылшын сабағында қолданатын әдіс-тәсілдер, ағылшын тілінде сәтті қолданылып жүрген тәсілдердің баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру мәселелері қарастырылған.*

Бүгінгі күні тілдік пәндерді оқытуда қолданатын тәсілдер өте көп. Дегенмен де сабақтың өту бағыты мұғалімнің пәнді терең меңгергені мен практиканы соған орай ұштастыра білгеніне тікелей байланысты болады. Баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім көп ізденеді. Кейбір тәсілдер сабақтың тақырыбын оқушыларға жеткізуде жарамсыз болуы әбден мүмкін.

Ағылшын тілін оқыту басқа тілдерді оқыту секілді төрт дағдыны қатар алып дамытады: ***айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым.*** Тілдік пәндерді оқытудың қалыптасқан жүйесі осы төрт дағдыға бағытталады. Төрт тілдік дағды бала бойында қатар дамыса, баланың тілді меңгеру сатысы жоғарылады деген сөз. Егер бала бір дағды бойынша төмен деңгейде келе жатса, түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады.

Ағылшын тілін білу оқушыларға қандай мүмкіндіктер сыйлайды? Ағылшын тілі – әлем халықтары байланысқа түсетін ғылым мен білімнің тілі, көптеген адамдардың лексиконы осы тілдің негізінде құрылған. Ағылшын тілін білу өте жақсы мүмкіндіктер сыйлайды, жаңа ортада болумен қатар жаңа білімді игеру мүмкіндігіне жол ашады. Оқушы балаларға тілдің мүмкіндіктерін нақтылай отырып, пәндік тақырыптарды ұтымды өткізуге әдіс-тәсіл түрлері жетерлік. Ағылшын тілін білу оқушы бойындағы ***hard skills-mi*** дамытады. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу арқылы сіз өзге бәсекелестеріңізден бір саты жоғары тұрасыз. Шетелдік сайттардан керекті ақпараттарды алуға, контент жасауға, шетелдік тұтынушылармен араласуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін толық меңгеріп шығу үшін ***«Flipped learning»*** («Төңкерілген сабақ») оқыту жүйесін (тәсілін) тиімді пайдалануға

болады. Ағылшын сабағындағы күрделі тақырыптарды осы әдіс арқылы терең меңгеруге болады. Ол үшін төңкерілген сабақтың ауқымында қарастырылатын тақырып оқушытерге алдын-ала дайындықпен келетін тапсырмалар ретінде үй тапсырмасы ретінде өздігімен зерттеуге беріледі. Тапсырманың екі нысанда берілгені абзал. Біріншісі – ауызша: «Мына параграфты (немесе материалды, не мәселені, не проблеманы, не мақаланы) оқып (немесе танысып, зерттеп, қарастырып), мына сұрақтарға жауап беріңіздер (немесе «Мына мәселердің қалай шешілетініне назар аударыңыздар», «Шешілетін үш жолын көрсетіңіздер») деген сыңайда болады.

Екінші тапсырма – жазбаша. Мәселен, «Осы параграф (мәселе, тақырып, сұрақ, материал, т.б.) бойынша кесте (немесе диаграмма, гистограмма, кластер, менталды карта, т.б.) құрастырып келіңіздер» деп ұсынамыз. Немесе «Осы мәселе жайында мына үш сұраққа жазбаша жауап жазып келіңіздер», не эссе жазу, жаттығу орындау, есеп шығару немесе құрастыру секілді жазу тапсырмаларын орындауды тапсырамыз.

*«Жазу – дәлел»* демекші, оқушытердің жазба тапсырмалары олардың үйге берілген тақырыпты қандай деңгейде игергендігінің айғағы болады. Олардың материалды білгендігін, түсінгендігін, талдай алатындығын, рефлексия жасай алатындығын олардың өз қолымен жазғандарынан көре де, өлшей де, бағалай да аламыз. Егер де сабақта мұғалім «Балалар, үй берілген тапсырманы орындадыңыздар ма?» деп сұрағанда, оқушытер жамырай «Иә!» деп жауап берсе, ұстаз олардың бұл жауабын ауызша қалай тексере алады? 20-30 баладан тұратын топта үй тапсырмасын қанша оқушытен сұрай алар екен? Мүмкін ең жақсы жағдайда оншақты оқушытерден болар. Ал қалғандарының не білгені, олардың білімін қай бағытта және қалай дамыту керектігі назардан тыс қала ма? Ал жазу жұмысынан әр оқушытің тапсырманы қалай орындап, үйге ұсынылған тақырыпты қалай меңгергенін анықтауға болады. *«Жазу – дәлел»* деген осы болар. Бұған қоса мұғалім үйге оқушытерге өзінің осы тақырып бойынша оқыған шағын лекциясын да беріп жібереді. Ол үшін мұғалім камераға не ұялы телефонға 8-10 минуттық өз сабағын түсіреді. Жолай ол дәрісінің негізгі ұғымдарын тақтаға жазып немесе презентациялық слайд көрсете отырып түсіндіреді. Осыдан соң мұғалім лекциясын оқушытерге What'sApp арқылы жіберуіне болады. Оқушытер осылайша үйге берілген жаңа тақырыпты игеру барысында бірнеше ресурсты (материалдарды, мәтіндерді) қолданады, олардың ішіне, мәселен, оқулық №1, оқулық №2, мұғалімнің видеосабағы, мұғалімнің сілтеме жасаған интернет сайты, т.б.

***«Flipped learning»***-нің ағылшын тілін оқытуда қолдану кезіндегі артықшылығы – уақыттан ұту немесе уақытты тиімді пайдалана алу қабілеті. Сонымен қоса тілді өздігімен меңгере отырып, оқушы жоғарыда аталған тілдік төрт дағдысын да қалыстастыра алады. Қазіргі уақытта көптеген ұстаздар осы тәсілді қолдана отырып, тілді меңгертуде жоғары нәтижелерге жетіп жүр. Демек, бұл тәсіл арқылы сапалы білімді қамтамасыз ете аламыз деген сөз.

Ағылшын тілінде сәтті қолданылып жүрген тәсілдердің бірі – **Learn by Doing** немесе әрекет арқылы оқыту. Әрекет арқылы оқыту американдық философ Джон Дьюи түсіндірген білім беру теориясына жатады. Бұл оқуға ыңғайлы әдіс,

яғни оқушытер бейімделу және үйрену үшін қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі керек. Дьюи бұл идеяны Чикаго университетінің зертханалық мектебін құру арқылы жүзеге асырды. Оның көзқарастары прогрессивті білім беру тәжірибесін құруда маңызды болды. Мысалы, оқудағы бұл «теорияны» Ричард Дюфур қабылдады және кәсіби оқыту қоғамдастығын дамытуға қолданылды. Қарапайым тілмен айтқанда күнделікті өмірде айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы ағылшын тілін меңгеріп шығу деген сөз. Қазақ балалары үшін әдетте ағылшын тілді орта табу қиынға түседі. Сол үшін тілді оқу барысында жергілікті *speaking club*-тарға қосылып қою да артық етпейді. Көптеген адамдар тілдік орта табу арқылы өз білімдерін жетілдіріп жүр. Бұл тәсілді де ағылшын сабақтарында қолдануға болады. Сабақ барысында барынша сол тілде сөйлесу тілдік деңгейді арттырары сөзсіз.

Ағылшын сабағындағы тілдік дағдыларынды дамытуға арналған тиімді тәсіл – **Learning with cases.** Бұл тәсілдің қазақшасы – оқиғаларға негізделген оқу. Оны кейстер арқылы оқыту деп те атап жүр. Кейстермен оқыту – бұл жан-жақты және практикалық әдіс. Оның анық және қарапайым, кезең-кезеңімен жұмыс жасауы жеке дайындықты, шағын топтардағы талқылау мен сыныптағы үлгерімді арттырады. Мысалы, айтылым дағдысын дамыту барысында берілген мәтіндегі оқиғалар жүйесін өзінің жеке басындағы оқиғалармен ұштастыра отырып, сөйлеуге негізделеді. Оқушы жеке бір кейсті ала отырып, талдайды. Сосын топтық талдауға түседі, одан кейін бүкіл группаммен талқылайды. Бұл тәсілдің артықшылығы оқушы өзінің топ алдында жұмыс жасау қабілетін шыңдайды, топпен жұмыс жасауға беймделеді, уақытқа бағынады. Берілген дедлайн ішінде тапсырмаларды орындап шығуға дағдыланады. Осы қабілеттерді меңгеру арқылы тек тілдік қарымы дамып қана қоймайды, ортамен жұмыс жасау қасиеті артады.

Ағылшын тілін оқытуда Мел Зильберман ұсынған әрекеттің алты түрі көп көмектеседі. Олар: *тыңдау, көру, сұрау, талқылау, жасау, үйрету*. Осы алты әрекет қандай пәнді үйрену кезінде де көмекке келеді. Орындалуы қарапайым болғанымен, білім алушылар әдетте кейбір әрекеттерді жасауды ынта білдіре бермейді. Соның салдарынан тапсырма дұрыс емес орындалуы әбден мүмкін.

Қазіргі заман талабына сай тілді оқыту үшін *подкаст, комикс* тәсілдерін де тиімді пайдалануға болады. Бұл тәсілдер оқушы бойында тек тілді дамытып қана қоймайды, шығармашылық қасиетін шыңдайды. Берілген тақырып аясында подкаст, комикс дайындау арқылы жаңа технологияларды пайдаланады, түрлі ресурстармен жұмыс жасайды.

Қорыта келгенде, ағылшын сабақтарында тілдік дағдыларды дамыту үшін түрлі оқыту жүйелері мен әдіс-тәсілдерді ашып қолдануға болады. Тек баланың жасы мен тақырыптың ерекшеліктері басты назарда болғаны жөн. Оқушытің жас деңгейіне байланысты олардың қызығушылықтары да әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер оқушытің пәнді аса жоғары қызығушылықпен оқуына мүмкіндік жасайды.

**Әдебиеттер:**


11. Кулагин П. Г. Межпредметные связи в обучении. – М.: Просвещение, 1983.
12. Федорова В. Н., Кирюшкин Д. М. Межпредметные связи – М., Педагогика, 1989

13. Колягин Ю.М., Алексеенко О.Л. Интеграция школьного обучения // Начальная школа. 1990. № 9. С. 28–32.
14. Леонтьев А.А. Преподавание иностранного языка в школе: мнение о путях перестройки // Иностранные языки в школе.- 1988. -№ 4
15. Махмутова Е.Н., Батина М.Г. Интегрированный урок по теме «США: Природа, города, население, сельское хозяйство»

# ОЙЫНДЫҚ ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ: ЖАҢА ӘДІСТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

**Азамат Эльмира Талгатовна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ» филиалының «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушысы
**Есенбекова Айнур Лесбаевна, Олжабаева Назира Адасхановна**
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ» филиалының «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға әдіскерлері

**Түйін**

*Бұл мақала ойындық терапия арқылы балалардың психологиялық дамуын зерттеудің заманауи әдістері мен болашағын талқылайды. Ойындық терапияның ғылыми негіздері мен балалардың мінез-құлқына және психоэмоционалдық дамуына тигізетін әсері жан-жақты қарастырылады. Бала үшін ойын табиғи әрекет болғандықтан, терапияда қолданылатын ойындар олардың ішкі әлемін, эмоцияларын, қорқыныштарын, қуанышын ашуға көмектеседі. Мақалада ойындық терапияның дәстүрлі және инновациялық әдістері, оның психологиялық процестерді реттеудегі маңызы, сондай-ақ балалардың когнитивтік және әлеуметтік қабілеттерін дамытудағы рөлі көрсетілген. Бұл мақала ойындық терапияның даму бағыттары мен болашақ мүмкіндіктерін зерттеп, балалармен жұмыс істейтін мамандарға арналған практикалық ұсыныстар береді.*

Бала психологиясын түсіну және оны түзету жолында көптеген әдістер жасалғанымен, ойындық терапия бүгінгі күнге дейін баланың ішкі әлеміне тереңірек үңілудің ең тиімді әдістерінің бірі болып қала береді. Балалар үшін ойын шынайы өмірді бейнелейтін құрал ғана емес, олардың әлемді қабылдау және өз тәжірибелерін өңдеу тәсілі де. Ойындық терапия баланың дамуындағы эмоционалдық, когнитивтік және әлеуметтік аспектілерін зерттеуде маңызды орынға ие. Сондықтан, мақалада ойындық терапияның жаңа әдістері мен балаларды зерттеудегі рөлі жан-жақты қарастырылады.

**Ойындық терапияның тарихи негіздері:** Ойындық терапияның бастауын XX ғасырдың басынан алуға болады. Оның дамуында психоаналитикалық бағыттың негізін қалаған Зигмунд Фрейдтің еңбектері маңызды рөл атқарды. Фрейдтің балаларға қатысты теорияларында ойынның балалардың сана мен бейсаналық байланысын ашудағы рөлі анықталған. Бұл идеялар кейіннен Мелани Кляйн, Анна Фрейд, Вирджиния Экслайн сынды психологтар тарапынан дамытылды. Олардың зерттеулері арқылы ойындық терапия балалардың эмоционалдық проблемаларын шешуде және

олардың қорқыныштары мен алаңдаушылықтарын жеңілдетуде қолданыла бастады.

1950-1960 жылдары ойындық терапияның практикалық қолданылу аясы кеңейе түсті. Бұл кезеңде АҚШ-та Чарльз Шефер мен Гари Лэндрет ойын терапиясының негіздерін әзірлеп, оны психологиялық кеңес беру саласында кеңінен қолдана бастады. Лэндрет ойындық терапияның баланың ішкі сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік беретін «еркін ойын» тәсілін ұсынды. Бұл тәсіл ойын терапиясының баланың өзіндік бастамаларын қолдай отырып, оның ішкі жан дүниесіне терең үңілуге мүмкіндік беретініне негізделген.

**Ойындық терапияның негізгі теориялық тәсілдері:**

Ойындық терапияны түсінуге көмектесетін негізгі теориялық тәсілдерді бірнеше категорияға бөлуге болады:

1. **Психоаналитикалық тәсіл**
   Бұл тәсіл бойынша, бала ойын кезінде өзінің ішкі қақтығыстарын, бейсаналық үрейлерін және тілектерін бейнелейді. Психоаналитикалық бағыттағы ойын терапиясында терапевт баланың ойынын бақылап, оның астарлы мағынасын түсіндіреді. Осы арқылы баланың эмоциялық және психологиялық мәселелері анықталып, шешіледі. Мысалы, бала қорқыныштарын ойын арқылы жеңілдетіп, ішкі қақтығыстарын шешеді.
2. **Гуманистік тәсіл**
   Бұл тәсіл бойынша, ойын баланың өзін-өзі ашу құралы ретінде қарастырылады. Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың бірі Карл Роджерс баланың өзін еркін білдіруіне және қабылдануына назар аударды. Ойын терапиясында баланың өз тәжірибесін білдіруге мүмкіндік беру оның психологиялық жағдайын жақсартуға көмектеседі. Бұл тәсілде терапевт баланың ойын әрекетіне минималды араласады және баланың өзіндік шешім қабылдауына мүмкіндік береді.
3. **Когнитивтік-даму теориясы**
   Жан Пиаже балалардың когнитивтік дамуын зерттей отырып, ойынның олардың ойлау қабілетін дамытудағы маңызды рөлін анықтады. Ойын барысында бала жаңа ақпаратты игеріп, тәжірибелік шешім қабылдауды, логикалық ойлауды дамытады. Ойындық терапияның бұл бағыты балалардың танымдық процестерін дамытуды көздейді.
4. **Әлеуметтік-мәдени тәсіл**
   Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени даму теориясы балалардың ойын әрекетінде әлеуметтену процесі ерекше орын алатынын айқындады. Бұл теория бойынша, балалар өз ойынында қоршаған ортаның әсерін сезінеді, әлеуметтік рөлдер мен ережелерді меңгереді. Ойындық терапия балаларға әлеуметтік дағдыларды игеруге, өз эмоцияларын реттеуге және қоршаған ортаға бейімделуге мүмкіндік береді.

**Ойындық терапияның заманауи әдістері:**

Қазіргі таңда ойындық терапияның көптеген жаңа әдістері қолданыста. Бұл әдістер балалардың психологиялық және эмоциялық жай-күйін түсінуге көмектесіп, терапевттер мен педагогтардың жұмысына үлкен жеңілдік әкеледі.

1. **Құм терапиясы**
   Құм терапиясы баланың қолдары арқылы ішкі сезімдерін білдіруге мүмкіндік беретін ерекше әдіс. Балалар құммен ойнап, түрлі фигуралар мен сюжеттер құру арқылы өз эмоцияларын білдіреді. Бұл әдіс әсіресе травмалық жағдайларды өткерген балалар үшін тиімді, өйткені құм арқылы олар өздерін қауіпсіз сезінеді.
2. **Рөлдік және драмалық ойындар**
   Рөлдік ойындар балаларға түрлі кейіпкерлерді сомдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың әлеуметтік рөлдер мен эмоцияларды меңгеруіне ықпал етеді. Рөлдік ойындар кезінде балалар өз қорқыныштары мен қиындықтарын рөл арқылы жеңуге тырысады. Драмалық ойындар баланың өмірлік тәжірибесін сахналап, оның сезімдері мен проблемаларын сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.
3. **Арт-терапия**
   Арт-терапия шығармашылық процестер арқылы баланың ішкі әлемін ашуға бағытталған. Балалар сурет, мүсін немесе басқа да шығармашылық құралдар арқылы өз ойларын жеткізеді. Бұл әдіс эмоционалдық күйзелісті жеңілдетуге, өзін-өзі тануға мүмкіндік береді.
4. **Музыкатерапия**
   Музыка баланың эмоцияларын реттеуде үлкен рөл атқарады. Музыкатерапия барысында балалар музыкалық аспаптарды қолданып, өз эмоцияларын музыка арқылы білдіреді. Музыка арқылы бала өзіндік ритм табады, бұл оның ішкі күйзелісін жеңілдетуге көмектеседі.
5. **Интерактивті ойындар және виртуалды терапия**
   Қазіргі технологиялық дәуірде балалардың виртуалды ойындарды қолдану арқылы психологиялық дамуын зерттеу де маңызды болып отыр. Виртуалды ойындық терапия балаларға өздерін танытуға, қоршаған ортаны зерттеуге және эмоционалдық мәселелерін ойын арқылы шешуге мүмкіндік береді.

**Ойындық терапияның артықшылықтары:**
Ойындық терапия балалардың психологиялық және эмоциялық дамуына үлкен ықпал етеді. Оның бірнеше негізгі артықшылықтары бар:

1. **Эмоциялық қолдау:**
   Ойындық терапия балаларға өздерінің ішкі сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік береді. Олар ойын арқылы өздерінің қорқыныштары мен қиындықтарын жеңілдетеді. Балаларға эмоционалдық қолдау көрсету олардың психологиялық тұрақтылығын нығайтады.
2. **Әлеуметтік дағдыларды дамыту:**
   Ойындық терапия балаларға әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Олар ойын барысында өзара қарым-қатынас жасау, ережелерді түсіну және өздерін ұжымда дұрыс ұстау қабілеттерін меңгереді.
3. **Когнитивтік дамуға ықпал:**
   Ойын барысында балалар логикалық ойлауды дамытады, проблемаларды шешу қабілетін арттырады. Ойындық терапия балалардың когнитивтік процестерін тереңдетуге бағытталған.

Қорытындылай келе, ойындық терапия балалардың психологиялық дамуын зерттеудің тиімді әрі қажетті әдісі болып табылады. Оның көмегімен балалардың ішкі жан дүниесін түсініп, олардың мінез-құлқы мен эмоциялық жай-күйін түзетуге мүмкіндік бар. Ойындық терапияның жаңа әдістері балалардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына жағымды әсер етіп, оларды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс қазіргі педагогика және психология саласында ерекше орын алып, болашақта да маңызды болмақ.

**Әдебиеттер:**


1. Выготский, Л. С. (2020). Балалық шақтағы ойындардың әлеуметтік-мәдени маңызы. Москва: Издательство "Наука".
2. Лэндрет, Г. Л. (2015). Ойындық терапия негіздері: балалардың психоэмоционалдық дамуы. Лондон: Brunner-Routledge.
3. Пиаже, Ж. (2012). Баланың танымдық дамуы және ойынның рөлі. Нью-Йорк: Academic Press.
4. Кляйн, М. (2003). Ойындық терапия: Балалық шақтың психоанализі. Лондон: Routledge.
5. Шефер, Ч. Э. (2019). Ойындық терапияның қазіргі заманғы әдістері. Бостон: Beacon Press.


## ЛЭПБУК КІТАПШАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ


**Егенова Айгуль Атаевна**
Алматы қаласы, “13 арнайы бөбекжай-балабақшасы “КММ



*Резюме*

*Статья предназначена для формирования личностей, а также для коррекции в виде занятий с разными заданиями детей с недостатком в разговорной речи и для тесной связи родителей с ребенком, учителя с обществом.*

*Summary*

*Abstract. An article is about various tasks for correcting speech with the help of organized movements for children with a speech defect and about the close connection of parents with the child, as well as the teacher with society, and the formation of the personality.*


«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.[1] Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы.

Статистикаға сүйенсек қазіргі кездегі түрлі дәрежедегі тіл кемістігі бар балалардың көбейуі – қоғамның шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселенің бірі болып табылады. Мұндай балаларға арнайы мектептер мен оқыту бағдарламалары жоқтың қасы. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, бұл жағдайда тіл кемістіктері бар балаларда көптеген қиындықтар туындайды. Адамда сөйлеуге арналған негізгі орган болмайды. Сөйлеуге өңеш, өкпе, жұтқыншақ, тіл, тіс, ерін, ұрт, жақ қатысады. Баланың миының даму процесі белгілі бір кезеңге жеткенде ғана дұрыс сөйлей бастайды.

Тіл кемістігі бар балалар өз кемшіліктерінің себебінен өздеріне достар таба алмай қиналып, сөйлеуден де қорқады. Ондай балалардың жалпы және ұсақ маторикалары да толық дамымайды. Өздеріне басқалар тарапынан сұрақтар қойылса, жауап беруден қашқақтап, сұрақтарды толық тыңдамай мазасызданып, әр түрлі ретсіз қимыл-қозғалыстар жасайды (басын қасу, қозғалақтау, тамағын қырнау т.б). Жалпы айтқанда сенімсіз, мазасыз, жасқаншақ балаға айналады. Бұл қиындықтар бала өскен сайын тереңдей түседі.[2] Аталған қиындықтарды жеңуде тіл кемістігі бар балалармен жұмыс жүргізуде әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Яғни дәстүрлі және бейдәстүрлі тәсілдерді біріктіре отырып пайдалану сөйлеу тілінің тез дамуына ықпалын тигізеді. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуда «Триз», «Зайцева», «Халық ауыз әдебиеті» т.б. әдістемелер секілді лэпбук кітапшасын да қолдану тиімді нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді. Лэпбук – салыстырмалы түрдегі жаңа оқыту құралы. Алғаш рет лэпбукты американдықтар құра бастады.

Лэпбук (lapbook) – ағылшын тілінен тура аударғанда (lap-тізе, book-кітап) деген мағынаны білдіреді. Лэпбук – бұл қалташалары, есігі, терезелері бар жинамалы кітапша, жылжымалы бөлшектерден құралған, оған бір тақырыптың материалдары орналастырылады. Бұл бүлдіршіндермен белгілі бір тақырыпты бекітуге арналған тамаша тәсіл және кітаптың мазмұнын ұғыну арқылы, зерттеу жұмысын жүргізу, оның барысында бала ізденіс жасайды, ақпаратты сұрыптап және талдайды.[3]

Негізгі мақсаты:

Педагогтарды жаңа бірлескен қызмет түрімен таныстыру, лэпбук тақырыбын дайындау және оны пайдалану. 4-6 жас аралығындағы балалардың танымдық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін тапсырмалар мен ойындарды пайдалану арқылы дамыту.

Негізгі міндеттері:

1. Артикуляциялық аппараттарды, қолдың ұсақ моторикасын, тыныс алуын дұрыс дамыту;

2. Фонетика-фонематикалық естуін, дыбыстық талдауын қалыптастыру («Бұл дыбыс сөздің қай жерінде кездеседі?»);

3. Ойындарда дыбыстарды машықтандыру (мақал-мәтел, жаңылтпаш айтып жарысу);

4. Байланыстырып сөйлеуін дамыту (суреттер желісімен сөйлем құрау);

5. Көріп –қабылдауын дамыту (кесілген суреттерді біріктір);

Лэпбук – логопедтердің жұмыс барысындағы ең тиімді көмекші құрал. Ол балаға өткен тақырыпты өз қалауы бойынша ұйымдастыруға, тақырыпты жақсы түсінуге және материалды есте сақтауға көмектеседі (әсіресе, егер сіздің балаңыз визуал болса). Оқытудың мұндай түрі визуал ересектерге де ұнайды.

Бұл өткен тақырыпты қайталау үшін тамаша тәсіл. Кез келген ыңғайлы уақытта бала жай ғана лэпбукты ашады және қуана-қуана өткенді қайталайды, өз қолымен жасаған еңбекті қарастырады.

Бала өз бетімен жинауға және ақпаратты ұйымдастыруға үйренеді

Лэпбук тек жеке емес топтық сабақтарды жүргізгенде де қолайлы, онда бір мезгілде әр түрлі жастағы балаларды қамтуға болады. Тапсырманы деңгейіне

қарай таңдауға болады (кіші топтағы балалар үшін –карточкалармен қалташа немесе жануарлар пішіні, ал ересек немесе даярлық топтардағы балаларға жазып-сызуға, жазғанын оқуға және т.б арналған тапсырмалар) 215 және осындай ұжымдық еңбек кітапшасын жасау.

Лэпбук құру ересектер мен балалардың бірлескен қызмет түрлерінің бірі болып табылады. Немесе аптаның немесе жобаның тақырыптық нәтижелерін ұсыну нысаны болуы мүмкін.

Лэпбукті сөйлеу тілінің түрлі ауытқуы бар балаларға арнап жасауға болады. Бұл көмекші құралдан сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерін дамытуға бағытталған түрлі жаттығулар мен ойындарды, көрнекі құралдарды кезіктіруге болады (фонетикасын, сөздік қорын, грамматикасын, байланыстырып сөйлеуін, ұсақ моторикасын, көріп қабылдауына байланысты). Лэпбуктің ішінде қолданылатын барлық көрнекі құралдар мен материалдар баланың танымдық қабілеттерінің, сөйлеу тілінің дамуына негізделіп жасалынады.

Менің логопедтік бекетімде «Туылған күн!» деген мерекелік дәстүр бар. Бұл баладан сөз тіркесін естіген кездегі мереке, қуаныш «Алақай! Менде дыбыс туылды!». Мұндай жағымды сөздерді жылына көптеп естіп тұрамын. Бұл дегенім балалардың ең қиын кезеңі, дыбысты қою кезеңінен өткендігі. Әрі қарай әлі алдымызда ұзағырақ кезең дыбысты дыбыста, буында, сөзде, сөйлемде, сөздерді байланыстырып сөйлеуінде машықтандыру кезеңі күтіп тұрады. Сол себепті менің негізгі міндетім балалардың сөйлеу тілін сөздерде ертерек машықтандыру. Осы тұрғыда келесі лэпбукқа тоқталып өтсем:

«Артикуляциялық жаттығулар».

Мақсаты: [р]дыбысын дұрыс айту үшін сөйлеу аппаратын дұрыс қозғалысқа келтіру және тілді белгілі бір қалыпта ұстау, қарапайым қимылды күрделі қимылдарға айналдыру. Баладан кітапшада берілген жаттығуларды жасату арқылы тілдің дірілін келтіру

«Көлікті гаражға жеткіз» ойыны.

Мақсаты: «Р» дыбысын ұзақ әрі тиянақты айтуға дағдыландыру. Баладан көлікті «рррр..ррр» деп қыздырып, гаражға жеткізуін өтіну.

«Жануарларға айналамыз» ойыны.

Мақсаты: «р» дыбысын буындарда машықтандыру. Баладан жануарлардың суреті көрсетілген карточкалар көмегімен жануарлардың даусын салуды өтіну.

- Арыстан қалай дыбыстайды?
- Арррр, -арррр - Ит қалай дыбыстайды?
- РРР, -рррр - Мысық қалай дыбыстайды?
- Мурррр, -муррр т.б

«Буындар әуені» Мақсаты: «р» дыбысын буындарда машықтандыру. «Р» дыбысын дауысты дыбыстармен қосып әуендете отырып айту. «РРРаааааа, ррроо, рууу, ааарр, ооорр, ууурр т.б»

«Буын ұйқасты тап» Мақсаты: «Р» дыбысын сөзде машықтандыру. Балаға суретті көрсете отырып, сол суретке байланысты буын ұйқасты айту, айтқызу.

«Буындарды қос» ойыны Мақсаты: «Р» дыбысын сөзде машықтандыру. Балаларға буындарды аяқтауын тапсыру. - [р] дыбысын жалғап айтуды ұсыну: қа..., со..., бо..., та..., жа..., қоңы...; [-ра] буынын жалға: Қа..., да..., жа..., сұ...,

домбы...; [- рақ ] буынын жалға: Ба..., та..., жа..., қа..., сұ..., құ..., жы..., тұ..., шы... .т.б.[4]

«Лабиринт» ойыны. Мақсаты: «Р» дыбысын сөзде машықтандыру. Балаға берілген суреттер ретін атауын тапсыру.

«Не істеп жатыр?»

Мақсаты: «Р» дыбысын сөйлемде машықтандыру.

«Кескіндерді қос»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, «р» дыбысын сөйлемде машықтандыру. Балаларға кесілген суреттерді беріп, оларды қосуын тапсыру. Шыққан суретке сөйлем құрату.

«Тақпақтар жарысы» Мақсаты: Балалардың анық, тиянақты сөйлеуін қалыптастыру. Балалармен бірлесе отырып өлең-тақпақтар айту.[5]

Қорыта айтқанда,жалпы мен үшін лэпбукпен жұмыс жасау қандайда бір тақырыпты нақты жүйелеуге (дыбыстық, лексикалық, грамматикалық) оны балаларға ойын түрінде жеңіл түсіндіруге көмектеседі. Ал кітапшаны пайдаланған балада өткен тақырып есінде жақсы сақталып, білімді жетік меңгеруіне көмектеседі. Кез келген мұғалім, тәрбиеші, ата-ана өз балаларының, шәкірттерінің дамыған тұлға болып қалыптасуы үшін шығармашыл болуы тиіс. Бұл тұрғыда баланың дамуына лэпбук кітапшасы да өз ықпалын тигізеді деген ойдамын.

**Әдебиеттер:**

1. 12 жылдық білім. ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж.

2. Bilimger.kz сайты, Қаратаева Қ.Ғ. «Артикуляциялық гимнастика дегеніміз не, не үшін қажет?» 15.08.2017

3. Multiurok.ru сайты, Чистова К. Б. «Лэпбук (lapbook)» 02.11.2016

4. Айтылым жаттығулар = Произносительные упражнения: Для 2 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения / А. Жунисбек. - Алматы: Атамұра, 1998. - 40б. с.

5. «Бала мен балабақша» республикалық педагогикалық журнал №9 2010 Аңдатпа.

## МҰҒАЛІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Айдарбек Бәкіржан Әшірәліұлы**

«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.

**Резюме**

*Статья расскажет вам о том, какие психолого-педагогические технологии используются в современной школе для успешного обучения, воспитания детей.*

**Summary**

*The article will tell you about what psychological and pedagogical technologies are used in modern schools for successful learning and raising children.*

Қазіргі таңда оқушының кәсіби қабілеті мен дағдысын толық пайдалана білетін, психологиялық-педагогикалық ойлау деңгейі жоғары, психологиялық-педагогикалық міндеттерді шығармашылық тұрғыдан өз бетінше шеше алатын мұғалімдер қажет болып тұр.

Педагог-психологтардың міндеті- келешек ұрпақтың психологиялық денсаулығын нығайту. Ал оны қалыптастыратын ең басты орта- отбасы. Ата-ананың бір-біріне жылы қарым-қатынасы, сезімі тікелей балаға беріледі. Жылуы мол қарым-қатынастағы отбасында өскен баланың стресс, депрессияға қарсы имунитеті қалыптасады. Мұндай отбасындағы бала сабырлы, әр нәрсеге төзімді болады. Яғни, қоғамда проблемалы балалардың, девиантты топтағы балалар (мінез- құлық ерекшеліктері бұзылған балалар) азаяды.

Бала тәрбиесі сезімталдықты, жанашырлықты, шыдамдылықты, түсіністікті талап етеді. Бала тәрбиелеу баланың тек күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандырумен шектелмейді. Сондықтан қоғамда психологияның көмегі өте қажет. Психологияның бағытынсыз қоғамда ештеңеге қол жеткізе алмаймыз деп ойлаймын. Психологиялық кеңес беру дұрыс жолға қойылса, қоғамның дамуы да алға жылжитыны сөзсіз.

Қазіргі мұғалім өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу сияқты қасиеттері табылуы керек. Себебі, психологтар мен педагогтар адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әрқалай жүреді деп көрсетеді.

Болашақ мұғалім:- ол өзінің пәнін біліп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық үдерістегі әр қатысушының орнын көре біліп, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын-ала байқап, мүмкін болатын жағдайда артта қалушылықты реттеуді меңгеруі тиіс..

Сонымен, қазіргі ұстаз-шәкіртерге бастауын ғылымнан алатын білім бұлағының кәусарымен сусындатып қана қоймай, оның білмге деген қызығушылығын одан әрі оятып, дүниежүзілік білім, ақпараттық кеңістік, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге дағдыландырып, заманауи жаңалықтардан тұрақты хабардар болып отыруға тәрбиелеуі тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім-өзгермелі қоғамдағы әлеуметтік–экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан–жақты білімдар, дүниетанымы кең болуы қажет.

Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы-оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет.

Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда.

Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өздігінен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл үшін мұғалімнен терең біліктілікті талап етіледі. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен байқалады. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қойып отыр.

Әр адам тек өз жұмысын орындауы және «тек өмір сүруі» мүмкін емес, ол өз жұмысы немесе кәсібі, өзі немесе өз әрекеттері кәсібінде белгілі орын алатындай мақсат қоюы тиіс. Осындай жағдайда ғана тұлғалық және кәсіби қасиеттері мен кәсібі арасында қайшылықтар болмайды, болашақта кәсіби іс – әрекетінде құнды қатынастарды күтуге болады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуінде бірлік байқалады.

Тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуі кәсіпте өсу үрдісінде (мамандық таңдау, кәсіби білім алу, педагогикалық әрекетті жүзеге асыру) қайшылықтарды мақсатқа бағытталған шешу жүзеге асқанда ғана шектеулі бірлік болады.

Кәсіби дамуда педагогтың кәсіби өзіндік даму мен өзіндік білім алу психологиясы ерекше. Әр педагог өзін іштей үнемі оқуға, ізденуге итермелеп, дайындап отыру керек. К.Д. Ушинский айтқандай, «мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Өмірдің өзі педагогтың алдындағы күн тәртібіне педагогикалық білім берудің үздіксіздігі мәселесін қойып отыр.

Кәсіби өзіндік дамудың құрамдас бөлігі – педагогтың өзіндік білім алу жұмысы. Кәсіби өзіндік білім алудың тиімді жолы – педагогикалық ұжымның шығармашылық ізденіс жұмысына қатысу, білім беру мекемесін дамытуда жаңашыл жобалар, авторлық курстар мен педагогикалық технологияларды жасақтау.

Сондықтан өзіндік даму мазмұны жекеленген сапалардан маңызды және жалпы кәсіби мәні бар тұлғаның қасиеттерін қажетсінеді. Жұмысты жоспарлау, құралдарды таңдау, өзіндік әрекет жасау жүзеге асады. Өзіндік дамудың барлық негізгі әрекеттері – мақсат қоюшылық, жоспарлау, өзіндік бақылау, түзету күштеусіз, автоматты түрде жүзеге асады. Кәсіби өсу-технологиялық әрекеттің үнемі жүзеге асуы, бағытталудың, құзыреттілік және кәсіби қажетті сапалардың баюшылығы, еңбектік қалыптасудың тиімділігін арттыру. [2]

Болашақ маман-мұғалімдерді дайындау соңғы уақытта педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуына әсер ететін тиімді факторларды іздеуге бағытталған өзгерістерді талап етуде. Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген түлек жоғары білім ала отырып, үнемі білім беру мекемесі қоятын міндеттерді орындай алмай жатады. Осыдан кедергілер туындайды да, педагогикалық кәсіби кері кету орын алып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті жас маманға ұжым тарапынан психологиялық қолдау көрсеткен жөн.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Астана, 2007.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –Алматы: Ғылым, 1973. -251 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. / Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. -613 б.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

**Туранова Гулжаш Курманалиевна**
Түркістан облысы, "Өркен" Балалардың Әл-Ауқатын Арттыру Ұлттық Ғылыми-Практикалық Институтінің аға оқытушысы
**Жангабулова Анар Асилхановна, Избасарова Гульмира**
«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы «Әдіснама және педагогикалық инновация» кафедрасының аға оқытушылары

**Резюме**

*В данной статье рассматривается применение методов для развития речевых навыков в обучении в дошкольных организациях*

**Summary**

*In this article considered to use of methods for the development of speaking skills in teaching in preschool organizations.*

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Соның бірі – қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Елбасы Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3 - 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп атап көрсетті.

Мектепке дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде балаларға сөз бен сөз тіркесін білу жеткіліксіз. Олай дейтініміз, баланың өз ойын байланыстырып жазу әрекеті жеке сөз бен сөйлемдерден тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады.

Жеке тұлғаның байланыстырып сөйлеуін меңгеруі шындықты танумен тығыз байланысты. Адамның дүниені тану жолы екі деңгейде, теориялық және эмперикалық білім көздері болады. Теориялық таным барысында кез келген құбылыс ақыл-ой арқылы ұғынып түсіндірілсе, эмперикалық таным түйсіну,

қабылдау, көріп сезу, елестетуге құрылады. Осымен байланысты мәтіннің ақпараттық мазмұнында да теориялық және эмперикалық таным іздері болады. Теориялық таным мектепке дейінгі балаларына мәтін жайлы ұғымды саналы түрде қалыптастыруға, сол арқылы олардың теориялық ойлауын дамытуға негіз болады.

Оқыту белгілі бір ұстанымдарға негізделетіні белгілі. Баланы жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде теориялық білім беру ұстанымын басшылыққа ала отырып, тұтас бір ойды білдіретін сөйлемдерді байланыстыру жолдарын теориялық мәліметтерге сүйеніп орындау көзделеді. Мәтіннің сөйлемнен айырмашылығы, оның бөліктерге жіктелуі, негізгі ой мен тақырып байланысы, мәтіндегі сөйлемдер байланысы т.б. теориялық білім беру мәтін құрастыру үрдісіндегі ерекше кезең болып табылады. Мәтінді мағыналық, құрылымдық жағынан теориялық талдау тілдік ерекшеліктерді танып білуге септеседі, мәтіннің ақпараттық бағытын түсінуге, мәтіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін элементтердің арасындағы байланысты саналы түрде ұғынуға мүмкіндік ашады.

*Байланыстыра сөйлеудің түрлері.*

Байланыстыра сөйлеудің екі типі, яғни екі түрі бар. Оладың бірі – диалог, ал екіншісі – монолог. Бұларды диалогтық сөйлеу және монологтық сөйлеу деп те атайды.

Диалог – екі не оданда көп адамның сөйлесу барысында туындайтын әңгіменің мақсаты, әдетте, бір нәрсе жайында сұрап, оған жауап беруге, белгілі әрекетке түрткі болуға шақыру. Міне, осы себепті де байланыстыра сөйлеуге үйретуде әңгімелесу әдісі көп қолданылады. Диалог сұрау мен баяндау, баяндау мен мәжбүрлеу барысында түзіледі.

Ал, монолог мүлде басқаша. Ол, әдетте, кітаби стилге жатады. Себебі, монолог қоршаған ортаға әдейі әсер ету болып саналатын ойды жеңілдетіп сөздік формаға келтірген жүйе.

Сонымен монолог – бір адамның байланыстыра сөйлеген сөзі. Монологтың мақсаты – белгілі бір факт жөнінде баяндау.

Бір нәрсені суреттеу, баяндау кезінде бір нәрсе жөнінде пікір білдіруде тілдің монологтық формасы пайдаланады. Монолог нақты фактілер жөнінде хабарлайды, ал нақты фактілер бір-бірімен әрқашан мезгілдік немесе себеп-салдарлық байланыста болады. Мезгілдік байланыс немесе кезектесіп келуі мүмкін.

Бір мезгілде болатын фактілер туралы айту суреттеу деп аталады. Ал, бірінің соңынан бірі келетін фактілер туралы айту баяндау деп аталады. Сонымен қатар себеп-салдарлық қатынаста болатын фактілер туралы айту деп аталады.

Монологтық тілде сөзді байланыстырып әдеби тілге жай ғана және күрделі синтаксистік құрылымдардың балық түрлері пайдаланылады: біріңғай мүшелі сөйлемдер, салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер. Бала жайылма сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер құрастыра білмейінше, оның тілі байланысты түрдегі тіл бола алмайды. Ендеше монологтық тілдің әртүрлі типін үйрету тәрбиеші үшін үлкен міндет.

Балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретудің мақсаты мен міндеті оларды дұрыс дыбыстауға, сөздерден сөйлем құрастыра білуге, сөз тіркестері мен

сөйлемдерді мағынасына сай дұрыс байланыстырып әңгіме айта білуге үйрету болып табылады. Мектепке дейінгі кішкене балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретуді ерте жастан бастап қолға алған жөн. «Қына тасқа бітеді, ақыл жасқа бітеді» деп дана халқымыз айтқандай әлі мектеп жасына толмаған балаларды есі толық жетілмеген, толыспаған деп салғырт қарамай, сол кезден бастап дұрыс, мағыналы, ең бастысы жүйелі сөйлеудің қаруымен жарақтандырған жөн болады. Ал, олардың байланыстыра сөйлеу дағдысын жітілдіру тікелей ата-ана мен балабақша тәрбиесінің қолында. Ата-ана баламен көбінесе диалог түрінде сөйлеседі. Осылайша олардың сұрақ пен жауап арасын байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру тәрбиешінің жемісі.

Монологты мектепте оқыта бастау кеш: монологтық тіл дағдыларын алдын ала мектепке дейін жетілдіру керек. Сонымен, балалар бақшасы тәрбиешісінің жауапты міндеті – балаларға монологты, сереттеуді, баяндауды, пікір айтуды үйрету үшін, мақсатқа сәйкес дидактикалық материалдар табуға күш салу, яғни, тәрбиеші баланың байланыстыра сөйлеуін дамыту үшін көптеген әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Ал, әдіс-тәсілдері дұрыс, тиімді пайдалану үшін тәрбиеші шебер, сонымен қатар, ізденгіш болуы керек.

*Мәтін арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешені.*

Мәтін арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешені былайша топтастырылды: танымдық талдау жаттығулары; түзету жаттығулары; шығармашылық ізденіс жаттығулары.

Еліктеу әдісінде үйретуші мен үйренуші екеуі де бір сөзді бірақ әр түрлі етіп айтады, үйретуші ересек адамдармен сөйлеседі. Сөзінің дыбысын артикул деп және сөзінің дауыс ырғағын мәнерлеп сөйлейді, ал үйренуші тыңдайды да, қайталайды, оның сөзіне еліктейді, сөйлеу қимылын үйренуге және мағынасын түсінуге тырысады.

Ойыншықтармен ойын ойнау кезінде балалар оларды бір орыннан екінші орынға ауыстырады, лақтырады, кәрсетеді, итереді, бұрайды, шұқылап көреді, бұрайды, заттарды бақылайды және олардың қимылын атайды. Мұнда тәрбиеші немесе ата-ана баламен сөйлесуге, оны жетелейтін сұрақтар қоюға тиіс. Мына машина жүре ме? Шар қандай? Паравоз, машина қандай дыбыс береді? Осындай сұрақтарға жауап бере отырып, баланың тілі сөйлеуге үйренеді.

Сюжетті драмалық, рольдік режиссерлік, драматизациялық ойындарда балалар таныс ертегідерден, бір кейіпкердің ролін алып, ойын процесінде өз кейіпкерлерінің сөзін қайталайды сол арқылы бала өзінің сөзін байытады. Сюжетті ойындар үйренген тілдік құралды бекіте түсуде тамаша жаттықтыру болып табылады. Баланың ойын кезіндегі сөйлеу мөлшері оның жас шамасына байланысты, тәрбиешінің кейбір тұрмыстық, әрекеті орындау кезінде айтқан сөзіне балалардың еліктеуі мүмкін.

Балалардың тілін үйрету әдісі - сөйлеу әдісі, сұрақ пен жауап әдісі, әңгімелесу деп те аталады.

Әңгімелесу әдісі үйретушінің сұрауынан, ал үйренушінің жауап беруінен тұрады. Демек олардың екеуі де сөйлейді, бір-ақ бір сөзді емес еліктеу әдісіндегідей, әр түрлі сөздер сөйлейді, тәрбиеші немесе ата-ана өзінің сұрағымен

баланың өзіне таныс сөздерді, дыбыстарды немесе тақырыпты еске түсіруге және оны орнымен қолдануға итермелейді. Бұл әдіс заттар мен немесе дидактикалық, логикалық ойындармен, ойыншықтармен шектеледі. Мысалы: Ойын-сабақтың белгілі бір ойынның ережесімен таныстырады. Содан соң балалардың өз беттерімен ойнауға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындарда баланың тілін дамытатын үлкен мүмкіндіктер бар, өйткені дидактикалық ойын арқылы берілетін кез келген білімді бала сөйлеу түрінде үйренеді.

**Әдебиеттер:**


1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» Л.П.Федеренко, Г.А.Фамичева, В.К.Латарев М-1984 ж.
2. «Развитие речи детей» Н.В.Новоторцева Я-1997ж
3. «Воспитание правельной речи» В.И.Городилова, Е.И.Родина М-1981ж


## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ


**Юлдашева Мира Муратовна**
“Ziyatker Turan” ЖШС мектебі
бастауыш сынып мұғалімі



**Түйін**

*Бұл мақалада бастауыш сыныптардағы мектептегі білім берудің негізгі мақсаты баланы тәрбие тапсырмаларын өз бетінше тәрбиелеу, олардың шешімдеріне жол тауып, нәтижелерін бағалау туралы мәліметтермен танысамыз.*


Қазіргі мектеп мұғалімі жаңа оқу құралдарын - интерактивті презентацияларды, көрнекі материалдарды, дыбыстық және бейне тізбегін қолдануы керек. Мұның бәрі балаларға осындай құралдармен таныс, мұқият қабылданады.

Бастауыш сыныптардағы оқыту әдістемесінде бірнеше принциптер бар:

Баланың жас психологиялық және физиологиялық сипаттамаларын есепке алу - сіз оқушы бұған дайын болмаса, оқуды бастай алмайсыз. Ол ақпаратты физикалық түрде қабылдай алмайды. Сондықтан барлық әдістер белгілі бір жастағы сипаттамаларға бейімделген,

Көріну - барлық жаңа тақырып бейнелеу материалдары - суреттермен, бортта, видео, музыкамен жазу керек, бейнелер жазуы, осының бәрі визуалды жадты пайдаланады және жаңа материалдарды бекітуге көмектеседі,

Қол жетімділік - тақырып қарапайым сөздермен айтылуы керек, енгізілген шарттар түсіндірілуі керек,

Жүйелі - барлық білім бір жүйеде жиналады, мысалы, дыбыстар туралы барлық білім фонетиканың тақырыбында, сөйлеу бөліктерінде, балалардың морфология тақырыбында және т.б. ұсынылған.

Қарапайымнан кешенді - білім біртіндеп, негіздерден басталып, күрделі тақырыптармен аяқталуы керек,

Мультипизация - бұл ең жоғары баланың баласы, және мұғалімнің барлық күш-жігері оның дамуына, баланың құрметіне құрметпен және оны адам ретінде тануы керек,

Тұтастық - барлық тақырыптар мен міндеттер тығыз байланысты және тапсырыс беріледі,

Мәдениеттылық - бала өзі тұратын елдің дәстүрлері мен мәдениеттерінде оқытылады,

Ғылыми - барлық ақпарат, нақты, дәл және дәлелденген,

Қайталау - барлық тақырыптар қазірдің өзінде игерілген білім негізінде зерттеледі, сондықтан жаңа тақырып негізді, ал ескі тақырып жадқа бекітілген.

Бастапқы бағаларды ұйымдастырудың негізгі формасы - сабақ. 40 минут ішінде - сабақтың стандартты ұзақтығы - мұғалім жаңа тақырып бойынша ақпарат беруі, білім немесе шеберлікті нығайту, білім беру құралдарын қолдануы керек. Мұның бәрін ұстау қиын, сондықтан инновациялық оқу құралдарын қолдану тек жігерлендірілген.

Бастауыш сынып мұғалімі студенттермен қарым-қатынаста, тіпті суық тиіп, демократияны сақтаңыз, демократияны сақтаңыз, бірақ сонымен бірге сабақтағы тәртіпке қажетті ауырлық дәрежесі болуы керек.

Сабақ барысында балалар қызмет түрін өзгертеді, сондықтан сыныпты осы ауысымдарды ескере отырып ұйымдастырылуы керек. Заманауи мектеп студенттердің партада отырған кезде отырықшы өмір салтын насихаттайды және мұғалім тыңдағанда, тақтаға қарайды. Алайда, мұндай мектептер балалар бір аймақтан екіншісінен екіншісіне, сабақ үшін бірнеше рет әрекет ету түріне ауысады.

Мектеп тек формалар ғана емес, оқып, оқып, есептеледі, моральдық және адамгершілік тәрбиенің негіздері, жасөспірімдерге және жануарларды шыдамдылық танытады, ақсақалдарды құрметтейді, қажырлы еңбектер мен жауапкершілікті үйретеді, кілттердің дамуы бойынша жұмыс істейді Жеке қасиеттер. Әдеби мәтіндер, суреттер, дыбыс және бейне тізбегі құралдар ретінде қолданылады.

Көптеген ғалымдар бастауыш сыныпта оқыту әдістерін зерттеді, және әр жұмыстың нәтижесі олардың жеке жіктелуі болды.

Мысалы, бірнеше әдістер мектеп оқушыларының тәуелсіз ұйымымен ерекшеленеді:

Түсініктеме - студент ақпаратты мұғалімнен алады,

Көбею - мұғалім басшылығымен студент жасай бастайды,

проблемалық - студент мұғалімнің көмегіне қатысты мәселені шешеді,

Эвристикалық - бала өзіне қиындық туғызады және шешімнің шешімін таңдайды,

Зерттеу - зерттеуді ұйымдастырудан ұйымдастырудың барлық жұмыстары нәтижелерді бағалау үшін барлық жұмыстар студенттердің иығында жатыр.

Бастауыш мектепте математиканы оқыту сізге бірнеше мәселелерді бірден шешуге мүмкіндік береді:

балаларда зияткерлік белсенділіктің қабілеті (логикалық және белгісіз ойлау), кеңістіктік қиял, математикалық сөйлеу;

Жас студенттерге сабақ беру, өз көзқарастарын дәлелдеу, негізсіз және ақылға қонымды пайымдаулар арасындағы ерекшелендіру, ақпарат іздеңіз, ақпарат іздеңіз (фактілер, әрекеттердің нұсқалары, жеңілдететін заттардың негіздері және т.б.);

Балаларға алғашқы математикалық білім - бұл оларды өлшеудің құндылықтары мен әдістерінің құндылықтарын, арифметикалық әдістерді, арифметикалық әдістерді, математиканы қолданып, практикалық және білім беру мәселелерін шешуге, практикалық және білім беру мәселелерін шешуге, арифметикалық амалдарды жүргізуге арналған алгоритмдермен жұмыс жасау ;

Балаларды математикаға деген қызығушылық, күнделікті өмірде математикалық білімдерді қолданғысы келеді.

Көбінесе, ең көп әдістер қарапайым бағаларда қолданылады: келесі әдістер қолданылады:

Түсіндірмелі-иллюстрациялық. Бұл жағдайда мұғалім білімнің үлгісін береді, мысалы, мысалды немесе мәселені қалай шешуге болатындығын көрсетеді және балалардың одан көбеюін сұрайды, яғни осындай мысалды шешуді, сол проблеманы өздері шешуді сұрайды.

Ішінара іздеу. Бұл әдіс балалардың мәселені шешудегі ішінара қатысуын білдіреді. Мұғалім тапсырманы жекелеген кезеңдерде бөледі, олардың кейбірін өзі орындайды, ал бөлім студенттеріне тапсырады. Мысалы, мұғалім балаларға жаңа математикалық акцияны көрсетеді - көбейту немесе бөлу және бөлу және бөліну, сондай-ақ өздеріне тәуелсіз орындау үшін ұңғымаларды алу және қосымша кезеңдер.

Зерттеу. Осы әдісті қолданған кезде мұғалімдердің басшылығымен балалар өздері үшін жаңа мәселелерді шешудің жолдарын іздейді. Бұл үшін мұғалім проблемалық жағдайларды, логикалық және тапқырлыққа арналған тапсырмалар және т.б. ұсынады.

Математика сабақтарын алғашқы бағаларда өткізу кезінде не ескеру керек?

Жаңа материалды түсіндіру Мұғалім оны бұрын өткен тақырыптармен байланыстыруы керек. Бұл үшін мұғалім студенттерді бірлескен жұмыста, олардың білімдерін өсіруге, олардың соңғы білім беру тәжірибесіне сүйенуді көздейді. Сонымен бірге, көрнекі кестелер, тақырыптық нұсқаулықтар, дидактикалық материалдар, сызбалар, сызбалар, сызбалар және тазалық элементтері кеңінен қолданылады.

Математиканы бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесі жаңа материалдардың дозаланған презентациясын қамтиды. Ол логикалық аяқталған шағын бөліктерге бөлінеді. Педагогикалық әдістерді таңдаған кезде әр баланың жеке мүмкіндіктерін, оқу материалдарының қол жетімділігі, техникалық және көрнекі оқу құралдарының қол жетімділігін ескеріңіз.

Әдебиеттер:
1. Педагогиканың жалпы негіздері / ред. F.f. Королева, В.Е. ГМУРМАН-М: Білім, 1967-392 ж.
2. Эсерұлы Н., - Қазақ Алмұн-Кесімдере-Алматы: Ана Тили, 1994-104 б.
3. Педагогикалық энциклопедия 4 тонна: «Кеңес энциклопедиясы» баспасы, 1966-3-879 б.
4. Педагогикалық энциклопедия: Т.3 -М көлемінде: педагогика, 1990-880 тірек.
5. Пирлиев К., - мектеп оқушыларының заманауи білім берудегі халық педагогикасының прогрессивті дәстүрлері / Түрікмен КСР материалдары: Автор. Дискі. - Ташкент, 1991, 350 б.

# БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПӘН

**Джайнарова Молдир Ершораевна**
Шымкент қаласы,
№80 ІТ мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада мектептегі оқыту әдістемесі сонымен қатар оқытылатын биология ғылымының негізінің мазмұнымен және тірі ағзаларды танудың элементарлық әдістері қарастырылған. Әдістеме тек қана биологиялық мазмұн ерекшеліктерімен емес, балалардың жас ерекшеліктерімен де анықталынатындықтан, ол психология ғылымына, балалар психологиясына да сүйенеді.*

Биологияны оқыту әдістемесі - пән ерекшеліктеріне негізделген, оқыту мен тәрбиелеу үрдісі элементтсрінің жиынтығын беретін ғылым. Әдістеме - педогогикалық ғылым, сондықтан ол элеуметтік сұраныс және педогогикамен анықталған жалпы білім беру мен тәрбиелеудің мақсат, міндеттеріне сәйкес құрылады.

Әдістеме оқушыларға жақсы да саналы түрде білім игерудің және оны өмірде дұрыс пайдалана алу біліктілігінің тиімді тәсілдері мен құралдарын көрсетеді. Оқу барысында студенттердің кәсіби білімі мен дағдылары қалыптасады, олар оқыту біліктілігін игереді. Әдістемеге мыналар жатады:

1. Оқу пәнінің мазмұны (оқу нысанын таңдап алу, оның жүйесі және құрылуы).

2. Оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен формалары (Бұл элементтер бірлікте болып оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бір-біріне себепші болады).

3. Әдістеме оқу жұмысының құралын (оқу құралын, оқулық) анықтайды. Оқыту әдістемесі неге жәпе қалай оқыту керек? Қалай және немен тәрбиелеу керек? деген сауалдарга жауап береді. Әдістеме оқушыларда қалай дұрыс, аса пәрменді және мақсатқа сәйкес түрде саналы да берік білім беру және шығармашылықтарын дамыту мен жалпы мәдениетті түрде дамуына жетуге болатынын оқытады.

Биологияыны оқыту әдістемесі биология ғылымымен тығыз байланыста, бірақ, мектептегі биология пәні мен биология ғылымының арасында

мақсатында, көлемінде, құрылымында және баяндау түрінде үлкен айырмашылық бар. Мектептегі биология пәні жалпы биология ғылымының түгелге дерлік салаларын қамтиды: ботаниканы, зоологияны, цитологияны, өсімдіктер, жануарлар және адам анатомиясы мен физиологиясын, эволюициялық ілім, экологияны, генетиканы, тіршіліктің пайда болуы, антропогенез т.с.с. Биология ғылымының максаты - зерттеу арқылы табиғат жөнінде жаңа мағлұматтар алу. Мектеп биология пәнінің мақсаты - биология ғылымдарының ашқан жаңалықтарын білім етіп жеткізу. Мектепте биологияны оқытуға шектеулі уақыт беріледі, сондықтан оқушыларға ғылымға нақты анықталған шындықты береді және негізгі ғылыми проблемалармен таныстырады.

Биологиялық ғылымдар - ботаника зоология өз дамуларында анатомияға, морфологияға, систематикаға, экологияға т. б. жіктелді. Ал мектеп пәнінде өсімдіктердің жеке мүшелерін, жануарлардың мүшелерін және тірі ағзаларды оқытуда осы ғылымдар элементтері кіріктіріледі, сөйтіп материалды оқытуда уақыт жақсы үнемделіп, тіршілік құбылыстары негізін оқытуда оқушылар үшін қол жетерлік түсінікті болады. Осы айырмашылықтар мектептегі балаларды оқытудың педагогикалық ерекшеліктері негізінен болады.

Әдістеме ұстазға ғылым негізінің аса маңызды элементгерін дұрыс таңдап алуға, оқу нысанын және оқу материалын түсінікті, есте сақтауға жеткілікті формада және байланыста беруге көмектеседі. Сонымен мектеп пәнінде білімнің құрылымы, оны баяндау формасы басқаша - педагогикалық тұрғыда болады. Сол себептен де ғалым, ұстаз К.Д. Ушинский « Ғылымды ғылыми және педагогикалық баяндау - екі түрлі нәрсе, сондықтан барлық елдер педагогтары ғылыми жүйені педагогикалық жүйеге өңдеу үшін еңбек етуде» деп жазған.

Мектептегі оқыту әдістемесі сонымен қатар оқытылатын биология ғылымының негізінің мазмұнымен және тірі ағзаларды танудың элементарлық әдістерімен анықталады.

Әдістеме тек қана биологиялық мазмүн ерекшеліктерімен емес, балалардың жас ерекшеліктерімен де анықталынатындықтан, ол психология ғылымына, балалар психологиясына да сүйенеді. Әдістеме анықтағандай, тәрбиелей отырып оқыту тек сол уакытта ғана әсерлі болады, егер ол балалардың жас ерекшеліктік дамуымен сәйкестікте болса.

Биологиялық білім - өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен, зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады. Биологияны оқу - биосфераны қорғау адамзаттың тіршілік етуі ғана емес, бүкіл тіршіліктің (оның ішінде адам да бар) сақталуы және дамуы үшін аса қажет жағдай екенін сезінуге әсерін тигізеді.

Биология ғылымының дамуындағы негізгі көкейкесті қоғам мен табиғат арақатынасындағы проблемалар. Ол- тіршілікті баға жетпес құнды байлық деп түсінетін экологиялық және эволюциялық тұрғыда ойлау стилі қалыптасқан адам тәрбиелеу. Сондықтан осы жағдайға адамның белсенді рөлін рухани деңгейге шығару, мәдениет әлеміне көтеру арқылы жету керек.

2 Биология пәнінің басты міндеттерінің бірі оқушыларға материалистік

көзқарас, дұрыс мәнді ғылыми дүниетаным қалыптастыру. Өйткені пәннің мазмұны тіршіліктің пайда болуы, дамуы және мәні заңдары негізінде берік моральды, өмірдің мәні мен мақсатын дұрыс түсінетін, әртүрлі зиянды қылықтар мен әрекеттерге төзе алмайтын ұрпақ тәрбиелеу. Тек биология курсы пәндерін оқыту арқылы ғана, дұрыс ұйымдастырылған нақты мақсатты сабақтар өткізу, сабақ әдістерін жетілдіру нәтижесінде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өмірлеріне салауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады.

Биологиялық білім берудің мақсатын, тіршілік турасындағы осы білімнің құрылымын және жекелеген пәндерге жіктелуін (ботаника, зоология т.б.), ғылыми білімге тұтастық пен жүйеліліктің не беретінін біліп алмай оны (биологиялық білімді) жетілдіру жолдарын іздестіру мүмкін емес. Оқушыларда ғылыми көзқарас қалыптастыру үшін теорияның, әдіснаманың, әлем бейнесінің байланыс жолдарын, олардың өзара әрекеттесуі формалары мен тәсілдерін білу маңызды.

Әдіснамалық негізсіз биологияны оқу пәні ретінде дербестегі мәселесін шешу мүмкін емес, және басқа білім салаларымен оның кіріктірілуі мен реттелуінің мақсатқа сәйкестілігі мен мүмкіндігі төмен.

Мектептегі биологиялық білім беруде әдетте барлық білім эмпирикалық ұғым қатарына шығарылады.

Ұғымды игеру дегеніміз- білмеуден білімге өтумен аяқталатынғылыми танымдық үрдіс. Бұл үрдіс бірқатар кезеңдерден өтеді. Танымның философиялық теориясы осы үрдістің әдіснамалық негізі ретінде білінеді, және оны былай сипаттайды: пайымдаудан абстрактылық ойлауға, одан практакаға міне, нақты шындықты тану жолы осындай.

Биологиялық теориялық ұғымдар. Биология пән ретінде логикалық ретпен дамитын және өзара байланыста болатын ұғымдар жүйесі болып есептеледі. Теориялық ұғымдарды қалыптастыру кезеңдері мынадай: алғашқы тұтастық абстракцияның құрылуы («жасушаның») - оның байланыстарын үзбей бақылау оларды абстрактылық анықтамаларда көрсету — анықтамалар синтезі. Ұғым, сөйтіп теория сияқты болады. Сондықтан оның дамуы теориялардың алмасуы барысында жүзеге асады, өйткені оның мәнін (ұғымның) теория ашады. Мысалы, ген ұғымы әуелі абстракция (тұқым қуалау бірлігі) сияқты калыптасады, сонан соң хромосомалық теория деңгейінде нақтыланып содан әрі гендік деңгейге дейін дамиды.

Ұғымдарды дамыту дегеніміз - шын мәнінде білімді бірте-бірте толықтыру мәселесін береді, олай болса оқытудың қандай да бір кезеңінде оқу пәніндегі ұғым мазмұнын кеңейтеді, тереңдетеді. Биологиялық ұғымдарды дамыту қарапайымнан күрделіге карай немесе нақтыдан талданып қорытылғанға абстрактлыққа карай жүруі мүмкін.

Ұғымды дамыту - оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жалпы үрдісінің негізгі қозғаушы күші. Ұғымның пайда болуы оқушылардың ойлануының дамуына негізделеді. Биология оқу пәні ретінде, логикалық ретпен дамып отыратын және өзара байланыста болатын ұғымдар жүйесі болып табылады.

Бұл ұғымдар қарапайым және күрделі, арнайы және жалпыбиологиялық болуы мүмкін.

Жалпыбиологиялыққа биологиялық заңдылықтар жөніндегі ұғымдар: ағзалардың жасушалық құрылысы, мүшелердің формасы мен функциясының байланысы, ағзалардағы зат және энергия айналымы, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі тудыруы (екі еселенуі), көбею, органикалық дүниенің дамуы т.б.

**Әдебиеттер**

1. А.М. Розенштейн және т.б. Использование средств обучения на уроках биологии. М:1989. Бет

2. «Биолгия және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналы. Дидактикалық тапсырмалар бөлімі. Алматы.

3. «Биология в школе» » ғылыми-педагогикалық журналы.

4. Интернет материалдары. http:/www.readywork.ru/works.php.

## БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР

**Аққісиева Гүлбану Алпамысқызы**
Шымкент қаласы,
№131 жалпы білім беретін мектебінің
биология пән мұғалімі

Түйін

*Бұл мақалада биологияны оқыту әдістемесінде маңызды да күрделі проблемалары қарастырылған. Биологияны оқыту әдістерінің дамуына биология ғылымының және практиканың, әдіснаманың даму бағыттары мен ой-пікірлері, биология әдістемесінің және дидактиканың жетістіктері әсер етеді.*

Оқыту әдісі - бұл оқу-тәрбие үрдісінің мақсаттарына жетуге бастайтын ұстаз бен оқушының, ретпен ұйымдастырылған әрекеттестігі. Ал осы максаттар білім беру мазмұнында іске асса онда білім мазмұнын меңгерудің белгілі бір деңгейіне жеткізеді. Келтірілген анықтамада әрекеттестік жөнінде тегін айтылмаған, өйткені оқыту әр уакытта оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекетін меңзейді, сондықтан да әдістің өзіндік белгілері бар.

Біріншіден, оқыту әдісі мазмұнның бір құрам бөлігін игеруді және мазмұнын оқу материалында нақты іске асуын ұйғарады.

Екіншіден, ол мазмұн құрам бөлігіне байланысты қандай да бір игеру тәсілін (жолын) ұйымдастырады.

Үшіншіден, ұстаз бен оқушы әрекетінің сипаты қажет. Мынадай мысал келтіруге болады.

Жаңа білімді игеру, жаңа ақпаратты қабылдау, оны түйсіну, содан сол түйсінгенді еске сақтау. Олай болса ең алғашкы әдіс те - қабылдату әдісі, ол әр уақытта түсіндіруден, көрсетуден басталғаны дұрыс. Міне, осы әдіс - түсіндірмелі-көрнекілік (безендірілмелі) деп аталады.

Оқытудың қазіргі талаптарында түсіндірмелі - көрнекілік әдістен білімді

құрылымдауға көңіл қою талап етіледі: ұстаз оқушыларда оқылатын тақырып элементтерін олардың әуелі жақын байланыстарында, сонан соң қашығырақ байланыстыратында жете түсінуді қалыптастырады.

Білімді қолдану тәсілдерін, жолдарын игеру үшін - нұсқаушы -ойға түсіруші (қайта жаңғыртушы) әдісті пайдалану қажет.

Нұсқаушы - ойға түсіруші әдіс. Бұл әдісті былай сипаттауға болады, мұғалім оқушыға оқу материалын қайталау жөнінде тапсырма береді (білім немесе әрекет), яғни, істелетін немесе орындалатын жұмыска нұсқау береді, ал оқушылар ойға түсіреді, яғни оларға жүктелген істі еске түсіреді, қайта жаңғыртады.

Осы нұсқаушы - ойға түсіруші әдіс оқулықтағы сұрақтарға жауап беру, әңгімелеп айтып беру, тәжірибені қайталау сияқты жаттығулармен жүзеге асырылуы- мүмкін. Көбінесс оқулық мәтінін айтып беру басым болады.

Демеу- іздеушілік әдіс немесе эвристикалық әдіс. Бұл әдісте ұста проблемалық жағдаят тудырады, эвристикалық әдістің мәні сол, онда мұғалім өзінің кішкене демеуімен, көмегімен іздеу аясын қысқартады немесе проблемалылығын сақтай отырып тапсырманы ұсақ тапсырмаларға бөлшектеп (бұл кезде де проблемалық жағдай тудырылады), соңғы нәтижеге оқушының кадамдай, жылжуын, жақындауын жеңілдетеді. Соңғы нәтижеге жетуді ұсына отырып (болжам айту не оны тексеру жолдарын ұсынып) ұстаз оқушыны ішнара шешім табуға кірістіреді.

Зерттеушілік әдістің мәні- ұстаз өзі зерттеушілік тұрғыда тапсырма құралы немесе біреудің құрастырған зерттеушілік тапсырмасын алып пайдаланады, ал оқушы оны шешу жолдарын іздестіреді. Осы шешімді іздестіру үрдісі кезінде бала еріксіз шығармашылық әрекет қырларын танытады, яғни: дербестік, ойдың икемділігі, ойлаудың дәстүрлі еместігі, болжамдар құру, көптеген жауап жолдарын, варианттарын табу, білімді тасымалдау т.б.

Зерттеушілік нағыз шығармашылық сипатта жүретін әдіс. Оның шығармашылық тұрғыда болуының негізгі себебі балаларда білімді игеру әрекет түрлермен жүзеге асырылып, оны әрқилы жағдайларда қолдана білуінде.

Проблемалық жағдаятты анықтап, ұстаз оны шешу жолының логикасын ашады, қарама -қайшылықтарды және оның туындау кездерін көрсетеді, сонан соң проблеманы шешудегі әрбір қадамды дәлелдейді.

2 Оқыту әдістері үш топқа бөлінеді: ауызша (білім көзі біреу сөз), көрнекілік (білім кезі екеу - сөз және көрнекілік) және практикалық (білім көзі үшеу - сөз, оқу нысаны және пәнді практикалық тексеру).

Ауызша әдістер тобына әңгіме, пікірлесу, түсіндіру, дәріс оқу жатады. Бұл жерде мұғалімнің әрекеті сөз жүзінде көрінеді, ал оқушылардың әрекеті тыңдау, ұғыну және ауызша немесе жазбаша жауаптар беру.

Әңгіме әдісі биологияны оқытуда жиі қолданылатын ауызша әдістің түрі. Пікірлесу пікір алмасу тұрғысында болатын сұрақ- жауап түрінде оқу материалын талдау, оған мұғалім мен оқушы қатысады. Пікірлесудің мақсатты бағытталғандығы мәнін ашу үшін алынатын нақты сұрақпен анықталады, оған оқушылар білімдері пайдаланылады. Пікірлесу белгілі бір қорытындымен

тұжырыммен аяқталады.

Пікірлесуді оқу материалын қайталау үшін, сабақ соңында білімді бекіту үшін, жаңа сабақтың басында оқушыларды жаңа мәліметтерді қабылдауға ыңғайлау үшін қолданады. Сабақ барысында ұстаз пікірлесуге қосатын сұрақтарын күрделендіруі қажет. Сұрақтарға сәйкес жауаптар да дамып күрделене түседі. Сөйтіп, оқушылар бірте-бірте күрделі логикалық міндеттерді шеше бастайды, бұл олардың ой-өрістерінің дамуына қажетті жағдай.

Биологияны окытудың мультимедиалық әдістері қазіргі таңда тек сыныпта ғана колданылады, себебі, комппьютерлер және мультимедиялық құралдар бөлмеде, бір орында ғана тұруы тиіс.

Мультимедиа ақпараттар ортасының, каналдарының көптігі. Компьютердің және мультимедиалық бағдарламаның көмегімен жасалған жағдайлар окушыға автоматтық жүйемен жұмыс барысында виртуальды оқыту ортасын (яғни, тек өзара әрекеттестік үрдісі кезінде ғана болатын) нобайлауға мүмкіндік береді. Ол үшін мультимедиалық құралдармен жабдықталған компьютерлер қолданылады.

Биологияны оқытудың мультимедиалық әдістерінің ерекшеліктері. Мультимедиалық оқыту әдістері бір мезгілде ауызша белгілермен (мұғалім айтады, оқушылар тыңдайды), керсетумен (оқушылар бақылайды, мұғалім көрсетеді) және практикалық (оқушылар әрекет етеді, мұғалім жетекшілік етеді, нұсқау жасайды) әдістермен жүзеге асырылатындықтан оларды кешенді деп атауға болады, бірақ осы әдістерді жеке топқа бөліп және қалыптасқан әдістер жүйесін қайта құрудың керегі жок. Білім көзінің басым сипатына қарай (ақпарат көзіне) кешенді (мультимедиалық) аталған әдістер ауызша немесе көрнекі, немесе практикалық әдістер тобына кіре алады.

Әйткенмен мультимедиалық (кешендік) оқыту әдістерінің негізгі ерекшеліктері - олар ақпараттар беретін барлық каналдарды өзінде тоғыстырған.

Биологияны оқытуда осы кешенді әдістердің ішінен мультимедиалық дәрісті (лекция) және биологиядан зертханалық сабақты жүргізуге мүмкіндік тудыратын, тіпті табиғатқа виртуальды таным жорыққа шығатын мультимедиалық практикалық сабақты айтуға болады.

неде?

Бақылауды жоспарлы турде жүргізу мұғалімге оқушылардың белгілі бір уакыт көлеміндегі игерген білімдерін жүйеге келтіруге, оқудағы жетістіктерді, жекелеген оқушылардың және толық сыныптың олқылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Білімді бақылау мұғалімнің өзін-өзі тексеру құралы болып табылады, олай болса, оның жұмысының сапасын арттыру құралы да болып табылады. Оқушылардың жетістіктері жөніндегі ақпарат ата-аналар үшін де маңызды, сол арқылы олар өз балаларының үлгерімін бақылауға қатысып, оларға оқудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Білім беру үрдісіндегі оқушылар жетістігінің сапасын бақылау биологияны оқытудың дәрменділігін көтерудегі маңызды құралдардың бірі болып саналады. Оқушылардың білімі және біліктілігінің жағдайы жөніндегі жүйелі ақпарат

мұғалімге шұғыл түрде оқытудың тиімді әдіс тәсілдері мен құралдарын қолдануға және оқу үрдісін дұрыс басқаруға, оның логикасын бағамдауға, білім игеру нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Бақылау формалары. Кез келген биология сабағының маңызды қыры -білім тексеру мен есепке алу. Сондықтан тексерісті ол әрбір оқушының таным әрекетін белсендіретіндей және игерілген оқу материалын қолдана алатындай тұрғыда ұйымдастыру керек.

Ауызша тексерісте қойылатын сұрақтар баланың шамасы жететіндей және түсінікті болып, сонымен қатар тек бір сөзбен ғана жауап беретін емес, түсінікті баяндайтындай болуы керек.

Жаппай ауызша тексерістің (немесе жылдам сұрау) жеке сұраудан айырмашылығы, бірінен кейін-бірі қойылатын бірнеше сұрақтарға жауап беруде. Тексерудің осындай формасы балаларды белсендіреді, мұғалім орнынан төмен және орта үлгерімдегі балаларды түрғызып сұрай алады.

Тығыздалған сұрау дәстүрлі ауызша сұраудан айырмашылығы қарқындылығы мен шапшаңдығында. Балаларға қойылған сұрақтар оларды қайталап сұрамайтындай түсінікті болуы тиіс. Кейбір оқушылар тақта алдында суреттер, таблицалар, нобайларды пайдаланып кезекпен жауап берсе, келесілері орындарынан жауап беріп, бірін-бірі толықтырып, қателерін түзетіп жатса, басқалары жазбаша жұмыс жасайды.

Жазбаша жұмыс биологиядан білім тексерудің бір формасы. Осы жұмыстың нәтижесі де оқушының оқу материалын қаншалықты меңгергенін, білім көлемін және таным әрекеті мен оқыту пәрмеңділігін анықтауға мүмкіндік береді.

2 Білім тексерудің төрт түрін бөліп атауға болады: алдын ала, ағымдық, мерзімдік, қортынды. Бұларды оқу үрдісіндегі орны мен қызметіне қарай бөледі.

Ағымдық бақылау сабақтар мен танымжорықтар сияқты күнделікті жұмыстарда және оқытудың басқа да формаларында жүргізіледі. Осы кезде ұстаз үнемі әрбір оқушының және барлық сыныптың білімін, біліктілігін сонымен қоса құндылық қатынастарының дамуын бақылап отыруға мүмкіндік алады.

Ағымдық бақылаудың формасы мен ондағы қолданылатын әдістер алуан түрлі. Қолданылатын әдістер дидактикалық максаттарға байланысты.

Мерзімдік бақылау әдетте тақырыпты оқып біткен соң немесе оқу тоқсаны мен семестр соңында жүргізіледі. Тексерудің бұл түрін әсіресе тақырып (тарау) немесе курс соңында, яғни оқу материалының логикалық біткен бөлімінен кейін жүргізген орынды. Осындай тексерістің басты мақсаты -барлық тақырыптың оқу мазмұныеың меңгерілу сипатын анықтау үшін: негізгі ұғымдардың, заңдардың, үрдістердің, байланыс-себетіліктеріи анықтау. Сұрақтар оқушыларды толық жауап беруге, салыстыруға, дәлелдеуге, өздірінің пікірлерін айтуға бағыттауы тиіс.

Қорытынды бақылау өз қызметі бойынша мерзімдік тексеріске өте ұқсас, өйткені оқылатын оқу курсы немесе жартыжылдық, жылдық нәтижені білу

үшін жүргізіледі. Кейбір мектептерде, кейбір жекелеген жоғарғы сыныптарда қорытынды тексеріс емтихан болып табылады. Қорытынды тексеріс жалпы үлгерім бағасына әсер ететіндіктен оқушыларды да, ұстазды да қобалжытады.

Оқушының білімі мен біліктілігін тексерудің соңғы кезеңі - бағалау.

Білімді бағалау тек қана оқу мазмұнын бақылауда ғана емес, жаңа материалды баяндағанда да болады. Ұстаз жаңа материалды баяндау кезінде сұрақтар қойып, бақыланған құбылысты түсіндіруді, олардың себеп салдарларын ашуды сұрайды. Оқушылар әртүрлі тірі нысандардың қасиеттерін салыстырып, кейбір деректерді түсіндіруде қатысады. Осы кезде мұғалім окушының бұрын игерілген білім мен біліктерін қалай пайдаланғандарын, жауаптарын қандай формада баяндағандарын тексереді. Осындай жұмысты мұғалім міндетті түрде бағалауы тиіс.

3 Тест - ағылшын сөзі, аударғанда «үлгі», «сынақ», «зерттеу» деген ұғымдарды қамтиды. Бұл термин физиологияда және медицинада, психологияда және педагогикада әртүрлі тұрғыда қолданылады. Физиология мен медицинада ағзадағы жүріп жатқан әртүрлі үрдістерді оқып зерттеу мақсатында оған әсер ету тест дсп айтылады. Психология мен педагогикада , орындау нәтижелеріне қарай ББД -ны бақылайтын және зерттелуші адамның тұлғалық сипатын байқайтын әдетті тапсырмаларды атайды.

Педагогикалық тестер - окушылардың оқу үлгерімін тексереді. Тестік тапсырмалар екі түрге бөлінеді: ашық және жабық. Ашық тестік тапсырмаларда оқушы өзі қысқа жауаптарды берілген қағазға толтырады, ал жабық тсст кезінде ол бірнеше жауап вариантгары ішінен таңдап алады, бұл жауаптардың тек біреуі ғана дұрыс болады. Кейде әртүрлі бөліктерден бір тұтасты құрастыру үшін жауаптар тобы беріледі де оның ішінен бірнеше дұрыс жауаптар таңдап алу керек болады. Бірақ бұндай тапсырмалы тестер өте сирек кездеседі, себебі статистикалық өңдеуге қиын соғады.

1 Білімді бағалаудың біз қарастырып өткен түрлері қазіргі кездегі кең таралған түрлері. Оқушылар білімін балл қою арқылы (1-5) бағалау түрі - бұл эксперттік бағалау. Бұл жерде эксперт ұстаз, әдістемеші, инспектор, жоғарғы оқу орны оқытушысы т.б. бола алады. Балдық білім бағалаудың артықшылығы, ол арқылы кез келген жұмысты бағалауға болады - тәрбиелік сипаттағы және шығармашылық тұрғыдағы, сонымен бірге олардың жекелеген бір параметрлерін ғана емес, тұтас алғанда, жалпылай. Жазбаша не ауызша жауапты бағалай отырып ұстаз оқушының материалды меңгеру деңгейін, жауап беру логикасын, дәлелдеу және жоққа шығару жолдарын дұрыс құру қабілеттерін, болжам құрып оны тексеру жолдарын ойластыру біліктіліктерін ескереді. Оның үстіне білімді бағалаудың үйреншікті әдісінде, мысалы ауызша жауапта, әркез кері байланыс болады. Мұғалім тек оқушы ойын басынан аяғына дейін бақылап кана қоймай, оған кез келген кезде көмек бере алады. Ол баланың қандай білімнің жаңа элементін меңгергенін, қандайын қосымша түсініктемелерден соң меңгергенін, ал қандай материал оған қиын болып тұрғанын, қысқасы оқушының жақын болашақтағы даму аймағын анықтау мүмкіндігіне ие. Ал тсст бойынша олардың бірі де істелмейді.

Балл бойынша білімді бағалаудың кемшілігі оның субъективтілігінде, яғни ,

ол үнемі қандай да эксперттің аз әрі дегенде бірнеше тәуелсіз эксперттердің пікірлері болып табылады. Олай болса, әртүрлі эксперттер бір жұмыстың өзін әртүрлі бағалайды.

Тестер білім, білік, дағдының тек жекелеген элементтерін ғана ескереді, бірақ соның өзі осы элементтердің объективті өлшемі болып табылып, соның негізінде оқушылардың жалпы білімі жөнінде белгілі бір пікір қалыптастыруға болады. Тестік әдіспен білім бағалау тексерілушінің және тексерушінің де көп уақытын алмайды, аз уақыттың ішінде үлкен көлемді материалды тексеруге мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер**

1. А.М. Розенштейн және т.б. Использование средств обучения на уроках биологии. М:1989. бет
2. «Биолгия және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналы. Дидактикалық тапсырмалар бөлімі. Алматы.
3. «Биология в школе» » ғылыми-педагогикалық журналы.
4. Интернет материалдары. http:/www.readywork.ru/works.php.

## ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Кулжанова Раушан Елемесовна**
Шымкент қаласы,
Саттар Ерубаев атындағы
№24 IT мектеп-лицей
география пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада әртүрлі көздерден алынған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, географияны оқу тәсілі және оқу процесіне дұрыс енгізу қарастырылады. Бұл мақала бастауыш мектепте де, орта мектепте де пайдалы болады.*

Басқалар сияқты география пәнінің мұғалімі үшін де білімді қалыптастырып, оқу-тәрбие процесін бақылай білу, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын жетілдіріп, ілесе білу маңызды. Ол үшін өзіңді тәрбиелеп, біліктілігін арттыру курстарынан өту керек. Мұғалім қай қайтарым болса да оқушылардың табысты оқуына жағдай жасай білуі керек. Оқушының әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған, кәсіби құзыретті тұлғасын қалыптастыру. Бұл нәтиже мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ынтымақтастыққа, жетілдіруге, сындарлы сынға және өзара көмекке бағытталған жағдайда мүмкін болады. Бірақ заманауи шындықта мұғалім жаңалықтардан, мақалалардан және ғылыми фильмдерден жаңа ақпаратқа бейімделуі керек. Географияны оқыту барлық жағынан география ғылымдарының әдістемесіне сәйкес болуы керек. Мұғалім әзілкеш «бәрін дерлік білетін, бірақ ештеңені дерлік білетін адам» бола алмайды. Оқытудың сипаты мен мұғалімге қойылатын сұрақтардың ауқымы оны біздің пәннің негізгі мәселелерінің көпшілігін қамтитын географиялық мәдениетке ие болуға міндеттейді. Дәл осы пәннің ағартушылық тұжырымдамасы

негізінде орта мектеп деңгейіндегі география мұғалімінің рөлі мен дайындығы айқындалуы керек. Мұғалім өз саласында сауатты болу үшін сан алуан дағдыларды меңгеруі керек. Қолда бар материал негізінде оқытудың үш түрінің ыңғайлы классификациясы арқылы автор мүлдем жаңа болмаса да, әлі де өзекті болып табылатын әртүрлі дидактикалық әдістерді анықтайды. Ғарыш пен кеңістік қатынастарының ашылу тарихын түсіну үшін географияның өзі тарихы жазылды. Ландшафтпен, яғни азды-көпті кең географиялық кеңістікпен бетпе-бет келген кез келген адам өзіне бірнеше сұрақтар қоя алады. Бұл кеңістікте не бар? Мен көрген нәрсеге қандай мағына беруге болады? Мен бақылайтын фактілерді шарттайтын және басымдық беретін кеңістіктен басқа не бар? Осылайша, сіз бір бақылаудан екіншісіне географиялық ашылуларға жол көрсетесіз.

География саласындағы дидактика мамандары бірауыздан география мұғалімінің негізгі және алғашқы жұмыс құралы болып табылатын картаға жүгінуі ұдайы болуы керек деген пікірде. Географияның бірінші міндеті – жер бетіндегі құбылыстардың орнын білу, бұл фактілердің байқалатын жерлерін анықтау, оларды локализациялау, картада бейнелеу. Екінші тапсырма: географияға сипаттама беру.

География - бұл нақты фактілер туралы ғылым; Бақылаудың бастамашысы – география мұғалімі. Ол өз сабағында өзі айтып отырған жердің жанды және нақты бейнесін жасауға ұмтылуы керек. Оның сипаттамасы, ең алдымен, талдау, содан кейін ғарыштың физикалық, биологиялық және адамдық элементтерінің маңызды белгілерінің синтезі болып табылады. Әдеби сипаттамадан ерекшеленетін бұл сипаттама оқшауланған фактіні ауыстыруды, оны негізгі аймақтық бірліктерге қатысты орналастыруды көздейді. Географ салған картина поэтикалық сипатта болуы мүмкін, бірақ бұл оның негізгі мақсаты емес. Ақын әдемі деп санағанын суреттейді, географ шын деп санағанын суреттейді. Үшінші тапсырма: географияны салыстыру. Салыстыру жалпылаудың кең таралған әдісі, география оны кеңінен пайдаланады. Географияны оқытудың себептері туралы осы бірнеше болжамдар бізге тағы бір маңызды сұрақ қоюға мүмкіндік береді. Бұл күрделі пәнді қалай оқыту керек? Білікті мамансыз географияны шынайы оқыту мүмкін емес деген пікір бар. Бұл барлық пәндерде болуы керек емес пе? Бұл рас. Бірақ таяу уақыттарда география кез келген адам қалай болса да үйретін пән болғанын қалай түсіндіреміз. Ендеше, география пәні мектеп бағдарламасында лайықты орын алатын болса, онда ол жоғары білікті мұғалімдердің сабақ беруіне лайық, бұл жақсы білім алудың бірінші шарты екеніне келістік. Әлбетте, география мұғалімі өз пәнінің тар шеңберімен шектелетін адам бола алмайды, өйткені география көптеген ғылымдармен тығыз байланысты. Әртүрлі педагогикалық ілімдердің тарихы географияның эволюциясы мен оны оқыту әдістемесінің біздің ғасырдағы кейбір педагогикалық теориялардың тууы мен дамуына қандай да бір қатысы болғанын атап өтуге мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасына «классикалық білім беруді» енгізу мен географияны оқытудың жаңа әдістерінің пайда болуы арасында айқын байланыстар болуы мүмкін. Мұның бәрін педагогикалық мәдениет қамтамасыз ете алады, өкінішке орай, барлық мұғалімдерде жоқ. Бірақ педагогика және оның одақтасы психология

мұғалімдерге ережелерді сақтауды үйрете алатын пәндер болып табылады. География мұғалімі болудың маңызды элементі географиялық білімді меңгеру екені анық. Ол мүмкіндігінше кең географиялық мәдениетке ие болуы керек және оның мұғалім ретіндегі рөлі осы мәдениетті басқаларға жеткізу болатынын түсінуі керек. Осылайша, оның қызығушылықтары жоғары мамандандырылған зерттеушінің мүдделерінен белгілі бір дәрежеде ерекшеленетін болады. Жалпы айтқанда, зерттеу оқытудан бұрын жүреді. Бұл дұрыс, бірақ жаңа материалды оқыту мен ғылыми жаңалық арасында қажетті кешігу бар екенін де айту керек және бұл кешігу жаңа деректерді тексеру мен жіктеуге кететін ұзақ уақытқа байланысты. Сондықтан мұғалім балаларға бұрыннан белгілі, сыналған және қабылданған нәрселер туралы да, соңғы жаңалықтар, ең бастысы, расталған жаңалықтар туралы да білім беруі керек.

Жұмыс әдістемесін меңгеру – білім берудің барлық жылдарында бөлінуі тиіс міндет. Тікелей бақылау әдістері мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызды. Ландшафтты талдау және дұрыс түсіндіру, пішіндерді сипаттау, географиялық фактілерді анықтау, географиялық элементтердің бірігуін түсіндіру, сауатты дайындалған география мұғалімі мұның бәрін және егер ол кейіннен өз оқушылары үшін экскурсиялар ұйымдастырғысы келсе, мұны жақсы орындауы керек. тиімді. Оқытудың жанама әдістері: картаны оқу, фотосуретті интерпретациялау, географиялық қызығушылық тудыратын фильмді талдау қабілеті қызықты және мазмұнды. Мұғалімдердің біліктілігін арттырудағы бақылауларымызды қорытындылайтын болсақ, география мұғаліміне қатысты жаңа менталитетті қалыптастыратын кез келді делік. Ол көрсететін пәннің тәрбиелік мәнін тану жеткіліксіз. Сондықтан мұғалімнің үздіксіз дамуы, әр түрлі дерек көздерінен жаңа ақпараттармен толықтырылып отыруы мектепте білікті оқыту мен сауатты білім алудың қажетті шарты болып табылады.

**Әдебиет:**


1. Николина В.В. // Географияны оқытудың теориясы мен әдістемесі: университет студенттеріне арналған оқу құралы-Н. Новгород: NSPU, 2012
2. Финаров Д.П. // Мектепте географияны оқыту әдістемесі: оқулық. университет студенттеріне арналған оқу құралы - М.: АСТ: Астрель, Хранитель, 2007.
3. Щукина, Г.И. Оқу процесінде студенттердің танымдық белсенділігін белсендіру - М: Просвещение, 1979.

# БИОЛОГИЯДАН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

**Камалова Айжан Юсубалиевна**
Шымкент қаласы,
«Жұлдыз» жалпы орта білім
беретін мектебінің
биология пән мұғалімі

**Түйін**

Бұл мақалада биология сабағында білім жүйесі мен біліктілікті игеру, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту оқу үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формалары қарастырылған.

Оқыту -оқу материалдарының белгілі мазмұнымен жұмыс істеуде оны меңгеру мақсатында және таным әрекетінің тәсілдерін меңгеру мақсатындағы оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас үрдісі. Оқыту үрдісін жүзеге асыру үшін, оны ұйымдастыру керек.

Оқушылармен белгілі білім жүйесін және біліктілікті игеру үрдісі, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту оқыту үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады.

Белгілі дәрежедегі білім жүйесі мен біліктілікті игеру, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту оқу үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады. Биологияны оқыту әдістемесінде көп түрлі формалар қалыптасқан: сабақтар және онымен байланысты міндетті түрдегі танымжорықтар, үй жұмыстары, сабақтан тыс жұмыстар және міндетті емес сыныптан тыс сабақтар (жекелеген, топтық немесе үйірмелік және жаппай). Осылардың барлығы бірге орта мектепте биологияны оқыту формаларының жүйесін береді, осыларды байланыстыратын негізгі бөлшегі болып, оқытудың негізгі формасы - сабақ тұрады.

Биологияны оқытудың теориясы мен практикасында оқушылар еңбегімен байланысты оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру формаларының әр түрлерін қолдану қажеттілігі негізделген.

Осы уақытқа дейін сыныптағы сабақ - оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы екенін айттық, өйткені пәндерден берілетін материалдардың көбі осы сабақтар түрінде өтеді. Биологиядан және экологиядая берілетін білім жүйесі мен біліктілікті игеру үшін оқытудың басқа да формаларының маңызы зор.

2 Оқу-тәрбие міндеттерін шешу оқушылардың танымдық әрекетін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді, ол таным әрекетін белсендіру деген сөз.

Таным әрекетін белсендіру - бағытталған педагогтық іс-әрекет. Мұнда мұғалім оқушылардың оқу белсенділігін арттыруға жан-жақты әсер етуі қажет. Ол балалардың талпынысын, жігерін туғызып, оқуға жағымды қарым-қатынас қалыптастыру сияқты белсендіру құралы.

Сабақта мұғалімнің жетекші рөлі оқу бағдарламасында көрсетілген оқыту мазмұнын-меңгеруге бағытталған оқушылардың дербес әрекеттері арқылы

жүзеге асырылуы тиіс. Ұстаздың міндеті: оқушы әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру және өзі делдал ретінде көмектесіп осы әрекетті бағыттау. Сөйтіп балаларды оқи білуге үйрету арқылы бірте-бірте саналы және дербес түрде білім-білік игеруге қалыптастыру болып табылады. Ұстаз шеберлігінің мәні оқушының оқу материалының «алдынан шығуы» кезінде және және оқушымен оқу мазмұны арасындағы жемісті таныстық мезгілінде оңтайлы делдал болуында.

Оқушылардың топтық, жалпысыныптық, жекелеген жұмыстарын ұйымдастыру. Оқу-тәрбие міндеттерін шешу оқушылардың таным әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Оқыпу шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін, қызығушылығын дамытатын, ұжымды ұйымшыл ететін, жеке тұлғаның өзін танытуына ықпал ететін оқушылардың ұжымдық әрекетінің негізінде құрылады. Оқытудың ұжымдық сипаты оқушылардың жекелеген мүмкіндіктерін ескеруді талап ететін жіктелген ыңғайлы қарастырады. Сынып тобы шегінде жіктеп оқытуды жүзеге асыруға оқушылардың жұмыс әрекетін ұйымдастырудың, жекелей, топтық және жалпысыныптық түрлерін жүргізу жолдары ықпал етеді. Жалпысыныптық және топтық әрекетті ұжымдық жұмыс түріне жатқызады, өйткені осы кезде оқушылар бірге жұмыс істеудің ортақ мақсатын сезініп, өзара жұмыстарды бөлісіп, жауапкершілікті сезініп топтың әрекетін өздері бақылап отырады.

Биологияны және экологияны оқытуда тегіс қамтитын, жалпысыныптық жұмыс түрі (фронталдық) жиі қолданылады, өйткені мұғалімнің басқаруымен барлық сынып ортақ тапсырманы шешуде жұмыс атқарады. Бұл кезде, әрине, жұмыс барысы кезеңдерге жіктеледі. Жұмыстың бір кезеңі аяқталған соң, барлық оқушылар келесіге көшеді. ал мұғалім олардың әрекетін бақылайды.

Жалпысыныптық жұмыс үрдісі кезінде әрбір оқушы тұтас ұжымның бір мүшесі ретінде еңбек етеді, өйткені әркімнің жұмыс қарқыны мен пәрмеңділігінен барлық сыныптың тапсырманы орындау сәттілігі байланысты болады.

Жалпысыныптық жұмыс әртүрлі дидактикалық мақсаттар үшін пайдаланылады: жаңа материалды оқу үшін, білім тексеру барысында, оны бекітуде. Сонымен жалпысыныптық жұмыс өсімдіктер мен жануарлар систематикасынан, цитологиялық, гистологиялық, анатомиялық-морфологиялық оқу материалынан микропрепараттар даярлау мен оларды көру кездерінде жүргізіледі.

1 Оқыту құралдары - оқыту міндеттері мен мақсаттарына сәйкес оқыту әрекетінің пәрмеңділігінің көтерілуіне әсер ететін әртүрлі заттар, құбылыстар деректер және оқытушы бағдарламалар. Осы себепті оқыту құралдарының негізгі үш түрін бөліп қарастыруға болады: табиғи (натуралды) нысандар мен үрдістер, нақты нысандар мен үрдістерді алмастырушы көрнекі (суретті) белгілер, сөздік немесе вербальды құралдар.

Осындай үш түрге бөлу таным теориясы тұжырымдамасына және ойлаудың даму сатыларына сәйкес. Алғашқы кезеңде нақты нысандармен, нақтылы жағдайда тікелей практикалық әрекет жасау жүретін көрнекілік, әрекеттік,

практикалық ойлау, жетекші болып саналады. Екінші кезең оқушылар тәжірибелерімен жинақталған, нақты заттармен емес, түсініктер мен қабылдаулардың бейнелі түйсінуі арқылы міндеттерді шешу жүзеге асырылатын кернекі-бейнелі ойлау . Үшінші, жоғарғы кезеңде ойлау әрекетінің жетекші рөлі болып абстракциялық-теормиялық ойлау есептеледі.

Оқытудың барлық құралдары оқу танымдық әрекетті ұйымдастырудың және

биология мазмұнының басқаша көрсетілуін береді.

Табиғи немесе нақты нысандар - оқушылар тікелей сабақ үстінде немесе топсеруендер кезінде пайдаланатын және карым-қатынаста болатын микропрепараттар, тірі немесе сақталынған ағзалар, кіші немесе үлкен және ағзадан жоғарғы биологиялық жүйелер (орман, көл, т.б.). Оқылатын нысандардың нақты қасиеттері тек қана көру арқылы ғана емес, иіс сезім, есту және сипап сезу мүшелерімен де қабылдана алады.

Нақты нысандар мен үрдістерді алмастырушы көрнекі (суретті) белгілерге сурет салынған кестелер мысалға, жасуша құрылысы, ағзалар, экожүйелер, заттар айналымы жөніндегі суреттер жатады. Осыған сызбанұскалар, фотосуреттер үрдістер мен нысандардың материалданған нобайлары, мысалы, ДНК нобайы, жүрек жобасының нобайы, қазба жануарлардың қақпішіндері жатады. Көрнекіліктің ерекше тобы болып компьютерлік мультимедиялық (көпканалдық) оқыту құралдары есептеледі.

Сөздік немесе вербальды құралдар - олар кітаптар, оның ішінде оқулық, мұғалімнің сөзі, кино немесе теле көрсетілімдерді түсіндіретін дикторлық мәтін, компьютермен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар (бейнекадрлар, нобайлар, жетістікті тексеруге және бақылауға арналған бағдарламалар), тестілер және жұмыс дәптерлері.

Биологияны оқытудағы көрнекі құралдардың маңызы ерекше, өйткені тірі табиғатты кандай да бір көрнекіліксіз оқыту аса қиын. Биологияны оқытуда көрнекі құралдарды олардың сипатына және маңызына карай екі топқа бөлуге болады: негізгі және көмекші. Негізгілердің ішінде нақты (табиғи), суретті және сөздік құралдар, ал көмекші құралдар ішінде - оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ) және зертханалық құралдар (ЗҚ).

Өз кезегінде, биология сабағында пайдаланылатын табиғи көрнекі құралдар тірі және тірі емес немесе препаратталған болып екіге бөлінеді. Суретті құралдарды салынған (жазыкы) және көлемді деп екіге бөледі. Табиғи құралдар. Табиғи көрнекі құралдар болып арнайы таңдап алынған өсімдіктер (бөлме өсімдіктері, оқу-тәжірибе алаңынан немесе танымжорықтан әкелінген), тірі табиғат мүйісіндегі аквариумдегі, инсектариидегі, террариумдегі және тордағы жануарлар саналады.

Табиғи препаратталғандарға гербарийлер, ылғалды препараттар, микропрепараттар, коллекциялар, омыртқалы жануарлардың қаңкалары мен олардың бөлшектері, тұлыптар, практикалық жұмыстарға арналған таратпа материалдар жатады.

Таратпа материалдар ретіндегі көрсетілетін тірі өсімдіктер жануарларды алдын ала дайындап алган дұрыс. Бұл нысандарды таңдап

бағдарламаға, жергілікті жағдайға және табиғатты қорғау талаптарына байланысты болады. Табиғатта нысандарды жинағаннан басқа, мысалы өсімдіктерді, таратпа материалдар дайындау үшіп оқу-тәжірибе алаңында арнайы себуге болады, ал оқу-тәжірибе алаңында өсімдіктерге түс: зиянкестерді зоологиядан таратпа материал ретінде колдануға коллекция жинап алуға болады.

Гербарийлермен және коллекциялармен жұмыс істегенде материалдардың тірі ағзалар жөнінде толық мәлімет бермейтіндігін ескеру қажет. Сол себепті оларды басқа да, оқылатын ағзалардың қасиеттерін түсінуге көмектесетін құралдармен бірге пайдаланған орынды.

Технологиялық коллекциялар табиғи материалдардан алынған өнімдерді көрсетеді, мысалы, «Тас көмір және оны өңдеу өнімдері», «Астық тұқымдастар. Олардан алынатын жармалар» т. б.

Омыртқалы жануарлардың құрылысын оқып үйрену үшін сабақтарда препаратталған қаңқалар (балықтардың, бақаның, кесірткенің, жыланның, тауықтың және мысықтың) және олардың бөлшектері пайдаланылады. Сабаққа жануарлардың тұлыптары да пайдаланылады. Жануарлар тұлыптарына ерекше күтім керек, әйтпесе олар кеуіп кетуі немесе каракүйе түсіп жарамсыз болуы мүмкін. Олар арнайы қораптарда не шыныланған шкафтарда сақталуы керек, сонда өздерінің табиғи түр-түстерін жоғалтпай ұзаққа шыдайды, тек сабақтарда көрсету үшін ғана алып пайдалану керек, тұлыптарды биология кабинетін безендіруге пайдаланған дұрыс емес екенін мектеп тәжірибесі көрсеткен сондықтан олар тек кабинеттің екінші, препараторлық (ұстаздың жұмыс бөлмесінде) бөлмесінде сақталуы керек.

Бейнелі құралдар алуан түрлі болады. Оларға көлемді нақпішіндер мен нобайлар; салынған немесе құрастырылған таблицалар, географиялық карталар ғалымдар портреттері, дидактикалық таратпалы материалдар жатады.

Нақпішіндер - бұл табиғи нысанды дәл көшірме етіп жасаған құралдар. Фабрикадан жасалып шыққан муляждар: «Гибридтік және полиплоидтық өсімдіктер жемістерінің жиынтығы», «Қалпақшалы саңырауқұлақтардың жемісті денесі» т. б. Олар табиғи нысандардың көлемін, формасын, түр-түсін көрсетеді. Осындай нақпішіндерді табиғи нысанды көрсету мүмкіндігі жоқ кезде пайдаланады.

Нобайлар табиғи нысандардыц бейнелері болып табылады, бірақ олар нысанның тікелей көшірмесі емес, олардың басты қасиеттерін сызбанұсқалар түрде көрсетеді.

Нобайлар жазықтықтық және көлемді, статистикалық және динамикалық болуы мүмкін. Мысалы, жүрек қақпакшаларының жұмысын көрсететін немесе қоңыздың ішкі құрылысын көрсететін нобай сияқты жазықтықты. Жүректің фабрикада дайындалған көлемді нобайы оның ішкі және сыртқы құрылысымен толық танысуға мүмкіндік береді. Көпшілік қозғалмайтын нобайлар бөлшектеніледі. Бұл мүшенің сыртқы және ішкі құрылысын (мысалы, гүл құрылысының, көздің, құлақтың, адам бүйректерінің нобайлары) оқуға мүмкіндік береді.

Динамикалық нобайлар әдетте ағзада жүретін үрдістермен таныстырады.

Оларға магнитті «Белок биосинтезі», «Мендель заңдары», «Мүктердің көбею циклі», «Биогеоценоз нобайы» сияқты нобайлар жатады.

Биологияны оқытуда кестелер жиі қолданылады. Олар бедерлі және баспалық болады.

Бедерлі кестелер - пластиктен жасалған жануарлардың түрлі-түсті бейнелерін береді. Онда аз ойықтармен ағза контуры, мүшелер жүйесі, мүшелер бөліктері бөлініп көрсетіледі. Осындай кестелер ұзақ пайдалануға жарайды, жуып тазалауға жеңіл, бірақ олардың көлемділігіне байланысты сақтау орны кең болуы керек.

**Әдебиеттер**

1. А.М. Розенштейн және т.б. Использование средств обучения на уроках биологии. М:1989. бет
2. «Биолгия және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналы. Дидактикалық тапсырмалар бөлімі. Алматы.
3. «Биология в школе» » ғылыми-педагогикалық журналы.
4. Интернет материалдары. http:/www.readywork.ru/works.php.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Рысбаева Нургул Тураповна**
Шымкент қаласы,
№66 ЖОББМ география пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада географияны жаңартылған білім беру жүйесі арқылы оқытудың ерекшеліктері мен ондағы қолданылатын әдіс-тәсілдер көрсетілген.*

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамыған дәуірінде мектептегі дәстүрлі оқыту оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермейді. Бұл оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижесінен көрінеді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің заманауи педагогикалық технологияларын жетілдіріп, күнделікті сабақта тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыруға болады. Еліміздің білім беру жүйесі терең және кезеңді стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. 21 ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, дарынды тұлғаларын қалыптастыруда білім беру мәселесі көтеріліп, оның білім беру жүйесін заман талабына сай үйлестіру, жаңа талаптар алға қойылуда. Осыған байланысты мұғалімдердің алдында тұрған міндет – өзінің әлеуметтік рөлін сезінетін, табысқа, іс-әрекетке қабілетті құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді меңгеру ретінде жалпы құзіреттіліктің сипаты туралы түсінік беріледі. Тұлға құзыреттілігін дамыту – мұғалімнің сауатты әдіс-тәсілдерді меңгеруі, білім мазмұнын жетілдіру. Ол үшін оқушыны субъект ретінде қарастырып, оқу-тәрбие процесінде оның

өзіндік қызығуына, қабілетін арттыруға жағдай туғызу қажет. Соның ішінде географияны оқу кезінде – білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқу әрекеті, өз бетімен білім алуы, іс-әрекеті арқылы ойлау қабілетін арттыру. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады [1, 52–55 б.].

География мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі кезде географияны оқытуда мазмұн, әдістемелік жүйе және уәждеме мәселелері ерекше орын алып, соның салдарынан географияны оқытуда олқылықтар пайда болады. Мұндай сұрақтарға келесі сұрақтар жатады.

– Географияны зерттеуде кешенді тәсілдің жеткіліксіз енгізілуі, соның салдарынан география ғылымының екі саласы – физикалық және әлеуметтік-экономикалық география арасында алшақтық туындайды;

– жастарды патриоттыққа тәрбиелеу құралы ретінде географияға жеткіліксіз көңіл бөлу;

– Оқушылардың, яғни студенттердің жеке тәжірибесін толық есепке алмайтын және олардың құндылық және мағыналық бағдарларына әсер етпейтін дәстүрлі оқыту әдісінің басым болуы, заманауи технологиялардың жеткіліксіз пайдаланылуы;

– практикалық дайындықтың, оның ішінде сыныптан тыс жұмыстар (экскурсиялар, жорықтар, далалық және практикалық зерттеулер, экспедициялар және т.б.) шеңберіндегі жеткіліксіз көлеміне байланысты студенттердің географияны оқуға деген ынтасының төмендеуі [2, 174–178 б.].

Мұғалім үшін ең маңызды мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Географияны оқытуда жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша заманауи тиімді оқыту әдістеріне жеке шолу жасауға болады.

✓ Құндылық-бағдарлы көзқарас оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастыратын білім беру процесінің сәйкес формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі көрсетуінің алғышарттарын жасауды қамтиды.

✓ Тұлғаға бағытталған әдіс мұғалімнің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына аударуды, оның рухани дамуына қамқорлық жасауды, оның ішінде психикалық және азаматтық жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық, эстетикалық және шығармашылық нышандарды дамыту мүмкіндігін қамтиды.

✓ Жүйелік-белсенділік тәсілі білім беру процесінде оқушының өз бетімен білім алуына бағытталған, ол үшін мұғалімнің тиімді әрекетінің әртүрлі формаларын қолдануды көздейді.

✓ Интегративті тәсіл – оқу процесін жобалау және өткізу кезінде әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара интеграциялау арқылы оқушыда дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш білім беру мазмұнына жалпы тақырыптарды енгізу әртүрлі салалардағы білімдерді біріктіруге және сол арқылы алынған білімнің функционалдық мүмкіндіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Интерактивті әдіс оқушылардың танымдық қызығушылығын, танымдық белсенділігін

арттыруға бағытталған. Педагогикалық қарым-қатынаспен қарым-қатынас диалогы арқылы тұлғаны қалыптастыру және дамыту басты ұстаным [3, 75–77 б.].

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын тұлғаның қалыптасуы мұғалімнен басталады. Географиялық білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өзін-өзі тәрбиелейтін, жан-жақты сұранысқа ие, алдағы өмір жолын болжай білетін тұлға тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама география мұғалімдеріне жеті модуль арқылы заманауи оқыту әдістерін ұсынады.

Білім беру мен оқытудағы жаңа тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Білімді бағалау және оқуды бағалау. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Талантты және дарынды балаларды тәрбиелеу. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиелеу мен оқыту. Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық [4, 248 б.].

Бұл бірліктердің көбін біз география сабағымызда көптен бері қолданып келеміз, бірақ тереңірек үңіліп, олардың жеке философиясын түсіне алмаймыз. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерді жоққа шығаруға болмайды, әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары бар;

Біз қолданатын бағдарлама әртүрлі тәсілдерді жинақтағанымен, ол сындарлы оқытудың негізін қалайды. Жазу – оқушының дамытуы керек ең маңызды дағды. Жазбаша жұмыс – оқушылардың білімін, сыни тұрғыдан ойлауын, тіл байлығын көрсететін жұмыстың негізгі түрі. Сабақта жүйелі ұйымдастырылған жазба жұмыстары сапалы жұмыстың кепілі болып табылады. Географиядан емтихан нәтижесіне сүйене отырып, оқушылардың осы жазбаша жұмыста жоғары нәтижеге жетуі үшін оқушылардың жазу дағдыларын дамытудың тиімді әдістерін зерттей бастадық. Біз графикалық ұйымдастырушыларды жазу дағдыларын жетілдіру әдісі ретінде қарастыруды шештік. Графикалық органайзер терминіне келетін болсақ, графикалық органайзер мәтіндегі негізгі ойларды және жалпы ақпаратты жүйелеу үшін қолданылады. Ұзын мәтіндерді қағазға түсіру оңтайлы. Ақпаратты талдау үшін графикалық органайзер иллюстрациялық, коммуникативті және танымдық әрекеттерді орындайды.

География сабағында оқушылардың жазу дағдыларын дамыту үшін географияны оқу барысында оқушылардың танымдық көзқарастарын, дүниетанымдарын және сыни тұрғыдан ойлауын талдау және жүйелеудің тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы НЗМ-бағдарламасының оқу жоспарын жүзеге асыруға болады. Мысалы: графикалық органайзерлерді қолдану жұптық және топтық жұмыс тапсырмаларын орындау кезінде жұмыс тиімділігін арттырады. 10-сыныпта «Табиғат аймақтары. Биік таулы аймақтар» топтық жұмыста жоспарлауға арналған сипаттау әдісі әр топқа арнайы белгіленген табиғат зоналарын жеке сипаттауда ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтауда оқу мақсатында көрсетілген тақырыптың нәтижесіне жетуде жүйелі білімін көрсетуге көмектеседі [5, 18 б.]. Жоғарыда аталған география бойынша білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешу жолдары:

– «Қазақстан географиясы» курсының мазмұнын жаңарту арқылы патриоттық, азаматтық борыш сезімін, ұлттық және мемлекеттік қасиеттерді терең түсінуге тәрбиелеу; – сабақтан тыс жұмыстарды жиі пайдалану (мектепке бару); –

Қазақстандық географиялық диктанттарды жүргізуге көмектесу және қатысу; – студенттерге географияны оқытудағы оқу іс-әрекетінің маңызды түрі практикалық тапсырмалар болып табылады, сондықтан негізгі құзыреттіліктерді арнайы құзыреттіліктерге бағытталған тапсырмалар арқылы қалыптастырған жөн. Қорыта айтқанда, білім беру стандартының талаптарына сәйкес заманауи мектептегі оқу үрдісі оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану арқылы құрылуы керек. Айта кету керек, білім беру үдерісіне инновациялық көзқарас оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын, оқу-зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесі мен құралдарын, рөлдік ойындар мен модельдеуді мақсатты қалыптастыру негізінде жаңа тәжірибені меңгеру мүмкіндіктерін дамытумен сипатталады. модельдеу [6]. Дәстүрлі оқытуда берілген үлгілерді меңгеруге және нақты белгіленген стандарттарға қол жеткізуге басымдық беріледі. Сонымен, географияны оқытудағы жаңашыл әдіспен ғана мұғалім пәндік білімді меңгерумен қатар, оқушылардың ақпараттық географиялық ұтқырлығын қалыптастыруға қол жеткізе алады.

Әдебиет:

1. Қалжанова, Г.М. Қазақстандағы білім беру жүйесінің модернизациясы // Білім беруді дамытудың мәселелері мен болашағы: VIII Интернационал материалдары. ғылыми конф. (Краснодар, ақпан 2016 ж.). — Краснодар: Новация, 2016. — 52–55 б.

2. Шаймуханова С.Д., Кенжебаева З.С. Қазақстан Республикасындағы білім беруді жаңғырту: жағдайы және даму болашағы // Қазіргі жаратылыстану жетістіктері. — 2014. — No 5–1. — С. 174–178,

3. Примбетова С. Ч., Сейтқалиева Г. М. Өркениятты дамытудағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өрнегі: Халықаралық ғылым-практикалық конференция материалдары Бойынша Ғылыми еңбектер жинағы20000000000000000000000 тиги» ЖШК (АПНИ ), 2020. 75–77 б.

4. Қазақстандағы орта білім: жағдайы және болашағы. — Астана: атындағы Ұлттық білім академиясы. І.Алтынсарина, 2015. –П. 248. Lesson Study бойшамұғалімдерге арналған нұсқаулық. Т.Чичибу, Л.Ду Тойт, А.Төлепбаева, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013, - Астана, 18 б. Қазақстандағы білім беру жүйесі 2019–2020. https://kaznews.kz/news/596213

## ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Инкарбеков Ерганат Амерханович**
Шымкен қаласы,
№48 жалпы орта мектеп
география пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада әртүрлі көздерден алынған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, географияны оқу тәсілі және оқу процесіне дұрыс енгізу қарастырылады. Бұл мақала бастауыш мектепте де, орта мектепте де пайдалы болады.*

Басқалар сияқты география пәнінің мұғалімі үшін де білімді қалыптастырып, оқу-тәрбие процесін бақылай білу, оқытудың заманауи әдістері мен

технологияларын жетілдіріп, ілесе білу маңызды. Ол үшін өзіңді тәрбиелеп, біліктілігін арттыру курстарынан өту керек. Мұғалім қай қайтарым болса да оқушылардың табысты оқуына жағдай жасай білуі керек. Оқушының әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған, кәсіби құзыретті тұлғасын қалыптастыру. Бұл нәтиже мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ынтымақтастыққа, жетілдіруге, сындарлы сынға және өзара көмекке бағытталған жағдайда мүмкін болады. Бірақ заманауи шындықта мұғалім жаңалықтардан, мақалалардан және ғылыми фильмдерден жаңа ақпаратқа бейімделуі керек. Географияны оқыту барлық жағынан география ғылымдарының әдістемесіне сәйкес болуы керек. Мұғалім әзілкеш «бәрін дерлік білетін, бірақ ештеңені дерлік білетін адам» бола алмайды. Оқытудың сипаты мен мұғалімге қойылатын сұрақтардың ауқымы оны біздің пәннің негізгі мәселелерінің көпшілігін қамтитын географиялық мәдениетке ие болуға міндеттейді. Дәл осы пәннің ағартушылық тұжырымдамасы негізінде орта мектеп деңгейіндегі география мұғалімінің рөлі мен дайындығы айқындалуы керек. Мұғалім өз саласында сауатты болу үшін сан алуан дағдыларды меңгеруі керек. Қолда бар материал негізінде оқытудың үш түрінің ыңғайлы классификациясы арқылы автор мүлдем жаңа болмаса да, әлі де өзекті болып табылатын әртүрлі дидактикалық әдістерді анықтайды. Ғарыш пен кеңістік қатынастарының ашылу тарихын түсіну үшін географияның өзі тарихы жазылды. Ландшафтпен, яғни азды-көпті кең географиялық кеңістікпен бетпе-бет келген кез келген адам өзіне бірнеше сұрақтар қоя алады. Бұл кеңістікте не бар? Мен көрген нәрсеге қандай мағына беруге болады? Мен бақылайтын фактілерді шарттайтын және басымдық беретін кеңістіктен басқа не бар? Осылайша, сіз бір бақылаудан екіншісіне географиялық ашылуларға жол көрсетесіз.

География саласындағы дидактика мамандары бірауыздан география мұғалімінің негізгі және алғашқы жұмыс құралы болып табылатын картаға жүгінуі ұдайы болуы керек деген пікірде. Географияның бірінші міндеті – жер бетіндегі құбылыстардың орнын білу, бұл фактілердің байқалатын жерлерін анықтау, оларды локализациялау, картада бейнелеу. Екінші тапсырма: географияға сипаттама беру.

География - бұл нақты фактілер туралы ғылым; Бақылаудың бастамашысы – география мұғалімі. Ол өз сабағында өзі айтып отырған жердің жанды және нақты бейнесін жасауға ұмтылуы керек. Оның сипаттамасы, ең алдымен, талдау, содан кейін ғарыштың физикалық, биологиялық және адамдық элементтерінің маңызды белгілерінің синтезі болып табылады. Әдеби сипаттамадан ерекшеленетін бұл сипаттама оқшауланған фактіні ауыстыруды, оны негізгі аймақтық бірліктерге қатысты орналастыруды көздейді. Географ салған картина поэтикалық сипатта болуы мүмкін, бірақ бұл оның негізгі мақсаты емес. Ақын әдемі деп санағанын суреттейді, географ шын деп санағанын суреттейді. Үшінші тапсырма: географияны салыстыру. Салыстыру жалпылаудың кең таралған әдісі, география оны кеңінен пайдаланады. Географияны оқытудың себептері туралы осы бірнеше болжамдар бізге тағы бір маңызды сұрақ қоюға мүмкіндік береді. Бұл күрделі пәнді қалай оқыту керек? Білікті мамансыз географияны шынайы оқыту мүмкін емес деген пікір бар. Бұл барлық пәндерде болуы керек емес пе? Бұл рас. Бірақ таяу уақыттарда география кез келген адам қалай болса да үйретін пән

болғанын қалай түсіндіреміз. Ендеше, география пәні мектеп бағдарламасында лайықты орын алатын болса, онда ол жоғары білікті мұғалімдердің сабақ беруіне лайық, бұл жақсы білім алудың бірінші шарты екеніне келістік. Әлбетте, география мұғалімі өз пәнінің тар шеңберімен шектелетін адам бола алмайды, өйткені география көптеген ғылымдармен тығыз байланысты. Әртүрлі педагогикалық ілімдердің тарихы географияның эволюциясы мен оны оқыту әдістемесінің біздің ғасырдағы кейбір педагогикалық теориялардың тууы мен дамуына қандай да бір қатысы болғанын атап өтуге мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасына «классикалық білім беруді» енгізу мен географияны оқытудың жаңа әдістерінің пайда болуы арасында айқын байланыстар болуы мүмкін. Мұның бәрін педагогикалық мәдениет қамтамасыз ете алады, өкінішке орай, барлық мұғалімдерде жоқ. Бірақ педагогика және оның одақтасы психология мұғалімдерге ережелерді сақтауды үйрете алатын пәндер болып табылады. География мұғалімі болудың маңызды элементі географиялық білімді меңгеру екені анық. Ол мүмкіндігінше кең географиялық мәдениетке ие болуы керек және оның мұғалім ретіндегі рөлі осы мәдениетті басқаларға жеткізу болатынын түсінуі керек. Осылайша, оның қызығушылықтары жоғары мамандандырылған зерттеушінің мүдделерінен белгілі бір дәрежеде ерекшеленетін болады. Жалпы айтқанда, зерттеу оқытудан бұрын жүреді. Бұл дұрыс, бірақ жаңа материалды оқыту мен ғылыми жаңалық арасында қажетті кешігу бар екенін де айту керек және бұл кешігу жаңа деректерді тексеру мен жіктеуге кететін ұзақ уақытқа байланысты. Сондықтан мұғалім балаларға бұрыннан белгілі, сыналған және қабылданған нәрселер туралы да, соңғы жаңалықтар, ең бастысы, расталған жаңалықтар туралы да білім беруі керек.

Жұмыс әдістемесін меңгеру – білім берудің барлық жылдарында бөлінуі тиіс міндет. Тікелей бақылау әдістері мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызды. Ландшафтты талдау және дұрыс түсіндіру, пішіндерді сипаттау, географиялық фактілерді анықтау, географиялық элементтердің бірігуін түсіндіру, сауатты дайындалған география мұғалімі мұның бәрін және егер ол кейіннен өз оқушылары үшін экскурсиялар ұйымдастырғысы келсе, мұны жақсы орындауы керек. тиімді. Оқытудың жанама әдістері: картаны оқу, фотосуретті интерпретациялау, географиялық қызығушылық тудыратын фильмді талдау қабілеті қызықты және мазмұнды. Мұғалімдердің біліктілігін арттырудағы бақылауларымызды қорытындылайтын болсақ, география мұғаліміне қатысты жаңа менталитетті қалыптастыратын кез келді делік. Ол көрсететін пәннің тәрбиелік мәнін тану жеткіліксіз. Сондықтан мұғалімнің үздіксіз дамуы, әр түрлі дерек көздерінен жаңа ақпараттармен толықтырылып отыруы мектепте білікті оқыту мен сауатты білім алудың қажетті шарты болып табылады.

**Әдебиет:**

4. Николина В.В. // Географияны оқытудың теориясы мен әдістемесі: университет студенттеріне арналған оқу құралы-Н. Новгород: NSPU, 2012

5. Финаров Д.П. // Мектепте географияны оқыту әдістемесі: оқулық. университет студенттеріне арналған оқу құралы - М.: АСТ: Астрель, Хранитель, 2007.

6. Щукина, Г.И. Оқу процесінде студенттердің танымдық белсенділігін белсендіру - М: Просвещение, 1979.

# СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

**Джуманшиков Миркомилжан Кулниязович**
Шымкент қаласы, Мукуми атындағы №105 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

*Статья посвящена роли функциональной грамотности в обучении географии. Автор аргументирует, что функциональная грамотность является неотъемлемой частью учебного процесса, которая способствует развитию навыков анализа и интерпретации географической информации.*

Summary

*The article is devoted to the role of functional literacy in teaching geography. The author argues that functional literacy is an integral part of the educational process, which contributes to the development of skills in analyzing and interpreting geographic information.*

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделу болып табылады. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Географияны терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, география *пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.* География – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. География арқылы біз оқушыларға дүние жүзі халықтарын, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, шаруашылығын. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта *танытамыз* екені баршамызға белгілі.[1]

География адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол *адамды тәрбиелейді*. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді *ұйымдастыра білуі қажет*. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. *алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек*. Осындай әдіс-тәсілдерді

түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. *Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс.* Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, сөзжұмбақтарды, эсселерін жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қыса әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады. Қазіргі заман талабына сай білім беру саласындағы жаңашыл ұстазға қойылатын талап та жаңаша болатыны сөзсіз. [3] Ұстаздар алдында басты міндет – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп және жаңа педогогикалық технологияларды меңгере отырып, еліміздің жарқын болашағын жасайтын білімдіде білікті, тәрбиелі де бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. «Сабақ беру жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», деп Ж.Аймауытов айтқандай, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибиеге еніп, жақсы нәтижелер беруде.Бұрын дәстүрлі оқыту жүйесінде менің міндетім тек түсіндіру болатын.[6] Түсіндіруде тек бір сана, бір обьект, сөз түрі монолог болып келетін. Білімді дайын күйде бере салатынмын. Сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс -тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар өз бетінше білім алып, жұмыс істеуге дағдыланады. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педогогикалық білімі бар және қосымша оқыту мен өз біліктілігін арттырушы субьектілер болғандықтан, олар бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады. Бұл модуль оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдануын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының әдіс – тәсілдерін пайдалану барысында қорқу –қуану, қиналу қатар жүрді. Әр сабақтан соң «Қай жерде қателестім?», «Қай әдіс нәтиже берді?», «Нені қалай жасау керек еді?» деген сұрақтар төңірегінде ойлана отырып, тек формаға емес, философиясына терең үңілу керектігін түсіндім. Мәселен, географияны үйренуде қолданылатын үдерістер мен дағдылар:

- суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалар сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыру,
- негізгі дереккөздерді бағалауды және соларға сәйкес сұрақтар қою,
- негізгі дереккөздерді жағдаяттық қорытындылармен және уақытша жинақтаулармен салыстыру және талқылау т.б[8]

Сыни ойлаудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы - өзіне тән сабақ құрылымы жасалған, әр кезеңге сай әдіс-тәсілдері, стратегиялары берілген. Мұнда да мұғалімнің шеберлігі, әр әдіс- тәсілдерді өз орнына ұтымды қолдана білуі де аса қажет. Сабақты бастамас бұрын сыныпта психиологиялық ахуал орнату арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту керек. Оқушылардың көңіл – күйлеріне байланысты фигуралар таңдатып, әр фигураға түсінік берулері керек. Осы таңдаған фигуралар арқылы оқушыларды топқа бөлуге болады. Топтық ереже құруда оқушыларға ұйымшылдық, тәртіп сақтау, үнемі жетістікке жету, уақытты тиімді пайдалану, топ мүшелерімен бірге шешім қабылдау, берілген

тапсырманы сапалы орындау керек деген сияқты ережелер түсіндіріледі, кейіннен оқушылар бұл топтық ережені өздігінен орындайтын болады. Енді сыни тұрғыдан ойлаудың бірнеше әдіс –тәсілдеріне тоқтала кетейік. Қызығушылықты ояту әдісі. Бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастыру. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.[4]

Оқушылардың танымдық қызығушылығының деңгейін көтерудің тағы бір белсенді тәсілі проблемалық тапсырмалар беру. Мысалы, 8 сыныптағы «Алаптар бойынша ірі өзендерге сипаттама» тақырыбын өткен кезде Ертіс өзенінің шатқалында Бұқтырма сағасынан төменіректе салынған биіктігі 96м орасан зор Бұқтырма бөгеті туралы айта келіп, оқушыларға: «Осындай құрылысты салу неге керек болды? Бөгетті жеңіл, арзан тәсілмен салуға болатын жол табуға болмады ма?» деген проблемалық сұрақ қою арқылы оқушылардың осы бөгеттің құрылысын салуға деген жалпы қызығушылығын ояттым. Осы арқылы оқушыларды топ - топ болып бірігіп, карта арқылы жұмыс жасап жол табуға шақырдым. Оқушылар жер бедері, өзен ерекшелігі, соған сәйкес құрылыс материалдарын таситын жағдайларды ескерген барлық мүмкін нұсқаның сызбасын салып, оны әр топ бір - бірімен салыстырып, одан кейін оны Бұқтырма бөгетінің сипаттамасымен салыстырып өздерінше қорытынды - түйін жасады.

Міне, бұл сабақта оқушылардың бәрі де ізденісте болып, бәрі де қызу жұмыс жасап, сабақтың өн бойында қызығушылық танытты. Сондықтан да оқушының айтқан көзқарасын қолдайтын немесе оны жоққа шығаратын элементтері бар сабақ - өзінен өзі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тудырады.[3]

Ой толғау әдісі. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпаратпен танысып, жаңа тақырыппен жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Мысалы: 7- сыныптағы сабақ барысында 1492 жылдан Атлантиканы кесіп өткен саяхатшылардың тізімін жасауға тапсырма беріп, оқушылардың бұрын алған білімдерін естеріне түсірдім. Бұл тізімді сабақта алған білімдерімен салыстырып жазуды сұрап, жаңа алған білімнің мәнін ұғуға жетеледім. Сөйтіп өз білімімен жаңа берілген білімнің ішінен негізгісін алып, өз беттерінше қорытындылауға мүмкіндік бердім. Сабақ соңындағы 10 минуттық эссе жазу, оқушылардың ойларын жалғастыруға Х. Колумб туралы бұрыннан білетіндерін жаңа игерілген материалдармен қосып, ой толғау жасауына мүмкіндік берді.

Шпаргалка әдісі. Бұл әдісте оқушылар шпаргалка жасауды үйренеді. Мысалы, Жапония тақырыбында оқушыларға мәтінді бөліп беремін. Бірінші топқа мемлекет тарихын, екінші топқа табиғат жағдайларын, үшінші топқа халқын. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасай отырып, ең керекті мәліметтерді ақ параққа жазады.Оларды санмен, пайызбен, жылдармен көрсетсе де болады. Неғұрлым көбірек мәлімет беруге тырысады. Сондан соң оны топтармен ауысады. Ауысқан топ шпаргалканы оқи отырып постер жасайды, әрі оны қорғайды.

Кластерлерге бөлу әдісі. Бұл әдісте алдымен тақтаның ортасындағы дөңгелекке немесе дәптердің ортасына сөз не сөйлем жазу сұралады. Мысалы 7-

сыныпта «Географиялық зерттеулер» тақырыбында саяхатшылардың ішінен Марко Поло деген сөз. Сосын «ол не істеді?» деген сұрақ тастауға болады. Ол сөзді оң жағына дөңгелекшенің ішіне жазып негізгі сөзбен екеуінің арасын тіке сызықпен қосамыз. Енді біз оқушыларды оның не істегені туралы өз көзқарастарын айтуға шақырамыз. Бұл пікірлерді «ол не істеді» деген дөңгелектің айналасына топтастырып, жаңа дөңгелектерге жазып онымен қосуларын сұраймыз. Егер оқушы «ол саяхатшы болған» десе, «саяхатшы» деген сөз жаңа дөңгелекшеге жазылады. Егер оның саяхаты туралы жаңа мәлімет (қайда барды және т. с. с) болатын болса, онда ол сөздер «саяхатшы» сөзінен айналып жүретін серік - сөздер болады. Оқушылар кластерді орналастырып болған соң, олардан қай жерде ақпарат аз екенін көрсетуді сұраймыз. Егер олар бір нәрсеге күдіктенсе, сол жерге үлкен сұрақ белгісін қою керек. Содан соң ненің дұрыс болғанын, қай жері дұрыс емес екенін, қандай тұстары анықталды соған көңіл бөлуін сұраймыз.

Сонымен, біздер тәрбиелеп жүрген бүгінгі ұрпақ – тәуелсіз еліміздің ертеңгі иелері. Ал олар тек біліммен ғана сусындап, ғылым мен техниканың жаңа үрдісіне ғана ілесіп жүретін болса, рухани дамуда ізгілікке, өнерге ұмтылу болмаса, біздің тәрбиеміз біржақты ғана болар еді. Демек өскелең ұрпақтың жан-жақты болып өсуіне ұстаз еңбегі орасан десек, өз мамандығына шексіз берілген, баланы сүйе білетін, оларды дәрісімен қызықтыра білетін ұстаз ғана заманына лайық шәкірт тәрбиелей алады. Сонымен қатар, ол- шәкірттердің білімділік және танымдық мазмұн қасиеттерін, шығармашылық іс- әрекеттері мен тәжірибе жинақтауларын дамыта отырып, олардың география білімінің ауқымдылығы мен құндылығын жан-жақты түсінуіне және оны жете сезінуіне ой салады. Өйткені, географиялық білім қорлары жастарымыздың салауатты өмір сүруіне жағдай туғызып, оларға патриоттық –интернационалдық және рухани –мәдени тәлім – тәрбие беріп, әрі экологиялық, экономикалық, өлкетанушылық, тарихи, саяси, картографиялық және т.б сауаттылықты жандандырады Ендеше, үйрету мен үйренудің қызығушылығынан туатын бұл әдістер оқушыны білім теңізіне жетелеумен бірге мұғалімнің де тынымсыз ізденісін қамтамасыз етеді. Білім беруді жаңарту – қай қоғамда да педогогика ғылымының алдындағы өзекті мәселе. Біз жасап жатқан жаңа ғасыр – жаңа заман, жасампаз қоғам, озық идеялар мен жаңа технологиялар дәуірі. Сол себепті білім беру салаларында жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушының дүние танымын жаңаша көзқарас пен сыни тұрғыдан ойлау арқылы қалыптастыру – заман талабы. Осы әдіс – тәсілдерден кейін оқушының қызығушылығы артады; тіл байлығы артып,ойлау қабілеті дамиды; белсенді әрекет иесі болады; ізденуші, зерттеуші тұлға болады; дискуссия жүргізе алады; орта оқушыларды спикер қатарына шығара алады.

**Әдебиеттер**


1. Боранбаев С. «Табиғатқа тіл бітсе». Өлеңдер мен поэмалар. Алматы,1980.
2. Паркер С. және Уильямс Б. «Сұрақ және жауап» энциклопедиясы. Алматы, 2006.
3. Тұрғынбаева Б. «Дамыта оқыту технологиялары». Алматы, 2000.
4. Тасболат Б., Әділбекова С. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы». 2005.
5. Тасболат Б., Әділбекова С. География пәнінен ойындар, ашық сабақтар. 2005.
6. Ысқақ Б. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. Алматы 2000.
7. Бейсенова Ә., Каймулдинова К. Дүние жүзіне аймақтық шолу. Алматы «Мектеп» 2007.

8. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі ) деңгейі. Үшінші басылым ДББҰ, 2012.

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТІ ДҰРЫС БАСҚАРУ – САПАЛЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ КЕПІЛІ

**Донбаева Гульнара Орынбаевна**
Түркістан облысы, Жетісай ауданы
А.Байтұрсынов атындағы
№5 жалпы білім беретін мектебі
к.м.м-ң директоры

**Түйін**

*Бұл мақалада білім беру мекемелеріндегі басшы мен мұғалімдер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы жағымды, қалыпты қарым-қатынасты қалыптастыру - педагогикалық басқару мәселесін жақсарту мәселелері қарастырылған.*

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті басшы, білімді ұстаз болу үшін - әрбір педагог өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – педагогтердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекет дамуының басты құралы болып табылады. Орта білім беру мекемелеріндегі басшы мен мұғалімдер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы жағымды, қалыпты қарым-қатынасты қалыптастыру - педагогикалық басқару мәселесін жақсартудың бірден-бір шарты. Осы бағытта педагогтердің педагогикалық үдерістің бағытын, мақсатын, міндеттері мен оған қойылатын талаптарды жете білушілігі және оқытушыға лайықты кәсіби шеберліктерді игеруі қажет. Бұл әрекет педагогтердің басқару үрдісін жете білушілігімен, оның кәсіби функцияларын орындау даярлығымен, әлеуметтік құрылулармен үйлесімді бірлікте болуымен және оның психопедагогикалық дайындалуымен сипатталады. [2]

Педагогикалық үрдісті басқару – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару нысанын зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады. Басқару объектісі биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер бола алады. Білім беру әлеуметтік жүйеге жатады және елдің, өлкенің, облыстың, қаланың және ауданның аумағында қызмет етеді. Жалпы білім беретін мектептер күрделі динамикалық жүйе ретінде мектепішілік басқару объектісі болып табылады.

Мектепішілік басқару – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық үдерістің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген оған қатысушылардың мақсатты, саналы өзара әсерлесуі. Тұтас педагогикалық үдеріс қатысушыларының оны басқарудағы өзара әсерлесуі бір-бірімен тығыз байланысты: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, түзету тәрізді әрекеттер мен функциялардан тұрады. [4]

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуындағы бір ерекшелік – білім беру мемлекеттік-қоғамдық басқару болып табылады. Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару сипаты мынадай қағидалар жиынтығымен анықталады: - білім берудің ізгілік сипатта болуы;

- білім беру жүйесінің ұлттық мәдениеттерді және салт-дәстүрлерді мемлекеттік тараптардан қорғауы;
- білім берудің жалпыға бірдейлігі;
- білім берудің зиялылығы;
- білім берудегі еркіндік;
- білім берудің демократиялық сипатта болуы;

Білім беру жүйесін басқарушылардың басқару мәдениеті олардың кәсіби педагогикалық мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Дәстүрлі көзқараста кәсіби-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық техника мен шеберлік нормалары мен ережелерін бөліп көрсетумен байланыстырылады. Ал қазіргі кезде педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылық категорияларымен байланыстырыла қарастырылады.

Мектеп жетекшісінің басқару мәдениеті оның мектепті басқарудағы құндылықтар мен технологияларды меңгеруге, беруге және жасауға бағытталған әр түрлі басқару іс-әрекеттеріндегі тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін шығармашылық деңгейде байқату жолдары мен өлшемі болып табылады[5].

Білім беру мекемесін тиімді басқару – толық деңгейде өзінің мақсатына, өзінің ұғымына сәйкес басқаруды айтуға болады. Сондықтан, басқарудың міндетін анықтаудың кез-келген нұсқаларында, ең алдымен, оны қоғамдық мұқтаждықты қанағаттандыруға, әлеуметтік маңызды құндылықтарға қызмет етуге және өз ұжымының ішкі мұқтаждығын, қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған әрекет ретінде қарастыру керек. Педагогикалық жүйенің құрылымдық элементтері педагогикалық ұжым және оның жетекшілерінің немесе басқарушы жүйенің іс-әрекеті негізінде анықталады. Басқарушы жүйе құрылымы төрт деңгейге бөлінеді:

Бірінші деңгей мектеп директоры, мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық ұйымдар жетекшілерінен тұрады. Бұл деңгей мектепті дамытудың стратегиялық бағытын анықтайды.

Екінші деңгей – мектеп директорының орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастырушы, тәлімгерлер, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, өзін-өзі басқаруға қатысатын органдар мен бірлестіктер.

Үшінші деңгей – мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері. Төртінші деңгей – оқушылар, сынып және жалпы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару

органы. Бұл деңгейдің бөлінуі мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастың сипатын көрсетеді. Оқушылар бір-бірімен өзара әсерлесу объектісі бола отырып, өзінің дамуына субъект рөлін атқара алады.

Басқарылатын жүйеде негізгі орын оқушылар ұжымына беріледі. Мұнда басқарудың екі деңгейін анықтауға болады:

вертикаль бойынша – жалпы мектеп ұжымы және сыныптар ұжымы.

Горизонталь бойынша – қоғамдық ұйымдар, спорттық үйірмелер, шығармашылық бірлестіктер, үйірмелер, клубтар, топтар және т.б.

Ал педагогикалық жүйенің функционалдық компоненттері жеке-дара өмір сүрмейді, мұғалім ісәрекетімен бірлесе жүреді. Функционалдық компоненттер: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету – бұлар педагогикалық үдерісті қозғалыста, өзгерісте сипаттайды, оны дамыту мен жетілдіру логикасын анықтайды. [5]

Басқару іс-әрекеттері үдерісінде төмендегідей қызметтер орындалады:

- мақсаттарды айқындау (бүкіл жүйенің, сонымен бірге әр кезеңнің соңғы нәтижесін болжалдау, ой-санада нақтылау);

- жоспарлау (мектеп жұмыстарының барлық бағыттары бойынша болжамдық және әр жылға жоспар құру);

-ұйымдастыру (қызметтік міндеттерді сауатты үйлестіру және бағыну мен жауапкершілік жүйесін қалыптастыру);

- реттеу (қабылданған шешімдерді іске асыру мақсатында әрқилы бағыттағы түрлі қызмет жүйелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру);

- ынталандыру (шығармашылық істерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық жобаларға қатыстыру үшін жағдайлар жасау;

-мұғалімдердің рухани бірлік сезімін қалыптастыру, олардың әлеуметтік белсенділігіне дем беру; жетістіктеріне орай бағалау және мадақтау);

- қадағалау (талдау және жаңа міндеттерді белгілеу үшін көзделген жоспарлардың орындалуы жөнінде уақытылы ақпараттар алып тұру);

- педагогикалық талдау (оқу үрдісін, тәрбие жұмыстарын, білім беру мекемесінің материалдық қорын, қаржы-экономикалық жағдайын педагогикалық мамандар мен тәрбиеленушілер құрамын жетілдіруге байланысты зерттеулер және талдаулар, нақты қорытындылар жасап, ұсыныстар беру). [1]

Педагогикалық жұмыстың өзіндік ерекшелігі, оның шығармашылық сипаты озық тәжірибе құруға ерекше назар салуды талап ете отырып, басқарудағы бұйрық беру мен құрғақ әкімшілікпен әуестенуге жол бермейді. Білім беру мекемесін тиімді басқарудың негізгі шарты – педагогикалық ұжымның бастамасына сүйену, олардың шығармашылық ізденістерін жан-жақты қолдау және ынталандыру. Білім беру мекемелерін басқарудың негізгі міндеті басқарылып отырған ұжымда белгіленген мақсатқа табысты қол жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді өзара байланыс пен қарым-қатынасты ұйымдастыру болып табылады. Әрбір басшы үшін қайталанбас және өзіне ғана тән басқару моделін құру өте маңызды. Басқару жағдаяттарының психологиялық модельдерінде ынталандыру, танымдық және қызметтік-әрекеттік компоненттерді белгіленген. ЫнталандыруI компоненті басшының тиімді басқару әрекетін жүзеге

асыруына түрткі болады. Танымдық компонент басшының басқару жағдаяттары мен ұжымның нақты қызметтік әрекеттері туралы ақпараттануын байытады.

Қызметтік-әрекеттік компонент оның басқару әрекетінің құрылымына кіретін іс-әрекеттер мен операцияларды жүзеге асыруына тура келетін жағдайларды тудырады[4]. Мектеп басшысының басқару әрекеті көпқырлы, кең ауқымды және көп пәндердің ғылыми негіздемесінен тұрады, көптеген ғылыми пәндердің қағидалары мен нәтижелерін басшылыққа алады, алайда оның ең негізгі және маңызды ғылыми негізі, өз кезегінде, білім беруді басқару теориясының ішіне кіретін, мектепішілік басқару теориясы немесе білім менеджменті болып табылады.

Педагогикалық ұжымды тиімді басқаруда мектептің мақсатынан туындайтын алдыға қойылатын міндеттерді анықтау, ұжымды басқару модельдерін енгізу мен оның тиімділігін бағалау сияқты жұмыстар мектеп басшысының белсенді және үнемі қатысуынсыз мүмкін емес. Мектеп директорының негізгі міндеті педагогтарды бір мақсатқа жұмылдыру арқылы, алдыға қойылған мақсаттарға, педагогикалық үдерістің озық нәтижелеріне қол жеткізе алатын ұжым қалыптастыру болып табылады. Мектептің өзегі ондағы адамдар болғандықтан, педагогикалық ұжымды басқару басшының маңызды қызметтік функциясы болып табылады және директордың жеке тұлғасының ерекшеліктері педагогтар ұжымын басқаруға едәуір әсерін тигізеді. Басқару әдістерін таңдауда субъективті факторлар едәуір рөл атқарады:

басшының мектеп басқарудағы арнайы білімді меңгеру деңгейі;

- тәжірибелілігі мен оны қалыпсыз жағдаяттарда пайдалана алу дәрежесі;
- басшының тұлғалық құрылымы; мектепті басқарудағы үстем стилі;
- педагогикалық және оқушылар ұжымдарының ерекшеліктерін есепке алу біліктілігі;
- педагогикалық шығармашылық пен жаңашылдыққа деген көзқарасы;
- басқару иерархиясындағы басшының баспалдағы сияқты факторлар жиі есепке алынады.

Соңғы жылдары мектепте психологиялық қызметтің қалыптасуымен жаңа басқару әдістері пайда бола бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарымен жұмыс жүргізетін қызметкерлер мен мектеп директоры оларды жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жақсы білгені жөн.

Мектеп басшысы, менеджер ретінде, өз қызметінде бақылау, әр түрлі сауалнамалар жүргізу, тестілеу, нұсқаулармен және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт. Мектеп әкімшілігінің әлеуеті басқарудың мектепішілік ақпараттық технологиясын нақтылап, тәжірибеге ендіруге жұмсалуы тиіс. Бұл технологиялар басшыларға да, әр мұғалімге де таныс болуы міндетті. Сонымен қатар, мектепті басқаруды ұйымдастырудағы маңызды жағдай– педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшілдік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жете білуі бүгінгі күннің басты талабы болып табылады. Білім беру мекемелері басшыларының стратегиялық және тактикалық сипаттағы маңызды дербес шешім қабылдауларының маңыздылығы күннен күнге өсіп келе жатқан макро- және микросоциум талаптары аясында күшейе түсуде.

Мектеп басшысының басқару біліктілігінің кәсіби деңгейінің жоғарылауы білім берудегі инновациялық үдерістердің табыстылығының басты шарты болып табылады және ол білім менеджменті саласында да жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінгі мектеп басшылары стратегиялық жобалау, мекемедегі болып жатқан процесстерді жүйелі модельдеу мен педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге ынталы. Мектеп басшыларына білім беру үдерісінің мазмұнын әлеуметтік, мәдени, табиғи, өндірістік ортамен үйлесімді байланыстыру қажет, сонымен қатар мектеп қабырғасынан тыс ортамен білім, мәдениет, ақпарат кеңістігін қалыптастыру міндеттерін шешу қажет.Мектептің проблемаларын шешудің көп нұсқалылық жолы мектеп басшыларының кәсіби дайындығының сәйкестігін талап ететін түрлі білім модельдерін енгізуге байланысты.

Жалпы білім беретін мекеменің жұмысын жетілдіру қалыптасқан жағдайды егжей-тегжейлі талдау мен мектеп басшысының басшылық құзіреттілігіне, оқыту мен тәрбиелеу үдерістерін ұйымдастыруға жаңа талаптар қоюды қажет етеді. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық талаптарына сай келетін және барлық жағдаяттар мен талаптарға жауап бере алатын басқарудың әмбебап әдістері жоқ

Сондықтан, қазіргі жағдайда білім беру мекемелерін басқаруда тек жүйелі, кешенді тәсілдемені пайдалану ғана білім мекемесін табысты басқаруды және оқу мен тәрбие үдерісінің тиімділігі мен белгіленген мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз ете алады.

Әдебиет:

1. Айтмамбетова Б. «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері», 1991.
2. Айтмамбетова Б, Бейсенбаева Т. «Тәрбиенің жалпы әдістері», 1991.
3. Әбенбаев С. «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі», 1999.
4. Габдуллин Г.Г. «Менеджмент или школоведение: как развивается сегодня теория управления образованием» // Народное образование. – 2014. — № 10, 1999.
5. Карипбаева Ш.Т. «Педагогикалық менеджмент» пәнінің оқу-әдістемелік кешені, 2014.

## МЕКТЕПТЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҮЛГІСІ

**Алгазиева Лаззат Бостановна**
Түркістан облысы, Созақ ауданы
Макаренко атындағы жалпы
білім беретін мектеп директоры

**Түйін**

*Бұл мақалада мектеп директор мен мұғалімдер арасындағы дұрыс қарым-қатынасы және әрбір мұғалімнің жасаған жұмыстарына тиянақты баға ,тиімді ұсыныстарымен пікір қосып, жұмысының нәтижелі болу мәселелері қарастырыған.*

Еліміз қарыштап дамыған сайын білім беру жүйесі де жаңғырып келеді. Сонымен қатар, мектеп басшыларының өзгеріс талаптарына тез бейімделгіш және

өз ұжымдастары мен жалпы қоғамды оң өзгерістерге сендіре алатындай көшбасшы болуы заман талабына айналып отыр.

«Барлық істің басшысы – білім мен ұғым» деп Жүсіп Баласағұн айтып өткендей өзінің басқару ісімен,білімділігімен бүгінде мектебін алдыңғы саптан көрсетіп келе жатқан мектеп директорлары бар. Мектеп директорлары мұғалімдермен жұмыс барысында басқару және басқару жүйесінің жалпы заңдылықтарына,функционалды сауатты қалыптастыру және мектепті басқару теориясына тоқталып, басқару қызметі жүйесінің циклограммасы ,мектеп басқару әдістері, мектепті басқару құрылымы, мектептің қоғамдық бірлестіктерімен, басқа ұйымдармен, ата-аналармен байланысы, мектептің өзін-өзі басқаруы, мұғалім жұмысын тиімділігін бақылау моделінің мектепішілік бақылау мен басқару және мектептің даму жоспарымен байланысы, модельді тиімді енгізуде мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының қызметі туралы айтып, «Нұршуақ» оқушылар арасындағы тәлімгерлік үдеріс, мектеп жетістіктері мен нәтижелері, оқушылар жетістігінің көрсеткіштері жайында баяндап, қатысушыларға мол мәліметтер береді.

«Ғаламның шырағы - күн,адамның шырағы - білім» демекші ,бүгінде білім алушыларға білімнің шырағын жағып жүрген мұғалім «Қазақ жерлерін біріктіру мақсатындағы Абылай хан саясаты» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен шеберлік сабағын көрсете отырып, критериалды бағалау үлгісімен де таныстырып өтті.

Әрбір мұғалімнің жасаған жұмыстарына тиянақты баға ,тиімді ұсыныстарымен пікір қосып, жұмысының нәтижелі болуы үшін бағыт бағдар мен әдістемелік көмек беріп отырған директордың «Үздік педагогикалық кеңес әдістерінің аукционы» атты тренинг өтті. Тренингте педагогикалық кеңес отырысының мәселелерін шешу кезінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу және сол әдістер мәселелер мазмұнымен емес, осы мәселені талқылау барысында шешілетін басқару міндеттеріне сай айқындалатынын көрсете білді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»-дегенін барлығымыз білеміз. Ал сол білім мен тәлім-тәрбие беретін ұстаздарымыздың еңбегінің жемісті болуы үшін ең қажетті мәселе мектеп басшыларының мұғалімдерімен әдістемелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруында. Оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды талдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын басшы ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың,ұжымының үдесінен шыға алады. Міне,осы орайда мектеп директоры «Жалпы білім беру ұйымдарын басқару және көшбасшылық» тақырыбында жүргізген коучинг жұмысы мектеп басшыларына басқарып отырған мектептерінде көшбасшы ретінде жаңаша бағытқа бет бұрып, нәтижелі өзгеріс енгізулері қажеттігі жайлы тың ойлар салды.

Коучинг-сессия жұмысының қорытынды бөлімінде осындай басқару жүйесінің сапалы ұйымдастырылуы бойынша тәжірибе алмасу шаралары облыс көлеміндегі жалпы орта білім беретін мектептерге таратылды.

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу – ұстаз алдында тұрған үлкен міндет болса, жеңіс атаулының бәрі өзіңді жеңуден басталады, кездескен қиындықтықтарды

жеңіп,кәсіби деңгейімізді дамытып, Елбасы Н.Назарбаевтың «Біздің міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу» деген пікіріне қосыла отырып, саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін ұлылық иесі болайық.

Басқару мәдениетінің негізгі компоненттері. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педаго-гикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығарма-шылықты да қосатын болды.

Мектеп басшысының басқару мәдениеті, оның тұлға ретінде мектеп басқарудың технологиясы мен құндылық-тарын жасау, игеру және оны алға жылжытуға бағытталған жұмыстарда өзінің шығармашылық күш-қуатын танытуы. Бұндай жағдайда басқару мәдениетінің компоненттері — аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығарма-шылық болып табылады.

Мектеп басшысы басқару мәдениетінің аксио-логиялық компоненттері. Қазіргі заманғы мектепті басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару-педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Мектеп басшысы басқару қызметінің процесінде басқару-дың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет барысын-да олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі. Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Педагогикалық жүйені басқарудың құндылықтары сан алуан. Олар: әртүрлі деңгейдегі тұтас педагогикалық процесті басқарудың мәні мен маңызын ашатын құнды-лық-мақсаттар; білім жүйесін басқару мақсаты, мектепті басқару мақсаты, педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын басқару мақсаты, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуын басқару мақсаты және бағалау құндылық-мағлұматтарға басқару қызметіне реттеушілік сипат береді; құндылық-білімдер басқару саласындағы мектептің білімінің мәні мен маңызын ашады; басқарудың әдістемелік негізін, мектепішілік менеджментті білу, ауыл және қала мектептері мұғалімдерімен жұмыстың ерекшеліктерін білу, педагогикалық процестерді басқару тиімділігін критерийлерін және т.б.

Құндылық-қатынастар педагогикалық процеске қатысушылар арасында өзара байланыстың, кәсіптік қызметке, өзіне деген қатынастың, педагогикалық және оқушылар ұжымындағы тұлғааралық қатынастардың мәнін ашады;

Құндылық-сапалар басқарудың субъективтігі ретінде басқарушы-менеджердің дербестік, тұлғалық, арасушылық қасиеттерінің көптүрлігінің мәнін ашады. Ол сапалар бастықтың өз қызметін болжамдап, оның салдарын алдын-ала көре білу қабілеті, өз әрекеті мен мақсатын өзгелердің әрекетімен, мақсатымен салыстыра білу қабілеті, ынтымақ-тасу және бірлесе басқару қабілетінен және т.б. көрінеді.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің техно-логиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепішілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспар-ластыру, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Мектеп дирек-торының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Мектеп директорының басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылық-тарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде мектеп директоры тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

Әдебиет:

1. Айтмамбетова Б. «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері», 1991.
2. Айтмамбетова Б, Бейсенбаева Т. «Тәрбиенің жалпы әдістері», 1991.
3. Әбенбаев С. «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі», 1999.
4. Габдуллин Г.Г. «Менеджмент или школоведение: как развивается сегодня теория управления образованием» // Народное образование. – 2014. — № 10, 1999.
5. Карипбаева Ш.Т. «Педагогикалық менеджмент» пәнінің оқу-әдістемелік кешені, 2014.

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АСЫЛ ҚАЗЫНА

**Егенова Назипа Атаевна**
Алматы қаласы, №149 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

**Резюме**

*В данной статье рассматриваются права ребенка, обеспечивающие подросткам необходимое правовое образование.*

**Summary**

*This article discusses the rights of the child, providing adolescents with the necessary legal education.*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасын күшейтуді атап өтті. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғамның құқықтық тәрбиесіне тікелей байланысты. Құқықтық мәдениетті арттыру, халықтың құқықтық санасын дамыту – тәуелсіз,

демократиялық және құқықтық тұрғыдан сауатты мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемдері. Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет.

Құқық дегеніміз не? Құқық дегеніміз заң рұқсат ететін адам табиғатына, жаратылысына сай әрекеттер жасау мүмкіндігі екен, яғни азаматтарға кең көлемді құқықтар мен бостандықтар берілген.Бүгін біз адам дүниеге келгеннен бастап, тұлға болып қалыптасқанға дейін қандай құқықтарға ие болатынын білеміз.Бұл заң 1948 жылы 10 - желтоқсанда қабылданған. «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен қатар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы Декларациясы», міне осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған 1989ж 20 қарашада «Балалар құқығы туралы Конвенция» қабылданды. Қазірде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген - арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Осы Конвенция негізінде 2002 ж тамызда Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9 - тарау, 53 - баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау - біздің Отанымыз, еліміз, халқымыз алдындағы парызымыз. Біздің өмірдегі кейбір келеңсіз жағдайлардың көбі біздің осы заң талаптарын, тәртіп талаптарын білмейтінтіндігімізден туындап жататын секілді. Заң дегеніміз қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз - мына біздер. «Конституция - бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондықтан негізгі заңды елдің туы, әнұраны, елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу - біздің парызымыз»- деген. Сондықтан әрбір адамның заң талабына бағынып, жат қылықтар, өрескел тәртіп бұзушылыққа бармау, өзіне жүктелген міндетті уақытылы орындаудың өзін еліміздің Ата Заңның, халықты құрметтеуі деп білуімізге болады. Конституция – елдің барлық ережелері жинақталған мемлекеттің негізгі құжаты. Сондықтан да біз оны Ата заң деп құрметтейміз. Әрбір адам өзінің де, өзге елдің де заңына бағынуға міндетті. Әр мемлекеттің өзіне тән заңы бар.

Конвенция - Бала құқығының әлемдік Конституциясы. Халықаралық шарт бойынша бала деп кімді санайды?

Балалар - бұл бесік арбадағы нәресте, бала бақшаға асыққан сәбилер, бастауыш, 5 - 7 сынып оқушылары сонда да болса, 8 сынып оқушылары кейде өздерін бала деп атағаны үшін ренжиді. Олар - жеткіншектер, яғни өздерін ересек сезінеді.16 - 17 жастағы жоғары сынып оқушыларын жасөспірім деп атаймыз.

Конвенцияның бірінші бабын оқып көрейік: 18 жасқа толмаған әрбір адамзат иесін бала деп санау шартты мақсат. Яғни, 18 жасқа толмаған жасөспірім, жеткіншек те Конвенцияда атап көрсетілген бала құқығын пайдалана алады.

- Мемлекет әрбір баланың аман – сау өсіп, жан – жақты дамуын қамтамасыз етеді;
- Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы;
- Әрбір бала өз отбасында, ата – анасымен бірге өмір сүруге құқылы;
- Отбасында әкесі мен анасы өз алдына дербес өмір сүрумен, баланы ата – анасымен ажыратуға ешкім құқықты емес;
- Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп

қорлауға құқығы жоқ;
- Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы;
- Әрбір баланың ой – пікір, ар - ождан және дін еркіндігіне құқығы бар;
- Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы;
- Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы;
- Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.

Конвенция бала азаматтығы жайында олардың өмірі мен денсаулығын қорғап, балалардың отбасында өмір сүруін қамтамасыз ету құқығын сақтауды мемлекеттік міндет деп қарастырған.

Декларацияның 26 - бабында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 - бабында көрсетілгендей:

1. Бастауыш білім баршаға міндетті ал техникалық және кәсіптік білім - көпшіліктің қолы жетерліктей болуы керек.
2. Білім беру адамның жеке басының кемелденуіне, сондай - ақ халықтар арасындағы өзара түсіністікке достыққа ықпал етуі тиіс.
3. Ата - аналар балалары үшін білім беру түрін таңдауға құқықты.
4. Қазақстан Республикасының азаматтары тегін орта білім алуға міндетті.

- Әрбір баланың жақсы оқып, сабақта өмірге қажетті жаңа және пайдалы білімдерді беріп отыруға құқығы бар. Құқық - адамның міндеті де болып табылады.

- Құқық адамға тек жақсы, игі істерді жасау үшін берілген. Адамға зиян келтіретін істердің барлығына тыйым салынған.

Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата - аналар, бағып - қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата - аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. ҚР - да балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата - аналарды ата - аналық құқықтан және баланы бағып - қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата - аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі.

Қорыта келе, отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолдануы ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

**Әдебиеттер:**

1. «Балалар құқығы туралы Конвенция»

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Электронный ресурс URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K95000100
3.Қазақстан Республикасының Заңнамасы Электронный ресурс URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020001378_#z1

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

**Құттыбекова Дилдакыз Таттибаевна**
Шымкент қаласы,
№87 ЖОББМ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада көркем еңбек сабағында АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландыру мәселелері қарастырылады.*

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жаңалықтарды мектеп өміріне енгізіп жүрміз. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамыз.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан

бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес,сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, мәтін тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішініне әр түрлі сөздер арқылы қатысты сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен сөздерді табу, оқушының тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни оқушы ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, оқушыға ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады. Жаттығулардың бір қатары оқушының танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Оқушы тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі. Ойлау мен сөйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты. Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:

-жаңа материалды меңгеру;

-оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;

-оқушының өзін көбірек сөйлету;

-тақырыпты бекіту;

-игерілген білімді тиянақтау;

-көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану:

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы негізгі кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту оқушының байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуна көмектесетін амал.

АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші

субъектдәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден– дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Мысалы: «Жеңіл көйлек тігу» тақырыбын өткен кезде «Түсіну деңгейі»топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады,оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізіледі.

Екіншіден - дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

«Қолдану деңгейі» бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар «Топтастыру стратегиясы» арқылы постер қорғайды.

I топ ұлттық көйлек

II топ заманауи көйлек

III топ тұрмыстық көйлек

Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды.Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап,көйлектің эскизін дайындайды.

«Талдау деңгейі»«Реттілік» кезеңі.

Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады.

Бұйымды әрлеп үтіктеу

үлгі дайындау

Фурнитураларды (түйме,ілмек,гүл т.б) қадау

материалды пішу

Сызба дайындау

бұйымды тігу.

Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.

«Жинақтау деңгейі» бойынша

Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.

«Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады.

Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды,қайсысы оңай болды

Саламандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау

Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.

Төртіншіден– дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым - қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Жаңа әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалана білу - оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі . Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс - әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

-оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі

бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай «білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады ».[1.37] сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.

Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық

бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды.

Мысалы: 5 сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары» тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер,зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге,бір - бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін үш тілде баяндай алды. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды .

1.Оқушы танымын кеңейтеді

2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды .

3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. 1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде женілдетеді.Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да

мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Қорыта келгенде Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне

мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ,ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл - ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды . Жақсы мұғалім - түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан - жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу - қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

**Әдебиеттер:**

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық (үшінші деңгей);
2. «Технология мектепте» әдістемелік журнал 2014ж
3. « Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана 2014ж
4.К.Дайрабаев, А.Дайрабаева Педагогика негіздері

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Мәдібек Сәнімай Зархұмқызы**
Шымкент қаласы,
№87 ЖОББМ
көркем еңбек пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада көркем еңбек сабағында шеберханада жұмыс істеу кезеңдері, қолданылатын интербелсенді әдістер және өнер мен білімді ұштастырып жоғары жетістіктерге жетуге , табысты болуға және өмір әрекетіне бейімдеуге әкелетін іс-әрекеттер сипатталған.*

***Ғылым адам санасына болмысы бөлек,***
***ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру***
***арқылы ғана терең ұялайды.***
***Әбу Нәсір әл-Фараби***

Орыс жазушысы Лев Толстой «Еңбектен басқа еш нәрсе адамның мерейін асырмайды» деп жазды. Ұлы бабаларымыздан қалған мақал-мәтелдер мен көреген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әр жолдауындағы білім мен еңбекке қатысты қанатты сө здерінен-ақ еңбексіз өмірдің жоқтығының айғағы. Қазір ел болып егемендік алып, көк туымыз желбіреп, әлемдегі тұрағы биік елдермен терезесі тең өмір сүріп келеміз. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Елімізді-2050 жылы «Ақ барысқа» айналдыратын күш - бүгінгі оқушы балалар екені де анық. Сапалы білім берумен қатар көркем еңбек пәні арқылы оқушыларды белгілі бір бағытта дамыту аса құрделі және келелі мәселелердің бірі. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге оң әсерін тигізеді деп ойлаймын. Өнер мен білімді ұштастырып жоғары жетістіктерге жетуге , табысты болуға және өмір әрекетіне бейімдеуге болатыны анық. Олай болса, біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу.Қолөнер - өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейірмділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлігі мен адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастыратын оқытуда өз ерекшелігімен айқындалатын бағыт. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп емес пе?!

«Өз ұлтын сүю – өзге ұлтты жек көру емес», деп Б.Момышұлы атамыз айтқандай, оқулықта қазақ суретшілерінің туындылары аз пайдаланылғаны түсініксіз. «Көркем еңбек» пәні оқулығында Т.Шевченко, В.Боровиковский, А.Матис, Ф.Рубо, В.Крестинков, Ян ван Кессель, В.Стожаров, Л.Леонтьев, Е.Ким, Б.Кустодиев, И.Богданов, Н.Сверчков, Н.Хлудов, К.Костанди, М.Сарян, Г.Фреска, Р.Кэмпбелл, Н.Каразин, И.Шишкин, Г.Кайботт сынды суретшілердің туындылары

пайдаланылған. Ал қазақстандық суретшілерден Ә.Қастеев, А.Әбжанов, С.Айтбаев, Г.Ысмайлова, А.Ғалымбаеваның ғана еңбектері көрсетілген.

Өзімнің жылдар бойы жасаған тәжірибемде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тапсырмалар күтілетін нәтижелерді анықтап отыратыны белгілі. Өткізілетін сабақтың түрлері: баяндама, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, сауалнама, кездесулер түрінде, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы арқылы жүзеге асырылады. Өз тәжірибемде **«Педагогикалық шеберханалар технологиясы» әдістемесін интербелсенді әрекеттер арқылы қолданамын.** Шеберхана – оқыту процесін ұйымдастырудың өзгеше бір түрі (формасы).Бұл оқу процесінің өзгені түрі, Француз ғалымдары (психологтар, педагогтар, философтар) ұсынған. Оның негізін құраушылар: П.Ланжевский, Анри Валлон, Жан Пиаже және т.б.

**Негізгі идеясы** белгілі педагог Я.Коменский идеясы мен жақын, яғни «пәлсәнәні» тарату адамзатты дамытып жетілдіруі де, соғыс өртін жояды – дейді. Қоғамды дамытуға, тек білім беруді терең түбірімен өзгерту арқылы ғана жетуге болады деп есептейді.

Педагогикалық шеберханаларды ұйымдастыру қағидалары:

1. Мастер барлықтары үшін ашық, еркін шығарамшылық қарым-қатынас атмосферасын тудырады.
2. Тақырыпты меңгеруде оқушының жке қызығушылығын оятып, оның сезімдеріне назар аударады.
3. Мастер өзгелермен бірдей жұмыс істейді.
4. Жауап беруге асықпайды.
5. Қажет ақпараттарды шағын дозамен беріп отырады.
6. Бала еңбегін бағалауда әдеттегі бағалау қабілеттерін дамыту үшін еңбектерін ашық көрсету әдісін пайдаланады (оқушыны өзін-өзі түзетуге, өзгертуге мүмкіндік алады).

**Технологияның алғы шарттары:**

1. Баланың білімді өз тәжірибесімен ұштастыра отырып алу, яғни білімді оның генезисі мен құрылымын зерттеу арқылы өздігінен ашып жетуі.
2. Мастер басқаруымен және ұйымдастыруымен белгілі бір қағидаларға сүйеніп отырып, барлықтарының да өз білімін өздері бірлескен әрекет нәтижесінде құра алатындығына иландыру (сендіру)
3. Педагогикалық шеберхана ерекшелігі: ұстаз әңгімелеуші, баланың мүмкіндіктерін, қабілеттерін көріп, бағалай білуге жетекттеуші, нұсқаушы роліне көшеді. Бала өзінің біліміне негіздей отырып жаңа дүниені ашуға жетеді. Өзінің «Мен» сезіміне жетеді.

**Шеберханада жұмыс істеу кезеңдері:**

1. «Индукция» (ой қозғау)
2. Жинақтау (самоконструкция)
3. Топта талдау (социоконструкция)
4. Әлеуметтендіру (Социализация)
5. Жария ету (Адаптирования)
6. Презентация дайындау

7. «Ескі мен жаңа байланысы» (разрыв)
8. Рефлексия

Белоруссияның ұлттық мектебінің ғылыми-зерттеуші ұжымы технологияны жеке тұлғаны дамытудағы процесс және оқушыны оқытудың әр кезеңінде дамытатын педагогикалық құрал ретінде бағалайды. Яғни, технология – баланы дамытуға жағдай жасаудағы мұғалімдердің қабілеттілігі деген анықтама береді.

Технологиялық оқыту - өзара белсенді оқыту. Өзара белсенді режимдегі жұмыста ақпараттар ағыны оқушыға не топқа жетіп, оқушылардың жан – жүйесінде жасырын жатқан ақыл-ой қызметін белсендіреді. Ақпарат бұл жағдайда екі бағытта: мұғалімнен – оқушыға, оқушыдан мұғалімге қарай жүріп, оқушыны өзі үшін білім алушы, өзін білімдендіруші яғни субъект жағдайына қояды.

Күтілетін нәтижелер: оқушылар өздерінің нітижелерін дескрипторға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепішілік, аудандық көрмеде көрсетуі. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамытуда баланың бойындағы әсіресе өтпелі кезеңде пайда болатын агресивті мінездері мен ірекеттерін еңбек арқылы сыртқа шығаруға болатынын дәлелденген. Тәрбиелік дағдысын жетілдіріп, еңбектену жұмысына төзімділігін арттыру өмір әрекетіне бейімдеу деп түсінемін.

**Әдебиеттер:**

1. Ай сайын шығатын «Технология» Республикалық әдістемелік журналы.,
Бас редактор Әбиева Фарида Бейбітқызы 2006, 2007, 2008, 2009.
1. Ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, әдеби- көркем және суретті «Қазақстан әйелдері» журналы. 2004, 2005, 2008, 2009 ж Бас редактор: Баққожа Мұқағали.
2. Маргулан А.Х. Казахское народное Прикладное искусство- Алма-Ата: Өнер 1986,256 бет.
3. Шоқпарұлы .Д. Тері өңдеу өнері, Мектептегі технология

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

**Жуманов Е.К., Садыков Б., Төкеев Б.**
«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушылары

**Резюме**

*В данной статье рассматривается формирование здорового образа жизни у детей.*

**Summary**

*This article discusses the formation of a healthy lifestyle in children.*

Денсаулық – бұл біздің тәніміздің табиғи жаратылыс қалыбы. Табиғаттың бар күші осы табиғи қалыбымызды сақтауға негізделген. Салауаттылық – кең ұғым.

«Бірінші байлық – денсаулық» деп тегін айтылмаған ғой. Болашақ өмірді жалғастыру үшін бүкіл әлем бойынша әр халық өзінің ұлттың бейнесін және денсаулығын сақтауды қарастыруда. Бүгінгі таңда Қазақстанда күн тәртібінде тұрған әлеуметтік маңызы зор мәселенің бірі – халың денсаулығы. Республика көлемінде халықтың 80% -ы әр түрлі ауруға шалдыққан. Егеменді ел болғаннан бері қарай білім беру жүйесіне реформа жүргізудің салдарынан, оқушы-жастардың тәрбиеден сырт қалуы келеңсіз жағдайда соғып отыр. Яғни, ата-аналардың, оқытушы-мұғалімнің ішімдікке, есірткі, шылым шегуге бейімделіп, саналы түрде уақытынан бұрын денсаулықтарын өз қолдарымен жоюда.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының басты міндеті – жастардың ой өрісін дамыту, сабақ үлгеріміне қажетті жағдай тудыру, денсаулығын сақтап, денесін шынықтыру. Ол үшін мектептегі барлық жұмыстар балалардың жасына лайық, организмдерінің ерекшеліктеріне сай жасалады. Оқу-тәрбие жұмыстарының ұзақтығы, ауырлығы оқушылардың жұмыс қабілетіне, жыл маусымдарының организмге әсеріне байланысты жоспарланады.

Оқу бағдарламасы балалардың жасына қарай жылдан жылға күрделеніп отырады. Оқу жылы ішінде әрбір тоқсан сайын оқушыларға демалыс беріп тынықтырады.

Жазғы демалыстан соң балалар еңбекке біртіндеп үйрене бастайды. Бірінші тоқсанның басында оқушылардың сабаққа зейіні төмен болғандықтан оқу жылының алғашқы апталары өткен тақырыптарды қайталап, бекітуге арналады да, жаңа тақырыптарды өте бастайды. Оқу жылының барысында барлық пәндерден мектеп бағдарламасы біртіндеп қиындап, жыл аяғында балалар шаршаған кезде қайта жеңілденеді.

Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың жұмысының мазмұны:

- шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жаңсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.
- оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу.

Сабақ кестелеріне қойылатын талаптар оқушылардың апталық, айлық, тоқсандық және оқу жылындағы еңбек қабілетіне сай жасалады. Ол аптаның дүйсенбі-сәрсенбі күндері жоғары болады. Бейсенбі күнінің аяғында шаршау белгілері пайда бола бастайды. Жұма, сенбі күндері апталық шаршау белгілері

айқындала түседі, жұмыс қабілеті төмендейді. Осыған байланысты оқушы жексенбі күні жақсы демалу үшін аптаның аяғында қиын тапсырма берілмейді. Демалыстан соң, дүйсенбі күні оқушының сабаққа зейіні төмен болады. Осыны ескеріп мектептегі оқу бөлімінің меңгерушісі бұл күні сабақ кестесінде қиын пәндердің санын азайтып, сейсенбі-бейсенбі күндері оларды көбірек қояды. Жұма-сенбі күндері сабақ санын және қиын пәндердің мөлшерін азайтқан жөн. Бұл күндері жеңіл пәндерді көбірек қояды. Жеңіл пәндерге әдебиет, тарих, ән-күй, дене шынықтыру, сурет-сызу пәндері жатады. Қиын сабақтардың алдында дене шынықтыру пәнін қоюға болмайды. Себебі дене шынықтыру сабағында балалар спорт ойындарын ойнап, жүйкелері қозады да келесі сабаққа зейіні төмен болады. Мектептегі қиын пәндерге физика, математика, грамматика, химия пәндері жатады. Дене еңбегі пәндеріне дене шынықтыру, еңбек сабақтары жатады. Әдебиет, тарих физика, астрономия, биология пәндерін ауызша пәндерге жатқызады. Мұндай бөлу шамамен жасалған.

Адам денсаулығы оның жаны мен тәнінің саулығынан құралады. Осы екі саулық адамның да экологиялық тазаруына, сауығуына апаратын жол, сондықтан адам экологиясына, адам денсулығына әсер ететін негізгі факторлар бар. Кез-келген фактолардың өзара әсері зор. Олар: ауа алмасуы, экологиялық. Ал, енді нақтысын айтқанда, осының бәрі, яғни адам денсаулығы күнделікті күйбең тіршілігіміздің, өміріміздің, кәсібіміздің тиімді-тиімсіздігіне байланысты. Оқушылар өмірінде күнделікті сабақ барысындағы жан-жақты, артық ақпараттар ағыны, оның үдемелі қарқындылығы, шамадан тыс эмоционалды жүйке жүйесіне салмақ түсу, осының бәрі бала денсаулығына әсер етпей қоймайды. Денсаулық сақтау, қалпына келтіру мәселесін бүгінгі білім беру жүйесінде түгелімен шешу мүмкін емес. Әйтсе де білім берудің денсаулыққа кей жағдайда кері әсер ететінін ескеріп, оқытуды салауаттандыруға ұмтылу керек. Оқушылардың денсаулығына маңызды фактордың бірі – ауа алмасуы. Күні бойы ауасы желдетілмеген оқу бөлмесіндегі ауада микроорганизмдер, химиялық қоспалар жиналып, жеңіл иондар саны төмендейді, ауыр иондар көбейеді. Ауаның мұндай физика-химиялық қасиетінің өзгеруі оқушылардың жұмыс істеу қабілетіне, жалпы денсаулығына кері әсер етеді. Физиологтардың зерттеулері бойынша, ауа алмасу жеткіліксіз оқу бөлмесіндегі оқушылар тыныс алу ауруларымен ауасы таза оқу бөлмесіндегі оқитын оқушыларға қарағанда екі есе жиі ауырады екен. Сондықтан мұғалім оқу бөлмесін желдеткенде сыртқы ауа температурасына байланысты қанша уақыт ауа алмастыру нормасын білуі қажет. Оқушылардың үштен бірінің жұмыс істеу қабілеті әр сабақ сайын төмендейді. Шаршау мен жалығу сабақтың қиындығына, ұзақтығына, эмоционалдылығына қарай анықталады. Сонымен бірге мұны оқушылардың іс-әрекеті мен білімін, қабілетін қалыптастыру деңгейімен де, сабаққа белсенді қатысуымен де анықтауға болады.

Күн кестесінің әрбір бөліктері баланың жасына, еңбек қабілетіне, денсаулығына, мінез ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан жағдайда оқушының дұрыс өсіп, дамуына, ер жетуіне, денесінің шығуына, ой өрісінің дұрыс қалыптасып, дамуына тиімді болады. Оқушының үй кестесі мектептің жұмыс кестесіне бейімделіп жасалады. Үйдегі күн кестесі дұрыс ойластырылған болмаса, ол оқушының мектептегі еңбегіне кері әсер етуі мүмкін. Әрбір ата-ана өз

баласының күн кестесін жақсы біліп, оның мезгілімен және дұрыс орындалуына жағдай тудырып және қадағалап отыруы керек. Күн кестесі дұрыс болмаса, баланың шаршауы, қалжырауы үдеп, денсаулығы төмендейді, сабақ үлгерімі нашарлайды.

Үйдегі күн кестесінде баланың тазалық сақтау дағдыларының қалыптасуына көп көңіл бөлу керек. Оқушы ұйқыдан тұрғаннан кейін таза жуынып, тісін тазартып, даладан келген сайын, ас ішерде және ас қабылдағаннан соң қолын тазартып жууға, аузын шаюға дағдыландыру керек. Осыған орай күн кестесінде таңертең, ас алдында, мектептен және ойыннан қайтқан соң жуынуға уақыт бөлінеді. Баланың денесі шынығу үшін таңғы гигиеналық гимнастикаға 10-15 минөт уақыт бөлінеді. Мектептен қайтқан соң оқушы киім ауыстырып, жуынып, асын ішеді. Содан кейін міндетті түрде таза ауада 1,5-2 сағат дем алады, ал 1-2 сынып оқушыларының 1 сағаттай ұйықтап алып, қалған уақытта ауада дем алғаны жөн.

«Дені саудың – жаны сау» деген халық даналығын жадына тұтқан адам ең алдымен табиғат пен қоршаған ортаның игілігін дұрыс пайдаланады. Оған, ең алдымен, ауа, су және күн сәулесі жатады. Аталған қазынаны орнымен пайдаланған жан денсаулығын күтіп қана қоймай, үлкен спортта да айтарлықтай табыстарға жетуі әбден мүмкін. Ең алдымен, ауаның адам ағзасына тигізетін әсеріне тоқталайық. Жүгіргенде, секіргенде, шаңғымен сырғанап, велосипед тепкенде, спорттың басқа түрлерімен шұғылданғанда да адам ағзасына белгілі бір мөлшерде күш түсетіні белгілі. Ондайда бұлшық еттер мен ішкі органдардың жұмыс істеу процесі қалыпты жағдайға қарағанда әлдеқайда жылдамдап, тыныс алу үдерісі біршама жиілейді. Оған аса қажетті орта – таза ауа. Сондықтан, таңертеңгі бой жазуды немесе спорттық жаттығуларды мүмкіндігінше далада, ашық аспан астында өткізу керек. Әңгіме болып отырған қағида, әсіресе, оқушылардың – әлі қалыптасып болмаған жас ағза иесінің қаперінде жүрсе, тигізетін пайдалы әсері зор.

Әр адам баласының жаратылысы әр түрлі, сол табиғатына қарай қабілеттері де әр түрлі болып жатады. Мұғалім баланың осы жаратылысына баса назар аударуы тиіс, кейбір бала мұғалімнің өзін елемегендігін өте ауыр қабылдауы мүмкін, ал керісінше екінші бір оқушы мұғалімнің өзіне назар аудармағанын пайдаланып, өз ісімен айналысын сабақты бос өткізеді. Жалпы денсаулыққа зиянды әсер ететін факторлар.

• Дұрыс тамақтанбау;
• Зиянды әрекеттерге үйірсектік;
• Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларымен жұмыс;
• Дене белсенділігінің шектеулілігі.

Бала денсаулығы басты мақсат сондықтан баланың денсаулығын нығайту, жетілдіру үшін аянбай еңбек ету керек. Әрқашанда жан-жақты ізденісте болып, баланың мінез-құлығына аса назар аудару керек. Барлық мектеп ұжымы мен оқушылар қауымы салауатты өмір салты үшін күресе білуі қажет. Мектепте салауатты өмір салтына аса назар аударып, мектепте орталық ашу керек. Мектеп оқушылары таза ауыз сумен қамтылған. Таза ауыз судың денсаулыққа пайдасы өте зор. Уақытында тамақтанып, барлық денсаулық сақтау ережелерін қадағалап

отырса балалардың денсаулығы жақсара түсер еді. Бастауыш сыныптарында сабақ оқушылардың дене бітіміне және олардың тез шаршамауы үшін сергіту сәттері жиі қолданылады. Сергіту сәттері арқылы оқушылар қолдарына және барлық денеге әсер ететін жаттығулар орындайды. Әсіресе жазбаша жаттығу жұмыстарынан кейін сергіту сәттері көп көмек береді. Оқушылар көп демалып, әрі қарай сабаққа деген ынталары оянада. Сабақтың тақырыбына қарай ұлттық ойындар да ойналады. Бастауыш сыныптарда көбінесе ойынды көп қолданады, және жас ерекшеліктеріне қарай жұмыс түрлері беріледі.

Сабақ қызықты өтуі және оқушылардың шаршамауы үшін бір ғана тапсырманы жан-жақты түрлендіріп беру керек. Әр оқушының білім деңгейіне қарай тапсырмалар берілсе, оқушылар шаршамайды. Сыныпты топтарға бөліп бәйге, қыз куу орамал тастау сияқты ойындарды ойнатып, оқушылар қозғалыста болуын қадағалау қажет. Сабақтың 20 минуты жазбаша түрде болса, қалған 25 минуты ауызша жұмыс түрлерімен өткізілсе оқушылар шаршамайды және сабақ қызықты, тартымды өтеді. Сонымен қатар көрнекіліктерді сабақта жиі қолдану керек. Оқушылардың көру қабілеттері арқылы есте сақтау қабілеттерін бірге дамытуға болады. Қазақ тілі сабақтарында мадақтау әдісі де қолайлы, кез-келген оқушының атқарған жұмысын мадақтап, оның қандай да тапсырманы орындай алатынына мүмкіндік беру керек. Кез-келген сабақта оқушының жақсы эмоциясын оята білу керек.

Жағымды эмоция: қуану, сүйіспеншілік, жайдары, ақ жарқын Жағымсыз эмоция: қорқыныш, қайғы, үрейлену. Әрбір сабақта оқушылардың бойында тек жағымды эмоцияларын қалыптастыру қажет, сонда оқушылардың сабаққа деген ынта жігерлері молайып, қызығушылықтары арта түседі. Оқушылардың бойы әрдайым шынығып тұруы керек. Сабақтарда қанша отырып жұмыс істесе, соншалықты қозғалыста болуы керек. Шынығу:

- ағзаның қорғаныш механизмін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға, қарсы тұру қабілетін тұрақтандырады;
- жұмыс істеу қабілетін жоғарылатады;
- көңіл-күйді жақсартады;
- сергек сезінуге көмектеседі;
- адамның жігерлі қабілетін дамытады;
- мақсатқа жету мен дегеніне ұмытылуын қалыптастырады;
- ағзаның зат алмасу процесін жақсартады;

Осы шынығу, әрдайым қозғалыста болу адам ағзасына зор ықпал етеді. Барлық сабақтарда оқушының денсаулығына аса мән беру керек деп ойлаймын.

**Әдебиеттер:**


1. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. №7-2010, 15-б.
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. №12-2010, 10-б.
3. Валеология дене тәрбиесі спорт. №9-2005, 32-б.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

**Кабылбаева Роза, Абубакирова Айжан**

«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы
«Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушылары

**Резюме**

*В данной статье рассматривается эффективность использования новых методов и приемов для развития устной речи детей в процессе различных видов речевой деятельности*

**Summary**

*In this article given information about the effectiveness of to use of new methods and techniques for the development of children's oral speech in the process of various types of speech activity.*

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті Жолдауында: «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылу қажет. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет» - дегенді шегелеп тұрып тапсырған еді. Сондықтан ұстаздар балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдері заман талабына сай болуы қажет.

Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада қазақ тілін оқытудың қай түрін алсақ та, ол оқыту, үйрету үрдісінің бүкіл жүйесін қамтиды.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беріп, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеуге дағдыландыру қажет.

Балабақшадағы қазақ тілін оқыту жұмысында балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, балалардың сөздік қорларын дамытамыз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны

ерекше. Сонымен қатар қазақ тіліне үйреткенде әдіс-тәсілдерді таңдауда балалардың жас ерекшелігін ескеру қажет.

Тіл үйретуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Балалар тілдің грамматикасын білу арқылы бір-бірімен сөйлесуді,сұрақ қоюды үйренеді. Диалогтық оқыту жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады баланың танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Диалогтық оқытуды сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы іске асыруға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа технологияны меңгерту. Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Тіл білген адам – мәдени,рухани жан азығы мол адам.
Адамның ойы тілден көрінеді.Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйрету-дің маңызы зор.

Балалабақшада қазақ тілін үйретуде сөздік жұмысты қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар арқылы тіл ұстарту, көру, есту, тыңдау, қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін жетілдіріп отыру, балаларды сөйлесе білуге, сөйлемдерді дұрыс айтуға, тәрбиешінің сұрағын түсініп, дұрыс жауап беруге баулу мақсаттары көзделеді.

Ересек балалар тобында бұрынғы топтарда үйренгендерін тереңдете түседі. Ауызша сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Әр оқу іс-әрекеті сайын тақырыпқа сай түрлі суреттер, кестелер, аудиокітап, бейне құралдар, тақырыптар бойынша электронды кітаптармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып отырамыз. Соның бірі «Ойын» технологиясы.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытуда, оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті. Ойын дегеніміз-жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс.
Ойын арқылы балалар өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Әр бала ойнау үшін алдымен ойланады, ойлана отырып ойнайды. Кез келген бала еш уақытты жалғыз ойнамайды, құрбыларымен бірге ойнайды, сол арқылы бір-бірімен сөйлеседі. Сөйлесе жүріп, пікірлесіп

әсер алысады, ойынның мазмұнын анықтайды. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Бала жалғыз ойнағанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп отырады, қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау қабілеті болып табылады. Түрлі заттарды пайдалана отырып, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасайды, тәжірибе жинақтайды. Ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп дамытады, баланың ойын өрбітіп, тілін дамытып, бойын өсіреді. Тәрбиеші ойын әрекетін ұйымдастыруда өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, қиялын дамытады.

Сабақта балалардың коммуникативтік сөйлеуі, тіл дамытуы көрнекілік әдісі, ойын әдістер арқылы іске асады. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер,үлестірмелі карточкалармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибиемде қолданып жүрмін. Сонымен қатар қазақ тілін үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын түрлері қойылады. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

**Ойындардың түрлері:**

1. Дидактикалық ойындар
2. Драматизациялық ойындар
3. Қозғалыс ойындар
4. Ұлттық ойындар
5. Логикалық ойындар
6. Рөлдік ойындар
7. Фонетикалық ойындар
8. Интеллектуалды ойындар

Қазақ тілін үйренуде рөлдік ойындардың пайдасы зор. Ойын-балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсене жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап,өздерін жіне бір-бірін бағалайды, ал мұғалім тек бағыттаушы болады. Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру қажет.Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рөлді өзі таңдап алған жөн. Сода ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рөлдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс.

Қазақ тілін сабақтарында рөлдік ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуда көп әсерін тигізеді. Рөлдік ойындардың белгілі, айқын мақсаты болады.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамыту.
2. Балаларды сөйлеуге үйрету
3. Өмірде кез-келген оқиға туралы естігенін ұғуға және іс-әрекет жүзінде көрсете білуге үйрету.

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі балалардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол тәрбиешінің көп ізденісін қажет етеді. Осы орайда, С.Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та,ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсететіп отырғаны анық.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
2. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқына жолдауы».
3. Изучаем казахский язык, әдістемелік құрал
4. А.М.Бородич «Методика развития речи детей» Москва, 1981г.
5. О.Ушакова «Развитие речи детей»
6. «Отбасы және балабақша» журналдары
7. Мақал - Мәтелдер жинағы
8. Е. Өтетілеуов «Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі басқа ұлт балаларына арналған»
9. Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар. ¬– М., 1992.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ

**Шаншархан Асылзат Мұхитқызы**
“Ziyatker Turan” ЖШС мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдалану мәселелері қарастырылған.*

Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" — мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді.

**Оқыту әдістері** - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

*Сөздік әдістер:* түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу,кітаппен жұмыс.

*Көрнекі әдістер:* иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесіңде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

**Көрнекілік әдістер** оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны — **жаттығу** әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяңдауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды ( әріп, дыбыс , буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес,тек оның негізгі, қажеттілерін(анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл болінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек?

Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет . Яғни, оның сөйлеу процесіндегі,

сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал – құралдар арқылы меңгертіледі.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі- әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу.Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен, қарым- қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас , болжау, Автор орындығы , топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Бір сыныпта отырған балалардың ұлты, оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс- тәжірибемнен көріп келемін. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі – оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзентілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым- қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Сондай-ақ, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор.Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:
Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;
Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;
Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:
1.Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Орыс сыныптарында қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ – жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ , сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс–тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1.Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А:, 2005 ж.

2.Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.

3.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.

5.Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ

**Асанова Сагила Тынысбековна**
Түркістан қаласы, С.Ерубаев атындағы
№7 мектеп-интернат КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

**Түйін**

*Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылатын оқытудың тиімді әдіс-тәсіл түрлері, оқу –тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау, көрнекілік әдістер, демонстрация, иллюстрация тәсілдері қарастырылады.*

**Мақсатым:** білім беру мазмұнын жаңарту тәсілдерінің қолдану тәжірибесімен бөлісу, ой қорыту.

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың жетістікке жетуі үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігін түсінеді және алынған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысымен танысады.

Әдіс сөзі грекше "metodos" сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" — мақсатқа қол жеткізетін

жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді. Әдіс-оқу –тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардыңбірлесіп жұмыс істеу үшін қолданылатын тәсілдер. Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады. Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны — жаттығу әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяңдауға дағдылану мақсатын көздейді. Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды ( әріп, дыбыс , буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді. Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес,тек оның негізгі, қажеттілерін(анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Мен орыс сыныптарына қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беремін. Сабақ барысында төмендегідей әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Әдіс-иәсілдерді неліктен қолданамыз? Әр мұғалім өз сабағын көңілді, қызықты, тартымды өткізгісі келеді. Оқулық бойынша тапсырманы орындата бергеннен оқушылардың да қызығушылықтары жоғалады. Оқулықтағы тапсырмаларды орындау барысында әдіс-тәсілдер арқылы орындатса, оқушы да жан-жақты ойланып, оқушы өзінің білімін

**«Миға шабуыл»** *әдісі*

**Мақсаты:**Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

**Тиімділігі:** Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

**Қолданылуы:** Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар:** СТО, Диалогтік оқыту

***«Шаттық шеңбері»*** *(сергіту сәті)*

***Мақсаты:*** *Бұл әдіс оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.*

**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.

**Қолданылуы:** Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар:** ЖАДА

**«Ақылдың алты ойлау қалпағы»** *Эдвард де Боно бойынша*

**Мақсаты:** Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, оқушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану.

**Тиімділігі:** Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

**Қолданылуы:** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: СТО, диалогтік оқыту, кері байланыс

**«Галереяны шарлау» әдісі** *Саймон Браунхилл бойынша*

*Мақсаты: Талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.*

**Тиімділігі:** Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады.Сыныптастарын ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын сыныптастарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

**Қолданылуы:** Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» – топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: ЖАДА

**«Джигсо» әдісі** *Элиот Аронсон бойынша*

**Мақсаты:** Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту.

**Тиімділігі:** Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Қолданылуы: Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр-қайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады,сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: СТО, Диалогтік оқыту, ЖАДА, Дарынды/талантты балаларды оқыту, Көшбасшылық пен басқарушылық.

**«INSERT» әдісі**

**Мақсаты:** Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру.

**Тиімділігі:** Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

**Қолданылуы:** Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады:W- білемін; + жаңалық; - білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау

**«Кластер» әдісі**

**Мақсаты:** Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау.

**Тиімділігі:** Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.

**Қолданылуы:** Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер)

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау

**SMART-мақсаттар**

**Мақсаты:** Мақсат құруда нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайылыққа негіздеу.

**Тиімділігі:** Нақты мақсатқа жете алады: SMART

**Қолданылуы:** Тақырыпқа «ақылды» мақсат қоя алады.

**«Дауыстап ойлау» әдісі**

**Мақсаты:** Оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

**Тиімділігі:** Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

**Қолданылуы:** Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір- біріне түсіндіреді.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: СТО, диалогтік оқыту

**«Бір минуттық әңгіме»** тәсілі Иен Майлс бойынша

**Мақсаты:** Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру.

**Тиімділігі:** Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.

**Қолданылуы:** Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: СТО, диалогтік оқыту,

**«Кинометафора»** әдісі Харизма бойынша (Н.Баринова)

**Мақсаты:** Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту.

**Тиімділігі:** Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.

**Қолданылуы:** Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: СТО, диалогтік оқыту, АКТ

**«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс**

**Мақсаты:** Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.

**Тиімділігі:** Оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

**Қолданылуы:** Сабақ соңында оқушыларға бір-біріне тиімді сұрақ қойғызу арқылы кері байланыс жасатуға, оқуға белсенді қатыстыруға, өзін-өзі бағалауға қатыстыруға болады.

**Кіріктірілген модульдер, идеялар**: ОүБ, кері байланыс, диалогтік оқыту

Әдіс-тәсілдердің түрлері өте көп таралған. Осымен ғана шектелмейді. Әр сабағымда әр түрлі әдістерді пайдалануға тырысамын. Өйткені оқушыладың қызығушылығын тудырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырамын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

• Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;

• Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;

• Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;

• Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1.Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А:, 2005 ж.

2.Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.

3.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.

5.Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Копбаева Тамара Сакеновна**
Шымкент қаласы,
А.С.Пушкин атындағы
№1 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

***Түйін***

*Қазақ тілін оқытудың негізгі әдістемелік ұстанымдары*: *ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдарымен таныстыру*

Қазақ тілі әдістемесі - ана тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын балаға үйретудің жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Педагогика ғылымының дидактика саласы оқыту; ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, білімді игертудің ең тиімді, ұтымды жолдарын, іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың

амалдарын зерттейді. Сабақ үстінде, тақырыпты меңгерту барысында мұғалім дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі теориялық қағидаларына сүйенеді.

Қазақ тілін оқыту жөніндегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде дидактикалық ұстанымдардың бірнеше түрлері қамтылған. Б.Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардын сегіз түрін, атап айтқанда, *оқытудың ғылыми ұстанымын, жүйелілік ұстанымын, материалды дұрыс орналастыру ұстанымын, алдын-ала болжау ұстанымын, саналылық ұстанымын, оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымын; теория мен практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымын, оқытудың көрнекілік ұстанымын* ұсынады.

С.Қазыбаев *балаларды тәрбиелеу әрі дамыту,оқу материалын саналы меңгерту, ғылыми дұрыс білім беру, білім, білік, дағды беріктігі, түсініктілік, көрнекілік, оқушылардың оқу еңбегінде көрсеткен белсенділігі мен өздік жұмысы, білімнің жүйелілік және бірізділігі, оқытудың сабақтастығы ұстанымдарын* - барлығы тоғыз ұстанымның қажеттігін айтады.

Қазақ тілі әдістемесі - тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге келген ғылым. Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір саласы болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Бұл мәселелерді шешу мектепте тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді.

Әдістеме – қоғамдық ғылым. Әдістеменің психологиямен байланысымен, «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің» лингвистикалық, педагогикалық, әлеуметтік, когнитивтік негізімен таныстыру.

Қазақ тілін орыс мектебінде оқыту әдістемесі жалпы дидактиканың ұстанымдарына сүйене отырып, тілді оқыту әдістері мен тәсілдерін, амалдарын белгілейді, қазақ тілі сабағының негізін салады.

Дидактика - педагогика ғылымының білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, ғылыми негізін, оқыту әдістерін зерттейді. Нені оқыту керек, қалай оқыту қажет деген сұрақтарды шешіп отырады. Осы мәселелер женінде өзінің ұстанымдарын белгілейді.

Әдіс - белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, ал тәсіл - әдісті құрайтын әлементтер. Оқыту әдісі - оқытудың мақсатын, міндеттерін, шет тілін оқытудың мазмұнын тудыратын және оларға жетудің оқыту кезеңдері мен шарттарына сәйкес тәсілдерін айқындайтын оқытудың бағыты.

С.Рахметова қазақ тілін оқыту әдістерін жинақтап, жүйелей келіп, оқу-таным әрекетінің басынан бастап соңғы нәтижесіне жеткенге дейінгі аралықты толық қамтитын негізгі үш топқа бөліп қарастырды:

«1) Оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;

2) Оқу-таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері;

3) Оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері».

Профессор Е.Я.Голант оқыту әдісінің 8 түрін береді:

1.Ауызша мазмұндау; 2.Әңгіме; 3.Кітапты пайдалану; 4.Көрсету; 5. Экскурсия; 6.Лаборатория жұмыстары; 7.Жазу-сызу жұмыстары; 8.Практикалық жұмыс.

Технология идеясы жаңа ұғым емес. Оқыту үдерісін технологияландыру туралы пікірді осыдан 400 жыл бұрын Я.А.Коменский айтқан, яғни оның пікірінше оқыту “технологиялық” болуы қажет. Оның мағынасы нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек. Мұндай оқыту механизмін Я.А.Коменский “дидактикалық машина” деп атады. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болды. Соған байланысты, мақсат - құрал оның қолдану ережелері нәтиже модулі шықты. Бұның өзі білім берудегі кез келген технологияның өзегі.

АҚШ-та XXi ғасырдың 30-шы жылдарында техникалық құралдарды пайдаланып оқыта бастағанда “білім берудегі технология” термині пайда болды. Бұл көбіне оқу үдерісінде техниканы пайдалануға байланысты да болды.

Педагогикалық технология мәселесіне арналған П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, В.М.Кларин, Ж.А.Қараев, Т.Т.Галиев т.б. ғылымдардың еңбектерінде оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деген ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер айтылған.

Қазақ тілі пәніне арналған оқу-әдістемелік кешенге мыналар жатады: бағдарлама, оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, жаттығулар жинағы, лексика-грамматикалық минимум, диктанттар мен мазмұндамалар жинағы, оқушылардың тілін дамытуға арналған хрестоматиялар, сынақ, емтихан сұрақтары, тест жинағы, деңгейлік тапсырмалар жинағы, сөздік, суреттер, тірек-сызбалар, кеспе қағаздар жинағы, қызықты грамматика материалдары т.б.

Білім беру мазмұны арнайы түрде, білім беру министрлігінде бекітілген, төмендегідей құжаттарда нақтыланады:

Қазақстан Республикасының «Білім беру турал» Заңы 1999 жылы 7 маусымда қабылданған. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік білім беру саясатын анықтайды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптері:

- үздіксіз білім беру;
- барлық адамдардың білім алуға тең құқықтығы;
- жалпы орта білімнің тегіндігі;
- орта білім нің міндеттілігі.

Standart (ағылшын) - норма, үлгі, мөлшер дегенді білдіреді.

Мемлекеттік білім беру стандарты - мемлекеттік нормалар деп танылған және қоғам сұраныстары мен тұлға қажеттігі мен мүмкіндіктеріне сай білім деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштер жүйесі.

Оқу жоспары - оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір оқу жылы /сыныптар/ бойынша оқу тәртібін және ретін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат.

Әдебиеттер

1. Әлімжанов Д. Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы - Алматы: Мектеп, 2015. - 247б.
2. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 2016.
3. Рахметова Р. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018.
4. А.Әбілқаев, Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту. – Алматы, 2015
5. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Оқу құралы). – А., 2015.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Бостанова Индира Оразымбетова**
Түркістан қаласы,
С.Ерубаев атындағы
№7 мектеп-интернат КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Түйін***

*Мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері, фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі, фонетиканы оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, фонетикалық талдау, фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлерімен таныстыру.*

Мектеп оқушылары фонетиканы оқу арқылы әдеби тілдің жазылу және айтылу нормасын игереді. Дыбыс тілінің түрлі заңдылықтарын түсіне бастайды.

Мұғалім дыбыстардың ерекшелігін, маңызын көрсете білуі тиіс. Тіл дыбыстарының физиологиялық, акустикалық, қоғамдық ерекшеліктерін жете түсіндіруі қажет. Оқушы тіл дыбыстарының белгілі бір сөйлеу мүшелерінің жұмысқа кірісуімен байланысты екендігін, олардың бірімен-бірі актив екенін білгені дұрыс. Сөйлеу мүшелерінің қатысуы арқылы жасалатынын оқулықта берілген түрлі суреттер, схемаларды орынды пайдалана отырып, саналы түрде оқытады.

Қазақ тілін үйренуде тілдің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерудің маңызы зор. Дыбыстарды дұрыс айта білу -түсінікті сөйлеудің ең негізгі шарты. Демек, тілді үйретуде, сөйлеуде фонетикалық дағдылардың алатын орны ерекше.

Лексика мен фразеологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері, лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс-тәсілдер жүйесінің ерекшеліктері, лексикалық

норма, түсіндірме, фразеологиялық, синонимдік және антонимдер т.б. сөздікпен жұмыс, лексиканы оқыту ұстанымдары, фраезологияны оқыту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту.

Әдіскер А.Айғабылов лексиканы оқытудың маңызын былайша дәйектейді: "Ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды. Сондықтан лексиканы оқытудың практикалық маңызы зор. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу (орфоэпиялық), жазылу (орфографиялық) нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды алады. Лексиканы оқытудағы мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу мақсатын қояды. Өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен анықтамаларды үйрете отырып, тілдік фактіні меңгерту бар. Сондай-ақ, оның күнделікті қатынас құралы ретінде қажет болатын қыр-сырын түсіндіру керек".

Лексикалық ұғымарды меңгертіп, оқушының білім дағдысын қалыптастыруда лексикалық талдаудың рөлі зор. Бұл жұмыс түрі арқылы оқушы жеке сөздердің мағыналарын жете, жақсы түсініп мәтінде олардың орынды қолданылып тұрғандығын байайды.

1992 жылы қазақ тілі бағдарламасына «Сөздердің жасалуы» атты жаңа бөлім енгізілді. Бұл бөлімнің 4-сынып бағдарламасында: «Сөз тұлғасы туралы түсінік, түбір сөз, қосымшалы сөз, қосымшалы жұрнақ, жалғау, көптік, тәуелдік, септік жалғаулары, туынды түбір, түбірлес сөз» деген тақырыптар қамтылса, 5-сынып бағдарламасында: «Дара, күрделі сөздер. Біріккен сөз және оның емлесі. Қос сөздер және оның түрлері. Қос сөздердің емлесі. Қысқарған сөздер және олардың емлесі» сияқты тақырыптар қамтылды. Бұл аталған тақырыптар бұрынғы бағдарламалар мен оқулықтарда «Сөз құрамы», «Сөз тұлғалары» деген жалпы тақырыппен морфология бөлімінде қарастырылып келген болатын. Соңғы кезде сөздердің жасалуын өз алдына бөлім етіп дербес қарастырылу процесі – тек грамматикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар тіліміздің сөз байлығын молайтатын, сайып келгенде лексикалық та құбылыс болып табылатындығынан. Басқаша айтқанда, сөздердің жасалуы лексика-грамматикалық категория.

Демек, сөздердің жасалуы барлық сыныптарда қайталанып отырады, бұл оқушылардың сөздік қорын молайтуға көп септігін тигізеді.

Морфологияны өткен кезде ең бірінші сөз құрамы, сонымен байланысты түбір, түбірлес сөздерге ерекше назар аударылады. Сөз құрамын схема арқылы меңгерткен ыңғайлы. "Сөз құрамындағы бөлшектерін: негізін, түбірін, жалғауын, жұрнағын ажыратып үйренбейінше - оқушылар сөз таптарын, орфографиялық ережелерді, көп сөздердің мағыналарын түсіне алмайды. Онсыз морфологияны оқыту да мүмкін емес. Оқушыларға сөздердің құрамындағы негізгі түбір, туынды түбір, жұрнақ (сөз тудырушы) және жалғауларын тапқызып, дағдыландыру үшін, мұғалім арнайы сөйлемдер дайындап келіп, тапсырмалар беріп отырады".

Мектеп бағдарламасында қазақ тілінің синтаксис саласын өткенде алдымен, сөз тіркесін, оның зерттеу нысанасын, ішкі құрылысын, ерекшеліктерін талдап,

онан соң байланысу тәсілдері мен формаларын қарастыру керек. Сөз тіркесі саласында қарастырылатын әрбір тақырып бірінен-бірі туындап, бірінен-бірі өрбіп жатуы қажет. Әр тақырып өзара тығыз байланыста түсіндірілсе, оқушыларға синтаксис саласын толық меңгеру, дұрыс түсіну, ұғыну оңайға соғады.

Мәтінді оқыту әдістемесі, мәтінді талдау әдістемесімсен таныстыру. Мәтінді фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, сөз тіркесі, сойлеммен байланыстыра оқыту әдістемесін сипаттау. Орфографияны оқыту әдістемесі, пунктуацияны оқыту әдістемесімен таныстыру.

Мектеп бағдарламасында орфографиядан жүйелі білім I-IY және Y-YI сыныптарда беріледі. YII-YIII және IX-X сыныптарда орфографияны арнайы өтпейді, бірақ жазу жұмыстарына байланысты сауаттылық қатаң талап етіліп, орфографиялық ережелерді қайталай еске түсіру, сол бойынша дағды, іскерліктерінің берік қалыптасуы үшін әртүрлі жұмыстар жүргізіледі.

Мектепте қазақ орфографиясының барлық тарауы оқытылады, әсіресе көңіл қоятын нәрсе дыбыстар мен қосымшалардың емлесі. Бұл бөлім бастауыш сыныптан басталып, Y-YI сыныптарда аяқталады.

**Пунктуациялық қателердің** түрлері: 1) тыныс белгісін қоймай кету, 2) тыныс белгісін артық қою, 3) тыныс белгісінің қайсысын қоярын білмеу, яғни бірінің орнына екіншісін қойып шатастыру. Кейде сонымен қатар қатенің төртінші тобы кездеседі. Тыныс белгісін тиісті жерге қоймай, басқа жерге қою. Тыныс белгісін артық қою мектепте ең жиі кездесетін қате.

Тыныс белгісін дұрыс қою үшін, жеке сөйлемнің, сондай-ақ тұтас мәтіннің мағынасын дәл және дұрыс түсіну, сонымен қатар әр сөйлемнің құрылу жолдарын жақсы білу керек.

Мектепте тіл дамыту жұмысы I-XI кластарда үзбей жүргізіледі. Мұғалімнің айтқанына түсіну, өз ойын ауызша да, жазбаша да жеткізе білу - сол мектепте жүргізілетін оқу-тәрбие жткысы-мен, тіл үйренумен тығыз байланысты.

Белгілі педагог К.Д.Ушинский тілдің мәніне, әр сөздің мағынасына түсінбеген я шала түсінген оқушы тіл үйрену сабағы тұрмақ, басқа пәндерді оқығанда да әр сөздің байыбына барып түсіне алмайтын болады деген. Сондықтан оқушылармен тіл дамыту жұмысы барлық пәнде жан-жақты жүргізіледі.

Жалпы т**ілді** дамыту баланың тілі алғаш шыға бастағаннан басталады. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, баланың сөйлеу, жазу тілімен жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі. Тіл дамыту - барлық сабақта жүргізіп отыратын процесс. Соның ішінде тіл сабағында оның алатын орны ерекше, өйткені оқушы сауатты жазып, сөйлемді дұрыс құра білуді, оқыған тілінің байлығын меңгерудің негізін осы тіл сабағынан бастайды.

Тіл, сөйлеу мәдениеті дегендер көп ұғымды қамтиды. Ең алдымен, бұл - адамдардың тілді дұрыс қолдануы деген сөз. Ашып айтсақ, бұған білдірмек ойға сөздерді сай етіп дұрыс, дәл таңдай білу, ой мен сөздің күр дәлдігін табу емес, сонымен қатар сөздердің тыңдаушыға (оқушыға) әсер ететіндей орынды, көркем варианттарын тауып қолдану жатады. Сондай-ақ сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстыра білу, дұрыс орналастыра білу де, сөйлемдерді тым шұбалаңқы, түсінуге ауыр тиетін етіп те емес, тым қарапайым келте етіп те емес, дұрыс

құрастыра білу де - тіл, сөйлеу мәдениетіне қатысты жайттар. Ғасырлар бойы қалыптасқан фразаларды (тұрақты сөз тіркестерін), мақал-мәтелдерді әрі орынды, әрі бұзбай, мағыналарын дәл түсініп пайдалану да - тіл мәдениетін көтерудің бір шарты.

Оқушыларды стиль тармақтарымен таныстыру үшін әуелі бір-біріне қарама-қарсы қойылатын ауызекі сөйлеу түрі мен кітаби түрі болып ажыратылатынын айту керек. Бұлар қарым-қатынас ауқымды ажырытылады.

Әдебиеттер


6. А.Әбілқаев, Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту. – Алматы, 2015
7. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Оқу құралы). – А., 2015.
8. Әлімжанов Д. Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы - Алматы: Мектеп, 2015. - 247б.
9. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 2016.
10. Рахметова Р. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018.


# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ


**Салтаева Халипа Калыкуловна**
Шымкент қаласы,
№66 "Қазығұрт "жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



**Түйін**

*Бұл мақалада қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс-тәсіл түрлері, пәнді оқытудың мақсаты, қазақ тілі пәнінің міндеттері, жаттығумен жұмыс жасау тәсілдері қарастырылған.*


Қазақ тілі – мектептегі негізгі де маңызды пән.

**Пәнді оқытудың мақсаты** – оқу және жазу дағдыларын қалыптасқан, алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгерген, алған тілдік білімдерін өмір жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау, оқушыларды лингвистикалық білім негіздерімен таныстыру, олардың қатесіз, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және ауызша да, жазбаша да дұрыс сөйлеулерін жетілдіру.

**Қазақ тілі пәнінің міндеттері:**

- дұрыс түсініп және мәнерлеп оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерту және сөйлеу жанрларын әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету;
- алғашқы тілдік фактілерді танымдық нысан ретінде меңгерту, оларды талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;
- диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

- өздігінен мәтін құру, өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;

- оқушылардың бойында адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, елжандылықты, имандылықты дамыту;

Қазақ тілін оқыту мен үйрету оның әдістемесін жақсарту әрі жаңарту, тілді оқытудың төлтума бағдарламалары мен жаңа технологияларын әзірлеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Негізінен, қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – коммуникативтік дағдыны қалыптастыру болып табылады. Ал коммуникативтік дағдыны қалыптастыру үшін төмендегідей жұмыс жүргізіледі:

**1. Жаңа сөзді меңгерту** (әр оқушының сөздік дәптерлері, сөздік кітапшалары болуы керек). Тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді аудару, түсіндіру. Мәселен: «Суреттің нөмірін тап», «Допты ал, жауап бер», «Иә-жоқ», «Сөз қоржыны» сияқты ойындар арқылы оқушыларды қызықтыра отырып, сөздерді жаттап алуға машықтандыру. Оқушыларға әрдайым кітап оқыту керек, оқыған кітаптарын қадағалап отыру керек және кітап оқу ісін оқушылар арасында жарысқа айналдыру керек.

Оқу оқушыларға жаңа сөздерді үйретуде төмендегідей әдістемелік талаптар ескерілуі тиіс.

1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздердің мағынасын түсініп есте сақтаумен бірге, дұрыс айтып үйренудің мәні зор.

2. Заттың өзін көрсету арқылы меңгерту. Затты нақты көрсеткенде оқушының көру қабілеті арқылы сөздің мағынасын түсініп, есте сақтау мүмкіндігі артады.

3. Жаңа сөзді аудару арқылы меңгерту. Жаңа сөздерді оқушылардың ана тіліне аудару сөздің дәл мағынасын ашатын бірден – бір тәсіл деуге болады.

Оқу бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында оқушыға жаңа сөздерді үйретуде мынадай әдістемелік талаптар ескеріледі:

1. Жаңа сөздер жеке, дара алынбай, басқа сөздермен байланыста мәтінде алынып, қолданыстағы жағдайда беріледі.

2. Оқушының белсенді түрде меңгеретін жаңа сөздері 7 - 8 сабақ бойынша еске түсіріліп, қайталанып отырады.

3. Сондай - ақ, жаңа сөз оқушының түсінуіне ыңғайлы, жеңіл түрде беріледі.

4. Ол сөздің сөйлемде түрлі грамматикалық тұлғада қолданылатыны

оқушыларға сөздердің бастапқы айтылу негізі бекітіліп түсіндіріледі. 5. Бір сабақтың ішінде жаңа сөздер мен грамматикалық ереже бір мезгілде берілмейді.

**2. Жаттығумен жұмыс жасау.** Сөйлемдерді қысқа, жалаң түрде беріп, кейіннен сұрақ қою арқылы сөйлемнің аясы кеңейтіледі. Бұл тіл үйренушілердің сөйлей білу дағдыларын қалыптастырады, әрі сөздік қорын байытады. Жаттығуға байланысты тізбекті тапсырмаларды орындайды.

**3. Мәтінді талдау.** Мәтінді оқу, жаңа сөздерді табу, мазмұнын түсіндіру, мәтінге қатысты әр түрлі сұрақтарға жауап беру әрекеттері жасалады («Не қосуға болады?», «Тоқта да сұра», «Аралас мәтін» әдіс-тәсілдерін қолдану)

**4. Әңгімелеу.** Мұғалім мәтінге қатысты материалдарды іріктейді, жоспар құрады, ыңғайына қарай материалды негізгі тақырыптың айналасына топтайды. Содан соң оқушыдан мәтіннің мазмұнын әңгімелеуді талап етеді.

**5. Бейнефильм көрсету және үнтаспа тыңдату.** Бұл әрекет оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Дыбыс пен көрініс пайдалана отырып, оқушылардың көру және есту қабілетін жаттығады.

**6. Шығармашылық жұмыс істеу.** Мұғалім ойландыратын мақсатты сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы оқушының өз бетінше ізденуіне жол ашады, бағыт-бағдар береді, яғни «Хат жазу», «Қызықты мақала», «Интервью» т.б. әдістерді қолдану тиімді.

**7. Демонстрациялау.** Бұл тәсіл бойынша жаңа тақырыпты сурет, бейнефильм, схема, экрандық құралдар арқылы тез әрі сапалы түсіндіреді.

**8. Бақылау және тексеру.** Оқушылардың өткен тақырыпты түсінгендіктерін тексеру үшін сұрақ түрлерін қолдану – білім деңгейін көтерудің ең негізгі жолдарының бірі. Әр тақырыптан кейін немесе күрделі тақырыпты өткен соң, оқушылардан сынақ алып, оның нәтижесін шығарып, талдау жүргізудің көп пайдасы бар.

Қазақ тілін оқытуда тағы ескере кететін жайт эстетикалық талғамға сай безендірілген кабинет, оқытудың әртүрлі құралдары, кестелері, оқулықтар, техникалық құрал-жабдықтары, ақпараттық құралдар болуы қажет.

Мұғалім сабақ түсіндірген кезде оқушыға аса күш түсірмей жеңілден ауырға қарай, жалықтырмай, оқушының тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызуы қажет.

Сондықтан да әрбір ұстаз үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек.

Алғашқы сабақтарда мұғалім сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, оқушылардың көз алдындағы заттардың атын, оқу-құралдарының атын жатқа айтқызуды көздейді. Осы сәттен бастап мұғалім екі немесе үш сөзден тұратын диалог сөздер қолдану арқылы оқушының тілін, ойын дамытады. Сөздік жұмысы қазақ тілі сабақтарында, ең басты мәселелердің бірі. Сөздер біртіндеп сөйлем құрамына айнала береді. Сөйтіп мәтіндермен жұмыс басталады. Осы қызықты мәтіндер арқылы грамматикалық тақырыптар оқылып отырады.

**Біріншіден:** оқушылардың бір-бірімен қазақша сөйлесулерін талап ету, яғни қазақша сөйлесу арқылы тілі сынады, ойлары да дұрыс қалыптасады.

**Екіншіден:** өзіне тапсырылған қоғамдық, ұжымдық жұмыстарды (газет шығару, мақала жазу т.б.) орындайды.

**Үшіншіден:** мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосып, мемлекеттік тілді меңгерудің аса қажеттілігін сезінеді.

Тілді үйрену, білу деген ұғымның мағынасы кең, мысалы: өз ойын өзгеге айта алу, өз ойын монолог ретінде жеткізу немесе екі адам бір-бірімен сөйлесу, сол сияқты біреудің айтқан сөзін радио, магнитофоннан тыңдап, оны түсіну, кітап, газет оқи алу, оны түсіну, ойын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де жеткізе білу сияқты компоненттердің бәрі тілді үйрену ұғымына кіреді. Сондықтан тілді үйреткенде осы жағдайдың бәрі ескерілу керек. Сонымен бірге әр сөздің дұрыс айтылуы – орфоэпиясы да үйретіледі.

Демек,жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға,шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Әдебиеттер:

1.Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А:, 2005 ж.

2.Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.

3.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.

5.Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

**Аппазова Райхан Маратовна**
Шымкент қаласы,
М.Горький атындағы №12 жоббм
қазақ тілі пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиет сабағында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті қарастырылған.*

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек» деген. [1]

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындап отыр. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. [2]

Қазіргі кезде Қазақстанда жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп

мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Жаңа ғасырда жаңа заманға лайық тұлға ретінде қалыптасқан, өз көзқарасын жүйелі талдай білетін өз өміріне қоршаған ортаға сын көзбен қарайтын жеткіншек жастарды даярлау – біздің ұстаздық парызымыз. Мектебімізде қызмет жасайтын әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті дарынды оқушыларды сөз өнеріне баули отырып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру. Шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял ұшқырлығымен, танымдық қызығушылығымен, әдемілікті сезіне білумен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны «XXI ғасырда нені оқыту керек? және де екіншісі ол да маңызы жағынан еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырда қалай дайындайды?» деген сұрақ төңірегінде біршама ілгерілеу жұмыстары іске асырылуда. Оқушылардың сөздік қорын молайту, өз ойларын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыруға жол іздеуді алдыма мақсат қылдым. Ол үшін әр сабағымда түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы іске асыруды жоспарладым.

Белсенді оқыту басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, тыңдаушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренгендігіне» аударады. Мұндағы мақсат — тыңдаушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігінен білім игеруінде, оны құрастыруында.

Белсенді оқу – шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» (Блум, 1956) деп санауға болады.

Американдық психолог Карл Роджерс 1960 жылы жарияланған өз зерттеулерін «жеке тұлғаға бағдарланған» терапияда қолданды және Дьюи оқыту кезінде қатысушы ретінде тәжірибе алу маңыздылығын мойындағандығымен, тығыз байланыста болатын бірқатар қағидаттарды әзірлеумен айналысты. Оқушылардың білім алу қажеттіліктері туралы Роджерстің тұжырымдамалары бүгінгі таңда «оқушыға бағдарланған оқыту» және «тәжірибелі» оқыту ретінде әйгілі болған тұжырыммен, білім беру саласындағы үдемелі қозғалысқа күшті ықпал еткен тұжырымдамалар мәндес болды. Жеке қағидаттарына адал болған ол өз қорытындыларын бірқатар мәселелер бойынша оқушылармен орнатқан тікелей кері байланысқа негіздеді. Оның 1960 жылдары жарыққа шығарған, оқыту саласындағы танымдық психолог және теоретик Джером Брунер бұл іске «эксперименталды» оқыту немесе «жаңалық ашу жолымен оқыту» идеясын әкелді. Ол Дьюидің оқушының тәжірибесі сыныпта қолданылуға тиіс екендігі

туралы түсінігіне жаңа маңызды ой қосты. Брунер оқу үдерісі мен оқу пәнін бөлуге болмайтындығын атап өтті (1962).

Брунер теориясының ажырамас бөлігі «жаңалық ашу» және «егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзіне өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды (1962). Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арқасында: біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

**Өзектілігі:** Түрлі тақырыптар бойынша ой-пікірлерін сыни тұрғыдан айта білулері оқу сауаттылықтарын арттырады.

**Болашақтылығы:** Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруды беред і.

**Тәжірибенің жаңашылдығы:** Оқушыға бағдарланған оқыту, білім беру саласындағы үдемелі қозғалысқа күшті ықпал еткен тұжырымдамаларға мәндес.

Қазақ тілі мен әдебиет сабағында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті. Дарынды оқушыларды сөз өнеріне баули отырып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру.

Әр сыныптың ерекшелігін ескере отырып, сабақ жоспарлау барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстым. Негізгі көздеген мақсатым оқушылардың айтылым дағдысын дамыту. Ол үшін мынандай әдістерді қолдандым: «*Джигсо» – көркем шығарманы оқып, әр оқушы өзі оқыған бөлікті топ ішінде түсіндіреді. «Әңгімені жалғастыр» — бұл оқушы қиялын шарықтату деңгейіне жеткізеді. «Фишбоун», «Екі жеке күнделік», «Кубизм» т.б. әдістерді үнемі жандандыру қолданысында пайдаланып отырдым.*

Нәтижесінде оқушыларда ілгерілік, айтылым дағдыларының жақсарғаны, яғни, өз ойларын еркін, толық жеткізуге үйренді.

Мен көбінесе оқушылармен бірлесіп, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлдім. Оқушылар бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктерім:

- Оқушының ең алдымен есте ұстау қабілетінің жоғарлауы;
- Жиі-жиі ой талқысын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету;
- Сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушынының жұмыс басты болуы;
- Бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығын оянуы;

Жаңаша жаңғыртып оқыту, белсенді әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет. Мұғалім жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, оқушының әрекетін бақылау және бағалау, мұғалім шәкірттердің кеңесшісі болады. Туындаған мәселені шешуде ұстаз қызметінде оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері шешуші рөл атқарады.

Қойылған мәселелер оқушылар үшін мәнді болу керек, ол оқушылар қызығушылығынан туған жағдайда ғана мүмкін. (Дж.Дьюм,2000) [3]

Ұлы ақын Абай Құнанбаев: «Ұстаздық еткен жалықпас,үйретуден балаға» — демекші, ұстаз үнемі ізденіс үстінде болады. Оқушы бойына оқу, тоқу арқылы мұғалімдік шеберлігін танытады. Жаңа әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану ұстаздың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі өмірін бала оқытып, білім беруге бел байлаған әр ұстаздың жандүниесі сенім мен тілектің шуағымен нұрлана түспек деп ойлаймын. Қашан да білімді ұрпақ-болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры — жас ұрпақтың қолында болса, ұрпақтың тағдыры-бүгінгі ұстаздардың қолында.

Бүгінгі күннің талабы күннен-күнге жаңарып даму үстінде. Соған орай болашақ ел тұтқасын ұстар ұрпақтарымызды сапалы да, белсенді оқытуда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары «қалай білім алу керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстануда»

Міне, сол мақсатта дайындалған «белсенді оқу» әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының жобаға еніп, ұстаздар қауымына жаңартылған білім беру бағытымен танысу, жаңа серпіліс берді.

Белсенді оқу әдістері арқылы әзірленген оқу мақсаттарының және білім беру бағдарламасының біріздділігі, белгілі бір жүйелі білім беру бағытын көздейді. Бұл белсенді оқыту стратегияларының құрамына мыналар кіреді:

«оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің негізінде белсенді оқуға ынталандыру», «оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру», «оқу үшін бағалау» қағидаты бойынша оқуға қолдау көрсету».

Белсенді оқу оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Олар:

- оқушының жеке пікірін тыңдау;
- оқушыларды мұқият іріктелген шығармашылық және логикалық оқу тапсырмалары арқылы ынталандыру;
- оқушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және үлгісін көрсету;

- әртүрлі стиль мен жанрдағы жазба жұмыстардың үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер беру арқылы жазба жұмыстарын орындауды үйретеді);
- оқушылардың білім алуына «оқу үшін бағалау» және «оқуды бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушылардың пән бойынша меңгерген біліміне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан
2. МАН Екінші (негізгі) деңгей© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012
3. С.Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде»

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**Сейдуалиева Роза Зайнуллаевна**
М. Горький атындағы №12 мектебінің
қазақ тілі пәні мұғалімі

Резюме

*Современный этап развития ставит перед системой образования проблему технологизации учебного процесса. Отличительной особенностью новых технологий, вошедших в школьную жизнь, является всестороннее развитие растущей личности. В частности, на развитие детей также влияет использование элементов новых технологий. Основной целью является решение проблем, стоящих перед педагогами, работающими в школе новой формации и отвечающих современным требованиям.*

Summary

*The modern stage of development confronts the educational system with the problem of technologization of the educational process. A distinctive feature of the new technologies included in the school life is the all-round development of the growing personality. In particular, the use of elements of new technologies also affects the development of children. The main goal is to solve the problems faced by teachers working in the school of new formation and meeting modern requirements.*

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі-оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпараттандыру

жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып,мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Бүгінгі таңда мектептің білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында өзіндік қайшылықтардың да орын алып отырғанын айту қажет. Мәселен, мектептерде әлі де болса компьютерлердің саны жеткіліксіз,барлық пән мұғалімдерінің бағдарламашылармен тікелей жұмыс істеу мүмкіншілігі шектеулі, автоматтандырылған оқыту бағдарламаларының саны аз, оларды көбейту мәселесі нақты шешімін таппаған, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы информатикадан басқа пән сабақтары өткізілмейді десек те болады. Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;
- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді және мектеп тәжірибесін оқып-үйрену мен талдау негізінде ақпараттық технологияларды мектептің оқу үрдісіне енгізу үшін кешенді ақпарттық білім беру жүйесін құру қажеттілігі туындады. Бұл жүйенің негізін ақпараттық технологиялар құрайды. Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

Компьтерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді,мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардын бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады.Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып,әртүрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар,бақылау тапсырмалары,ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі. Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпараттарды тез табуға көмектеседі;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір оқушыға дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Модельдеу идеясы оқыту үрдісінде жаңа мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, оқу үрдісінде компьютерлік моделдеуді қолдану ойға негізделген болжамдарды тексеруге, сонымен қатар оқушының қоршаған ортамен байланысын анықтап, адамзат санасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді,компьютерлік графика адамның айтар ойын белгілі бір графикалық жүйеге келтіріп, адамның шығармашылық болжамын шыңдауға көмектеседі. Бұл моделдеу әдістемесі оқу бағдарламасының сапасын бағалау жолымен оқушылардың шығармашылық қасиеттерін және ғылыми зердесін дамытудың құралы болып табылады. Компьютер ақпаратпен жұмыс істейді,нысандық жағдайлар жөніндегі мәліметтер

модел ретінде оның сөздік,сандық «сипаттамасы» қаралады. Сондықтан да ақпараттық моделді күрделі жүйе ақпаратының көзі ретінде қарауға болады.

Компьютерлік оқыту бағдарламалары. Олар интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып-үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады. Бұл бағдаламаларда теориялық материал мен блоктар болады,олар оқушылардың берілген білім көлемін меңгеруінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Қорыта келе, қазақ тілі сабақтарында жаңа технология әдісін қолданудың жалпыға білім беретін мектептерде тиімділігі жоғары. Дәстүрлі әдістемеге тән нәрселер өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамытумен ғана шектеліп,өзара бір-бірімен тәжірибе алмаса алмайды,басқа топтармен топтасуға келмейді, тек бір жақты бағытты қалыптастырады.

Ал, жаңа технологияны оқытудың мақсаты әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жақсы жағдай туғызуды ұйымдастырады. Мұғалім сабақтарында жаңа технологияны қолданудың өзі инновациялық шығармашылықты қамтиды. Жаңа технологиялық үлгіні ұйымдастыруда өмірдегі жағдайларды модделдеуге, рөлдік ойындар, жағдаят пен жағдайлардың негіздемесіне қарап, жалпы сұрақтарды шешуде,ой-өрісіне ақпарат ағымының енуі үлкен серпінді шығармашылықты оятады. Сабақтың өзгеше немесе өте қызықты болуына әкелетін әдіс-тәсілдер деп жаңа технологиялық әдістерді айтуға болады. Сондықтан, жаңа технологиялық әдіспен сабақ берудің қазіргі заман талабына сай, жүйелі де сапалы білім беруге, жан-жақты дамыған шығармашылық тұлға қалыптастыруда маңызы аса жоғары.

Бүгінгі таңда орыс сыныптарында қазақ тілін оқытудың түрлі жолдары қарастырылып жүзеге асырылуда. Оқытудың жаңа технологиялық үлгілері ұсынылуда. Қазақ тілін екінші тіл ретінде және қазақ тілін шетел тілі ретінде оқытудың әдістемесіндегі негізгі бағыт, ол – интерактивтілік. Бұл біздің қарым-қатынастар орнату мен оларды қолдау үшін қолданатын тіліміз.Өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін сөз сөйлеуші интерактивті стратегияларды қолданады.

Интерактивті сөз – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлдекіммен сұхбаттасу түрінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігінің сипаттамасы – бұл субьектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Бұд әдістерді игеру және қолдану үшін оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет.

Заман талабына сай технологияларды қолдану арқылы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ басты технологияларды тиімді жүйелі қолдану керек . Инновациялық технологиялар:

-жобалау технологиясы;

-саралап-даралап оқыту технологиясы;

-дамыта оқыту технологиясы;

-модулдік оқыту технологиясы;

-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы -сатылай комплексті талдау технологиясы;

-деңгейлеп оқыту технологиясы. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Оқушылардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың, оқушылардың көбін бағалай аласың. Оқушыларды ізденіске баулып , өз бетімен жұмыс істеуге үйретесің. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби шеберлігін жетілдіруге көмектеседі.

Бастауыш білім–үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Осыған сәйкес оқушыны шығармашылық бағытта жан-жақты қабілетін дамыту-бүгінгі күннің талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу–тәрбиесін ұйымдастырудың түрлі әдіс –тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өз тәжірибемде оқушыларымды шығармашылыққа баулу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.

Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыстар. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою. Қиялдау арқылы рөлге бөліп оқыту. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру. Өз ойларын еркін жазу. Ситуациялық сұрақтар қою. Тақырыпты жан-жақты қарау, сұрақ –жауап әдісімен талдау. Сөз соңында айтарым, қазіргі оқу үрдісінде әртүрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Сабақты әртүрлі әдіс–тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да,мақсат біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. «Алдыңа ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап,ел ертеңіне сеніммен қарасақ қана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын. Әлемдік білім беру кеңістігінің талаптарына сай болатын ,ең алдымен ұлттық жаңа әдістемелердің бүр жаруына, оның өркендеп, тереңге тамыр жайып жас өскіннің алып бәйтеректей қатайып, нығаятынына нық сенемін.

Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Әлемдік деңгейге сай жаңарған әдістемемен

оқытуды меңгеру үшін мұғаліммен жоғары құзырлықты ұйымдастырушылықты қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, оларды зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыты талап етіледі. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталуда.

Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

**Әдебиеттер:**


1. Құдайбергенева К.С. «Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі»,«Алматы», 2001 жыл.
2. Асқарбаев А., Жазыбаев М., Рахметова С. «Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру», «Алматы», 1975 жыл.
3. «Бастауыш мектеп методикасы», «Алматы»,1987 жыл.
4. Жұмабаева Ә.Е. «Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде үргізілетін тіл дамыту жұмытарының әдістемесі», «Алматы»,1994 жыл.
5. Молдатаева М. «Тілді дамыта оқыту» Бастауыш мектеп, 2000 жыл, №3.
6. Рахметова С. «Қазақ тілін оқыту методикасы»,«Алматы» Ана тілі, 1995жыл №5.
7. Қалым Г.М. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 2011 жыл.
8. Түсіпова А. «Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы», Қазақстан мектебі, 2004 жыл, №7.
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті журналы», 2013 жыл, №3.


## ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ


**Тугелбаева Эльмира Базарбаевна**
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
КДИ «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму»
кафедрасының аға оқытушысы



***Түйін***

*Бұл мақалада химия сабақтарында жасанды интеллектті (ЖИ) тиімді қолданудың жолдары мен артықшылықтары қарастырылады. ЖИ технологиялары білім беру процесін интерактивті әрі қызықты ету арқылы оқушылардың білім деңгейін бағалауға, виртуалды зертханалар құруға, интерактивті оқу материалдарын әзірлеуге, сонымен қатар мұғалімдердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Әсіресе, ойын элементтерін енгізу оқушылардың мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллекттің химия пәнін оқытуға енгізілуі мұғалімдер мен оқушылар үшін тиімді шешімдер ұсынып, білім беру сапасын жоғарылатуға және заманауи талаптарға сай білім алу процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Мақала ЖИ технологияларын химия сабақтарына енгізу арқылы білім беру жүйесінің болашағын жаңғырту мүмкіндіктерін көрсетеді.*

Қазіргі заманда білім беру жүйесі жаңа технологиялардың дамуымен қатар үздіксіз өзгеруде. Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл білім беру саласында революция жасаудың негізгі құралдарының бірі. Химия пәнінде ЖИ-ні тиімді қолдану оқыту процесін анағұрлым интерактивті, қызықты әрі қолжетімді етеді.

XXI ғасыр - ақпараттық технологиялардың, олардың ішінде жасанды интеллекттің (ЖИ) қарқынды дамуының куәгері. Білім беру саласында ЖИ-нің ықпалы күнделікті өмірімізге еніп, жүйелі революцияларға алып келуде. Химия пәні — бұл ғылыми пәндердің бірі, ол тек теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибені де қажет етеді. Алайда, химияны оқытуда оқушылардан жоғары дәрежеде абстрактілі ойлау мен аналитикалық қабілеттер талап етіледі, бұл кейде қиындық тудырады.

Жасанды интеллект химия пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер аша отырып, оқу процесін тиімді әрі тартымды етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ЖИ жүйелері білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын автоматты түрде бейімдей алады. Мұндай персонализацияланған тәсіл оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың пәнді терең түсінуіне мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар мен интерактивті оқу құралдары арқылы тәжірибелік дағдыларды дамыту, қиын теориялық концепцияларды визуалды түрде көрсету жаңа үлгідегі білім берудің тиімді әдістері ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, ЖИ мұғалімдерге оқытудың барлық процессін автоматтандыруға көмектеседі, құрылымды жоспарлауды жақсартады, бағалау мен кері байланыс жүйесін оңтайландырады. Осының арқасында мұғалімдер уақытын үнемдеуді және жеке оқушылармен жұмыс жасауға көп көңіл бөлу мүмкіндігін алады.

Бұл мақалада химия пәнінде жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары, практикалық тәжірибелер, оқу әдістері мен кеңестер ұсынылып, ЖИ-ның білім беру жүйесіндегі маңыздылығы мен болашағы талқыланады. Оқушылар мен мұғалімдер үшін жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін толық ашу арқылы, химия сабағын оқыту сауалдарына жаңа көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

1. Оқушылардың білім деңгейін бағалау

Химия сабақтарында оқушылардың білім деңгейін бағалау — білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Дәстүрлі бағалау әдістері, мысалы, тестілік тапсырмалар немесе емтихандар, оқу материалдарын меңгеру деңгейін анықтауға көмектеседі, бірақ олар кейде оқушылардың шынайы білімін және түсінігін толық көрсете алмайды. Жасанды интеллектті (ЖИ) қолдану арқылы бағалау процесін жаңарту және жақсарту мүмкіндіктері пайда болды.

Жасанды интеллект үйренудің жеке траекторияларын жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде бағалау және талдау арқылы ЖИ әрбір оқушыға арнайы оқу бағдарламасын жасауға көмектеседі. Мұғалімдер оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оқу материалдарын олардың қажеттіліктеріне сай бейімдей алады.

Жеке тестілеу

ЖИ жүйесі оқушылардың жеке оқу үлгерімін, сұрақтарға жауап беру тарихын және белсенділігін сараптай алады. Бұл ақпарат негізінде ЖИ оқушылар үшін

тест сұрақтарын әзірлей алады, олар оқушылардың нақты білім деңгейіне сәйкес келеді.

Интерактивті бағалау

ЖИ технологияларын қолдана отырып, сабақ барысында интерактивті тесттер өткізуге болады. Оқушылар тапсырмаларды орындаған сайын жүйе олардың прогресін бақылап, нақты уақытта кері байланыс береді. Бұл оларға өз білімін жақсарту үшін қажетті бағытты анықтауға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық контент және визуализация

Химия пәніндегі абстрактілі концепцияларды бағалау үшін, ЖИ визуализация құралдарын — анимациялар, 3D моделдерін — пайдалана алады. Оқушылар сабақ барысында визуалды ақпаратты көре отырып, жаңа материалды оңайырақ қабылдап, оның негізінде бағалана алады.

Оқыту процесін бақылау

ЖИ жүйелері оқушылардың оқу процестерін мониторингтеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың тапсырмаларды орындауында кездескен қиындықтарды, сұрақтар мен түсініксіз тұстарды анықтау арқылы мұғалімдер оларға қосымша көмек көрсетуі мүмкін.

Деректерді талдау және болжау

ЖИ алгоритмдері жинақтаған деректер негізінде оқушылардың білім деңгейін болжауға да мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдерге белгілі бір пәндік салада білім алушылардың орташа көрсеткіштерін, әрекет өтеуге қажетті дағдыларды, алдағы уақытта кездесетін қиындықтарды алдын ала анықтауға жәрдемдеседі.

Кері байланыс және бағалау нәтижелері

ЖИ технологиялары арқылы оқушылар жүргізілген тестілер мен тапсырмалардың нәтижелері бойынша жоғары сапалы, дәл және нақты кері байланыс ала алады. Бұл нәтиже олардың жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллектіні химия сабақтарында бағалау процесіне енгізу білім беруді едәуір жақсартады. Оқушылардың білім деңгейін объективті және әділ бағалау, олардың оқу жетістіктерін жеке ықпалдастыра отырып, оқу процесінің тиімділігін арттырады. Мұндай тәсіл оқушылардың мотивациясын жандандырып, ғылымға деген құлшыныстарын арттыра алады.

2. Виртуалды зертханалар

ЖИ көмегімен құрылған виртуалды зертханалар химиялық эксперименттер жасаудың қауіпсіз және қолжетімді тәсілін ұсынады. Оқушылар шынайы жағдайлардағыдай реакцияларды бақылап, нәтижелерін анализ жасауға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл практикалық дағдыларды игеруге, білімді тереңдетуге көмектеседі, сонымен қатар, эксперименттер жүргізу үшін уақыт пен ресурстарды үнемдейді.

3. Интерактивті оқу материалдары

Жасанды интеллект сабақтардың интерактивтілігін арттыруға көмектеседі. Мысалы, 3D модельдер мен анимацияларды қолдану арқылы химиялық процестерді визуалды түрде көрсету білім алушылардың пәнге деген

қызығушылығын арттырады. Оқушылар теорияны практикамен байланыстыра отырып, күрделі концепцияларды оңай қабылдай алады.

4. Оқу процесіне мотивация қосу

Жасанды интеллект оқыту процесін ойын элементтерімен байытуға мүмкіндік береді. Ойындарға негізделген тесттер мен жаттығулар арқылы оқушылардың білімін тексеруге, олардың мотивациясын арттыруға және оқуға деген ынтасын күшейтуге болады. Бұл әдіс әсіресе химияның күрделі теорияларын түсіндіргенде тиімді.

5. Уақытты үнемдеу

Жасанды интеллект мұғалімдердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік беретін автоматтандыру құралдарын ұсынады. Сабақ жоспарын, тестілеуді және бағалауды автоматтандыру мұғалімдерге оқушылармен тікелей өзара әрекеттесуге, жаңа материалдарды енгізуге және олардың кәсіби дамуына көп уақыт бөлуге көмектеседі.

6. Мұғалімдердің кәсіби дамуы

ЖИ технологияларын қолдану мұғалімдердің педагогикалық әдіс-тәсілдерін жетілдіруге ықпал етеді. Мұғалімдер ЖИ құралдарын пайдалану арқылы білім берудің заманауи талаптарына жауап бере отырып, педагогикалық тәжірибелерін кеңейте алады. Арнайы курстар мен вебинарлар арқылы ЖИ-ны қолданудың тиімді жолдарын меңгеріп, өз біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік алады.

Жасанды интеллект химия сабақтарында білім беру сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мұғалімдер мен оқушылар үшін тиімді шешімдер ұсынылады, бұл оқыту процесін анағұрлым өнімді, интерактивті және қызықты етеді. ЖИ технологияларын енгізу арқылы химия пәнінің оқыту сапасын молайта отырып, бүгінгі білім беру жүйесінде маңызды өзгерістер жасауға болады.

**Әдебиеттер:**

1. Досмұхамедова, А. Б. (2019). «Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» Қазақ ұлттық университеті, Алматы.
2. Бейсембаев, Б. Б. (2018). «Педагогикада жасанды интеллектіні қолдану: теориялық және практикалық аспектілер.»Педагогикалық және психологиялық ғылымдар журналы.
3. Маханбетова, А. (2020). «Химияны оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану: тиімділігі мен артықшылықтары» Химия және химиялық технология бойынша ғылыми зерттеулер.
4. Султанбаева, Г. А. (2021). «Жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі рөлі» Қазақстан педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының хабаршысы.
5. Кенжебаев, А. С. (2022). «Білім беру мекемелеріндегі жұмсақ дағдылар мен жасанды интеллект, педагогикалық зерттеу нәтижелері» Қазақстанның білім беру жүйесі.
6. Тлеубай, Қ. Т., Сағымбекова, Б. С. (2021). «Химия пәнінде интерактивті әдістерді қолдану» Оқу әдістемелік құрал.
7. Сүйіншығұлов, А. (2020). «Жасанды интеллект пен білім беру: Қазақстан жағдайы.» Халықаралық білім берудегі инновациялар.

# МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Мухамедова Мухтабар Мухтарбековна**
Шымкент қаласы, А.Навои атындағы №11 ЖОМ математика пәні мұғалімі

Резюме

*В данной статья рассматривается применение интерактивных методов обучение на уроках математики*

Summary

*This article discusses the use of interactive teaching methods in mathematics lessons*

Оқудың белсенді әдістері - оқушылардың оқу үдерісіне қатысуының жоғары деңгейімен сипатталады, олар берілген тапсырмаларды шешу үшін қойылған міндеттерді орындауда танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері:

1) оқушылардың ерікінен тыс белсенді болуға итермелейтін мақсатты түрде ойлау;

2) оқушылардың оқу үдерісіне қатысуына жеткілікті ұзақ уақыт кетеді, олардың белсенділігі қысқа мерзімді немесе эпизодтық болмауы керек, тұрақты және ұзаққа созылуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);

3) білім алушының іс-әрекетін және ынтасын жоғарылату үшін шығармашылығын дамытуға өзіндік шешім қабылдауы;

4) білім беру мекемелерінде (тыңдаушылар мен оқытушылар) өз ара интерактивті сипатта қарым-қатынас жасауы, нақты проблеманы шешу жолында үнемі тікелей және кері байланыс арқылы еркін пікір алмасуы.

Қазіргі кезеңде оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптарының бірі білім алушылардың белсенділігін арттыру және өз бетінше білім алу. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылар пәндік білімдерін дамытып қана қоймай, болашақта өз мүдделерін іске асыру үшін сындарлы ойлауға, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың белсенді танымдық қасиеттерінің дамуы шығармашылығының жоғарылауына мүмкіндік береді, мұғалімге көмекші ретінде қолдау жасай алады.

В.П. Чечет оқытуда белсенді әдістердің тиімділігін келесі шарттарға байланысты көрсетеді:

1) белсенді оқыту әдістерін қолдану үшін оқытушы психологиялық - технологиялық дайындығы оңтайлы деңгейде қалыптасады;

2) дәстүрліге қарағанда оқытудың белсенді әдістерінің мүмкіндігі басым (құзыреттілігі);

3) білім алушыларға бір сабақта пәннің мазмұнын нақты және толық түсінетіндей әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану; бір әдісті қолдана беру белсенділігін жояды;

4) дәстүрлі мен белсенді әдістердің икемділігі: уақытты ұтымды пайдалануға және оқыту қызметінде арнайы пәндік білім алу үшін қарастырылған, дәстүрліге қарағанда белсенді әдістерге көп уақыт жұмсалады;

5) оқу үшін бөлінген уақыт пен шарттары оқытылатын тақырыптың мазмұнына, оқу мүмкіндігіне және сабақтағы белсенді әдістер оқыту мақсаттарына сәйкес қолданылады;

6) дамытуға немесе аттестациялауға негізделген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белсенді әдістерді пайдалану өз үлесін қосады;

7) білім беру үрдісінді бағалау жүйесінің ашықтығы;

8) техникалық жабдықтар, қажетті мекемелермен қамтамасыз ету.

Сондықтан, осы дәріс өзін-өзі дамытуға арналған «Математика сабақтарында қолданылатын белсенді және интерактивті әдістер» оқытушы белсенді оқыту әдістерін, олардың алуан түрлілігін және олардың артықшылықтарын дәстүрлі және жалпы әдіснамалық дайындықты байыту туралы хабардарлығын арттыруға көмектеседі.

Белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің нақты шекарасы жоқ екендігін көрсетеді, олардың өзара қарым-қатынасы айқын және бірдей әдістер қолданылады.

Дәстүрлі түрде оқытудың белсенді әдістері «пдагог-білім алушы» өзара әрекеттесуі жүзеге асырылса, интерактивті әдістер «оқытушы-оқушы» және «оқушы-оқушы» өзара әрекеттесуіне негізделген. Сондықтан, бірінші кезекте педагог пен оқушы оқу үрдісіне тең қатысуы, ал екіншіден – оқытушы оқушыларды оқу үдерісіне тартпай-ақ, олар өзара әрекеттесе отырып бір – бірінің ынтасына әсер етеді. Сабақ барысында оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттеседі.

**Математикалық сабақтарда командалық жұмыс істеу үшін белсенді оқыту әдістері**

**Санды және әріптік өрнектер. Өрнектерді салыстыру**

**Мақсаты:** Алфавиттік және сандық өрнектерді тану және салыстыру болып табылады.

- Сандар (жалған) әріптік өрнектерде пайдаланылмайды.
- 10 + x алфавиттік өрнек (шындық).
- Математикалық өрнектер сандық және әріптік (шындық) болып табылады.
- 5 + 3 - сандық өрнек (шындық).
- Әріптік өрнектегі хат бір нөмірмен (жалған) көрсетілуі мүмкін.
- a + 0 = c (жалған)
- x + 7 <x + 8 (шындық)
- 5 + 6 = 6 + 4 (жалған)
- 4 + 2 = 2 + 4 (шындық)
- x + 3> 8, егер x = 5 (жалған)

**ДОМИНО**

**Мақсат**ы: Зерттелген материалды қайталау, есептеу дағдыларын дамыту.

Педагог тапсырмалары бар карталарды дайындайды. Карталар екі бөліктен тұрады: әр картаның оң жағында өрнек, мәселе, тұжырымдама жазылады, сол жақта - сөздің мағынасы, сұраққа жауап, тұжырымдаманың анықтамасы.

2. Опциялар:

- Білім алушылар карточкаларын алады.
- Алғашқы оқушы тақтаға шығып, карточкасын іледі де оны оқиды, сұраққа жауап береді, картаның оң жағындағы бөлігіне тұжырымдама жасайды.

- Содан кейін карточканың екінші бөлігін алған оқушы шығып сұраққа жауап береді, дұрыс тұжырымын айтады.

**Математика сабағында әдісті қолданудың мысалдары:**

Геометриялық фигуралар және оларды жіктеу. Геометриялық пішіндер

**Мақсаты:** геометриялық пішіндерді тануға және атауы үшін: нүкте, сызық, қисық, көпбұрышты, жабық және ашық сызықтар, сегмент, рентген бұрыштар.

Мұғалім геометриялық фигуралар бар карточкалар дайындайды.

Оқушытер 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әрбір топ бірдей карточкалар жиынтығын алады. Топтағы әрбір оқушы 2 карточканы алады.

Кез келген оқушы карточкасын партаға қойып, оң жағындағыға түсініктеме береді. Бұл карточка бірінші болғандықтан, сол жағындағы назар аудармайды, себебі ол соңғы картаның жауабы болады.

Мысалы, оқушы билеті «түзу сызықты» қояды да былай дейді: «Түзу сызық басы немесе аяғы жоқ. Оны сызғыштың көмегімен орындауға болады. «Келесі оқушы түзу сызық бар карточкасын бірінші оқушытің корточкасымен қатар қойып сөйлейді: қисық – бұл тегіс қисық сызық, сызғыштың көмегінсіз сызылады. Қисық сызық - бұл жол бұрылысы, төбе сызық, созылған лента және т.б.

**Математикалық сабақтарда жұппен жұмыс істеу кезінде оқытудың белсенді әдістері**

**ӨЗ ОЙЫНЫ**

**Мақсат**ы: сұрақ құрастыру жолдарын және қалыптастырушы бағалауды дамыту.

1. Сұрақтарға жұп жұптар жауап береді. Мысалы, жауап 5.

2. Жұппен сұрақ құрастырады және жауаптарын жазады. **Мысалы**, 1 мен 4-тің көбейтіндісі? 8 бен 3 –тің айырмашылығы? Жеке сан 20 және 4? 5 және 1 сандары не құрастырады? Қанша 100 –ден 95 –ті алсақ қанша ? 10-ы 2-ке бөлсек қанша болады? Және т.б.

Берілген уақыттан кейін, жұптар жұмыстарына түсініктеме береді.

**Математика сабағында әдісті қолданудың мысалдары:**

Сандар бойынша әдістер. Қалдықпен бөлу.

**Мақсаты**: Бөлуді орындағанда белгілі бір сандық қалдық .

**Жауап** № 1: 7 (қалдық 1), № 2: 7 (қалдық 2), № 3: 7 (қалдық 3), № 4: 7 (қалдық 4), № 5: 7 (қалдық 5), № 6: 7 (қалдық 6), № 7: 8 (қалдық 1), № 8: 8 (қалдық 2), № 9: 8 (қалдық 3) № 10: 8 (қалдық 4), № 11: 8 (қалдық 5), № 12: 8 (қалдық 6), № 2: 8 (қалдық 7).

**Тапсырмалар мен математикалық модель. Бірнеше бірліктерді көбейтуде қарапайым тапсырмаларды шешу**.

**Мақсаты:** Қарапайым және күрделі тапсырмаларды шеші және моделдеу.

Жұптасқан оқушытерге тапсырмалардың мазмұны, жауаптары мен шешімі беріледі.

Оқушытер жауапқа сәйкес келетін сұрақ дайындайды.

1-мысал: Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.

Жауап: 57 жылқы.

2-мысал: Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.

Жауап: 105 жануарлар.
Жауаптың орнына, оқушытерден осы мәселені шешуге арналған өрнек туралы сұрақ дайындауды тапсырыңыз:
Шаруа қожалығында 48 қой және 9 дан көп жылқы болды.
48 + (48 + 9)
Егер мәселе жауап берсе немесе жауап берілсе, мақсат қойылған деп есептеуге болады.

**Әдебиеттер:**


1. Букатов В.М., Ершова А.П. Я иду на урок: Хрестоматия игровых приемов обучения: Книга для учителя. – М.: Издательство «Первое сентября», 2000. – 224 с.
2. Гин А.А. Приемы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя. – М.: ВИТА-ПРЕСС, 2013. – 112 с.
3. Зарукина Е.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб.-метод. пособие. – СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 59 с.
4. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения: учебно-метод.пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2013. – 224 с.


## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА 4К МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


**Егенова Нуркамила Атаевна**
Алматы қаласы, “13 арнайы бөбекжай-балабақшасы “КММ тәрбиешісі



Резюме

*В данной статье рассматривается применение модели «4К» (креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде) у детей дошкольного возростов.*

Summary

*Given article devoted to the preschool childrens ability to use 4“C” model (creativity, critical thiking, communication and ability to work in cooperation )*


Педагогикалық іс- өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты талап етеді. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеті- өзіндік ой - көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған тәрбиешінің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады.

XXI ғасыр-қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отыр. Аманатқа қиянат жасамау-халқымның ізгі ұлылық дәстүрі.

Осы орайда, жаңаратылған мазмұн бағдарламасы бойынша білім беру жүйесі біріншіден әдіс-тәсілдерді жаңаша технология мен сабақ беру формасын таңдауда педагогтың шығармашылдықпен айналысу мен өзін-өзі

шыңдауына, екіншіден жұмысының жоғары кәсіби деңгейде болуын қалыптастырады.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңарту жағдайында мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жаңа жалпыға міндетті білім беру стандартын енгізу білім беру ісін басқару мен бсшылыққа ата-аналарға көрсететін қызметті жаңа дейге көтеруді талап етеді. Қазіргі білім беру ісіне қойылатын талаптар жағдайында жинақталған тәжірибені қолданудың басты көрсеткіші ретінде балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда міндет етіп қойған. Қазіргі баланы тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін жүргізу барысында білім ұйымына бақылау мен басқарушылықты жаңаша ұйымдастыру, педагогтарды өз іс әрекетін жобалау мен баланың дамуын болжау әдістерін меңгерген шығармашыл педагогке айналдыру тапсырмалары қойылған. Мектеп жасына дейінгі бала бойында маңызды шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік дамытушы орта құру. Мектеп жасына дейінгі балаға білім беруді баланың жекелік қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып жүргізу. Балаға білім беру барысында тәжірибелік, танымдық, шығармашылық тәжірибе мен бала іс- әрекетінің басқа да түрлерін қалыптастыру, Қазақстанның патриоттық және мәдени тарихи дәстүрлі негізінде жалпы азаматтық мәдени және адамгершілік құндылықтарын дарыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бала денесінің толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, мектепте білім алуға жан- жақты дайындау. Мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытудың нәтижесі-ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алатын, негізгі құзыреттіліктері және дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негіздерін меңгерген, мектепке оқытуға даяр тұлға болып табылады.

Демек, 4К модельде нақтылап көрсетілген креативтілік, сын тұрғысынан ойлау, командамен жұмыс жасау мен коммуникативтілік балабақшадан бастап мектепке дейінгі балалармен жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет. Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарты: тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір тәрбиеші өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1 кезең – оқып үйрену; 2 кезең – меңгеру; 3 кезең - өмірге ендіру; 4 кезең – дамыту.

Педагогикалық технология – оқытушының кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарлаған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – студенттердің оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады. Оқыту үрдісін жаңашаландыру студенттердің оқу материалын теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы оқытушының әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен

әдістеріне, жаңа педагогикалық технологиялар игерулеріне тікелей байланысты болады.

Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру оқытушыдан орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер оқытушының жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді.

Тұжырымдай келе, қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қадыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдау

2. Қазақ бала-бақшаларындағы тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. Алматы, 1991ж.- 23б

3. Әмірова Ә.С. Балаларды көркем әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы: Рауан. 1998ж . – 34б

# МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГТЫҢ РӨЛІ

**Избанбетова Кенжегүл Бодыбайқызы**
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Т.Рысқұлов атындағы ЖББМ
педагог-психологі

**Түйін**

*Бұл мақалада мектептегі психологтың жұмысы мен балалардың өмір сүру жүйелеріне жағдай жасау және осы жүйелерді таңдауына көмек беру, дағдыландыру мәселелері қарастырылған. Бала психолог пен педагогикалық ұжымның үйлесімді жұмысымен жеке позицияны құруға жағдай жасайды, бұл қызығушылықтар мен мүмкіндіктерді шешу үшін қажет балалар мен мұғалімдер арасындағы ұйымдастырушылық буын ретінде әрекет ететін психолог.*

Мектепте психолог не үшін қажет? Мектептегі психологтың жұмысы оқу-тәрбие процесімен тығыз байланысты. Жаңадан бастаған маман үшін мектеп адамдармен, балалармен жұмыс істеудің құнды тәжірибесін алудың және барлық психологиялық мәселелерді шешудің жақсы мүмкіндігі. Бірақ мектеп – үлкен әлеуметтік институт. Психолог тек балалармен ғана емес, мұғалімдермен, ата-аналармен де жұмыс істейді. Көбінесе мектепте бірнеше психолог жұмыс істейді (психологиялық қызмет), өйткені психологтың қызмет аясы өте кең. Мектептегі психолог қызметінің негізгі бағыттарын қарастырайық:

-психологиялық тәрбие – студенттердің, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының (заңды идеялары), педагогикалық ұжымның және оқу орындарының басшыларының психологиялық білімге деген қажеттілігін, оны өз даму мүддесінде пайдалануға деген ұмтылысын қалыптастыру. Студенттер мен тәрбиеленушілердің әрбір жас кезеңдерінде жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, сондай-ақ тұлғаның қалыптасуы мен интеллектінің дамуындағы мүмкін болатын бұзушылықтардың дер кезінде алдын алу;

-психологиялық профилактика – білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында бейімделмеу құбылыстарының алдын алу, педагогикалық ұжымға, ата-аналарға (заңды өкілдерге) тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде көмек көрсету үшін нақты ұсыныстар әзірлеу;

-психологиялық диагностика – студенттерді бүкіл оқу кезеңінде терең психологиялық-педагогикалық зерттеу, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы мүмкіндіктерін анықтау, сонымен қатар оқудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен механизмдері.

-психологиялық коррекция – педагогтардың – психологтардың, дефектологтардың, логопедтердің, дәрігерлердің, әлеуметтік педагогтардың және басқа мамандардың бірлескен іс-әрекеті негізінде жүзеге асырылатын балалық шақтағы тұлғаның қалыптасу процесіне және оның даралығын сақтауға белсенді әсер ету жұмыс ойын элементтерін және сурет салу әдістерін қамтиды ( баланың

жасына байланысты). Сыныптан тыс жұмыстарды (аудиториялық сағаттар, КТК) өткізу де психологтың құзыретіне жатады.

-кеңес беру қызметі – психологиялық кеңес беру арқылы білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), педагогикалық ұжымға және оқу-тәрбие процесінің басқа да қатысушыларына дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша көмек көрсету.

Баланың барлық аймақтары мен психикалық процестерінің дамуын, денсаулығын ашатын психологиялық-педагогикалық бейнесін құрастыру. Мінездеме сонымен қатар жаңұя климатының толық бейнесін береді, баланың мүдделері және т.б. Мектепте кеңес беру өте маңызды рөл атқарады: әрбір ата-ана немесе мұғалім проблемасы бойынша психологпен байланысуға немесе балаға қатысты көмек сұрауға құқылы.

Бала үшін мектеп – әлеуметтік даму орталығы. Тұлғааралық қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесі, білім алу және тағы басқалар - мұның барлығын бала мектепте алады. Дәл осы жерде мұғалімдер, ата-аналар, психологтар үшін біртұтас жұмыс желісін дамыту қажет. Өзара шешім қабылдау және ортақ мақсаттар болғанда ғана мектеп өзін білімнің әлеуметтік институты деп айта алады.

Психолог балаға мінез-құлықты меңгеру және өз позициясын құру арқылы осы тәжірибенің барлығын меңгеруге көмектеседі, бұл жағдайда баланың әлемді саналы қабылдауы қалыптасады. Көптеген адамдар психолог тек тестілеумен айналысады, ал психология сабақтары элективті сабақтар деңгейінде өтеді және баланың білімі үшін құнды ештеңе көрсетпейді деп қателеседі. Психологтың негізгі ұстанымы – балалардың өмір сүру жүйелеріне жағдай жасау және осы жүйелерді таңдау. Бала психолог пен педагогикалық ұжымның үйлесімді жұмысымен жеке позицияны құруға жағдай жасайды (өзін-өзі тану, сенімділік, жеке пікір). Бұл қызығушылықтар мен мүмкіндіктерді шешу үшін қажет балалар мен мұғалімдер арасындағы ұйымдастырушылық буын ретінде әрекет ететін психолог.

Педагогикалық міндеттерді қалыптастырудың шарттары психологтың табысты жұмысына байланысты. Психолог балалардағы нашар өнімділік, тежеу немесе агрессивтіліктің себептерін анықтай алады. Содан кейін оқушының ата-анасымен жұмыс жүргізіледі. Балалардың мінез-құлқын ата-анасынан артық кім түсінеді? Психолог, ата-ана және мектеп мұғалімдері арасындағы табысты ынтымақтастық көбінесе баланың мінез-құлқына қатысты қажетті нәтижелерге әкеледі.

Балаға мектеп психологынан гөрі мамандандырылған маманның көмегі қажет болатын жағдайлар болады. Содан кейін мектеп психологы басқа маманды ұсына алады.

Петерборлық авторлардың зерттеулері негізінде А.Г. Грецоваи А.Е. Angerwax (2000), біз жас жеткіншектердің көпшілігінде психологтың кім екендігі және оның не істеу керектігі туралы өте нақты идеялар бар деп айта аламыз. Бірақ көбінесе бұл стереотиптік идеялардың жеткіліксіздігі сонша, олардың мүлдем болмағаны жақсы болар еді. Өйткені, бұрыннан бар нанымды өзгерту әрқашан жаңасын қалыптастырудан қиынырақ. Нәтижесінде, жасөспірімдер арасында

психологиялық білімді насихаттаудың көптеген әрекеттері тиімсіз болып шығады, өйткені психологтан алынған немесе оған қатысты кез келген ақпаратты жасөспірімдер өздерінің сенімдері арқылы қабылдайды.

Авторлар өздері анықтаған келесі стереотиптерді келтіреді:

«Психолог» мамандығының өкілдері туралы ойлар:

Субъектілердің 47,5%-ы психологты дәрігер, дәрігер ретінде қабылдайды қызметкер. Көбінесе мұндай «дәрігер» өнімділікпен айналысады жасөспірімдердің психикалық бұзылыстарын емдеу («психолог дәрігер», «психотиктерді емдейді», «адамдарды ессіз жағдайлардан емдейді», «емдейді жынды адамдар»). Кейбір жасөспірімдер саралаусыз жауап береді («дәрігер», «дәрі-дәрмексіз емдейді», «уақытын науқастарға арнайды»), психологтың дәрігер ретіндегі қызметі олардың түсінігінде психика саласымен іріктеліп байланысты емес;

14%: психолог – психиканы зерттейтін ғалым – «зерттейді адам психологиясы», «адам мінез-құлқын зерттейді»;

10%: психолог қандай да бір психологиялық көмек көрсететін маман ретінде – «қабылдайды, тыңдайды және кеңес береді», «адамдарды тыныштандырады» және т.б.;

6%: мұғалім ретінде психолог – «дәл сол мұғалім, бірақ білімі басқа», «психология мұғалімі»;

22,5%: психолог жұмысы туралы идеялар қалыптаспаған немесе толық емес жеткіліксіз. Бұл идеялар әдетте позитивті («жақсы адам», «денсаулық туралы әңгімеші», «психолог — керемет!») немесе жағымсыз («психолог — психо») эмоционалды, немқұрайлы («адам», « кімнің нерві бар екенін біледі », «адамның жалпақ табаны бар-жоғын тексереді»).

Бұл деректер біздің субъектілердің 1/4 бөлігінен азы психологтардың қызметі туралы түсініксіз екенін көрсетеді; Дегенмен, олар 10% субъектілерде ғана практикалық психологтардың қызметінің мәнін салыстырмалы түрде барабар көрсетеді. Тағы 20 пайызы психологты ғалым немесе мұғалім ретінде қабылдайды. Әрине, көп жағдайда бұл дұрыс, бірақ мұндай психолог енді жеке мәселелермен жүгінуге болатын адам емес. Субъектілердің жартысына жуығы психологқа қатысты ең кең тараған стереотипті көрсетеді – олар оны психикалық бұзылыстары бар адамдарды емдейтін дәрігер ретінде қабылдайды. Бұл субъектілер тобы әдетте психикалық бұзылуларды психологпен кеңесуге итермелейтін себептер ретінде көрсетеді.

Психологтарға қатысты адекватты емес әлеуметтік стереотиптердің кең таралуы, авторлардың пікірінше, жасөспірімдердің осы мамандық өкілдеріне жүгінуіне кедергі бола алмайды. Ал бұл мектептегі психологиялық қызметтің тиімсіздігіне әкеп соғады. Авторлар бұл жағдайдан шығудың бір жолын жасөспірімдер дағдарысы басталғанға дейін бастауыш мектепте психологиялық білімді насихаттаудан көреді.

Әдебиеттер:

1. Маклаков А.Г. Жалпы психология. - Санкт-Петербург: Петр, 2016. - 592 б.

2. Нурков В.В., Березанская Н.Б. Жалпы психология. - М.: Юрайт, 2017. - 526 б.
3. Ортикбаев Д.О., Ўста-Азизова Д.А. Әлеуметтік психологиядағы тұлға теориялары // Педагогика және психология: теория мен практиканың өзекті мәселелері. - 2016. - No 1. - 262-264-б.
4. Перемолотова Л.Ю. Тұлға теориялары мәселесі туралы // Құқықтық ой. - 2014. - No 6. - 29 - 31 б.

# МЕКТЕПТІҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ШЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

**Акбердиев Бауыржан Турганович**
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы
№24 Ж.Сүлейменов атындағы ЖББМ
педагог- психологі

**Түйін**

*Бұл мақалада мектеп реформасы және психологияның міндеттері туралы және балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерді шешу үшін, мектеп жасына дейінгі баланың мектепке баруы, мектеп оқушысы болуы оның қоғамдағы нақты орнын өзгерту туралы мәселелерді қарастырған.*

Мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір жақтылығы психологиялық еңбектерде, атап айтқанда, оқушылардың психикасының дамуын зерттеу саласында көрініс тапқанын айту керек. Сондықтан, қазір мектебіміз өзінің негізгі тәрбиелік қызметін сақтай отырып, сонымен бірге оқушыларды жан-жақты дамытудың, өмірге жан-жақты дайындаудың мектебіне айналғанда, мұның психологияға қандай проблемалар тудыратынын байыппен қарастырғанымыз жөн.

Баланың әлеуметтік тіршілік иесі ретінде дамитын ұстанымы кеңестік психологияда берік орнықты. Ол өзінің даму барысында бірте-бірте айналасындағы өмірге көбірек енеді және осы процесте қоғамдық-тарихи тәжірибеде жинақталған және өзі кездескен материалдық және рухани құбылыстарда бейнеленген байлықты игереді. Бала дамуының әрбір жаңа кезеңінде оның ересектер әлемімен, олардың өмірімен байланысы өзгереді. Баланың қоғаммен байланысы өзгермей, оның өмір салты, іс-әрекеті өзгермей, баланың жеке тұлға ретінде дамуы – оның психикалық, адамгершілік, эстетикалық дамуы оның негізінен, қозғаушы күштерінен айырылады.

Баланың дамуы әу бастан жан-жақты болатынын атап өткен жөн. Оның танымдық белсенділігі мен сөйлеуін дамытудағы алғашқы табыстар заттармен практикалық әрекеттерді қалыптастыру негізінде және оның басқалармен қарым-қатынас жағдайында туындайды.

Мектепке дейінгі және мектепке дейінгі балалық шақта бала қозғалыс пен практикалық белсенділікке толы; Ол тіпті қоғамдық қарым-қатынастар әлемін шығармашылық ойынның объективті, тиімді түрінде игереді, онда ол адамдардың

еңбек әрекетінің әртүрлі түрлерін, олардың қарым-қатынасын және айналасындағы «ересек» өмірдің оқиғаларын жаңғыртады. Баланың өмірінің осы кезеңіндегі дамуындағы әрбір қадам «белсенділік шеңбері» мен «байланыс шеңберіне» қарай қадам басады, алдымен оның белсенділігі мен қарым-қатынасы тікелей айналасындағы адамдармен шектеледі, содан кейін оның қарым-қатынас кеңейеді - ол мектепалды даярлық тобында құрбыларының ойындары мен іс-әрекеттеріне қатысады, балабақша қызметкерлерімен, пәтердегі көршілерімен қарым-қатынасқа түседі, айналасындағылардан өзінің «енді кішкентай емес» екенін жиі естиді. Осы негізде — баланың жан-жақты өмірлік белсенділігінің дамуы негізінде оның психикалық дамуы да жүзеге асады; мектепке дейінгі және мектеп жасына дейінгі балалық шағында ол өзінің танымдық қабілеттерін қалыптастыруда үлкен саяхат жасайды және таңқаларлық білім алады.

Мектеп жасының басында балада әлеуметтік маңызы бар, әлеуметтік құнды іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажеттілігі туындайды; ол үшін мұндай әрекет мектепте мұғалімдікке айналады. Тек сабақ беру емес, мектепте сабақ беру. Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке баруы, мектеп оқушысы болуы оның қоғамдағы нақты орнын өзгерту деген сөз. Ол үшін бұл «үлкен өмірге» кірудің жаңа қадамы. Дәл осы баланың «бала – қоғам» қарым-қатынас жүйесіндегі нақты орнының өзгеруі оның одан әрі психикалық дамуын анықтайды. Мұның бәрі психологиялық әдебиеттерімізде көп және дұрыс айтылған.

Ал, психологияда мектеп табалдырығын аттағаны баланы тек байытып қана қоймай, сонымен бірге оның одан әрі дамуына жағдайды әлдеқайда біржақты ететіні заңды және ешбір талдаусыз қабылданған.

Күні кеше ғана балабақшадағы бала мүсіндеп, құммен және сумен ойнады, қайшымен және желіммен жұмыс істеді, текшелерден немесе тақталардан бірдеңе салды - бір сөзбен айтқанда, ол өзінің практикалық іс-әрекетінде тіпті ең қарапайым, қарапайым, бірақ айтарлықтай материалдық заттарды жасады. ; Мектепке келген ол бірден теоретикке айналады. Өйткені, оның оқу іс-әрекетінің негізгі нәтижесі қазіргі кезде анау немесе басқа сыртқы нәтиже емес, оның алған білімі, дағдысы, тәрбиелік әдеттері, яғни идеалды нәрселер – оның ақыл-ой әрекетінің өнімін құрайтын нәрсе, ол қазір, оның практикалық қызметінен анық бөлінген факт. Практикалық санау мен өлшеудің ақыл-ой операцияларымен байланысы ерекше жақын және айқын көрінетін санаудың өзінде, бала мектепте заттармен өзінің сыртқы практикалық әрекеттеріне сүйенбей-ақ меңгереді; нақты объектілер, әрине, қатысады, бірақ негізінен көрнекі құралдар ретінде – оқушылардың мұғалімді тыңдау кезінде нені қарайтыны.

Болашақ мектепте жағдай күрт өзгереді; Мектептерде еңбек сабақтары, ал жоғары сыныптарда – шеберханаларда және мектеп учаскелерінде жұмыс енгізілді. Бұл ретте мәселе ақыл-ой оқу әрекетіне практикалық, еңбек әрекетін механикалық қосуда емес, оқуды еңбекпен ұштастыруда. Және бұл өте күрделі психологиялық мәселелерге байланысты.

Ең алдымен, бұл баланың мектептегі білім беруге көшу кезінде пайда болған танымдық, оқу әрекетін практикалық әрекеттен ажырату рөлін психологиялық тұрғыдан түсіну қажеттілігі туралы неғұрлым жалпы мәселе, ол ең алдымен мұғалімнің сөзіне және бейнелеуіне негізделген. Негізінде бұл мәселе шешілді;

Жан-жақты даму үшін жағдай адамның бүкіл білім беру кезеңінде, сонымен бірге бүкіл өмірінде болуы керек екені даусыз. Бірақ бұл негізгі шешім спецификацияны қажет етеді. Теориялық оқуды практикалық іс-әрекетпен қиындата ұштастырудың психологиялық жағын ашып, осы жаңа жағдайларда оқушылардың білімді меңгеру және олардың ойлауын дамыту процесін сипаттайтын ерекшеліктерді зерттеу қажет.

Психикалық, ойлау әрекеті мен практикалық іс-әрекеттің өзара байланысы мен байланысы, әрине, мектептегі білім алудың барлық кезеңінде өзгеріссіз қалмайды, олар бұрын оған кіретін психикалық операциялар тұрғысынан қарапайым болған оқу процесі ретінде дамиды жалпы құрылым мен мотивация оқушыларға нақты түсінікті оқу мақсаттарына бағытталған ауқымды іс-әрекетке айналады, ал төменгі сыныптарда шағын жұмыс тапсырмаларын орындаумен шектелген практикалық іс-әрекеттер зауыт шеберханаларында немесе колхоз егістігінде өнімді еңбекке жол ашады. .

Осының барлығы бастауыш мектептегі балалық шақтан бастап жасөспірімдік кезеңге дейінгі білім берудің барлық кезеңінде осы екі негізгі әрекет түрлерінің де нақты байланыстары мен өзара байланыстарының дамуын зерттеу психологияның алдында аса маңызды теориялық және практикалық міндет қояды. Бұл әртүрлі кезеңдердегі оқуды еңбекпен біріктіру ерекшеліктері туралы мәселені дұрыс шешу үшін қажет, бұл психикалық даму теориясын байытады;

Тағы бір жайт, сондай-ақ өте айқын, яғни қиындықпен оқытуды байланыстыру міндеті олардың арасында тек пәндік мазмұны бойынша ғана байланыс орнатумен шектелуге болмайды (бірқатар жағдайларда мұндай тікелей байланыс орнату мүмкін емес), бірақ талап етеді. , ең алдымен, олардың бала тұлғасының дамуының екі жағы ретінде байланысты болуы.

Бұл мәселенің өте күрделі екендігіне көз жұмып қарау дұрыс емес. Оның толық шешімін табу үшін белгілі бір уақыт қажет. Сондықтан қазіргі уақытта ең бастысы бұл мәселені шешуге болатын нақты негіз жасау, яғни білім беруді оқушыларды еңбек тәрбиесімен, өнімді еңбекке қатыстырумен іс жүзінде ұштастыру. Бірақ сонымен бірге практикалық тәжірибені жинақтаумен қатар, осы байланыстың барынша тәрбиелік және тәрбиелік әсер беруін қамтамасыз етуге бағытталған терең ғылыми зерттеулерді дамыту қажет.

Теориялық жағынан бұл мүмкіндікті біздің психологиямызда сананың таза ішкі әрекеті ретіндегі психикалық әрекет пен сыртқы, материалдық, практикалық іс-әрекет арасындағы идеалистік қарама-қарсылықты түбегейлі жеңгендігі дайындайды. Бұл олардың құрылымының ортақтығын және олардың арасындағы генетикалық байланысты көруге мүмкіндік берді.

Дәл осы екі әрекет формасының ортақ құрылымының арқасында олардың бірінің буындары бір-бірімен сырттай ғана байланысқан бөлек бөліктерге үзілмей, екіншісінің құрамына өтіп, байланысы мүмкін болады. Ішкі психикалық әрекеттің сыртқы, материалдық әрекетпен генетикалық байланысы туралы ұстанымның маңыздылығы кем емес.

Психикалық даму процесіндегі еңбектің рөлін түсіну үшін ең алдымен сыртқы, жалпы материалдық әрекеттен ішкі, ақыл-ой әрекетіне өтудің қалай жүретінін нақты және психологиялық тұрғыдан ашып көрсету қажет. Балалардың

оқу-тәрбие процесі кезіндегі психикалық әрекеттерінің белсенді қалыптасуына қатысты соңғы психологиялық зерттеулер көрсеткендей, барлық негізгі психикалық операциялар — талдау, синтез, салыстыру, абстракциялау және т.б. бастапқыда баланың практикалық сыртқы әрекеттерді орындауы негізінде дәл қалыптасады. ол материалдық заттармен орындайтын бөлу, байланыс, сынау, т.б. Бірақ дәл осы сыртқы, практикалық әрекеттер бір мезгілде барлық дене еңбегінің міндетті мазмұны болып табылады; олар, осылайша, белсенділіктің екі түрін – когнитивтік, теориялық және практикалық – генетикалық байланыстыратын іргелі буынды білдіреді. Сондықтан оқуды еңбекпен ұштастыруды балалар мен жасөспірімдердің психикалық дамуының құралы ретінде пайдалану міндеті үшін аталған зерттеулер, біздің ойымызша, өте маңызды және қазіргі уақытта одан әрі дамытылуы керек, сонымен қатар параллельді зерттеулер. еңбек операцияларының өздерінің ішкі психикалық негізін қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Ахметова Г., Бекболғанова М.Е., Мұхаева А. Психология мен педагогикадағы логикалық ойлаудың түсінігі мен мәні // Еуразиялық ғалымдар одағы. - 2016. - No 1-3. - 9 - 11 б.

2. Барабанщиков В.А. Қабылдау психологиясы: онтологиялық өлшем // Психология әлемі. - 2009. - No 2. - 78-93 б.

3. Божович Е.Д. Оқыту пәнінің позициясы: тұлғалық және когнитивтік факторлар // Психология сұрақтары. - 2017. - No 6. - 19-30 б.

4. Вовченко Р.А., Рагрин Л.А., Гайворонский Г.В. Когнитивті психологиядағы есте сақтау және мінез-құлық үлгілері // Жаңа ғылым: Қазіргі жағдайы және даму жолдары. - 2016. - No 3. - 70-71 б.

5. Выготский Л.С. Ойлау және сөйлеу. – М.: Ұлттық тәрбие, 2016. – 368 б.

## ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Саулебекова Айгуль Калдыбековна**
Шымкент қаласы,
№4 Х. Досмұхамедов атындағы жоббм,
тарих пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада тарих сабағында педагогикалық технологияларды игеріп, талдап, өз сабақтарында тиімді қолдану және белсенді оқыту әдістерін мейілінше тиімді қолдану мәселелері қарастырылған.*

XXI ғасыр жаңа технологиялар мен жаңа білім беру ғасыры болғандықтан, ғылыми-техникалық прогрестің шапшаң дамып, қоғам дамуы салаларының мазмұны жаңарып, өзгеше сипат алып, күннен-күнге жаңаруда,дамуда. Осыған орай педагогтардың да жауапкершіліктері артып, үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Педагогикалық технологияларды игеріп, талдап, өз сабақтарында тиімді қолдану әрбір мұғалімннің алдындағы мақсат-міндеті болуы керек. Сондықтан мен де өз сабақтарымда белсенді оқыту әдістерін мейілінше тиімді қолдануға тырысамын.

Жаңа технология – іс-әрекетте, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе, дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер.Жаңа технологияларды яғни оқытудың белсенді әдіс –тәсілдерін қолданудағы басты мақсат – оқытуды ізгілендіруі, оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Мәселен: ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау , деңгейлік саралау технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясы, дамыта оқыту ,модульдік оқыту,тірек белгілер арқылы оқыту,жас ерекшелігіне қарай оқыту, т.б. Қазіргі уақыт талабы осы әдіс-тәсілдерді мұғалім өзі саралап, оқушы жас және дербес ерекшелігіне қарай, сабақ мақсат міндетіне қарай тиімді қолдануды талап етеді.

Сонымен өз сабақтарымда қолданып жүрген бірнеше әдіс тәсілдер мен олардың тиімділігі жайлы өз тәжірибеммен әріптестермен бөліскенді жөн көрдім.

1. «Тақырыптық түйінді сөздер »

Бұл әдісті сабақты қорытындылау немесе өткен сабақты еске түсіру,бекіту кезеңінде жеке оқушыға немесе барлық сыныпқа қолдануға болады. Екі бағаны беріледі,біріншісіне өткен тақырыпқа сай(негізгі) және сай емес сөздер жазылады, екінші бағаны бос, сол бос бағанға тақырыпқа сай ұғымдарды енгізу керек. Олардың мағынасын ауызша сұрап кетуге болады, не себепті бұл тақырыпқа сай екенін дәлелдеуді сұрауға да болады. Бұл әдіс оқушының тақырыпты жақсы есте сақтауына, өз ойын дәлелдей алуына, өз білімін, бір-бірінің білімін тексеруіне өте тиімді.

2. «Ойлан, Бірік, Бөліс»

Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс).

Тарих сабағы көбінде зерттеу сұрақтарынан тұратындықтан, бұл әдіс өте тиімді.Балаларға ресурсты бере отырып, зерттеу сұрағына назар аударту керек. (қажетті ақпаратты) Оқушы сол зерттеу сұрағын барынша ашуы тиіс. Мұнда әр оқушы өз ойымен, пікірімен бөліседі, жұпта,топта талқылайды.Барлық сынып оқушыларына қатысуға мүмкіндік туады, белсенділік артады. Оқу, сұрақты зерттеу сабақтары үшін өте тиімді . Мысалы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді? Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті? Зерттеу сұрағын тақтаға жазып қойған дұрыс. Тиімділігі: оқушы өздігінен сұраққа жауап іздейді, өзінің пікірімен,оймен бөліседі, бір-бірінің ойын, пікірін толықтырады, соңында ортақ қорытынды жасалады, барлық сынып оқушылары қатысады.

3.Сұрақтары бар қорап .

Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады.

Бұнда оқушыларға сұрақты барынша тақырыпқа сай, маңызды, сыни құрастыру тапсырылады. Сабақты бекіту, қайталау кезінде қолданған өте тиімді. Оқушының сыни сұрақ құрастыру дағдыларын арттырады және жауап бергенде де ойлануға, өткен тақырыпты берік есте сақтауына ықпал етеді. Оқушы белсенділігін арттыруға, білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

4.Кинометафра.

′ Қазіргі ақпараттанудың өзіне тән ерекшелігі: білім беру өрісіне белсенді түрде кіру, арнайы оқытатын ортаны құруға бағытталған оқытудың жаңа технологияларын пайдалану және дамыту, ақпараттың өнімнің жаңа тәсілдері мен құралдарын оқу үрдісінің заңдылықтарына сәйкес қолдану.

′ Оқушы үшін компьютердің маңызы қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Тарих пәнін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады, оқушыға ой шақырады, тақырыпты терең түсінуіне мүмкіндік береді. Мысалы: Қазақстан тарихы сабағында «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген тақырыпты өткенде сабақтың басында компьютерден тақырыпқа сәйкес фильмнен үзінді көрсетуге болады.

′ Сондай-ақ бұл әдіс оқушы қызығушылығын арттырады, өзіндігінен ізденуге ықпал етеді.

5.ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ КАРТА

Қалыптастырылатын дағдылар: ақпаратты басқару;

- өзін өзі басқару;
- ойлау;
- креативтілік.
- Жалпы сипаттама

Ағаш тәріздес тармақтарды біріктіре отырып, ми ақпаратты қалай сақтаса, ол ақпараттар арасында байланыс орнатылып, сосын құрылымдалған жағдайда оқыту анағұрлым тиімді болады. Тұжырымдамалық карталар осыны көрсетеді, оны жоспарлау және бақылау құралы ретінде қолдануға болады. Олар визуалды және кинестетикалық сияқты танымдық тәсілдер арқылы оқушыларды оқу үдерісіндегі байланыс туралы ойлануға итермелейді. Бұл тәсіл оқушыларға мидың екі жартышарын да пайдалануға көмектеседі. Тұжырымдамалық картаны жоспарлау үшін пайдаланған кезде тақырыптың талқылануына қарай, оларды толықтыруға және кеңейтуге болады. Бұнымен қатар оқушыларды себебі мен салдары туралы ойлануға жетелейтін

Жұмыс алгоритмі

1. Оқушылар үлкен парақтың ортасына басты тақырыпты немесе сұрақты жазады.

2. Оқушылар басты ұғымға қатысты түйінді идеяларды жазып, оларды орталықпен біріктіру үшін стрелкаларды қолданады. Оқушылар әр түйінді идея үшін әртүрлі түстерді және маңызды сөздер мен ұғымдарды сызып көрсету үшін мәтін белгілегішті (маркерді) пайдалана алады. Сонымен қатар оқушылар өз картасын көрнекі ету үшін суреттерді қолдана алады.

3. Оқушылар негізгі идеялардан туындайтын идеяларды көрсету үшін оларды стрелкамен байланыстырады. 4. Тексеру құралы ретінде пайдаланған кезде, оқушылар тұжырымдамалық картаны мұқият тексеруге арналған трамплин түрінде қолданады. Олар, мысалы, кезекті түрлендіру кезінде әрбір туынды буын үшін өзгерістерді пошталық ашықхатта белгілеп отырады. Бұл ашықхатта тиісті туынды буындағыдай түстер мен суреттер қолданылуы мүмкін. 5. Тұжырымдамалық картамен жұмыс істеуді аяқтағаннан кейін жүргізілген жауап

алу оқушыларды белгілі бір идеяларды неге олай топтастырғаны, сондай-ақ карта олардың ойларын қалай ашқандығы туралы ойлануға мәжбүрлейді.

Бұл әдісті топпен,жұппен және жеке оқушымен де жұмыс барысында қолдануға болады.

6.Қар кесегі.

- Оқушылар параққа берілген тақырыпқа сай сұрақтар жазып,домалақтап қар жасайды.Содан кейін оны белгіленген жерге лақтырады. Кейін әр оқушы өзіне бір-бір қар кесегін алып,ондағы сұрақтарға жауап береді. Оқушыларға сұрақтардың маңызды болуын,сыни болуын ескертіп отырған жөн.
- Тиімділігі:
- Оқушының белсенділігін арттырады
- Сыни ойлауға үйретеді
- Сұрақ құрастыру дағдыларын арттырады
- Есте сақтау дағдыларын дамытады
- Өз білімін,бірін-бірі бағалауға үйретеді

7. ББББ (Білемін – Білгім келеді – Білдім)

Қалыптастырылатын дағдылар:

-ақпаратты басқару;

-өзін өзі басқару.

Жалпы сипаттама Бұл әдіс оқушылардың өздерінің қазіргі білім деңгейін, оларда қандай олқылықтар бар екенін анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланылады. Бұл әдіс игерілген білімге негізделеді және командалық жұмыс пен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Жұмыс алгоритмі

1. ББББ кестесіндегі «Білемін» бағанына оқушылар олардың белгілі бір тақырып немесе сұрақ бойынша нені білетінін жазады. Егер оқушылар топтарда жұмыс істейтін болса, олар өздерінің бірлескен жауаптарын кестеге жазбай тұрып, алдымен «Стикер» тапсырмасын өткізе алады.

2. Содан кейін оқушылар «Білгім келеді» бағанына не білгілері келетіндігі туралы жаза отырып, өз білімдеріндегі олқылықтар туралы ойланады.

3. Тақырыпты меңгеру үдерісі аяқталғаннан кейін оқушылар соңғы «Білдім» бағанын толтырады. Бұл жерде олар бірінші екі бағанның дұрыстығын растайды және тақырып бойынша алған білімдерін өздерінің бұған дейін болған, «Білемін» бағанында жазылған білімдерімен салыстырады.

Мәселен, Шыңғысхан және Моңғол мемлекеті, Ұлы жібек жолы т.б. оқушыларға бұрыннан таныс,бұрынғы білімдері бар тақырыптарды қарастырғанда өте тиімді.Оқушының ізденуіне мүмкіндік береді.

Бұдан басқа да тарих сабағында қолдануға тиімді белсенді оқыту әдіс-тәсілдері өте көп. Синквейн,топтастыру,фишбаун, венн диаграммасы,тиімді-тиімсіз, SWOT талдау, аквриум,ыстық орындық, сен-маған,мен саған, әуе шары,бір минуттық эссе,бес сұрақ, ақылдың алты қалпағы,әткеншек т.б.с.с

Белсенді оқыту әдістерінің тиімділіігін арттыру үшін мұғалім оларды саралай отырып оқушының жас және дербес ерекшеліктеріне,сабақ мақсаты мен міндетіне қарай шығармашылықпен сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдана білуі тиіс.

Жас ұрпақтың білімі мен біліктілігін заман үрдісіне қарай бағыттау – оқу орны мен мұғалімнің абыройлы міндеті. Сондықтан да мұғалімнің жүйелі педагогикалық технологияларды сабақтарында пайдалануы тиімді сабақ үрдісін өткізуге, мұғалім мен оқушының тығыз байланысына, оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, өз ойын еркін жеткізе алуына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына және білім сапасының артуына ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер


1. Дала даналары.- Алматы: Қазақстанның даму институты, 2001.- 640 б.
2. Жеті ғасыр жырлайды: XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / Құраст. Е. Дүйсенбайұлы.- Жазушы, 2004.- 394 б.
3. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары.- Астана: KUL TEGIN, 2001.- 356 б.
4. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар.- Алматы: Раритет, 2005.- 256 б.
5. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Жазушы, 2002.- 208 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар: 3 томдық.- Алматы: Білім, 1995.- 256 б.
7. Жұмабаев М. Батыр Баян: Өлеңдер, поэмалар.- Астана: Елорда, 1998.- 329 б.


## РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ


**Тилеубергенова Акнур Ертаевна**
Түркістан қаласы,
"С.Ерубаев атындағы
№7 мектеп-интернат"
КММ тәрбиешісі



**Түйін**

*Бұл мақалада балаларға рухани адамгершілік тәрбие мен білім беру және моральдық даму үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлу мәселелері қарастырылған.*


***Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі***
***Ыбырай Алтынсарин***

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу. Рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде

отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек. Адамгершіліктің негізгі мінез – құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс – қылықтарының, мінез –құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым – қатынастарды бақарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай – ақ тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың сезімдердің мінез – құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық – экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан – жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке,ізгілікке ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге,көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте – бірте қалыптастырады.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз - мақсатты және жүйелі түрде тәрбиеленушінің санасына, сезіміне және тәртібіне қоғамдық мораль талаптарына сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесі жеке адамды қалыптастыруда ерекше орын алады. Ол отбасына, Отанға, халықтар достығына адал, кіршіксіз көзқарасы, қарым-қатынаста болуды талап етеді.

Адамгершілік тәрбиесі балаларды адамгершілік ұғымды, принциптерді, мінез-құлық нормаларын ұғу жайындағы біліммен қаруландырады. Сонымен қатар, ол адамның ішкі жан-дүниесінің әсемділігінен бастап, оның сыртқы келбеті ой әсемдігі мәселелерін қамтиды. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны: тәртіптілік пен ұйымшылдық, достық пен жолдастық, шыншылдық пен әділдік, еңбек пен өз мінез-құлқына сын көзбен қарай білу сияқты қасиеттерді қамтиды. Балабақшадағы адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі талаптарын ғана емес, болашаққа да бағытталуы тиіс. Бала қаншалықты білімді болғанымен, оның адамгершілік қасиеті жетпей жатса, оның жолдастары арасында болмағаны былай тұрсын, жақсы азамат та бола алмайды. Олай болса,

балабақша қабырғасында балаларға берілетін рухани адамгершілік дағдыны бірер жылдың ішінде балалардың бойына сіңіре қоюға болмайды. Ол – ұзақ жылдың жемісі. Балалар бойында жалпы адамзаттық қалыптармен гуманистік, моральдық (қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, іземттілік, кішіпейілділік адалдық және т.б) тәрізді жасампаз қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен зерделік - танымдық қасиеттерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек.

Әр баланың жеке басты – оның моральдық даму үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі балалардың жан – жақты дамуын, олардың мектепке дайындығын қарастырады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда басты рольді атқарады. Оның тәртібі, іс – қимылы, балалар және үлкендермен қарым- қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан – жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани – адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым – қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу,сондай – ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т,б қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым – қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымды қарым –қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін,оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі» аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажети нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты – денісау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық, деп атап көрсеткен. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез – құлқы қалыптасады, ар –ұят, өзін – өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Адамгершілік ұғымының ғылыми - теориялық негіздері
Рухани – адамгершілікке тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін – өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым – қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез – құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа....» «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» - деген мақалдардан көруге болады. Мақал – мәтелдер,жұмбақ, айтыс, өлеңдер, адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс – әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалы қарым – қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез – құлқы, іс – әрекеті, қарым – қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу оған сену, әдептілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б Адамгершілік ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес.

Қиыншылыққа шыдап, ұзақ уақытқа күш – жігер қажет болса да көздеген мақсатына жетуге тырыс.

Топтағы балаларға ілтипатпен қараңыз.

Әділетсіздікпен белсенді түрде күрес.

Балаларға шамаң келгенше көмектесуге тырыс.

Үлкен кісілерді құрметтеуге, сәлемдесуге айтқан ақылын тыңдауға үйрен.

Сіз өз ортанызды сыпайы, мейірімді, адал, қарапайым, болуға тырысыңыз.

Сіз өзбетіңше жауапты шешімдерді қабылдай білуге үйрен.

Сөзің мен ісіңді әрдайым мұқият қадағалай білуің керек.

Үлкен жетістікке жеткен жағдайда атаққұмарлыққа салынба, адамгершілік қасиеттерді естен шығарма.

Қорыта келе, мектепке дейінгі кезеңде адамгершілікке тәрбиелеуде жағымды сезіммен сананың алғашқы элементтерін қалыптастырып, біртіндеп, қарқындап, дамытуға ықпал жасауға көзделеді. Адамгершілік тәрбиесі баланың барлық іс – әрекетіне, әдетіне, мінез – құлқына, тәрт ібіне, үлкендерге, Отанын сүйе білуге, елжандылыққа, еңбекке, қоғамдық мүлікке деген қарым – қатынасының дұрыс болуына бағыт беріп, жөн сілтеп отыратын тәрбие деп тұжырымдаймыз. Әрине, оның себептерін жан – жақтан іздеуге болады. Ата –анасын, жүрген ортасын қоскканда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Олардың барлығы бір мақсатта болып, бір ойдан шығуы мүмкін емес қой деген

пікір де туындап жатады. Бірақ баланың қалыптасуына ықпал етіп, дамуына үлес қосатын тәрбиешінің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ол ешқашан да артық болмайды. Балаларды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар – ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиенің жемісі. Сонымен, қорыта айтқанда, балаларды адамгершілікке тәрбиелеуді алғашқы қадамын жасау – балабақша бойынша бұл тәрбиешілердің қабілетін қажет етеді. Сондықтан әрбір тәрбиеші жас ұрпақты тәрбиелеу борышын терен ұғынып, жауапкершілікті бірдей сезінсе, балабақшамыз – рухани байлықтың ошағы болады және олардан өз елін құрметтеп, келешекте халқымыздың тәлім-тәрбиесін дамытып, жалғастыратын жастарымыз шығатынына сенемін.

Әдебиеттер

1.Айжанова З. Құқықтық тәрбие беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.// Бастауыш мектеп. 2003, №12.

2. Айжанова З. Салауаттылық – өмір салты. Адамгершілікке тәрбиелеу. //Бастауыш мектеп.2004, №1.

3.Әбдіжапарова Ж. Мектеп оқушыларына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Алматы: Рауан, 1998.

4.Бала тәрбиесі. Мұғалімдерге арналған құрал. Іс тәжірибесі. Алматы: Мектеп, 1985.

5. Байжанова Ж. Семья бақыты. Алматы: Қайнар, 1990.

6. Бейсенбаев Ж. Әдептілік әлемі. Алматы: Жалын,1982.

7. Қарсыбаева Р. Адамгершілік қасиетті бала бойына дарыту. Алматы: Мектеп, 2001.

## ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ- ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Торегелдиева Сагдат Ерсаиынкызы**
Шымкент қаласы
№69 Еркебұлан бөбекжай
бақшасының тәрбиешісі

Түйін

*Бұл мақалада балалардың ұлттық тәрбиесі жайлы, жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиесі, еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіре осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстану мәселелері қарастырылған.*

Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл - парасаты мол, мәдени- ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам

алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік білім танымдық ролі орасан зор.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы – сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, мақал-мәтел, шешендік сөз айтыс өлеңдері, сан ғасыр бойы өз ұрпағын «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса, Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіре осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.«Өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу – айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеумен пара-пар» деп Л.Н.Толстой айтқандай ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Өкінішке орай, ұзақ жылдар ұлттық салт-дәстүр атаулыны аяқ асты етіп, ана тілі мен ұлт мәдениетіне дұрыс көңіл бөлінбегендіктен, біршама жастарымызды тілін, дінін, салт-дәстүрін ұмыта бастағаны шындық. Бірақ біз ол үшін жастарды кінәлай алмаймыз. Бұның барлығы ұлттық тәлім – тәрбиенің мектептерде отбасында пәрменді жүргізілмеуінен туындаған көріністер. Ұлт мақтанышы Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» деген. Ал, ақын Мағжан жалпы тәрбие мәселесіне қатысты «Жетекші сөзде», «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда , адам баласы өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан шығысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы қиындықпен туып, аса сараң өсетіндіктен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» - деп жазады.

Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни олар тәрбиеші бола бастайды. Болашақ ұрпақты күшті де рухты етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізеді, жан-жақты дамуға баулиды. Өмір жолында туындап жатқан жайттардың шешімдерін іздестіруге тура келеді.

Тәрбие туралы аз айтылып жүрген жоқ, бірақ балалар мен жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыс өршіп барады. Болашағымызды бағамдай алмай тұрмыз. Санамызға селкеу, ақылға ақау түсті. Сәулесінен әуресі көп. Қоғамдық сананы қалыптастыру үшін ұлттық идеология керек, жеке сананы жетілдірмей, ұлттық сана қалыптаспайды. Кеселдің ең қауіптісі – сана сырқаты, ауыру оңай, оңалу қиын.

Отбасы, мектеп ұжымы, қоғамдық ұйымдар бірлесе қимылдаса бала тәрбиесінде оң нәтижеге қол артарымыз анық.

Бала тәрбиесі тек мектеп мұғалімдерінің ісі емес. Абай атамыздың «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде, бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады» деген дана сөзі бар. Сондықтан да, ата-ананың балаға берер тәрбиесінің рөлі жоғары. Бала жаман әдетті де, жақсы әдетті де ең алдымен отбасынан алады.

Біздің болашағымыз – бүгінгі жастар. Сондықтан да олар еліне, ұлтына адал, сауаттты болып өсуі ләзім. Қазақтың салт-дәстүрін, ата жолын, ана жолын ұғынбаған ұрпақ келешекке балта шапқанмен бірдей. Ұлы ойшыл әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген екен. Бүгінгінің ата-аналары бала тәрбиесіне көп көңіл бөле бермейді. Айтуларынша, уақыт тапшы. Тіпті, жұмысбасты отбасы балаларын үйге жалғыз тастап кете береді. Өзімен-өзі еркіндікте қалған бала телеарнадан қандай хабар көріп, қандай фильмді тамашалайтыны тағы белгісіз. Телеарна – тәрбие құралы. Алайда қазір телеарна көрерменді көбінесе жат тәрбиеге баулитыны жасырын емес. Ал ұлттық тәрбиеге жұтаң баланың келешегінен не күтуге болады? Осы бір ойлар үнемі мазалай береді мені. Шынында да, бала тәрбиесі бей-жай қарайтын дүние емес.Баланы жастан деуші еді ғой, бірақ баланы жастан емес, бесіктен, бесіктен емес-ау, ана құрсағынан бастап тәрбиелеуді атам қазақ ерте ескерген. Әдетте, адам барлық нәрсені өмірге келген соң үйренетін, барлығын қоғамдық өмірден жинақтайтын тәрізді сезіледі. Алайда адамның бес жасқа дейінгі алған тәрбиесі бүкіл өмірден алған тәрбиесінің 90 пайызын құрайды екен. Соның ішінде сәбидің ана құрсағындағы тәрбиесі маңызды орын алады.Бір қызығы, бала ана құрсағында жүргенде, анасы нені көп үйренсе, нені білетін болса, кейін бала сол нәрсені тез игеріп алады екен. Өмір есігін жаңа ашып, жарық дүниені жаңа көріп отырған сәбидің өз тілін білгені қалай? Әрине мұның барлығы оның қанынан, ана құрсағында жүргенде күнделікті алған тәрбиесінен. Өйткені оның әке-шешесі өз тілінде сөйлейді. Ортасы, қарым-қатынасы өз тілінде.

«Сүтпен біткен сүйекпен кетеді», дейді қазақ. Ал бүгінгі біздің ортамыздағы қазақ балалары қалай болмақ? Көбінің күнделікті еститін сөзі орысша болса, ұлттық қаны бар, ұлттық намысы бар қазақ ұрпағын қалай өсіреміз? Ертеңгі ұрпағың туа салып орысша бейімделіп кетпесіне кім кепіл.

Қазіргі медицина құрсақтағы балаға сыртқы дыбыстың әр алуан әсері барын әлдеқашан дәлелдеп қойған. Құрсақта жаңа қалыптасып келе жатқан шарананың қандай мінезді пенде болып туарына сырттағы әуез айтарлықтай ықпал етеді екен. Атам қазақ аттың жалында, түйенің қомында көшіп жүріп ән айтқан, күмбірлете күй тартқан. Адуын мінез бәйбішелердің өздері келін-кепшікті алқақотан жинап ән салдырған, бой жаздырған. Мұның ар жағында - ұрпақ қамы, дәстүрлі тәрбие мәйегі жатқан жоқ па?! Ән шырқаған көңілден ауру қашарын әлмисақтан білген, шадыман көңіл жас анадан шаттық кернеген, мінезді ұрпақ туады деп сенген. Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі.Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды

қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратыны белгілі.

Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі.Бүгінгі қыз –ертеңгі ана,ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата –ана және қоғам.

Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие үрдісі өз жемісін нәтижелі бере бастайды.

Ынтымақ бар жерде тәрбие де бар. Ынтымақ бар жерде береке, бірлік те бар. Қоғамдық тәрбие жанұядан басталады. Ал сол жастар «рухани» байлықпен қылаптасады. Қандай бағытпен жүреді, қандай ізгі істер жасайды, қандай қоғам келешекті қалыптастырады? Ол жалғыз мектеп проблемасы болмауы керек. Оған ата-аналар да, қоғамның әрбір мүшесі де бірігіп атсалысуы қажет

Баланы тәрбиелеу үшін ата- ана өздері белгілі деңгейде тәлімді, үлгілі, өнегелі болуға тиіс.Әке- шешесі бұзық болса олардан тәлім алған бала жөнді болмайды. Алдыңғы арба қалай жүрсе соңғысы да солай жүреді демекші солардың кебін киеді. Сондықтан бала тәрбиелеймін деген кісі ең алдымен өзін өзі тәрбиелегені жөн. Ақылды да парасатты болу -тәрбиеге тығыз байланысты. Ақылды адам өмірден алған сабағы арқылы білімді келеді.

Сіз балаға жөн сілтемесеңіз де ол сізге қарап өседі,әрі істегеніңізді қаз қалпынша жасайтын болады. Бала тәлім -тәрбиені тыңдау,қимыл іс әрекетті көріп соған еліктеу арқылы алады деген сөз. Тәрбиесіз баланы тәрбиелеу оңай. Ал,жаман тәрбиелі пендені түзетіп қайта тәрбиелеу өте күрделі.

Баланы жақсы мен жаманды, бұрыс пен дұрысты толығынан айыра білетін етіп тәрбиелеу үшін біршама игі жұмыстар атқарылуы сұралады.Ең алдымен бала тәрбиелеуші ата- ана өзіне мән беруі жөн сияқты.Өте қатал болсаңыз балаңызды ренжітіп жүрегіне қаяу саласыз.Егер өте мейірбан болсаңыз балаңыз момын, ынжық болады. Егер балаңызды қараусыз жіберсеңіз қоғамға да өзіне де зиян болуы мүмкін. Яғни өз бетімен кеткен бала басқаға еліктеп жаман тәрбие алатыны бар.

Балаға дұрыс тәлім-тәрбие беру әрбір ата- ананың абзал борышы.Бала көбінесе үйде әке-шешесінің қасында тәрбиенің денін алуға тиіс.Баласы қылмыс қайшылық жасай қалса кейбір ата-ана мектебіне,мұғалімдерге, ортаға,достарына қарай кемістікті аударғысы келетіні бар.

Қандай теле хабар тыңдап,қандай кино көруге болады,нені оқуға болады дегенді ата- ана айтып түсіндіріп отырса.Әсіресе қажетті әңгіме,ақыл кеңестерді тұрақты тыңдатса. Біздегі бір келеңсіз жағдай тәлім-тәрбиесі аз, көргенсіздер осындай хабарлардан тыс қалуы. Басқаға үлгі өнеге боларлықтай қарияларды аз тыңдайтынымыз өкінішті.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық

болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік "менін" сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы емес. Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы "қызыл идеологияның" қыспағындағы бодан халық та емес; бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Сонымен бірге "Мәңгі ел" ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халық. Қазіргі кезде әлем жұртшылығы ұлы реформатор, ұлт лидері деп таныған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен Үкімет осы бағытта үлкен мемлекеттік бағдарлама жасап, барлық деңгейдегі билік өкілдері елдің индустриялық-инновациялық даму жолына түсуін қатаң бақылауына алып, жіті қадағалап отыр. Түсінген адамға мұның түпкі астарында да мемлекеттік идеядан туындаған ұлттық мүдде, ұлттық ұстын жатыр.

Екінші негізі, адам мен қоғамның қарым-қатынасына тәуелді. өзақ уақыт бойы педагогикалық мақсаттарды талдау мен негіздеу қоғам мен өкімет қажеттілігіне сай келетін мақсаттар жоғары дәрежеде болып есептеледі. Мұндай жағдайда баланың қызығушылығы екінші орынға шегеріліп отырды.

Бірақта, гуманистік педагогика баланың қызығушылығын ояту мәселесін ең басты деп есептеді. Бүгінгі күнде тәрбиеленушінің өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасау тәрбие берудің басымдық рөлін арттыруда.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің “Ел боламын десең бесігіңді түзе” дегені бар. Біз болашақ ұрпақтың елдік рухы мықты болсын десек, оларды рухани мәдениет уызына жарытып өсіруге тиіспіз. Мемлекетшілдік, елдік, бірлік, татулық ұғымдарын бала санасына жастайынан сіңіруіміз қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде: “Біз өзіміздің балаларымызды, жастарымызды өзгелерді тыңдауға және түсінуге, басқа ұлттардың тілі мен ділін, салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Онсыз қазіргідей жаһандану дәуірінде ешқандай жетістікке жете алмаймыз. Қазақстандық жастар өз елінің патриоты болулары керек. Түрлі экстремистік сипаттағы “көзбояушылықтарға” қарсы тұрар иммунитеттерін күшейтулері қажет”, – деп еді.Ұлттың болашағы үшін тәрбиенің маңызы зор екені белгілі.

Әдебиеттер:

1.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2012.
2.Әлімбаев М. Халық - ғажап тәлімгер. - Алматы: Рауан, 1994.
3.Бөлеев Қ. Қазақ отбасындағы отбасылық тәрбие. 2008.
4.Қалиев С. Тамыры - ұлттық, танымы - ғылыми тәрбие // Қазақстан мектебі,2010.

## ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

**Акпанова Акжаркын Утеповна**
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,
«Арайлым» бөбекжай
бала бақшасының тәрбиешісі

**Түйін**

*Бұл мақалада тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс мәселелері қарастырылған.*

Қазіргі уақытта отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың жеке тұлғасының, әсіресе оның мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі белгілі. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ерекше және көрнекі түрде, әсіресе, бала тәрбиесінде көрінеді. Отбасылық тәрбие жүйесінің және «ана-бала» қарым-қатынасы үйлесімділігінің бұзылуы – балаларда невроз ауруының пайда болуына себепші негізгі патогенетикалық фактор деген көзқарасқа кейбір ғалымдар ерекше көңіл бөледі. Мысалы А.Е.Личко мен Э.Г.Эйдемиллер ерекше мінезді және психопатия белгілері бар балаларға отбасылық тәрбие берудің 6 түрін атап көрсетеді.

Гипопротекция (гипоқамқорлық) балаға қажетті қамқорлықтың жоқтығымен сипатталады (балаға уақыт жетпейді). Мұндай қарым-қатынас кезінде бала өзімен –өзі болады, өзін ешкімге керегі жоқ деп сезінеді. Басым гиперпротекция баланың дербестігіне, ынталылығына тосқауыл болатын тым артық, ығыр қылатын қамқорлықтан туады. Гиперпротекциялық тәрбие кезінде ата-ана баладан үстем болады, яғни баланың тәртібіне қатаң бақылау жасалып, оның шын мәніндегі

қажеттілігі ескерілмейді (мысалы, баланың қарсылығына қарамай анасы оны мектепке дейін шығарып салады). Қарым-қатынастың мұндай түрі басым гиперпротекция деп аталады. Оның бір түріне отбасының еркесі ретінде баланың барлық қажеті мен еркелігін қанағаттандыратын құптаушы гиперпротекция жатады. Эмоционалды шеттету баланың қай қылығын да қабылдамаудан туады. Шеттету ашық түрде ( мысалы, сен мені мезі еттің, кет, жолама маған деген сияқты) немесе мазақтау, кекету, мысқылдау сияқты жасырын түрде болады. Қатал қарым-қатынас баланы ұрып-соғу арқылы көрінеді немесе жасырын, яғни эмоционалдық дұшпандық пен суықтықтан көрінеді. Жоғары моральдық жауапкершілік бала болашағының ерекшелігіне үміт артып, баладан жоғары моральдық тәртіп талап етуден болады. Тәрбиенің мұндай түрін ұстанатын ата-аналар балаға отбасының басқа мүшелеріне қамқоршы, қорғаныш болуды жүктейді. Дұрыс тәрбиелемеу бала мінезінің одан сайын бұзылуына әсер ететін фактор болып табылады.

Мінездің ерекшеленуі дегеніміз – мінездің нормаға сәйкес келмейтін жеке бір ерекшелігінің тым айқын көрінуі. Ерекше мінезді балалардың психикасын зақымдауы мүмкін кейбір әсерлерге тым осал болады. [2]

Баланың жеке тұлғасының отбасында қалыптасуы ата-ананың балаға қарым-қатынасы мен әртүрлі тәрбиеден басқа ата-анасының нұсқауларымен де анықталады. Олар баланың көптеген эмоциялық проблемаларының бастауы болуы мүмкін. Бұл жерде нұсқау деп жасырын, жанама бұйрықты түсіну керек. Ол ата-анасының сөздерінен не іс – әрекеттерінен ашық түрде байқалмайды, оны орындамағаны үшін бала ашық жазаланбайды, жанама түрде жазаланады (ата-анасының алдында өзін кінәлі сезіну). Тек нұсқауларды орындап қана бала өзінің «жақсы» екенін сезінеді. Нұсқау — бұл ата-ананың балаға деген «жасырын жолдауы», ақыл айтуы. Ата-ана нұсқауларының мынадай түрлері мен мазмұнын көрсетуге болады.Олар: 1)Өмір сүрме тұрмыста бұл жолдау көзіме көрінбе, жер жұтқыр деген сияқты күңіреніп сөйлеу арқылы берілуі мүмкін. Бұл нұсқаудың мәні баланы үнемі кінәлі сезіндіру арқылы басқару.

Бала ойланбай ата-анасының өміріндегі барлық бақытсыздықтың себепкері екенмін, оларға өмір бойы қарыздар екенмін деп шешуі мүмкін.2)Бала болма тұрмыста «Сен 5-ке келдің, бірақ өзіңді әлі кішкене бала сияқты ұстайсың», «Тез өссең екен» деген сөздермен беріледі. Ата-аналары кез-келген балалық көріністің қадірін кетіретін сөздерді жиі қолданады және баладан үлкендерге тән мінез көрсетуін қалайтынын айрықша баса айтады. Мұндай нұсқаудың жасырын мағынасы бала тәрбиесінің жауапкершілігін өз мойнына алуға ата-анасының дайындығы әлі қалыптаспағанына байланысты 3)Өспе өмірде бұл «Есеюге асықпа», «Боянуға сен әлі кішкентайсың» деген сөздерден көрінеді. Мұндай нұсқауларды балаларының жыныстық жетілуінен өлердей қорқатын ата-аналар береді. Ержеткен кезінде мұндай балалар өз отбасын құруға қиналады, егер отбасын құрса да ата-анасымен бірге тұрады. 4)Ойлама күнделікті өмірде бұл нұсқау «Ойыңа алма», «Білгірсіме» деген сөздерден көрініс табады. Бұл нұсқауда ойлауға, пайымдауға тиым салынады. Мұндай нұсқаудың жасырын мағынасында өздерінің нақты проблемаларын шешуде ата-ананың қорқыныш сезімі және ол сезімді балаларға беруі жатыр. 5)сезінбе бұл нұсқауда жалпы сезімге немесе

қандай да бір нақты сезімге тиым салынады. Мұндай балалар кейін есейгенде отбасылық өмірінде өзінің екінші жартысына сезімдерін көрсетуде қиындық көреді. Баланы өзінің сезімдеріне, тәннің кейбір белгі- дабылдарына құлақ аспауға үйретеді. Ержеткен кезде олар психосоматикалық ауруға жиі ұшырайды.6) жетістікке ұмтылма — мұндай нұсқаулар «Біз өзіміз ешқандай университет бітірген жоқпыз», «Сенен ештеңе шықпайды» деген сияқты тәрбиелік әңгімелер арқылы жүргізіледі. Бұл нұсқаудың жасырын мағынасында балаларының жетістігіне деген санасыз қызғаныш сезімдері жатыр. Ержеткенде мұндай тәрбие алған балалар еңбекқор, ынталы адам болуы мүмкін, бірақ оларды қырсық шалғандай болады. «Жетекші болма». Мұндай нұсқау алған балалар жиі-жиі «Алға шықпа», «Ерекшеленбе», «Елдің бәрі сияқты бол» деген сөздерді естіп өседі. Ата-анасы басқа адамдардың өз баласына деген қызғаншақтық сезімінен қорқады. Ержеткенде бұл балалар үнемі біреуге бағынумен болады, қызметтік сатыда өсуден бас тартады, отбасында басшы болуға ұмтылмайды.7) Менен басқа ешкімге тиесілі болма,бұл нұсқауды қарым-қатынасында қиындықтары бар ата-аналар береді. Олар тек баласы ғана дос деп есептейді. Есейе келе мұндай балалардың өзін-өзі бағалауы осыған сай болады, бірақ кез-келген топ ішінде ол өзін жалғыз сезінеді, топқа қосылуда үлкен қиындыққа тап болады.[3]

*«Ұяда не көрсең, ұшқанда, соны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал», — деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан.*

*Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жаңұя мектебінің ұстаздары болады. Соның ішінде әйелдің алатын орны ерекше. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жаңұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жаңұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.*

*Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі — әйел. Әйелдің бұл рөлі отағасының жамағатына, бала-шағаның анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығаяды, биіктей береді. Әрине, әйел де өзінің аналық борышын ұмытпағанда, әсіресе, ерімен қабағы жарасып, тату – сүйіспеншілікте тұрғанда мәртебесі арта түспек.*

*Әйелдің еріне қарым-қатынасы балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтыны берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады. Мысалы, ерлі-зайыптылар балалар көзінше бір-біріне қатты, балағат сөздер айтыспақ түгіл, дауыс көтеріп, керісуге тиіс емес. Олай еткенде, өз беделдерін жоғалтудың, бала – шағаның*

*жүрегін шошытып, зәресін ұшырудың үстіне, олардың жанына кейін өздері үй болғанда, алдарынан шығатын жаман әдеттің ұрығын егеді.* [4]

Баланың эмоционалдық қажеттіліктеріне назар аударып, әңгімелесіп және ойнап, тәртіпті сақтатып, қажетті бақылауды жүзеге асырып және жанұяға қажетті материалдық қаржылармен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, балаға тәуелсіздік және дербестік беру керек, үйден бөлек жерлерде басқа балдар мен үлкендермен араласуға жағдай жасау қажет. «Бала нені білсе жастан – ұядан, өле-өлгенше соны таныр қиядан. Ата-анадан өсіп, ұрпақ тараған, жақсы, жаман болса бала — солардан», — деп Бауыржан Момышұлы бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін құлаққа ұғымды, ойға қонымды етіп тұжырымдайды. «Адам бақыты – бала » деген ғұлама ойшылдардың пікірін біздің қазақ былайша өрбітіп, түйіндейді: «Адам бақыты – бала, егер ол саналы болса». Ұрпақ тәрбиесіндегі кемшілік дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүние есігін ашпай тұрып басталуы тиіс.

Кейбір отбасында тәрбиенің қиындығы әке мен шеше өз кемшіліктерімен күреспей, қайта оны жуып-шайуға ұмтылумен сипатталады. Солай бола тұрса да олар балаларынан тәртіпті болуды талап етеді. Ал, өте байқағыш, сезімтал балалар ересектердің мұндай қылықтарын жылдам байқайды. Бұл жағдай балалардың азамат болып өсуіне кері әсер тигізеді. Осы ретте А.С.Макаренко ата-аналарға оқыған лекциясында: «Әрбір әке, әрбір шеше өз баласында қандай қасиетті тәрбиелеп жатқанын жақсы білулері қажет», — деген.

Бала тәрбиесі ата-аналарға жауапты, міндетті жүктейді, ал ол міндеттердің көңілден шығуы ата-ананың отбасындағы әрбір үлгілі ісіне байланысты. Олай болса, А.С.Макаренконың: «Біздің балаларымыз – біздің қартайған кездегі болашағымыз. Оларға берілген дұрыс тәрбие – ол біздің болашақ қасіретіміз, көз жасымыз», — деген даналық тұжырымынан жемісті нәтиже шығарайық. [5]

Баланың жақсы тәрбиелі, қоғамда өзінің орны бар үлкен азамат болып өсуіне отбасының ролі өте жоғары. Біз отбасында баланы тек қана материалдық жағынан қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, баланың психологиялық жай-күйіне, қызығушылықтарына, жеке тұлғалық қасиеттеріне мән беруіміз керек. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес қарым –қатынас жасалғандығы дұрыс. Соңғы кездері елімізде отбасылардың ажырасу жағдайы, отбасындағы түрлі конфликт жағдайлары көптеп кездесуде. Бұның салдары балаларға психологиялық жағынан кері әсерін тигізуде. Баланың отбасында тәрбиеленуіне анасымен бірге әкесінің де жауапкершілігін ұмыптағанымыз дұрыс. Бала ата-анасымен бірге толыққанды отбасында өмір сүрген жағдайда әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстай алады. Қазақ халқында «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөз бар. Отбасы — бала үшін маңызды орында екенін ұмытпай, біз болашақ ұрпағымызды Қазақстанға адал қызмет ететін, білімді де білікті, тәрбиелі азамат етіп өсіру міндетіміз. [6]

Еліміздің дербес мемлекет ретінде дамуы қоғамның болашақ ұрпақтарын ұлттық ерекшеліктеріне тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Ал халқымыз ежелгі тәлім-тәрбие тұжырымдамасында «Тәрбие дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру»- деп

көрсетуі бүгінгі әрбір қазақ баласын өзінің діні мен діліне сай үйлесімді тәрбиелеуді көздейді.

Өмірде жетістікте те, жақсылықта, жамандықта, кездейсоқ оқиғалар да болып жатады. Келеңсіз оқиғалардың адам жанына салатын жараларының көбейіп бара жатқандығына зер салып, әркім өзінше әрекет етеді, өзінше көзқарас танытады, өзінше мониторинг жасап зерттейді. Әрине, әр маман өзінің қызметінің жемісін жақсы жағынан жетілдіруге, халқын дамытуға өз үлесін қосуға тырысуы тиіс.

Қазақ баласын аузынан Алласын тастатпай, баласын тектілікке баулыған. Текті жануарларға теңеп, өмірдің әрбір келеңді-келеңсіз сәттерінен сабақ алып отырған. «Жылқы тектес, қой мінезді» деген сияқты жақсы сипаттарды көрсете отырып, тәрбиенің арқауын ұзын арқан, кең тұсауға салмаған. Тәрбиеге ат үсті қарамаған, сәл кемшіліктің өзіне үлкен жауапкершілікпен мән берген. «Баланы бес жасқа дейін патшаңдай сыйла, сосын он бес жасқа дейін құлан-тайдай жұмса, одан кейін құрбыңдай сырлас», — деп бекер айтпаған. Біз өзіміз дұрыс пен бұрысты ажырата алмаймыз. Бала санасына салмақ салатын көп ғылымды тықпалап, ең қажеттісін айта алмаймыз. [7]

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деп, дана халық айтпақшы қай ұлттың болмасын тәрбие ісінде басты негізге алатын қайнар көзі – ұлттық тәрбие. Себебі, әр халықтың бала тәрбиелеу ісінде көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына сай өзіндік сара жолы бар. Сондықтан ұлт тәрбиесі заман тезінен сыналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тағылымды жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс.

Қазақ халқы адамның имандылығына мінез–құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлген. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен баланы «көргенді» деп, жүрегінен нұр өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды «иманды» деп атаған.

Әр отбасы өз ұрпағына ынтымақ пен имандылықты, адамгершілік пен ізгілікті аманаттаған. «Көргенді жердің, текті жердің баласы екеніңді танып, ата-анаңа кір келтірме!» деген өсиет сөз біздің жүрегімізде жатталып, атадан балаға мирас болған.

Баланың сапалы білім алуы мектепте ғана емес, ата-ананың қамқорлығына да тікелей байланысты. Салауатты отбасы өркениетті қоғамның талабы. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениетке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Оған дәлел 1989 жылы Біріккен ұлттар ұйымында қабылданған, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған. “Баланың толық үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсініктігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Сондай-ақ бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж”деп көрсетілген. Қазіргі кезде отбасындағы ынтымақтастықты орнатуға немқұрайлықпен қарау орын алып отыр. Бұл көрініс

жағдайымен отбасындағы балалар тәрбиесіне көңілдің бөлінбеуі, тіпті ата-аналардың жиналысқа келмеуі, тіпті мектеппен байланыс жасауға талпыныстың болмауына әкеліп отыр. Жас ұрпақ елдің болашағы, тірегі, тізгіні. Егемен еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар сондай жас ұрпақты тәрбиелеу ұстаздар қауымына аса жауапты да қиын міндеттер жүктейді.

Қазіргі кезде мектеп пен ата-ана арасында байланыс үзілді. Бұл кемшіліктің ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізетінін күнделікті өмір дәлелдеп отыр. Мәселен, ата-аналар жиналысына келмеуі, ұл-қызының оқуы мен тәрбиесіне көңіл бөлмеуі ерекше ойлауға, себебін ашуға тұрарлық мәселе. Ата-ана мен мектеп арасында байланыс болмайынша саналы тәрбие, сапалы білім болуы мүмкін емес. Ата-ананы мектепке шақырғанда, сол жиынның ата-анаға тигізер әсеріне, тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлгені абзал.[8]

«Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», — дейді.» [9]

Қорыта келгенде қазіргі таңдағы балалардың тәртіпті болуы үшін ата-аналарының балаларына уақытын бөліп, тәртібіне мән беру керек. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналу керек. Сол себепті, қазіргі өсіп келе жатқан ұрпаққа, біз, жастар да үлес қосуымыз керек.

Әдебиеттер


1. http://kk.wikipedia.org/wiki/Тәрбие
2. http://www.enu.kz/repository/repository2014/otbasylyk-karym-katynas.pdf
3. http://www.enu.kz/repository/repository2014/otbasylyk-karym-katynas.pdf
4. http://massaget.kz/blogs/235/
5. http://collegy.ucoz.ru/load/2-1-0-6541
6. http://www.enu.kz/repository/repository2014/otbasylyk-karym-katynas.pdf
7. http://baq.kz/kk/regional_media/post/42649
8. http://mdt.idhost.kz/home/2012-09-29-16-50-06/289-2012-11-02-19-16-24
9. http://www.enu.kz/repository/repository2014/kazirgi-otbasy.pdf

# АРТ-ТЕРАПИЯДАҒЫ ДИАГНОСТИКА ӘДІСТЕРІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ

**Турсынбаева Зульфия Патаевна**
«Өрлеу»БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиалы «Психология, инклюзивті білім беру және кәсіби даму» кафедрасының аға оқытушысы

Резюме

*В данной статье расматривается применение Арт-терапий в процессе обучение детей с особенными потребностьями.*

Summary

*In this article is considered to use of art therapies in the process of training children with special needs.*

Арт-терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда «өнермен емдеу» деген мағананы білдіреді. Оны ғылымға, жалпы қолданысқа ең алғаш енгізген Адриан Хилл болды.

Арт-терапияны жүргізу барысында мүшелер саны 15-20 адамнан аспау керек. Одан көп болған жағдайда, қатысушыларға да, сонымен қатар, сол жұмысты жүргізушіге яғни психотерапевке де оңайға соқпайды. Топтың мүшелерінің көп болуы, жұмыс аяқталғасын жасалған жұмыстарға талдау, қорытынды шығару да қиынға соғады.

Арт-терапияны жеке-дара шығармашылық жұмыс жасау үшін бөлме кең және ешқандай кедергілері жоқ, әрі жарық болуы қажет. Топ мүшелері өтіп жатқан арт-терапия жайлы білуіне құқы бар. Жұмыс жасау үшін әр түрлі құралдар қолданады: атап айтсақ, мысалы, соус, түрлі түсті қарандаштар, әр түрлі мөлшердегі щеткалар, губка, суы бар құты, политра, түрлі-түсті қағаздар, қоржын, желім, скотч, қайшы, жіп болмаса арқан және т.б. Кейбір сабақтарда маталар, батпақ, ермексаз, қамыр, ағаш, үлкен композиция жасау үшін табиғи жане басқада химиялық заттарды да пайдалануға болады.

Ал театрленген көрініс үшін грим, свеча, костюмдер, музыкалық аспаптар қажет болуы мүмкін. Ереже бойынша сабақтың тақырыбын психолог (арт-терапия жүргізуші) таңдайды. Дегенмен де оны топпен ақылдаса, кеңесе отырып, талдап, талқылап, таңдап алуға болады.

Арт-терапияның тақырыбын таңдауға және топтастыруға болады. Осы жағдайды ескере отырып, осы салада педагогикалық практикада еңбек сіңірген М.Либманның классификациясы баршаға және бізге танымал:

— көркемсурет материалдарын игеруге болады;
— топ мүшелерін толқытып, күйзелтіп жүрген мәселе бойынша зерттеу жүргізу;
— «мен» бейнесі, қарым-қатынас жүйесін зерттеуге байланысты;
— жаңұя мүшелерімен топ мүшелері жұптасып жұмыс жасай алуы;
— топ мүшелеріне арналған көркемсуреттік іс-әрекет;

Сонымен қатар кейбір арт-терапиялық жаттығулар (күн мен түн) топ арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа, әлеуметтік алшақтауды реттейді және жеке адамның топпен қарым-қатынасын реттейді. Басқа да көптеген көмек береді. Топ мүшелерінің бірігіп жақсы тақырып таңдауы маңызды сәттердің бірі болып табылады. Таңдап алынған тақырып егер топ мүшелерінің біреуіне ұнамаған жағдайда қайта талдауды қажет етеді. Талданып қайта түсініп алынған оған қоса топ мүшелері келіссе,ол тақырып сол күйінше,ұнамаса қайта басқа тақырып алу керек

Арт-терапиямен айналысу үлкен профессионалды дайындықты, психотерапия аймағында іргелі білімді талап ететін қиын іс-әрекет болып есептеледі. Қазіргі кезде мұндай мамандар жоқтың қасы. Осыған қарамастан арт-терапияны қолдануға деген қызығушылық өте жоғары.

Арт-терапия жөніндегі білімді елімізде дәл қазіргі күнде тек қана психологтарға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға, әлеуметтік жұмыскерлерге, қарт адамдар, жасөспірімдер психикалық ауру адамдарға тағы басқа көптеген жерлерде қолдану маңызды және қажет екендігі дәлелденуде.

Алғашқыда арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, кейін келе оның қолданыс шеңбері кеңейді. Бұл дегеніміз арт-терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуғада жағдай жасайды деген сөз.

1. Дайындық кезеңі яғни, шығармашылық жұмысқа дайындық. Бұл кезеңнің міндеті - топ мүшелерінің спонтандық көркемсурет іс-әрекетіне дайын болулары және топ мүшелерінін өзара тіл табысып, қарым-қатынасқа түсе алуы. Бұл жерде психологиялық ойындар, қимыл-қозғалыс, билейтін жаттығулар, бейнелеу өнері кіреді. Осы жаттығуларды орындаған кезде саналы түрде бақылау жойылады да реалаксация жүреді.Визуалды, аудиалды, кинестетикалық сезімдерді дамыту. Бұл жерде әуен және би терапиясының элементтері бар суретті пайдалануға болады. Көптеген советтік шетелдік ғалымдардын: (С.С.Корсаков, В.М.Бехтерев, К.Швабе және т.б) айтуынша әуенді терапия ретінде пайдаланады. Әуен адамның көңіл--күйіне әсер етеді және емдеу үрдісін көп әсерін тигізе отырып, толық жазылуына мүмкіндік беріп, озінің ішкі жан-дүниесін білуге, түсінуге мүмкіндік береді. Терапия кезінде сөзі жоқ әуенді таңдау керек және даусы топ мүшелерінің біреуіне ұнамай қалса да, басқа әуен қосу керек. Соңын бимен және қимыл-қозғалыс терапиясымен ұштастыруға бола

2. Жеке дара бейнелеу жұмысымен шұғылдану. Бұл кезең өзінің түйінді мәселесі мен жан күйзелісін зертгеуге арналған жеке дара бейнелеу жұмысы. Спонтандық шығармада, яғни бейнелеу жұмысында адамның санадан тыс процестері (қорқыныш, түс көру, ішкі қарама-қайшылықтар, балалық шақтағы елестер) көрінеді. Сонымен қатар, арт-терапия адамның ішкі күйін ашуға көмектеседі. Осының арқасында адам сөзсіз-ақ айта отырып өзінің мәселесі жайында түсінеді және өзінің бойындағы қасиеттерін тани отырып, талдау жасап үйренеді. Топ мүшелерінің суреттері арқылы қимыл-қозғалыс, тәртіптерін білуге болады. Топ мүшелері экспрессияға дайындалу деңгейі арқылы, арт-терапевтпен қатынасқа және өзінің күйзелістерін ашық айта алуларынан ерекшеленеді. Кейбір

адамдар суретін идеалды, әдемі салуға тырысады. Бұл кезде оларға суреттің әдемілігі бағаланбайды деп ескерткен жөн. Керісінше, ең қажеттісі спонтанды шығармашылық үрдіс, сурет салушының эмоциялық жай-күйі, оның ішкі дүниесі және өзін-өзі көрсетудегі адекватты заттар. Бұл кезең жанама диагностика болады. Жобалау әдістемелерінің талдауы бойынша талдауға болады. Сурет салып отырған кезеңде жеке адамның «осында және қазір» принципін, күйзелістерін жасыруын, сезімдерін бақылап отыруын қадағалап қарау керек. Түрлі-түсті бояулар нақты түрде көңіл-күй мен психикалық күйдің нюанстарын көрсетеді. Өте қатты күйзелісте жүрген адамға, қорқыныш сезімі бар, агрессиясы адамға пластилиндік материалмен жұмыс жасаған өте жақсы көмектеседі. Бұл техниканы қолдау арқылы сенімсіздікті жоюға, жағдайға байланысты үрейді жояға болады.

3. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты жақсарту. Бұл кезеңнің міндеті топ ішіндегі қарым--қатынасты жақсартуға жағдай жасау. Топ мүшелерінің әрқайсысына өз жұмыстарын көрсетіп, бейнелеу жұмысы кезінде пайда болған байланыстар, ойлар, сезімдер жайлы айтулары керек. Топ мүшелерінің ашық болуы, ашылуы, сол адамның жеке ерекшеліктеріне, арт-терапевтке, топ мүшелеріне деген сенімінен айқын көруге болады. Егерде, белгілі-бір себептермен суреті жайлы айтқысы келмесе, оны қинауға болмайды. Топ мүшелеріне салған суреттеріне ат қойып, әңгіме айтуларын сұрауға болады. Мұндай бастама ішкі жан дүниелерін ашуға көмектеседі. Топ мүшелерінің суретері арқылы барлық маглұмат алуға болады.

4. Рефлексиялық талдау. Бұл қортынды кезең болып саналады. Яғни, өздерін және басқа да топ мүшелерін жақыннан түсінісе бастайды. Арт-терапия шығармашылық процесс. Арт-терапияда белгілі бір нұсқаулар, талаптар болмауы керек. Және топ мүшелері берілген тапсырманы қалай орындайды, қандай түспен бояйды, оны өзі біледі. Сонымен қатар, арт-терапияда басқалармен салыстырушылық болмауы керек. Суреттің әдмілігі талданбайды, мағынасы талданады. Арт-терапевт топ мүшелеріне тапсырма бергеннен кейін, олардың бейнелеу, көркемдік іс-әрекетіне неғұрлым көп араласпаса, соғұрлым эффект жақсы болады. Арт-терапия сабағында әуенді, әнді, қимыл-қозғалысты, биді, драманы, поэзияны, шығарманы пайдалануға болады.

**Әдебиеттер**

1. Түңлікбаева Э.М. Психологиялық зерттеулерде қолданатын негізгі ықтималды-статистикалық әдістер. Алматы, 1999г.-42с.
2. Ежова Н.Н. Рабочая книга практического психолога. Ростов-на-Дону, Феникс, 2005г.-345с.

# ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Бекбосынова Бахыт Нурмахановна**
Шымкент қаласы,
№103 жалпы білім беретін
орта мектебінің
физика пәні мұғалімі

*Түйін*

*Бұл мақалада физика ғылымының өзіндік зерттеу әдісі болатыны секілді физиканы оқытудың да өз әдісі бар. Оқыту әдісі деп мұғалімдердің оқушыларды біліммен қаруландыру тәсілдерін және материалды қабылдату айла- шараларын айтылады.*

Физиканы оқыту барысында оқушылардың ойлау әрекетін жетілдіріп қоймай, оқып үйренетін материялға деген танымдық құштарлықты да дамытуға жағдай жасау қажет. Физикалық құбылыстарды тануға деген қызығудың қалыптасып, дамуына себеп туғызатын жағдайлардын бірі бірдей физика оқулығында түсіндірілген.

Физика ғылымының жаңа деректермен сабақ мазмұнын байыту, оқытудың проблемалық тәсілдерін жүзеге асыру, оқыту әдістері мен тәсілдерін түрлендіру, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін күшейту, қызықты тәжірибелер жасау, физикалық фокустар, схемалар, графиктер, т.б. пайдалану оқыту ісін жандандыру түседі.

Оқыту әдістерін оқу тәсілдерімен шатастыруға, немесе әдістерді тәсілдердің қосындысы, болмаса жиынтығы деуге болмайды. Бұл долбарлау оқыту әдісінің өзіндік сапасын жойып, әдістердің өз алдына дидактикалық категория екендігін жоққа шығару болар еді.

Тәсіл-әдісті іс жүзіне асырудың бір жолы – әр түрлі тәсілдердің ұштасып келуі. Физиадан өткізілетін сабақтарда негізгі әдіс- эксперимент. Ал, тәсілге-мұғалімнің тәжірибенің жаса шеберлігі, оны көрсете отырып ұғынықты түсіндіру, оқулықты пайдалану, т.б. жатады.

Оқыту әдістері мен тәсілдерінің өзара айырмашылықтарының болуы олар бір-біріне ешқашан ауыса алмайды деген ұғымды білдірмейді.

Қазіргі қолданылып жүрген оқыту әдістерін негізінен үш топқа бөлінеді: 1.Ауызша түсіндіру әдісі. 2.Көрнекілік әдәсә.3.Проактиалық әдәс.

Бұлар бір-бірімен ұштаса еліп әдістер жүйесін құрайды.

Оқыту ісінде де ғылыми зерттеудегі сияқты әдістер пән мазмұнымен тікелей байланыста болады.Оқыту әдістері түрлі құбылыстардың өзгеруін, олардың өзара табиғи-байланыстарын және даму заңдылықтарын анықтайды, ғылыми-зерттеу әдістерінің негізгі принциптерін үйретеді және оқушылардың творчестволқ дамуына көмектеседі. Олардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

Ауызша баяндау әдісі. Физиканы оқыту процесінде ауызша баяндау әдісіне- физикалық жаңа материалды түсіндіру, әңгімелесу лекция жатады. Бұл аталған әдістер үшін жалпы ортақ нәрсе мұғалімнің оқушыларға сабақты қонымды түсіндіруі. Материалды әңгімелеу - бұл сабақтың логикалық негізінен түсіндіру. Мұғалім сабақта әңгіме әдісінпайдалануға ұқыпты даярлануы тиіс.

Мұғалімнің әңгімелегені белгілі бір физикалық құбылыстарды, мысалы, реактивті құбылысты оқушылар одағыдай түсінуі үшін негізгі түсініктер мен қағидаларды және олардың байланыстарын қисынды етіп көрсетуі керек. Олардың мінін ашу үшін дәл бейнелі сөздерді таба білуі қажет. Әр түрлі көрнекілік құралдарын көрсеткенде оқушы жасаған экспериментті сипаттағанда, не оны талдағанда мұғалімнің түсіндірме сөзі жетекші орын алады. Шынында, физикалық құбылыстар мен өзгерістерді баяндау, тіпті, физикалық құралдарды пайдалану, сондай-ақ, зерттеу, бағдарлау кезеңде сөзбен мағлұмат берілетіні белгілі. Физика таза табиғат тану және тәжірибе жүргізу жөніндегі ғылым бола тұрса да, оны оқытудағы сөз шеберлігінің маңызы жоғары. Жалпы сөз сигналдарын қабылдау күрделі құбылыс. Сабақтың біткенін жариялайтын қоңырау сылдырын оқушылар қалай қабылдап, оған қалай жауап беретіні баршаға мәлім.Уақтысы жеткен кезде, қоңырау сылдыры естілмей-ақ, “қоңырау” деген сөздің өзі қоңырау сылдырап тұрғандай әсер тудырады.Сөйтіп, сөз қоңыраудың міндетін атқарады. Бұдан оқыту процесінде де сөздің соншалық маңызды екенін көреміз.

Әңгіменің кейбір түрлері мынадай : жаңа білімді шолу мақсатында қолданылатын әңгіме, білімді көтеру мақсатымен және жариялау ауызша жаттығулар жасау үшін жүзгізілетін әңгіме, сондай-ақ, өткен материалды қайталау мақсатында өткізілетің әңгіме. Әңгіменің соңғы екі түрі сипаты бойынша жаңа материалды бекіту мақсатындағы әңгімеге жататындықтан, арнайы әңгіме ретінде қарастырылуы да мүмкін.Жаңа білім беретін әңгіме сабағы – оқушының индуктивті жолмен физикалық құбылыстардың бірлі-жарым мысалдарын келтіріп, жалпы қорытындылар шығару. Ол оқушыларға хабарланатын материалды жалпы жағдайдан жалқы жағдайларға алып келетін әңгіме.

Сабақтарды тақырыбына сай : кіріспе әңгіме сабақ; түсіндірме әңгіме сабақ; қорытынды әңгіме сабақ болып бөлінеді.

Бұлардың ішінде ең күоделісі әрі тиімдісі түсіндірме әңгіме сабақ.

Түсіндірме әңгіме сабақ көрсетілімдер жасаумен қоса жүргізіледі.Тәжірибе неғұрлым қарапайым болса соғұрлым түсінікті болады.

Түсіндіру. Соңғы кездерде бұл бірде жеке тәсіл,бірде әңгімені аралас пайдалану тәсілі делініп жүр. Қалай болғанда да, түсіндіруге: пайымдау, ой қорыту, дәлелдеу сияқты белгілер жатады. Оқушылар оқып үйренетін материалды игеруіне негіз боларлық жеткілікті білімдер жоқ жағдайдың бәрінде бұл айла қолданылады.

Мұғаімнің әңгіме сабақтарына мынадай талаптар қойылады: әңгіме сабақ ұзаққа созылмауы керек .Өйткені, әңгіме сабақ ұзаққа созылса, оқушылар зейін қойып тындамайды, әрі шаршайды. Материалдын оңай, қиындығы және көлеміне қарай әңгіме сабақ 10-15 минуттан аспауы керек.

Мұғалім сабақ өткізудің сұрақ-жауап түрінде қолоданады. Бірақ, мұнда “жетекші”сұрақ қойып, оның жауабын оқушы “аузына салуға” болмайды. Сұрақ-жауап түрінде әңгіме өткізу, тәжірибе көрсеткен жағдайда тиімді. Өйткені, тәжірибе кезінде оқушылар мұғалім қойған сұраққа еш жетектеусіз-ақ жауап бережі және мұғалім көмегімен одан қорытынды жасайды.Сұрақ-жауап түрінде әңгіме өткізудің , әсіресе, өткен материалды талдап қорытқанда маңызы үлкен.

Мектеп физикадан өткізілетін лекцияның мақсаты оқушылардың басқа әдістерден ала алмайтын мәліметтерді және деректерді қорытындылау.

Лекция тыңдау физика жайында әңгімен таңдаудан қиынырақ .Өйткені , ол тұрақты зейінді талап етеді. Мектепте физикадан лекция тек жоғары класстарға оқылады.Алайда, кейбір шолу лекциялары емтихан алдында материалды қайталау мақсатында ЕХ кластарда оқылуы мүмкін.

Әрине, физикадан сабақ өткізбес бұрын жалпы лекция сабақтарына қойылатын талаптарды жете білу керек. Бұл талаптар төмендегідей:

- Баяндаудың ғылыми дәлдігі, логикалық үйлесімділігі, бекітілудің тыңғылықтылығы, әсерлілігі,анықтығы.

- Оқушылырдың осы сабақты таңдаудың қажеттігін, сабақ кезіңдегі мақсаттарын түсіну.

- Қарастырылған тақырыпты орындауға оқушылардың әзірлігі, олардыі лекцияны ықыласпен тыңдауы, саналы қабылдауы.

- Оқушылар алған жаңа білімін бұрын алған білімдерінен байланыстыра алуы, осы білімдерін тұрақты есінде сақтай алуы.

Лекциялық сабақ кезіңде мұғалім оның жалпы мзиұнын мақсатында оқушыларға сұрақтар қойып отырады, жауабын өзі қайтаруы мүмкін.

Енді келесі әдістерге қысқаша тоқталып өтелік.

Көрсетілімдік әдіс.Физикадан көрсетілетін көрсетілімдер біртіндеп және сабақтың тиісті езеңінде көрсетілуі тиіс,Егер қажет болса, суреттерді, графиктерді, жоспарлы алдын ала іліп қоюға болады.Көрсетілімдерді көрсетіу, түсіндірумен ұштасьырылуы қажет.

Физиа сабағынан өткізілетін экскурсиялар.Экскурсиялар көрсетілімдік әдісінің бір түрі және оқытудың айрықша ұйымдастыру формасы.Физикалық экскурсияны өткізу барысында әр түрлі әдістердің – әңгіме, лекция, әңгімелесу және басқалар қолданылуы мүмкін. Бірақ, бұладың бәрі көрсетілімдік әдісімен үйлестіріледі , соған бағынышты.

Әдетте экскурсия нақтылы заттарды, құбылыстарды, процестерді табиғи жағдайда көріп, қабылдауға мүмкіндік береді.

Лабораториялық әдіс пен физикалық эксперимент.Мектептегі эксперимент, лабораториялық және іс-жүзілік жұмыстар теориялық білімдерді анағұрлым саналы және берік игеруге көмектеседі. Бұлар – көрнекілік, саналық пен белсенділік, оқыту мен өмірдің байланысуы арлқылы жүзеге асады.

Физикалық жатығулар. Физикадан есеп швғару – білімді бекітудің және іскерлік пен дағдының қалыптасуын, сондай-ақ оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдісі.Лаборатория жабдықтарын, өлшеуіш аспаптарды пайдалана біліді үйретететін арнаулы жаттығулар да бар.

Қайталау әдістері. Физика сабағында қолданылатын қайталау әдісі бекіту әдәсәне ұқсас. Физиалық жаттығулар мен қайталау – білімді бекітудін жаңа іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың негізгі әдісі. Қайталау да жаттығулар сияқты, ауызша және жазбаша өткізіледі. Қайталау күнделікті қайталау және қорытынды қайталау болып бөлінеді. Күнделікті қайталау әр сабақ сайын өткізіледі. Оның негізгі мақсаты – мұғалімнің оқушымен әңгімесі және оқулыққа әдейі еңгізілген қайталау – шолу сабақтарын орындау.

Қорытынды пысықтыу, көбінесе жылдың аяғында, әдетте, тақырыптар мен тараулар бойынша баяндамалар, мұғалімнің шолу сабақтарын орындау.

Проблеммалық оқыту әдісі. Оқушыларға физикалық білім даяр күйінде беріле салмай, мұғаліс оның алдына белгілі бір проблемманы қойып, одан шығу жолын көрсетеді. Проблемалық оқыту - физикалық прблема, физикалық проблемалық сұрақ, физикалық проблемалы тапсырма, проблемалы жағдай деген ұғымдарды қамтиды. Ол тек проблемалық жағдай туғызып қоймай, оны дұрыс шеше білу тәсілдерін де меңгертеді. Ол үщін мұғалім оқушының физикалық материалда кездесетін: ой, пікір, ереже, қағида қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешу тәсілдерін, өздігінен іздену, зерттеу амалдарын үйретуге тиіс.

Проблемалық оқыту үш түрлі формада іске асады: проблемалық баяндау; оқушылардың белгілі дәрежеде іздену және өздігінен іздену әрекеттері.

Проблемалық оқытудың іске асуы ьөмендегідей негізгі үш кезеңнен тұрады: 1. Проблемалық міндет қою және оны айқын ұғыну. 2. Проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиісті амалдарын қарастыру. 3. Проблеманы шешу, оның дұрыстығын тексеру.

Әрине, физикадан берілетінбарлық білімді проблемалық оқыту арқылы іске асыруға болмайды. Кейбір тараулар мен тақырыптарда берілетін білімдер оны қажет етпейді.

Проблемалық оқытудың аса маңызды екі бірдей пайдасы бар. Біріншісі - оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру, екіншісі - ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру.

Бағдарлап оқытуды ұйымдастырудың формасын сипаттайтын жалпылама нәрселерді бөліп көрсетуге болады.Бағдарлап оқыту дегеніміз - “Бағдарлама” деп аталатын жиынтық тапсырмалар бойынша оқушылар өз бетімен жүргізетін жұмыс түрі. Бағдарламаларды ғалымдар, мамандар басшылығымен түрлі жастағы оқушылар үшін, педагогтар құрам құрастырады.

Өз бетімен істелетін жұмысқа мүмкіндігінше толық басшылық жасау үшін, бағдарлама - “қадам” деп аталатын логикалық байланысы бар сұрақтардан, немсе ақпарларды қамтиды. Әрбір қадамда міндетті түрде бақылау - сұрақ болады. Оған дұрыс жауап берілгендігін - қадамның мазмұны дұрыстүсіндіріліп, меңгерілгенін көрсетеді. Тек дұрыс жауап берілгенде, бағдарламаның келесі бөлігінде, келесі қадамға өтуге рұқсат етіледі.

**Әдебиеттер**


1. С. Әлімқұлова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалар» Физика мектепте № 5 2006 жыл.
2. «Физика» оқулығы. 9 сынып. Башарұлы Р, Қазақбаева Д, Бекбасар Н, Тоқбергенова У. «Мектеп» баспасы. 2005 ж.
3. «Физика және астрономия» оқулығы. 7 сынып. Башарұлы Р, Қазақбаева Д, Тоқбергенова У. «Атамұра» баспасы. 2013 ж.

# ФИЗИКА ПӘНІ САБАҒЫНДА ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН КӨТЕРЕ ОТЫРЫП, БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Абдрасылова Алтыншаш Садуахасовна**
Шымкент қаласы,
Саттар Ерубаев атындағы
№24 ІТ мектеп лицейінің
физика пәні мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада физика пәнінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып білім мен дағдыларды игерудің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ете алу, сабақтарда оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру және дамыту мәселесі қаралған.*

Әр мұғалім өз оқушыларының жақсы оқығанын, сабаққа қатысуға және оның пәніне қызығушылық танытуын қалайды. Оқушының оқу іс-әрекетінің мотивациясын дамыту және қалыптастыру қазіргі оқу үдерісіндегі негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Оны қараудың өзектілігі:

1. Оқытудың жаңа стандарттарына көшу.
2. Оқушыларды дербес оқыту тәсілдеріне оқыту.
3. Оқу мотивациясы оқушының психологиялық әл-ауқаты мен даму деңгейін анықтау арқылы оқыту.

Егер ол білімге немқұрайлы және қызығушылықсыз қарайтын болса, оқушыны оқуға мәжбүрлеуге болмайды. Оқушылардың оқу белсенділігі мен үлгерімі мотивацияға байланысты.Психологтардың соңғы зерттеулері ақыл-ойдың мамандандырылған пәндер бойынша да, жалпы пәндер бойынша да үлгерімімен байланысы жоқ екенін көрсетеді. «Күшті» және «әлсіз» оқушылар бір-бірінен ақыл-ой деңгейі бойынша емес, оқу іс-әрекетін ынталандыру күші бойынша ерекшеленетіні белгілі болды.Осылайша, оқушы қандай болмасын, оқуға деген ынтасы мен уәжі болмаса да, ол жетістікке жете алмайды.

Физика-күрделі ғылымдардың бірі, бірақ қызықты. Оны бәріне түсінікті және қол жетімді ету үшін не істеу керек?

Оқушының ақыл-ой белсенділігін арттыру, оны жаңа материалды оқуға дайындау, бұрын зерттелген тақырыпты немесе сабақта тақырыптар блогын сөзжұмбақтарды шешу арқылы қайталауға болады. Сөзжұмбақтарды шешу оқушылардың есте сақтау қабілеті мен зейінін дамытуға ықпал етеді. Оқушыларға тақырыптың атауы шифрланған немесе зерттелген тақырыппен байланысты кроссвордты шешуге шақырылады. Үлкен кроссворд-бұл қосымша әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасаудың қызықты құралы. Сөзжұмбақтар жақсы, өйткені оқушылар осы сөзжұмбақтың торындағы физикалық терминдерге сауатты анықтама беруі керек.

Ребустар шаршауды жеңілдету үшін жаңа материалды түсіндіруде, қайталауда, сабақтың соңында жақсы. Оқушыларға шифрланған сөзді табу

ұсынылады. Бұл тақырыптың атауы, өлшем бірліктері, ғалымның тұжырымы және т.б. болуы мүмкін.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың бір тәсілі-физика сабақтарында көркем әдебиет пен ауызша халық шығармашылығын (мақал-мәтелдер, жұмбақтар) қолдану. Әдеби шығармалардан үзінділерді қолдану оқушылардың қиялды ойлауын байытуға, нақты физикалық құбылыстарды қарастырған кезде жетіспейтін эмоцияларды толтыруға көмектеседі.

Мысалы, механикалық жұмыс үшін жаңа материалды бекіту кезінде сіз бұл мәселені қарастыра аласыз.

Қазақертегілерінде «Секіру» атты әдеби мәтінде «Бала оны мазақтайтын маймылдың артынан мачтаның жоғарғы жағына көтерілді. Оған тек сүріну керек еді-және ол палубаға құлап кетер еді. Ия, егер ол тіпті сүрінбесе де, тіректің шетіне жетіп, шляпасын алса, оған бұрылып, тірекке оралу қиын болды. Барлығы оған үнсіз қарап, не болатынын күтті ... осы уақытта кеменің капитаны, баланың әкесі кабинадан шықты. Ол зеңбіректерді ату үшін мылтық алып жүрді. Ол мачтадағы ұлын көріп, бірден ұлына қарап: - суға! Қазір суға секіріңіз! Ату! Бала шатасып кетті, бірақ түсінбеді. - Секіру немесе ату!.. Бір, екі... - және әкесі айқайлағаннан кейін:» үш « - бала серпіліп, төмен секірді. Дәл зеңбіректің өзегі баланың денесін теңізге соғып, толқын жауып үлгермеді, өйткені жиырма теңізші кемеден теңізге секірді.

Сұрақтар:

1) қандай күш жұмыс жасады және баланы төмен түсірді?

2) қандай күш жұмыс істемеді?

3) қандай күш жұмыс жасады және баланы судан жоғары көтерді?

4) баланың салмағы 40 кг және денесінің көлемі 0,14 м3 екенін біле отырып, осы күштердің жұмысын қалай есептеу керек?

Жұмбақтың тілі дәл және қысқа, жұмбақтың маңызды танымдық мәні бар. Өзінің формасында қарапайым, қарапайым емес, күрделі поэтикалық сипаттама бола отырып, жұмбақ оқушының тез тапқырлығын, ойлау ерекшелігін сезінеді, қиялын дамытады, әлемнің поэтикалық сұлулығы мен байлығына көздерін ашады, кейде өте ұтымды балаларымызға шындықтың таныс және күнделікті аспектілерінің сұлулығын байқауға үйретеді. Жанрдың ерекшеліктері физиканың бастапқы курсында танымал жұмбақтарды сәтті тартуға мүмкіндік береді, бірақ кейде олар орта мектепте де орынды. Көптеген жұмбақтардың мазмұны оқушылардың белгілі бір тақырыптың тақырыбын зерттеу кезінде танысуы керек физикалық процестерге арналған.

Сабақта қолдануға болатын фольклорлық материалдардың тағы бір түрі-мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер табиғаттың, өмірдің және халықтың өмір салтының өзіндік ерекшелігін мұқият ұстайды. Көбінесе мақал-мәтелдер табиғатқа саналы көзқарасты уағыздайды. Әрине, мақал – мәтелдер сабақтың негізгі бөлігі ретінде емес, көмекші, қосымша, суреттелген бөлігі ретінде қолданылады-бірақ өте жарқын және пайдалы.

Физика сабақтарында фольклорды қолдану белгілі бір әдістемелік талаптарды сақтасаңыз тиімді болады, атап айтқанда:

* физика курсының нақты мәселелерімен байланысты болу,

* екінші немесе қосымша материалды емес, негізгі материалды көрсетіңіз,

* көркемдік артықшылықтарға ие болу: бейнелердің жарықтығы мен сенімділігі, мәнерлілігі,

* қысқа, қысқа болу,

* физиканы оқуға деген оң уәжге ықпал ету.

Физика пәнін экспериментсіз жүргізу мүмкін емес. Жақсы дайындалған және эстетикалық түрде жасалған демонстрация әрқашан оқушылардың қызығушылығын тудырады. Мен әр сабақта көрсетуге тырысамын: оқу эксперименті немесе оқулық суретіндегі тәжірибе, ойын-сауық тәжірибесі, эксперименттік мәселені шешу, фронтальды эксперимент жүргізу.

Демонстрациялық эксперимент назар аудару факторларын қосады: күшті ынталандыру, салыстырмалы жаңалық және тиімділік. Жаңалық, тікелей қызығушылық және эмоционалды тартымдылық еріксіз назар аударады. Тәжірибе мұғалімнің физикалық тәжірибелері туралы әңгімесінен гөрі оқушылардың есінде жақсы сақталады. Алайда, оқушылар, сыныпта ұсынылатын тәжірибелердіңтапсырмалары неғұрлым маңызды және қызықты. Бұл еске түсіру қарапайым көбейту емес, конструктивті процесс екенін көрсетеді. Осылайша, эксперименттерді көрсету зерттелген құбылыстар мен заңдылықтарды эмпирикалық тану кезеңінде оқушылардың зейіні мен есте сақтау қабілетін дамытады. Мен үй тапсырмаларында үй эксперименттерін қолданамын.

Танымдық қызығушылық тек оқу материалының мазмұны мен оның өмірдегі мақсаты арасында байланыс болған кезде ғана оның дамуына берік негіз болады. Оқушыларға күнделікті өмірдегі сұрақтарға жауаптар үлкен әсер қалдырады. Мысалы :Гриша балмұздақты қалтасына салды. Ол жерде көп уақыт тұрып, шалбарды бүлдіріп алды. Болған оқиғаны физикалық құбылыс деп атауға бола ма?

Миша түсінде жақсы ертегі айтты. Ертегі құбылысын физикалық құбылыс деп санауға бола ма?

Қазіргі сабақта мұғалім презентацияны жиі қолданады, бірақ оқушы физика туралы білімдерін сабақ барысындағана презентациясын дайындап көрсете алады немесе оқушылар арасында презентациялар байқауын ұйымдастыра алады. Ал, оқушы оған қажет болғандықтан оқиды. Бұл саналы мотивация жоғары оқу орындарына түсуге дайындалып жатқан жоғары сынып оқушыларына тән.Бұл оқушылар үшін өте түсініксіз. Мен сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар өткіземін.Бұл оқушының тәжірибе жүргізе отырып, тақырыптың маңыздылығын аша біледі, түсінеді.

7 - сыныпта физикадан «Күш. Деформация. Гук заңы» тақырыбын өткенде «Блум токсономиясын » қолдандым. «FILA» кестесін толтыру арқылы өткен тақырыптарды еске түсіріп, сұхбат пікірталасын құру.

1.Білу: «Ньютон алмасы» - «Бізге жеткен аңыз бойынша алма ағашының көлеңкесінде жел екпінінен алманың жерге үзіліп түскенін ойлана бақылап отырған Ньютонға әлемдегі барлық денелердің арасында өзара тартылыс күшінің бар болуы туралы ой келген дейді. Ньютонның әзілі бойынша оның басына түскен алма қажетті формуланы қорытып шығаруына себепші болған».

**1 - тапсырма: FILA – кестесі.**

| **Фактілер** | **Идеялар** | **Сұрақтар** | **Іс-әрекет жоспары** |
|---|---|---|---|
| Алма ағашы. | -жел екпінінен алманың жерге түсуі. | 1.И.Ньютон кім? | 1.И.Ньютон туралы мәліметтер жинау. |
| И.Ньютон | -Әлемдегі барлық денелерге күш әсер етеді | 2. Ньютон нені анықтады? | 2.Күш, күштің түрлері , олардың әрекет анықтау. |
| Алманың құлап түсуі. | | 3.Ньютон басына түскен алманың күшті анықтауда себебі қандай? | 3.Күштің кез-келген денеге әрекет етуі туралы слайд дайындау. |

**FILA нәтижесі:**

1. Іс – әрекет жоспарын жасақтайды;
2. Мәтінді түсініп оқиды;
3. Ойлау қабілеті дамиды;
4. АКТ – мен жұмыс жасайды;
5. Ізденуге жетелейді, қызығушылығы артады;
6. Мәтінді толық талдайды;
7. Түйін жасай біледі.

Сабақтардағы ойын сәттері, шығармашылық мәселелерді шешу, физикалық ертегілерді құрастыру, ребустар, кроссвордтар мен жұмбақтарды шешу - оқыту сапасын арттырады, пәнге қызығушылық тудырады және оқушылардың оқуға деген ынтасын дамытуға ықпал етеді.Осылайша, физика сабақтарында оқушылардың танымдық іс-әрекетін әр түрлі жолдармен белсендіруге болады, бірақ бұл активтендіру оқушылардың тәуелсіз жұмыстар санының қарапайым өсуіне әкелмеуі керек екенін есте ұстаған жөн. Соңғысын оқу процесіне қосу әдістемесі маңызды-жұмыс ақыл-ой белсенділігін барынша дамытуы керек.

Қорытындылай келе, мотивацияны және оның тиімділігін қамтамасыз ететін кез - келген тақырыпты игеру процесінің маңызды серіппесі ретінде қарастыра отырып, мынаны есте ұстаған жөн: мотивация – оқушының субъективті әлемінің жағы, ол өзінің қажеттіліктері мен тәуелділіктерімен анықталады. Демек, мотивацияны сырттан шақырудың барлық қиындықтары. Мұғалім оған жанама түрде әсер ете алады, оқушылардың жұмысқа деген жеке қызығушылығы бар алғышарттар мен негіздер жасайды.

Тәжірибемнің негізгі компоненттері:

1. Әрбір баланың мүмкіндік деңгейін ескеріп, сыни тұрғыдан ойлауын тудыру үшін уақыт беру, қолайлы мүмкіндік жасау. Оның ойының, пікірінің мәнділігін түсінуге, сыни көзімен қарау қабілеттілігіне сенім білдіру.

2. Физика пәнінің мазмұнына сай түрлі идеялар мен пікірлерді назарға алу, ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылдыру.

3. Оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін ескере отырып, олармен жеке жұмыс түрлерін жүргізу.

4. Әрбір жеке тұлғаны физиканың  білімімен қамтамасыз ету. Тиянақты, нақты  және жан – жақты болуына жағдай туғызу.

**Әдебиеттер**

1. С. Әлімқұлова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалар» Физика мектепте № 5 2006 жыл.
2. «Физика» оқулығы. 9 сынып. Башаруұлы Р, Қазақбаева Д, Бекбасар Н, Тоқбергенова У. «Мектеп» баспасы. 2005 ж.
3. «Физика және астрономия» оқулығы. 7 сынып. Башаруұлы Р, Қазақбаева Д, Тоқбергенова У. «Атамұра» баспасы. 2013 ж.

# ХИМИЯ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ИНТРАКТИВТІ ОҚЫТУ LEARNINGAPPS БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Төлеген Ажар Сәрсенғалиқызы**
Шымкент қаласы,
Саттар Ерубаев атындағы
№24 ІТ мектеп-лицейі
химия пәні мұғалімі

Түйін

*Бұл мақалада интерактивті оқыту әдістерінің, заманауи компьютерлік телекоммуникацияның, бхимия сабағында қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс әдіс-тәсілдері қарастырылған.*

Қазіргі уақытта заманауи педагогикада көптеген интерактивті жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, оқыту ойындары мен проект әдістері, дискуссиялар, миға шабуыл сияқты әдістер көптеп қолданылуда. Интерактивті оқыту әдістерінің тізімі қазіргі уақытта күннен күнге кеңейіп келеді. Заманауи компьютерлік телекоммуникацияның даму деңгейі қатысушыларға интерактивті диалог (жазбаша немесе ауызша) жасауға, сонымен қатар, қолданушылар арасында шынайы уақыт режимінде белсенді хат алмасуға мүмкіндік береді. Аталған тезис Д.П.Кошеваның «Ұстаздың кәсіби құзырлығын қалыптастыру» атты жұмысында ерекше аталады: «Бағдарламалық құралдар негізінде кейстік, телекоммуникациялық, желілік технологиялар дамып, компьютерлік технология және телекоммуникациялық технологиялар арқылы оқытуда модульдік, икемділік, интерактивтілік, вариативтілік принциптерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Ол оқытуды диагностикалық деңгейде тасымалдап, жеке білім бағдарының қалыптасуына мүмкіндік ашады». Қазіргі уақытта информациялық технологиялар шеңбері білім беру жүйесі үшін кең ауқымды болғанымен, көптеген білім беру мекемелерінде ол еркін бағдарламалық қамсыздандырумен шектеліп отыр. Оны кеңейтуге Интернет желісі мүмкіндік

береді. Сондай интернет ресурсы ретінде қазіргі уақытта кең қолданысқа еніп келе жатқан LearningApps (http://learningapps.org/) вебсервисін атауға болады.

LearningApps сервисі – түрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға арналған тамаша сервис. Сонымен бірге, сервистің негізгі мақсаты – интерактивті тапсырмаларды түрлі пәндік облыстар бойынша сақтау және оны бәріне қолжетімді ету. Аталған сервис Майнц қаласының университеті және Циттау/Гѐрлиц (Германия) қаласының университетімен бірлесіп PH Bern информатика педагогикалық колледжі орталығының ғылыми-зерттеу жобасы ретінде қалыптасып келеді. Севрис бірнеше тілде жұмыс жасайды, сәйкесінше жұмыс істеу ыңғайлы. Осы бірнеше тілде жұмыс жасау және интерфейстің қарапайымдылығы нәтижесінде аталған сервиспен жұмыс істеу өте ыңғайлы. Бар модульдерді оқыту мазмұнына да қосуға болады, немесе оларды оперативті режимде өзгертуге және жасауға болады. Сервистегі интерактивті блоктар жалпыға қолжетімді болуы үшін олар белгілі бір бағдарлама немесе сценарийге қосылмаған. Олардың өз құндылығы бар, ол бағдарламаның интерактивтілігі.

Сервис әртүрлі жас ерекшеліктеріне бағдарланып жасалған. Өз тапсырмаларын жасау және сақтау үшін алдымен бағдарламаға тіркелу керек. Сайт әр түрлі тілде жұмыс жасайды. LearningApps.org сервисінің артықшылықтары: - дайын тапсырма-жаттығулар тіркелусіз де қолжетімді; - дайын жаттығулар негізінде жаңа жаттығу-тапсырмаларды жасау; - бар шаблондар негізінде жаңа тапсырмалар жасау; - тапсырмалар үшін мәтіндік сілтемені QR-коды ретінде де, веб-бетке қою коды ретінде де тіркелусіз алуға болады; - тапсырмаларды оффлайн режимінде орындау үшін дербес компьютерге сақтау мүмкіндігі; - әлеуметтік желілерге басып шығару тіркелусіз де мүмкін; - сыныппен жұмыс істеу үшін жұмыс кеңістігін жасау; Құрал-жабдықтарды жұмыс және топпен жұмыс жасау үшін қолдану. мүмкіндігі (кейбір дайын тапсырмалармен тіркеусіз де жұмыс жасауға болады). Аталған сервисте дайын тапсырма-жаттығуларды «Барлық жаттығулар» бөлімінен пайдалану қарапайым әрі ыңғайлы. Дайын ресурстарға қол жетімділік (доступ) тіркелмеген адамдар үшін де ашық. Яғни, мұғалім өз әріптестері жасаған тапсырма-жаттығуларды да көріп, пайдалана алады. Сондай-ақ, кез-келген тапсырманы архив түрінде жүктеп жеке сайтқа салуға болады.

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.Олардың әрқайсысы көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін тиісті құралдарды қолдануды талап етеді.Солардың бірі оқушылардың өз бетінше жұмыстануына және өз жетістігін бағалауға негізделген LearningApps сервисі.LearningApps сервисі оқушылардың оқуын өз бетінше дамыту және

қамтамасыз ету үшін көп мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады.LearningApps - бұл әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру мекемелеріндегі білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис деп есептеймін.

Сервердің ерекшелігі, пайдаланушылар жасаған барлық тапсырмалар галереяда жиналған және жалпыға қол жетімді болып табылады.

Іздестіруге оңай болу үшін барлық интерактивті тапсырмалар санат бойынша топтастырылған (пәндер бойынша).

Категория бойынша таңдаудан басқа, қиындығына қарай да топтастырылған тапсырмаларды таңдап алуға мүмкіндік бар. Дайын тапсырмаларды серверге тіркелмегендер де пайдалануға мүмкіндігі бар.Жеке материалдарды жасау және сақтау қарапайым тіркеуден өткен соң ғана мүмкін болады.

Сонымен қатар, өз материалдарын жасай отырып, пайдаланушы оларды жеке қолдану және жалпы пайдалану үшін сақтай алады.

LearningApps құралдары әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік береді: викторина, сұрыптау, топтастыру, жіктеу, мәтінді енгізу, кроссворд, уақытша таспа және т.б.
Осы қосымшалардың бірін таңдау сабақ барысында мақсаттарға жету мен білімді игерту көзделеді. Мен осы қосымшаларды сабақтың білімді тиянақтау, топтық және жұптық, жаңа материалды игерту, үй жұмысын тексеру кезеңдерінде көптеп қолдануға болады деп есептеймін.

Кей жағдайларда өз қосымшаңызды құрастырмас бұрын, басқа да әріптестер құрастырған қосымшаларды қарап шығуға кеңес беремін. Себебі әріптестер жариялаған немесе құрған қосымшаларды қарай отырып, өзің құруға талпынған қосымшаға жаңа идеялар алуға, сапалы қосымшалар табуға болады. Дайын қосымшаларды пайдалану кейде уақытты үнемдеуге де тиімді болуы мүмкін.

Сервис мәтіндік ақпаратпен ғана емес сонымен қатар графикалық, аудио, видео ақпараттарменде жұмыстанудың көптеген таңдауларын ұсынады. Өзіңізге ұнайтын жаттығуларды таңдап, оны ашып, деректеріңізді енгізу үшін «Создать подобное приложение» функциясын қолдануға болады.
Әр қосымшаны құрудың алдында мысалдар категориясынан дайын өнімнің қалай жасалғандығында көре аласыз.

Сіз дайындап ұсынған тапсырмаларды орындау барысында оқушылар өздерінің теориялық білімдерін бірнеше рет тексеруге, білімдеріндегі кемшіліктерді жоюға, тапсырмаларды дұрыс орындауға қол жеткізеді, осылай олардың өз білімдерін өзін – өзі бағалауы артады.

Оқушылардың топпен немесе жұппен жұмыс жасаулары олардың өз білімдерін салыстыруға, өзара көмек көрсетуге, өздерінің қабілеттерін өзге оқушылармен салыстыра отырып бағалауға мүмкіндік туады.Осылайша оқушылар берілген тақырып немесе бөлім бойынша тапсырмаларды меңгерудегі өз жетістіктері туралы кері байланыс алады және қаншалықты жақсы түсінгендігін біледі.Кері байланыс алған оқушылар өздерінің білімін және оқуға деген ынта-жігерін арттыру үшін өз алдына мақсаттар қояды деп есептеймін.

Мұғалімде LearningApps сервисін пайдалана отырып кері байланыс алуға мүмкіндік алады. Ол үшін Сіз серверге тіркелген болуыңыз керек және өзіңіздің виртуалды кабинетіңізді құрып, онда сынып пен оқушылар тізімін құру қажет. Сыныптар тізімін жасағанда сервер оқушыларға арналған логин мен құпия сөздерді автоматты түрде береді. Серверге тіркелген оқушылар өз аудиториясына логин мен құпия сөзін енгізу арқылы кіріп, мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындай алады.

Мен ИнЕУЖЕК оқушыларына химия сабағын өткізгенде LearningApps бағдарламасымен бірнеше тапсырмалар құрастырдым. Бүгінгі жұмысымның мақсаты:Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын және тақырыпты оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында өз тәжірибемде қалыптастырушы бағалау құралдарын белсенді пайдалану. Оқушылардың үй жұмысын тексеріп жаңа тақырып өткеннен кейін Жаңа тақырыпты бекіту үшін LearningApps бағдарламасында осындай тапсырмалар қолдандым.1- тапсырмада оқушылар 10 сұрақтан тұаратын сөзжұмбақты шешті. 2-тапсырмада зертханалық жұмыстарда қауіпсіздік ережесін сақтауға байланысты жасырын сөйлемдерді құрастырды. Бұл Тапсырманың жауабын мысалы айта кетсем**:** Броммен тартпа шкафта, резеңке қолғап пайдаланып, сақтықпен жұмыс істеу қажет. Келесі тапсырмада әрбір оқушыға «Галогендер және олардың қосылыстары» бойынша тест жұмыстары беріледі. Сабақты қорытындылау үшін оқушыларға сұрақтар қойылды: Сабақ маған ұнады,Сәл түсініксіз, түсінбедім деген жауаптарын қолымен көрсету керек. Барлық оқушылар сабақ ұнады деп жауап берді. Бұл бағдарлама оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын оятты.

Қорытындылайтын болсам интерактивтік тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың ақпаратты қабылдау мен есте сақтауы, есте сақтау дағдысының артуы, зейіні мен эмоционалдық қасиеттері қарқынды дамитындығы, назарының тұрақталатындығы, қорыта білуі, жіктеу қабілеттері артады деп есептеймін

Оқушылар LearningApps сервисімен жұмыс жасағанды ұнатады, барлық тапсырмаларды уақытылы орындайды, олардың толық орындалуына қол жеткізеді деп есептеймін.

Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен белсенділігін артыруда LearningApps сервисі шын мәнінде қалыптастыруша бағалау құралы болып табылады. Тапсырмаларды орындау барысында олардың қиындықтарын талқылап, талдап, бағалайды. Берілген тапсырмаларды орындауда білімнің жоғары деңгейіне жетуге деген келесі қадамдарын құра алады. Бір – бірінен көмек сұрайды және көмектеседі. Сонымен қатар, өз материалдарын жасай отырып, пайдаланушы оларды жеке қолдану және жалпы пайдалану үшін сақтай алады.

Әдебиеттер:

1. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы.: Print-S, 2005ж.
2. Аханбаев К.А. Химия. – Алматы.: Білім, 2003ж.
3. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы.: Анна тілі, 2002ж.
4. Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. – Алматы.: Білім, 2003ж.

# ХИМИЯ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМЫТУ

**Оралбекова Калида Турганбаевна**
Шымкент қаласы,
№136 ЖОББМ
химия пәні мұғалімі

**Түйін**

*Қазіргі жағдайда мектептің негізгі міндеттерінің бірі — оқушылардың интеллектуалды дамуы, зерттеу дағдыларын қалыптастыру, оқу процесінде оқушының әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады. Химияны оқытуда зерттеу тәсілін енгізу, шығармашылық потенциалын арттыру, оқу іс-әрекетінің мотивациясын күшейтуге ықпал етеді. Бұл мақалада химия сабағында оқушылардың шығармашылық потенциалын дамыту бойынша зерттеу жұмыстарының түрлері мен олардың рөлі туралы баяндалған.*

Қазіргі мектептің алдында қоғамдағы өмір сүру жағдайларына бейімделген сауатты, өнімді ойлайтын адамды тәрбиелеу міндеті тұр. Қазіргі мектеп жағдайында оқушылардың интеллектуалды даму проблемасы басым мәнге ие. Бұл мәселеге назар аудару қазіргі өмір жағдайына байланысты.

Химия пәні көптеген оқушылар үшін пәндердің арасындағы ең қиын пән болып табылады. Бұл пікірде оқушылар да, олардың ата-аналары да, басқа пәндерді басқаратын пән әріптестері де құптайды. Кез-келген оқу пәні сияқты, химия да зерттелетін объектілерге ерекше көзқараспен қарайды, бірақ ол бәрін үйренеді! Өкінішке орай, бүгінде химия көптеген адамдар үшін маңызды емес. Оқу процесін қызықты, шығармашылық, есте қаларлық етуге көмектесетін нәрсені қалай табуға және таңдауға болады? Тек жарқын сезімдер мен жағымды эмоциялар тудырып, сабақта жайлы климат құруға болатынына сенімдіміз.

Әр мұғалімнің алдында оның барлық педагогикалық қызметі барысында сұрақ туындайды: не үйрету керек және қалай үйрету керек. Бұл мәселені әр түрлі өмірлік кезеңдерде шешу мұғалімнің бірегейлігін, оның кәсіби ұстанымын, жеке ұстанымын анықтайды. Біз мектепте өткен педагогикалық тәжірибе кезінде «химия сабақтарында оқушылардың интеллектісі мен шығармашылығын дамыту» мәселесіне аса назар аудардық. Бұл мәселені шешу үшін басты мақсат бірінші орынға қойылады: табиғатта қалыптасқан бейімділікті дамыту, ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Оқушылардың химиялық ұғымдарды қабылдаудағы және тиісті дағдыларды игерудегі қиындықтары, ең алдымен, күрделі оқу жұмысына қалыптасқан интеллектуалды дайындықтың жеткіліксіз деңгейімен байланысты: зейінді шоғырландыру қабілетінің төмендігі, талдау, салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау, нақты практикалық жағдайларға теориялық ережелерді қолдану, нақты материалдың үлкен көлемін есте сақтау және ситуациялық белсендіру мүмкіндігі оның нақты бөлігі. Оқушылардың интеллектуалды жетілуінің жеткіліксіздігінде аралық бақылау нәтижелері растайтын жаратылыстану профилін қалыптастырудағы қиындықтардың себебі жатыр.

Интеллектуалды даму адамның кез-келген іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. Қарым-қатынас, оқу, еңбек қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам әлемді қабылдауы керек, іс-әрекеттің әртүрлі компоненттеріне назар аударуы керек, не істеу керек, есте сақтау, ойлау керек. Оқушылардың интеллектуалды даму мәселесін шешудің жолдарын іздеу айқын. Оқытуда жоғары нәтижеге жету үшін балаларды әртүрлі салалардағы танымдарды, коммуникативті дағдыларды қолдана отырып, ойлауға, проблемаларды табуға және шешуге үйрету керек.

Мұнда қызметтің негізгі бағыттарын қарастыру қажет: химия сабақтарында АКТ, кітаппен жұмыс, білім алушылардың проблемалық — іздеу қызметі, оқытудың жаңа технологияларын қолдану.

Кез-келген мектептегі басты міндеттердің бірі — оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, ол қоршаған шындыққа саналы көзқарасты қалыптастырады.

«Ақыл тек білімде ғана емес, сонымен бірге білімді іс жүзінде қолдана білуде де жатыр» деп Аристотель айтқандай бұл мәселені шешу үшін біз оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін оқу іс-әрекетінің келесі түрлерін қолдандық: эссе жазу, слайд-презентациялар құрастыру, химиялық мазмұны бар өлеңдер, әңгімелер, жұмбақтар құрастыру.

Сонымен қатар сабақтың әртүрлі формаларын қолдандық:

- Саяхат сабақтары
- Сабақтар-турнирлер
- Сабақтар-білім байқаулары
- Сабақтар-семинарлар
- Конференция сабақтары
- КМТК (КВН).

Баланың жеке басының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамытудың тағы бір негізгі жолы-зерттеу тәжірибесі. «Барлық жастағы адамдар зерттеуге бағынады». Зерттеуге бейімділік барлық балаларға тән. Жаңа тәжірибеге деген қажымас шөлдеу, қызығушылық, тәжірибе жасауға деген ұмтылыс-бұл балалардың дарындылығының көрсеткіштері.

Оқушылардың интеллектісі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту перспективалары:

- химия сабақтарының оқу материалы шеңберінде дамытушылық мақсаттардың ойластырылған жүйесін іске асыру;
- зияткерлік дағдылардың қалыптасу деңгейін жүйелі диагностикалау және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушыны өз бетінше іздеу және жаңа білім ашу процесіне тартуды ынталандыру, проблемалық сипаттағы мәселелерді шешу;
- деңгейлік саралау және оқытуды даралау;
- мұғалімнің жеке басының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларының алуан түрлілігінен жетекші технология ретінде зерттеу технологиясын таңдадық. Біздің ойымызша, бұл технология, басқалар сияқты, оқушылардың мен таңдаған барлық негізгі құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытудағы зерттеу технологиясының

үстемдігі басқаларды толығымен алып тастауды білдірмейді, ол тек оның басым болуын болжайды. Ғылыми зерттеу процесін модельдейтін педагогикалық технологияның негізін ұғымдар, анықтамалар, ережелер, дидактикалық құралдар мен әдістемелік әдістер жүйесі құрайды. Технологияны жүзеге асыру сабақтар-зерттеулер, зерттеу практикумдары, үйдегі практикалық жұмыстар және сабақтан тыс зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу сабақтарында екі мақсат қойылды: пәнді оқыту (дидактикалық) және зерттеу қызметін оқыту (педагогикалық). Қойылған мақсаттарға құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін нақты міндеттерді шешу барысында қол жеткізіледі (Кесте 1)

Кесте 1. Құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін міндеттер

| Міндеттері | Қабілет пен дағдылары | Қалыптастырылатын құзыреттер |
|---|---|---|
| Оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын игеруі | Оқулықпен жұмыс істеу, кестелер құру, бақылаулар жасау, ішкі және сыртқы ойларды тұжырымдау, өзін-өзі бақылау, интроспекция және т. б. | Қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту, ақпараттық құзыреттер |
| Оқушылардың арнайы дағдыларды игеруі | Пән бойынша нақты материалды игеру | Пәндік құзыреттер |
| Оқушылардың зияткерлік дағдыларын игеру | Талдау, салыстыру, жалпылау және т. б. | Мәселелерді шешу, өзін-өзі дамыту |
| Оқушылардың зерттеу білімі мен дағдыларын игеруі | Мәселелерді бөліп көрсету, гипотезаларды тұжырымдау, гипотезаға сәйкес экспериментті жоспарлау, деректерді біріктіру, қорытынды жасау | Мәселелерді шешу, өзін-өзі дамыту |

Біздің көптеген оқушыларым өз өмірлерін химиялық білімге негізделген мамандықтармен байланыстырмаса да, ең бастысы, сабақта алған білім оларға күнделікті және кәсіби өмірде көмектеседі деген ойдамыз.

Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттер — бұл тұлғаның әр түрлі сипаттағы шығармашылық іс-әрекетінің табыстылығын анықтайтын жеке қасиеттері.

Осындай іс-әрекет әдістерімен химияға қызығушылықты дамыта отырып, біз олардың тиімділігіне сенімдіміз және мынадай қорытынды жасағымыз келеді:

1. Оқушылардың білім сапасы мен үлгерімінің артқаны байқалады.

2. Жоғарыда аталған әдістер шаршауды, ой еңбегінің қарқындылығын басады, оқушылардың сабақтағы тиімділігін арттырады.

3. Оқушылар қайта жаңғырту деңгейіндегі тапсырмаларда ғана емес, жаңа оқу жағдайында шығармашылықпен қолдану деңгейінде де жақсы білімдерін көрсетеді.

Олай болса, оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үйлесімді дамыған

тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Біз жас ұрпақты қалай тәрбиелейтініміз әркімнің өміріне, еліміздің өміріне және жалпы біздің планетамыздың болуына байланысты болады. Жан мен жүрек тәрбиесі – оқушының интеллектуалдық дамуы мен нақты білімін кейін оның халық игілігіне жұмсауының кепілі. Балалар табиғатынан білімге құштар және ынталы. Олар өз таланттарын көрсете алуы үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін дұрыс басшылық қажет. Ал ол үшін педагог күнделікті өзін-өзі жетілдіріп отыру керек.

**Әдебиеттер:**

1. Гара Н.Н Учить творчеству. М. Просвещение, 1991, 64 стр.

2. Гольдфарб Я.Л., Ходаков Ю.В., Додонов Ю.Б. Сборник задач и упражнений по химии. М. Просвещение, 1988, 165 стр.

3. Зуева М.В. Обучение химии в 11 классе. М. Просвещение, 1990, 175 стр.

Ғылыми жетекші: х.ғ.к., доцент Убайдулаева Н.А.

## ХИМИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Манабаева Гавхар Нурлибаевна**
Шымкент қаласы,
С.Көбеев атындағы N56 ЖОББМ
химия пәні мұғалімі

Түйін

*Білім берудің сапасы мен тиімділігін арттырудың маңызды факторларының бірі - әр мұғалімнің кәсіби білімінің, біліктілігі мен біліктілігінің жоғары деңгейі, ол бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.*

Бүгінгі таңда мұғалімдерді даярлау жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар оң қадамдар жасалуда. Мұғалім оқу процесінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырады, бағыттайды, бақылайды, бағалайды және оқу, тәрбие және даму мақсаттарын іске асыру арқылы жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру үздіксіз педагогикалық білімнің бөлігі болып табылады, оның мақсаты бұрын алған кәсіби білімдерін жаңарту және тереңдету, педагогикалық тәжірибені жетілдіру және мұғалімнің кәсіби қызметіне байланысты білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бүгінгі таңда орта мектептерде жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінуде. Жаңа педагогикалық технология - бұл білім беру жүйесінің ұтымды жолдарын жобалау және жобалау процесі, мұнда мұғалім басты жауапты тұлға болып табылады. Оның негізгі міндеті - ақпаратты оқырмандарға тез және анық жеткізу. Оқушыларда жаңалықтарға құлақ асып, басқаша әрекет етуге бейім болса да, мұғалім оларды ойлауға, пайымдап, қорытынды шығаруға үйретуі керек. Оқушының басты және негізгі міндеті - оқу және оқу. Айта кету керек, оқу процесінде мұғалім оқушыларға тақырып мазмұнын игеруге көмектесуі керек. Ол

үшін мұғалім сабақ барысында жаңартырылған білім мазмүнінің оқыту әдістерінен пайдалануы тиіс. Себебі химия мемлекеттік білім беру стандарты мен бекітілген оқу жоспарының мазмұны мен негізін, сондай-ақ оқушылардің академиялық және практикалық іс-әрекетінің деңгейін анықтайтын эталонға айналды. Қазіргі ғылым, техника және өнеркәсіптің қарқынды дамуы жағдайында және әлеуметтік-экологиялық жағдай өзгеріп жатқан кезде мектептерде химияны қазіргі заманғы оқытудың маңыздылығы - уақыт талабы. Ең алдымен мұғалім өзі оқытатын топтағы әр оқушының мінезін, химия пәніне деген қызығушылығын, оның пәнге шығармашылық қатынасын анықтауы керек. Химияны оқытуды мұғалім әртүрлі ұйымдастыру негіз болып табылады, яғні бул өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейіне ие оқушыларға көмектесу және оларды оқушы ретінде көрсете білуге көмектеседі. Алайда, оқушылар өздерінің түсінігі туралы сұрақтарға ауызша жауап бергенде, олар алаңдап, қиынға соғады. Сондықтан бұл әдістерден пайдаланудың мақсаты барлық оқушыларды бірдей сабаққа тарту. Төменде келтірілген әдістер мұғалімдерге көмектеседі деп ойлаймын. Бұл әдістер мыналарды қамтиды:

1-әдіс: Жалпы сұрау. Барлық оқушылардың алған сабақтарын қалай игергені анықталады. Олардың сұрақтарына жауаптар дәйекті түрде қойылады және барлық оқушылардің пікірлері ескеріледі. Жалпы сұрақ-жауапта қысқа үзіліс болмаса, бір сұрақты білмейтін оқушы үзіліп, екінші оқушыға сұрақ қояды. Сұрақ-жауапқа барлық сынып оқушылары қатысады.

2-әдіс Жеке-жеке сұрау. Кейбір оқушылардің тақырыпты қаншалықты меңгергендігі әр түрлі иллюстрациялар немесе суреттер, үлестірмелі материалдар, тест сұрақтары арқылы анықталады. Бұл жағдайда мұғалім оқушымен жеке жұмыс жасайды, олардың жауаптарын тыңдайды, талқылайды және білімдерін бағалайды.

3-әдіс: Топтарға болып сұрау. Әр топға бөлек қатардағы тақтадан мысал келтіріліп, тез, анық және бірінші жауап беруі керек. Бұл оларды сабақта белсенді ойлауға үйретеді.

1-мысал Реакцияны теңестірің және түрін атаңыз (8 сыныптар үшін).

1-топға $Al + O_2 = Al_2O_3$

2-топға $Cu(OH)_2 = CuO + HO$

3-топға $CaCl_2 + NaOH = Ca(OH)_2 + NaCl$

4-топға $H_2SO_4 + Zn = ZnSO_4 + H_2$

2 мысал. 1-топға 26 реттік нөмірдегі элементтің протондары, электрондары және нейтрондары саны қанша?

2-топға. Протонының саны 18 болған элементтің реттік нөмері қанша және ол қандай элемент?

3-топға. Нейтрондар саны 14 болған элемент қайсы және онің протон мен электрон саны қанша?

4-топға. Электрондарының саны 29 болатын элементтің атауы және оның салыстырмалы атомдық массасы қаншаға тең?

4-әдіс: Тест әдісі. Бұл әдіс оқушылардің білімімен және берілген тақырыпты қаншалықты меңгергендігімен сипатталады. Бұл әдіс уақытты үнемдейді, яғни 15 минут ішінде бүкіл сыныптың білімін анықтауға болады. Мысал ретінде, «Темір» тақырыбын өткен кезде келесі тест сұрақтары қойылады (9-сынып үшін).

1. Темір (III)-оксидағы темірдің массалық үлесі?

A) 40% B) 55,8% C) 68,4% D) 70% E) 82,2%

2. Темір атомында қанша электрон бар?

A) 22 B) 26 C) 17 D) 18 E) 19

3. Темір лабораторияда қайсы әдісмен алынады?

A) $Fe+H_2=$

B) $FeO+C=$

C) $FeO+CO=$

D) $FeO+AI=$

E) $Fe_2O_3+CO=$

4. $Fe_2O_3$ дағы темірдің тотығу дәрежесі?

A) +2 D) 0 B) -3 E) +3 C) -2

5. Гематитдің формуласы?

A) $Fe_3O_4$

D) $FeS_2$

B) $Fe_2O_3$

E) $FeCO_3$

C) $Fe_2O_3*nH_2O$

Тест сұрақтары оқушының білген нәрсесіне нақты сенетінін анықтау үшін білімді тексеру. Ол үшін тест сұрақтары нақты, толық тұжырымдалған болуы керек және тізімде көрсетілген барлық материалдарды қамтуы керек.

5-әдіс. Нәтижелерді зерттеу. Сонымен қатар 3-4 оқушы тақтаға шақырылады, сұрақ-жауап парағы беріледі және жауап бағаланады.

1 оқушыға: Реакцияны аяқтап, түрін айтыңыз. $P + O_2 =$

2 оқушыға: 18 г $P_2O_5$ құрамында P мөлшері қанша екенін анықтаңыз.

3 оқушыға: Фосфор тыңайтқыштарына мысалдар жазып, оның топырақ құнарлылығын арттырудағы маңыздылығын түсіндіріңіз.

4 оқушыға: $H_3PO_4$ -тің құрылыс формуласын жазып, P нің валенттілігін анықтаңыз.

Нәтижесінде оқушылардың жауаптары талқыланады. Оқырманға өз ойын еркін айтуға үйретіледі, ал қалған оқушыларға жауап дұрыс немесе бұрыс па екенін байқауға, тыңдауға және ойлануға үйретіледі.

6-әдіс: Бақылау әдісі. Бұл әдіс тәжірибеде қолданылған кезде өте тиімді. Оқушылар тәжірибені өз көздерімен көріп, өзгерістерді байқап, нәтижелері туралы есеп беруі керек. Мысал. Тәжірибелік сабақ (8-сынып үшін). Оттегі тобындағы элементтердің қасиеттерін анықтаңыз (О). (Кестені қараңыз).

7-әдіс: Жаттығулар жазу. Бұл әдісті оқушыларды сыныпта фронтальды немесе жеке топтарға бөлу үшін қолдануға болады, мысалы, фосфор оксиді ($P_2O_5$) қасиеттерін зерттеу кезінде.

1 нұсқа. Келесі реакция теңдеуі тақтаға жазып, оны теңестіруді сұрайды:

$P_2O_5 + H_2O=$

2-нұсқа. Генетикалық байланысты жүзеге асыру сұралады.

$P \rightarrow P_2O_5 \rightarrow Na_3PO_4$

8-әдіс. АКТ мен жұмыс.Оқушыларға қызықты химиялық тәжірибелерді интернет сайттерінан көрсету.

9-әдіс. Диалог тәсілі. Бұл әдіспен оқушыларға сұрақтар қойылады және әр тараудың соңында материалға реферат жазылады. Бұл оқушылардің тақырыпты, ойлау қабілетін және әдебиеттерден алатын қосымша ақпарат пен білімге негізделген.

10-әдіс. Көрнекі материалдармен жұмыс. Суретті (сызбаны) түсіндіру мүмкіндігі. Мысалы, суретке байланысты қандай заттар молекулалық, атомдық, иондық немесе кристалдық торды құрайды және затты атауға немесе пештің құрылымы мен жұмысын түсіндіруге және т.б.

Оқушыларға жауаптарын арттыру үшін саралауды, сабақ ойындарын ұйымдастыруды, қойылған сұрақтардың алуан түрлілігіне назар аударуды, өзін-өзі тексеруді, ауызша жаттығуларды, пікірсайыстарды, нәтижелер мен жауаптарды түсіндіруді үйрету керек. . Осы әдістерді қолдану оқушылардың химияны дамыту және ойлау қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар оқушының басқаша ойлау, сұрақтарға дұрыс және дәл жауап беру, өз бағалары туралы түсінік беру, білімін өздігінен тексеру, жарыстарға қатысу және өз бетінше ойлау қабілеттерін арттырады. Бұл оқушылардың біліміне оң әсер етеді. Сонымен, жоғарыда аталған әдістер оқушылардің идеяларын мақсатқа бағыттауға, олардың оқу нәтижелерін болжауға және олардың жақсы нәтижеге жетуін қамтамасыз етуге бағытталған заманауи педагогикалық технологияның бір түрі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы.: Print-S, 2005ж.

Аханбаев К.А. Химия. – Алматы.: Білім, 2003ж.

2. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы.: Анна тілі, 2002ж.

3. Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. – Алматы.: Білім, 2003ж.

# ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Татубай Жаудір Нұрланқызы**
Шымкент қаласы,
№122 Ақжар ЖОМ
химия пәні мұғалімі

Түйін

*Бұл мақалада химияны оқыту әдістемесі, материяны зерттейтін жаратылыстану ғылымдары туралы қарастырылған. Химия-заттардың бір-біріне өзгеруін зерттейтін ғылым. Химия-заттардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін, химиялық өзгеріс жағдайын, онда болатын әрекеттерді, оны басқаруға болатын әдістерді зерттейтін ғылым айтылған.*

Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым пәні болғандықтан, қоғамның талаптарына сай педагогика ғылымы анықтап берген жалпы орта білім беру және тәрбиелеудің мақсаттарымен міндеттеріне сәйкес химия пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне негізделіп құрылады. Химиялық материалдарды оқып-үйрену барлық пәндерге ортақ педагогикалық қағидаларға сүйенеді. Химияны оқыту әдістемесі- мұғалімге арналған ережелер мен тәлімгерліктің жиынтығы емес, химияны оқыту үрдісінің заңдылықтарын зерттейтін, мұғалімнің шығармашылық ізденісіне бағыт сілтейтін ғылым.

Химияны оқыту әдістемесі: неге оқытады, нені оқытады, қалай оқытады деген сұрақтарды шешуді көздейді. *Бірінші сұрақтың* жауабы мектеп химия курсындағы материалдарды іріктеп алу арқылы анықталады. Ол үшін химия ғылымының даму логикасы мен тарихы, теориялық және нақты материалдардың өзара арақатынасы ескеріледі.

*Екінші сұраққа былай жауап беруге* болады: химияны оқыту әдістемесі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалының мазмұнына сай қарастыруға нұсқау береді; оқу құралдарын қалай қолдану жөнінде ұсыныс жасайды; оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары мен жаттығуларына бағыт сілтейді. Оқыту үрдісінде ұғымдарды, заңдарды, теорияларды іріктеп алудың жолдарын қарастырады.

*Үшінші сұрақтың жауабы* оқытуға байланысты қарастырылғаны жөн. Оқыту-мұғалімнің қызметі. Мұғалім оқушыларға химиялық білімді меңгертеді, оны ақпараттар берумен байланысты орындатады. Оған оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс-әрекетіне басшылық, саламандық дағдылар мен іскерліктер қалыптастыру, шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады.

*Келесі мәселе-қалай оқиды деген сұрақтың жауабына келсек,* ол оқушылардың іс-әрекеті бойынша анықталады. Оқушы білімді енжар игеріп қана қоймай, өздігінен ойлау, білім алу әдісін үйренуі қажет. Оқушылардан мұғалімнің

түсіндірген материалдарын, кітаптан оқығандарын жай ғана есте сақтаудан гөрі, оны ойлап, ой елегінен өткізе білу, ұғына білу талап етіледі.

Химияны оқыту әдістемесінің зерттейтін объектісі- сол пәнді оқыту әрекеті. Оқыту педагогика, дидактика және әдістеме ғылымы тұрғысынан түсінуге болатын күрделі әрекет болып табылады. Педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда оқыту дегеніміз- жасөспірімнің бойна ұжымдық тәжірибені сіңіру. Дидактикалық жағынан алғанда, оқыту-білім берудің мазмұнын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ беру бірлігі. Әдістемелік тұрғыдан алғанда оқыту-нақтылы оқу пәнінің материалын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ беру мен оқудың бірлігі.

Оқыту әрекетіне “мұғалім-оқушы”, “оқушы-оқу пәні”, “оқушы-оқушы” қатысады. Осылардың ішіндегі ең негізгісі- мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының бірлігі мен үйлесуі, оқытудың мақсаттарымен міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, құралдары мен әдістері арқылы жүзеге асады.

Химияны оқыту әдістемесі ғылымы оқыту әрекетін әдістемелік деңгейде зерттейді.

Қазірге дейін химияны оқыту әдістемесі — ғылым ретінде танылып келеді. Сондықтан да химия пәні мұғалімдерін дайындайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына химияны оқыту әдістемесінің курсы енгізілді.

Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі оқу пәні. Химия — заттардың бір-біріне өзгеруін зерттейтін ғылым. Демек, химияны оқыту әдістемесі мектептің химия курсындағы осындай заңдылықтарды оқушыларға үйрету жолдарын, түсіндіру тәсілдерін зерттейтін педагогикалық ғылым деп түсінуіміз керек.

Оған оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс-әрекетіне басшылық, саламандық дағдылар мен іскерліктер қалыптастыру, шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады.

Келесі мәселе — «қалай оқиды?» — деген сұрақтың жауабына келсек,ол оқушылардың іс-әрекеті бойынша анықталады. Химияны оқыту әдістемесіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беруге болады? Бұл әлі күнге дейін толық шешімін таппаған мәселелердің бірі болып саналады. Кейбір оқу құралдарында мынадай анықтама берілген: бұл — жасөспірімдерге химия ғылымын үйретудің қоғамдық әрекеті және оларды білім алуға тәрбиелеп, дамыту, мектептегі химия курсының мазмұнын оқушыларға игерту заңдылықтары туралы педагогикалық ғылым.

Химияны оқыту әдістемесі мұғалімнің оқу материалын оқытуы мен оқушылардың химиялық білімді саналы меңгеруін, алған білімдерін іс жүзінде қолдану ерекшеліктерін және дағдыларын дамыту эдістері мен құралдарын айқындап береді.

Химияны оқыту әдістемесі әрі ғылым, әрі оқу пәні ретінде оқытудың мазмұнын, оқыту әдістерін тәрбие жұмысымен тығыз бірлікте, өзара байланыста зерттейді. Оқытудың заңдылықтарын ашумен қатар, оқытудың мазмұн-мақсатын,оқыту формалары мен құралдарын, оқытушы мен оқушының іс-әрекетін бір-бірінен ажыратпай біртұтас қарастырады.

Химияны оқыту әдістемесінің зерттейтін объектісі — сол пәнді оқыту әрекеті. Оқыту, педагогика, дидактика және әдістеме ғылымы тұрғысынан түсінуге

болатын күрделі әрекет болып табылады. *Педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда оқыту дегеніміз -жасөспірімнің бойына ұжымдық тәжірибесін,* Дидактикалық жағынан алғанда, оқыту білім берудің мазмұнын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ беру (мұғалімнің қызметі) мен оқудың (оқушының таным эрекеті) бірлігі *әдістемелік тұрғыдан алғанда оқыту — нақтылы оқу пәнінің материалын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ берумен оқудың бірлігі.*

Оқыту әрекетіне «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқу пәні», «оқушы-оқушы» қатысады. Осылардың ішіндегі ең негізгісі — мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының бірлігі мен үйлесуі, оқытудың мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, құралдары мен әдістері арқылы жүзеге асады.

Жеке оқу пәндерінің мақсаты қоғамның мектеп алдына қойған әлеуметтік талабы бойынша анықталады. Ол мақсат – әржақты жетілген, өз ісіне сенімі күшті, қоғамдағы түбірлі өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті кісіні тәрбиелеу. Бұл, мақсатқа жету үшін мектеп жасөспірімдерді табиғат, қоғам, адам және оның еңбегі туралы білім жүйесімен қаруландырады, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесін береді, ғылыми және ізгілік көзқарастарының, қабілеттерінің барынша дамуына қажетті жағдайлар жасайды. Мектеп жасөспірімнің бойына азаматтық борыш, елі мен жерінің тағдыры үшін жауапкершілік қасиеттерді сіңіреді, шығармашылықиен еңбек етуге, өзін-өзі басқаруға әзірлейді.

Осы жалпы мақсатқа сәйкес әр пәннің алдына ғылым негіздерінен білім беру, тәрбиелеудегі жинақты тәсілді жүзеге асыру, оқушыларды әржақты дамыту мақсаттары да қойылады. Химия пәні де оқушыларға табиғат туралы және технологиялық білім беру, ғылыми көзқарас қалыптастыру, солардың негізінде экологиялық, экономикалық, адамгершілік, еңбек және т.б. тәрбиесін беру, олардың бақылау, қабылдау, түсіну және ойлау қабілетін дамыту мақсаттарын көздейді.

Бұл мақсаттар химияны оқыту барысында одан әрі салаланып жүзеге асады, олар:

1. Химия ғылымының негізін оқушыларға игерту арқылы үздіксіз білім алуға, сарамандық істерге араласуға әзірлеу, политехникалық дайындық беру;
2. Химия зертханасында, өндірісте, табиғатта және күнделікті өмірде байқалатын сапалық өзгерістерді бақылауға және түсіндіре білуге үйрету;
3. Химиядан алған білімді басқа пәндерден алған біліммен байланыстырып, табиғат туралы ғылыми материалистік көзқарас қалыптастыру;
4. Заттармен, құралдармен, кернекі құралдармен жұмыс істей білудің біліктері мен дағдыларын игерту;
5. Білім, білік және дағдыны оқу барысында, өмірде, қоғамға пайдалы еңбекте қолдана білуге үйрету;
6. Оқушыларды білім мен білік алу инициативасына, дербестікке және табандылыққа тәрбиелеу;
7. Оқушылардың химияға құштарлығын және қабілетін дамыту, кәсіптік бағдар беру.

Химия пәнінің мақсаттары әр сыныптың химия курсында, олардың жеке тақырыптарында, тақырыптар бойынша өткізілетін сабақтарда нақтыланады.

***Химияны оқыту әдістемесінің міндеттері*** *Оқытудың мақсаты дегеніміз — жорамал нәтижесі, ол оқытудың міндеттері арқылы жүзеге асады.* Орта мектепте химиядан берілетін білімнің мазмұны химия ғылымының даму дәрежесін ескеріп, дидактикалық талаптарға сай таңдап алынады және химия ғылымының негізі деп аталады. Химияның негізі үш салалы білімнен тұрады. Олар: заттар туралы ілім; химиялық теориялар мен заңдар жөніндегі білім; химиялық өндіріс туралы білім.

Химиядан орта білім берудің бірінші міндеті — химияның жаратылыстану ғылымдарының арасындағы алатын орнын көрсету.

Химиядан орта білім берудің екінші міндеті – пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Химия заттардың химиялық қасиеттерін зерттеу және түсіну саласында физиканың әдістері мен теориялық көзқарастарын пайдаланады. Жер туралы ғылымдар (геология, минералогия және т.б.) минералдар мен тау жыныстарының өзгерістерін олардың құрамына кіретін заттар деңгейінде қарастырып, түсіндіруге тырысады. Организмдердегі тіршілік әрекеттерінің мәнін физика мен химияның заңдылықтарына сүйене отырып, молекулалық биология зерттейді. Бұл ғылымдар арасындағы байланыстар алуан түрлі, яғни айтылғандармен ғана шектелмейді. Химияны оқыту барысында келтірілген сызбанұсқаға сәйкес осы ғылымдар арасшдағы өзара байланыстың мәнін ашып керсету керек.

Химиялық орта білім берудің үшінші міндеті — табиғаттың тұтастығы, онда жүзеге асатын құбылыстардың бір-бірімен байланыстылығы, шарттылығы жөнінде ғылыми көзқарас қалыптастыру. Өлі табиғатты құрайтын минералдар мен тау жыныстары, тірі табиғатты құрайтын организмдердің денесі заттардан тұрады. Заттардың өзі жүзге жуық химиялық элементтердің атомдарынан, ал атомдар санаулы ғана қарапайым бөлшектерден құралады.

Химиядан орта білім берудің тәртінші міндеті — орта мектептегі химияның негізіне кіретін заттар туралы оқу материалын іріктеу. Қазір үш миллионнан астам заттар белгілі, олардың саны үздіксіз артуда.Осы миллиондаған заттардың ішінен қайсысын және қандай дәрежеде өту қажеттігін шешу — аса жауапты міндеттердің бірі.Заттар туралы білім ұғымдардан тұрады, олардың негізгілері — химиялық элемент, химиялық реакция, химиялық өндіріс.

Химиядан орта білім берудің бесінші міндеті — химия курсын құрайтын ұғымдар жүйесін, әр жүйеге кіретін жеке ұғымдарды анықтау, олардың оқылу ретін белгілеу.

Заттар мен ұғымдар теориялық козқарастар тұрғысынан іріктеп алынады. Олардың бірі — теорияны өтуге әзірлеу үшін, екіншісі -бекіту үшін, үшіншісі теорияның негізінде оқып үйрену үшін қажет. Мәселен, заттардың қасиеттерін, оның атом-молекулалық құрылысын, сондай-ақ элементтердің қасиеттерін түсіну үшін атом құрылысын, периодтық заң мен периодтық жүйені білу керек.

Химиядан орта білім берудің алтыншы міндеті — орта мектепте оқылатын теориялардың мазмұнын, деңгейін және орнын негіздеу. Теориялық білім деректі

материалдарды сұрыптау, түсіндіру және болжау, ұғымдарды анықтау міндетін атқарады.

Химиядан орта білім берудің жетінші міндеті — орта мектептегі химия ғылымының негізіне кіретін өндірістік материалдарды анықтау арқылы оқушылардың политехникалық әзірлігін арттыру. Бұл негізді жүзеге асыру үшін химия өндірістерімен және олардың ғылыми негіздерімен таныстыру, технологиялық негізгі ұғымдарды қалыптастыру, қалаулы қасиеттері бар өнімдерді, бағалы синтетикалық материалдарды ондірудегі, қалдықсыз технология жасаудағы химияның мәнін көрсету, химиямен байланысты мамандықтарға кәсіптік бағдар жасап, еңбек тәрбиесін жүзеге асыру керек.

Химиядан орта білім берудің сегізінші міндеті — табиғатты аялай білуге баулу; химияны және химия онеркәсібін оркендетуге байланысты ауаның, судың, топырақтың ластануын болдырмау; минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғайтын заттарды пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарын білу; соңғы кезге дейін химияны тек қана мадақтайтын сыңаржақтылықты қойып, оның табиғатқа, организмдерге және адам денсаулығына тигізетін қолайсыз эсері жонінде екі жақты ақиқат пікір тудыру.

Химиядан орта білім берудің тоғызыншы міндеті — оқушылардың таным әрекетін жандандыру, білім мен білік алудағы белсенділігін арттыру. Химиядан орта білім берудің оныншы міндеті — оқушыларға химияның ғылыми тілін жетік меңгерту; химиялық әдебиеттермен жұмыс істей білудің біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сөйлей білуге, өз ойын анық, дәл, жүйелі және дәлелді жеткізе білуге үйрету; химияның өзіне ғана тән тілдік құралдарын, химиялық символиканы, номенклатурасын және терминологиясын жетік білдіру; олардың мағынасы мен құрылысын нақтылы түсініп, қолдана білуге үйрету

## ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**Кузенова Шолпан Полатовна**
Түркістан облысы. Түркістан қаласының
“М. Пошанов атындағы
№21 жалпы білім беретін мектеп” КММ
информатика пәні мұғалімі

Түйін

*Бұл мақалада ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, деңгейлік саралау технологияс, интерактивті оқыту, оза оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, оқытудың ақпараттық технологияларды информатика сабағында қолдану мәселелері қарастырылған.*

Ғылым саласына «іс-әрекетті зерттеу» деген санаттың енгізілуін әдетте Курт Левиннің атымен байланыстырады. 1926 жылы жарық көрген Букин-гемнің «Оқытушыларға арналған зерттеулер» атты кітабында бізге таныс іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі қолданылады. Іс-әрекетті зерттеу дегеніміз – бұл мұғалімдер

оқушылардың оқуы мен оқуын жақсарту үшін оқыту мен оқыту-ды зерттейтін процесс.

Мұғалімдер әдетте өз сабақтарында туындайтын проблемаларға көңіл бөліп, белсенді түрде оларды шешуге тырысады. Мұғалім өз тәжірибесін өз-герту үшін қызу жұмысқа кірісіп, сонымен қатар жүйелі түрде бұл өзгерістер ықпалының дәлелдемелерін жинаса, ол мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу үдерісіне тереңдей бастағаны. Бұлтәсіл білім беру және басқа да ал-уан түрлі салаларда қолданылатындықтан, іс-әрекеттегі зерттеудің көптеген түсініктемелері бар. Бірақ барлық жағдайларда көңіл түбінде бір ықылас-ниет тұрады, ол – мұғалімнің ойына алған проблемаға жауап ретінде тәжіри-бені өзгертуі.

Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдерге жүйелі түрде тәжірибе туралы ойла-нудың күшін көрсете алады. Мұғалім кәсібінің табыстылығының құпиясы – үздіксіз өсу және білім алуда. Мұғалімдер үшін іс-әрекеттегі зерттеудің прак-тикалық тәжірибені пайдалана отырып, одан әрі өсу және оқуды жалғастыру тәсілі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің арқасында балалар оқу материалын жақсы меңгере бастады, пәнге деген қызығушылықтары артты. Уақытты үнемдеу арқылы үй тапсырмасының көлемі азайды.

АКТ-ны оқу үдерісіне енгізу оқушылардың оқуға деген танымдық қызығушылығын дамытады, осы пәнді оқуға ынталы болуына жағдай жасайды, оқу мен өздігінен білім алудың тиімділігін арттыруға, сонымен қатар білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Менің жинақтаған тәжірибем, ішінара осы жұмыста көрініс тапты, ақпараттық технологияларды сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда қолдану мұғалімнің де, оқушылардың да шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтетінін, пәнге деген қызығушылығын арттыратынын, білім алушылардың айтарлықтай маңызды тақырыптарды игеруіне ынталандыратынын көрсетеді.

Оқушылардың пәнді жақсы игеуінің басты шарты мұғалімнің осы сабаққа деген қызығушылықты тудыра алуынан басталады.Информатика пәнін дәстүрлі сабақ өткізу мен ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арасындағы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы қандай болғанын көре аласыздар.

Қандай жағдай болмасын ол нәрсені қабылдауы үшін сол дүниеге деген қандай да бір қызығушылығы болуы керек, егер болмаған жағдайда оқушының ақпаратты қабылдай білуі де төмен болады деп ойлаймын.

Нәтижеден көрініп тұрғандай, мектеп пәндерін оқыту кезінде компьютерді қолдану мұғалім мен оқушы арасындасы қарым-қатынас жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып, түрлендіре алады және осы әрекет мүшелерінің мотивіне әсер ете отырып, олардың мотивациялық және эмоционалдық тұрғысынан сезімінің өсуіне әсер етеміз. Бұл нәтиже кепілі екені сөзсіз.

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында білім саласындада инновациялық технологияның алар орны ерекше. Бүгінгі күні бұл технология үлкен өзектілікке ие десекте болады.

Инновациялық іс-әрекет дегеніміз-мұғалімнің жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу – тәрбие үрдісіне өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесіне байланысты енгізуін айтамыз.

Инновациялық технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Инновациялық технологияның түрі өте көп. Оларды сабақ үрдісінде тиімді және ұтымды қолдану ұстаздың шеберлігіне, білімділігінне тікелей байланысты. Аталған технология түрін сабақ процесінде қоддану оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, теория жүзінде алған білімін практикада немесе күнделікті өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Қазіргі инновациялық технологиялар деп келесілерді атасақ болады: ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, деңгейлік саралау технологияс, интерактивті оқыту, оза оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы. Сабақ барысын ұйымдастыруда аталған технология түрлерін қамтып құрастыруға тырысамын.

Қазіргі заман ақпараттық технологияның қарыштап даму заманы болғандықтан, оқытудың ақпараттық технологиясын сабақ үрдісінде қолдану өте тиімді және жаңашыл. Технологияны сабақ барысында қолдану кезіндегі мақсат: оқушыны ақпараттық қоғамға даярлау. Аталған технология негізінде сабағымызға көрнекілік ретінде интерактивті құралдардың бірнеше түрін кірістіруімізге болады. Информатика сабағына ең қажеттісі ол тақта.

https://jamboard.google.com/ Сондықтан Jamboard интерактивті тақтасын кез-келген уақытта қолдануымызға болады. Тақтаның мүмкіншілігі орасан зор. Нұсқауыштардың көмегі арқылы жаңа сабағымызды түсіндіруге және есепті шығаруға мүмкіндігіміз бар. Одан да басқа интерактивті тапсырмаларды құрауға арналған бірнеше платформаларды қолдануға болады. заман ағымына қарай видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүнетанымы кеңейтеді. Ақпараттық –технологияларды сабақ үстінде пайдалану арқылы сабақ барысында техниканы қолдану арқылы материалды түсіндіру, оқушыны сөйлету және пікірталас, бекіту, оқушылардың білімін бақылау, жеке жұмыс, талдау, тестілеу, қажет ақпаратты іздестіру; сабақтан тыс уақытта оқушының дербес, өздігінен қолдануы, яғни үй тапсырмасын орындау, рефераттар даярлау, өзіндік бақылау жұмыстары жүзеге асады.

Білім беру саласын жетілдіру мақсатында инновациялық технологияларды оқу үрдісінде жиі қолдану қажеттігі, информатиканы оқыту үдерісінде қазіргі заманауи инновациялық техникаларды қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, оқу –ақпараттық, зерттеу-тәжірибелік әрекеттерін дамытуға болатындығы, олардың оқытушыға және оқушы үшін берер пайдасы бар екендігін айтамыз.

https://learningapps.org/ интерактивті оқыту; интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдау; модульдерді жылдам құру және өзгертуге ие; тапсырмалар базасын құру, қолжетімді ету; онлайн сабақ кезінде де қолдануға мүмкіндік бар, жаппай қолдану тегін.

https://wordwall.net/ сайтта арқылы ұсынған шаблондар негізінде тапсырмалар құра аласыз. Сайтта орналасқан шаблондармен тапсырма құру ғана емес, сонымен қатар топқа бөлуді, түрлі ойын, анаграмма, жұбын табу, фикториналық сұрақтар т.б. құрастыруға болады.

https://www.liveworksheets.com/ , https://worksheets.ru/ аталған екі сайтта бұрынғыдай тапсырмаларды ақ параққа немесе дәптерге орындатып оны тексеріп жүрмей, кез-келген тапсырмаңызды сайтқа салып электронды түрде орындалатын тапсырмаға айналдыра аласыз және нәтижесән сол уақытта көріп, қай оқушының тапсырманы дұрыс немесе бұрыс жасағандығын, қанша қате жібергенін барлық ақпаратпен таныс бола аласыз.

https://www.learnis.ru/

бұл сайт арқылы сабақ барысының түгелдей жүрісін осы ойын ақылы өткізуге болады. Ойын балалар үшін өте қызыты. Оқушылар тапсырманы белсенділікпен орындайды. Ойын барысында сайтқа кіру арқылы әр түрлі бөлмелер суреті болады және ішіне салынатын тапсырмалар саны көрсетіліп тұрады. Бөлмелер үш түспен беріледі: жасыл, сары, қызыл, яғни бұл түстер тапсырмаларды табу деңгейін көрсетед, оңай, орташа, қиын деген сияқты.

https://okulyk.kz/ бұл сайтты айтпасада түсінікті деп ойлаймын. Кез-келген уақытта кітап болмаған жағдайда аталған сайтқа кіріп барлық сыныптың барлық оқулықтарын таба аламыз.

https://kahoot.com/ , https://www.plickers.com/ екі сайтта оқушылардың алған білімін бекіту мақсатында қолдануға болады, яғни тест тапсырмаларын беру арқылы оқушының жаңа тақырыпты қаншалықты дәрежеде игергендігімен таныс бола аламыз. Тест даындау барысында, біріншісіне ұялы телефон немесе сыныпта компьютер болған жағдайда соны пайдалана аламыз, екінші тест түрін ұйымдастыруда оқушы қолына жан – жағында төрт әріппен көрсетілген карточка ұсынылады. Яғни көрсетілген сұрақтың А жауабы дұрыс болған уақытта, оқушы карточканың А жағын жоғары көтереді. Мұғалім qr-code скрин жасау оқушының берген жауабымен таныс болады.

**Бағалау парағы.** Оқушылар үшін бағалау парағын жай ғана ақ парақпен ұсынғаннан, оқушылардың пәнге және пәнді оқуға деген ынтасын ояту мақсатында информатика пәнінен бағдарламаларды пайдалана отырып бағалау парағын дайындау әлдеқайда қызықты жол деп есептеймін. Оқушыларға тақырып түсіндірілген кезде немесе сабақ түсіндіру барысында күнделікті өмірмен байланыс сақталуы керек. Delphi программасына қатысты тақырып өтілген уақытта оқушыларға әлеуметтік желідегі өз фотосуреттерімен, өзі туралы мәліметтер жазылды және әр дұрыс жауапқа суретіне бір лүпіл жинап отырды. Бұл бағалау парағы оқушылардың қызығушылығын тудырды

**Әдебиеттер**


1. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
2. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
3. Ғаламтор материалдары

# БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**Курманалиева Гүлжан Башаровна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
«Ж.Еділбаев атындағы № 18 мектеп—гимназия»
КММ информатика пәнінің мұғалімі

Түйін

*Бұл мақалада информатика сабағында белсенді оқыту әдістерін информатика сабағында қолдану тиімділігі туралы, информатиканы оқытудың негізгі мақсаты, информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар туралы қарастырылған.*

Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт. Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдерін қамтиды.

Белсенді оқу - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» деп санауға болады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады.

Информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Белсенді оқудағы мұғалімнің ролі - оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді

қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды.

Мысалы: Жұппен ойлаңыз. Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Информатика сабағында мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. Ойлан, жұптас, бөліс – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. Алдын – ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. «Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі. Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі.Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: Ыстық орындық - Бір оқушы алға

шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

ББҮ кестесі (Білемін /білгім келеді/ үйрендім) – сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берілген тақырып бойынша не білетіндерін ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.

Олай болса, XXI ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

**Әдебиеттер**


1. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
2. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
3. Ғаламтор материалдары

# ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Налибекова Мейрамкул Дуйсенхановна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
“Ж.Еділбаев атындағы 18 мектеп- гимназия”
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
информатика пәнінің мұғалімі

**Түйін**

*Бұл мақалада мектептерде жасанды интеллектті қолдану, виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары, робототехника және автоматтандыру информатика сабағында қолдану туралы айтылған.*

Қазіргі заманда сапалы білім – әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналуда.Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру – әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. Осы тұрғыда заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану білім беру үдерісін өзгертуде басты рөл атқара бастады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қабілетін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелерді құрумен айналысатын информатика саласы. Соңғы жылдарда ЖИ медицина мен өндірісте, көлік пен ойын-сауықта, адам өмірінің көптеген салаларына мықтап енді. Бірақ жасанды интеллект қолданудың ең перспективалы және маңызды бағыттарының бірі білім беру болып табылады.

Алдымен білім берудегі жасанды интеллект дегеніміз не және осы салаға қандай технологиялық компоненттер кіретінін анықтайық. Көптеген зерттеушілер әртүрлі аспектілерге, соның ішінде машиналық оқытуға, нейрондық желілерге және деректерді өндіруге, олардың адамдардың қажеттіліктеріне бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құрудағы рөліне назар аударды. Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды қамтиды. Білім берудегі жасанды интеллект әдетте келесі аспектілерді қамтиды:

**Machine Learning:** Бұл компьютерлік жүйелерге деректер мен тәжірибені талдау арқылы бейімделуге және жақсартуға мүмкіндік беретін ЖИ бөлімшесі. Білім беруде машиналық оқытуды әр оқушының қажеттіліктері мен оқу стиліне жауап беретін бейімделген оқыту платформаларын жасау үшін пайдалануға болады.

**Нейрондық желілер:** ЖИ-дегі нейрондық желілер мидың құрылымы мен қызметін модельдейді, жүйелерге үлгілерді тануға, мәтінді талдауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім беруде оларды дауысты, мәтінді және кескінді тану үшін қосымшаларды жасау үшін, сондай-ақ жекелендірілген оқыту үшін пайдалануға болады.

**Виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары:** ЖИ ақпаратты, оқу материалдарын және тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы студенттерге оқу процесінде көмектесетін виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Деректерді талдау:** ЖИ үлгілер мен трендтерді анықтау үшін деректердің үлкен көлемін талдау жолдарын қамтиды. Білім беруде деректерді талдау оқушылардың үлгерімін бағалау, оқу қажеттіліктерін болжау және оқу бағдарламасын оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Робототехника және автоматтандыру:** ЖИ пайдаланатын робототехника студенттерге ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларындағы дағдыларды дамытуға көмектесетін білім беру роботтарын жасау сияқты білім беру мақсаттарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім берудегі жасанды интеллект оқу процесін қол жетімді, жекелендірілген, интерактивті және тиімді ету арқылы жақсартуға бағытталған. Ол мұғалімдерге, студенттерге және оқу орындарына жылдам өзгеретін цифрлық дәуірге бейімделуге көмектеседі және білім сапасын келесі деңгейге көтереді.

**Мектептерде жасанды интеллектті қолдану.**Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені ЖИ мұғаілімнің жұмысын жеңілдетеді.Сабақ жоспарын құрудан бастап , кезкелген құжатты өңдеуге дейін. Сонымен қатар жасанды интеллект мектептердегі оқу үдерісінің әртүрлі аспектілерін автоматтандыруда қолданылады: оқу материалдарын басқаруда; электрондық тесттер мен бағалаулар жүйесінде; әкімшілік тапсырмаларды басқаруда; кері байланысты басқару жүйелерінде;оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы есептерді автоматты түрде жасауда; қабылдау және қабылдау процесін автоматтандыруда және т.б.

Жасанды интеллектті мектептегі білім беруде сәтті қолданудың нақты жағдайлары мен оқиғаларын ұсыну маңызды. Себебі, жасанды интеллект кез келген саланы табысқа жеткізе алады, мысалы:

1. Khan Academy:

Khan Academy – оқу материалдары мен тапсырмаларды қамтамасыз ету үшін ЖИ-тіқолданатын танымал платформа. Жүйе оқушының деңгейіне бейімделіп, математика, жаратылыстану және басқа да пәндерді оқыту үшін жекелендірілген ұсыныстар береді.

2. Duolingo:

Duolingo – үйрену тәжірибесін пайдаланушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеу үшін ЖИ-ті қолданатын тіл үйрену қолданбасы. Жүйе тіл дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі жаттығулар мен кері байланыс ұсынады.

3. Carnegie Learning:

Carnegie Learning – жекелендірілген оқу жоспарларын жасау үшін ЖИ пайдаланатын математикалық білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың математикаға деген сенімділігін және дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Coursera:

Coursera – жетекші университеттер мен институттардың курстарын ұсынатын онлайн оқыту платформасы. Жасанды интеллект тапсырмаларды

бағалау және қайта қарау және студенттердің қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін курстарды ұсыну үшін қолданылады.

5.ScribeSense:

ScribeSense – сабақтар мен дәрістерді автоматты түрде транскрипциялау үшін ЖИ қолданатын қолданба. Бұл мұғалімдерге оқу материалдарының мәтіндік нұсқаларын оңай алуға және оларды талдауға мүмкіндік береді.

Осы мысалдардың әрқайсысында ЖИ оқытуды жекелендіруде, кері байланысты қамтамасыз етуде және білімге қолжетімділікті жеңілдетуде рөл атқарады. Олар сонымен қатар әртүрлі білім беру сценарийлерінде ЖИ пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігін көрсетеді.

Жасанды интеллект біздің өміріміздің барлық саласына еніп жатқан керемет қуатты құрал және білім де артта қалмайды. Біз ЖИ қазірдің өзінде білім беру процесіне қалай оң өзгерістер енгізіп жатқанын және мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер беріп жатқанын қарастырдық. Дербес оқыту, процестерді автоматтандыру, деректерді жинау және талдау, виртуалды мұғалімдер мен білім беру қосымшаларын жасау білім беру сапасын арттырады және пайда әкеледі.

Жасанды интеллект білім берудің ажырамас бөлігіне айналуда, біздің оқу және табысқа жету жолын өзгертеді. Қиындықтарға қарамастан, осы саладағы ілгерілеудің келешегі жігерлендіреді, қазіргі заманғы әлемнің қажеттіліктерін көрсететін неғұрлым қолжетімді, жекелендірілген және сапалы білім беруге жол ашады.

**Берикканова Айымгуль Ержановна,**
**Астана қаласы №83 мектеп-гимназияның информатика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші**

**Әдебиеттер**

4. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.

5. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.

6. Ғаламтор материалдары

## «ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ»

**Ниязбекова Акнур Ильясовна**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
«Ж. Еділбаев атындағы №18 мектеп—гимназия»
КММ информатика пәнінің мұғалімі

Түйін

*Бұл мақала «Жаңа ақпараттық технологияны информатика сабағы барысында қолдану» оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жұмысына бағытталған. Еліміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты оқушының функционалдық суаттылығын арттыру- қазіргі кездегі білім беру саласының ең өзектілерінің бірі болып отыр.*

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдері.

Ақпараттық технологияның мұғалімдерге берер мүмкіндіктерін атап өтер болсақ:

- Мұғалім үздіксіз ізденісте болады;
- Жеке тұлғаны қалыптастыруға деген жауапкершілік міндеті артады;
- Сабақ барысын қызықты етіп өткізуге үлесін тигізетін инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс-тәсілі артады;
- Интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін өткізуге машықтанады;
- Өз сабағын жүйелі түрде түрлендіруге машықтанады.

Осы орайда оқушыға да берер мүмкіндігін ашып көрсетер болсақ:

- Түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді және дамытады;
- Өз бетінше онлайн тест тапсырмаларын орындай алады;
- Тақырыптан қалып кеткен немесе түсінбеген жерлерін қосымша қайталап алуға мүмкіндігі бар;
- Пәнге деген қызығушылығы мен үздіксіз ізденісі артады;
- Ойлау, есте сақтау, пікір, сайыстық қабілеті дамиды;
- Өз ойын сызба, сурет, кесіндеме, кесте, графиктік моделдер күйінде жеткізеді;
- Түрлі бейнелік, сілтмелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- Тест тапсырмаларын түрлі деңгейде орындау арқылы өз білімін көрсете алады

**Информатика сабақтарында компьютерлік презентацияларды қолдану.** Компьютерлік презентациялар – бұл ақпаратты ұсынудың заманауи технологиялары. Сабақта қолдану формасы мен орны сабақтың мазмұнына, сабақтың мақсаты мен міндеттеріне байланысты. Жаңа материалды зерделеу кезінде презентацияны қолдану оқу материалын суреттеуге мүмкіндік береді.

Оқу презентациясы сабақтың қысқаша мазмұны болуы мүмкін. Бұл жағдайда ол дәстүрлі сабақтың негізгі компоненттерінен тұрады:

- тақырыбы;
- мақсаттары мен міндеттері;
- сабақтың негізгі кезеңдері;
- негізгі ұғымдар;
- үй тапсырмасы көрсетіледі.

Мультимедиялық презентациялар-бұл компьютерлік бағдарламалар арқылы ақпаратты ұсынудың ыңғайлы және тиімді әдісі. Ол динамиканы, дыбысты және

кескінді, баланың назарын ұзақ уақыт сақтайтын факторларды біріктіреді. Сондай-ақ, компьютерлік презентация мұғалімге максималды нәтижеге жету үшін сабақты өз бетінше құруға мүмкіндік береді.

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану адам физиологиясының деректеріне негізделеді: жадыда 25% жарияланған материал, 33% көрген, 50% көрген және естіген, 75% материал, егер оқушы процеске белсенді қатысса. Ойлаудың визуалды-бейнелі компоненттері адам өмірінде өте маңызды рөл атқаратындықтан, оларды оқытуда қолдану өте тиімді.

Менің ойымша, АКТ сабақта әртүрлі форматта қолданылуы мүмкін

Сабақта АКТ қолдану

- білімді бақылау үшін;
- жаңа материалды зерделеу кезінде;
- зерделенген материалды бекіту кезінде;
- материалды қайталау кезінде.

Ақпараттық технологияларды қолдану білім беру процесінің барлық компоненттерінің ажырамас бірлігінде қарастырылуы керек:

АКТ-ны пайдалана отырып сабақтар құру;

- оқушылардың шығармашылық жобалау жұмысы;
- қашықтықтан оқыту, конкурстар;
- кітапхана, интернет ресурстары;
- элективті курстар;
- оқушы тұлғасының қалыптасуының әлеуметтік-психологиялық мониторингі; педагогтармен шығармашылық өзара іс-қимыл жасау.

Информатика сабақтарын өткізу кезінде мен мультимедиялық презентацияларды қолданамын. Мұндай сабақтарда қол жетімділік, көрнекілік принциптері жүзеге асырылады. Сабақтар эстетикалық тартымдылығымен тиімді. Презентация сабағы қысқа мерзімде көбірек ақпарат пен тапсырмалар алуды қамтамасыз етеді.

**Компьютерлік тестілеу оқушылардың білімін бақылау құралы ретінде.** Мұғалімдер қолданатын бақылау нысандары өте алуан түрлі, информатика мұғалімі көбінесе жазбаша немесе ауызша сауалнамаларды қолданады.

Заманауи мектепте тестілеу емтихандарды тапсырудың негізгі формасы болғандықтан, тестілеудің әртүрлі формаларының маңызы артып келеді.

Оқу үрдісінде электронды басылымдарды пайдалану сабақты жеңілдетеді, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты жүзеге асыруда жеке, сараланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді және мұғалімге сабаққа дайындалуда айтарлықтай көмек көрсетеді. Интерактивті оқыту тапсырмалары оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың оқытылатын материалға деген қызығушылығына оң әсер етеді.

Компьютерлік тестілеу компьютерде тапсырмаларды орындауды ұнататын оқушыларды қызықтыруға мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту тапсырмаларында компьютерлік модельдер пайдаланылады, нақты объектілердің фотосуреттері мен кескіндері көрсетіледі.

Сондай-ақ, компьютерлік тесттерді қолдану бізге ең аз уақыт жұмсай отырып, барлық оқушыларды тексеруге мүмкіндік береді! Бұл артықшылықтардың бірі. Қазіргі уақытта компьютерлік тесттерді құруға арналған көптеген әртүрлі бағдарламалар бар:

https://kahoot.com/
https://www.plickers.com/
https://www.edapp.com/
https://www.easytestmaker.com/
https://www.classmarker.com/
https://www.fyrebox.com/ru
https://testmoz.com/
https://form.cle….
https://classdojo.com/

Жоғарыда аталған барлық тест құраушы бағдарламалар бір-бірінен тек атымен ғана емес, сонымен қатар атқаратын қызметімен де ерекшеленеді. Кейбіреулерінде тестті қолдануға болады, басқаларында графиканы, бейнені және дыбысты орнатуға болады, сонымен қатар кейбір тест құраушы бағдарламаларда тапсырмалар тек жабық типті, ал басқаларында жабық және ашық типті болуы мүмкін.

**Әдебиеттер**


7. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
8. Джонсон, А. (2019). «ЖИнегізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
9. Ғаламтор материалдары


## ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ


**Жумагулова Бибігул Ишанқызы**
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,
«Арайлым» бөбекжай
бала-бақшасының тәрбиешісі



**Түйін**

*Бұл мақалада балабақшада ойын арқылы баланы тәрбиелеу және қазақтың ұлттық ойындары халықтың еңбек, шаруашылық үрдісіне байланысты туғандықтан, оның түрі мен мазмұны төзімділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, тапқырлыққа және мейірімділікке баулитын сипатта мәлімет берілген.*


Қазақ халқының дәстүрлік танымында адамның балалық шағы - ойын баласы деп аталады. Бұл — заңды құбылыс. Өйткені баланың өсіп, өркендеуі, дүниені танып білуі ойынмен байланысты. Қай заманда да қай халықтың өмірінде болсын

баланың мектепке дейінгі кезеңінде ойынның атқаратын қызметінің мәні орасан зор. Ойын өмір қажетінен туған балалық шақтың ажырамас шарты. Бала үшін ойын-іс әрекет, еңбекке бастайтын қимыл-қозғалыстың жебеуші шарты болумен қатар дүниені танып білу, түсіну, ұғынудың кілті. Сондықтан ойын туралы ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдар да, тәлім-тәрбие ісімен шұғылданушы педагогтер де ересек адамдар үшін жұмыс, қызмет, еңбектің мәні қандай болса, бала үшін ойынның да мәні сондай деген орынды тұжырым жасайды.

Халық даналығында — «ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады» — деген аталы сөзінің сырына жүгінсек мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген құлқы, карым-катынасы олар өсіп өркендеп, есейгенде де өміріне жалғаса кететіндігін дәлелдерлік дәйекті деректер жетерлік. Оны біздің де күнделікті тәжірибеміз жан-жақты айқындап отыр. Біз бақылау жасап, тәжірибе жүргізген мектепке дейінгі қоғамдық мекемелеріндегі және бірнеше жылдар бойы жинақталған деректерге зейін аударғанда жасаған пайымдауларымыз — бала ойында қандай болса, кейін ер жетіп, есейіп еңбекке араласқанда да, оқуда да, қызмет бабында да, атқаратын жұмысының барысында да көбіне сондай болатындығына көзіміз жетуде. Өйткені бала өзінің іс-әрекетін, күш-жігерін ойын арқылы машықтандырып, өзі қарым-қатынаста болған заттар мен құбылыстардың сыр сипатын ойын барысында ұғынады. Болашаққа тән болмыс нышандары айқындала түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше.

Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжетті ролдік, қимыл-қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп /таным белсенділігі артып/, игерген білім — машықтары негізінде бір сюжетке орай басты кейіпкерлерге еліктеуі /шығармашылық белсенділік/, ойын ойнауға өзіне серік тауып алуы, онымен шынайы қарым-қатынас орната отырып, таңдап алған рөлдеріне деген жауапкершілігі арта түседі. Ойын - балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал.

Бала ойын ойнағанда өмірде көрген-білгенін өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып бейнелейді. Бала үшін өзіне ұнаған адамнан артық ештеңе жоқ, оған барлық жағынан ұқсағысы келеді. Жалпы бала табиғаты өзін бірнеше есе үлкен ғып көрсетуге бейім. Тез есейгісі келіп, бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын мұқалтпай, сен үлкенсің, мен көмектесіп жіберсем, бәрін де өзің істей аласың деп, сенім білдіре тәрбиелеу ұтымды әдіс. Үлкен адам мен баланың айырмашылығы үлкендердің сана-сезімі мен іс-тәжірибесінің молдығында ғана.

Ойын - баланың жан серігі іспеттес. Қай бала болмасын ойнап өседі. Әрбір елдің ойыны сол елдің қоғамдық идеологиясына, тұрмыс-тіршілігіне, айналысатын кәсіп-шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты. Ойын сырттай қарағанда анау айтқандай қиындығы жоқ, оп-оңай тәрізді көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала үшін ойынға қатысты басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Мәселен, рольдерге бөлгенде балаға өзіне ұнамсыз рол тиюінің өзі-ақ көп нәрсені шешеді. Сондықтан тәрбиешінің міндеті-балаларды

ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Сонда ғана ойын өз мақсатына жетіп, тәрбиелік мәні арта түседі. Айталық, тәрбиешінің ұжымдық ойынды тартымды ұйымдастырып өткізуі балалардың бір-бірімен достық қатынастарының дұрыс қалыптасуының нышаны екені сөзсіз. Ойын кезінде жолдасының айтқанымен келісіп, оны құрмет тұтудың өзі адамгершілікке бастайтын жол. Тәрбиеші ойын арқылы әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбіте, өзіндік мінез-құлқын қалыптастырады.

Қазақтың ұлттық ойындары халықтың еңбек, шаруашылық үрдісіне байланысты туғандықтан, оның түрі мен мазмұны төзімділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, тапқырлыққа және мейірімділікке баулитын сипатта болады. Мұның өзі көңілге кеңдік пен дарқандық ұялатады. «Сайыс», «Аударыспақ», «Бәйге», «Көкпар тарту» т.б. ойындары үлкен адамдарға тән дегенімізбен, оның көріністері мен мәні бала ойынының репертуарынан да тиянақты орын алған. Балабақшадағы топта ойналып жүрген «Ақ серек пен көк серек» , «Қазан доп», «Күшің жетсе, үзіп кет», «Арқан тарт», «Алақан соқпақ», «Жаңылма», «Байқап қал», т.б. ойындар баланың белсенділігін жебеп, жігерін қайрап, қапияда жол табатын тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа баулиды. Ойындағы ұтқырлық - екінші жағынан өнер. Халықтың аңсаған арман тілектеріндегі, іс-әрекетгеріндегі атрибуттар бала ойынынан көрінісін табумен қатар тікелей әрекетіне айналады. Халық ойындарына тән сипат-өмірге үйлесімділік шындықтан туындайды. Онда қойылған талаптарды орындау барысында дене ширап, көңіл көтеріліп, дербестік дамып, баланы ұғымталдыққа ұмтылдырады. Балалықтың базарлы шағындағы ойынның қайсысында болмасын, ойынның мазмұнына қарай, өлең, тақпақ, ән араласа жүреді. Ал олар ойынның тікелей мазмұнында болмаған күннің өзінде жеңіліс тапқан топ немесе ән, болмаса би билеп, күлдіргі әңгіме айтып айыбын етеуге тиіс. Бұл — қазақтың ұлттық ойынындағы басты ерекшелік.

Ұлттық ойын қазақтың халықтық шығармасы — ауыз әдебиетімен біте қайнасып, бірге өрістеп, бір тамырдан нәр алғандықтан бұларға ортақ құбылыстар көп. Бір-біріне ұтылай жалғасқан. Балалардың жүгіріп ойнайтын ойындарында айтылатын өлең, тақпақ, ән-әуен, немесе отырып ойналатын ойындарында айтылатын мәнінің (мәтін) мазмұнында әзіл-қалжың, сықақ, күлдіргі сөздер мейлінше қарапайым, айтуға жеңіл, сөздері ойнақы болып келеді. Өлеңнің дыбысталуы, ондағы аллитерация, ассонастық қайталаулар агглютипативтік тілдін табиғатына тән. Сондықтан да ұлттық ойындар халқының әдет-ғұрпын білуге, тілін меңгеруге ықпалы зор жол екенін ешбір шүбәсіз мойындаймыз. Бала ойынында жеңуші бар да, жеңілуші бар. Әрине, жеңген топ немесе бала табысын жұбаныш етсе, жеңілушінің айыбын өтеуі үшін айтатын тақпағы, биі, мақал-мәтелі, жұмбағы болу керек. Сонда бала ойынның қай түрінде болсын — іс-әрекет, ән, би, өлең, жұмбақ, нақыл сөз араласа жүретіндіктен синкретті деп танимыз. Мұның педагогикалық мәні-баланы жан-жақты дамуға, тәлім-тәрбиенің арнасын кеңейтуге мүмкіндік беретін тиімді жол екендігінде.

Халықтык ойын бала киялына козғау салатын, эмоциялық сезімін тербеп, түрлі еліктеу барысында өзіндік жол-жосық іздеуге ұйытқы болуымен қатар ғажайып сыры мол фантазияға жетелейді. Ғажайып қиял адамның ойлау өресін жаңа сатыға көтеретін заңдылық деп білсек, болашақ тұлғаның ой-қиялын

өрістетудің нышаны ойыннан бастау алары хақ. Әрине, мұндағы киял дерексіз ұғымдар емес, тікелей өздері көріп, қабылдап, танып жүрген көріністерден туындайды. Сондықтан балабақшада шығармашылық (творчестволық) деп шартты түрде атап жүрген ойындарда, тек көрсетілген ережені малдану емес, балалардың ойын барысында өздері тапқан немесе жаңадан өздері құрастырған мазмұн мен түрге ерекше ықылас қойып, оны ризашылық ниетпен қолдап, мадақтап отырамыз. Бұл, көбіне, аралас топтағы ересек балаларға тән.

Әсіресе, «Тоғыз құмалақ», «Ептілік», «Айтыс» ойындарында балаларды тапқырлыққа, математикалық ойлау зандылықтарына баулуда, салыстыра айтсақ бұлар «Шахмат», «Дойбы» т.б. ойындардан артпаса кем түспейтін ұлттық ойындар қатарынан өзінің сыбағалы орын алатындығына қазіргі балабақша тәжірибелері көзімізді жеткізіп отыр. Халықаралық ойындар санатына косылмағанымен де, асықпен ойналатын қазақтың ұлттық ойындарының балабақша үшін және жанұялар үшін мәні зор. Дене ширатуда, түсті ажыратуда, дәлдікке үйретуде, ұстамдылық көрсетіп тиісті тәртіп сақтауға баланы машықтандыратын «Хан», «Жиырма бір», «Алтын сақа», «Алшы, тәйке-хан талапай» т.б. асық ойындары — ойлау мен қимыл әрекеттің тұтаса келіп тоғысатын тәлімдік, тәрбиелік үйлесімі басым, бала үшін қызықты ұлттық, мәні зор ойындар. Ұлттық ойын — халықпен бірге жасайтын өмірмен құбылыс. Балалық шақтың қайталанбас ескерткіші, әрбір тұлғаның, әрбір ұрпақтың балауса кезінде бастан кешкен өмірі. Ойыннан бастау алып, ертеңімен сабақтасатын тәлім-тәрбиені бойға қондырып, ойға дарытудың алғашқы машығы. Қазақ халқының ұлттық ойындарына тән басты ерекшелік- ойын адамгершілік әдептеріне баулудың тиімді жолы, тәлім, тәрбие мектебіне саналған. Ойын арқылы көңіл көтеру, түйсік сезімін арттыру, күлу, айтылмақ пікірін дәл жеткізу, тапқырлық, сыйластық, мейірімділік, кешірімділік, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттерді баланың бойына нәресте, сәби кезден бастап сіңіруді мақсат еткен. Айтар насихат, берер үлгі-ойынға жеңіл-желпі емес, терең мән бергендіктен «ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле»- деген даналық сөз — қазақ халқының бұл саладағы құқылық тұжырымы, атадан балаға мирас болған өнегелі өсиеті.

Қазақ халқының балаларға арналған ұлттық ойындарына тән сипат, жоғарыда айтқанымыздай, қарапайымдылық қасиетіне қоса, оны ұйымдастыру үшін күрделілікті тілейтін арнайы жағдай мен қиыннан қиыстырылған ойыншықтарды да керек ете бермейді. Тым кірпияздығы шамалы. Ойын кезінде бала қиратып алмайын, бүлдіріп тастамайын деп қауіптенбейді, ешбір күдіксіз ойынға еркін кіріседі. Көңілі қалауынша еркін кіріскен ойын үстіндегі қимыл-қозғалысы, ақыл-ой жұмсауы баланың шамасына қарай әрекеттенуіне мүмкіндік берді. Сондықтан да баланың ұлттық ойынға өте ықыластылығы, белсенділігі байқалды. Балабақшадағы ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталып, балабақша топтарындағы ойынның мән-мағынасын ашуға және адамгершілікке тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолдануға бағыт-бағдар алдық. Ойын кезінде бала белсенді қарым-қатынастағы әсері ерік-жігеріне, эмоциясына ықпал етіп, олардың жақсы-жаманды ажыратып, адамгершілік әдептеріне жаттығады. Ойын арқылы баланың бойына сіңірген машығы-тәуелсіздікке қолы жеткен елдің ертеңгі

азаматының азаматтық келбетінің бастауы, болашақ бағыт-бағдарының қозғаушы күші.

Әдебиеттер:
1.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2012.
2.Әлімбаев М. Халық - ғажап тәлімгер. - Алматы: Рауан, 1994.
3.Бөлеев Қ. Қазақ отбасындағы отбасылық тәрбие. 2008.
4.Қалиев С. Тамыры - ұлттық, танымы - ғылыми тәрбие // Қазақстан мектебі,2010.

## ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ!

**Хусанова Дилмира Розметовна**
Шымкент қаласы,
Молда муса атындагы №5
жалпы орта мектебінің
физика пәні мұғалімі

Резюме

*В данной статье рассмотрены виды методов, типы задач и тестовые задания, используемые при обеспечении качественного образования учащихся на уроках физики.*

Summary

*This article examines the types of methods, types of problems and test assignments used to provide high-quality education to students in physics lessons.*

Әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс - әрекеті, ал технология –көптеген әдістердің жиынтығы. Жаңа технологияның басты мақсаты — өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Ал, осы технологиялардың кеңінен қолданылуы білім құзіреттілігіне жету жолында үлкен роль атқарады.

Бір технологияның өзі әр түрлі мұғалімдердің шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Не үшін тиімді? Себебі, Физика сабағында озық технологияларды пайдалану - оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруын, оқушының өзін-өзі дамытуын, ойлауын елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын таныту. Күрделі физикалық есептерді шығару үшін, сұрақтарға жауап беру үшін негізгі формулалар мен заңдылықтарды пайдалана білуге үйрету, эксперименттік жұмыстарды атқаруда икемділігін дағдыландыруға көмектеседі. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс – тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеліпіп, қолданылады. Тиімді пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекі педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам

секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденістері, қолданған әдіс – тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс – тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта – ықыласының, дағды мен ой – өріс, білім – біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз. Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

АМА

1. Мұғалім пәнді жетік меңгеріп, оны оқушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі абзал.

3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4. Оқушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн.

5. Оқушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн.

Мұнда әсіресе оқушылардың білімдерін тексеруде мына төмендегідей әдістерді қолданған тиімді:

- Тестік жүйе бойынша
- өзін-өзі тексеру
- көршісін тексеру және т.б

Осылайша пәннің негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Өз сабақтарымда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға тырысамын. Оқушылардың жаңа материалды игеруіне көңіл бөлемін. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру, оқушының пәнге деген қызығушылын және қажеттілігінен туындайды. Топпен жұмыс кезінде сыныпта ең алғар дарынды оқушыны анықтауға мүмкіндік береді. Әр сабағымда сабақ кезеңдеріне байланысты түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Сабақ барысында әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз- өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзін-өзі бағалауы жоғарылайды,өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады.

Әдіс тәсілдердің нәтижесі: Әдіс – тәсілдерді пайдалануда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, қорытынды жасау, өз ойларын қысқаша, дәл және нақты жасауға көмектеседі және төмендегідей нәтижеге жетеді:

1. Сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады.

2. Оқушылар өз бетімен іздену жолдарын үйренеді.

3. Өз ойын схема, кесте, суреттер, физикалық тәжірибелерді пайдалану арқылы еркін жеткізеді.

4. Физикалық тілде сөйлеу мәдениетін дамытады.

5. Ізденуі іс – әрекеті қалыптасады.

6. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау ынтасы оянады.

7. Зертханалық және сарамандық жұмыстарды өз бетінше жасауға дағдыланады.

8. Білім сапасын артады.

Бастапқы бетбұрыспен тағы бір-механикалық көрнекіліктің атқаратын рөлінің кішірейуі тығыз байланысты. Бұл құбылыстар механизмін ұсынуда жалғыз жол-механикалық бейнеге , өмірлік тәжірибеге сүйенуден көрінеді. Механикалық бейнесі мүмкін емес бірнеше қатар құбылыстар бар. Мысалы, толқынды және корпускулярлық қасиеті бар, бөлшектің механикалық, көрнекілік бейнесін құру мүмкін емес.

Механикалық көрнекіліктің атқаратын рөлінің азайюы (кейде тіпті одан бас тарту) сәйкес оқу құралдарының басқа көрнекілік нысандарының (график, формула, ой эксперименттерінің ) маңызын арттыруға әкеледі. Мысалы, қазіргі физикалық теорияның негізгі ережелерінің барлығы- салыстырмалық теориясы мен квант механикасы-ой экспериментімін рәсімделеді. Бұл тәсіл ғылыми – танымал әдебиеттерде пайдаланылады.

Соңғы он жылдықта ғылымның өзін-өзі ұғуы қарқынды дамуда. Бұл бағыттың негізі ғылымның өзін түрлі тұрғыдан зерттеу объектісі қылу.

Толық ғылымтану бағыты пайда болды. Ғылымның методологиясы бойынша жұмыстар пайда болып, ғылымның негізін танып білу үшін ғалымдардың түрлі таным әдістері мен жолдарына назар аударулары белең алуда.

Ғылымының өзін өзі тануының өсуі білім мазмұнына әсер етеді. Ол ғылым әдістеріне сонымен қатар жаңа компонент –методологиялық білімдер енгізуде көрінеді. Мысалы, жаратылыстану пәндері бойынша бірқатар оқу құралдарында ғылым әдістері мен ғылым қызметіне арналған тұтас бөлімдер пайда болды.

Біз оқу пәндері мазмұнындағы «ғылыми пәндер» жетекші компоненттерінің ғылыми көрінісін қарастырдық. Егер ғылымның жанама түрдегі көрінісі бағдарламада сауалнамалар тізімімен көрініс тапқан болса, оқушылардың дағдысы мен біліктілігіне, білімдеріне жанама түрдегі әсері (ғылымды қызмет ретінде ашу, оның даму бағыттарының әсері ) білім мақсатын қалыптастыруда, оқулық мазмұнында, оқу үрдісін ұйымдастыруда байқалады. Бағдарламаға енген ғылыми сауалнамалар тізімін кей жағдайда азайту пайдалы болса, ғылымның жанама түрін оқушылардың ғылыми және шығармашылық ойлауын дамытып және дүниетанымын қалыптастыру үшін аса маңызы бар білімді, керісінше оқыту үрдісін және айтылғандарды, түрлі каналдарды пайдалану, күшейту керек.

Келесі біздің сабағымыз оқушы мен мұғалімнің нормативтік материалдың бірі-бағдарламаға арналады.

Қорыта кетсем, қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек технологияларды кеңінен пайдалануға бейім екені баршамызға аян. Сондықтан оқушы қызығушылығын, сабақтың тиімділігін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Сонымен қатар, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын. «Сұранысқа сәйкес ұсыныс

болуы тиіс» дегендей, заманның сұранысына қарай, талабына сай мұғалімдер де жұмыстануы тиіс!

**Әдебиеттер**


1. Ағатаев А. Қазіргі білім мазмұнын ойластыру мәселелері. – Ұлағат, 1999, №1
2. Беспалько В.П. – Слагаемое педагогической технологии. Педагогика, 1989
3. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы, 2007 ж. 27-шілде
4. Есипов Б.П. Самостоятельные работы учащихся на уроке. – М.: Педагогика, 1961
5. Физика және астрономия ғылыми-әдістемелік журналы 2006-2007 жыл.
6. Александрова Г.Н. Управление самообразованием педагогов в условиях внедрения новой технологии учебной и педагогической деятельности. – Директор школы, 2002
7. Физика қазақстан мектебінде ғылыми-әдістемелік журналы 2009 жыл


## ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘСІЛДЕР


**Ділдәбек Аружан Серікқызы**
Шымкент қаласы,
№90 дарынды балаларға арналған
мамандырылған мектеп гимназиясының
физика пәні мұғалімі



Резюме

*Использование различных методов обучения на уроке физики, расширение теоретических знаний и развитие способностей логического мышления в ходе повышения творческой исследовательской, самостоятельной трудовой деятельности учащихся.*

Summary

*The use of various teaching methods in physics lessons, expansion of theoretical knowledge and development of logical thinking abilities in the course of increasing creative research and independent work activities of students.*


Теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдей білуге үйрету.Осы аталған мақсатқа жетудің міндеттеріне тоқтала кетейік :

1) оқушылардың теориялық білімдерін шыңдау

2) оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру

3) шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Физика пәнінің оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылдық ойлауы да дамытылады.Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

- таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;
- өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;
- оқу – танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;

- игерілген білімді тасымалдай білуі;
- өзіс – әрекетінбақылауы, бағалауы;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуге ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс – әрекетін бақылап, бағалай білумен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындалады[1].

Білім беру саласында қол жетілген бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерінде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жасаған Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын XXI ғасырдың моделі болып табылады. Бұл жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астасқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең мағынасында шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі түйінді құзыреттерді сипаттайды. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімдері мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойында сананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзыреттіліктер білім алу үшін оқушылардың оқушылардың өздері де оқу үрдісіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқу үдірісіне толыққанды қатысу үшін қалай оқу керектігін білуі керек. Басқаша айтқанда оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрету де бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты танымдық қабілет бар да, сол сияқты танымды тану да бар.

Физика сабағында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстыра алуын қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Физика пәні күрделі екеніне ешкімнің де дауы жоқ. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну қажет! Міне осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әр түрлі әдіс –тәсілдерді қолдануы тиіс. Жаңа форматтағы оқудан кейін менің сабақ беру стилім көптеген өзгерістерге толы десем қателеспес едім. Бұған дәлел сабақтардан кейінгі оқушылардың рефлексиялары «Бүгін физика сабағы ұнады», «Маған ұнағаны физикалық құбылыстарды мақал-мәтелде қолданғанымыз». Сабақ жоспарымның әр бөлімінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын анықтап отырамын. Сабақ барысында білімді меңгеру деңгейі төрт сатыдан тұрады:

1. Үйренушілік деңгейі «Білу»- оқушының функционалдық сауаттылығының төменгі деңгейі,
2. Алгоритмдікдеңгейі «Түсіну», «Талдау» – оқушының функционалдық сауаттылығының орта деңгейі,

3. Эвристикалық деңгейі «Қолдану», «Жинақтау» – оқушының функционалдық сауаттылығының жоғары деңгейі,

4. Шығармашылық деңгейі «Бағалау» – оқушының функционалдық сауаттылығының ілгері деңгейі.

Осыған орай, әр сабағымда оқушылар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды.

Оқушының танымдық белсенділігін арттыру үшін сапалы тапсырмаларды қолданамын. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру үшін физика сабағында төмендегі есеп шығару әдістер өте тиімді.

- Аралас есептерді шешу әдісішығармашылық есептер
- Эксперименттік есептерді шешуәдісі
- Сапалық есептерді шешу әдісі
- Сандық есептерді шешу әдісі
- Есептерді шешу әдістері
- Графиктік есептерді шешу әдісі
- Стандартты емес есептерді шешу әдісі

Физика пәнінде шығармашылық есептер оқушының шығармалығын шыңдайтын есептер болып табылады. Шығармашылық есептерді пәнге деген қызығушылығы жоғары оқушылар орындағаны өте тиімді. Олимпиадаға дайындау барысында оқушының танымдық қызығушылығын арттырады. Оқушыларда оқу қызметінің мүддесі мен мақсатын, оларды іске асыру әдістерін қалыптастыру үшін, ең алдымен оларды қызықтыру керек. Физика сабағында сапалық есептерді пайдалану осы қызметті орындауға мүмкіндік береді. Қарапайым сапалық есептер – ойды, зейінді қызықтырып әкететін тартымды есептер. Әсіресе 7-8 сыныптарда физиканы бастағанда сапалық есептерді көбірек шығартса, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Сапалық есептер оқушыларды әртүрлі ой әрекетіне: салыстыруға, жалпылауға, талдауға, синтездеуге үйретеді. Сапалық есептер оқушылардың есте сақтауын қалыптастырады, танымдық мүмкіншіліктерін кеңейтеді, физикалық білім деңгейінің жоғарлауына, мектеп курсын саналы қабылдауына жетелейді.Сапалық есеп оқушылардың физика заңдарын, құбылыстарды, постулаттарды тез естеріне түсіріп, білу дағдыларын, тапқырлықты, шығармашылықты, мұқияттылықты, кеңістікте елестету қабілеттерін дамытады, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге кең мүмкіншілік береді[2].

Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады.Қай елде болсын балаға білім беру ісі елеулі орын алып, ұрпағының білімділігі мен біліктілігін шындауға бет бұрды. Шынында да оқушылардың жалпы білімін көтеру үлкен мәселе екені сөзсіз. Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты борышымыз.

PISA зерттеуінің негізгі бағалау облыстары

- Математика сауаттылығы
- Жаратылыстану сауаттылығы
- Оқу сауаттылығы
- PISA мақсаты: әлемдік деңгейде салыстырылатын әр мемлекеттің оқыту нәтижелері жөніндегі сенімді мәліметтерді алу, саралау.
- PISA әдістемесі бойынша тестілеу мектеп оқушыларының үйреншікті емтихандары мен тесттерінен түбегейлі ерекшеленеді. Осы ауқымды зерттеу барысында мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейі емес, жас өспірімдердің алған білімдерін тіршілік жағдайларында қолдану қабілеті бағаланады. Тестілеудің негізгі мақсаты – «Жалпыға міндетті білім алған 15 жастағы оқушы қоғамда толыққанды қызмет ету үшін қажетті білім мен машықтарды меңгерді ме?» деген сұраққа жауап беру.

Енді осы айтылған PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулері мен жаңаша оқыту технологияларының арасындағы байланысты іздеп қарасақ, олардың тапсырмалары мен мақсаттары бір бағытта үйлескен деп айтсақ болады және оларды атап өтсек:

Толыққұзырлы тұлға қалыптастыру;

– Берілген тапсыралардың бір мәтіннің немесе бір пәннің деңгейінде қалып қоймауы;

– Есептер мен сұрақтардың оқушы құзырлылығының дамуына мүмкіндік беруі;

– Есептер мен тапсырмалардың тізбектелген әрекеттер тізімі арқылы анықталуы;

– Тапсырма шешімінің оқушының өзіндік тәжірибелеріне негізделуі;

– Оқушылардағы графикалық, белгілік, мәтіндік форматтарда, күрделі болжамды түрде берілген ақпарат үзінділерімен жұмыс жасау дағдыларының қалыптастыру.

Қазіргі таңда ақпаратандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру – өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу ұстаздардың басты міндеті.

Жаңа технологияның тиімділігі сол.

Оқушы:

– мақсат қоюға үйренеді;

– есте сақтау қабілеттері дамиды;

– басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;

– кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;

– қатарынан қалмауға тырысады;

– дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;

– әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.

– күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
– білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
– өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады
Мұғалім:
– жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
– оқушыны жан-жақты танып біледі;
– қарым қатынас орнатады;
– оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
– оларға шығармашылық еркіндік беріледі[2].

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету. «Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

**Әдебиеттер**

1. Физика сабақтарындағы оқытудың инновациялық технологиялары.
Авторы: К. Ж Бұзаубақова
2. Үшөлшемді әдістемелік жүйе-білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы.
Авторы : Ж.У. Кобдикова

**ОӘЖ 37.01**

## Т.ТӘЖІБАЕВ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

**Куатова Ж.Ж. п.ғ.к.,**
**Оразова А. п.ғ.к.,**
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент,Қазақстан

Қазақстанның заманауи мектеп жүйелі жаңғыртудың күрделі кезеңінен өтуде. Халықаралық білім беру жүйесіне кірігу жолдарын табу отандық педагогика ғылымы жинақтаған жетістіктерден бас тартуды білдірмейді, елімізде тарихы тұлғалардың еңбектерін зерттеу еңгізу ұрпақтар міндетті. Төлеген Тәжібаев (1910-1964) қазақтың тұңғыш ғалым-психологы, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, ретінде психология педагогика ғылымын негізін қалаған ірі тұлға [1].

Сырдария облысында (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Шардария ауданы) туған. Шымкент педагогикалық техникумын және Н.Крупская атындағы Мәскеу коммунистік тәрбие академиясын бітірген. 1938-1940 жылдары - Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) доцент, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, 1940-1942 жылдары - Қазақ КСР Халық ағарту

комиссарының бірінші орынбасары, халық ағарту комиссары. 1941-1944 жылдары - Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары. 1944-1957 жылдары - Қазақ КСР Сыртқы істер министрі, С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Мәдениет министрі. 1957-1961 жылдары дипломатиялық қызметте Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесшісі болды. 1961-1964 жылдары – Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры және педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі. Киров (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)[1].

Төлеген Тәжібаев Ленинградта (Санкт-Петербор) кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғаған қазақ ғалымдарының арасындағы тұңғыш психолог болды. Ол республикада бірінші болып психологияның ғылым ретінде дамуының негізін қалады, Қазақ мемлекеттік университетінде психология және логика кафедрасын ашты, кейін оның көптеген шәкірттері атақты ғалымдарды дайындады. Негізгі ғылыми еңбектері XIX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың тарихына, жалпы психология мен педагогика мәселесінің дамуына арналған. Қазақстанда ғылыми педагогика тарихының негізін қалаушының педагогикалық мұрасы білім беру мен оқытудың теориясы мен практикасы үшін сөзсіз құндылыққа ие, сондықтан оның шығармашылық ізденістеріне жүгіну заңды сияқты.

Т.Тәжібаевтың негізгі еңбектерінің бірі – тәрбие психологиясы бойынша жұмысы, онда ол мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы, мотивация және оқушыларға әсер ету әдістері мәселелерін зерттеген. Ол өз зерттеулерінде мәдени-ұлттық ерекшеліктерге тоқталып, қазақ ұлтының ерекшеліктерін ескеретін оқытудың тиімді тәсілдерін жасауға тырысты. Т.Тәжібаев мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар жасаумен де белсенді жұмыс істеді, бұл республикадағы оқу үдерісін жақсартуға және білім сапасын арттыруға көмектесті. Төлеген Тәжібаев өз заманындағы зиялы қауым өкілдерінің бірі болып қазақ тілінің маңыздылығы туралы мәселені көтеріп, оны кеңінен оқытуды балабақшадан бастау керек деген ойды дәлелдеген. «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» атты енбегінде Қазақстандағы оқыту мәселесіне ол жерде тілді оқыту мәселесіне орыс тілін үйретуде жаппай барлығын үйрету негізсіз екенін атап кеткен. Бастауыш сыныпта балалар пәнді меңгеруде ана тілінде оқыту түсінікті дұрыс екендігіне тоқталады. Бұл ретте ол кеңестік психологияның негізін салушылардың бірі Л.Выготскийдің және атақты педагогтың идеяларына сүйенді. Орыс педагогы К.Ушинский бала шет тілін оқуды бастамас бұрын өз ана тілін жетік меңгеруі керек деп есептеген (және өз тұжырымдарын ғылыми түрде дәлелдеген). Төлеген Тәжібаевтың әдістемесі мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді әрекеттестік принциптеріне негізделген. Ол сабақта сенімді және сындарлы атмосфераны құру арқылы ғана табысты оқуға болады деп есептеді. Оның тәсілі әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды дараландыруды қамтыды.

Төлеген Тәжібаев Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарының жүйесін талдауға жасаған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Т.Тәжібаев қазақ педагог ағартушылары Чокан Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың еңбектеріне талдау жасап олардың прогрессивті ойларын бүгінгі күнде ұрпақтарды тәрбиелеу маңыздылығына тоқталады. Шоқан Уәлихановтың педагогикалық-психологиялық идеяларына талдау жасап Ш. Уәлиханов білім мен тәрбие беру сипаты туралы ойды айта отырып, оның адамгершілік және халықтық болуын талап етті. Ол қазақ халқының өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа халықтардың мәдениетін түсініп, "еуропалық "мәдениет пен білімді игеруді армандады[2] деген. Т.Тәжібаев өз еңбегінде

қазақ қыздарына ашылған мектептің жұмыс барысы жайында, орыс тілін оқытудаға сол заманда оқытушылар араб тілінде оқытылатының ол сабақ мазмұнын оқушыларға түсінікті болмағанын, оқушылар схоластикалық оқыту негізінде білімді меңгеру үрдісі жүргізілгендігі жайлы жақсы пікірлер айтылған.

Ы.Алтынсариннның педагогикалық қызметі мен идеясы бойынша мұғалімдерге қойылатын талаптарды « Үкіметтің бұйрықтары да, жақсы құрастырылған оқу құралдары да мұғалім тұлғасын алмастыра алмайды» деп тұжырымдаған. Сондықтан ол мұғалімдерден оқытудың ұтымды әдістерін, сондай-ақ педагогикалық әдепті немесе педагогикалық және мұғалімдік әдістерді мықтап меңгеруін талап етті", бұл бүгінгі таңда педагогикадағы білім беруде дидактикалық талаптардың бірі. Ы.Алтынсарин «Кырғыз хрестоматия» атты еңбегінде балаларды достық пен гуманизмге шақырады, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу қажеттігін атап көрсетеді деп маңыздылына тоқталады.

Сонымен бірге еңбектерінде Абайдың психологиялық көзқарастырына баға беріп Абай сол заманда психологияны алғашқы болып қазақ халқында жете түсініп адамның жанын психологиясын тани білгендігі. Оның түсінігінде поэзия мен ән адам жанының тереңдігіне еніп, ішкі сезімін оятуы керек, олар адамдардың санасында ескі феодалдық-патриархалдық қалдықтармен күресте маңызды рөл атқаруға шақырылады. А.Құнанбаевтың «Абай балалардың ғылымға деген қызығушылығын, құштарлығын дамыту керектігін, онсыз білімді меңгеру мүмкін еместігін көрсетеді. Ол жастардан пайданы емес, намысты ойлауын, мүмкіндігінше білуге ұмтылуын талап етеді. Кітапта көп білім бар – соны оқы, өзіңді жоғары биік қойып әскери адам болып мақтанба, жаныңыздың оты сөнбес үшін, округ командиріне қызмет етуге тырыспаңыз. Ғылым жолы қиын болса да, білімді адал еңбекпен игер, адал, шыншыл бол деп Абай үйретеді» деп жазады. Сонымен бірге олардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда үлкен орны бар деп санаған[2].

Педагогикалық үрдістегі білім беруге байланысты А.Құнанбаевтің «Оқыту, балалардың ой-өрісін дамыта отырып, тиімді және табысты болуы тиіс, бұл ретте балалар психологиясының ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, балаларда жаңа жағымды қасиеттерді тәрбиелей білу керек»[2] деп оқытуда тәрбиелік қызметін атап көрсетеді.

Т.Тәжібаев оқушыларды тәрбие беруде "Балалар тәрбие өз тамырын түсінуден, өз халқының дәстүрлері мен мәдениетін құрметтеуден басталады" - деп тәрбие беру үрдісінде мәдени бірегейлікті сақтауды және ұлттық құндылықтар негізінде отансүйгіштік тәрбиелеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл педагогтың идеясын бүгінгі таңда мектептегі еңгізіліп отырған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыруда тәрбие шараларын өткізуде пайдалануға болады. Бұл дегеніміз тәрбие шараларын мектепте өз тарихын мәдениетін білуге мазмұны жағынан байтылып өткізілетін болса, өскелең ұрпақ елін сүйюге құрметтеуге үйренеді.

Тәжібаевтың идеялары мен әдістері қазіргі педагогикада сұранысқа ие. Оның көптеген әдіс-тәсілдері Қазақстанның және басқа елдердің білім беру жүйесінде қолданылады, мұнда оқытуға жеке көзқарас әдістері және оқушыларды оқу процесіне белсенді қатыстыру белсенді түрде енгізілуде.

Төлеген Тәжібаев Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына орасан зор үлес қосты. Оның тәсілдері мен әдістері көптеген мұғалімдерге оқыту үдерісіне жаңаша көзқараспен қарауға көмектесті және оның идеялары қазіргі білім беру тәжірибесінде өмір сүруін жалғастыруда. Оның шығармаларын зерделеу өз жұмысын жетілдіруге талпынған ұстаздар үшін маңызды міндет болып табылады. Қорыта келе, ұлы педагог-психологтың педагогикалық мұрасын мұқият зерделеу, оның іргелі теориялық

ұстанымдарын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру, жүгіну Қазақстанның білім берудің бүгінгі теориясы мен тәжірибесіне экстраполяция жасауға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер**

1.Национальная энциклопедия ; гл. ред. Б. Аяған- Алматы : Қазақ энциклопедиясы , 2006. – 9965-9908-5-9 (т. 5) (в пер.), 9965-9389-8-9 - Мәдени мұра (Культурное наследие) . Т. 5 . С-Я– 560 с., ил. .

2. Т.Т.Тажибаев. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Издательство «Казахстан». Алма-ата: 1965.

# ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Дуйсенова Роза Убайданқызы**
Шымкент қ
Ахмет Байтұрсынов атындағы
№50 мектеп-гимназиясы
география пәні мұғалімі

Резюме

*В данной статье рассматриваются вопросы, которые способствуют развитию явлений и законов природы, различных процессов в дисциплине география инновационных технологий.*

Summary

*This article examines issues that contribute to the development of phenomena and laws of nature, various processes in the discipline of geography of innovative technologies.*

XXI ғасыр – жаңашылдықтың заманы. Әсіресе, білім беру саласында бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын, инновациялық педагогикалық технологияларды игеру маңызды. Оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуында ақпараттық технологияның қарқынды дамуының рөлі ерекше. Қазіргі заман ақпараттық технологиялар уақыты. Осыған байланысты білім беру саласында басымдық ақпараттық технологияларды пайдалануға беріледі. Бұл туралы өзінің баяндама сөзінде Н.Ә.Назарбаев та айтып өткен: «Адамзат үшін XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз… Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».

Ол негізінен білім беру саласында жаңаша ойлайтын, ақпараттық технологияларды меңгерген, инновациялық үрдістерге ілесетін, заманауи шешім қабылдайтын, жаңа тұрпатты педагогты қажет етумен тығыз байланысты.

Себебі, әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Жаңа реформалардың пайда болуы жаңа әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді технологияларын іздестіруді талап етеді.

Адам ойының, ойлауының биік өресін ғылым мен техника дамуының деңгейі арқылы көруге болады. Себебі техниканың әртүрлі озық түрлерін пайдалана отырып адам өз мүмкіндіктерін жан-жақты аша алады, оны қолдана отырып дамытады. Әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, сыни ойлау қабілеті де артады.

Сондықтан да жаңа кезеңге аяқ басқан еліміздің бет-бейнесі білімі арқылы өлшенбек. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламсында еліміздің білімін дамытудың стратегиялық бағыты айқындалған болатын. Бұл бағдарламаның идеясы білімді трансляциялау және инновациялық мүмкіндіктерді білім беру үрдісіне енгізу. Осы идея жаңартылған білім мазмұнында көрініс тапты. Бүгінгі білім беру жүйесінде өмірлік мәселелерді шеше алатын, оқу-тәрбие процесін жаңа инновациялармен түрлендіретін, практикаға бағытталған педагог қажет. Ол кез-келген білім алушымен коммуникацияға түсе алуы қажет. Интеллектуалды рессурстарды нәтижелі қолдану педагогтар мен білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін көрсететін негізгі фактор екені белгілі. Бұл тенденция әлем елдерінінің дамуымен тығыз байланысты. Себебі, көптеген әлем елдері білім индустриясын трансляциялау мен оны қолдануға негізделген экономикаға көшті. Сондықтан да білімнің дамуына еңбек нарығының сұраныстары әсер етуде. Осындай күрделі процесстер білім индустриясын өзгертуге өз септігін тигізуде. Сондықтан да білім беру үрдісінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану өзекті мәселенің біріне айналды.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Бұл міндеттер Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің баяндамаларында жалғасын тапты.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – география сабағында жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. География пәні – өзіндік ерекшелігі бар әрбір оқушыны қызықтыра білетін, тылсым ғажайып сырға толы тән. География пәнінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, сөзжұмбақтар құрастыруға, рефераттар даярлауға, интернет жүйесін қолдануға, слайдтар жасауға үйренеді.

География пәнінде табиғат жағдайындағы құбылыстар мен заңдылықтарды, түрлі процестерді өз көздерімен көріп таныса алады. Сонымен бірге электронды оқулықты пайдалану арқылы оқушының шығармашылығын дамытып, іскерлікке, өздігінен білім алуға баулимыз.

Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу білім алушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М.Глушков «ақпараттық технология-ақпарат өңдеумен байланысты ұғым» — деп дәлелдеген.

Қазақстандық ғалым С.М.Кеңесбеков «Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық -коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиеде оның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану үрдісі» -деп айтқан болатын

Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. Инсерт әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті гуманитариялық бағыттағы сабақтарда қолдануға болады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу арқылы мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. География сабағында кластер құрастыру кең тараған әдістердің бірі болып табылады. Жаңа тақырыпқа болжам жасайды, не білетінін есіне түсіреді, жазады, салыстырады. Кластерлермен жұмыс жасағанда білім алушылардың еркін ойлануына мүмкіндік беріледі. Кластерді сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады. Ол материалды жүйелеуге көмектеседі. Ақпараттың жағымды және жағымсыз жағын анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибиеде **«SWOT – талдау» әдісі жиі қолданылады.**

Инновациялық технологиялардың бірі-SMART. Ақылды технология, ақылды оқыту, ақылды техника -деп атаса да болады. SMART- технологияның негізі Америка, Англия, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде пайда болды. Ол ағылшын тіліне аударғанда «ақылды» деген ұғымды білдіреді. **SMART технология – бұл барлық ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым стартап бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде смарт технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.**

Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру.

E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі педагог пен білім алушыға жаңа бағытты үйретеді. E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.

Бұл технологияның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Олар сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді.

wordwall технологиясы арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект карта құрастыру т.б. тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді.

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

**Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. — Нұр-Сұлтан, 2016 //www.akorda.kz/
2. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Нұр-Сұлтан, 2018 //www.akorda.kz/
3. Аймағамбетов А.А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады https://egemen.kz/article/233068-askhat-aymaghambetov
4. Қазақстан бүгіні мен ертені https://qazaq1913.com/2020/08/11/aza-stan-ylymy-b-gin-

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Копбаева Тамара Сакеновна**
А.С.Пушкин атындағы
№1 мектеп- гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті

Резюме

*В настоящее время требованием к специалистам, преподающим казахский язык, является обеспечение качественного образования с использованием новых технологических методов, улучшение мышления, памяти, изобразительных способностей учащихся и создание условий для формирования познавательных способностей, умения раскрыть личность учителя. интеллект, учебная деятельность и содержание преподаваемого предмета.*

Summary

*At present, the requirement for specialists teaching the Kazakh language is to provide quality education using new technological methods, improve thinking, memory, visual abilities of students and create conditions for the formation of cognitive abilities, the ability to reveal the personality of the teacher, intelligence, educational activities and the content of the subject taught.*

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарынасай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаматтық бен білім керек» депкөрегендікпенШоқан Уалиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндейетіп дайындауға – әрбір ұстаз міндетті. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгінаркалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру, лардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының

интеллектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Бұлар щқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», - деп В. Сухамлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесіндеғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тындайды, қабылдайды, ойлайды, тағы басқа таным әрекеттерін жасайды.

«Жүз рет істігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздердіескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялықпроекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этно педагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- барлық баланы оқыту;
- оқутәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетінайқындау, іздену.

Яғни, әр қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткірсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің тіліміздегі тілдік талдауларға қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылап талдауға бағынады. Сатылай комплексті талдаудың маңызызор деп ойлаймын:

- оқушы материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденуге жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;
- өзіндік пікірі қалыптасады.

Біз ұстаздар қауымы қандай да болсасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі – ӘОқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудынң тиімділігіне тоқталсам. Мұнда әр оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ойтолғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратының атап өту керек.

«Қызығушылығын ояту» кезеңінде алдынғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушының білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе отырып, жай сөздермен емес, тақыриппен байланыстыра жаңа сабақтың атауын шығарамыз.

Сабақтың қай құрылымында болмасын оқытушы осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтам?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясын оқытушы жүзіге асырады.

Осы кезеңде «Түртіп алу кестесі» бойынша да жұмыстану арқылы қорытынды шығаруға болады.

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады.

қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға жіне шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «Дебат» яғни, пікір-сайыс өткізуге немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мқндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын

қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

**Әдебиеттер:**


1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2009, № 12
2. Т.М. Артықова. «Қазақ тілі бойынша тірек – сызбалар».
3. В.Ф. Шаталов. «Тірек – сызба нұсқасы».
4. Ж. Адамбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері». 1993.
5. Е.И. Пассов. «Коммуникативный метод обучения иностранному говорению».
6. М.А. Аманбаева. «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану».


## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ


**Салтаева Халипа Калыкуловна**
№66 "Қазығұрт "жалпы білім
беретін мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Резюме

*В настоящее время обеспечивается качественное образование с использованием новых технологических методов преподавания казахского языка. Совершенствовать их способность мыслить, запоминать и видеть, создавать условия для формирования познавательных способностей, уметь раскрывать личностный интеллект учителя, учебную деятельность, содержание преподаваемого предмета.*

Summary

*Currently, high-quality education is provided using new technological methods of teaching the Kazakh language. To improve their ability to think, remember and see, to create conditions for the formation of cognitive abilities, to be able to reveal the personal intelligence of the teacher, educational activities, the content of the subject taught.*


Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазақ халқының көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай

«Сүйемін туған тілді анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минөтіменен,
Құлағыма сіңірген таныс үнін»

«Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне

келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға - әрбір ұстаз міндетті. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек – сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы және т.б.

Қазақ тілін оқыту – қиын жұмыс деп ойлаймын. Қазақ тілі пәні сабағын оқытуда жаңа технологиялардың элементерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Ол халықаралық білім стандартының шарттарымен үндес келеді.

Американдық гуманитарлық психология қауымдастығының өкілі К. Роджерс жасаған әдістеменің төмендегідей бағыттары жаңа педагогикалық технологияда көрініс тапқан.

Яғни олар:

1. Оқушының дайындық деңгейін бақылай алу;
2. Оқу материалын сұрыптап ұсына алу;
3. Оқу әрекетін ұйымдастыра алу;
4. Диалог жүргізе алу;
5. Сабақ барысында жағымды эмоция сезімдерімен қанықтыра алу;
6. Мақсаттың нәтижеге ұласуын жоспарлау, жүзеге асыра алу.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуға жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіре отырып, оны танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.
А. Андреева пікірі бойынша деңгейлеп оқытудағы диалогтық қарым-қатынас 3 сипатқа ие.

1. Коммуникативтік (оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуы)
2. Интерактивтік (оқушылар білімдерімен ғана емес, сонымен бірге оқу әрекеттерімен де өзара алмасуы)

Оқушының жан-жақты дамып, жетілуіне, шығармашылықта жұмыс істеуге бейімделуіне, топта, жұпта жұмыс істей алу қажеттілігіне жетелейтін бірден-бір әдіс. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік,

адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

“Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ сол мұғалімнің ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- мұғалімнің уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Яғни, әр қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің тіліміздегі тілдік талдауларға қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылап талдануға бағынады. Сатылай комплексті талдаудың маңызы зор деп ойлаймын:

- оқушы материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденуге жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі – “Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. Сабақтың қай құрылымында болмасын оқушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс “Мен не ұқтым?” және “Мен нені білгім келеді?” деген сұрақтарды есінен шығармауы керек.

“Мағынананы тану” кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны мазмұны, стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар

үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылады немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда “Жуан және жіңішке сұрақтар” стратегиясын мұғалім жүзеге асырады.

Осы кезең бойынша жұмыстану арқылы қорытынды шығаруға болады: Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Мұнда “Венн” диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты яғни, пікір-сайыс өткізуге немес “5 жолдық өлең” жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол 5 жолдық өлеңді жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 3,4 сөз тіркестерін құрастырып өз ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз деп білемін.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану - оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

**Әдебиеттер:**


1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2009, № 12
2. Т.М. Артықова. «Қазақ тілі бойынша тірек – сызбалар».
3. В.Ф. Шаталов. «Тірек – сызба нұсқасы».
4. Ж. Адамбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері». 1993.
5. Е.И. Пассов. «Коммуникативный метод обучения иностранному говорению».
6. М.А. Аманбаева. «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану».


## ОРЫС ТІЛІ ПӘНІ САБАҒЫНДА ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ


**Байдалиева Алмагул Темиргалиевна**
ТО ДСБ ОФО ШЖҚ МКК орта мектебі
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Резюме

*Потребность в иностранном языке как предмете возрастает в соответствии с современными требованиями. Основная цель обучения русскому языку – приучить учащихся общаться на иностранном языке, воспитать образованного гражданина, уважающего родной язык при обучении иностранному языку и стремящегося к изучению другого языка.*

Summary

*The need for a foreign language as a subject is increasing in accordance with modern requirements. The main goal of teaching Russian is to teach students to communicate in a foreign language, to raise an educated citizen who respects his native language when teaching a foreign language and strives to learn another language.*


*Сабақта дидактикалық материалдарды қолданудың жолдары:*

Қазіргі заманда сабаққа қойылатын талаптар мұғалімнен шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үрдісінде материалдарды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцзийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, орындасам түсінемін» — деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі. Сондықтан сабақта қолданылатын интербелсенді оқыту тәсілдерін пайдалану оқушының бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығын қалыптастырады. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар атқара отырып, оқушының белсенділігі артады, бір-біріне көмектесе отырып, сабаққа барлық оқушы қатыса алады. Өзінше ізденіп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Нашар оқитын оқушының өзі ойын элементтері арқылы интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану барысында оқушының ой-өрісін дамытуға көмектеседі. Жаңашыл ұстаздар сабақ арқылы оқушыға емес, оқушы жүрегі арқылы сабаққа ұмтылыс тудыруды ұсынады.

Ал, енді интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар орындайтын бірнеше тапсырма түрлері:

1. *Орыс тілінде сөздік қорын көбейту үшін тақырыптық суреттермен жұмыс жасаған өте тиімді.* Оқушыларды төрт топқабөле отырып, оларға суреттері бар кубиктер беріледі. Суретпен жұмыс жүргізудің бір түрі — кубиктер. Кубиктің алты беті болады, сол алты бетіне тақырыпқа байланысты суреттер қоямыз. Кубикті лақтырып қалған кезде қайсы беті түссе, сол бетін суреттейміз. Топтар кезек-кезек кубик лақтыра отырып, тапсырманы орындап отырады. Мысалы, жан-жануарлардың суретін әрбір бетіне саламыз. Оқушылар сол жануардың атын, сын-сипатын айтып беру керек.

Бұл кубиктер орыс тілін жаңадан бастағандарға арналған бастапқы этапта пайдаланатын кубиктер. Келесі кубиктер күрделірек.

*Әрбір бет бір-бір тақырыпқа* арналады. Мысалы: бірінші бетте киім-кешектер болса, екінші бетте ыдыстар, үшінші бетте жеміс-жидектер, төртінші оқу құралдары, бесінші үй жиһаздары, алтыншы табиғат бейнеленеді. Кубикті лақтыру арқылы тапсырмалар беріп оқушылардың барлығын дерлік сабаққа жұмылдырып, қызықты өткізуге болады.

Сабақта бір сарынды ұзақ жаттығулар мен ұзақ оқытулар оқушыларды жалықтырады, сондықтан да оқыту тәсілінің бірі ойын элементтерін пайдалану оқушылардың сабаққа деген жалпы шет тіліне деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырады.

Сабақта мен бастауыш буындарда мынадай ойын элементтерін пайдаланып өткіземін. Келесі ойын сабақ барысында өтіп кеткен қандай да *бір дыбыс бойынша ойын* жүргізуге болады. Мысалы, [әе] дыбысына. Мұғалім әр топқа кезек-кезекпен осы дыбыс бар сөздерді айтқызады. Қай топ көп сөз айтса, сол жеңеді.

2. *«Қатесін түзе» ойыны* – Бұл ойында берілген сөздің қатесін табу керек. Яғни, қайсы әріп дұрыс қойылады.

3. *«Күн сәулесі» ойыны* – Қажетті сөзді тиісті тақырыпқа пайдалану (Венн диограммасы)

Бұл ойын күн сәулесіне адамның мінез-құлықтарын жазып толтырамыз. Күннің әрбір шуағына әр оқушы бір мінез түрін жазып, кеспе қағаз оқушыдан-оқушыға өте отырып, соңында өз иесіне қайтады. Бұл ойын арқылы оқушы өзін-өзі тәрбиелейді.

4. *«Сөздерді толықтыр»* – Бір сөзден келесі жаңа сөз табу (зат есімнен – етістікке айналдару т.б.с.с.).

Сонымен қатар қазіргі жаңа технология заманында заман талабына сай білім беруде, жаңа технологияларды қолдана отырып сабақ барысын қызықты өткізу,ә р оқытушының үздіксіз үрдісі десекте болады.

Орыс тілі мен әдебиетін оқыту үшін қызығушылығын ояту қазіргі уақытта қиындығы бар мәселе, бірақ мүмкіндік бар деп есептеймін. Бұл жерде көмекке мультимедиялық тұсаукесерлер көмекке келеді, оларды жаңа сабақ түсіндіру ,сабақты бекіту,қайталау кезеңдерінде қолдануға болады.

Өзімнің оқыту жұмысымда интербелсенді тақтаны қолданамын.

Мақсатым – белсенді, өмірде қолдана алатындай жоғары білім деңгейі бар тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатымды жүзеге асыру үшін, мен алдыма мынадай міндеттерді қоямын:

— Интербелсенді оқуға дайындығын қалыптастыру;

— Оқу-тәрбие жағдайындағы өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;

— Өз пәнімді оқытуда оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырып және дамытатын жаңа интерактивтік тәсілдерді енгізу.

Болашақ азаматтар

Бірге жұмыстануы

Тең жұмыстану, сонымен бірге басқара да жетекшілік жасай да білу;.

Өзгені сыйлау;

Өз көзқарасын білдіру.

Өз пікірін қорғау және түрлі жағдаяттармен байланыстыра білуі керек.

Әр мұғалімнің алдында: оқушы қызығушылығын қалай тұрақтандыру, білім сапасын қалай көтеруге болады деген сұрақтар туындайды. Оның жауабы, әдісте, жаңа технологияларды оқып үйреніп, одан кейін өз жұмысында қолдану.

Орыс тілді оқытуда мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды.

Қорыта айтқанда оқу процесін жеделдетумен байланысты шет тілін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туып отыр. Бұдан бұрынғы әдіс-тәсілдерді қолданбау керек деген емес. Қайта бұл әдістеменің дамуына негіз салады.

**Әдебиеттер:**

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009.-240 б.

2. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010. - 243 с.

3. ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.

4. Мамандыққа кіріспе. Рувинский Л.Н. Алматы. 1991ж.

# ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Айтуар Айдар Жарасбекұлы**
№57 жалпы орта білім беретін мектеп
Химия пәні мұғалімі

Резюме

*Наряду со многими новыми технологиями, в последнее время на уроках химии часто используются информационные технологии. Изучение состава и строения веществ, зависимости их свойств от их строения, получение новых веществ и материалов с известными свойствами, изучение законов химических превращений и способов управления ими - основные вопросы преподавания химии в школе.*

Summary

*Along with many new technologies, information technologies have recently been frequently used in chemistry lessons. The study of the composition and structure of substances, the dependence of their properties on their structure, the production of new substances and materials with known properties, the study of the laws of chemical transformations and methods of managing them are the main issues of teaching chemistry at school.*

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерттеу – мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерттей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-зертханалық тәжірибелер;

-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

-анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз — тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді.

Менің ойымша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

— Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

— Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

— Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

— Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

— Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды.

Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Тоқталып өтсем, өзімнің жұмыс жасайтын мекемеде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған.

Өз басым интерактивті тақтаны әр сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын. Мысалы: Бейорганикалық химия пәнін оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге дағдыланады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Химия сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізуді қолға алдым. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында оқушылардың қабілетін, білім деңгейін, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге баулып, қорытындысында оларды машықтандыруға, оқушының ақыл-ойын дамытуға, өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, әр баланың сабаққа деген ынтасын арттырып, олардың тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беріледі. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-

жақты тұлға қалыптастыра отырып, оқушының білім сапасын, алған білімдерін байқап көруге болады.

Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет.

Ұлы химиктердің өмірі мен қызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар атақты химиктердің өмірбаяны жөнінде ақпарат құралдарынанан энциклопедиялық мәліметтер ала алады.

Сонымен қатар, оқушылармен сабақта слайд-презентацияларын үнемі пайдаланамын.

Презентациялар кез-келген тақырып үшін таптырмайтын құндылық және оқушылар кеңірек мәліметтер алады. Мысалы: «Күкірт және оның қосылыстары», «Азот», «Атом құрылысы», «Хлордың қолданылуы», «Кремний», «Аммиак», «Күрделі эфирлер», «Көміртек», «Қышқылдар», «Негіздер», «Алюминий» тақырыптарына арналған сабақтарымда слайд материалдарын кең қолдандым. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.

4.Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.

5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді.

6.Тағамның химиялық құрамының зияндылығын іс-тәжірибелер барысында анықтайды.

7. Химиялық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім деңгейі анықталып, зерттеу жасалып, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

**Әдебиеттер:**

1. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы.: Print-S, 2005ж.
2. Бірімжанов Б.А., Нұрахметов Н.Н. Жалпы химия. – Алматы.: Анна тілі, 2002ж.
3. Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. – Алматы.: Білім, 2003ж.

# МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ, ОЛ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШЕДІ

**Исабекова Дилара Нурлыбековна**
Шымкент қаласы
№44 Жанар бөбекжай-бақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы

Резюме

*В данной статье в задачи общего образования входит обучение физическому воспитанию, а также двигательным навыкам и умениям. Дети не только осваивают методы физического развития, но и учатся применять полученные знания в повседневной жизни. Здесь пробуждалась любовь школьников к спорту, объяснялось значение физической культуры в сохранении здоровья.*

Summary

*In this article, the tasks of general education include teaching physical education, as well as motor skills and abilities. Children not only master the methods of physical development, but also learn to apply the acquired knowledge in everyday life. Here, the love of schoolchildren for sports was awakened, the importance of physical education in maintaining health was explained.*

Мектептегі дене шынықтыру сабағының негізгі мақсаты – оқушылардың дене дамуы, тәрбие жұмысы мен денсаулығы. Қолданыстағы стандарттарға сәйкес дене шынықтыру сабағы аптасына үш рет өткізіледі. Бұл жағдайда сағаттардың бірі ырғақпен, бимен немесе хореографиямен ауыстырылуы мүмкін. Балаларға арналған гимнастика түрлерін сабақтарға енгізуге де болады.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтары келесі мәселелерді шешеді:

Тәрбиелік мақсаттар. Балаларды дербестікке үйретеді, сонымен қатар ұжымды құрметтеуге, ұжымдық жұмыс дағдыларына үйретеді. Үнемі өткізілетін сабақтар мектеп оқушыларының бойында жауапкершілік, батылдық, берілгендік, табандылық, сонымен қатар жеңіске деген құштарлықты тәрбиелеуге көмектеседі;

Денсаулық сақтау мақсаттары. Дене шынықтыру сабақтары балаларға көптеген денсаулық проблемаларын болдырмауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, сабақтар жалпы денсаулықты жақсартуға, дұрыс дене қалпын дамытуға, жалпақ табандарды түзетуге және алдын алуға, ақыл-ой қабілетін арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, сабақтар қимылдарды үйлестіру,ептілік, сыни тұрғыдан ойлау және т.б. қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Мектепте дене шынықтыру сабағы қалай өтеді?

Әрбір сабақтың жоспарын оқытушы пәнді оқыту кестесіне сәйкес құруы керек. Бастауыш сынып оқушылары үшін дене шынықтыру сабағы

ұйымдастырудан басталады. Балалар киімін ауыстырып, спортзалға немесе ойын алаңына уақытында баруы керек, сапқа тұрып, мұғалімді тыңдауы керек. Сабақтың өзін теориялық және практикалық деп екіге бөлуге болады. Теориялық бөлімде мұғалім жаттығуларды орындау ерекшеліктерін түсіндіреді және олардың мақсаттарын анықтайды. Сондай-ақ, теориялық бөлім балаларға спорттық ойындардың ережелерімен танысуға мүмкіндік береді.

Практикалық бөлім жаттығуларды тікелей орындаудан, спорттық ойындарды өткізуден тұрады және бұл кезеңде баланың дене белсенділігі мен жаттығулардың дұрыстығы бағаланады. Практикалық бөлім қыздырудан басталуы керек. Бұл баланың денесін жаттығуларға дайындайтын және қауіпсіздік шараларының құрамдастарының бірі болып табылатын қыздыру.

Дене шынықтыру сабағында мектептегі ойындар

Дене шынықтыру сабағында мектептегі ойындар оқу бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғары сынып оқушылары көбінесе баскетбол, футбол, волейбол және басқа командалық ойындар сияқты ойындарды ойнайды. Бастауыш мектептегі ойындарға басқаша көзқарас. Мұнда ойындар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Бастауыш сыныптарға арналған ең танымал ойындарға «Колобок», «Хайуанаттар бағы», «Екі аяз», «Аңшылар», «Көршіге арналған доп» және т.б. Ойындар мұғалімге дарынды балаларды анықтауға және балаға қандай спорт түрі қолайлы екенін анықтауға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру мұғалімдері баланың дарындылығын жиі байқап, ата-аналарға баласын секцияға жіберуге кеңес береді. Біздің бөлімдер каталогында сіз балаңыз үшін бөлім таңдай аласыз.

Мектептегі дене шынықтыру сабағына қойылатын талаптар

Мектептегі дене шынықтыру сабағына қойылатын қазіргі талаптар бірнеше жыл бұрынғыдан айтарлықтай ерекшеленеді. Бүгінгі күні дене шынықтыру – алдына бірқатар міндеттер қойып, оларды шешуші толыққанды пән.

Мектептегі дене шынықтыру сабағына қойылатын жалпы талаптар:

Оқыту қолжетімді, жүйелі, жүйелі және әлеуметтік оқытумен тығыз байланысты болуы керек;

Сабақта балалардың саналылығы мен белсенділігін, сонымен қатар балалардың оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету қажет;

Мұғалімдерге көрнекілік, практикалық және ауызша оқыту әдістерін біріктіру ұсынылады;

Білім беру мектеп оқушыларының әлеуметтік тәрбиесі мен дене дамуын, сонымен қатар оқытылатын материалды меңгеру күшін қамтамасыз етуі керек.

Осы талаптарды негізге ала отырып, дене шынықтыру мұғалімі әрбір сабақтың тәрбиелік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін алдын ала жоспарлауы керек. Сонымен қатар, оқыту жоспары жүйелі және жүйелі болуы керек, яғни әрбір сабақ жүйелі түрде балаларды өз мақсатына жетелеуі керек.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік шаралары оқушылардың жарақатын барынша азайтуға, сонымен қатар оқу материалын игеруді арттыруға бағытталған.

Белгіленген ережелерге сәйкес қауіпсіздік шаралары келесі тармақтарды қамтиды:

Оқушыларды сабаққа жіберу қауіпсіздік шараларымен танысқаннан кейін ғана мүмкін болады;

Әрбір студенттің сабаққа жіберілгені туралы куәлігі болуы керек;

Студенттер спорттық формамен және аяқ киіммен қамтамасыз етілуі керек;

Студенттердің киімдерін ауыстыру тек арнайы жабдықталған бөлмелерде мүмкін болады;

Оқушы мұғалімді тыңдап, сабақтағы барлық жаттығуларды орындауға міндетті;

Оқушыларға оқытушының рұқсатынсыз спорттық құрал-жабдықтарды алуға тыйым салынады;

Денсаулығы бұзылған жағдайда студент өзінің жағдайы туралы мұғалімге дереу хабарлауы керек;

Мұғалім бүкіл сабақ бойы спорт залында немесе спорт алаңында болуы керек.

Бұл мектептегі дене шынықтыру сабақтарына қолданылатын негізгі қауіпсіздік нүктелері ғана. Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік шаралары балаларға арналған кез келген спортпен айналысу кезіндегідей деп сенімді түрде айта аламыз. Бұл студент мұғалімнің тапсырмасын сөзсіз орындауы және басқа студенттерге дұрыс әрекет етуі керек дегенді білдіреді.

Мұғалім өз кезегінде жаттығуларды орындау техникасын қатаң қадағалап, әр оқушыны бақылауға міндетті. Бүгінгі күні ата-аналарға да мектеп оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында алған жарақаттары үшін материалдық өтемақы алуға мүмкіндік беретін медициналық сақтандыру полисін рәсімдеу ұсынылады. Сондай-ақ, сіз балаңыз үшін мектепте, үйде және жолда кез келген жарақаттарды жабатын тәулік бойы 24/7 қамтуы бар спорттық сақтандыруды ала аласыз.

Бүгінгі таңда балалар мен жасөспірімдердің дене белсенділігінің төмендігі мәселесі өте өткір. Сонымен қатар, ата-аналар баласына дене шынықтыру сабағына бару керек пе деп ойлана бастады. Оны анықтап көрейік.

Неліктен мектеп оқушыларының моторикасында қиындықтар бар?

күн ішінде әрекеттердің өзгеруі. Бала мектепке барған сәттен бастап белсенділікпен айналысуға уақыт пен мүмкіндік аз болады: балабақшадағы ұзақ серуендеу мен белсенді ойындар кешкі уақытта партада отыруға және үй тапсырмасын орындауға ауыстырылады. Ал бала есейген сайын, үзіліс кезінде белсенділігі азаяды.

бос уақытты өзгерту. Өкінішке орай, қазіргі балалардың көпшілігі бос уақытында аулада, таза ауада серуендегеннен гөрі гаджеттердің барлық түрін таңдайды. Көбінесе ата-ананың баласын спорт секциясына апаруға мүмкіндігі де, уақыты да болмайды. Осылайша, балалардың барлық қозғалыс белсенділігі пассивті бос уақытпен ауыстырылады.

салмақ проблемалары. Артық салмақ пен балалардағы семіздік мәселесі өте кең таралған және денсаулыққа өте қауіпті. Ата-аналар енді, мысалы, баласы мектептен кейін не жей алатынын үнемі бақылай алмайды. Өйткені, әдетте, бұл тәтті сода қосылған чипсы немесе фастфудтың қандай да бір түрі. Егер бала зиянды тағамдарды көп жеп, қажетті энергияны жұмсамаса, бұл семіздікке апаратын ең қысқа жол.

Неліктен балаға дене тәрбиесімен айналысу керек?

Бірінші орында, әрине, денсаулық. Спорт денсаулық пен иммунитетті нығайтатыны баршаға мәлім. Бұл ретте жарты күнді жаттығу залында немесе кортта өткізудің қажеті жоқ. Күніне небәрі 30 минут уақытыңызды (айтпақшы, бұл ересектерге де қатысты) қалыпты физикалық белсенділікке жұмсай аласыз - бұл денсаулыққа құнды үлес болады. Спорттық жаттығулар сізді күні бойына күш пен қуат береді. Балаларға физикалық белсенділіктің қандай пайдасы бар? Артрит, артроз, остеопороз және басқа да көптеген аурулардың алдын алу қызметін атқаратын метаболикалық процестер белсендіріледі, бұлшықеттер дамиды; дене оттегімен қаныққан - мидың, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің жұмысы жақсарады, бұл байланысты аурулардың - артериялық гипертензияның және т.б. профилактикасы ретінде қызмет етеді.

Ерікті қасиеттер. Спорт денені ғана емес, мінезді де шыңдайды. Ойлап көріңізші: дене шынықтыру сабағының тұрақты өтуі балаға топта жұмыс істеуге көмектеседі, ал кейбір бөлімдердегі сабақтар ерік-жігер мен жеңіске деген ұмтылысты үйретеді. Мұның бәрі денсаулыққа пайдалы!

Психологиялық босату. Өмірдің заманауи қарқыны және көптеген нәрселер шаршау мен стресске ықпал етеді. Ересектерде де, балаларда да. Дене тәрбиесі балаға жинақталған эмоцияларды тастауға және жұмсалмаған энергияны дұрыс бағытта бағыттауға мүмкіндік береді. Осылайша, стресске төзімділік артады және психикалық денсаулық жақсарады. Көбінесе спортпен айналысатын балалар бос уақытты пассивті түрде өткізетін құрдастарына қарағанда өздерін сенімдірек сезінеді.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтары

Мектептерде дене тәрбиесі міндетті пән болып табылады. Белгілі бір сабақ бағдарламалары, сондай-ақ балалардың жасына сәйкес есептелетін стандарттар бар. Әрине, сабаққа «толық қатысу» тек дені сау балаларға арналған. Денсаулығында проблемалары бар балалар сабақтан толығымен шығарылуы мүмкін немесе ішінара босатылуы мүмкін (дене шынықтыруға барыңыз, бірақ қарсы жаттығулар мен жүктемелерді орындамаңыз). Қалай болғанда да, бала бұл үшін физикалық белсенділікті сақтауы керек, сіз спорт дәрігерімен немесе спорттық медицина орталығымен кездесуге келе аласыз, онда балаға оған қолайлы сауықтыру жаттығуларының ең қауіпсіз жиынтығы таңдалады.

Есіңізде болсын, баланың дені сау дамуы үшін ең бастысы - теңдестірілген тамақтану және қалыпты физикалық белсенділік.

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

**Ахметова Гулдаурен Талипбайовна**
Шымкент қаласы,
А.Назарбеков атындағы
№87 ЖОББМ көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Резюме

*Качественное образование – это непрерывный процесс образования и обучения. В настоящее время целью образования является формирование хорошо образованной, целеустремленной, способной личности с высокой моралью. Сейчас мы перешли к информационному обществу, которое может развивать технические возможности для интерактивного общения по всему миру.*

Summary

*Quality education is a continuous process of education and training. Currently, the goal of education is the formation of a well-educated, purposeful, capable person with high morals. Now we have moved to an information society that can develop technical capabilities for interactive communication around the world.*

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі әдіс тәсілдерді қолданып жүрмін. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс-тәжірибелер жасаудамын.

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасаудамын. Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес,сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Оқушыларым жыл бойы

ізденіс үстінде. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:-жаңа материалды меңгеру;-оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;-оқушының өзін көбірек сөйлету;-тақырыпты бекіту;-игерілген білімді тиянақтау;-көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану. Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; өз ойын дұрыс жазу, айту. АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймын, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін — өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.1. Оқу мақсаттарының қойылуы.2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беремін, жауаптарын тыңдаймын. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.**Біріншіден**– шығармашылық жоба білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.Мысалы: **«Жеңіл көйлек тігу»**тақырыбын өткен кезде **«Түсіну деңгейі»**топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады,оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізілді. **Екіншіден —** оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын

арттырады.**«Қолдану деңгейі»** бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар **«Топтастыру стратегиясы»** арқылы постер қорғайды. I топ ұлттық көйлекII топ заманауи көйлекIII топ тұрмыстық көйлек Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.**Үшіншіден –** оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті шығармашылық жоба оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды.Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап,көйлектің эскизін дайындайды. **«Талдау деңгейі»**«Реттілік» кезеңі.Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады.Бұйымды әрлеп үтіктеу үлгі дайындайды. Фурнитураларды (түйме,ілмек,гүл т.б) қадау материалды пішу. Сызба дайындау бұйымды тігу.Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.**«Жинақтау деңгейі»**бойынша Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.**«Бағалау деңгейі»** бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады.Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды,қайсысы оңай болды. Саламандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау. Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.**Төртіншіден**– шығармашылық жоба нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым — қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.Жаңа әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалана білу — оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі . Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс — әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым: -оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады. Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында

оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайды. Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Мысалы: **5сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары»** тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер,зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге,бір — бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін баяндай алды. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды .1.Оқушы танымын кеңейтеді 2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды . 3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. 1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде женілдетеді.Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Қорыта келгенде бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге

мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ,ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Әдебиеттер

1. Педагогика: дәрістер курсы, Алматы «Print-S», Алматы,2005.-364с.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 1998.
3. Жалпы педагогика. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Заң әдебиеті». Алматы, 2006. -228б.
4. Сағындықұлы Е. Педагогика. Дәрістер курсы. Алматы, 1999.
5. Баймолдаев Т.М. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі: Білім беру ұйымдарының басшыларына және білім жүйесі қызметкерлеріне арналған. Монография. /Т.М.Баймолдаев. - Алматы, 2013. - 356 бет.

## СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ГИМНАЗИЯ № 8 С ОБУЧЕНИЕМ НА ТРЕХ ЯЗЫКАХ ИМ. М.Х. ДУЛАТИ, Г. ШЫМКЕНТ

**Буханцева И. В., учитель географии**

Summary

*The stream of information in our quickly developing world is enormous. It has been reflected on the volume of the secondary school subject programmes. It is not a secret that some textbooks are overloaded with information – figures, names, facts. How to put all these suggested standards into the head of the ordinary student? What kind of graduate are we going to get – thinking or obedient, who absolutely believes in everything he learns? The majority will agree with me, that neither the volume of knowledge nor the amount of information put into students heads is the aim of education, but the skills to operate this information are really important - to seek the information, to analyse it, to find sense in it, to use it in real life. Only information must be the starting point for the thinking process not the axiom. That is why the main direction in the work of the modern teacher is to teach is to teach students to think productively, to use information correctly, to evaluate it's level of trustworthy adequately and to choose the most affective version to prove one's ideas.*

Түйін

*Бұл мақала сабақтың әртүрлі кезеңдерінде білім беру ақпаратының үлкен көлемімен тиімді жұмыс істеу әдістері мен тәсілдеріне арналған. Қарқынды дамып келе жатқан әлемде ақпарат ағыны орасан зор. Бұл жалпы білім беретін мектеп бағдарламасындағы пәндік білім көлемінен көрінді. Жасыратыны жоқ, кейбір оқулықтар ақпаратқа – сандарға, атауларға, фактілерге толы. Осы ұсынылған стандарттарды қарапайым студенттің басына қалай енгізуге болады? Біздің қандай түлек шығады – ойлайтын ба әлде тілалғыш па, білгенінің бәріне толық сенетін бе? Ақпарат ғасырында оқушылардың санасына салынған білімнің көлемі де, ақпарат көлемі де білім берудің мақсаты емес, бірақ бұл ақпаратты пайдалану дағдылары шынымен маңызды - ақпаратты іздеу, талдау, оның мәнін табу. оны өмірде пайдалану үшін. Сондықтан да қазіргі мұғалім-мұғалім жұмысындағы басты бағыт – оқушыларды өнімді ойлауға, ақпаратты дұрыс пайдалануға, оның сенімділік деңгейін барабар бағалауға және өз ойын дәлелдеудің тиімді нұсқасын таңдауға үйрету.*

**Мыслящий или послушный ученик?**

(из опыта применения технологии критического мышления)

Поток информации в наш быстро развивающийся век огромен. Это сказалось и на объеме общеобразовательных программ школы. Не секрет, что часть учебников перенасыщена информацией – цифрами, названиями, фактами. Как уложить предлагаемые стандарты обучения в голову простого среднего школьника? Какого выпускника мы ожидаем получить – мыслящего или послушного, который безоговорочно принимает на веру все учебные постулаты? Со мной согласятся многие в том, что не объём знаний или количество информации, уложенное в голову ученика, является целью образования, а то, как он умеет управлять этой информацией: искать, анализировать, находить в ней смысл, применять в жизни. Любая информация должна быть отправной точкой для мышления, а не аксиомой. Поэтому научить продуктивно мыслить учащихся, грамотно пользоваться информацией, адекватно оценивать уровень ее достоверности и выбирать наиболее эффективный вариант для доказательств своих суждений – основное направление деятельности современного педагога. Таким образом, образование ставит перед собой задачу воспитания критически мыслящего человека, думающего, анализирующего, умеющего увидеть проблему и найти рациональные пути её решения. В системе инновационных технологий приоритетным, на мой взгляд, является технология критического мышления, сущность которой заключается в формировании у учащихся способности не просто воспринимать информацию, а перерабатывать ее, анализировать, формировать к ней собственное отношение и принимать взвешенные решения. С методической точки зрения данную технологию можно применять на всех этапах урока. Успешность обучения по данной технологии напрямую зависит от умения учителя четко сформулировать учебные задачи, самому профессионально пользоваться учебной информацией, анализировать и систематизировать ее. И, как нельзя лучше ТРКМ развивает все аспекты личностно-ориентированного подхода в обучении.

В основе личностно – ориентированного обучения лежит признание индивидуальности, самобытности каждого ученика, его развитие не как “коллективного субъекта”, а, прежде всего, как индивида, наделенного своим неповторимым субъективным опытом. Поэтому данный дидактический принцип требует учета психофизиологических особенностей обучаемых, использование системного, деятельного подхода, особой работы по организации взаимосвязанной деятельности учителя и учащихся, которая обеспечивает достижение четко спланированных результатов обучения, создает для каждого ученика ситуацию успеха. Естественно, возникает проблема, как выявить индивидуальность и субъективный опыт каждого ребенка в образовательном процессе. Ведь личность ребёнка – главная ценность и основной объект в работе учителя. Рассматривая основные требования к личностно – ориентированному уроку, И.С. Якиманская отмечает, что его цель – создание условий для проявления познавательной активности учеников, высокой учебной мотивации. Достижению этой цели способствуют, на мой взгляд, методика критического мышления, применение интерактивных форм обучения и систематизация и

структурирование подачи учебного материала. Все вместе взятое решает проблему, связанную с критической обработкой получаемой информации учеником, прочному ее освоению и применению на практике. На память приходят слова великого русского педагога К.Д.Ушинского: «Голова, наполненная отрывочными, бессвязными знаниями, похожа на кладовую, в которой все в беспорядке и где сам хозяин ничего не отыщет…» Поэтому если нет жизненной необходимости в учении, нет мотивации к учению, значит, нет интереса не только в школе, но и за ее пределами. Активность школьников в учении обеспечивает развитие их творческих возможностей, новых познавательных потребностей. Включение школьников в учебно-познавательную деятельность по достижению целей обучения, повышения мотивации к изучаемому предмету обеспечивается с помощью средств активизации, в качестве которых выступают содержание образования, методы и формы обучения, современные образовательные технологии. Остановлюсь на некоторых из них, связанных с учебной информацией.

Поток информации в наш быстро развивающийся век огромен. Это сказалось и на объеме общеобразовательных программ школы. Не секрет, что часть учебников перенасыщена информацией – цифрами, названиями, фактами. Как уложить предлагаемые стандарты обучения в голову простого среднего школьника? Какого выпускника мы ожидаем получить – мыслящего или послушного, который безоговорочно принимает на веру все учебные постулаты? Со мной согласятся многие в том, что не объём знаний или количество информации, уложенное в голову ученика, является целью образования, а то, как он умеет управлять этой информацией: искать, анализировать, находить в ней смысл, применять в жизни. Любая информация должна быть отправной точкой для мышления, а не аксиомой. Поэтому научить продуктивно мыслить учащихся, грамотно пользоваться информацией, адекватно оценивать уровень ее достоверности и выбирать наиболее эффективный вариант для доказательств своих суждений – основное направление деятельности современного педагога. Таким образом, образование ставит перед собой задачу воспитания критически мыслящего человека, думающего, анализирующего, умеющего увидеть проблему и найти рациональные пути её решения. В системе инновационных технологий приоритетным, на мой взгляд, является технология критического мышления, сущность которой заключается в формировании у учащихся способности не просто воспринимать информацию, а перерабатывать ее, анализировать, формировать к ней собственное отношение и принимать взвешенные решения. С методической точки зрения данную технологию можно применять на всех этапах урока. Успешность обучения по данной технологии напрямую зависит от умения учителя четко сформулировать учебные задачи, самому профессионально пользоваться учебной информацией, анализировать и систематизировать ее.

| **Этап урока** | **Деятельность учителя.** |
|---|---|
| **1. Проверка домашнего задания.** | Степень эффективности выполнения домашнего задания учащимися во многом зависит от того, насколько интересной и разнообразной по форме и содержанию будет его проверка. Предложенные в данной статье способы проверки самостоятельной домашней работы учеников для достижения |

| | |
|---|---|
| | результата<br>1. Устный ответ с последующим его анализом другими учащимися. Здесь важно разработать критерии оценивания устного ответа по 5 пунктам (каждый пункт – 1 балл). В этом случае при подготовке дома ученик будет знать, какая информация должна быть главной и поясняющей, по каким параметрам будет оценен его ответ. Таким образом, минимально сводятся конфликты между учителем и учеником на основе «неправильно» оцененного ответа («я все рассказал, а она мне три поставила»), максимально развивается активное слушание.<br>Критерии оценивания устного ответа учащихся.<br>(данные критерии можно использовать на этапе подготовки устного ответа<br>при выполнении домашней и классной работы).<br>Каждый критерий – 1 балл.<br>1. Полнота ответа (все ли существенное изложено по вопросу).<br>2. Приведены ли доказательства (аргументы, дополнительные знания).<br>3. Логичность, грамотность, последовательность речи.<br>4. Использована ли наглядность (карты, схемы, таблицы, презентация).<br>5. Сформулирован ли вывод.<br>2. Использование различного текстового материала (сравнить, сопоставить, найти лишнее, дописать предложение и т.д.) на слайдах презентации, когда можно осуществить самопроверку или взаимопроверку.<br>3. Если тестовой материал небольшой, то самопроверку можно сделать и по учебному материалу (одно условие: проверяемый материал в учебнике должен быть компактным, небольшим).<br>4. Заранее подготовленные дома вопросы по изученному учебному материалу задаются учащимися друг другу («обмен мнениями»). Этот вид опроса можно провести в виде игры – «Кто больше». При этом необходимо конкретизировать, за какое количество правильных ответов выставляется определенная отметка.<br>5. Составить логическую цепочку (элементы логической цепочки могут быть указаны в разном порядке).<br>6. Дискуссия<br>Для ее проведения класс необходимо разбить на группы, каждая из которых будет выступать в защиту своей позиции или взгляда на проблему. Одна точка зрения может быть изложена в учебнике или справочнике, а другая, отличная от нее, может принадлежать кому-то из учеников или учителю. В дискуссии важны рассуждения и аргументы учащихся, а результатом ее станет более глубокое познание сущности изученного явления.<br>7. Вопрос автору (в форме интервью)<br>Это необычный и очень интересный способ проверки домашнего задания. Учитель предлагает ребятам придумать несколько вопросов автору открытия, изобретения, произведения, чтобы глубже познать его смысл. Отвечать на вопросы могут наиболее |

| | |
|---|---|
| | подготовленные ученики, а на самые сложные из них - учитель. К примеру, при проверке домашнего задания по химии можно адресовать интересующие вопросы Дмитрию Ивановичу Менделееву, по физике – Исааку Ньютону, по геометрии – Пифагору, по литературе – Федору Михайловичу Достоевскому.<br>8. Неожиданные вопросы<br>Задача учителя сформулировать вопрос по-иному, нежели в учебнике после параграфа. Если ученик добросовестно подготовился к уроку, затруднений с ответом у него не возникнет, а определенное разнообразие в процесс проверки будет внесено.<br>9. Опрос-светофор<br>В нашем случае в качестве светофора выступает длинная картонная полоска красного цвета с одной стороны и зеленого – с другой. Обращенная к учителю зеленая сторона свидетельствует о готовности ученика к ответу на поставленный вопрос («Знаю!»), красная – о том, что ученик не готов ответить («Не знаю!»). Если на вопросы базового уровня ученик показывает красную сторону, - это сигнал тревоги для учителя. Это двойка, которую ученик сам себе поставил. Можно задавать и творческие вопросы, при этом красный сигнал означает «Не хочу отвечать!», а зеленый – «Хочу ответить!».<br>10. Солидарный опрос<br>Если ученик у доски не может справиться с заданием, необходимо обратиться за помощью к классу. Кто хочет помочь? Из тех, кто желает оказать помощь, педагог выбирает наиболее сильного ученика и предлагает ему шепотом дать подсказку товарищу. Как вариант – ученик сам выбирает того, в чьей помощи он нуждается, а учитель дает тренеру 5- 10минут на подготовку.<br>11. Опросная цепочка<br>Такой способ опроса рекомендуется применять для получения развернутого и логически связного ответа. При этом один ученик начинает ответ, учитель в любом месте жестом прерывает его и предлагает продолжить мысль другому ученику. |
| **2. Изучение нового материала.** | 1. Постановка цели и темы урока. Здесь важно, чтобы учащиеся самостоятельно определили тему и цели урока. К этому их можно подвести, связав изучаемую тему с уже изученной, интересным фактом или заданием по теме будущего урока, сигнальным рисунком. Вопрос: зачем этот материал нужно изучать? - будет совсем нелишним.<br>2. Методы и приемы изучения новой темы зависят от сложности учебного материала, глубины его информативности. Поэтому вариантов много. Можно начать урок с постановки проблемной задачи, выдвижения гипотез («мозговой штурм»), самостоятельного изучения по подготовленному или созданному тут же на уроке алгоритму решения проблемы, что позволит критически отнестись к отбору необходимой информации; применить инсерт, фишбоун, составление плана изучаемого материала.<br>3. Если текст параграфа достаточно большой и сложен для запоминания и осмысления, удачен будет метод «сворачивания» |

| | |
|---|---|
| | учебного материала в виде таблицы, схемы, опорного конспекта. При этом важно не предлагать учащимся готовый вариант, а способствовать их самостоятельному выбору формы работы наводящими вопросами – как лучше сделать? почему?<br>4. Использование на уроке во время изучения нового материала проектного метода требует не только постановки конкретной темы и целей исследования проблемы, выявления последствий и нахождение эффективных путей ее решения, но и четко ограниченных критериев подготовки проекта и его защиты. В Приложении 2 указаны все необходимые параметры подготовки проекта и его защиты. |
| **3. Первичное закрепление учебного материала.** | 1.Формулирование учениками вопросов к изученному материалу, причем вопросы должны начинаться со слов – «почему», «зачем», «как», «как ты думаешь…», «что произойдет, если…» и т.д.<br>2. Можно вернуться к поставленным учащимися в начале урока целям занятия и прокомментировать уровень их достижения.<br>3. Дать задание, направленное на применение полученных знаний в новой ситуации.<br>4. Если в учебном материале содержится объемный цифровой или номенклатурный материал, предложить учащемуся назвать 3-5 показателей (даты, высоты, названия объектов, фамилии ученых) в логической последовательности. Второй ученик повторяет сказанное первым и добавляет свой показатель, третий повторяет услышанное от первых двух и присоединяет еще один и т.д.<br>5. Использовать прием «спиной к карте» (для уроков истории и географии). При этом нужно определить расположение географических и исторических объектов по вопросам учащихся или учителя. |
| **4. Рефлексия.** | 1. Вопросы и задания данного этапа урока должны помочь учащимся осознать степень усвоения материала, определить что получилось (похвалить себя), что еще требует доработки. Важно натолкнуть обучающихся к правильным действиям для полного осмысления изученного материала.<br>Примерные вопросы:<br>Что я знаю?<br>Что я узнал нового?<br>Как изменились мои знания?<br>Что я буду с этим делать?<br>2. Написание синквейнов.<br>1 строка – заголовок, в который выносится ключевое слово, понятие, тема синквейна (урока), выраженное в форме существительного.<br>2 строка – два прилагательных.<br>3 строка – три глагола.<br>4 строка – фраза, несущая определенный смысл.<br>5 строка – резюме, вывод, одно слово, существительное.<br>3. Устное письмо или репортаж. |
| **5. Домашнее задание** | Самостоятельно формулируют объем и содержание домашнего задания. |

Таким образом, учитель, применяя нестандартность обучения, новаторские методы и приемы (в том числе и технология критического мышления!), способствует развитию личностных качеств ученика. В условиях модернизации и инновационного развития нашего общества важнейшими качествами личности становятся инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни и быть успешным. Примером этому является приведенная ниже сравнительная таблица целей обучения традиционной и инновационной систем образования.

| | **Старые цели** | **Новые цели** |
|---|---|---|
| **Учащийся** | • приобретает знания и навык;<br>• приобретает их как можно в большем объеме;<br>• ориентация на объем материала;<br>• отсутствие возможности выбора;<br>• принятие целей образования и жизни в готовом виде;<br>• стремление избежать контроля. | • саморазвитие и самосовершенствование;<br>• знания приобретаются в деятельностной форме с акцентом на будущую занятость;<br>• наличие возможности выбора программ и даже предметов;<br>• постановка и формулирование своих собственных целей и способов их достижения;<br>• стремление к своевременному и объективному контролю. |
| **Процесс обучения** | • передача опыта и знаний;<br>• обучение на основе устоявшихся знаний;<br>• использование методов воспроизводства, натаскивания, репетиторства;<br>• жесткость учебных и образовательных программ. | • индивидуальное развитие учащихся, становление личности, самосовершенствование;<br>• обучение на основе критического, аналитического, логического мышления;<br>• обучение способам продуктивной деятельности, способам добычи знаний;<br>• гибкость учебных и образовательных программ. |
| **Результат** | • подготовка обучающихся к будущей спокойной, размеренной, планируемой жизни;<br>• редкие нововведения сверху. | • создание условий для комфортной "жизни" сейчас в данной школе, в данном коллективе;<br>• формирование инновационных потребностей самосовершенствования и совершенствования окружающего мира;<br>• постоянный инновационный процесс в образовательных программах, методах, технологиях, формах образовательного процесса. |

В заключении хочется сказать, что когда **учитель** с интересом и творчески относится к своему делу, осваивает передовой опыт, новые психолого-

педагогические идеи, находится в непрерывном поиске, он будет не только добиваться успехов в обучении и воспитании, но и совершенствоваться сам, продвигаясь от одной ступени к другой в своем профессиональном росте, и, как главный результат его деятельности, его ученики в будущем станут успешными людьми.

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **Т.ТӘЖІБАЕВ – ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ** | |
| **Сүйіндікова Меруерт Нұрланқызы**<br>БІЗДІҢ ҮЙДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ – ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ | 3 |
| **Орынкүл Жолымбетова**<br>ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ | 5 |
| **Ахметова Г.К.**<br>IDEAS OF T.T. TAZHIBAEV IN THE CONTEXT OF MODERN INCLUSIVE EDUCATION | 10 |
| **Паримбай Г.Ғ.**<br>Т.ТӘЖІБАЕВ: АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САРЫН | 14 |
| **А. Мауленов**<br>ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ: АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ | 19 |
| **Үисінбек А. Ж., Ахметова Г.К.**<br>Т. ТАЖИБАЕВ-ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ | 25 |
| **Умарова Акмарал Сарсенбаевна**<br>Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ | 29 |
| **Махмутова К.И., Сулейменова С.Н., Шарапова Н.М., Аширбаева А.Б**<br>Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ | 31 |
| **Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫ** | |
| **Исабек Б.Қ., Ахметова Э.К.**<br>Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР | 36 |
| **Әліпбек А.З., Қойшиев Қ.Е.**<br>ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ | 40 |
| **Үисінбек А. Ж., Онтуганова Ш. Ш.**<br>ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Т.ТАЖИБАЕВА | 43 |
| **Досанова М.М., Үсіпбекова А.С.**<br>Т.ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰН | 48 |
| **Маханова Г.Б., Маханова Ж.К.**<br>ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И КОНЦЕПЦИИ МЕТОДОЛОГИИ Т.Т.ТАЖИБАЕВА | 51 |
| **Сейдаева Айжан Нышаналықызы, Умбеталиева Ақшолпан Муратовна**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ РӨЛІ | 56 |
| **Кемешев Д.А., Ерназарова Ж.А.**<br>МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ | 61 |
| **Ахатаева Ұ.Б., Жұмағұл Ә.М.**<br>ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ | 64 |
| **Тұрмаханова С.Ә.**<br>ИНТЕЛЕКТІСІ ТӨМЕН БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ - ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ | 67 |
| **Акилбаева Гулнар Исламовна, Масалиева Жанар Амалбаевна**<br>ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СӨЙЛЕУДІҢ ДЫБЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 71 |

| | |
|---|---|
| ЖОЛДАРЫ | |
| **Керимбекова Жанат Умирбековна, Калыбекова Сауле Кураловна ,Мамадалиев Санжар Талибжанович**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ РИНОЛАЛИЯНЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫС | 76 |
| **Торыбаева Ж.З., Тусеев М.У., Қастаев С.К.**<br>БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 86 |
| **Таутаева Г.Б., Тілеуова С.С.**<br>Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ ПЕДАГОГИКА ТАЛАПТАРЫМЕН ҮНДЕСТІЛІГІ | 90 |
| **Бөлетова Л.А., Абдраманова Н.Ш.**<br>Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ | 94 |
| **Есім Ұ.Ә., Таңатарқызы Г.**<br>АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ | 99 |
| **Абашева Перизат Алпысбаевна, Егенова Назгул Атаевна, Адилаева Алма**<br>МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ | 103 |
| **Расулова Мунира Юлдашбековна**<br>АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ | 107 |
| **Мавланова Севара Улугбековна**<br>АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ТИІМДІ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 111 |
| **Рустемова Халида Турдалиевна**<br>АҒЫЛШЫН САБАҒЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 115 |
| **Азамат Эльмира Талгатовна, Есенбекова Айнур Лесбаевна, Олжабаева Назира Адасхановна**<br>ОЙЫНДЫҚ ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ: ЖАҢА ӘДІСТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР | 118 |
| **Егенова Айгуль Атаевна**<br>ЛЭПБУК КІТАПШАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ | 121 |
| **Айдарбек Бәкіржан Әшірәліұлы**<br>МҰҒАЛІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ | 124 |
| **Туранова Гулжаш Курманалиевна, Жангабулова Анар Асилхановна, Избасарова Гульмира**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ | 127 |
| **Юлдашева Мира Муратовна**<br>БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ | 130 |
| **Джайнарова Молдир Ершораевна**<br>БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПӘН | 133 |
| **Ақкісиева Гүлбану Алпамысқызы**<br>БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР | 136 |
| **Кулжанова Раушан Елемесовна**<br>ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ | 141 |
| **Камалова Айжан Юсубалиевна**<br>БИОЛОГИЯДАН ОКУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ | 144 |
| **Рысбаева Нургул Тураповна**<br>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ | 148 |

| | |
|---|---|
| **Инкарбеков Ерганат Амерханович**<br>ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ | 151 |
| **Джуманшиков Миркомилжан Кулниязович**<br>СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ | 154 |
| **Донбаева Гульнара Орынбаевна**<br>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТІ ДҰРЫС БАСҚАРУ – САПАЛЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ КЕПІЛІ | 158 |
| **Алгазиева Лаззат Бостановна**<br>МЕКТЕПТЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҮЛГІСІ | 162 |
| **Егенова Назипа Атаевна**<br>БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АСЫЛ ҚАЗЫНА | 165 |
| **Құттыбекова Дилдакыз Таттибаевна**<br>КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ | 168 |
| **Мәдібек Сәнімай Зархұмқызы**<br>КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 174 |
| **Жуманов Е.К., Садыков Б., Төкеев Б.**<br>ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ | 176 |
| **Кабылбаева Роза, Абубакирова Айжан**<br>МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ | 181 |
| **Шаншархан Асылзат Мұхитқызы**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ | 184 |
| **Асанова Сагила Тынысбековна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ | 187 |
| **Копбаева Тамара Сакеновна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ | 191 |
| **Бостанова Индира Оразымбетова**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ | 194 |
| **Салтаева Халипа Калыкуловна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛ ТҮРЛЕРІ | 197 |
| **Аппазова Райхан Маратовна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ | 200 |
| **Сейдуалиева Роза Зайнуллаевна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ | 204 |
| **Тугелбаева Эльмира Базарбаевна**<br>ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ | 209 |
| **Мухамедова Мухтабар Мухтарбековна**<br>МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 213 |
| **Егенова Нуркамила Атаевна**<br>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА 4К МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ | 216 |
| **Избанбетова Кенжегүл Бодыбайқызы**<br>МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГТЫҢ РӨЛІ | 219 |

| | |
|---|---|
| **Акбердиев Бауыржан Турганович**<br>МЕКТЕПТІҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ШЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ | 222 |
| **Саулебекова Айгуль Калдыбековна**<br>ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ | 225 |
| **Тилеубергенова Акнур Ертаевна**<br>РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ | 229 |
| **Торегелдиева Сагдат Ерсаиынкызы**<br>ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ- ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ | 233 |
| **Акпанова Акжаркын Утеповна**<br>ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ | 238 |
| **Турсынбаева Зульфия Патаевна**<br>АРТ-ТЕРАПИЯДАҒЫ ДИАГНОСТИКА ӘДІСТЕРІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ | 244 |
| **Бекбосынова Бахыт Нурмахановна**<br>ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 247 |
| **Абдрасылова Алтыншаш Садуахасовна**<br>ФИЗИКА ПӘНІ САБАҒЫНДА ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН КӨТЕРЕ ОТЫРЫП, БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ | 251 |
| **Төлеген Ажар Сәрсенғалиқызы**<br>ХИМИЯ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ИНТРАКТИВТІ ОҚЫТУ LEARNINGAPPS БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 255 |
| **Оралбекова Калида Турганбаевна**<br>ХИМИЯ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМЫТУ | 259 |
| **Манабаева Гавхар Нурлибаевна**<br>ХИМИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 262 |
| **Татубай Жаудір Нұрланқызы**<br>ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ | 266 |
| **Кузенова Шолпан Полатовна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ | 270 |
| **Курманалиева Гүлжан Башаровна**<br>БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ | 274 |
| **Налибекова Мейрамкул Дуйсенхановна**<br>ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ | 277 |
| **Ниязбекова Акнур Ильясовна**<br>«ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ» | 279 |
| **Жумагулова Бибігул Ишанқызы**<br>ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ | 282 |
| **Хусанова Дилмира Розметовна**<br>ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ! | 286 |
| **Ділдәбек Аружан Серікқызы**<br>ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘСІЛДЕР | 289 |
| **Куатова Ж.Ж., Оразова А.**<br>Т.ТӘЖІБАЕВ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ | 293 |

| | |
|---|---|
| **Дуйсенова Роза Убайданқызы**<br>ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ | 296 |
| **Копбаева Тамара Сакеновна**<br>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ | 300 |
| **Салтаева Халипа Калыкуловна**<br>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 303 |
| **Байдалиева Алмагул Темиргалиевна**<br>ОРЫС ТІЛІ ПӘНІ САБАҒЫНДА ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ | 306 |
| **Айтуар Айдар Жарасбекұлы**<br>ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 309 |
| **Исабекова Дилара Нурлыбековна**<br>МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ, ОЛ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШЕДІ | 313 |
| **Ахметова Гулдаурен Талипбайовна**<br>КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ | 317 |
| **Буханцева И. В.**<br>СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ГИМНАЗИЯ № 8 С ОБУЧЕНИЕМ НА ТРЕХ ЯЗЫКАХ ИМ. М.Х. ДУЛАТИ, Г. ШЫМКЕНТ | 321 |